Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ» ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ

Нұр-Сұлтан
2021

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды (2021 жылғы 13 мамырдағы № 5 хаттама).

«Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021. – 378 б.

Жинақта Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының мектепалды және 1-11-сыныптарында 2021-2022 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жөніндегі материалдар берілген.

Жинақ орта білім беру ұйымдарының басшыларына, педагогтеріне, әдіскерлерге, білім басқармалары мен бөлімдерінің, білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменттерінің басшылары мен мамандарына арналған.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2021

Құрметті әріптестер!

Жаңа 2021-2022 оқу жылы қарсаңында Сіздерге Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы әзірлеген «Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» дәстүрлі Әдістемелік нұсқау хатты ұсынып отырмыз.

Әдістемелік нұсқау хаттың мазмұны еліміздің педагогикалық сарапшылар қауымдастығымен талқыланды.

Білім беру ұйымдарындағы оқу процесі екінші жыл пандемия жағдайында өтуде. Шектеу шараларына байланысты оқушылардың білімінде туындаған олқылықтардың орнын толықтыру өзекті міндетке айналды. Әрбір педагогке шәкірттерінің білімін толықтыру бойынша арнайы жұмысты ойластыру және тиімді жүргізу қажет болып отыр.

Биылғы оқу жылының ерекшеліктерінің бірі – А.Байтұрсыновтың әдістемесі негізінде әзірленген «Әліппе» мен «Букварь» пәндерінің қайтарылуы. Бұл идея былтырғы тамыз конференциясында айтылған болатын. Бірінші қыркүйек күні мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндерге салтанатты түрде «Әліппе» және «Букварь» оқулықтары табыс етіледі.

Мұғалімнің жүктемесі 18-ден 16 сағатқа азайтылды. Сабақ ұзақтығы 45 минутқа қайтарылды. Білім алушылардың оқу жүктемесі төмендетілді. Білім беру ұйымдарына қысқартылған оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарларын таңдау мүмкіндігі артты. Өткен оқу жылында оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу жоспарларымен жеті жүз мектеп жұмыс жүргізіп, тәжірибе жинақтады. Осылайша мектептердің академиялық таңдау еркіндігі артты.

«Жаһандық құзыреттіліктер» таңдау курсын енгізу оқушыларымыздың бойында қазіргі қоғамның талаптарына сай білім мен дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Биылғы оқу жылында еліміздің мектептері Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын, ағартушы-ұстазымыз Ы.Алтынсариннің 180 жылдығын атап өтеді. Көрнекті педагогтің мұралары мен өсиеттері бүгінгі күнге дейін құндылығын жоғалтпады.

Күнде таңертеңгісін сабақ басталар алдында мектеп директорының оқушыларды қарсы алатын жақсы дәстүрі ұсынылып отыр.

Ең басты міндеттеріміздің бірі – оқушының білім алуы мен дамып-өсуіне қолайлы және қауіпсіз жағдай жасау.

Құрметті ұстаздар! Бұл Әдістемелік нұсқау хат 2021-2022 оқу жылында Сіздердің сенімді де ең қажетті көмекші құралдарыңыз болады деп сенеміз.

ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

- ✓ Білім алушылардың оқу жүктемесін азайту.
- ✓ 1-сыныптарға «Әліппе», «Ана тілі», «Букварь», «Обучение грамоте», «Цифрлық сауаттылық» пәндерін енгізу.
- ✓ Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру.
- ✓ Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізуді жетілдіру.
- ✓ Жазғы мектеп есебінен оқыту мерзімін 20 маусымға дейін ұзарту.
- ✓ Міндетті формативті бағалау.
- ✓ Сабақ ұзақтығы – 45 минут.
- ✓ 5-сыныптан 11-сыныптар аралығында «Жаһандық құзыреттіліктер» таңдау курсын немесе басқа курстарды енгізу.
- ✓ Мектептердің таңдауы бойынша «Музыка» оқу бағдарламасының шеңберінде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 6-сыныпта домбыра тартуды үйрету.
- ✓ Оқытудың әртүрлі форматтарына (дәстүрлі, аралас, қашықтан) мектептердің дайындығын қамтамасыз ету.
- ✓ Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды бағалау.
- ✓ Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға оқу бағдарламаларын бейімдеу.
- ✓ Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға тиімді психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.
- ✓ Инклюзивті орта мәдениетін қалыптастыру.
- ✓ «Оқуға құштар мектеп», «Дебаттар», «Өзін-өзі басқару күні», «Мектеп театры» жобаларын іске асыру.
- ✓ Ұлттық құндылықтар негізінде мектептің мәдени ортасын қалыптастыру (қарым-қатынас, мектеп қоңырауы).
- ✓ Мектеп пен отбасында күнделікті 20 минут кітап оқуды ұйымдастыру.
- ✓ Ерте кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу.
- ✓ Білім алушылардың дене дамуының мониторингі.
- ✓ Педагогтерді тарифтеу тәртібі бойынша ұсыныстар.
- ✓ Жан басына шаққандағы қаржыландыру механизмін жетілдіру.
- ✓ Педагогтерді жұмысқа қабылдаудың жаңа ережелерін енгізу.
- ✓ Мектеп пен ата-аналардың өзара байланысын күшейту.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ» ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТЫ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес тұлғаны жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету қажет.

2021-2022 оқу жылында білім беруді ұйымдастыруда келесі міндеттерге назар аудару керек:

- ✓ білім алушылардың білімін толықтыру;
- ✓ оқу жүктемесі төмендетілген ҮОЖ-ын жүзеге асыру;
- ✓ қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;
- ✓ цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау.

Әрбір білім беру ұйымының міндеті – білім алушының тұлғалық үйлесімді қалыптасуы, функционалды сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігінің дамуы үшін қолайлы, жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру ортасын құру.

1. ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ НЕГІЗГІ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРІ

2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) ҚР БҒМ (бұдан әрі – ҚР БҒМ) 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық) https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669;

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496с бұйрық) https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424;

– «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық тасымалдау құралдары тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2021 жылғы 10 маусымдағы №286 бұйрығы);

– «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы;

–«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы;

– «Арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығы;

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығы (өзгерістермен 2018 жылғы 21 қыркүйектегі № 477 бұйрық);

– «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы (өзгерістер мен толықтыруларымен 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №662 бұйрық);

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы;

– «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы;

– «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығы;

– «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 28 тамыздағы № 374 бұйрығы;

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 2 сәуірдегі №125 бұйрығы;

– «Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығы;

– «Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 153 бұйрығы;

– «Педагогтік қайта даярлау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 17 наурыздағы № 110 бұйрығы;

– «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 12 бұйрығы (өзгерістерімен және толықтыруларымен ҚР БҒМ 2020 жылғы 23 сәуірдегі №157 бұйрығы);

– «Үздік педагог» атағын иеленушіге сыйақы төлеу қағидаларын және оның мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 204 қаулысы;

– «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығы;

– «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығы (өзгерістерімен және толықтыруларымен ҚР БҒМ 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 169 бұйрығы);

– «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» (өзгерістерімен және толықтыруларымен ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығы);

– «Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығы;

Назар аударыңыз!

- ✓ МЖМБС, Үлгілік оқу жоспарлары, Үлгілік оқу бағдарламалары Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының www.nao.kz сайтында орналастырылған.
- ✓ Орта білім беру ұйымдарының **әкімшілігінде** МЖМБС, үлгілік оқу жоспарлары, үлгілік оқу бағдарламаларының бір данада шығарылған қағаз нұсқасы болуы керек.
- ✓ **Педагогтер** МЖМБС, Үлгілік оқу жоспарлары, Үлгілік оқу бағдарламаларының электронды нұсқасымен жұмыс жүргізе алады.

2021-2022 оқу жылының басталуы, ұзақтығы, каникул кезеңі орта білім беру ұйымдарында меншік нысаны мен ведомостволық бағыныстылығына қарамастан «Орта білім беру ұйымдарында 2020-2021 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 27 шілдедегі № 368 бұйрығымен бекітілген:

1) 2021-2022 оқу жылының басталуы – 2021 жылғы 1 қыркүйек;

2) оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12) сыныптарда – 34 оқу аптасы;

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11 (12) сыныптарда:

күзгі – 7 күн (2021 жылғы 1-7 қарашаны қоса алғанда),

қысқы – 11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2022 жылғы 9 қаңтарды қоса алғанда),

көктемгі-12 күн (2022 жылғы 19-30 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2022 жылғы 7-13 ақпанды қоса алғанда).

2-11 (12) сыныптарда сабақтың ұзақтығы – 45 минут. Бірінші сыныптардың оқу сабақтарының режимі: қыркүйекте – күніне 35 минуттан үш сабақ, қазан айынан бастап Санитариялық қағидаларға сәйкес көз шынықтыру жаттығулары мен гимнастикаларын жасай отырып 45 минуттан өткізіледі (www.nao.kz).

«Меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібі, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі, білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау, балаларды бастауыш білім беру ұйымдары арасында ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау, негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады (*2020 жылғы 7 тамыздағы №332 өзгерістерімен және толықтыруларымен*) https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017553.

Назар аударыңыз!

Бірінші сыныпқа қабылдау кезінде жалпы білім беретін мектептерде қабылдау емтихандарын, тестілеуді өткізуге жол берілмейді.

Білім беру ұйымдарындағы оқу процесі таңдап алынған Үлгілік оқу жоспарлары негізінде жүргізіледі.

Үлгілік оқу жоспарлары ***ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен*** бекітілген *(2021 жылғы 25 наурыздағы № 125 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығына сәйкес бекітілген*).

ТАҢДАУ ҮШІН 2018 ЖЫЛДАН БАСТАП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЛАРЫ ҰСЫНЫЛАДЫ *(ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрықпен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).*

Төмендетілген оқу жүктемесімен үлгілік оқу жоспарлары
(оқыту тілдері, бейіндері, оқыту түрлері бойынша)

✓ ***жалпы білім беретін мектептерге арналған – 12,*** оның ішінде: бастауыш білім беру деңгейіне – 3 (оқыту тілдері бойынша №11-13 қосымшалар), негізгі орта білім беру деңгейіне – 3 (оқыту тілдері бойынша №16-18 қосымшалар), жалпы орта білім беру деңгейіне – 6 (оқыту тілдері және бейіндік бағыттар бойынша №21-26 қосымшалар).

✓ **гимназия сыныптарына арналған – 8,** оның ішінде: бастауыш білім беру деңгейіне – 2 (оқыту тілдері бойынша №14, 15 қосымшалар), негізгі орта білім беру деңгейіне – 2 (оқыту тілдері бойынша №19, 20 қосымшалар), жалпы орта білім беру деңгейіне – 4 (оқыту тілдері және бейінділік бағыттар бойынша №27-30 қосымшалар).

Үлгілік оқу жоспарлары (жаңартылған мазмұндағы):

✓ **кешкі мектептерге** – **6,** оның ішінде: негізгі орта және жалпы ортаға – **4** (күндізгі оқу – **2** (оқыту тілдері бойынша №31, 32 қосымшалар), сырттай оқу – **2** (оқыту тілдері бойынша №33, 34 қосымшалар), бастауыш және негізгі орта білім берудің жеке сабақтары (сырттай оқу) – **2** (оқыту тілдері бойынша №35, 36 қосымшалар).

✓ **білім беру ұйымынан тыс** уақытша білім алушылар үшін үлгілік оқу жоспарлары – **16**, оның ішінде: бастауыш білім беру деңгейі – **4** (оқыту тілдері, топтық және жеке сабақ бойынша №37-40 қосымшалар), негізгі орта білім беру деңгейі – **4** (оқыту тілдері, топтық және жеке сабақ бойынша №41-44 қосымшалар), жалпы орта білім беру деңгейі – **8** (оқыту тілдері мен бейінділік бағыттар, топтық және жеке сабақ бойынша №45-52 қосымшалар).

✓ **үйде оқытуға арналған - 8,** оның ішінде: бастауыш білім беру деңгейі – **2** (оқыту тілдері бойынша №53, 54 қосымшалар), негізгі орта білім беру деңгейі – **2** (оқыту тілдері бойынша №55, 56 қосымшалар), жалпы орта білім беру деңгейі – **4** (оқыту тілдері мен бейінділік бағыттар бойынша №57-60 қосымшалар).

✓ **мамандандырылған білім беру ұйымдарына** арналған – **34** (білім беру деңгейлері, оқыту тілдері, бейінділік бағыттары бойынша №61-92, 109-110 қосымшалар), оның ішінде: бастауыш білім беру деңгейі – **2**, негізгі орта білім беру деңгейі – **8** , жалпы орта білім беру деңгейі – **10**, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру - **2**.

✓ **физика-математика мектептеріне** арналған – **6** (білім беру деңгейлері және оқыту тілдері бойынша №93-98 қосымшалар).

✓ **олимпиадалық резервтің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжіне, спорттағы дарынды балаларға арналған** мамандандырылған мектеп-интернаттарға, олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектептеріне арналған үлгілік оқу жоспарлары (жаңартылған мазмұндағы) – **4** (№105-108 қосымшалар).

✓ **ерекше білім беруді қажет ететін** білім алушылар үшін үлгілік оқу жоспарлары (жаңартылған мазмұн) – **10** (№ 4, 5, 9, 10, 111-116 қосымшалар).

Төмендетілген оқу жүктемесімен үлгілік оқу жоспарлары бойынша әзірленген үлгілік оқу бағдарламалары ҚР БҒМ 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрығымен бекітілген (www.nao.kz).

Меншік және оқыту түріне қарамастан, білім беру ұйымдарына оқу процесін жүзеге асыруда педагогикалық кеңестің шешімі негізінде Үлгілік оқу жоспарын таңдауға академиялық еркіндік беріледі (https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018172).

Білім беру ұйымы педагогикалық кеңестің шешімімен:
- әр сыныпқа жеке-жеке;
- параллель сыныптарға;
- мектеп бойынша **Үлгілік оқу жоспарының біреуін таңдауы** мүмкін.

Назар аударыңыз!

✓ **2021-2022 оқу жылынан бастап қосымша енгізілетін жалпы білім беретін, арнайы және мамандандырылған мектептерге арналған төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарлары** Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы сайтында орналастырылады.

✓ Жалпы білім беретін мектептер үшін жаңадан енгізілетін қосымша Үлгілік оқу жоспарларында оқу сағаттарының төмендетілуі негізінен вариативтік компонент есебінен жүзеге асырылды.

✓ Жаңадан енгізілетін қосымша ҮОЖ-ға сәйкес Үлгілік оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізілетін болады.

2021-2022 оқу жылында мектептердің дайындығына (кадрлық, ресурстық және т.б.) байланысты вариативтік компонент сағаттарының есебінен «Жаһандық құзыреттіліктер» курсын таңдауға немесе басқа да элективті курстарды өткізуге болады. Аталған курс білім алушылардың 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

«Жаһандық құзыреттіліктер» (аптасына 1 сағат) курсына:
- 5-сыныпта «Парасаттылық және әдеп»;
- 6-сыныпта «Экология»;
- 7-сыныпта «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау»;
- 8-сыныпта «Медиасауаттылық»;
- 9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану негіздері»;
- 10-11-сыныптарда «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» жатады.

Академия сайтында орналастырылған ресурстар мен авторлық әзірлемелерді пайдалану ұсынылады (www.nao.kz).

Қазіргі қолданыстағы «Зайырлылық және дінтану негіздері», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәндерінің оқу бағдарламаларымен оқытуды жалғастыру ұсынылады (www.nao.kz).

Білім беру ұйымдары оқу материалдары мен ресурстар дайын болған жағдайда «Экология», «Медиасауаттылық», «Парасаттылық және әдеп», «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау» курстарын 2021-2022 оқу жылында енгізуіне болады.

«**Парасаттылық және әдеп**» курсы білім алушылардың бойында әдептілік, ізгі-ниеттілік, адалдық, толеранттылық, іс-әрекеттеріне жауапкершілік, ұжымда жұмыс істей білуі сияқты жеке қасиеттерді дамытуға мүмкіндік береді.

«**Экология**» курсы білім алушыларды экологияның негізгі заңдылықтарымен таныстырады, өз денсаулығына, айналасындағы адамдарға және табиғатқа позитивті, ұқыпты қарауды үйретеді.

«**Эмоционалды интеллект және сыни ойлау**» курсы ақпаратты сыни қабылдау дағдыларын, коммуникативтік дағдыларын, дұрыс шешім қабылдауды, эмоционалды сауаттылықты дамытудың теориялық және практикалық аспектілерін қамтиды.

«**Медиасауаттылық**» курсы білім алушыларды ақпаратпен жұмыс істеуге, материалдарды бағалауға, талдауға, жалған мәлімет пен насихатты ажырата білуге үйретеді.

«**Зайырлылық және дінтану негіздері**» курсын оқу құқықтық және діни сауаттылықты қалыптастыруға, білім алушыларда этномәдени және дінаралық келісім негізінде азаматтық жауапкершілік сезімін тәрбиелеуге бағытталған.

«**Кәсіпкерлік және бизнес негіздерін**» оқи отырып, білім алушылар кәсіпкерлік негіздерін, қаржылық сауаттылықты үйренеді, экономика, менеджмент, маркетинг бойынша базалық білім алады, қазіргі нарықтық жағдайларда дербес қызмет ету үшін қажетті кәсіпкерлік ойлау дағдыларын меңгереді.

«Жаһандық құзыреттіліктер» курсын «Биология», «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Қазақ әдебиеті», «Орыс әдебиеті» пәндерінің мұғалімдері мен біліктілікті арттыру курстарынан өткен, сертификаттары бар басқа да мұғалімдер, әлеуметтік педагогтер, психологтар жүргізе алады.

2021-2022 оқу жылында ***ресурстар болған жағдайда*** *педагогикалық кеңестің шешімімен 6-сыныпта «Музыка» оқу пәнінің шеңберінде домбыра тартуды үйретуге болады* (аптасына 1 сағат). Домбыра тартуды үйрету мүмкіндігі болмаған жағдайда «Музыка» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы толық жүзеге асырылады. Мектептің даярлығына қарай және білім алушылардың қалауы бойынша домбыра тартуды үйретуге оқыту тіліне қарамастан барлық мектептер ауыса алады.

Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрінің, «Отырар сазы» мемлекеттік академиялық фольклорлық-этнографиялық оркестрлерінің тұрақты шетелдік турлары, Димаш Құдайбергеннің, басқа да кәсіби ұжымдар мен орындаушылардың әлемнің әйгілі сахналарында жиі өнер көрсетуі бүкіл әлемде домбыраға деген жоғары қызығушылық тудырды.

Білім алушылар тек домбыра тартуды ғана үйреніп қоймай, сонымен қатар халық композиторларының шығармашылығымен, қазақ музыкасының тарихымен, Қорқыт, Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Дина Нұрпейісова және басқа да қазақ халқының ұлттық өнері тұлғалары салған дәстүрлермен танысады. «Домбыра» курсын жүргізу үшін Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА-ның ***www.nao.kz***. сайтында орналастырылған ресурстар ұсынылады.

Балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау мақсатында барлық сыныптарда үлгілік оқу жоспарындағы «Дене шынықтыру» пәнінің үш сағатының бір сағаты «Шахмат», «Тоғызқұмалақ», «Үстел теннисі» ойындарына, спорттық, бал биі, хореографияны оқытуға ұсынылады. Бұл сабақтарды өткізу үшін мектеп холдарындағы арнайы бөлінген орындарды пайдалануға болады.

Бастауыш сыныптарда әрбір сабақта дене жаттығуларын (сергіту сәті) өткізу қажет.

Білім алушының *дене дамуының мониторингін жүргізу бойынша «Денсаулық» арнайы жұмыс тобына* арналған ұсынымдар www.nao.kz. сайтында орналастырылған.

Назар аударыңыз!

✓ 1-сыныпта білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүргізілмейді.
✓ 2-11 (12) сыныптарда күнделікті формативті бағалау жүргізіледі.
✓ 2-11 (12) сыныптарда білім алушылардың оқу жетістіктері 1-ден 10-ға дейінгі балмен бағаланады.
✓ Мұғалімнің кері байланысы орындалған тапсырмалардың қорытындылары бойынша түсініктемелер, рубрика, ұсыныстар беру арқылы жүзеге асырылады.
✓ Жеке меншік білім беру ұйымдары да «Күнделік» электрондық журналына қосыла алады. Ол үшін https://kundelik.kz/ сайтына қосылуға өтінім беруі қажет («ББҰ қосу» командасы)
✓ «Күнделік» электрондық журналын пайдалануға қатысты кез келген қиындықтар туындаған жағдайда 8(727)313-18-32 телефонына немесе team@kundelik.kz қолдау қызметіне хабарласуға болады.
✓ Электронды журналды жүргізуге қатысты жиі қойылатын сұрақтар мен жауаптар www.nao.kz. сайтында орналастырылған.

Сабақ кестесін құруда мектеп әкімшілігіне әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормаларын, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстарын ескере отырып, автоматтандырылған бағдарламаларды пайдалану ұсынылады. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасын ескеру және «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес пәндерді қиындығына қарай саралау кестесін пайдалану қажет (ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы).

Назар аударыңыз!

✓ *Мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылады. Осы жағдайда сабақтардың тақырыптары/оқу мақсаттары* ***оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктірілуі қажет.***
✓ *Бұл ретте қосымша сағаттар бөлінбейді. Сабақтардың кіріктірілген тақырыбы журналдың бір жолына жазылады.*
✓ *Білім беру ұйымы басшысының бұйрығы негізінде бұл өзгерістер электрондық журналда көрсетіледі.*
✓ *Электрондық журналдар мен күнделіктерді толықтыру бойынша техникалық қолдау кол-центр, қолдау қызметі арқылы көрсетіледі.*

Мектепішілік бақылау

Оқу жылына арналған мектепішілік бақылау жоспары «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығының 17-қосымшасына сәйкес дайындалады https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317.

Оқыту процесінің сапасын арттыру, педагогтерде және білім алушыларда кездесетін проблемаларды зерделеу мақсатында мектепішілік бақылауды күшейту қажет.

Оқу процесін ұйымдастыру мен мектепішілік бақылауды тиімді жүзеге асыру үшін білім беру ұйымдарының әкімшілігіне келесі нормативтер ұсынылады (1-кесте).

1-кесте. Білім беру ұйымдарының әкімшілігі үшін мектепішілік бақылау нормативтері

№	Бақылау нысандары	Нормалар
1	Сабаққа қатысу, бақылау және талдау	- директордың орынбасарлары үшін айына кемінде 8 сабақ; - білім беру ұйымының директоры үшін айына кемінде 4 сабақ; - 1 сабаққа қатысу ұзақтығы – 45 минут.
2	Қысқа мерзімді және орта мерзімді жоспарларды тексеру	мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес
3	Электронды сынып журналдарын тексеру	мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес
4	БЖБ және ТЖБ-ның жүргізілуін тексеру	мектептің бекітілген кестесі бойынша
5	Оқыту процесінде педагогтердің қашықтан оқыту технологиялары мен ЦБР қолдануы	мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес

Сабақтарға қатысу алдын ала дайындалған, білім беру ұйымының басшысы бекіткен **жоспар** және міндетті түрде ақпарат тақтасына орналастырылған **кесте** бойынша жүзеге асырылады. Сабаққа жоспардан тыс қатысуға жол берілмейді.

Білім беру ұйымы әкімшілігінің сабаққа қатысу нәтижелері бақылау парақтарында, сабаққа қатысу журналында **тіркеледі**.

Сабақты бақылау, зерттеу мен талдау оқыту процесін жақсартудың, педагогтің кәсіби өсуі мен дамуының, білім алушылардың білім сапасын арттырудың негізі болып табылады. *Сабақтарды бақылау нәтижелері пәндік әдістемелік бірлестіктердің, әдістемелік кеңестердің отырыстарында жүйелі түрде талқылануы тиіс.*

Сабақты талдау (ауызша жүргізілуі мүмкін) мыналарды көздейді:

- педагогтің сабақты өзіндік талдауы;
- сабақтың ұтымды және проблемалық тұстарын бөліп көрсету;

- педагогке ұсыныстар беру.

Педагогтердің бір-бірінің сабағына жүйелі түрде қатысуы ұсынылады.

Сонымен қатар педагогтің жұмыс сапасына шағым түскен жағдайда білім беру ұйымының басшысы оның сабағына қатысуы қажет.

Карантиндік және шектеу шаралары кезеңіндегі оқыту жағдайында мектепішілік бақылау онлайн форматта жүргізіледі.

Білім беру ұйымының әкімшілігі негізгі оқу пәндерінен жекелеген тақырыптар бойынша білім алушылардың біліміне бақылау жұмыстарын жүргізуді, сыныптар мен өткізу мерзімдерін, қорытындыларды талқылауды жоспарлайды.

Назар аударыңыз!

Сабаққа қатысудың мақсаты – **оқу процесінің сапасын бақылау (мониторинг)**. Сабаққа қатысу барысында:

- ✓ сабақтың оқу бағдарламасының мазмұны мен оқу мақсаттарына сәйкестігіне;
- ✓ формативті бағалаудың өткізілуіне;
- ✓ педагогтің кері байланыс жасауына;
- ✓ білім алушылардың оқу процесіне белсенді қатысуына;
- ✓ әрбір білім алушыға жеке көңіл бөлуге;
- ✓ сабақта цифрлық білім беру ресурстарын тиімді қолдануға;
- ✓ оқыту процесінде белсенді әдіс-тәсілдер мен технологиялардың қолданылуына және т.б. назар аудару ұсынылады.

Назар аударыңыз!

- ✓ 1-11-сыныптарға арналған оқу пәндері бойынша орта мерзімді жоспарлар «НЗМ ДББҰ» АҚ сайтының «Жүйелік-әдістемелік кешен» блогында орналастырылған http://out.easycounter.com/external/smk.edu.kz.
- ✓ Мұғалім қысқа мерзімді жоспарды электронды немесе қағаз форматта ұсына алады.

2021-2022 оқу жылының басты міндеті – білім алушылардың өткен оқу жылындағы білімін толықтыра отырып, жаңа оқу жылының бағдарламасын жүзеге асыру.

Назар аударыңыз!

- ✓ 2021-2022 оқу жылының басында мектеп әкімшілігіне барлық пәндер бойынша білім алушылардың біліміне бақылау жұмыстарын жүргізу ұсынылады.
- ✓ Бақылау нәтижелері бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін әрбір педагогтің және мектептің жұмыс жоспары әзірленеді.
- ✓ Білім олқылықтарының орнын толықтыру жұмысы жүйелі түрде жүргізіледі.

✓ Оқу пәндері бойынша білім алушылардың білім сапасына жүйелі мониторинг жүргізіледі.

✓ Білім олқылықтарының орнын толықтыру бойынша мектеп жұмысы алгоритмінің үлгісі ұсынылады (www.nao.kz).

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың негізгі көрсеткіштері:

1) пәннің оқу бағдарламасы бойынша біліміндегі олқылықтар;

2) оқу-танымдық іс-әрекетіндегі олқылықтар;

3) оқуға қажетті өзіндік жеке қасиеттерінің даму деңгейінің жеткіліксіздігі;

4) эмоционалды қолайсыздық.

Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жасау алгоритмі:

1) бірнеше педагогтің сабақтарды, оқыту процесін бірлесіп жоспарлауы (олқылықтардың орнын толықтыру үшін оқу материалын қайталау, бекіту, оқу тапсырмаларының минимумын орындау, қателерді талдау және жою бойынша оқу әрекетін реттеу және т.б.);

2) оқу іс-әрекеті барысында қолдау көрсету және кеңес беру;

3) бірінші сыныптың білім алушылары мен осал топтың балаларын психологиялық бейімдеуді қамтамасыз ету;

4) оқу іс-әрекетін ынталандыру (көтермелеу, табысты жағдаяттарды туғызу, оқу процесіне белсенді қатысуға ынталандыру және т.б.).

5) оқушының оқу іс-әрекетінің және оқу жетістіктерінің мониторингі (білім алушыларға жүйелі сауалнама жүргізу, оқу тапсырмаларының орындалуын тексеру, кері байланыс, өзін-өзі бағалауда белсенділікті арттыру және т.б.);

6) қосымша сабақтарды және өзара көмек беруді ұйымдастыру;

7) білім алушыға қолдау көрсету бойынша ата-аналармен жұмыс;

8) өздігінен орындайтын тапсырмалар үшін қашықтан оқыту жүйесін пайдалану.

Барлық білім беру ұйымдарында мазмұнды оқу контенті (жетекші мұғалімдердің сабақтары, қарқынды оқытуға, жаттығулар, тестілер және т.б. арналған виртуалды зертханалар) бар цифрлы платформаларға қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру жұмыстарында:

педагогке:

- білім алушының артта қалу себептерін, оның оқу жетістіктерінің деңгейін және біліміндегі олқылықтарды анықтау;
- жеке қолдау көрсету үшін білім алушының қажеттіліктерін зерделеу;
- жеке тапсырмаларды таңдай отырып, оқытудың жеке жоспарын әзірлеу;
- жүйелі кері байланысты ұйымдастыру *ұсынылады.*

Педагог оқушылардың білім алу қажеттіліктерін және жеке даму

жолын ескере отырып, пән бойынша білім алушылардың білімін толықтыру алгоритмін дербес әзірлейді. Мысалы:

- өткен және ағымдағы оқу жылдарындағы оқу пәні сабақтарының тақырыптарын, оқу мақсаттарын кіріктіру;
- пәндер бойынша өткен оқу жылының материалдарын жаңа оқу жылының барлық кезеңіне бөлу;
- жаңа тақырыптарды және оқу мақсаттарын меңгертуге дейін бұрынғы оқу материалдарын қайталау;
- білім алушыларға қиындық тудырған тақырыптар бойынша қосымша сабақтар өткізу;
- білім алушыларға күрделі тақырыптар/оқу мақсаттары бойынша жеке және топпен консультациялар өткізу;
- өткен оқу материалы бойынша оқу пәнінен олимпиадалар ұйымдастыру;
- каникулдық сабақтарды және жазғы мектепті ұйымдастыру;
- формативті бағалауда өткен оқу жылындағы оқу бағдарламасы бойынша тапсырмалар әзірлеу және енгізу;
- өткен оқу жылындағы материалдар бойынша зерттеу және жобалау жұмыстарын ұйымдастыру;
- білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру сабақтары үшін Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентінің сағаттарын пайдалану;
- білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында қосымша білім беру ұйымдарының мүмкіндігін барынша пайдалану;
- білім беру платформаларын қолдану.

Негізгі оқу пәндерінен білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша ұсынымдар әдістемелік-нұсқау хаттың *«Орта білім беру ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері»* атты 3-бөлімінде беріледі.

Назар аударыңыз!

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша жұмысты ұйымдастыруда «2020-2021 оқу жылында жазғы мектепті ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» қосымшасын басшылыққа алу қажет (ҚР БҒМ 2021 жылғы 26 мамырдағы №240 бұйрығы).

2021 жылғы 26 мамыр мен 19 маусым аралығында ұйымдастырылған Жазғы мектеп білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыруға бағытталды.

Жыл сайын жазғы мектеп барлық білім алушылар үшін оқыту мерзімін 20 маусымға дейін ұзарта отырып жұмыс істейтін болады. 2021-2022 оқу жылында жазғы мектептегі сабақтың ұзақтығы 45 минутты құрайды.

Білім сапасы педагогтің кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты. Ыбырай Алтынсарин: «Мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» деп атап айтқан. Педагог – кәсіби, толерантты және жоғары мәдениетті, парасатты болуы тиіс. Ол білім алушылармен, ата-аналармен, әріптестерімен сыпайы қарым-қатынас стилін, сөйлеу мәдениеті мен кәсіби-іскерлік, педагогикалық әдеп ережелерін сақтайды.

Білім беру ұйымы педагогтердің және білім беру процесінің басқа да қатысушыларының корпоративтік мәдениетін, стилін, қызметтік этикасын сақтау бойынша бірыңғай талаптарды әзірлейді.

Білім беру ұйымдары педагогтің оң имиджін қалыптастыру бойынша кешенді жұмыс жүргізіп, мамандықтың беделін арттыруға ықпал етуі тиіс.

Мемлекеттік білім беру ұйымдарына педагогтерді жұмысқа қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылатын болады.

Конкурстық негізде жұмысқа қабылдау үшін күнтізбелік жылға конкурстық комиссия құрылады.

Конкурсқа ҚР БҒМ-нің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес www.enbek.kz сайтынан тіркеуден өткен және конкурсқа қажетті барлық құжаттарды ұсынған педагогтер қатыса алады.

Конкурс 16 сағаттық нормативтік оқу жүктемесімен педагогтің бос лауазымына өткізіледі.

Ұлттық біліктілік тестісінен кемінде 50 балл жинаған техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының, жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогикалық мамандықтары бойынша білім алушылары мен түлектеріне «педагог» біліктілік санаты беріледі.

Техникалық және кәсіптік білім беру, жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының «педагог» біліктілік санаты бар түлектері конкурс нәтижелері бойынша жұмысқа қабылданады.

«Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңын және «Кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңын іске асыру аясында орта білім беру ұйымдары педагогтерінің бір аптаға нормативтік оқу жүктемесі 16 сағатқа дейін төмендетілді.

Бір пән бойынша бос лауазымның **16 сағатын** педагогтер арасында бөліп беруге **рұқсат етілмейді.** Қажет болған жағдайда оқу жылының басында бос лауазымға (16 сағат) қосымша педагог қабылданады.

Бос лауазымның сағаттары 15 сағаттан кем болған жағдайда бөліп беруге рұқсат етіледі.

Мұғалімдердің оқу жүктемесін тарифтеу оқу процесін жоспарлаудың негізгі параметрі болып табылады.

Тарифтеу – мектеп педагогтерінің білім деңгейіне, біліктілігіне, орындалатын жұмыс көлеміне, сондай-ақ жұмыстың нәтижелілігі мен сапасына қарай оқу жүктемесін белгілеуге бағытталған іс-шаралар кешені.

Педагогті тарифтеу бойынша келесі жұмыс тәртібі ұсынылады:

✓ МЖМБС, мектептің жұмыс оқу жоспарына және сынып-комплектінің санына сәйкес әрбір пән бойынша оқу сағаттарын есептеу (директор және директордың орынбасары жүзеге асырады);

✓ Мұғалімдердің оқу жүктемесінің көлемі мектептің жұмыс оқу жоспарындағы сағаттар саны мен мектептің кадрлармен қамтамасыз етілуіне қарай айқындалады;

✓ Жұмыс оқу жоспары бойынша әрбір параллель сыныптардың сағат санын есептеу жүргізіледі. Сонымен бірге белгілі бір пәндер бойынша сыныптарды топтарға бөліп оқыту ескеріледі. Топтарға бөлу сыныптағы білім алушылардың санына қарай жүргізіледі;

✓ Әрбір мұғалімнің оқу жүктемесінің көлемі жұмыс оқу жоспарында белгіленген оқу қызметінің түрлері (инварианттық және вариативтік компоненттер) бойынша белгіленеді;

✓ Сағаттардың санын есептегеннен кейін педагогтердің жүктемелері мен бақылау табелі анықталады;

✓ Әрбір мұғалімнің оқу жүктемесі оның сыныптарда пәндерді оқыту сабақтастығын, оқыту сапасы мен кадрлармен қамтамасыз етілуін ескере отырып, алдын ала жеке әңгімелесу арқылы (директордың орынбасары, әдістемелік бірлестіктердің басшылары) айқындалады;

✓ Жиынтық тарифтеу тізімі келесі міндетті мәліметтерді қамтиды: мұғалімнің аты-жөні; лауазымы; білім деңгейі; жүктеме көлемі – апталық жалпы сағат саны; қосымша жұмыс түрлері үшін төленетін қосымша ақылар; тұрақты жеке үстемеақылар (магистрлік, тәлімгерлік үшін және т.б.).

Жаңа оқу жылында оқу жетістіктерін сырттай бағалау бастауыш, негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың базалық білімін тексеруге бағытталған бағалаудың жаңа моделі – білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингімен (бұдан әрі – ББЖМ) ауыстырылады.

ББЖМ өткізу тәртібі ҚР БҒМ 2021 жылғы 5 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу қағидаларымен реттеледі. Қағидалар орта (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) білім беру ұйымдарының меншік нысанына, ведомстволық бағыныстылығына, түріне қарамастан қолданылады.

ББЖМ мемлекеттік бақылау түрі болып саналмайды, білім алушы үшін де, білім беру ұйымы үшін де ешқандай құқықтық салдары болмайды.

ББЖМ мақсаты – білім алушылардың оқу жетістіктерінің ілгерілеуін ұлттық деңгейде өлшеу арқылы орта білім беруді жүйелі жетілдіру.

4 және 9-сыныптар үшін ББЖМ МЖМБС талаптарына сәйкес функционалдық сауаттылық деңгейін, білім мен дағдыларды, аналитикалық, логикалық ойлау қабілеттерін анықтау үшін өткізіледі.

ББЖМ тестілеуі жыл сайын сәуір айында орта білім беру ұйымдарының базасында компьютер арқылы электронды форматта өткізілетін болады.

ББЖМ өткізілетін білім беру ұйымдарының тізбесін жыл сайын уәкілетті орган анықтайтын болады. Іріктеу параметрлеріне: аумақтық тиесілігі, ұйымның түрі, оқыту тілі, білім алушылар контингенті жатады.

Алдыңғы оқу жылдарында ББЖМ-ға қатысқан білім беру ұйымдары келесі жылы ББЖМ-ға қатысатын білім беру ұйымдарының тізбесіне кірмейді.

ББЖМ өтетін білім беру ұйымдарын таңдау бағдарламаға тізімді енгізу нәтижесінде кездейсоқ іріктеу арқылы жүзеге асырылады.

Белгіленген аумақта шектеу шаралары мен төтенше жағдай енгізілген жағдайларда уәкілетті орган ББЖМ өткізуді кейінге қалдыру туралы шешім қабылдайды.

Тест тапсырмаларының саны, мазмұны мен түрі, сондай-ақ тестілеуге бөлінетін сағаттардың саны МЖМБС-ға сәйкес тест спецификациясымен анықталады. Тест спецификациясын Ұлттық тестілеу орталығы (ҰТО) әзірлейді.

Білім беру ұйымдарында ББЖМ өткізу қағидаларының сақталуын бақылауды ҚР БҒМ уәкілетті өкілдері (білім беруді басқарудың облыстық, аудандық органдарының, білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі аумақтық департаменттердің) жүзеге асырады.

Тестілеу рәсімдерін бағдарламалық және техникалық қамтамасыз етуді, ББЖМ нәтижелерін статистикалық өңдеуді Ұлттық тестілеу орталығы уәкілетті орган белгілеген мерзімде жүзеге асырады.

ББЖМ нәтижелері, оны аяқтаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде білім беру ұйымдарына хабарланады. Сондай-ақ білім алушылардың нәтижелері тестілеу аяқталғаннан кейін компьютер экранында бірден көрсетіледі.

ББЖМ нәтижелері бойынша әрбір білім беру ұйымы кері байланыс алады – білім беру сапасын жақсарту бойынша ұсынымдар түрінде әдістемелік көмек алады, бұл:

1) білім беру сапасына әсер ететін факторларды (білім алушылардың оқудағы қиындықтары, оларды даярлаудағы олқылықтар, педагогтердің кәсіби дамуына қажеттілік) анықтауға;

2) әдістемелік қолдау көрсетуді қажет ететін білім беру ұйымдарын анықтауға;

3) білім беру ұйымдарының педагогикалық әлеуетін күшейтуге ықпал етеді.

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы кешенді талдау жұмысын жүргізе отырып, әрбір өңірдегі әрбір мектеп бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлейтін болады.

Білім беру ұйымдары педагогке оқу процесін жоспарлау үшін қажетті оқытудың белгілі бір кезеңдеріндегі білім алушылар жетістіктерінің деңгейі туралы қорытынды ақпаратты; педагогтер мен мектептің қызметін, оқу бағдарламасының меңгерілуін бағалауға қажетті сынып пен мектептің жетістіктері туралы ақпаратты; ата-аналар үшін олардың балаларының білім жетістіктері туралы ақпаратты алады.

ББЖМ нәтижелері туралы ақпарат уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдары **ЖАН БАСЫНА ШАҚҚАНДАҒЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ** шеңберінде үнемделген қаражатты мектептің қажеттілігіне (жабдық, жиһаз, интерактивті тақта және т.б. сатып алу) бөлу бойынша дербес шешімді жүзеге асырудың тиімді механизмдерін пысықтауы қажет. Жылдың соңына дейін қалған қаражатты сауатты жоспарлау кезінде шығыстардың қосымша баптарына (күрделі жөндеу, жабдықтарды сатып алу және т.б.) жұмсауға болады.

ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес (63-бап, 3-тармақ) мектептер **ақылы қызмет** көрсете алады. Бұл қызметтерге:

- ✓ қосымша білім беру бағдарламалары (балалар мен жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктері мен қызығушылықтарын дамыту);
- ✓ оқу уақытынан тыс пәндер (сабақтар мен сабақтар циклдері) бойынша қосымша сабақтар;
- ✓ пәндердің (сабақтар мен сабақтар циклдері) ғылыми негіздерін тереңдетіп оқыту;
- ✓ білім алушылар мен тәрбиеленушілер және тағы басқалар арасында: спорт жарыстарын, семинарлар, кеңестер, конференциялар т.б. іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;
- ✓ музыка аспаптарын пайдалануға беру және интернет-байланыстың қосымша қызметтерін ұсыну;
- ✓ жазғы демалысты ұйымдастыру, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, түрлі іс-шараларға қатысушылардың тамақтануын қамтамасыз ету кіреді.

Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарына бекітілген дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарын жалға беруде белгіленген тәртіпті қатаң сақтау талап етіледі (*ҚР БҒМ 2020 жылғы 18 ақпандағы № 65 бұйрығы*).

Нысандарды мүліктік жалға беру сабақтан тыс және каникул уақытында төмендегі белгілі бағыттарға сәйкес жүзеге асырылады:

1) қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру (балалар мен жасөспірімдер шығармашылығын, спорт саласындағы бейімділіктері мен қызығушылықтарын дамыту);

2) дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шаралар.

Ақылы қызмет көрсету үшін мектептер **өздері келісім-шарт жасайды**. Ақылы қызмет көрсету есебінен алынған табыс мектептің **өз бетінше басқаруына** түседі.

ПЕДАГОГТЕРДІ АТТЕСТАТТАУ. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтерді аттестаттау туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 14 мамырдағы № 202 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы

8 қаңтардағы № 410-VI ҚР Заңымен білім беру ұйымдары көрсететін білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында **білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау институты енгізілді.**

МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАТТАУ - мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарында, олардың меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан профилактикалық бақылау арқылы 5 жылда 1 рет білім беру саласындағы уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелерінде ҚР Кәсіпкерлік кодексіне және ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес жүргізіледі.

Бірінші мемлекеттік аттестаттау қайта құрылған:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында – 3 жыл сайын;

- бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында – 4 жыл сайын өткізіледі.

Мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті органның ведомствосы, оның аумақтық бөлімшелері бекітеді, сондай-ақ осы мемлекеттік органдардың ресми сайтында орналастырылады.

Білім беру ұйымы жыл сайын ұсынылатын білім беру қызметтерінің МЖМБС талаптарына сәйкестігіне өзін-өзі бағалау жүргізеді және білім беру саласындағы уәкілетті органның ведомствосына, оның аумақтық бөлімшелеріне өзін-өзі бағалау материалдарын ұсынады.

Өзін-өзі бағалау: талдауды, ішкі бақылауды, диагностиканы, жоспарлау құралдарын, білім беру қызметін жақсартудың түзету механизмдерін қамтиды.

Білім беру ұйымдары білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды ҚР БҒМ 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын пайдалана отырып жүргізеді.

Өзін-өзі бағалау білімді, білік пен дағдыларды бақылау жұмыстарын (бітіруші сынып білім алушыларын кешенді тестілеу), ата-аналарға/заңды өкілдерге сауалнама жүргізуді қамтиды.

Кешенді тестілеу бастауыш білім беру үшін екі пән (оқыту тілі, математика), негізгі орта білім үшін үш пән (оқыту тілі, математика (алгебра немесе геометрия), тест тапсырмасының нұсқасына байланысты инварианттық компоненттің бір пәні) және жалпы орта білім беру үшін төрт пән (алгебра немесе геометрия), тест тапсырмасының нұсқасына байланысты инварианттық компоненттің екі пәні) бойынша өткізіледі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту деңгейінде ата-аналарға сауалнама жүргізіледі.

Білім беру ұйымдарына бармай профилактикалық бақылау арқылы мемлекеттік аттестаттауды жүзеге асырудың шарттарын сақтау:

- бақылау органдарының білім беру ұйымына баруына тыйым салынады;

- құқықтық статистика мен арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда тіркелу және білім беру ұйымын алдын ала хабардар ету талап етілмейді;

- аттестаттау қорытындысы бойынша құқық бұзушылық болған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалмайды, бірақ білім беру ұйымына оны жою тәртібін міндетті түрде түсіндіре отырып, қорытынды беріледі.

Мемлекеттік аттестаттау білім беру ұйымдарына бармай-ақ, профилактикалық бақылау арқылы білім беру ұйымдарының білім беру саласындағы ақпараттандыру объектісінің ресми сайттарында орналастырылған білім беру қызметі туралы өзін-өзі бағалау материалдарының деректерін ұйымдардан және уәкілетті мемлекеттік органдардан алынған мәліметтермен салыстыру арқылы талдау жүргізіледі.

Мемлекеттік аттестаттау 7 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өткізіледі.

Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша келесідей қорытынды беріледі:

- егер білім беру ұйымының білім беру қызметі МЖМБС талаптарына толық сәйкес келсе, «аттестатталды»;

- егер білім беру ұйымының білім беру қызметі МЖМБС талаптарына сәйкес келмесе, «аттестатталмаған».

Білім беру ұйымдары қорытындыда көрсетілген заң бұзушылықтар бойынша қорытынды табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап, 5 жұмыс күнінен кешіктірілмеген мерзімде білім беру саласындағы уәкілетті органның ведомствосымен, оның аумақтық бөлімшелерімен келісілген, бір жылдан аспайтын мерзімді көрсете отырып, заң бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар туралы ақпарат береді.

Заң бұзушылықтарды жою мерзімі өткеннен кейін білім беру ұйымы заң бұзушылықтарды жою туралы есепті білім беру саласындағы уәкілетті органның ведомствосына, оның аумақтық бөлімшелеріне ұсынады.

Берілген есепті негізге ала отырып, білім беру ұйымдары 5 жұмыс күні ішінде қайта қорытынды шығарады. Заң бұзушылықтар жойылмаған жағдайда белгіленген мерзімде есеп берілмесе, білім беру ұйымы аттестатталмаған болып есептеледі, бұл сол білім беру ұйымына бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу үшін негіз болып табылады.

2021-2022 оқу жылындағы мерейтойлық күнтізбелік күндерге назар аудару ұсынылады.

- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – **30** жыл;
- Семей ядролық полигонының жабылуына **– 30** жыл;
- Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі Ыбырай Алтынсариннің туғанына – **180** жыл;
- Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына – **175** жыл;
- Қазақтың әйгілі күйші-композиторы, Қазақстанның халық әртісі Дина Нұрпейісованың туғанына – **160** жыл;
- Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі, публицист, ғалым, аудармашы Әлихан Бөкейханның туғанына **– 155 жыл;**

- Қазақ ақыны, әдебиеттанушы ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – **150** жыл;
- Қазақтың лирик ақыны Мұқағали Мақатаевтың туғанына **– 90 жыл**;
- Этнограф, өнертанушы, әдебиетші, журналист, қоғам қайраткері Ақселеу Сейдімбектің туғанына – **80 жыл.**

Назар аударыңыз!

Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға байланысты мектептердің оқу процесін ұйымдастырудың әртүрлі форматтарына дайындығы қамтамасыз етіледі (ҚР БҒМ 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығы (2021 жылғы 31 наурыздағы өзгерістер мен толықтырулармен) https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37670209).

1 қыркүйекте дәстүрлі форматта білім беру ұйымдарын ашу үшін келесі санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау ұсынылады:

- күнделікті санитарлық-залалсыздандыру шараларын жүргізу;
- дезинфекциялау және жуу құралдарымен ылғалды тазалау;
- ғимаратты желдету және кварцтау;
- термометрмен өлшеу;
- сыныпқа кабинет бекіту;
- үзілістерді әртүрлі уақыттарға қою;
- мектеп педагогтері мен техникалық қызметкерлерді вакцинациялау;
- қосымша ауысымдар мен кіші ауысымдарды ұйымдастыру;
- ауысымдар бойынша оқу процесін ұйымдастыру;
- ауқымды іс-шараларды өткізбеу;
- асханалар жұмысын кесте бойынша ұйымдастыру;
- медициналық кабинеттер мен оқшаулағыштардың қызметі.

Ата-аналармен және білім алушылармен жеке гигиена мен санитарлық қауіпсіздік шараларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуге (медицина қызметкерлерін шақыра отырып) ерекше назар аудару керек.

Профилактикалық екпелер жүргізу қажеттілігіне ерекше назар аудара отырып, қызметкерлер арасында санитарлық қауіпсіздік шараларын сақтау бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту қажет.

Мектепке кіреберісте мұғалімдер мен техникалық қызметкерлерге, балаларды мектепке жеткізетін ата-аналарға Ashyq қосымшасын қолдану, білім беру ұйымдарын жеке қорғаныс және залалсыздандыру құралдарымен толық қамтамасыз ету ұсынылады. Қауіпті аурулар тобындағы балалар, ата-аналары COVID-19-бен ауырған балалар және науқаспен байланыста болған балалар қашықтан оқыту форматына ауыстырылады.

2 ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани-адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылады. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілуі тиіс.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары:

1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;

2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;

3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;

4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;

5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IY Заңы;

6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Заңы;

7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;

8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;

10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

БАЛАБАҚШАЛАР МЕН МЕКТЕПТЕРДЕГІ ІС-ШАРАЛАР БАРЛЫҚ БАЛАЛАР ҮШІН ТЕГІН ӨТКІЗІЛЕДІ.

Алғашқы қоңырауға арналған «Кел, балалар, оқылық!» салтанатты жиыны 1-сынып оқушылары үшін ұйымдастырылады және «Әліппе»/«Букварь» алғашқы оқулығы салтанатты түрде табыс етіледі. Іс-шараға бірінші сынып оқушылары ата-аналарының біреуіне қатысу ұсынылады. 2021 жылдың 1 қыркүйегінде 2-11-сыныптарда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің

30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында республикалық сынып сағаты, ашық сабақ өтеді. Жаңа оқу жылында білім алушыларға мектеп формасы бойынша талаптар сақталады, сондай-ақ классикалық стилдегі ыңғайлы киіммен баруға рұқсат етіледі.

Назар аударыңыз!

Білім беру ұйымдарында негізгі жобалар іске асырылуда:
1. ***Білім алушылардың мектептегі өзін-өзі басқаруы*** білім беру процесін демократияландыруға ықпал етеді және білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігіне айналуы тиіс.
2. ***Дебат*** – зияткерлік рөлдік ойын, бұл өзінде бар білімді қолдану біліктілігін қалыптастырады, функционалдық сауаттылығын дамытады және оқушының болашақтағы өзін-өзі жетілдіруінің кепілі болатын нағыз білім беру технологиясы.
3. ***«Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт»***. Оқу сауаттылығы – табысты, бәсекеге қабілетті тұлғаны және оның қазіргі қоғамда коммуникативтік құзыретін қалыптастырудағы базалық дағдылардың бірі.

Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар.

2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдарында мынадай жобалар іске асырылатын болады:

- ✓ «Мектептің өзін-өзі басқаруы»;
- ✓ «Дебат» қозғалысы;
- ✓ «Оқуға құштар мектеп»;
- ✓ «Отбасы – мектеп»;
- ✓ «Құқықтық сана – қауымға пана»;
- ✓ «Дәстүр мен ғұрып»;
- ✓ «Еңбек – елдің мұраты»;
- ✓ «Үнем – қоғам қуаты»;
- ✓ «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет»
- ✓ «Қоғамға қызмет»;
- ✓ «Музей сабақтары»;
- ✓ «Театр сабақтары» жобасы.

Жоба материалдары Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтында орналастырылған https://www.nao.kz).

Еліміздің орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес **сегіз** негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады.

Бірінші бағыт - «Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие» білім алушылардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық сана-сезімді, жеке бас бостандығы мен ар-намысының құндылығын, парасаттылық пен адалдықты,

толеранттылықты, еңбекке деген құрметті, «толық адам» қасиеттерін қалыптастырады, зорлық-зомбылық пен агрессиялық ой-пиғылдың, әртүрлі типтегі кемсітушіліктің алдын алуды қарастырады.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай 2021-2022 оқу жылында «Туған елге тағзым» жалпыреспубликалық экспедициясын, «Тарих тағылымы» мен «Қазақ мәдениетінің антологиясы» әлеуметтік жобаларын, «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» («Қазақстанның киелі географиясы») жобасын қамтитын «Ұлы дала мұрагерлері» жобасын іске асыруды жалғастыру қажет.

Білім алушылар арасында өлкетану білімін насихаттау және танымал ету келесі материалдарда:

– *Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздерінде;*

– *«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында жалпы білім беретін ұйымдарда өлкетану жұмыстарын жетілдіру бойынша әдістемелік ұсынымдарда;*

– *«Айналаға қара» («Ауыл өмірі», «Қала өмірі»: әлеуметтік – тарихи тәжірибе») бағытын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарда;*

– *«Өлкетану»: мәдени-генетикалық кодтың негізі» (мәдени мекемелердегі өлкетану сабақтары) (5-7-сыныптар) пәнін жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарда;*

– *«Қазақстанның киелі орындары – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» әдістемелік ұсынымдарында;*

– *«Туған жер» бағдарламасы арқылы білім беру ұйымдарында білім алушылардың қазақстандық патриотизмін қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарда* көрсетілген ***(https://www.nao.kz)***.

«Жас қыран» (1-4-сыныптар), «Жасұлан» (5-10-сыныптар), «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубтары, балалар мен жасөспірімдер қозғалысының қызметін ұйымдастыру білім алушылардың бойында патриотизм мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру мен дамытуға негіз болады.

Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА әзірлеген *әдістемелік ұсынымдар* **https://www.nao.kz** сайтында орналастырылған.

Аға тәлімгерлер мен педагог-ұйымдастырушыларға арналған әдістемелік құрал ***www.zhasulan.kz*** сайтында орналастырылған ***https://www.zhasulan.kz/kz/project/view?id=14***.

Білім беру ұйымдарының қазіргі заманға сай жұмыс жасауында білім беру ұйымын демократиялық басқару жағдайларын қамтамасыз етуге байланысты мәселелер туындайды, бұл кезде тек басшы мен педагогикалық кеңес қана емес, сондай-ақ оқушылар мен ата-аналар да білім беру процесінің толық құқығы бар субъектілері ретінде білім беру ұйымы ұсынатын қызметтердің сапасына ықпал етеді.

Осыған байланысты мектептің өзін-өзі басқару органдарына мектеп парламенттері түрінде маңызды рөл беру ұсынылады. Білім беру ұйымдарында білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамытудың «Мектеп/Студенттік парламент» тұжырымдамасы ҚР БҒМ 15.02.2021 жылғы

№1-18-4/566-И шығыс хатымен Қазақстанның барлық өңірлеріне жолданды және ***https://www.ziyatker.org/schoolparliament*** сайтына орналастырылды.

Тәрбие бағытының бірі **– білім алушыларды құқықтық тәрбиелеу**.

Қазіргі уақытта мемлекет пен азаматтық қоғам балалар мен жастардың құқықтық мүмкіндіктерін іске асыру проблемасын белсенді түрде көтеруде. Осыған байланысты қазақстандық мектептердің, колледждер мен жоғары оқу орындарының алдында құқықтық мемлекет жағдайында шығармашыл, бастамашыл, өзі және қоғам үшін пайдалы әрекет ете алатын еркін, жауапты тұлғаны, мәдениет адамын тәрбиелеу міндеті тұр.

«Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы білім алушылардың құқықтық сауаттылығы мен құқықтық санасын және құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған. Осы жоба шеңберінде білім беру ұйымдарында заманауи әдістемелер негізінде білім беру және тәжірибеге бағдарланған іс-шараларды өткізу жоспарлануда.

Білім алушылардың сана-сезімі мен құқықтық мәдениетінің қалыптасу критерийлері: негізгі заңдарды білу, түсіну және міндетті түрде орындау, құқықты, заңдылықты құрметтеу, алған білімдерін күнделікті өмірде өз бетінше және функционалдық сауатты түрде пайдалана білу; нормаларға қайшы келмейтін мінез-құлық, құқыққа қарсы құбылыстардың, әрекеттердің кез келген түрін қабылдамау, академиялық адалдық.

Мектеп пен ата-аналар балаларды қоғамға жат мінез-құлықтан бас тарту мәдениетіне тәрбиелеуі керек.

Жоғары сыныптарда білім алушыларды құқықтық-жауапкершілік нормаларымен таныстыру қажет.

Білім алушылар бала құқығы туралы БҰҰ Конвенциясының негізгі ережелерін, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексін, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңдарын білулері тиіс. *Жасөспірімдердің денсаулығы мен қауіпсіз мінез-құлқы мәселелерін зерттеуге назар аудару керек.*

ИНКЛЮЗИВТІ МӘДЕНИЕТ инклюзивті білім берудің негізгі үш аспектісінің (инклюзивті саясатты әзірлеу, инклюзивті мәдениетті құру, инклюзивті практиканы жүзеге асыру) маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. Білім беру ұйымдарындағы әрбір адамның өзіндік ерекшелігін, әртүрлілігін құрметтеу, білім берудің кез келген субъектісіне қолайлы, жағымды мектеп қоғамдастығын құру, инклюзивті құндылықтарды қабылдау инклюзивті мәдениетті қалыптастырудың негізін құрайды.

Форумдар, арнайы семинарлар, жиналыстар, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі табысты адамдар (Серік Есматов, Шахан Жолдасбаев, Зульфия Раухатовна – «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының кейіпкерлері, Пабло Пинед, Ника Вуйчиче, Стивен Хокинг және т.б.) туралы таныстырылымдар ұйымдастыру.

Инклюзивті мәдениет инклюзивті білім беруді тиімді жүзеге асырудың маңызды факторы. Сонымен қатар инклюзивті мәдениетті құру мектептегі теңдікті, қолжетімді ортаны қамтасыз етудің, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды құрметтеудің, оларға жағымды көзқарас қалыптастырудың, әлеуметтендірудің негізі ретінде қарауымыз керек.

Білім беру ұйымдарында қауіпсіз білім беру ортасын, білім алушылардың оң психо-эмоционалдық көңіл-күйін, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға, мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алуға ерекше назар аудару қажет. Суицидтік мінез-құлыққа әкелетін негізгі факторлар – оқшаулану сезімінен туындаған жалғыздық, ата-аналарымен және туыстарымен жанжал.

«Психологиялық қызметті және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру» жобасын іске асыру педагогтерге «Тәуекел тобындағы» балаларды анықтауға және оларға уақытылы көмек көрсетуге көмектеседі.

Сондай-ақ 2020 жылы Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА әзірлеген *«Әдепті адам – әдемі адам» тақырыбындағы әдістемелік ұсынымды пайдалану маңызды: балалар мен жасөспірімдер арасында бейәлеуметтік құбылыстардың, нашақорлықтың, темекі шегудің және маскүнемдіктің алдын алуды ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымды қолдану маңызды. https://www.nao.kz.).*

«Bilim Foundation» қоғамдық қоры әзірлеген бейнематериалдар педагогтар мен ата-аналарға әдістемелік көмек ретінде тегін ұсынылады (сайттарға сілтеме: https://zhastar.org/application/parentspage, https://zhastar.org/application/ studentspage#1).

2) Рухани-адамгершілік тәрбие – адамгершілік келбеті, адамгершілік сана; құндылық сезімдері мен қасиеттері – ізгілік, ар-ождан, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, бауырмалдық, мейірімділік, адалдық, ынтымақтастық, ұлтаралық келісім, толеранттылық сияқты құндылықтарды қалыптастырады.

Волонтерлік білім алушылардың адами әлеуетін ашуға, адамгершілікті тәрбиелеуге және әлеуметтік тәжірибені дамытуға ықпал етеді. Волонтерлік – бұл адалдық, әділдік, мейірімділік, жауапкершілік, достық, мейірімділік, төзімділік және жасампаздық институты. Волонтерліктің кең таралған түрлерінің бірі халықаралық практикадағы оқу процесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде танылған «**Ақылды волонтерлік**» (Service-learning) жүйесі.

Орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын **«Қоғамға қызмет»** әлеуметтік еріктілер жобасын – «Мектепке жол», «Қамқорлық», «Мектепке жиналуға көмектес», «Адамға қуаныш сыйла» және т.б. акцияларды жүзеге асыруға кеңінен қатыстыру қажет.

Орта білім беру ұйымдарында еріктілер қозғалысын ұйымдастыру туралы толық ақпарат *«Білім беру саласындағы еріктілік пен қайырымдылық және олардың қазіргі жағдайдағы білім беру жүйесін жаңғыртудағы рөлі»* әдістемелік ұсынымдарында берілген. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019 ж. *(*https://www.nao.kz*).*

Рухани-адамгершілік тәрбиені қалыптастыруда қазақтың педагог-ағартушысы, жазушы, фольклоршы, қоғам қайраткері, ғалым-этнограф *Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына; қазақтың халық ақыны Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына; көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейхановтың 155 жылдығына; қазақ әдебиеттануы мен тіл білімінің негізін салушы, ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына; Қазақ КСР Халық әртісі, қазақтың белгілі музыкатанушысы, композитор, дирижёр, ақын Ахмет*

Жұбановтың 115 жылдығына; қазақтың белгілі лирик ақыны, аудармашы Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына арналған бұқаралық іс-шаралар өткізу маңызды рөл атқарады.

Бұл іс-шараларды «Қазақстанның ұлы ақындары мен жазушылары», «Адамзаттың ұлы ұстаздары», «Қазақстанның ұлы ойшылдары мен философтары» атты әдеби кеш, «Сұлулық әлемді құтқарады» атты поэтикалық кеш, «Жақыныңа жанашыр бол» атты әдеби-музыкалық композициялар, «Махаббат – адам өмірінің негізі», «Мейірімділік – адамның асыл қасиеті» атты рухани-адамгершілік мазмұндағы тестілер мен сұхбаттар түрінде ұйымдастыруға болады.

Адамгершілік құндылықтар жүйесін қалыптастырудың бір жолы – кітап оқу. 2021-2022 оқу жылында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру және оны қолдау, кітап мәртебесін *(«Кітап оқу – сән»)* арттыру мақсатында білім алушылар арасында **«Оқуға құштар мектеп»** жобасы барлық өңірде біртіндеп енгізіледі.

Мектеп кітапханаларының қорын толықтыру үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты әзірлеген көркем әдебиеттер тізбесі ұсынылады. Бұл тізбе Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА-ның www.nao.kz. сайтында орналастырылған.

Жобаның негізгі бағыттары өзара қарым-қатынас пен әлеуметтік әріптестік арқылы білім алушылардың оқу құзыреттілігін, оқу мәдениеті мен оқу белсенділігін арттыруды, оқу сауаттылығы бойынша халықаралық зерттеулерге қатысуын жалғастыруды, оқырмандар қауымдастығын қалыптастыруды, іс-шараларға ата-аналарды қатыстыруды көздейді.

Мектеп сайтында үздік балалар әдебиеті мен мектеп әдебиетіне арналған түрлі сервистер, балалар мен жасөспірімдердің кітап оқу үрдісін кеңейту бойынша ресурстар (интернет-викториналар, сервистік ұсынымдар, кітапханалар туралы ақпарат және т.б.) ұсынылуы тиіс. Әрбір мектепте және отбасында 20 минуттық кітап оқу ұйымдастырылады. Мектеп холдарында үлкен үзілістерде кітап оқуды ұйымдастыру үшін «Буккроссинг» бұрыштарын құру ұсынылады.

Кітаптарды электронды форматта, соның ішінде мобильді құрылғылардың көмегімен оқу мүмкіндіктерін кеңейтетін, балаларға әдебиетті таңдауда дұрыс бағдар алуына көмектесетін, кітап оқуға құмар балалар санын арттыратын жаңа электронды ресурстарды пайдалануға болады.

Қоғамда мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру мақсатында:

✓ «Отан оттан да ыстық», «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар», «Білім – теңіз, мектеп – кеме», «Татулық – табылмас бақыт», «Еңбек – ердің көркі» және т.б. назар аудартатын қазақ мақал-мәтелдері жазылған баннерлерді мектеп ғимаратына орналастыру – дәстүрлі құндылықтарды санада нығайтуға, визуалды әсер етуге көмектеседі.

✓ Мүмкіндігіне қарай мектептің таңдауы бойынша оқушылардың жағымды көңіл-күйін қалыптастыру және психологиялық шиеленісті азайту мақсатында фондық музыкалық әуендерді (классикалық, ұлттық музыка, аспаптық шығармалар және т.б.) пайдалануға болады.

3) **Ұлттық тәрбие** аясында жаңа оқу жылында білім алушылардың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту мақсатында цифрлық дәуір ерекшеліктерімен байланыстыра отырып «**Дәстүр мен ғұрып**» жобасы іске асырылатын болады.

Әрбір халық өзінің төл мәдениетін, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын сақтауы тиіс. Дәстүр жастарды тәрбиелеуде, ұлттық сана-сезімді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті, ұлттық кодты сақтау қажет. Бұл жағдайда қазақ халқының мәдени мұрасын, салт-дәстүрлерін, сондай-ақ ұлттық тағамдарын т.б. зерделеу – өзекті міндеттердің бірі.

Оқушылар мемлекеттік тіл – қазақ тілін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік атрибуттары: мемлекеттік рәміздерін білуі тиіс. Осы негізде конкурстар мен олимпиадаларды тұрақты түрде өткізу; әрбір мектепте мұражай ашу; көрнекті тұлғалармен, даңқты спортшылармен, ғалымдармен, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы жеңімпаздарының білім алушылармен кездесулерін өткізу; сондай-ақ өңірдің тарихи-мәдени мұра объектілерінде мектеп оқушылары үшін өлкетану бойынша тақырыптық сабақтар өткізу өзектілігін жоғалтпайды.

Аталған бағыт шеңберінде: «Менің Отаным – Қазақстан» (балалар мен жасөспірімдер туризмі мен өлкетануды дамыту, экспедициялар, саяхат, экскурсиялар ұйымдастыру), «Тарих мұрасы», «Өз жеріңді таны» (өлкетанулық білімі мен мектеп туризмін, тарихи-археологиялық қозғалысты жандандыру, туған өлкенің тарихын, мәдениетін, дәстүрін терең зерттеу) «Табиғатым – тал бесігім» (туған жерге жауапкершілікпен, аялап қарау) жобаларын жүзеге асыруды жалғастыру маңызды.

«Дәстүр мен ғұрып» жобасын іске асыру үшін академия әзірлеген «Қазақстанның киелі орындары – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша тәрбие жұмысының модельдері» әдістемелік ұсынымдары әдістемелік нұсқаулық болады ***(https://www.nao.kz).***

4) ***Мектептегі отбасылық тәрбиенің мақсаты келесі құндылықтарды қалыптастыру:*** отбасы мүшелері арасындағы сыйласымдылық, үлкенді құрметтеу, ананы сыйлау, әкені қадір тұту, отбасы берекесі, отбасылық дәстүрлер, бауырмалдық, туысқандық, денсаулыққа қамқорлық, салт-дәстүр сабақтастығы, сүйіспеншілік.

Отбасында, мектепте, қоғамдық ортада құндылықтар негізінде балаларды тәрбиелеу – қазіргі уақыттың өзекті мәселесі. Отбасылық құндылықтар мен ұлттық тәрбие мәселелері мектептердің тәрбие жұмысында, балалардың бос уақытын ұйымдастыру аясында қосымша білім беруде, мәдени-бұқаралық іс-шараларда, конкурстар мен сынып сағаттарында, ата-аналар жиналыстарында, үйірме жұмыстарында, сондай-ақ еңбек тәрбиесінде, бірлесіп еңбек етуде көрініс табуы тиіс.

Ата-аналар жиналыстарын дәстүрлі емес форматта өткізу: «Кәсіби мамандарды шақыра отырып баспасөз конференциялары», «Ата-аналар сенбіліктері», «Психологиялық тренинг», «Отбасын таныстыру», «Тәжірибе алмасу» және т.б. ұсынылады.

Оқушылар «Ауылдағы 2 апта», «Ата-анамыздың жұмыс орнындағы он күн» жобалары аясында өздерінің жан-жақты дамуы мен шығармашылық әлеуетін жүзеге асыра алады (НЗМ тәжірибесі бойынша).

«Отбасы –мектеп» жобасы отбасының тәрбиелік әлеуетін, білім беру ұйымдарында білім алушылардың ата-аналарымен қарым-қатынасын үйлестіру және отбасылық тәрбиені жақсарту үшін педагогтердің әлеуетін арттыруға бағытталған.

Ата-аналарға арналған лекториялар, ата-аналар кештерін, Ашық есік күндерін, тренингтер өткізу, «Ата мектебі», «Әже мектебі», «Әке мектебі», «Ана мектебін» құру ұсынылады. Бұл мектептерді құрудың мақсаты – бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру.

Ата-аналардың, қоғамның, үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен **«Мектептегі бір күн»** жобасын іске асыру ата-аналардың қажеттіліктерін, сұраныстарын, отбасылық ерекшеліктері мен отбасылық тәрбиесі ескеріледі, ата-аналарды мектептің, сыныптың, өз баласының істеріне жұмылдыруға, білім беру процесінің барлық қатысушыларымен өзара іс-қимыл жасауға жәрдемдеседі.

Педагогикалық және ата-аналық консилиумдар шеңберінде ата-аналармен, балалармен жеке әңгімелесулер өткізіледі, жеке балаға арналған бағдарламалар жасалады, баланың үй жағдайымен танысу үшін отбасына бару, отбасылық проблемалар мен балалар тәрбиесі бойынша кеңестер өткізу қамтылады.

Отбасылық тәрбие әдістемесі инновациялық тәсілдерді, технологиялар мен әдіс-тәсілдер жиынтығын, оның ішінде ата-аналардың баласымен бірге туған өлкенің киелі орындарын (тарихи ескерткіштерді, кесенелерді, мұражайларды, табиғи нысандарды) зерттеуді қамтиды. Киелі орындарға бару отбасының ауызбіршілігі мен сыйластығын арттыруға ықпал етеді.

Отбасылық тәрбиеде ата-тегінің шежіресін құрастыру оқушыларға үлкен тағылым. Баланың өз тегін, жеті атасын білуі, өзінің отбасылық шежіресін құрастыруы – отбасылық жақсы дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығын қалыптастырудың, әулеттегі татулықты нығайтудың, баланың текті болып өсуінің кепілі. Сонымен қатар баланы отбасылық жәдігерлер мен тарихына, фотосуреттерге, үй мұрағаттарына, ата-әжелеріне, марапаттарына құрметпен қарауға тәрбиелеу маңызды.

Отбасылық құндылықтарды қалыптастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар – орта білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесінде отбасылық тәрбиені іске асыруға арналған нұсқаулық ***(https://www.nao.kz).***

5) Білім алушылар бойында еңбек тәрбиесін, экономикалық және экологиялық тәрбиені қалыптастыру. Еңбек тәрбиесі, экономикалық және экологиялық тәрбие білім алушылар бойына шығармашылық еңбек, еңбек мәдениеті, экономикалық сана, кәсіп, мансап, функционалдық сауаттылық, туған табиғатқа деген сүйіспеншілік сынды құндылықтарды сіңіруге ықпал етеді.

«Еңбек – елдің мұраты» жобасы шеңберінде өзінің кәсіби саласында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізген табысты адамдардың өмірі мен қызметі

жайында таныстырылады, білім алушылар арасында кәсіптік бағдарлау жұмысы жүргізіледі, еңбектің құндылығы жаңа деңгейге көтеріледі.

Оқушыларды еңбекке тәрбиелеу әртүрлі іс-шараларды ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады: қолөнер көрмесі, мектеп маңайын және ауылын көгалдандыру мен абаттандыру, шеберлер турнирі, игі істер апталығы, көңілді шеберлер қаласы, еріктілер актісі, қамқорлық көрсету аймағы, еңбек десанты және тағы сол сияқты іс-шараларды ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

Білім алушылардың өзін-өзі кәсіби анықтауында мамандық таңдауына көмектесетін «Мамандық таңдау уақыты» бейне блогерлер байқауы, «Мен-кәсіптер әлемінде» әдеби байқауы (эссе), «Мамандық: кеше, бүгін, ертең» байқауы, «Мұндай мамандық бар» презентациялар конкурсы сияқты іс-шаралар жүйесін өткізу ұсынылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда «Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасының қолдауымен 9 негізгі сала: мұнай-газ, ауыл шаруашылығы, көлік және логистика, машина жасау, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, энергетика, туризм, тау-кен металлургия кешені және құрылыс бойынша іске асырылатын «Еңбек нарығында сұранысқа ие жаңа кәсіптер мен құзыреттердің атласы» ұлттық жобасы әзірленді.

Назар аударыңыз!

Жаңа мамандықтар атласы https://www.enbek.kz/atlas/ сайтында орналасқан.

Кәсіби бағдар беру жұмысын дұрыс ұйымдастыру мақсатында:

- *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 150 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында білім алушылардың кәсіби бағдарын анықтау және диагностикасын жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды;*

- *орта мектептің 7-11-сынып оқушыларының кәсіби диагностикасын жүргізу бойынша құралдарды пайдалану туралы әдістемелік ұсынымдарды;*

- *ЕБҚ балалардың мамандық таңдау кезінде отбасы, мектеп және жұмысқа орналастыру органдарының өзара іс-қимылы бойынша әдістемелік ұсыныстар (https://www.nao.kz).*

«Үнем – қоғам қуаты» жобасының міндеті – ұқыптылық пен үнемділік, мінез-құлық трендтерін қалыптастыру, прагматикалық дағдыларға, тайм-менеджментке үйрету, қаржы және материалдық ресурстарды сақтау және үнемді пайдалану дағдыларын қалыптастыру, сыни ойлауға үйрету.

Білім алушылардың экономикалық тәрбиесіне тақырыптық сынып сағаттарын, экскурсияларды, пікірталастарды, рөлдік ойындарды және т.б. өткізу оң ықпал етеді. Бұл ретте «Іскерлік қарым-қатынас этикасы» сынып сағаттары, «Жарнама жасау өнері», «XXI ғасыр менеджері», «Көшбасшы нені білуі керек?», «Кәсіпорындардағы қақтығыс жағдайларын шешу» рөлдік ойындары, кәсіпорындарға экскурсиялар және т.б. қамтылуы тиіс.

Нәтижесінде білім алушылар тапқырлыққа, бастамашылдыққа; қоғамдық игілікке, жеке табыс пен игілікке ұқыпты қарауға үйренеді.

Назар аударыңыз!

Білім беру ұйымдарында 1-11-сыныптар аралығында экология бойынша сынып сағаттарын **айына бір рет** өткізу тәжірибесі өзекті болып қала береді.

«Ерте жастан экологиялық мәдениет» жобасы аясында тәрбиелік іс-шаралар кешенін іске асыру экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға ықпал етеді. Пәндік салалар арқылы білім алушылар өсімдіктердің әр түрімен және декоративті өсімдіктерді көбейту тәсілдерімен (биоалуантүрлілік); білім беру ұйымдарында және үйде энергия тұтыну құрылымымен, оны үнемдеу тәсілдерімен (энергия үнемдеу); мектепте және үйде суды үнемді пайдалану мүмкіндігімен (су үнемдеу); қалдықтардың пайда болу көздері, оларды азайту тәсілдерін анықтау, қоқысты бөлек жинауды енгізу (қалдықтармен жұмыс істеу) және т.б. танысады.

Сыныптан тыс жұмыстарда келесі ақпараттық-экологиялық, әлеуметтік маңызы бар іс-шараларды: акцияларды, көрмелерді, мектеп пен оған іргелес аумақты үздік көгалдандыруға арналған конкурстарды, экологиялық бастамаларды, жергілікті халыққа экологиялық білім беруді жандандыру қажет.

Білім алушыларды экологиялық тәрбиелеудің ең тиімді жолдарының бірі – жастардың экологиялық санасын қалыптастыру мақсатында жоспарлы түрде экожұма, «Қоқыссыз әлем», «Біз табиғатты қорғаймыз» тақырыптарында сынып сағаттарын өткізу. Бұдан басқа, эко-фестивальді, эко-квесттерді, қоқыстан арт-объектілер құру бойынша мастер-класстарды ұйымдастыру, экологияның өзекті мәселелері бойынша ғылыми жобаларды қорғау, театрлық қойылымдарды дайындау, шикізатты қайта өңдей отырып экоматериалдан бұйымдар жасау ең үздік тәжірибелердің бірі болып есептеледі.

Экологиялық мәдениетті қалыптастырудың негізін білім беру ұйымдарының, ауданның, қаланың аумақтарын көгалдандыру және абаттандыру бойынша сенбіліктер; «Жасыл ел» қозғалысы шеңберінде жасыл желектер отырғызу, еріктілер қозғалысы, табиғи аймақтарды қоқыстан тазарту құрайды.

6) Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие білім алушыларға эстетикалық сананы; эстетикалық талғамды қалыптастыруға көмектеседі.

Мектептегі көп мәдениетті тәрбие басқа мәдениеттердің, ұлттардың, діни сенім және т. б. өкілдеріне толерантты көзқарасты қалыптастыруға бағытталуы керек. Осы бағытты іске асырудың негізгі тетіктері – Қазақстан халқы Ассамблеясымен және этномәдени орталықтармен ынтымақтастық; балалар мен жастар жұмыстарының көрмесін ұйымдастыру, халықтар достығы фестивальдері, тілдік және шығармашылық клубтар, конкурстар; танымал адамдармен, өнер қайраткерлерімен кездесулер. Жыл сайын тәрбие жұмысының жоспарына білім алушыларды көп мәдениетті тәрбиелеу жөніндегі

іс-шараларды (толеранттылық сабақтары, Әлем күніне арналған акциялар, Халықаралық бейбітшілік күніне арналған бірыңғай ақпараттандыру сағаты және т.б.) енгізу ұсынылады.

Көркем-эстетикалық тәрбие саласында отандық мәдени жетістіктерді – кітаптарды, пьесаларды, мүсіндерді, картиналарды, музыкалық шығармаларды, Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің үздік үлгілерін – ертегілерді, аңыздарды, эпостарды, аңыздарды оқыту және ілгері дамыту ұсынылады. Сонымен қатар тұрақты жұмыс істейтін тақырыптық кітап көрмелерін өткізу маңызды. Өскелең ұрпақты театр өнері әлеміне тарту мақсатында әр мектепте **«Балалар және театр»** ағартушылық жобасын жүзеге асыру маңызды ***(https://www.ziyatker.org/detyteatr).***

7) Зияткерлік тәрбие білім құндылығын; зияткерлік ұстанымды; әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын; ал ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу кибермәдениет мен кибергигиенаны қалыптастырады.

Зияткерлік тәрбие лингвистикалық, музыкалық, логикалық-математикалық, кеңістіктік, дене-кинестетикалық, тұлғааралық, тұлға ішіндегі зияткерлікті дамытуға бағытталуы керек.

Білім алушылардың бойында эмоционалды зияткерлікті қалыптастыру бойынша әдістемелік нұсқаулық ретінде «Денсаулық пен өмірлік дағдыларды қалыптастыру, сондай-ақ кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу» бағдарламасы аясында педагогтерге арнап әзірленген әдістемелік құрал ұсынылады (3 модуль. Эмоционалды интеллект және тұлғааралық қарым-қатынас) «Bilim Foundation», 2017.

«Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру білім алушылардың командада жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға, қарама-қарсы пікірге құрметпен қарауға, өз көзқарастары мен пікірлерін белсенді қорғауға үйретуге мүмкіндік береді. Пікірсайыс қозғалысының мақсаты-қоғамда орын алған проблемаларды жария талқылау және талдау арқылы білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру.

Пікірсайыс қозғалысының міндеттері: білім алушылардың құқықтық мәдениетін, азаматтық белсенділігін, жауапкершілігін, шығармашылық және сыни ойлау, даулы жағдайларды дипломатиялық жолмен шешу қабілетін қалыптастыру; мәдени-танымдық және ағартушылық қызметтің инновациялық модельдері мен технологияларын пайдалана отырып, еліміздің әрбір өңірінде әрбір білім беру ұйымында, клубтарда пікірсайыс орталықтарын құру. Пікірсайыс қозғалысына қатысушылар ашықтық, жүйелілік, еріктілік, ізгілендіру, қолжетімділік, адалдық және әріптестерді құрметтеу қағидаттарын басшылыққа алады.

«Оқушылар мен студент жастардың дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасының тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК сайтында орналасқан. ***https://www.ziyatker.org/debatnoedvizheny).***

Ақпараттық қауіпсіздік мәселесі өзекті болып қалуда. Әлеуметтік сауалнаманың *(Қазақстан Республикасы балаларының 2019 жылғы жағдайы туралы баяндама)* деректері бойынша балалардың 70%-дан астамы интернетті пайдаланады, ұялы телефондары мен компьютерлері бар, сол арқылы кибер-буллинг, электрондық кеңістіктегі алаяқтыққа осалдық танытады. Сауалнамаға қатысқандардың жалпы санының 6%-ы әлеуметтік желілерде виртуалды зорлық – зомбылық, 8,5%-ы дінді насихаттау, 5%-ы суицидті насихаттау жағдайларына тап болды. Алайда сауалнамаға қатысқан балалардың 86%-ы әлеуметтік желілерде танысуға оң көзқараспен қарайды. Ата-аналардың өз балаларының интернет-тәуелділігі қаупін бақыламайтыны және бейхабарлығы жағдайды ушықтырады. Орташа алғанда, ата-аналардың шамамен 36%-ы сауалнама аясында интернет-кеңістікте балаларды қудалау мен бопсалаудың әртүрлі түрлері бар екенін естіді.

Ақпараттық мәдениетті қалыптастыру мақсатында білім алушыларға интернет-кеңістіктегі мінез-құлық мәдениеті: қарым-қатынас мәдениетіне, өз ойын білдіруге, әңгімелесушінің пікірін құрметтеуге, этикалық нормаларды сақтауға дағдыландыру маңызды. Отбасы мен мектептің ынтымақтастықтағы қызметі *«Балалардың денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР 2018 жылғы 2 шілдедегі №169-VI Заңы* аясында зорлық-зомбылықты, суицидті насихаттайтын интернет желісіндегі белгілі бір сайттарға балалардың қол жеткізуін бақылауды қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

Жалпы білім беру ұйымдарының тәрбие жұмыстарының жоспарына кибермәдениет және кибергигиена, оның ішінде білім алушылардың кибер қауіпсіздігі мен ақпараттық қауіпсіздігі жөніндегі іс-шараларды қосу қажет.

Мектеп қабырғасынан бастап, халықаралық тәжірибені ескере отырып, балаларды киберқауіпсіздікке оқыту керек, онда олар хакерлердің желілік шабуылдарынан қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін дағдыларды үйренеді. Киберқауіпсіздік, кибергигиена, кибермәдениет мәселелері бойынша мектепте оқыту семинарларын ұйымдастыру үшін материалдарды келесі сайттардан табуға болады:

1.*https://cybersecuritymonth.eu/press-campaign-toolbox/ecsm-material/cybersecurity-spaces-workshops-on-cybersecurity-for-high-school-students (бұл сайтта «Ресурстар» бөлімінде пайдалы болатын құжаттар бар);*

2.*https://www.mcafee.com/blogs/consumer/importance-cybersecurity-lessons-schools/;*

3.*https://eu-acerforeducation.acer.com/education-trends/cybersecurity-how-to-teach-students-to-use-internet-responsibly/;*

4.*https://www.youtube.com/watch?v=ULGILG-ZhO0 (ағылшын тіліндегі бейнелер барлық негізгі қағидаларды түсіндіреді);*

5.*https://www.edb.gov.hk/en/edu-system/primary-secondary/applicable-to-primary-secondary/it-in-edu/information-security.html (Гонг Конгта мектеп оқушыларына арналған Киберқауіпсіздік бойынша PDF файлдары бар).*

8) **Дене тәрбиесі** салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастырады.

Орта білім беру ұйымдарында бұқаралық спорт түрлері *(футбол, волейбол, баскетбол, гандбол, футзал, ұлттық спорт түрлері: асық ату, тоғызқұмалақ, қазақ күресі)* бойынша мектептік спорт лигалар желісі мен спорт секцияларын кеңейту маңызды. Ұлттық және бұқаралық спорт түрлері бойынша ұлттық спорт лигаларын, қысқы және жазғы спорт түрлері бойынша оқушылар спартакиадасын дамыту қажет.

«Дене шынықтыру» пәнінің әрбір мұғалімі қосымша ақы есебінен үш спорттық секция жүргізеді.

Дене тәрбиесі міндеттерінің бірі – білім алушыларды республикалық көпдеңгейлі балалар-жасөспірімдер турнирлері мен жарыстарына, халықаралық жарыстарға (қысқы және жазғы Дүниежүзілік Гимназиада) қатысуға белсенділіктері мен мүмкіндіктерін арттыру.

Жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын сақтау, нашақорлықтың, маскүнемдіктің, темекі шегудің, АИТ/ЖИТС-тің алдын алу және салауатты өмір салтының негіздері бойынша семинар-тренингтер өткізу тәрбие жұмысының ажырамас бөлігі.

Жоғарыда көрсетілген іс-шараларды өткізу үшін бұқаралық спорт түрлері (футбол, волейбол, баскетбол және т. б.) бойынша мектеп спорт лигасын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар әдістемелік базасы (https://www.nao.kz).

Тәрбие жұмысын жоспарлау кезінде жоспарлаудың өзекті нысанын - ортақ мақсатпен, оларды орындау уақытымен біріктірілген өзара байланысты жобаларды қамтитын *мегажобаны* пайдалану ұсынылады.

Жобалар шеңберіндегі іс-шаралардың сәтті шарттарының бірі – сынып жетекшісінің барлық жүзеге асырылатын шаралардың маңыздылығын түсінуі, тәрбие беру процесі шеңберіндегі іс-әрекеттің өзін-өзі талдай алуы.

Тәрбие жұмысының нәтижелерін бағалау кезінде үш деңгейді ескеру қажет.

Бірінші деңгей – оқушының әлеуметтік білім алуы мен күнделікті өмірде әлеуметтік шынайылықты түсінуі.

Екінші деңгей – оқушының өмірлік тәжірибе мен қоғамның негізгі құндылықтарына *(адам, отбасы, Отан, табиғат, әлем, білім, еңбек, мәдениет)* оң көзқарасы, жалпы әлеуметтік шынайылықты құндылық ретінде қабылдауы.

Үшінші деңгей – оқушының әлеуметтік іс-әрекет тәжірибесіне өз бетінше ие болуы. Критерийлер: «Тәрбиелік іс-шара: қойылған мақсаттарға қол жеткізу деңгейін өлшеу критерийлері (бәсекеге қабілеттілік; прагматизм; ұлттық бірегейлікті сақтау; білімге табыну; Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы; сананың ашықтығы) әдістемелік ұсынымдарда сипатталған *(Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018. – 120 б.)*.

Білім беру ұйымдарында:

1) білім алушылар педагогке аты-жөнін (есімі, әкесінің аты) немесе «Мұғалім» деп айтады;

2) педагог білім алушылардың есімін айтуы тиіс;

3) сабақтың басталуы мен аяқталуы туралы хабардар болу үшін мектептерге дәстүрлі қоңырау үнін таңдау немесе Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ұсынымдарына сәйкес, музыкалық әуендерді пайдалану ұсынылады: сабақтың басталуына – «төкпе күй», сабақтың аяқталуына – «шертпе күй».

4) мектептер мен кабинеттерді безендіру кезінде сәйкес келмейтін атрибуттарды шамадан тыс қолданбау ұсынылады.

Мектеп пен ата-аналардың өзара қарым-қатынасында балалардың мүддесі үшін өзара ынтымақтастық орнатуы тиіс. Осы мақсатта *«Ата-аналардың қонақ бөлмесі», «Директорлық сенбі», «Педагогикалық консилимум»* жобаларын жүзеге асыру ұсынылады.

Білім беру ұйымының басшысы кіреберісте сабақ басталар алдында тәрбиеленушілер мен білім алушыларды қарсы алады.

Прагматизмді, үнемділікті және әртүрлі ресурстарды ұтымды пайдалануды ескере отырып, мектептерде бұқаралық мәдени іс-шараларды ұйымдастыру ұсынылады. Бұл тұрғыда «Алғашқы қоңырау», «Соңғы қоңырау», «Бітірушілер кеші», «Жаңа жыл», «Наурыз», «Тұңғыш Президент күні» сияқты мектептік бұқаралық мәдени іс-шараларды білім алушылар мен педагогтердің белсенді (қаржылық емес) қатысуымен қарапайым, бірақ салтанатты түрде ұйымдастыру ұсынылады.

Мектеп әкімшілігі, Қамқоршылық кеңес кабинеттерге мектептің дамуына үлес қосқан қоғам қайраткерінің, меценаттың есімін беру туралы шешім қабылдай алады. Мысалы, меценат мектеп кабинетін жабдықтап, компьютер, жиһаз сатып алып, жөндеу жұмыстарына қаржы бөліп, мектепті оқу-әдістемелік ресурстармен қамтамасыз етті дейік. Мұндай жағдайларда педагогикалық кеңестің шешімімен меценаттың есімі жазылған тақта кабинетке орнатылуы мүмкін.

Зияткерлік конкурстар мен олимпиадалар, білім алушылардың шығармашылық конкурстары мен спорттық жарыстары, педагогтердің кәсіби конкурстары ҚР БҒМ 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығымен бекітілген тізбеге сәйкес (2021 жылғы 25 мамырдағы № 232 өзгерістермен) және жергілікті атқарушы органдардың қаулылары мен білім беру басқармаларының бұйрықтары негізінде тегін өткізіледі. Білім беру ұйымдарының, педагогтердің, білім алушылардың оқу, кәсіби жетістіктерін бағалау кезінде осы ресми конкурстардың, жарыстардың нәтижелерін ескеру ұсынылады.

Карантиндік және шектеу іс-шаралары жағдайында балалардың қатысуымен өткізілетін мәдени-бұқаралық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар тоқтатылады.

Назар аударыңыз!

Орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастыру және өткізу бойынша барлық әдістемелік материалдар мына сайттарда орналастырылған: *https://www.nao.kz* («Білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету. Әдістемелік құралдар»), *https://iite.unesco.org/ru/* («Жарияланымдар» бөлімі).

3. ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

3.1 Мектепалды даярлық сыныптары

5 жастағы балаларды мектепалды даярлау міндетті және отбасында, мектепке дейінгі ұйымдардың мектепалды даярлық топтарында, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің және гимназиялардың мектепалды сыныптарында жүзеге асырылады («Білім туралы» ҚР Заңы (бұдан әрі – Заң) 30-бап).

1-сыныпқа оқуға балалар алты жастан қабылданады (Заңның 31-бабы).

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттері:

- мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіру (жауапкершілік, зейінділік, дербестік, ынталылық);
- ұжымдық қызметтегі бірлескен әрекет дағдыларына тәрбиелеу (құрдастарына көмек көрсету, жұмыс нәтижелерін бағалау және т. б.);
- балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезінде сабақтастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз ету;
- баланың мектепке эмоционалды оң көзқарасын, оқуға деген ынтасын дамыту.

Нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

✓ «Білім туралы» ҚР Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_

✓ «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293

✓ «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_

✓ «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» ҚР Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306_

✓ «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343_

✓ Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137

✓ «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015893

✓ «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669

✓ «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары» https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275

✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары» https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235

✓ «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары»https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018172

✓ «Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының нысандары» https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227

✓ «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары» https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000077_

✓ «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары» https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750_

✓ «Жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары» https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272

✓ «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары» https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584

✓ «Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар» https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239

✓ «Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидалары» https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020618

Мектепалды даярлық сыныптарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері



Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру аясында мектепке дейінгі білім беру жүйесінің негізі басым бағыттары айқындалған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің 2021-2022 оқу жылындағы негізгі міндеттері мынадай бағыттарды қамтиды:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құруды;

- балаларды қызықты ойын түрінде (шаршауды болдырмау үшін) тәрбиелеу, оқыту және дамытуды;

- баланы білім беру процесіне толыққанды қатысушы (субъект) деп тану;

- ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларға қоғамның оң көзқарасын қалыптастыруды;

- мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіруді (қауіпті немесе қауіпсіз әрекеттерді бағалай білу; эмоцияларын басқару; баланың жалпы когнитивтік дамуы).

Әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтеміз.

Педагогтердің назарын тәрбиелеу-білім беру қызметін ұйымдастырудың негізгі қағидаларына аударамыз:

1) ойын арқылы оқыту;

2) білім беру салаларын кіріктіру арқылы дамыту.

Мектепке дейінгі жас баланың жеке тұлғасын қалыптастыру үшін өте маңызды. Бұл жаста балалардың сөйлеу, сенсорлық дағдылары қалыптасады, сондай-ақ ақыл-ой, дене, эстетикалық, патриоттық тәрбие беру көзделеді.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру барысында Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру мақсатына сәйкес келесі күтілетін нәтижелерге жету ұсынылады:

1) білім беру ұйымдары деңгейінде:

– мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылы арқылы бақытты, дені сау, дербес, білуге құмар, тіл табысқыш, сын тұрғысынан ойлайтын балалардың толыққанды дамуы үшін жағдай жасауға;

– оқытудың әртүрлі әдістемелері мен технологияларын, білім беру процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін, тәсілдерін пайдалануға;

– баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған трансформацияланатын ойын және тақырыптық аймақтар, инклюзивті дамытушы орта құруға;

– ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде баланың жеке қасиеттерін қалыптастыруға;

– отбасымен ынтымақтастық нысандарын кеңейтуге;

2) балаларға:

– физикалық аман-саулықты;

– әлеуметтік-эмоционалдық құзыреттілікті;

– когнитивтік және қарым-қатынас дағдыларын дамытуды;

– таным мен зерттеуге деген жоғары ішкі мотивацияны дамытуды;

– бастамашылықты, дербестікті және жауапкершілікті дамытуды;

– өзіне және айналасындағыларға қамқорлық көрсетуді;

– өз бетінше саналы таңдау жасай білуді;

– командада жұмыс істей білуді;

– сын тұрғысынан ойлауды дамытуды;

– креативтілікті қолдауды;

– психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз етуге;

3) **ата-аналарға:**

– білім беру процесінің қатысушылары болуға;

– баланың психикалық және физикалық денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуге;

– баланың жеке мүмкіндіктерін дамытуға;

– көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану деңгейін арттыруға;

– үйде баланың толық дамуы үшін жағдай жасауда консультациялық көмек алуға мүмкіндік береді.

Өтпелі тақырыптар үлгісі, перспективалық жоспар үлгісі, циклограмма, жас ерекшелігі бойынша күн тәртібінің үлгісі жыл бойы www.rc-dd.kz сайтында қолжетімді болады.

Мектепалды даярлық сыныптары білім беру қызметін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырады.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес жалпы білім беретін мектептердің мектепалды даярлық сыныптарында оқу процесі

1 қыркүйектен бастап 25 мамырға дейін жүзеге асырылады (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру кезеңі).

Оқу жылы ішінде 1-сыныптың каникул кезеңіне сәйкес каникул белгіленеді.

Тәрбиелеу-білім беру процесі өтпелі тақырыптар негізінде перспективалық жоспарға, циклограммаға, тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингіне (бастапқы, аралық, қорытынды), стандарт, үлгілік оқу жоспары, бағдарлама және басқа нормативтік актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

Ұйымдастырылған оқу қызметін өткізуге қойылатын негізгі талап - санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтай отырып, рұқсат етілген көлем мен ұзақтықты қамтамасыз ету.

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі – ұзақтығы – 25-30 минуттан 20 сағатты құрайды.

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес мектепалды даярлық үшін вариативтік компонент қарастырылған. Вариативтік компонентті анықтауда өңірлік ерекшеліктер, балалардың қызығушылықтары, ата-аналардың тілектері мен білім беру ұйымы қызметінің бағыты және т. б. ескеріледі.

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектепалды даярлық сыныптарында вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің көлемі -2 сағатты, оқыту қазақ тілінде жүргізілетін балалар үшін -3 сағатты құрайды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогі ***Модельді 44, 52 т.***

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделіне сәйкес педагогтің міндеті – сабақ барысында балалардың қызығушылықтарын ескеру, әр баламен сөйлесу. Сабақ түрлерін педагог таңдауы тиіс. Бала өзінің әлем туралы жеке түсінігін қалыптастыру құқығы мен мүмкіндігі бар оқуға белсенді қатысушы ретінде қабылдануы қажет.

Баланың мектепке дайындығы тек бастапқы біліммен ғана емес, сонымен қатар ынтасымен, талабымен, құрдастарымен достық қарым-қатынас жасау

дағдыларын танытуымен, дене дамуымен, эмоционалдық көңіл-күйімен анықталады.

Баланы мектепке дайындау кезінде дене, психологиялық, әлеуметтік және эмоционалды дамудың үйлесімді тепе-теңдігін сақтау қажет. Баланың қауіпсіздігі мен денсаулығына баса назар аударылуы тиіс. Ол үшін қимыл белсенділігіне жағдай жасау қажет.

Сондай-ақ, дамытушы орта ұйымдастыруға назар аудару керек:

- балалар материалдарға күніне кемінде 1 сағат еркін қол жеткізе алуы керек (яғни балалар әрекеттер мен материалдарды / ойыншықтарды өздері таңдай алады);

- балалардың өздері әрекетті таңдайды (дербестігі мен бастамасын қолдау үшін) және өз ойларын жүзеге асырады;

- балалардың еркін ойнауға мүмкіндігі бар (балалар тек педагогтің нұсқауларын ғана орындамай, бастаманы өздері де ұсына алады).

Педагогтер балаларға жылы қарым-қатынас, достық қарым-қатынас, балалармен сөйлесу арқылы эмоционалды қолдау көрсетеді, балалардың дербестік танытуын қолдайды және барлық балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескереді. Педагогтер балаларға кез-келген тыйымдар мен ережелердің себептерін түсіндіреді, тек тыйым салып қана қоймай, оны түсіндіреді.

Педагогтер сабақтарды әдеттегі форматта ғана емес, ойындар, белсенділік, шығармашылық арқылы да өткізудің әртүрлі нұсқаларын ойлап таба алады.

Мектепалды даярлық сыныбы түлегінің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар мектепке дейінгі білім берудің мақсаттарымен, міндеттерімен және мазмұнымен негізделген және «Стандарттың қосымшасында туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданға дейін балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесінде» берілген тәрбиеленушінің жетістіктерінің күтілетін нәтижелерін қамтиды https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669

«Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының 8-бабының нормасына сәйкес мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың мектепалды сыныптарында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтердің айлық жалақысын есептеу үшін аптасына нормативтік оқу жүктемесі 24 сағатты құрайды.

Осы жүктемеге сәйкес педагог келесі функцияларды орындайды:

✓ Үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу іс-әрекетін өткізеді;

✓ перспективалық жоспар мен циклограмма құрастырады;

✓ режимдік сәттерді ұйымдастырады және өткізеді (таңертеңгі қабылдау, таңертеңгі гимнастика, балалар әрекетінің түрлері (ойын, шығармашылық, танымдық, эксперименттік, дербес және т.б.), жеке жұмыс, сауықтыру шаралары және т. б.);

✓ диагностика (бастапқы, аралық және қорытынды) арқылы балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын қадағалайды;

✓ ата-аналармен жұмыс жүргізеді;

✓ білім беру ұйымдарында өткізілетін іс-шараларға (жиналыстар, педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, конкурстар және т. б.) қатысады;

✓ ертеңгіліктерді, мерекелер мен ойын-сауықтарды, спорттық іс-шараларды және т. б. ұйымдастырады және өткізеді.

Жалпы білім беретін мектептер жанынан жазғы кезеңде мектеп жасына жеткен, бірақ мектепке дейінгі ұйымдарға, оның ішінде мектепалды даярлық сыныптарына бармаған балалар үшін қысқа мерзімді (2 аптадан 1 айға дейін) мектепалды даярлық курстары өткізіледі.

3.2 Бастауыш білім беру деңгейі

Бастауыш білім берудің мақсаты мынадай кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін:

1) білімді функционалды және шығармашылықпен қолдана білу;

2) сыни ойлау;

3) зерттеу жұмыстарын жүргізе білу;

4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білу;

5) коммуникацияның түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеру;

6) топпен және жеке жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

Бастауыш сыныптардағы сабақ форматы балаларды оқыту үдерісіне белсенді қатыстыруды, олардың өткен материалды талқылауға, талдау мен қорытуға қатысуын, зерттеу жүргізуді, бағалауға пікірлерін айтуды, өзін-өзі бағалау мен өзара бағалауды және т.б. қарастырады.

Сабақтың міндетті элементі мұғалімнің оқушыны қолдауға бағытталған әрекеттерін түзетуге мүмкіндік беретін және білім беру үдерісін жетілдіруге мүмкіндік беретін кері байланыс болуы тиіс. Қалыптастырушы бағалау кезінде мұғалім білім алушылардың санын және кері байланысты ұсыну жиілігін дербес анықтайды.

2021-2022 оқу жылында 1-сынып оқушыларының оқу жетістіктері бағаланбайды, 2-4-сыныптарда білім алушылардың оқу жетістіктері 1-ден 10 балға дейін (қалыптастырушы бағалау) бағаланады. Білім алушыларды қалыптастырушы бағалау нәтижелері электрондық/қағаз журналға қойылады. Мұғалімге балаларды күн сайын бағалау қажет емес. Мұғалім кері байланыс беру жиілігін және қалыптастырушы бағалауды балмен қоюды өздігінен анықтайды.

Бастауыш білім беру деңгейінде *сыныпты екі топқа бөлу* қалалық жалпы білім беретін ұйымдарда сыныптарда білім алушылар саны 24 және одан артық, ауылдық жерлерде білім алушылар саны 20 және одан артық болғанда:

1) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда қазақ тілі бойынша;

2) оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда орыс тілі бойынша;

3) шетел тілі бойынша;

4) цифрлық сауаттылық бойынша;

5) өзін-өзі тану бойынша жүзеге асыруға болады.

«ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ» БІЛІМ САЛАСЫ

«Тіл және әдебиет» білім саласының мазмұны «Әліппе/Ана тілі», «Букварь/Обучение грамоте», «Қазақ тілі (Т1)», «Русский язык (Я1)» «Әдебиеттік оқу», «Литературное чтение», қазақ тілінде оқытпайтын сыныптардағы «Қазақ тілі (Т2)», оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптардағы «Русский язык (Я2)», «Шетел тілі» оқу пәндері арқылы жүзеге асырылады.

Тілдік пәндерді оқытудың ерекшелігі коммуникативтік тәсілді жүзеге асыру. Коммуникативтік тәсіл білім алушылардың оқу сауаттылығын дамыту мақсатын көздейді, яғни мәтіндерді түсіну, оларға рефлексия жасау қабілетін дамытуға, олардың мазмұнын өз мақсаттарына қол жеткізу үшін пайдалануға, білімдерін және мүмкіндіктерін арттыруға, қоғам өміріне белсенді қатысуға бағытталған.

Бастауыш білім беру деңгейіндегі ерекшеліктердің бірі – 1-сыныпта «Әліппе» және «Ана тілі» жаңа пәндерінің енгізілуі.

«Әліппе» пәні

Әліппеге дейінгі және әліппе кезеңі «Әліппе» пәні арқылы жүзеге асады. Тілдік және әдебиеттік білімге дайындықтың алдын ала кезеңі, сондай-ақ одан кейінгі оқытудың негізі болып табылады.

Пәнді оқытудың ерекшелігі жалпыдидактикалық ұстанымдар және А.Байтұрсынұлының әдістемелік ұстанымдары негізінде айқындалды: дыбыспен жаттығу; әрбір дыбыстың сөз жасаудағы қызметін есепке алу; оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге өту; білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу.

Әліппедегі әріпті таныту реті А. Байтұрсынұлының еңбектерімен қатар лингвист және әдіскер ғалымдардың зерттеулері негізінде, олардың мәтінде кездесу жиілігіне, өзара тіркесі мен сөзжасау қызметіне қарай құрылды.

«Әліппе» пәні бойынша оқу жүктемесі аптасына 6 сағаттан, барлығы I жартыжылдықта 96 сағатты құрайды.

Әліппеге дейінгі кезең – 12 сағат, әліппе кезеңі – 84 сағатты құрайды.

«Әліппе» пәнінің мазмұны (I жартыжылдықта «Әліппе» оқулығы):

1-тоқсан: тілдік ұғымдар туралы қарапайым түсінік (сөйлеу дағдылары) (әліппеге дейінгі кезең) – 12 сағат;

а, р, л, у, н, бекіту (2 сағ) – 12 сағат;

с, о, т, қ, ы, з, м, е, д, ш, ұ, бекіту (2 сағ) – 24 сағат;

2) 2-тоқсан: б, й, к, і, ң, ғ, ж, ә, п, ү, бекіту (3 сағ) – 24 сағат;

ө, г, и, я, ю, х, h, щ, в, э, ё, ц, ф, ч, ь-ъ, әліпби – 2 сағ, бекіту (4 сағ) – 24 сағат.

ң – 3 сағат, я, ю, х, h, щ, в, э, ё, ц, ф, ч, ь-ъ 1 сағаттан; қалған дыбыс пен әріпке 2 сағаттан беріледі. Әріптер оқу бағдарламасында берілген ретпен оқытылады.

Тыңдау материалының көлемі 10 сөйлемнен, өлең шумақтары 3-тен аспауы керек.

I жартыжылдық бойынша жазба жұмыстарының көлемі: әліппеге дейінгі кезеңде графикалық диктант – 1-3 таңба, әліппе кезеңінде әріптік диктант – 3-5 әріп, буын диктанты – 3-6 буын, сөздік диктант – 2-5 сөз, диктант – 3-12 сөз. Жазба жұмыстарының санын мұғалім білім алушылардың меңгеру деңгейі мен қажеттілігіне орай белгілейді. Жазба жұмыстарын күнделікті жүйелі ұйымдастыру ұсынылады.

Тыңдалым мен айтылымның ерекшілігі: тыңдалым материалының көлемі: 30 сек – 1 мин.

Оқылымның ерекшелігі: оқуға берілген мәтіннің көлемі әліппе кезеңінің басында 4-6 сөйлемнен, соңында 10 сөйлемнен аспауы керек. Әр сөйлемдегі сөз саны 2-6-дан аспауы керек.

Жазылым ерекшелігі: дұрыс отырғызу, жарықтың дұрыс түсуі, дәптердің көлбеу орналасуы және жазу кезінде қарындаш/қаламды ұстай білу); парақтағы кеңістікті бағдарлай білуді қалыптастыру (жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жазу жолының жоғарғы және төменгі сызықтары мен тік көлбеу сызықтардан шықпау); сурет салу, штрихтау, бастыра жазу, әріп элементтерін жазу; көркем жазу нормаларын сақтай отырып, әріп элементтерін, бас және кіші әріптерді, буын, сөз, сөйлемді және оларды байланыстыра жазу; қатесіз, көркем жазу дағдыларын қалыптастыру.

«Ана тілі» пәні

Әліппеден кейінгі кезең «Ана тілі» пәні арқылы жүзеге асады.

Пәннің құрылымы мен мазмұны А.Байтұрсынұлының мынадай ұстанымдарына негізделген: оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге өту; білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу.

«Ана тілі» пәні бойынша оқу жүктемесі аптасына 6 сағаттан, барлығы II жартыжылдықта 102 сағатты құрайды.

Оқу пәнінің мазмұны:

1) негізгі тілдік бірліктерден (мәтін, сөйлем, сөз, буын, дыбыс);

2) қазақ тілі бойынша қарапайым грамматикалық дағдылардан;

3) орфоэпиялық, орфографиялық, пунктуациялық нормалардың қарапайым түсініктерінен;

4) балалар әдебиетінен (ауыз әдебиеті мен көркем әдебиет) құралады.

Оқылым ерекшелігі: көркем шығарма көлемі – 45-65 сөз, ғылыми-танымдық мәтін көлемі – 20-30 сөз.

II жартыжылдықтың соңында оқу жылдамдығының нормасы: минутына 25-30 сөз; шылау, одағай, еліктеу сөздер, қос сөздер жеке сөз ретінде саналады.

Жазылым ерекшелігі: 2-жартыжылдық бойынша жазба жұмыстарының көлемі: сөздік диктант – 4-5 сөз, диктант – 12-20 сөз, мазмұндама – 10-15 сөз, мәтінді көшіріп жазу – 10-20 сөз, шығармашылық мәтін – 3-4 сөйлем (10-15 сөз). Жазба жұмыстарының санын мұғалім білім алушылардың меңгеру деңгейі мен қажеттілігіне орай белгілейді. Жазба жұмыстарын күнделікті жүйелі ұйымдастыру ұсынылады.

«Қазақ тілі» оқу пәні (оқыту қазақ тілінде)

«Қазақ тілі» пәні – бастауыш мектепте гуманитарлық білім берудің бастапқы өзегі. Бастауыш мектепте «Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану.

Пәнді оқытудың басты ерекшелігінің бірі – білім алушылардың сауаттылығын арттыру және тілін дамыту мақсатында жазба жұмыстарын жүргізіп отыру.

Оқу жүктемесінің көлемі:

1) 2-сыныпта – аптасына 4 сағатты, оқу жылында – 136 сағатты;

2) 3-сыныпта – аптасына 4 сағатты, оқу жылында – 136 сағатты;

3) 4-сыныпта – аптасына 4 сағатты, оқу жылында – 136 сағатты құрайды.

«Қазақ тілі» пәнін оқытуда мынадай педагогикалық тәсілдемелер мен технологияларды қолдануға болады:

1) оқытудың коммуникативтік (қарым-қатынастық) тәсілдемесі – әрекеттік тәсілдеме (сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша дамыту);

2) дамыта оқыту технологиясы (білім алушылар оқу әрекетінің жүйесін игереді, өзінің іс-әрекетін жоспарлауды және оны басқаруды үйренеді);

3) зерттеушілік тәсілдеме (білім алушылар «нені білемін?, нені білгім келеді?, нені үйрендім?» тұрғысынан өз әрекетін талдауға үйренеді);

4) саралап оқыту технологиясы (білім алушыларды қабілетіне, мүмкіндігіне, ерекшелігіне қарай оқыту міндетін қою);

5) жүйелі-әрекеттік тәсілдеме (білім алушы білімді дайын күйінде алмай, оны өзі өндіруден, өз оқу әрекетінің мазмұны мен түрлерін ұғынудан, оның ережелер жүйесін түсіну мен қабылдаудан, жетілдіруге белсенді қатысудан тұрады).

Пәннің мазмұны мәтін түрлері, көркем шығармалар мен аутентті материалдар арқылы білім алушылардың сөздік қорын жаңа сөздермен толықтыруды, оқығаны бойынша пікір білдіруді және оны дәлелдеуді, белгілі бір тақырыпқа байланысты өз ойын толық, жүйелі, түсінікті етіп ауызша және жазбаша жеткізе білуге дағдыландыруды, мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, мүмкін болатын жауаптарды болжап, өзін-өзі бағалауды, мәтін бөлімдері арасында мағыналық байланыс орнатуды, жоспар құруды, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруды қамтиды.

Тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, орфографиялық құбылыстары мен фактілері өзара байланыста оқытылады және олар білім алушылардың сөйлеу практикасында қолдануға бағытталады.

Оқу мақсаты бір тоқсан ішінде сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша үйлестіріледі. Сөйлеу әрекетінің түрлері (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) бойынша оқу мақсаттарын біріктіре алады. Бір сабақта әртүрлі негізгі дағдылардың 2-3 оқу мақсатын біріктіруге болады. Білім

алушылардың оқу мақсатын меңгеру деңгейіне қарай мұғалім сағат санын өзі бөле алады.

Пән бойынша 2-4-сыныптардағы жазба жұмыстарының көлемі келесі кестеде көрсетілген (2-кесте).

2-кесте. «Қазақ тілі» пәні бойынша жазба жұмыстарының түрлері және көлемі

Жазба жұмыстарының түрлері	2-сынып	3-сынып	4-сынып
Сөздік диктант	5-7 сөз	9-12 сөз	12-15 сөз
Диктант	25-30 сөз	35-50 сөз	55-70 сөз
Көшіру	25-30 сөз	35-50 сөз	55-70 сөз
Мазмұндама	40-60 сөз	60-80 сөз	80-100 сөз
Шығарма	25-35 сөз	35-55 сөз	65-70 сөз

Оқыту сипатындағы шығармашылық жұмыстарды жүргізу мерзімділігі мен түрлерін мұғалім өзі анықтайды.

Мұғалім жазбаша жұмыстарды өткізуде дескрипторлары бар критерийлер құрастырады. Жазбаша жұмыстардың дескрипторлары анық және нақты болуы тиіс. Олар тапсырманы орындаудың қай кезеңінде білім алушы қиындыққа және оларды түзетуге тап болды дегенді анықтауға мүмкіндік береді. Бұл білім алушылар мен ата-аналарға конструктивті кері байланыс беруге мүмкіндік береді. Төменде критерийлермен жұмыс жасаудың үлгілері ұсыным сипатында берілген (3-кесте).

3-кесте. Жазба жұмыстарының критерийлері мен дескрипторлары

№	Жұмыс түрлері	Критерийлер/дескрипторлар
1.	*Диктант (грамматикалық тапсырмаларымен)*	- мәтінді бұрмалаусыз жазады: әріптерді қосу және ауыстыру, тастап кету; - әріптер мен дыбыстар арақатынасын белгілей біледі; - грамматикалық тапсырмаларды орындайды; - оқылған материал бойынша тыныс белгілерін қояды; - жазу кезінде сөздерді дұрыс жазады; - сөздерді жазу барысында орфографиялық нормаларды сақтай біледі.
2.	*Сөздік диктант*	- сөздерді қатесіз жазады; - ережеге бағынбайтын сөздерді дұрыс жаза алады.
3.	*Ескерту диктанты* – есту диктантының түрі. Мақсаты – мәтін, сөз жазғанға дейін орфограммаларды түсіндіру арқылы қателерді ескерту. Тақырыпты өтудің бастапқы кезеңдерінде қолданылады. Жазу алдында	- тексерілетін емлеге сай ережені біледі; - сөздерді жазу кезінде емле ережелерін қолданады; - өтілген материал аясында тыныс белгілерін дұрыс қоя алады; - ережеге бағынбайтын сөздерді дұрыс жаза алады.

	орфографиялық талдау жүргізіледі – білім алушылар сөздің қалай жазылғанын және неге солай жазылғанын түсіндіреді.	
4.	*Еркін диктант* мәтінді жазу барысында білім алушылар жекелеген сөздерді ауыстыра алады, сөйлемнің құрылымын өзгерте алады. Мәтін әуелі тұтас оқылады, сонан соң бөліктері бойынша (3-4 сөйлем); әрбір бөлігі қайталап оқығаннан кейін жазылады. Білім алушылар мәтіннің әр бөлігін есте сақтау арқылы жазады. Бұл жұмыс түрі білім алушыларды мазмұндама жазуға дағдыландырады.	- сөздерді мағынасы жағынан таңдай біледі/алмастыра алады; - мәтіннің бөлігі бойынша есте сақтай отырып, жаза біледі; - сөздерді жазу кезінде орфографиялық ережелерді қолданады; - оқылған материал бойынша тыныс белгілерін қоя біледі.
5.	*Көру диктанты* Бұл диктант түрі білім алушылардың көру, есту, есте сақтау, затты тану сияқты қабілеттерін дамыту мақсатында жүргізіледі. Көру диктанты үшін әріп, буын, жеке сөздер, сондай-ақ жазылуы қиын сөздер мен сөз тіркестері және шағын мәтіндер, жұмбақтар, мақалдар, жаттауға берілген өлеңдерді алуға болады.	- есте сақтау арқылы мәтін жаза біледі; - емлені жазу кезінде ережелерді қолдана біледі; - оқылған материал бойынша тыныс белгілерін қояды; - жазылған мәтін үлгісі бойынша тексереді.
6.	*Суретті диктант* (дыбыссыз диктант) – мұғалімі үнсіз пәндік суретті көрсетеді, білім алушылар заттың атауын жазады.	- суреттегі бейнені сөздермен сәйкестендіре біледі; - бейнеленген суретті сөздермен жаза біледі; - емлені жазу барысында ережелерді қолдана біледі.
7.	*Іріктеу диктанты* – есту немесе көру диктантының түрі. Бүкіл мәтінді жазу емес, тек қана оқылған ережелер орфограммасы бар сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді жазғызу. Қосымша тапсырма қоса жүруі мүмкін.	- оқылған орфограммалары бар сөздерді таңдай біледі; - сөзді жазу кезінде орфографиялық ережені қолдана біледі.
8.	*Шығармашылық диктант* — үйрету диктанттарының ішінде мазмұн, құрылым, әдіс-тәсіл жағынан ең күрделісі, білім алушылардың ойлау қабілетін, сөздік қорын, білім деңгейі мен өздігінен жұмыс істеудегі шеберліктерін арттыру көрсеткіші. Бұл диктанттың көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қою, сөздерді дұрыс орналастыру арқылы сөйлем құрау, басы жазылған мәтінді аяқтау сияқты басқа	- белгілі бір сөзді немесе грамматикалық нысанды таңдай біледі; - сөздерді жазу кезінде орфографиялық ережені қолдана алады.

	диктанттарға ұқсамайтын өзгешеліктері болады.	
9.	*Дұрыс құралмаған сөйлемдерден байланысқан мәтін құрау*	- дұрыс құралмаған сөйлемдерден мәтін құрай алады; - мәтін құрылымын сақтайды; - құралған мәтінді қатесіз көшіре алады.
10.	*Қысқартулармен көшіру*	- сөйлемнің жеңілдетілген түрін жаза алады; - сөзді жазу кезінде емле ережелерін қолданады.
11.	*Сөздерді қосу арқылы сөйлемдерді көшіру*	- сөздерді қосу арқылы сөйлемдерді жаза алады; - сөйлемдерді жазу кезінде емле ережелерін қолданады.
12.	*Мазмұндама*	- мазмұндау кезінде ойды өзгертпей сақтай біледі; - орфографиялық нормаларды сақтайды.
13.	*Шығарма*	- жоспар құра алады; - ой бірізділігін сақтай біледі; - орфографиялық нормаларды сақтай біледі.

«Қазақ тілі» пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау саны көрсетілген (4-кесте).

4-кесте. «Қазақ тілі» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сыныптар	Бөлімдер/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
2-сынып	2*	2*	2*	2*
3-сынып	2*	2*	2*	2*
4-сынып	2*	2*	2*	2*

*Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауда сөйлеу қызметінің екі түрі біріктіріледі (мысалы, тыңдалым және айтылым; оқылым және жазылым).

«Әдебиеттік оқу» оқу пәні

«Әдебиеттік оқу» пәнінің мақсаты – бастауыш сынып білім алушыларының көркем шығарманы сезіммен қабылдауы, түсінуі, санасында қайта жаңғырта алуы және шығармадан қабылдағанын өзінің шығармашылық әрекетінде жүзеге асыруға ұмтылуы арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптастыру.

Оқу бағдарламасында әдеби-шығармашылық қабілеттерін дамыту қарастырылған. Нақты шығармаларды оқып білу және қажетті шығармашылық тапсырмаларды орындау үшін мұғалім білім алушылардың даярлық деңгейіне байланысты сабақтар санын анықтайды.

Оқу жүктемесінің көлемі:

1) 2-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында – 102 сағатты;

2) 3-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында – 102 сағатты;

3) 4-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында – 102 сағатты құрайды.

Оқу дағдысы негізгі оқу дағдысы болып табылады, сондықтан оны қалыптастырғанда кезең-кезеңмен жұмыс істеу маңызды: дұрыс оқу (дыбыстар

мен әріптерді сәйкестендіру, буындар құрауы); түсініп оқу (оқылған сөздің мағынасын түсіну және олардың мағынасын түсіндіру); шапшаң (тұтас сөздерді дұрыс және түсініп оқу); мәнерлеп (дұрыс, түсініп және шапшаң оқуға және ақпараттың мазмұнына өзінің көзқарасын білдіру).

Білім алушылардың оқу дағдыларының қалыптасуын ескере отырып, мұғалім төмендегі міндеттерді қояды:

- *екінші сыныпта* сөз бен сөз тіркестерін тұтас оқу біліктерінің қалыптасуын; оқу қарқыны бойынша оқылған мәтіннің мазмұнын түсінуін, оқу кезінде кідіріс жасай білуін, тиісті тыныс белгілерін қоюын, интонациясын, кейіпкерлерінің ерекшеліктеріне тән қассиеттерін білуін тексереді;

- *үшінші сыныпта* негізгі құралдардың мәнерлілігін пайдалануда өлеңдер және шығармалар мәтінін оқу мәнерлілігін тексеру, дауыстап және іштей оқуда оқылған мәтіннің мәнін түсінуін, сонымен қатар, оқу техникасын тексерудің негізгі міндеттерін тұтас сөздермен оқи білуінің қалыптасуын тексереді;

- *төртінші сыныпта* оқу дағдысы: шығарманы іштей көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, сұрақтар қоя отырып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып оқу, талдау жасап оқу, сын тұрғысынан бағалап оқу (5-кесте).

5-кесте. Оқу дағдыларының нормалары

Сыныптар	I жартыжылдық	II жартыжылдық
2-сынып	40-45 сөз	50-55 сөз
3-сынып	60-65 сөз	65-70 сөз
4-сынып	75-80 сөз	80-90 сөз

Ескерту: шылау, одағай, еліктеу сөздер, қос сөздер жеке сөз ретінде саналады. Білім алушылардың оқу техникасы оқу дағдысын қалыптастыру бойынша одан әрі оқыту алгоритмін құру үшін критерий болып табылатынын ескеру маңызды.

Оқу қарқыны (жылдамдығы) оқу тәсіліне, түсінуіне және мәнерлілігіне тікелей байланысты екенін және сол арқылы оқу дағдысының толыққанды қалыптасатынын есте ұстау қажет.

Білім алушылардың дайындық деңгейіне байланысты қажет болған жағдайда, мұғалімнің таңдауы бойынша басқа да әдеби шығармаларды оқуды тізбеге қосуға болады. Ол шығармалар білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы керек.

«Әдебиеттік оқу» пәні бойынша мұғалім түрлі қосымша жұмыстарды жүргізуі мүмкін және тапсырмалардың критерийлері мен дескрипторлары да алдын ала дайындалады. Мұғалім шығармашылық жұмыстарды өткізу кезеңі мен түрлерін өзі анықтайды. Төменде ұсыным сипатында критерийлермен жұмыс жасаудың шамамен түрлері берілген (6-кесте).

6-кесте. Пән бойынша жұмыс түрлерінің үлгісі

№	Оқудың түрлері	Критерийлер/дескрипторлар
1.	*Алгоритм бойынша әңгіме құрау*	- алгоритм бойынша әңгіме құрай алады; - әңгімедегі оқиғалардың дәйектілігін анықтайды; - әңгімені аяқтай алады; - құралған әңгімені жазады
2.	*Кейіпкердің атынан хат*	- сөйлемдерді нақты әрі анық құрайды; - дәйектілікті сақтайды; - кейіпкердің іс-әрекетін бағалай алады, қорытынды жасай алады
3.	*Кейіпкерге хат* Мұғалім шығарманы өз қалауы бойынша таңдайды. Ал білім алушылар хат жазатын кейіпкерін өз бетінше таңдайды.	- өз хатына ат қоя алады; - тірек сөздерді пайдалана отырып, ұсынылған тақырып бойынша хат жазады; - өз ойын қисынды және жүйелі түрде жеткізеді; - сөйлемнің ойын дәл жеткізеді; - кейіпкердің іс-әрекетін сипаттайды; - кейіпкердің іс-әрекетін бағалай алады, қорытынды жасай алады
4.	*Санамақ құрастыру* Санамақ – баланың есептеу, ойлау қабілетін дамытуға арналған тілдік құралы.	- санамақтарды мақал-мәтелдерден, жұмбақтардан, т.б. ажырата алады; - санамақ құрастырудың принципін түсінеді; - өзінің құрастырған санамағына таныстырылым жасайды
5.	*Диалог*	- диалог түрінде сөйлесе алады; - диалогтің басында, ортасында және соңында айтылатын сөйлемдерді дұрыс қолданады; - ойын түсінікті және дұрыс жеткізе алады; - сөздік қорын көрсете алады
6.	Кітап жасау Шығармашылық жобаның бұл түрін (жеке немесе топтық) әртүрлі техникада орындауға болады. Бұл өзі суреттерін салып, қолымен жазылған кітап болуы мүмкін. Кітапты аппликациямен әрлеуге болады. Кітап әртүрлі мазмұнда бола алады: «Бұл қандай аң?»; «Ақ» сөзімен тұрақты сөз тіркестері, иллюстрацияланған (суретті) сөздік.	- шығармашылық жобаның тақырыбын анықтайды; - кітаптың мазмұнын ойластырады (ресурстарды таңдайды); - суреттермен әрлейді; - суреттер мазмұнына сәйкес келеді
7.	*Берілген рифма бойынша өлең (буриме) шығару және басқа да өлең түріндегі шығармаларды ойлап табу; сондай-ақ бірінші жолдың екінші жолын ойлап табу және т.б.*	- екі немесе бірнеше сөздің қосымшаларынан, соңғы буындарынан ұйқасым таба алады; - берілген рифмаға сәйкес сөздерді таңдай алады; - берілген тақырыпқа сәйкес өлеңді жалғастыра алады
8.	*Ертегілер елінде*	- әртүрлі ертегілердің кейіпкерлерін бір

	Әртүрлі ертегілерден сюжеттерді және кейіпкерлерді таңдайды, оларды біріктіріп, ертегі ойластырады. Білім алушылар кейіпкерлерін алмастыра отырып, өздерінің сүйікті ертегілерін таңдай алады.	сюжетке біріктіре алады; - ойластырған ертегісі түсінікті; - оқиғалардың дәйектілігін сақтайды
9.	*Аяқталмаған әңгіме*	- ұсынылған бастамасы бойынша әңгімені жалғастырады; - әңгімедегі оқиғалардың дәйектілігін анықтайды; - әңгімені аяқтай алады
10.	*Оқылған шығармаға диафильм салу*	- мәтінді мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап береді; - мәтінді аяқталған мазмұндық бөліктерге бөле алады; - әр бөліктің негізгі ойын анықтай алады; - әр бөлікке ат қояды; - дәйекті жоспар құрады; - диафильм салады

«Әдебиеттік оқу» пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау саны көрсетілген (7-кесте).

7-кесте. «Әдебиеттік оқу» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сыныптар	Бөлімдер/ортақ тақырыптар бойыншажиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
2-сынып	2*	2*	2*	2*
3-сынып	2*	2*	2*	2*
4-сынып	2*	2*	2*	2*

*Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауда сөйлеу қызметінің екі түрі біріктіріледі (мысалы, тыңдалым және айтылым; оқылым және жазылым).

Учебный предмет «Русский язык» (Я2)

Цель обучения предмету «Русский язык» (Я2) – формирование навыков аудирования (слушания), говорения, чтения и письма в соответствии с правилами речевого этикета и нормами употребления языковых единиц в речевой деятельности, ориентированной на ситуацию общения.

Изучение предмета «Русский язык» способствует:

- развитию коммуникативных навыков в устной и письменной речи;
- развитию связной речи (монолог, диалог, беседа);
- развитию осознанного, правильного, беглого, выразительного чтения;
- развитию творческого воображения;
- формированию общечеловеческих ценностей.

По окончании 4-го класса обучающиеся должны владеть языком на уровне А2 (начинающий уровень) согласно системе уровней Общеевропейской рамки владения языками (CEFR).

Объем учебной нагрузки по предмету «Русский язык» (Я2) составляет:

1) в 1-м классе – 2 часа в неделю, 66 часов в учебном году;

2) во 2-м классе – 2 часа в неделю, 68 часов в учебном году;

3) в 3-м классе – 2 часа в неделю, 68 часов в учебном году;

4) в 4-м классе – 2 часа в неделю, 68 часов в учебном году.

Положительным в обучении второму языку является введение единого речетематического режима, позволяющего расширить словарный запас, отрабатывать коммуникативные навыки в рамках интегрированной речевой тематики.

Важным условием успешного овладения языком должен стать эмоциональный настрой, эмоциональный климат в школьном коллективе. При организации учебно-методической работы нужно учитывать разный уровень владения русским языком у обучающихся, формировать положительное мотивационное отношение к русскому языку через развитие познавательного интереса.

Формированию познавательного интереса способствуют:

- занимательные эмоциональные, творческие задания с новой информацией, требующие сочетания разных видов памяти;
- контроль речевой деятельности учащихся, знание ими своих результатов, своих успехов;
- новизна методов и приемов, преемственность, проблемность в обучении;
- использование технических средств обучения, ресурсов интернета;
- создание речевых ситуаций, вызывающих желание высказаться;
- привитие потребностей в коммуникации, лучшем усвоении языка.

Ниже приведены примеры заданий по видам речевой деятельности, которые рекомендуется проводить на уроках русского языка (табл. 8).

Таблица 8. Примеры заданий по видам речевой деятельности

Аудирование (слушание) и говорение	Чтение	Письмо
артикуляционные разминки; звуковой анализ слов; восприятие звучащей речи, выделение из речевого потока языковых единиц (предложение, слово, слог, звук); выявление из прослушанного текста информации в соответствии с поставленной целью; составление диалога, принятие точки зрения собеседника; постановка вопросов и формулирование ответов на основе прослушанного текста;	работа над лексическим значением слова; игры со словами (анаграммы, нахождение слова в слове); прогнозирование развития событий по началу текста или по заголовку; использование различных видов чтения (чтение по ролям, ознакомительное чтение, поисковое чтение, комментированное чтение, чтение для нахождения информации, чтение для высказывания точки зрения, чтение с	освоение зрительно-двигательных образов письменных букв и видов их соединений в слогах, сочетаниях, словах; звукобуквенный анализ слов и анализ предложений с последующей записью; предоставление информации в форме рисунков и диаграмм; списывание слов, предложений, текстов с печатного образца; восстановление деформированного предложения, текста; письмо

составление высказываний на знакомые и интересные для учеников темы; составление рассказов по личным впечатлениям, картинкам, по аналогии с прочитанным; словесное рисование/описание; пересказ знакомых историй, сказок; чтение стихотворений наизусть; донесение информации до собеседника и слушателей; участие в речевой ситуации, понимание того, о чем говорит собеседник, уточнять, выяснять, перефразировать его речь; аргументирование своей точки зрения на основе аудиовизуального материала; определение основных моментов в аудиовизуальном материале	остановками, чтение за диктором); игра «в прятки» (ведущий начинает читать текст с любого места, не с начала, ученикам необходимо найти место, которое читает ведущий, и следить за чтением); составление карты рассказа; формулирование оценочных вопросов по содержанию текста и о поступках героев произведения; умение находить и извлекать информацию из разных источников: словарей, справочников, энциклопедий, Интернет-ресурсов, инфографики	литературному герою; составление текста по опорным словам; письмо по памяти; запись нескольких предложений к серии картинок (подписывание картинок) как пересказ прочитанной истории; корректирование собственных текстов с помощью учителя; представление историй в виде комиксов (иллюстраций); умение на основе прослушанного/прочитанного/ увиденного писать краткий текст с помощью учителя

Ниже представлено количество процедур суммативного оценивания за раздел/сквозную тему (табл. 9).

Таблица 9. Количество процедур суммативного оценивания по предмету «Русский язык» (Я2)

Класс	Количество процедур суммативного оценивания за раздел/сквозную тему			
	1 четверть	2 четверть	3 четверть	4 четверть
2 класс	2*	2*	2*	2*
3 класс	2*	2*	2*	2*
4 класс	2*	2*	2*	2*

***** В суммативном оценивании за раздел/сквозную тему объединяются два вида речевой деятельности (например, слушание и говорение; чтение и письмо).

По предмету «Русский язык» (Я2) осуществляется деление класса на две группы.

В рамках инклюзивного образования деление класса на группы осуществляется при уменьшении наполняемости класса общего количества обучающихся на три в расчете на каждого ребенка с особыми образовательными потребностями.

Таблица 10. Лексический уровень владения русским языком (Я2)

Русский язык как неродной Я 2	Уровни владения русским языком	Объем уч. нагрузки за год	Кол-во слов за один урок	Лексический уровень владения Я2								
				за неделю	за уч. год	Количество активных (новых, ключевых) слов				Допустимые нормы		
						по четвертям				Лексика на входе	Лексика на выходе	
						1	2	3	4	низкий	средний	высокий
1 класс	А1-1	54 ч.	2	4	108	26	26	30	26		108	140
2 класс	А1-2	56 ч.	2	4	112	26	26	34	26	108	220	280
3 класс	А1-3	56 ч.	2	4	112	26	26	34	26	220	332	420
4 класс	А1-4	56 ч.	2	4	112	26	26	34	26	332	444	730
Примечания:		*+12 ч.(в каждом классе на СОР)*				* в учебниках даны как ключевые слова (они включены в каждый урок по теме программы)				* Наращивание создается в виде спирали из общего число активного (не считая пассивного) словарного запаса учащегося, который в норме составляет диапазон от низкого к высокому		

Таблица 11. Требования к уровням языковых компетенций. Русский язык (Я2)

Виды речевой деятельности	Требования к ним
1 класс	
Слушание	понимает значение знакомых слов, имеющих отношение к повседневной и классно-урочной жизни; понимает на слух предложения, проговариваемые медленно и четко, и правильно реагирует на нее, используя мимику и жесты; отвечает на вопросы и подбирает соответствующую картину к прослушанному сообщению с помощью учителя; понимает, о ком/о чем говорится в прослушанном тексте; показывает понимание увиденного или услышанного через комментирование, вопросы или действия
Говорение	использует в речи слова, словосочетания для знакомства, сообщения о себе и описания предметов; создает высказывание из 2-3 предложений по картинке; понимает собеседника и отвечает ему; реагирует на услышанное, соблюдая речевые нормы; пересказывает короткие тексты/простые сюжеты; описывает увиденный/услышанный сюжет при помощи учителя
2 класс	
Слушание	понимает устную речь и лексическое значение слов в простых фразах; понимает значение простых предложений, составленных из знакомых слов, имеющих отношение к повседневной жизни; отвечает на вопросы и подбирает соответствующую иллюстрацию/ картину к прослушанному материалу;

	определяет героев рассказов, сказок; определяет сюжетную последовательность событий; понимает и описывает происходящие события в аудиовизуальном материале при помощи учителя
Говорение	использует в речи слова и словосочетания для составления вопросительных предложений по материалу; создает высказывание на основе сюжетных картинок; участвует в речевой ситуации на определенную тему; понимает, о чем говорит собеседник; соблюдает речевые нормы; пересказывает тексты, используя знакомые слова при поддержке учителя, соблюдая последовательность событий; высказывает простое оценочное мнение
Чтение	читает выразительно текст; понимает значение простых фраз в тексте, содержащих знакомые слова; определяет жанры различных текстов (стихотворение, сказка, загадка, рассказ); составляет простые вопросы по тексту и отвечает на них; находит информацию в словарях и справочниках при поддержке учителя
Письмо	пишет связные предложения по иллюстрации/рисунку, используя слова-описания с помощью учителя; на основе прослушанного/прочитанного/увиденного записывает словосочетания; использует знаки препинания в конце простых предложений (с помощью учителя); соблюдает каллиграфические нормы
3 класс	
Слушание	понимает устную речь и аудиовизуальный материал; задает уточняющие вопросы для выяснения смысла конкретных высказываний; понимает лексическое значение слов в предложении и в тексте; отвечает на простые вопросы по содержанию прослушанного и подбирает иллюстрации по развитию сюжета; заполняет таблицу и определяет причинно-следственную связь в прослушанном тексте, в аудиовизуальном материале (идея, события, герои) при поддержке учителя
Говорение	создает высказывание на основе темы, предложенной учителем; участвует в речевой ситуации на определенную тему; использует в речи тематическую лексику в различных контекстах; понимает, о чем говорит собеседник; дополняет высказывания собеседника; пересказывает истории/рассказы, используя план/свои заметки при поддержке учителя; описывает сюжет из видео- и аудиоматериалов; высказывает оценочные суждения о прослушанном/прочитанном материале
Чтение	читает выразительно текст или его часть, используя различные виды чтения; понимает ключевые моменты в коротком тексте, содержащем знакомые слова и фразы; определяет жанры текстов (стихотворение, сказка, загадка, рассказ, пословицы); различает текст-повествование и текст-описание;

	задает уточняющие вопросы по содержанию текста и о поступках героев произведения; находит и извлекает информацию в словарях и справочниках при помощи учителя
Письмо	пишет связные предложения по данной теме и создает постер; на основе прослушанного/ прочитанного/увиденного делает короткие записи с помощью учителя; использует знаки препинания в конце простых предложений; соблюдает каллиграфические нормы
4 класс	
Слушание	понимает устную речь, аудиовизуальный материал; определяет значение незнакомых слов и словосочетаний по контексту; отвечает на вопросы и определяет ключевые моменты в прослушанном материале; определяет основную мысль прослушанного материала; определяет основные моменты в аудиовизуальном материале
Говорение	использует необходимые слова для поддержания разговора; создает высказывание по данному началу текста; участвует в речевой ситуации; понимает, о чем говорит собеседник, уточняет, выясняет, перефразирует его высказывания; пересказывает подробно истории/рассказы; высказывает оценочные суждения, выражая свою точку зрения
Чтение	читает текст или его часть, используя разные виды чтения; понимает ключевые моменты в коротком тексте, содержащем незнакомые слова; определяет жанры разных текстов; различает текст-рассуждение; формулирует оценочные вопросы по содержанию текста и о поступках героев произведения; находит и извлекает информацию из разных источников: словарей, справочников, энциклопедий, интернет-ресурсов, инфографики
Письмо	представляет истории в виде иллюстраций; на основе прослушанного/прочитанного/ увиденного пишет короткий текст с помощью учителя; ставит самостоятельно необходимые знаки препинания в предложениях при составлении коротких текстов; совершенствует каллиграфические навыки

«Шетел тілі» оқу пәні

Бастауыш сыныптарда жүргізілетін «Шетел тілі» («Ағылшын тілі», «Неміс тілі», «Француз тілі») оқу пәнінің жоспары «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына сәйкес.

«Шетел тілі» оқу пәні бойынша оқу процесі ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарымен (төмендетілген оқу жүктемесімен) (2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) жүргізіледі.

«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдары меншік түрі мен нысанына қарамастан, үлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын төмендетілген оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарларын өздері таңдап алады.

Төмендетілген оқу жүктемесі бар Үлгілік оқу жоспарлары бойынша «Шетел тілі» оқу пәнінің Үлгілік оқу бағдарламалары «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілген.

«Ағылшын тілі» оқу пәні

«Ағылшын тілі» оқу пәндері *(оқыту қазақ тілінде, оқыту қазақ тілінде емес)* бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында – 66 сағатты;
2-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында – 68 сағатты;
3-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында – 68 сағатты;
4-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында – 68 сағатты құрайды.

«Ағылшын тілі» оқу пәндері ***(оқыту ұйғыр, өзбек, тәжік тілдерінде)*** бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1-сыныпта – аптасына 0 сағат;
2-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында – 68 сағатты;
3-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында – 68 сағатты;
4-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында – 68 сағат.

Бастауыш мектепте «Ағылшын тілі» пәнін оқытудың мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану (11-кесте).

11-кесте. «Ағылшын тілі» пәнінің Үлгілік оқу жоспарына сәйкес сыныптар бойынша көрсетілген тілдік деңгейлер деңгейі:

Сыныптар	Тілдік деңгейлер
1-сынып	A1 working towards (A1 деңгейі бағытындағы жұмыс)
2-сынып	A1 low (төмен)
3-сынып	A1 mid (орташа)
4-сынып	A1 high (жоғары)

«Ағылшын тілі» оқу пәні жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасы шиыршық әдісімен қатар хронологиялық жүйені сақтай отырып, қарапайымнан күрделіге қарай оқыту принципіне негізделген.

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Ағылшын тілі» пәнінен Үлгілік оқу жоспары ұзақ мерзімді жоспар негізінде жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспардың негізгі құрылымы:

1) тақырыптық бөлімдер;

2) оқу мақсаттары.

Ұзақ мерзімді жоспарда білім беруді дамытудың ортақ принципі (дамыту тұжырымдамасы), білім берудің басты бағыты мен бағдарламалары, қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін маңызды іс-әрекеттерді жүзеге асырудың мазмұны мен орындалу жолы көрсетіледі.

Ұзақ мерзімді жоспарда бір оқу жылына арналған оқу мақсаттары қамтылған. Ұзақ мерзімді жоспарда бөлімдер мен тақырыптарды меңгеруге жұмсалатын сағат саны көрсетілмеген. Бөлімшелерге арналған сағат санын бөлуді ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес, күнтізбелік-тақырыптық жоспарды педагог өзі немесе педагогтер ұжымы бірлесіп әзірлейді. Әзірленген күнтізбелік-тақырыптық жоспар мектептің пән бойынша әдістемелік бірлестік отырысында қарастырып, бекітіледі.

Жаңартылған білім беру бағдарламаларының ерекшеліктерінің бірі – олардың ыңғайлылығы мен жанжақтылығы. Ұзақ мерзімді жоспар «Ағылшын тілі» оқу пәні мұғалімдеріне:

1) тоқсанға тиісті бөлім тақырыптарының оқу мақсаттарын зерделеу тәртібін дербес айқындауына;

2) білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен үлгерім деңгейлерін ескере отырып, тапсырмалардың түрлерін өзгертіп, оларды түрлендіре алуына;

3) бірнеше оқу мақсатына жетуге бағытталған тапсырмаларды әзірлеуге мүмкіндік береді.

Оқу бағдарламасының бастауыш білім беру деңгейінің мазмұны өмірмен тығыз байланысты күнделікті қолданыстағы ақпарат арқылы білім алушылардың тілді меңгеруге деген қызығушылығын тудыруға бағытталған. Сонымен қатар білім алушылардың бойына ақпаратпен жұмыс істеу және өз көзқарасын білдіру сияқты қасиеттерді дамытуға ықпал етеді.

1-2-сынып білім алушылары үшін «Патриотизм», «Құндылықтар жүйесі» сияқты ұғымдар абстрактілі сипатқа ие болғандықтан оларға салыстырмалы түрде «Менің отбасым және достарым», «Қоршаған орта», «Саяхат» тақырыптары жақын және түсінікті болып келеді. Білім алушылардың отбасы, үйі, ата-анаға деген махаббаты және кез келген қадам туған үйден басталатынын түсінуі, өзін қоғам мүшесі ретінде тануына ықпал етеді. Сол үшін жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу жоспарында ортақ тақырыптар қарастырылады (12-кесте).

12-кесте. «Қазақ тілі» (Т2), «Орыс тілі» (Я2), «Ағылшын тілі», «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндері бойынша ортақ тақырыптар (1-сынып)

Ортақ тақырыптар	**Оқыту мерзімі**	**Тілді меңгеру деңгейлері (апталық жүктеме)**
1-сынып		
1. Өзім туралы (All about me)	1-тоқсан	*Қазақ тілі* (аптасына 2 сағат) - бастапқы А1 деңгейі;
2. Менің мектебім (My school)		
3. Менің отбасым және достарым (My	2-тоқсан	

family and friends)		*Орыс тілі* (аптасына 2 сағат) - бастапқы А1 деңгейі; *Ағылшын тілі* (аптасына 2 сағат) - A1 working towards (A1 деңгейі бағытындағы жұмыс)
4. Қоршаған орта (The world around us)		
5. Саяхат (Travel)	3-тоқсан	
6. Салт-дәстүр (Tradition and folklore)		
7. Тағам мен сусындар (Food and drink)	4-тоқсан	
8. Дені саудың – тәні сау (Health and body)		
2-сынып		
1. Өзім туралы (All about me)	1-тоқсан	*Қазақ тілі* (аптасына 2 сағат) - А1 деңгейі; *Орыс тілі* (аптасына 2 сағат) - А1 деңгейі; *Ағылшын тілі* (аптасына 2 сағат) - A1 low (төмен)
2. Менің отбасым және достарым (My family and friends)		
3. Менің мектебім (My school)	2-тоқсан	
4. Менің туған өлкем (The world around us)		
5. Дені саудың жаны сау (Health and body)	3-тоқсан	
6. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті (Traditions and customs)		
7. Қоршаған орта (The natural environment)	4-тоқсан	
8. Саяхат (Travel)		
3-сынып		
1. Жанды табиғат (Animals)	1-тоқсан	*Қазақ тілі* (аптасына 2 сағат) - бастапқы А2 деңгейі; *Орыс тілі* (аптасына 2 сағат) - бастапқы А2 деңгейі; *Ағылшын тілі* (аптасына 2 сағат) - A1 mid (орташа)
2. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен (жарық пен қараңғы) (Light & Dark)		
3. Уақыт (Time)	2-тоқсан	
4. Сәулет өнері (Buildings)		
5. Өнер (Art & Music)	3-тоқсан	
6. Атақты тұлғалар (Explorers & Inventors)		
7. Су – тіршілік көзі (Water, water everywhere)	4-тоқсан	
8. Демалыс мәдениеті. Мерекелер (Having fun)		
4-сынып		
1. Менің Отаным – Қазақстан (Kazakhstan in the World of Sport)	1-тоқсан	*Қазақ тілі* (аптасына 2 сағат) - А2 деңгейі; *Орыс тілі* (аптасына 2 сағат) - А2 деңгейі; *Ағылшын тілі* (аптасына 2 сағат) - A1 high (жоғары)
2. Құндылықтар (Values in Myths and Legends)		
3. Мәдени мұра (Treasure and Heritage)	2-тоқсан	
4. Мамандықтар әлемі (Professions and ways of Communication)		
5. Табиғат құбылыстары (Hot and Cold)	3-тоқсан	
6. Қоршаған ортаны қорғау (Healthy World)		
7. Ғарышқа саяхат (Journey into Space)	4-тоқсан	
8. Болашаққа саяхат (Machines)		

Бастауыш білім беру деңгейінде тілдік пәндерден сабақ беретін мұғалімдер күнтізбелік-тақырыптық жоспарды әзірлеуде ортақ тақырыптарды ескеру керек.

13-кесте. Формативті бағалауды жүзеге асыру

№	Дәстүрлі оқу процесінде	Карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, шектеу шаралары кезінде
1.	оқыту мақсаттарына қол жеткізу және сабақта сараланған жұмысты одан әрі құру үшін мониторинг жүргізіледі	балл қою арқылы бағаланады
2.	ұсыныстар жазбаша немесе ауызша түрде (дәптерлерде немесе күнделіктерде) түрде жүзеге асырылады	білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау 1-ден 10 балға дейін жүзеге асырылады
3.	педагог сабақта кері байланысты жүзеге асырады	
4.	педагог білім алушылардың санын, кері байланысты ұсыну нысаны мен жиілігін дербес айқындайды	
5.	бағалау нәтижелерін басып шығару және одан әрі сақтау талап етілмейді	

БЖБ үшін жоғарғы балл 2-4-сыныптарда ***кемінде 7 және 15 балдан артық болмауы*** керек.

Төменде бөлім / ортақ тақырып үшін жиынтық бағалау рәсімдерінің саны көрсетілген (14-кесте).

14-кесте. «Ағылшын тілі» пәні бойынша жиынтық бағалау рәсімдерінің саны

Сыныптар	Бөлімдер/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау рәсімдерінің саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
2-сынып	2*	2*	2*	2*
3-сынып	2*	2*	2*	2*
4-сынып	2*	2*	2*	2*

* Бөлім / ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауда сөйлеу қызметінің екі түрі біріктіріледі (мысалы, тыңдалым және айтылым; оқылым және жазылым)

«Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша оқыту процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері және ағылшын тілі мұғалімдеріне арналған ұсынымдар:

- *1-сынып* білім алушыларына арналған ағылшын тілі бойынша оқу бағдарламасында тек *А1 тілдік деңгейі бағытында жұмыс жасау* көзделген. Ал А1 тілдік деңгейін білім алушылар бастауыш білім беру деңгейін (4-сыныпты) аяқтағанда толық меңгереді;

- 1-сыныпта «Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша оқылым мен жазылым дағдыларын дамыту көзделмейді. «Оқылым» бөлімі бойынша оқу мақсаттары таныс сөздер мен сөз тіркестерін танып білуге ғана бағытталады;

- 1-4-сынып білім алушыларына шетел (ағылшын) тілін белсенді ойындар, әндер, өлеңдер, қарапайым іс-қимылдар сияқты түрлі тәсілдер арқылы меңгерту ұсынылады;

- оқу процесі оқылатын (ағылшын) тілде жүргізіледі, бірақ қажет болған жағдайда педагог жаңа сабақты немесе күрделі нұсқауларды түсіндіру кезінде білім алушының ана тілін қолдана алады;

- коммуникативті құзыреттілікті меңгерудің негізгі шартының бірі – білім алушының білім беру процесіне белсенді қатысуы. Тілді меңгерудің бастапқы кезеңінде қателесу білім беру процесінің бір бөлігі болып табылатындықтан, қателерді түзету барысында педагогке білім алушының сабаққа деген ынтасын түсіріп алмауды көздеу ұсынылады;

- сабақта білім алушыларға таныс ағылшын тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді және нұсқауларды жиі қолдану қажет. Бұл білім алушыларға сөздер мен сөйлемдерді тиімді есте сақтауға, тапсырмаларды орындау барысында оларды тануына мүмкіндік береді;

- мұғалімнің интонациясы дұрыс, дауысы айқын және ым - ишаралары нақты, сөздер мен сөйлемдері баяу және анық болуы керек;

- түрлі-түсті көрнекі құралдарды (суреттер, ойыншықтар, постерлер) пайдалану арқылы педагог білім алушылардың ойын жинақтап, жаңа сөздерді тез меңгеруіне ықпал етеді.

Нұсқаулықта (технологиялық карта) сабақ барысында педагогтің, ата-ананың, білім алушының орындайтын іс- қимылдары анық жазылуы керек (15-кесте). Нұсқаулықты әзірлеу барысында «Ағылшын тілі» оқыту пәнінің мұғалімдері білім алушылардың қабілетін, отбасының әлеуетін және мүмкіншіліктерін ескеруі қажет.

15-кесте. Білім алушылардың ата-аналарына арналған нұсқаулықтың үлгісі

№	Сабақтың кезеңдері	Ресурс (презентация, бейнежазба, анимация, оқулық) және оған сілтеме	Педагогтің іс-әрекеті	Ата-ананың іс-әрекеті	Білім алушының іс-әрекеті
1	Жаңа тақырыппен таныстыру	Презентация. 2- слайд.	Сұрақтар қояды: -Boys and girls look at the picture, please. What is it? -Yes, you are right. This is a school. *Иә, дұрыс айтасыңдар. Бұл мектеп.*	Қажет болған жағдайда сұрақтарды қайталайды: -Boys and girls look at the picture, please. What is it? *Балалар, суретке қарайықшы.* *Суретте не көрсетілген?* -Yes, you are right. This is a school. *Иә, дұрыс айтасыңдар. Бұл мектеп.*	Сұрақтарға жауап береді. Қажет болған жағдайда сұрақтарды қайталайды.

				Білім алушылардың сұрақтарға жауап беруін қадағалайды.	
2	Жаңа лексикамен таныстыру	Презентация. 3- слайд.	Let's learn the new words and phrases. What is this? – *Бұл не?* This is – *бұл ..* A school bag – *мектеп сөмкесі.* A book – *кітап.* A pen – *қалам.* A pencil – *қарындаш.* A rubber – *өшіргіш.* A ruler – *сызғыш.* Let's repeat again, please. *Қайталайық.*	Оқушымен бірлесіп тапсырманы оқиды, оның сөздерді қайталағанын қадағалайды.	Сөздерді қайталайды және есінде сақтайды.

Нұсқаулық негізінен ата-анаға бағытталғандықтан, педагог оны барынша түсінікті етіп әзірлеуі керек. Бұл жерде ескеретін жағдай, ата-ана ағылшын тілін меңгермеуі мүмкін, сондықтан да оларға қосымша сөздер мен сөйлемдердің аудармаларын беріп отыру қажет.

Бастауыш мектепте білім алушылардың тілдік дағдылары үш тілде (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі) ортақ тақырыптарды оқу арқылы дамытылады. Үлгілік оқу бағдарламаларының ұзақ мерзімді жоспарларында пәнаралақ байланыс (Cross Curricular Links) әр тақырыпта кездеседі. Педагог ұзақ мерзімді жоспарды негізге ала отырып, тақырыптарды меңгеруге бөлінетін сабақ санын өзі жоспарлайды.

Бастауыш білім деңгейіндегі білім алушыларының психологиялық және жас ерекшеліктерін (жоғары эмоционалдылық, қозғалғыштық, сезімталдық, шаршағыштық) ескере отырып, оқытудың әдіс-тәсілдерін, формаларын таңдау педагогтің өз еркіне беріледі.

Білім алушылардың бойында жеке тұлғалық қасиеттермен қатар ұлттық құндылықтарды дәріптейтін, Отансүйгіштік сезімін оятатын тапсырмалар Үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарында көрсетілген барлық тақырыптарда қарастырылуы тиіс.

«Ағылшын тілі» оқу пәнінен Үлгілік оқу бағдарламалары білім алушылардың өз халқының мәдениеті мен рухани құндылықтарын, ұлттық бірегейлігін, азаматтығын, адамгершілік нормаларын және сөйлеу мәдениеті туралы білімін қалыптастыруға бағытталған.

«Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндері

2021-2022 оқу жылы бастауыш білім беру деңгейі үшін «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндері бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндерінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады (ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы).

«Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндерінің оқу бағдарламары білім алушылардың талдау, бағалау және шығармашылық ойлауды қалыптастыратын түрлі тапсырмаларды орындау, ауызша және жазбаша түрдегі дереккөздердің сан алуан түрлері, ынталандыратын және қызықты пәндік мазмұн арқылы білім алушылардың неміс тілінен жалпыеуропалық құзыреттеріне (Common European Framework of Reference, CEFR) сәйкес А1 деңгейіне жету мақсатын көздейді.

«Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндері бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1 - сыныпта-аптасына 2 сағат, оқу жылында 66 сағат;

2-сыныпта-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

3 - сыныпта-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

4 - сыныпта-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат.

1-4-сыныптарына арналған «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндерінің жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламалары ҚР БҒМ бұйрығымен бекітілген және Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтында орналастырылған. https://nao.kz/.

Бұл оқу бағдарламары бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндері бойынша жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламаларының қосымшасындағы Ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асады.

Бастауыш сыныптардағы оқу бағдарламасының мазмұны білім алушыларды неміс, француз тілдердін күнделікті өмірде пайдалануға үйретуге, сонымен қатар неміс тілін одан әрі үйрену үшін қажетті тұрақты негіз қалауға бағытталған. Бастауыш мектептің «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндері бағдарламасы білім алушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға, дамытуға, олардың қызығушылығын және өзіне деген сенімділігін нығайтып, неміс тілін оқуға деген оң көзқарасын қалыптастыруға бағытталған.

Бастауыш сыныптардағы білім алушылар «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндері бойынша келесі тақырыптарға байланысты лексиканы меңгереді (16-кесте).

16-кесте. Сыныптар бойынша лексиканы меңгеру

1-сынып	
«Неміс тілі»	**«Француз тілі»**
Alles über mich	Tout sur moi
Meine Schule	Mon école
Meine Familie und meine Freunde	Ma famille et mes amis
Umgebung	L’environnement
Reise	Voyage

Traditionen und Folklore	Les fêtes et les traditions
Essen und Getränke	Repas
Ein gesunder Geist in einem gesunden Körper!	Un esprit sain dans un corps sain
2-сынып	
Alles über mich	Se présenter, parler de soi
Meine Familie und meine Freunde	Ma famille et mes amis
Meine Schule	Mon école
Umweltbedingungen	L’environnement
Ein gesunder Geist in einem gesunden Körper!	Un esprit sain dans un corps sain
Sitten und Bräuche	Les traditions et les coutumes
Umwelt	L’environnement. Les saisons
Reisen	Vacances et voyage
3-сынып	
Belebte Natur	Vive la nature!
Licht und Schatten	La ville
Zeit	Ma journeé de travail
Architektur	Nous faisons des courses
Kunst	L’art
Berühmte Persönlichkeiten	Les Grands Hommes
Wasser – Quelle vom Leben	Culture et repos
Erholungskultur, Feier	Bientôt les vacances!
4-сынып	
Sport in Kasachstan	Sport
Werte in den Mythen und Legenden	La Francophonie
Kulturerbe	Un ami étranger
Berufswelt und Kommunikationen	Le monde des métiers
Naturerscheinungen	Phénomènes naturels
Ein gesunder Geist in einem gesunden Körper!	Un esprit sain dans un corps sain
Weltraumreise	Mes loisirs
Autos	Les transports

Пәндер бойынша әр тоқсанда 1 рет бөлім (БЖБ) бойынша және тоқсан (ТЖБ) бойынша жиынтық бағалау жүргізіледі. 1-сыныпта жиынтық бағалау жүргізілмейді.

2-4-сыныптарда БЖБ үшін ең жоғары балл кемінде 7 және 15 балдан аспауы тиіс. Төменде бөлім/өтпелі тақырып үшін жиынтық бағалау процедураларының саны берілген (17-кесте).

17-кесте. «Неміс тілі», «Француз тілі» пәндері бөлім бойынша жиынтық бағалау саны

Сыныбы	**Жиынтық бағалау саны бөлім/ортақ тақырып үшін**			
	1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан
2-сынып	2*	2*	2*	2*
3-сынып	2*	2*	2*	2*
4-сынып	2*	2*	2*	2*

***** Жиынтық бағалауда бөлім / ортақ тақырыпқа сөйлеу қызметінің екі түрі біріктіріледі (мысалы, тыңдау және сөйлеу; оқу және жазу).

«Шетел тілі» пәні бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмыстарын ұйымдастыру

Білім алушылардың «Шетел тілі» пәні бойынша білімдегі олқылықтарының орнын толтыру бойынша жүйелі жұмыс төмендегідей міндеттерді шешуге бағытталған:

• «Шетел тілі» пәні бойынша білім алушылардың үлгерімі мен білім сапасын арттыруға бағытталған кешенді шаралар қабылдау;

• өзін-өзі бақылауға үйрету;

• өзін-өзі бақылау қажеттілігін қалыптастыру;

• орындалған жұмысқа жауапкершілік танытуға тәрбиелеу;

• білім алушылардың жеке шығармашылық қабілеттерін дамыту.

«Шетел тілі» пәні бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау және қайта қалпына келтіру бойынша жұмысты ұйымдастыру төмендегідей кезеңдерден тұрады:

I кезең. Жалпы қателіктерді анықтау

II кезең. Қателерді түзету

III кезең. Жіберілген қателіктерді талдау

IV кезең. Кемшіліктерді жоюды жоспарлау

V кезең. Кемшіліктерді жою. Сыныпта талдау жұмысын жүргізу

VI кезең. Алдын алу шаралары

I кезең. Жалпы қателіктерді анықтау

Жазбаша жұмыстарды тексеру, ауызша жауап беру, өзіндік және өзара бақылау барысында жүзеге асады.

Жазбаша жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу және өзі дербес орындауын қатаң бақылау ұсынылады. Қателерді анықтауға арналған жазбаша жұмыстың тиімді түрлері:

✓ оқу жылының басында және соңында қателіктерді талдау үшін жеке өзіндік жұмыс үшін әр кестеге мәліметтер матрицасын және оған сәйкес тестілеу беріледі;

✓ оқу жылында пән бойынша дәстүрлі бақылау, кесінді бақылау жұмысы, теориялық материалды жазбаша зерттеу.

Белгілі бір тақырыптың типтік қателері мен жалпы білім беру дағды-қабілеттерін анықтауға бағытталған ББҚ (білім, білу, қабілет) ауызша тексеру. Тест тапсырмаларында есте сақтауды (меңгергендерді жаңғырту), ойлауды (салыстыру, дәлелдеу, жалпылау), сөйлеуді дамытатын сұрақтар қамтылуы тиіс. Ауызша емтиханның сапасы сұрақтардың іріктелуіне және олардың қойылу реттілігіне байланысты болуы қажет. Әрбір сұрақ логикалық түрде толық, қысқа және нақты болуы керек.

Білім алушылардың бойында өзін-өзі бақылау дағдылары мен қабілеттерін қалыптастыру олардың қателіктерін өз бетінше табуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ол тәрбиелік, психологиялық, педагогикалық тұрғыдан тиімді. Мысалы, мынадай формаларды пайдалануға болады: «Қатені тауып, түсіндіріңіз» (өзіңіздің сыныптасыңыз жасаған, педагог жоспарлаған), «Жауабын тексеріп, қатесін түсініңіз», «Жауабыңызды бағалаңыз».

Білім алушылардың оқу іс-әрекетінің сапасы мен тиімділігін өзара бақылау педагогке олардың білімін тексеруге көмектеседі және адалдық пен әділеттілік, ұжымшылдық сияқты жеке қасиеттерінің дамуына ықпал етеді. Білімді өзара тексеру білім алушылардың белсенділігін дамытады, білімге қызығушылығын арттырады. Өзара бақылау барысында білім алушылардың жеке ерекшеліктері ашылады, білімге қызығушылығы артады.

ІІ кезең. Қателерді түзету

Қателерді түзету қателерді анықтаумен қатар жүреді. Әрбір білім алушы өзінің «проблемалық» тақырыптарын бірнеше рет қайталауы арқылы шет тілін меңгеруде оң нәтижеге қол жеткізе алады.

- Деректер матрицасы - бұл тест нәтижелері енгізілетін кесте. Бұл сыныптағы «меңгере алу» картинасын тұтастай және әрбір білім алушыны жеке көруге мүмкіндік береді;

Қателіктерді есепке алу (барлық жазбаша жұмыстарда «меңгере алуын» бақылау). Бұл белгілі бір тақырыпты немесе ережені меңгере алмаған әр білім алушының қандай проблемалары бар екенін анықтауға мүмкіндік береді. Нақты қателіктер туралы ақпарат әрбір білім алушының мәліметтеріне енгізіледі (18-кесте)

18-кесте. 4-сынып оқушысы Д.Жақановтың жеке жұмыс жоспары

Қиындық туғызатын дағдылар мен қабілеттер	26.10	28.10	29.10	31.10	01.11	12.11.	23.11	29.11
Ойын жазбаша білдіруді ұйымдастыру								
Қарым-қатынас мәселесін шешу								
Лексикалық дағдылары								
Грамматикалық дағдылары								
Орфографиялық дағдылары								
Тыныс белгілерін қою дағдылары								

Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша жұмыс формалары әр түрлі болуы мүмкін. Жеке жоспарда топтық сабақтарды - жасыл түспен, сараланған тәсіл - күлгін, жеке сабақтар - көк түстермен бөліп көрсету ұсынылады.

Жеке жоспар парағы олқылықтарды қалпына келтіруге, нақты бір білім алушының білімін толықтыруға арналған және оның жеке қабілеттерін дамытуға бағытталған.

ІІІ кезең. Жіберілген қателіктерді талдау

Қателіктерді талдау жұмыс түріне байланысты. Әр жұмыс түрінен кейін ауызша немесе жазбаша, сапалық және сандық талдау жүргізіледі. Мұқият талдау жеке білім алушылардың кемшіліктері мен жетістіктерін терең зерттеуге, білім алушылардың қателері мен негізгі қиындықтарын бөлуге, олардың пайда болу себептерін зерттеуге және оларды жою жолдарын белгілеуге мүмкіндік береді.

IV кезең. Білімдегі олқылықтарды жоюды жоспарлау

Бұл жұмыс талдауға негізделген және оның нәтижелері білім алушыларға айтылады.

- Педагог сабақты қашан, кімнен, қандай мақсатпен сұрау керектігін және бұл үшін қандай құрал қолдануды жоспарлайды.
- Қателер бойынша жұмыс әрбір жазбаша жұмыстан кейін, ал қайта бағалау - «қанағаттанарлықсыз» бағадан кейін жүргізіледі.
- Қатаң бақылау әр білім алушының барлық тесттер мен сынақтарды орындағанына көз жеткізу үшін жүзеге асырылады.

V кезең. Білімдегі олқылықтарды жою. Сыныпта талдау жұмысын жүргізу. Ұсынымдар:

- алынған нәтижелер туралы сынып пікірін сұрау;
- жазбаша тексеру (жақсы баға алынғанға дейін) жеке және фронтальды қателер бойынша жұмыс;
- жеке және фронтальды зерттеу кезінде қайталауға арналған тапсырмалар (жақсы бағаға дейін).

VI кезең. Алдын алу шаралары

Келесі алдын алу шаралары білім алушылардың қателіктерін азайтуға ықпал етеді:

- жазбаша тапсырмалардың мәтіндері оңай оқылуы керек;
- білім, білік, дағдыны арттыруға арналған белсенді ауызша жаттығуларды, типтік қателіктерді жүйелі түрде талдау;
- жаңа материалды түсіндіру кезінде қатені болжап, материалды дұрыс меңгеруге арналған тапсырмалар жүйесін таңдау;
- қызығушылық тудыратын, тұрақты зейінді қалыптастыратын тапсырмаларды таңдау;
- өзін-өзі басқаруға жүйелі түрде дағдыландыру.

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толтыру үшін жеке жұмыс бағытын әзірлеу ұсынылады. Яғни, «жеке жоспар парағында (ЖМП)» даму мен оқудағы өзгерістер процесін көрсету керек. Ол әр білім алушыға жеке тәсілді жүзеге асырып қана қоймай, оның біліміндегі олқылықтарды жою үшін жұмысты есепке алуға, қадағалауға, түзетуге, білім беру мотивациясының деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.

«Қарым-қатынас мәселесін шешу» критерийі бойынша «Жазылым» дағдысы кезінде білім деңгейінің төмендеуі мүмкін топтағы білім алушының қателіктерін анықтау:

- қарым-қатынастағы қателігі (досына);
- жазылым дағдысындағы қойылған сұраққа толық және нақты жауап бере алмауы (негізгі бөлімде тапсырманың барлық аспектілері ашылмаған);
- жазылым дағдысындағы жеткіліксіз көлемі.

«Мәтінмен жұмыс» критерийі бойынша:

- абзацтарға дұрыс мән бермеу;
- лексикалық тұрғыда логикалық байланыстың болмауы.

«Мәтіннің тілдік безендірілуі» критерийі бойынша:

- грамматикалық қателер (мәтіннің болмауы, үш шақтағы етістіктердің дұрыс қолданылмауы, сөйлемдердің дұрыс құрылмауы);
- жеке сөздердің дұрыс жазылмауы;
- тыныс белгілердің дұрыс қолданылмауы;
- лексикалық қателер.

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Жазғы мектеп жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулар әзірледі. Әдістемелік нұсқаулар «Шетел тілі» пәніне арналған күрделі тақырыптарды /оқу мақсаттарын анықтайды (1-10-сыныптар). Әдістемелік ұсынымдар Академияның http://nao.kz сайтында орналастырылған.

Пандемия мен шектеу шаралары кезінде «Шетел тілі» пәні бойынша барлық тілдік дағдылар қамтылмауы мүмкін. Сондықтан «Шет тілі» пәні мұғалімдеріне білім алушылардың тілдік қажеттіліктерін ескере отырып, лексикалық немесе грамматикалық тақырыпты таңдау құқығы беріледі. Мысалы, 19-кестеде білім алушылардың білімін толықтыру мен олқылықтарды жою үшін сынып бойынша ұсынылатын күрделі тақырыптар берілген.

19-кесте. 3-4-сыныптардағы «Шетел тілі» оқыту пәнінің күрделі тақырыптарының мысалы

Ағылшын тілі	Неміс тілі	Француз тілі
3-сынып		
Explorers and inventors	Unsere Heimat - Kasachstan. Reise durch Kasachstan	Les matières scolaires et les objets scolaires
Space	Traditionen und Folklore	Arbre généologique
Musical instruments	Ökologie und Lebenssicherheit	La langue et la culture
4-сынып		
Journey into Space	Die Erde – unser Haus	La vie scolaire
Machines	Kasachische und deutsche Kultur	Les passe-temps
Our planet’s treasure	Gesunde Lebensweise	Les fêtes et les repas

Педагог бақылау құралдарын оңтайлы қолдану арқылы білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтырады және әрбір білім алушының белсенді жұмысын қамтамасыз етеді. **Педагогтерге:**

✓ сыни ойлауды дамытуға бағытталған жағдаяттық тапсырмаларды қолдану;

✓ функционалдық сауаттылықты қалыптастыру;

✓ оқытудың интерактивті әдістерін қолдану (жоба әдісі, пікірталас, ойын, ізденіс әдістері);

✓ жеке кеңес, қосымша сабақтар ұйымдастыру;

✓ «жексенбілік мектеп», «демалыс мектебі», «жазғы мектепті» саны 15 баладан асырмай ұйымдастыру **ұсынылады.**

Білім алушылардың сенбілік, жексенбілік сабақтарын кестеге сәйкес ұйымдастыру ұсынылады. Мұнда білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жою үшін ғана емес, сонымен қатар олардың қарым-қатынас дағдыларын дамыту үшін де мақсатты жұмыс жүргізіледі. Кеңес беру арқылы білім алушылардың әр түрлі (топтық, жеке) жұмыс түрлерін біріктіреді.

Қосымша сабақтарға дайындықты педагогтер де, білім алушылар да бірлесе жүзеге асырады. Педагог оқылатын материалдың мазмұнын логикалық-дидактикалық талдаумен бірге қиындықтарды, кемшіліктерді, білім алушылардың ауызша жауаптарындағы қателіктерін және оқылатын тілдегі жазбаша жұмыстарды жүйелейді. Осы негізде ол қосымша сабақ кезінде қайта оқытылуы мүмкін тақырыптардың тізімін нақтылайды. Білім алушылар өз кезегінде қосымша сабақтарға дайындалуды үйренеді, оның шарттары алдын-ала өзара келісіледі.

«МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ИНФОРМАТИКА» БІЛІМ САЛАСЫ

«Математика және информатика» білім саласының мазмұны «Математика» және «Цифрлық сауаттылық» пәндері арқылы жүзеге асырылады.

«Математика» оқу пәні

Математика бойынша бастапқы білім сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытады, зерттеу және қарым-қатынастың, математикалық білімді өмірде қолданудың алғашқы дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Бастауыш сынып білім алушылары математика курсын игере отырып, талдау, синтездеу, жіктеу, салыстыру, себеп-салдарлық қатынастар мен заңдылықтарды анықтауды үйренеді, түрлі заттар мен қоршаған орта құбылыстарын сипаттау үшін математикалық тілдің негіздерін игереді, білім мен іс-әрекет тәсілдерін меңгереді, мұның барлығы жинақтала келе оқи білуге негіз болады.

Математика» пәнін оқыту бейнелік және логикалық ойлауды дамытуға, математикалық тілді дамытуға, оқу-танымдық және практикалық міндеттерді шешуге, айтылған пікірді дәйектеу, дәлелдеу, негіздеу біліктерін дамытуға, басқалардың пікірлерін бағалау және қабылдауға бағытталған.

«Математика» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 132 сағат;

2-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағат;

3-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат;

4-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағатты құрайды.

4-сыныпта сабақтастық және тереңдету принципін сақтай отырып, математиканы оқытудың бүкіл курсы бойынша білімдер мен дағдыларды жүйелі дамыту және тереңдете түсу қамтамасыз етіледі.

«Математика» оқу пәнінің мазмұны білім берудің кейінгі деңгейлерінде жалғасын табатын бес бөлімнен тұрады:

1. Сандар және шамалар.
2. Алгебра элементтері.
3. Геометрия элементтері.
4. Жиындар. Логика элементтері.

5. Математикалық модельдеу.

Білім алушылардың математика курсы бойынша білімдерінің сабақтастығын қамтамасыз ету үшін пәннің оқу бағдарламасына 2013 жылғы бастауыш білім беру деңгейінің оқу бағдарламасында қарастырылмайтын «Комбинаторика», «Тізбектер», «Жиындар және олармен орындалатын амалдар» деп аталатын жаңа бөлімшелер енгізілді. Жаңа оқу бағдарламасында негізгі және жоғары мектептерде геометрияны табысты меңгерудің алғышарты болып табылатын «Геометриялық фигуралар» бөлімшесі кеңінен қарастырылған.

Бұл бөлімшелерді оқып-үйрену 4-сыныптың білім алушыларында логикалық ойлаудың, процестер мен құбылыстарды талдау, себеп-салдарлық байланыстарды табу, бұл құбылыстардың заңдылықтары мен тенденцияларын ашу дағдыларының дамуына ықпал етеді. Бұл сипаттағы тапсырмалар TIMSS халықаралық зерттеулерінде кездеседі.

«Математика» пәні бойынша мұғалім алдын ала дайындалған критерийлер мен дескрипторлар бойынша әртүрлі жұмыс түрлерін жүргізіп, оқу тапсырмаларын бере алады (21-кесте).

21-кесте. Жұмыс түрлерінің критерийлері мен дескрипторлары

№	Жұмыс түрлері	Критерийлер/дескрипторлар
1	*Берілген мәліметтері жетіспейтін есептерді шешу* Білім алушылар сандары, шарты мен сұрағы бар есептерді шығару жолдарын жақсы түсіну үшін оларға жетіспейтін мәліметтері бар есептерді ұсынуға болады	- мәліметтері толық емес есептерді ажырата біледі; - есепті жетіспейтін мәліметпен толықтыра алады; - жазбаны нақты мәліметтермен толықтыра алады
2	*Артық мәліметтер берілген есептерді шешу* Білім алушылар сандары, шарты мен сұрағы бар есептердің шығару жолдарын жақсы түсіну үшін оларға артық мәліметтері бар есептерді ұсынуға болады.	- артық мәліметтері бар есептерді ажырата алады; - есептің шартын өзгерте және дәлелдей алады; - бақылай, салыстыра және қорытынды шығара алады
3	*Графикалық модельдеу* Графикалық модель – сюжеттік есептің сызбасы, ол білім алушыларға есеп шартында берілген абстрактілі қатынастарды нақты кеңістіктік формада түсінуіне көмектеседі	- есеп мәтінін сызбамен келтіре алады; - есеп мәтінін және оған сай келетін сызбаны сәйкестендіре алады; - есептің берілгендерімен модельді толтыра алады; - сызба бойынша есеп құрастыра алады
4	*Заңдылықтарды табу және өзінің заңдылықтарын жасауға арналған шығармашылық тапсырмалар*. Математикалық заңдылық – бұл белгілі бір ереже. Осы ереже бойынша элементтердің сандық, пішіндік немесе басқа да қатарында белгілі бір сәйкес тәртіппен элементтердің немесе олардың қасиеттерінің қайталануы немесе өзгеруі болып табылады.	- заңдылықтың белгілі бір ереже, іздеу екенін біледі; - элементтері/заттар белгілі бір ереже бойынша орналасқанын түсінеді; - топтастыра және қорытынды жасай алады.

Төменде бөлім/ортақ тақырып үшін жиынтық бағалау саны көрсетілген (22-кесте).

22-кесте. «Математика» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сыныптар	Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
2-сынып	3	3	3	3
3-сынып	3	3	3	3
4-сынып	3	2	2	3

Назар аударыңыз!

Осы оқу жылының тағы бір ерекшелігі – 2021-2022 оқу жылының II жартыжылдығында «Цифрлық сауаттылық» оқу пәнінің 1-сыныптан бастап енгізілуі

«Цифрлық сауаттылық» оқу пәні

«ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығының 14-тармағында бастауыш сыныптағы «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінің атауы «Цифрлық сауаттылық» болып өзгертілді. Пән мазмұны мен оқу жүктемесі өзгертілген жоқ.

«Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген № 496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілетін болады (2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына (188-2к қосымша), 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығына (4-қосымша) өзгерістер енгізілді).

«Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 1-сыныпта 2022 жылдың 1 қаңтарынан енгізіледі.

1-сыныптағы «Цифрлық сауаттылық» оқу пәнінің базалық мазмұны білім алушылардың алгоритмдік ойлау қабілетін ойын программалау ортасында қалыптастыруға, робототехника жиынтығының негізгі компоненттерімен таныстыруға, қарапайым роботтар жинауға және оларды басқаруға бағытталған.

1-сыныпқа арналған «Цифрлық сауаттылық» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Компьютер»: Информатика кабинетіндегі ережелер;

2) «Интернет желісіндегі жұмыс»: желіде орналастырылған ақпараттың сенімділігі мен пайдалылығы; желідегі қалаусыз байланыс тәуекелдері;

3) «Есептей білу»: алгоритмдер; сызықты алгоритмдерді орындаушы; программалау ойын алаңынының интерфейсі (Scratch (скретч)); программалау ойын алаңында жобаны құру, сақтау және ашу;

4) «Робототехника»: білім беру роботының негізгі моделін құру; роботқа арналған программаны жүктеп алу және іске қосу; роботтың доңғалақ

бұрылыстарының белгіленген саны бойынша қозғалысы, роботтың берілген бұрышта қозғалысы (90, 180 градус).

2021-2022 оқу жылында 3-сыныпта «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 2021 жылдың 1 қыркүйегінен оқытылады.

3-сыныпқа арналған «Цифрлық сауаттылық» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Компьютер»: компьютер құрылғылары: таңба регистрін, пернетақтаның орналасуын, меңзерді басқаруды өзгертуге арналған клавиштер. Программалық қамтамасыз ету: қолданбалы программаларда «қызу» клавиштерді пайдалану. Қауіпсіздік: Интернет желісінде жұмыс істеуде жеке қауіпсіздігінің негізгі ережелері.

2) «Ақпаратты ұсыну және өңдеу»: мәтінді теру ережелері; маркіленген және нөмірленген тізімдер; мәтінді өңдеу; шрифт пен абзацты пішімдеу (жазылуы, түсі, тегістеу); кесу, көшіру, белгіленген мәтінді құжатқа қою; мәтінге суретті қою және орналастырылуын реттеу; Презентациялар: презентация конструкторы; программа мәзірі; презентацияның ашылуы мен сақталуы; мәтінді және суреттерді слайдқа орналастыру; слайдтар арасында ауысу; презентация дизайны. Графика: фотосуреттерді өңдеуге арналған программа (жарықтық, контраст, жиектеме);

3) «Интернет желісіндегі жұмыс»: ақпарат іздеу, құжаттан мәтін үзіндісін іздеу. Ақпарат алмасу: желідегі ақпарат алмасу жолдары; жоба бойынша бірлесіп жұмыс істеуге арналған мессенджерлерді пайдалану.

4) «Есептей білу».

Алгоритмдер: цикл; циклдік алгоритмді іске асыру кезінде орындаушының командалар жүйесі.

Программалау: программалау ойын алаңын құру барысында алгоритмді жүзеге асыру; дайын сценарий бойынша ойын әзірлеу; программалау ойын алаңында бірнеше көріністермен және кейіпкерлермен жұмыс істеу.

5) «Робототехника»: орта мотордың жылдамдығы мен айналымның санын күйге келтіру; робот қозғалысын ұйымдастыру үшін циклді қолдану.

3-сыныптың оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарын меңгеру үшін мынадай ұсынымдар беріледі:

1-тоқсанда оқу процесіне қосымша келесі оқу мақсаттарын енгізу қажет: «1.1.3.1 информатика кабинетінде тәртіп ережелерін сақтау»; «2.1.1.1 енгізу және шығару құрылғыларын ажырату»; «2.1.2.1 файл және папка ұғымдарын түсіндіру»; «1.4.1.1. сызықтық алгоритмді іске асыру»; «1.4.2.1. ойын бағдарламалау ортасында жобаны құру, сақтау және ашу (Scratch (скретч)»; «2.2.1.1 пернетақта тренажёрында мәтін теру»; «2.4.1.1 тармақтау алгоритмін іске асыру»;

Бұл жағдайда 1-тоқсанға арналған оқу бағдарламасындағы мына: «3.4.1.1 қайталауды қолданатын алгоритмдер құрастыру (цикл)»; «3.4.1.2 циклдік алгоритмді іске асыру»; «3.4.2.4. программалау ойын алаңында ойын құру барысында циклдік алгоритмді жүзеге асыру»; «3.3.2.2 желідегі ақпарат алмасу жолдарын түсіндіру»; «3.1.3.1 Интернет желісінде жұмыс істеуде жеке

қауіпсіздігінің негізгі ережелерін ескеру» ***оқу мақсаттары 2-тоқсандағы*** «3.4.2.1 дайын сценарий бойынша ойын әзірлеу»; «3.2.1.1 таңбалы, нөмірленген тізімдер жасау»; «3.4.2.2 программалау ойын алаңында бірнеше көріністермен жұмыс істеу»; «3.4.2.3 программалау ойын алаңында бірнеше кейіпкерлермен жұмыс істеу»; «3.4.2.4 программалау ойын алаңында ойын құру барысында циклдік алгоритмді жүзеге асыру» ***оқу мақсаттарымен кіріктіріледі.***

3-тоқсандағы оқу бағдарламасының «Робототехника» бөлімшесіндегі 3.5.3.1 орта қозғалтқыш жылдамдығының мөлшерін орнату және жылдамдығын реттеу; 3.5.2.1 робот қозғалысын ұйымдастыру үшін циклді пайдалану ***оқу мақсаттарына 1-сыныптың оқу бағдарламасындағы: «***1.5.1.1 білім беру роботының негізгі моделін жинау»; «1.5.1.2 роботқа арналған программаны жүктеп алып, іске қосу»; «1.5.2.1 роботтың белгілі бір жылдамдықтағы қозғалысын ұйымдастыру»; «1.5.2.2 дөңгелек айналымының белгілі бір санына робот қозғалысын ұйымдастыру»; «1.5.2.3 роботты алға жылжыту қозғалысын ұйымдастыру»; «1.5.2.4 роботты артқа жылжыту қозғалысын ұйымдастыру»; «1.5.2.5 роботтың 90, 180 градустағы бұрылысын ұйымдастыру» **оқу мақсаттарын кіріктіру қажет.**

Бастауыш мектепте «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқытуда білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып оқытудың белсенді формалары мен әдістері қолданылады. Ұғымдарды жақсы түсіну үшін өмірде жиі кездесетін нақты мысалдармен байланыстыру ұсынылады.

Бастауыш мектепте «Цифрлық сауаттылық», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәндерінен бөлімдер мен тоқсан бойынша жиынтық бағалаулар жүргізілмейді. Жартыжылдықтар соңында «Цифрлық сауаттылық» пәні бойынша «есептелді» («есептелмеді») қойылады. Білім алушы оқыту мақсаттары бойынша практикалық тапсырмаларды орындаған жағдайда «есептелді» қойылады.

«ЖАРАТЫЛЫСТАНУ» БІЛІМ САЛАСЫ

«Жаратылыстану» білім саласының мазмұнында «Жаратылыстану» пәні ұсынылады.

«Жаратылыстану» оқу пәні

Бастауыш мектептегі «Жаратылыстану» пәні оқу бағдарламасының мақсаты әлемнің қазіргі заманғы жаратылыстану ғылымы тұрғысынан бейнесі туралы білім негіздерін қалыптастыру және білім алушылардың зерттеу біліктері мен дағдыларын дамыту болып табылады.

Оқу пәнінің бағдарламасы келесі міндеттерге жетуге бағытталған:

1) зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылар мен біліктерінің негізін қалыптастыру;

2) техника мен технологияның дамуына елеулі ықпал еткен жаратылыстанудың маңызды идеяларымен, жетістіктерімен танысу;

3) қоршаған әлемнің құбылыстарын түсіндіру үшін және әртүрлі ақпарат көздерінен алынған жаратылыстану-ғылыми тұрғыдан маңызды және өмірлік

маңызы бар мазмұнды ақпаратты қабылдау үшін алынған білімді қолдана білу біліктерін меңгеру;

4) зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін қарапайым зерттеулер, құбылыстарды талдау, жаратылыстану-ғылыми ақпаратты қабылдау және түсіндіру барысында дамыту;

5) табиғат заңдарын тану және жаратылыстану ғылымдарының жетістіктерін өркениеттің дамуы мен өмір сапасын жақсарту үшін пайдалану мүмкіндігіне сенімділікті тәрбиелеу;

6) күнделікті өмірде тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, заманауи технологияларды сауатты пайдалану, денсаулық пен қоршаған ортаны қорғау үшін жаратылыстану ғылымдары бойынша білімдерін қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Жеке тұлғалық қасиеттердің кең ауқымды дағдылармен бірлесе дамытылуы білім берудің «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты басты құндылықтарын білім алушы бойына сіңіруге негіз болып табылады.

Назар аударыңыз!

Үлгілік оқу жоспарының түріне байланысты (жаңартылған мазмұн және оқу жүктемесі төмендетілген) 3-4-сыныптарда «Жаратылыстану» пәнін оқытуға бөлінген апталық оқу жүктемесінің көлемі әртүрлі (23-кесте).

23-кесте. Оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Жалпы жүктеме, сағат			
		Үлгілік оқу жоспары (жаңартылған мазмұн)		Үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)	
		Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
1	Жаратылыстану	1	34	1	34
2	Жаратылыстану	1	34	1	34
3	Жаратылыстану	2	68	1	34
4	Жаратылыстану	2	68	1	34

2020 жылы төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарлары бойынша Үлгілік оқу бағдарламалары әзірленіп, ҚР БҒМ 2020 жылғы «27» қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілді. Аталған оқу бағдарламаларын Академия сайтынан жүктеп алуға болады (www.nao.kz).

Ұзақ мерзімді жоспардың «Жанды табиғат», «Заттар және олардың қасиеттері», «Жер және ғарыш», «Табиғат физикасы» бөлімдерінің әрқайсысының оқу мақсаттары «Мен – зерттеушімін» бөлімінің оқу мақсаттарымен кіріктірілген, ол білім алушылардың зерттеушілік білік және дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға бағытталған.

Төменде бөлім/ортақ тақырып үшін жиынтық бағалау саны көрсетілген (24-кесте).

24-кесте. «Жаратылыстану» пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау саны

Сыныптар	Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
2-сынып	1	1	1	1
3-сынып	1	1	1	1
4-сынып	1	1	1	1

Назар аударыңыз!

Оқу жүктемесі төмендетілген Үлгілік оқу жоспары бойынша ҚР Білім және ғылым министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының 14-4-тармағына сәйкес төмендетілген жүктememен Үлгілік оқу жоспары бойынша 1-4-сыныптарда «Жаратылыстану» пәні аптасына 1 сағат оқытылатындықтан ТЖБ жүргізілмейді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады. Ал жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу жоспары бойынша «Жаратылыстану» пәні аптасына 2 сағат оқытылатындықтан 3-4-сыныптарда ТЖБ жүргізіледі.

«АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ» БІЛІМ САЛАСЫ

«Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны «Дүниетану» және «Өзін-өзі тану» пәндері арқылы беріледі.

«Дүниетану» оқу пәні

«Дүниетану» оқу пәнінің мазмұны адам, табиғат және қоғам, оның ішінде отбасы, мәдениет, денсаулық, қарым-қатынас, ұлт, қауымдастық, мемлекет, қоршаған табиғи орта сияқты оқыту нысандарына тоғыстырылған.

Бұл оқу пәні – негізгі және жоғары мектепте қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар циклі пәндерінің негізін қалай отырып, олардың өзара байланысы мен тәуелділігі жөніндегі білім жүйесін құрайтын кіріктірілген пропедевтикалық пән. Ол Қазақстан тұрғындарының әлеуметтік, моральдық, шығармашылық және коммуникативтік өмірінің жалпы бейнесін көрсетеді, өзі, үйі, отбасы мәселелері негізінде білім алушылардың қоршаған орта туралы түсініктерін дамытуға ықпал етеді.

«Дүниетану» пәні бойынша *оқу жүктемесінің көлемі*: 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат; 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат; 3-сыныпта – аптасына –1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты; 4-сыныпта – аптасына – 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды.

Мұғалім дүниетану сабақтарында оқытудың түрлерін қолдана алады (25-кесте).

25-кесте. «Дүниетану» оқу пәнін оқыту бойынша «стратегия» үлгілері.

№	Жұмыс түрлері	Критерийлер/Дескрипторлар
1	*«Өсімдікті таны»* Білім алушылар өсімдіктер туралы сипаттау мәтінін оқиды немесе тыңдайды. - Мына өсімдікті атаңыз. - Адамдар оны қалай пайдаланады?	- өсімдіктің атауын сипаты бойынша анықтайды; - бұл өсімдіктің не үшін қолданылатынын біледі
2	«*Жедел жәрдем» ойыны*. Мысалы, - Жараларды емдеу үшін қандай өсімдіктер пайдаланылады? (алоэ, түймедақ, жолжелкен, орамжапырақ...) - Қызуды басу үшін қандай өсімдіктер пайдаланылады? (таңқурай, лимон) - Жүрек ұстамасы кезінде қандай өсімдік пайдаланылады? (валериан) - Қандай шөптің көмегімен күн соққысынан қалай құтылуға болады? (басқа түйежапырақты қою керек) - Көруді жақсарту үшін адамдар қандай жемістерді тұтыну керек? (сәбіз, қаражидек) - Қай гүлдің тұнбасымен шашты жуғанда сары түс береді? Оларды атаңыз (гүл, түймедақ).	- жараларды емдеу үшін қандай өсімдіктердің қолданылатынын біледі; - қызуды басатын дәрі ретінде қандай өсімдіктер пайдаланылатынын біледі; - жүрек ұстамасы кезінде қандай өсімдік қолданылатынын біледі; - қандай шөптің көмегімен күн соққысынан сақтануға болатынын біледі; - адамдар көруді жақсарту үшін қандай жемістерді тұтынатынын біледі; - қандай шөптің тұнбасына жуылған шаштың түсі сары түсті болатынын біледі
3	*«Орман тыңшылары» ойыны* Балалар орманда болған төтенше оқиғаларды, табиғаттағы кез келген өзгерісті (ағаштардың кесілуі, сүйікті алаңындағы көп гүлдердің жұлынуы, бұлақтың ластануы) зерттеп, тексеру жүргізеді.	- оқиғалар тізбегін құра алады; - өз тұжырымдарын жасай алады; - табиғатты қорғау туралы біледі
4	«*Құстар асханасы*» Жобаның мақсаты – мектеп немесе үйдің ауласында құстардың тұрақты «асханасын» жасау және ұйымдастыру. Жобаның бірінші кезеңі – құстарға арналған үйшіктерді дайындау бойынша әдебиеттерді зерделеу, тәжірибе алмасу, жем жинау. Жобаның екінші кезеңі – дайындалған үйшіктердің көрмесі. Жобаның үшінші кезеңі – «асхананың» салтанатты ашылуы (презентация)	- құстардың үйшігі туралы ақпаратпен жұмыс жасай алады; - үйшікті жасай алады; - үйшікті таныстыра біледі
5	*Экологиялық жағдаят* Жерге тасталынған банан қабығы біздің климатта шамамен 2 жылда ыдырайды. Пластикалық пакет шамамен 96 жылға ұзағырақ уақытта ыдырайды. Пакеттің ыдырауына, шіруіне қанша жыл қажет?	- пакеттің шіруіне қанша жыл қажет екенін біледі; - табиғатты қорғау жөнінде біледі

6	*«Мен өзенді қорғаймын» экологиялық міндеті* Төменгі жағын үнемі су шайып жататын жарды немесе жағалауды қалай бекітуге болатыны туралы ұсыныстарыңызды айтып көріңіз.	- өзенді құтқару үшін өсімдіктер тамырының пайдаланылатынын біледі; - өсімдіктің белгілі бір түрін (тамыры мықты өсімдіктер) пайдалану керектігін дәлелдей алады; - қандай өсімдіктің сол жерде жақсы жерсінетінін біледі; - өз жауабын түсіндіре біледі
7	*«Жасыл досқа» хат* Мұғалім білім алушыларды белгілі бір жағдаятпен таныстырады. Балаларға хат жазуды, мысалы, ағашқа хат жазуды ұсынады. Жұмыс шағын шығарма түрінде (ойын элементтерінің болғаны жақсы) жүргізілуі мүмкін: конвертке хат салынып, суреттермен толтырылады, мекенжайы толтырылады.	- қандай да бір жағдаятқа ене алады; - хат жаза біледі
8	*«Экологиялық мамандық»* коллажы Жобаның бірінші кезеңі – экологиялық мамандықтар деп санауға болатын мамандық түрлері (орман шаруашылығының, қорықтардың қызметкерлері, экологиялық қызмет, көгалдандыру қызметкерлері, хайуанаттар бағының қызметкерлері, дәрігер, жүргізуші, ғарышкер, аула тазалаушы, бағбан, зертханашы және т.б.) туралы білу. Балалар осы мамандықтар туралы материал жинайды. Жобаның екінші кезеңі мамандықты қорғау болып табылады. Бұл кезде білім алушылар осы мамандықтар туралы әңгімелейді, фактілер келтіреді, суреттер, плакаттар, фотосуреттер көрсетеді, сюжеттерді ойнап көрсетеді.	- экологиялық мамандықтар туралы ақпарат жинай алады; - осы мамандықтың таныстырылымын жасай біледі
9	*Табиғаттың «Шағым кітабы».* Білім алушылар «Шағым кітабына» туған өлкесінің аумағында өсетін өсімдіктер мен тіршілік ететін жануарлардан келіп түсетін шағымдарды жазады. Жобаның бірінші кезеңі – қоршаған ортаның (жануарлар, өсімдіктер) жағдайын бақылау мақсатында экскурсия жасау, қосымша ғылыми әдебиеттерді зерделеу. Жобаның екінші кезеңі – өсімдіктер мен жануарлар атынан шағымдарды сипаттау әңгімесін жазу. Түскен шағымдарды талқылау және оларға жауап беру. Үшінші кезең – материалдарды безендіру, балалардың шығармашылық жұмыстары мен суреттері орналастырылған кітап жасау.	- экскурсияда көргендерін салыстыра біледі; - қосымша әдебиеттермен жұмыс жасай алады; - өсімдіктер мен жануарлар атынан әңгіме жаза алады; - өзінің шағын кітапшасын жасай алады

Төменде бөлім бойынша жиынтық бағалау саны көрсетілген (26-кесте).

26-кесте. «Дүниетану» оқу пәні бойынша жиынтық бағалау саны.

Сынып	Жиынтық бағалау рәсімдері			
	I тоқсандағы ЖБ саны	II тоқсандағы ЖБ саны	III тоқсандағы ЖБ саны	IV тоқсандағы ЖБ саны
2-сынып	1	1	1	1
3-сынып	1	1	1	1
4-сынып	1	1	1	1

«Өзін-өзі тану» оқу пәні

«Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқу үдерісінің басты міндеті: әрбір адамның табиғатына салынған жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығару; қоғамға қызмет етуге бағытталған мәселелерді шығармашылықпен шешудің іс жүзіндегі дағдыларын, тұлғаның құндылықтар жүйесін қалыптастыру; білім алушылардың әлеуметтік мәнді бағдарларын, яғни адамның өзіне, қоршаған әлемге, жалпы адамзатқа қатысына себепші болатын адамгершілік тәртіп негіздерін қалыптастыру.

Бастауыш мектеп білім алушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып пәннің негізгі базалық мазмұны төмендегі тарауларға сәйкес келеді: «Ғасырлар даналығы», «Ынтымақты отбасы», «Адам болам десеңіз...», «Әсемдік әлемінде!» 4-сыныпта 25-26-сабақтардың тақырыбы «Табиғаттың жандандыратын күші», 27-28-сабақтардың тақырыбы «Жанды су».

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: аптасына 1 сағат, бір жылға 1-сыныпта 33 сағат, 2-4-сыныптарда – 34 сағат.

«ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕР» БІЛІМ САЛАСЫ

«Технология және өнер» білім саласының мазмұнына «Көркем еңбек» және «Музыка» пәндері енгізіледі.

«Музыка» оқу пәні

«Музыка» пәнін оқытудың мақсаты – білім алушылардың музыка бойынша негізгі білімі мен біліктерін, музыкалық іс-әрекеттерде шығармашылықпен өз ойын жеткізу және қарым-қатынас жасау тәсілдерін меңгеру, ұлттық және жалпыадамзаттық мәдениеттің адамгершілік-эстетикалық құндылықтары туралы түсініктерін қалыптастыру, музыкалық және шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады.

«Музыка» пәні бойынша *оқу жүктемесінің көлемі:* 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат; 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат; 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат, 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды.

1-сыныпта бағалау жүргізілмейді.

2-4-сыныптарда «есептелінді» және «есептелінген жоқ» деген сынақ қойған кезде критериалды бағалау қағидасына сүйену керек.

«Көркем еңбек» оқу пәні

«Көркем еңбек» – «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» оқу пәндерін біріктіретін кіріктірілген пән.

«Көркем еңбек» кіріктірілген оқу пәні әртүрлі шығармашылық әрекеттің түрлері барысында көркем-технологиялық білім, білік және дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Оқу пәні түрлі шығармашылық іс-әрекеттегі кеңістіктік-бейнелілік ойлауын, шығармашылық ойлауын, рухани-адамгершілік мәдениетін, елесін, қиялын және аңғарымпаздығын, жеке тұлғаның қалыптасуын және өз ойын білдіруін дамытуға бағытталған.

«Көркем еңбек» пәні бойынша *оқу жүктемесінің көлемі*:

1) 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат;

2) 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

3) 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты;

4) 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды.

Түрлі материалдармен жұмыс істеу білім алушылардың технологиялық ойлауын, көркем-эстетикалық талғамын, шығармашылық, есте сақтау қабілеттерін, кеңістіктік қиялын, қиялы мен қол моторикасын дамытуға, көзбен нақты мөлшерлеу қабілетін жетілдіреді.

Оқу мақсаттары білім алушыларда белгілі бір дағды қалыптастыру үшін әрекет түрін, орындау техникасын, шығармашылық жұмысты жасаудың материалын мұғалімнің өзі таңдайтындай етіп тұжырымдалған.

«Көркем еңбек» пәні бойынша оқыту процесінде білім алушылардың АКТ құралдарын қолдану дағдыларын дамыту қажет. Ең алдымен, бұл көркем жұмыстарды жасау кезінде цифрлық компьютерлік технологияларды пайдалану, слайдтық презентацияларды жасау дағдыларын дамыту, шығармашылық жұмысты жасау үшін басқа білім алушылармен ынтымақтастық, қарым-қатынас жасау мен ақпарат алмасу жәнет.б.

«Көркем еңбек» сабақтарында мұғалімнің өзі анықтайтын әртүрлі көркемдік-шығармашылық әрекеттер қарастырылады. Бұл ретте көркемдік-шығармашылық әрекеттің негізгі үш түрі:

- құрылымдау;
- бейнелеу;
- сәндеу әрекеттері міндетті түрде іске асырылуы қажет.

Мұғалім және білім алушылар әртүрлі жұмыс түрлерін орындау барысында еңбек гигиенасының және қауіпсіздік техникасының ережелерін сақтаулары қажет.

1-сыныпта бағалау жүргізілмейді.

2-4-сыныптарда «есептелінді» және «есептелінген жоқ» деген сынақ қойған кезде критериалды бағалау қағидасына сүйену керек.

«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» БІЛІМ САЛАСЫ

«Дене шынықтыру» білім саласының мазмұнына «Дене шынықтыру» пәні енгізілген.

«Дене шынықтыру» оқу пәні

Дене шынықтыруды оқытудың мақсаты денені салауатты шынықтыруға, спорттық-спецификалық қозғалу дағдылары мен дене бітімі қабілеттерін меңгеруге бағытталған дене шынықтырудың негіздерін қалыптастыру болып табылады.

«Дене шынықтыру» пәнін оқытудың міндеттері: дене шынықтыру және спорт саласындағы теориялық білімдері мен тәжірибелік дағдыларын дамыту; өзінің дене және психикалық денсаулығын нығайту үшін ұмтылуға ынталандыру; білім алушылардың төзімділікке, ширақтыққа, күштілікке, ептілікке және икемділікке ықпал ететін қозғалыс дағдыларын дамыту; Отанға деген патриоттық сезімін, құрметтеуге, жауапкершілік пен өзара түсіністікке тәрбиелеу; білім алушылардың өз өмірлерінде салауатты өмір салтын ұстануға және үйренген дене-қимыл дағдыларын алдағы уақытта қолдануға ынталандыру; жалпы адамзат мәдениетінің бөлігі ретінде дене шынықтыру туралы түсініктерін қалыптастыру.

Пән бойынша *оқу жүктемесінің көлемі* аптасына:

1) 1-сыныпта – 3 сағаттан, оқу жылында 99 сағатты;

2) 2-сыныпта – аптасына 3 сағаттан, оқу жылында 102 сағатты;

3) 3-сыныпта – аптасына 3 сағаттан, оқу жылында 102 сағатты;

4) 4-сыныпта – аптасына 3 сағаттан, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

Дене шынықтыру мұғалімдері білім алушы ағзасының анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне (жетілуіне) сәйкес өздерінің педагогикалық тәсілдерін бақылауы және өзгертуі тиіс.

Пән бойынша бағдарламаның әрбір үшінші сағаты білім алушылардың қозғалыс белсенділігін арттыруға (спорттық және қозғалмалы ойындар санын кеңейту есебінен) және сауықтыру процесіне бағытталған.

Оқу бағдарламасында қарастырылған шаңғы/конькимен сырғанау/кросс жаттығулары аймақтардың климаттық жағдайларына сәйкес бір-бірін алмастырады.

Мұғалімнің әр сабақтағы бақылау қызметі жүйелі болады, бұл білім алушыларға жаңа материалды оқу кезеңінде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындайтынын түсінуге мүмкіндік береді, оқушының жеке білім траекториясын түзетуге мүмкіндік береді.

1-сыныпта бағалау жүргізілмейді.

2-4-сыныптарда «есептелінді» және «есептелінген жоқ» деген сынақ қойған кезде критериалды бағалау қағидасына сүйену керек, яғни білім алушы «есептелінді» деген сынақ алу үшін сабаққа қатысып қана қоймай, дене дамуы бойынша білім мен біліктілік негіздерін игеруі керек.

«Дене шынықтыру» пәні бойынша тоқсан соңында және оқу жылының соңында «есептелінді»/«есептелінген жоқ» бағасы сынып журналына қойылады.

Бастауыш мектептегі білім беру процесі ҚР білім беру саласындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық базасына сәйкес жүзеге асырылады.

Бастауыш сыныптардағы сабақ форматы балаларды оқыту процесіне белсенді түрде тартуды, олардың өткен материалды талқылауға, талдауға және

қорытуға қатысуын, зерттеу жүргізуді, бағалауда өз пікірлерін айтуды, өзін-өзі бағалауды, өзара бағалауды ұйымдастыруды және т. б. көздейді.

Сабақтың міндетті элементі мұғалімнің білім алушыны сүйемелдеуіне бағытталған, білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік беретін кері байланыс негізінде ол өз іс-әрекетіне түзетулер енгізеді. Формативті бағалау кезінде мұғалім білім алушылардың санын және кері байланысты ұсыну жиілігін өз бетінше анықтайды.

Бастауыш сыныптарда инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру

Қазақстан Республикасының заңнамасымен білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше білім берілуіне қажеттіліктерін ескере отырып, барлық білім алушыларға сапалы білім алу құқығына кепілдік берілген. Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың сапалы білім алуына тең жағдай жасау олардың келешек өмірі үшін маңызды. Бұл, ең алдымен, табысты әлеуметтік бейімделуге және өз қабілеттерін іске асыруға мүмкіндік береді.

Инклюзивті ортада білім ала отырып, ерекше білім беруді қажет ететін балалар ашық болуға үйренеді, қажетті коммуникация дағдыларын меңгереді, айналасындағы адамдармен қарым-қатынасқа түсуге дағдыланады. Ерте әлеуметтік инклюзия – баланың келешектегі өмірге бейімделуіне сенімділіктің кепілі. Қазақстан Республикасының саясаты барлық азаматтардың әлеуметтік, экономикалық, мәдени мәртебесіне қарамастан тең дәрежеде сапалы білім алу құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған.

Әр баланың табысқа жетуін қамтамасыз ету педагогтен баланың ерекшеліктерін білуді, ерекше білім берілуіне қажеттіліктерін іске асыру үшін мықты жақтарын және мүмкіндіктерін анықтай білуді талап етеді.

Бастауыш мектеп – бала өміріндегі маңызды кезең, себебі баланың психологиялық дамуы өзгереді, жетекші қызмет ойыннан оқуға ауысады, бала жаңа әлеуметтік рөл – білім алушы мәртебесін иеленеді.

Бала мектепке келген сәттен бастап білім алу ол үшін жетекші іс-әрекетке айналады. Біріншіден, оқу іс-әрекеті арқылы баланың қоғаммен негізгі қарым-қатынасы іске асады, екіншіден, оқу іс-әрекетінде мектеп жасындағы баланың тұлғалық негізгі қасиеттері, сондай-ақ жекелеген психикалық процестері қалыптасады.

Инклюзивті білім беруде маңызды рөл педагогке тиесілі, себебі ерекше білім беруді қажет ететін білім алушының белгіленген білім беру траекториясын ұстануын педагог бақылайды. Педагог бұл траекторияны білім алушының оқу процесінде көрінетін жетістіктері мен қиындықтарына сүйене отырып, үнемі түзетіп отырады. Ерекше білім беруді қажет ететін баланың оқу процесін іске асыру үшін білім алушы мен педагог арасындағы қарым-қатынас байсалды, позитивті және сенімді болуы керек.

Оқытуды саралау оқу процесін тұлғаның жеке ерекшеліктерін есепке алу негізінде ұйымдастыруға, барлық білім алушылардың білім беру мазмұнын меңгеруін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл ретте саралау әрбір білім алушы үшін әртүрлі болуы мүмкін, десе де, барлық білім алушыға ортақ инварианттық бөлім сақталады. Саралау жағдайында оқыту процесі білім

алушылардың танымдық қажеттіліктерін, олардың жеке ерекшеліктерін барынша ескереді.

Білім алушылардың бағдарламалық материалды игеру деңгейі оқытуда деңгейлік саралау технологиясын қолданумен байланысты. Бұл технологияда танымдық іс-әрекетті басқару әрбір білім алушыны шағын топтар жүйесі арқылы өзінің жеке мүмкіндіктері мен қабілеттері деңгейінде оқыту мақсатында жүзеге асырылады. Педагогтің әлсіз білім алушыға сараланған тәсілмен көмектесуіне, күшті білім алушыға көңіл бөлуіне, қиын балалармен тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндігі болады.

Инклюзивті білім берудің табысты практикасында білім алушы – нені, не үшін және қалай істеп жатқаны, ненің қолынан келіп-келмейтіні, не себепті қолынан келмейтіні жөнінде өз-өзіне есеп беретін, сондай-ақ нені оқып жатқанын және оқытудың нәтижесі қандай болатынын түсінетін білім беру субъектісі. Осылайша, барлық білім алушылар, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалар педагогпен бірге өз қызметтерінің рефлексиясын жүзеге асырады.

Жеке тәсілмен оқытудың мақсаты – білім алушылардың білімдерінде кемшіліктердің пайда болуына жол бермеу. Мұндайда білім алушылардың ұжымдық жұмысын ұйымдастыруға басты назар аударылады. Жекелеген білім алушыларда пайда болуы мүмкін қиындықтарды педагог алдын ала болжауы керек. Сондықтан мұндай білім алушыларға педагог оқулықтан материалды алдын ала оқуға, кестеге жүгінуге, осыған ұқсас жаттығуларды тағы да орындауға кеңес береді, білім алушының ойын бағыттайтын жетекші сұрақтар қояды.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытуда жеке әдіспен жұмыс жасау әр пәннің ерекшелігін ескеруді талап етеді. Педагог сыныпта білім алушы кез келген уақытта кез келген сұрақ қоя алатындай жағдай жасауы керек. Ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасау әдістерін меңгеру олардың психикалық белсенділігінің ерекшелігін құрайтын көрсеткіштердің тұтастай кешенін зерттеу тереңдігіне тәуелді. Әр білім алушының жеке ерекшеліктерін білу арқылы педагог сол білім алушымен жұмыс істеу үшін ыңғайлы тәсілдерді анықтай алады. Сонымен қатар келесі жеке сипаттамаларды ескеру маңызды:

- баланың дене және психикалық дамуына әсер ететін негізгі ерекшеліктер;
- сөйлеу, интеллект, эмоциялық-ерік аясының жағдайы;
- балалардың жас және жеке ерекшеліктері;
- олардың қалауын, мүдделерін, бейімділіктерін, мүмкіндіктерін көрсету және дамыту үшін жағдай жасау;
- психикалық процестердің ерекшеліктері (қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау);
- темперамент түрі.

Жеке көзқарас бұл ерекшеліктерді ескеріп қана қоймай, сонымен қатар әр білім алушымен жеке дәйекті жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді. Кейбір балалар үшін жеке сабақтар дамудың негізгі шарттарының бірі екенін есте сақтаған жөн.

Инклюзивті ортада оқу жетістіктерін бағалау кезінде білім алушылардың психикасына ұқыпты қарау, оған ауыр тиетін жағдайлардан аулақ болу, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың психофизиологиялық даму ерекшеліктерін ескеру қажет. Әр кезеңге педагог өз сыныбындағы білім алушылармен жұмыс алгоритмін дайындайды және өткен күннің рефлексиясын құрайды. Осылайша, жеке тәсіл және жеке ерекшеліктерді есепке алу білім алушының қоршаған ортаға барынша бейімделуінің шарты болып табылады.

Педагогикалық саралауға сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды оқытудағы сараланған, деңгейлік тәсіл білім алушылардың жетістіктерін бағалау кезеңін қоса алғанда, тұтас білім беру процесінің барлық кезеңдерінде іске асырылуы тиіс.

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды бағалау кезінде мұғалім сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды қолданады, сондай-ақ білім алушының ерекшеліктерін есепке ала отырып, оның ішінде жеке оқу бағдарламаларын іске асыру кезінде бағалау критерийлеріне өзгерістер енгізеді.

Үлгерімді бағалау жалпы бағалау нормаларына негізделе алмайды, ол білім алушының алға даму дәрежесін ескеруі, оның оқу процесін ынталандыруы және тәрбие қызметін орындауы тиіс. Білім алушының даму нәтижелерін басқа балалардың табыстарымен емес, баланың өз жетістіктерімен салыстыру өте маңызды.

Табысқа жетудің кез келген нәтижесі бағалануы тиіс, ол оқытудағы мотивацияны арттырады және іс-әрекетте тұрақты, оң көзқарасты қалыптастырады.

Педагог сараланған және жеке тәсілдерді пайдаланғанда білім алушыларға шыдамдылық, табандылық, жақсы қарым-қатынас танытуы, уақытында көмек көрсетуі, ұжымдық жұмысқа белсене тартуы, жетістіктері үшін ынталандыруы тиіс.

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде білім алушыларға қолдау көрсететін мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі білім алушылар үшін жайлы білім беру ортасын құруда маңызды рөл атқарады. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – анықталған оқу қиындықтары мен олардың пайда болу себептеріне негізделген оқу процесінде білім алушыны қолдаудың түрлерін, формалары мен көлемін анықтау.

Білім алушының (ПМПК ұсынымы бар) қажеттіліктерін бағалау және оны психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтамасыз ету алгоритмі жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдарда ұсынылған. Олар Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА https://nao.kz/, сондай-ақ ҚР БҒМ «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» РММ http://special-edu.kz/ сайттарында орналастырылған.

Бағалау қызметінде психологиялық және педагогикалық қолдау көрсетудің екі бағытын ескеру қажет:

- өзекті – балада осыған дейін пайда болған қиындықтарды шешуге бағытталған;

- келешекті – оқуда болуы мүмкін қиындықтарды ескеруге және алдын алуға бағытталған.

Екі бағыт та педагогикалық процесте қолдау қызметінің барлық мамандарының және педагогтердің бірлескен күш-жігерінің арқасында іске асырылуы мүмкін.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарымен бірге педагог барлық сыныптармен жұмыс істеу стратегиясын ойластырады, оған сәйкес балалар нәтижені, оқу өнімінің сапасын ғана емес, сонымен қатар процесті – қосымша күш-жігер деңгейін, белсенділікті, топтық жұмысқа қатысу шараларын, өзінің өсуін бағалайды.

Жеке-топтық және ұжымдық жұмыстың үйлесімділігі жағдайында әрбір білім алушының өзіне тән қарқынмен жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет. Күшті білім алушылармен жұмыс істеу негізінде мазмұны үнемі артып отыратын жүктеме болуы тиіс. Әлсіз білім алушылармен жеке жұмысты жүргізу қиындықтарды жүйелі түрде зерделеуге негізделуі тиіс. Ұжымдық жұмыс формаларын жеке тәсілмен біріктірудің бір тәсілі – әртүрлі деңгейдегі сараланған тапсырмаларды қолдану. Тапсырмаларды 2 бөлікке бөлуге болады: міндетті және қажетті. Бұл әлсіз білім алушыларға асықпай, міндетті тапсырмаларды орындауға, ал күшті білім алушыларға қосымша тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді.

Бағалау процесінде жиынтық жұмыстарды әзірлеуде бастауыш сынып педагогтері балалардың мүмкіндіктеріне бейімделген, бірақ міндетті түрде оқу мақсаттарына сәйкес келетін әртүрлі деңгейлер мен типтегі тапсырмаларды қолданады. Мұндай тапсырмаларды таңдау білім алушының өзінің «жақын даму аймағындағы» мүмкіндіктерімен анықталады. Мұндайда педагог тапсырмаларды орындау формасын, амалдарын, тәсілдерін әр кез өзгерту мүмкіндігіне ие.

Мұндай дараландыру процесі ерекше білім беруді қажет ететін бала үшін де, оның қалыпты дамып келе жатқан құрдастары үшін де маңызды. Дараландыру принципі сыныптың барлық білім алушылары үшін тең мүмкіндіктер жасауға жағдай туғызады, осылайша практикада инклюзивті көзқарас іске асады.

Инклюзия дәстүрлі мектеп жүйесінің өлшемдеріне сәйкес болу дәрежесіне қарамастан әрбір адамға білім алуға құқық береді. Білім алушылардың әрқайсысының даралығын құрметтеу және қабылдау арқылы жеке тұлға қалыптасады. Сонымен қатар балалар ұжымда болып, бір-бірімен өзара қарым-қатынас жасауға, педагогпен бірге білім беру мәселелерін шығармашылық тұрғыда шешуге үйренеді.

3.3 Негізгі орта білім беру деңгейі

Негізгі орта білімнің мақсаты – тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру, тұлғаны қоғам өміріне бейімдеу, кәсіпті, мамандықты саналы

түрде таңдауға және меңгеруге негіз жасау, оның ішінде білім алушылардың білім беруге ерекше қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескеру.

Негізгі орта білім берудің негізгі міндеттері білім алушылардың:

1) рухани-адамгершілік қасиеттерін;

2) ғылым негіздері бойынша базалық білім жүйесін;

3) өздігінен білім алу және тұлғалық өзін-өзі дамыту дағдыларын;

4) оқу, жобалау, зерттеушілік іс-әрекеттерін жүзеге асыру дағдыларын;

5) сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын;

6) қауымда өз қабілетін өзі іске асыру және өзара әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру мен дамыту болып табылады.

Қалалық білім беру ұйымдарында сыныптарда білім алушылар саны – 24 және одан артық, ауылдық жерлерде білім алушылар саны – 20 және одан артық болғанда:

1) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда – қазақ тілі мен әдебиеті;

2) оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда – орыс тілі мен әдебиеті;

3) шетел тілі;

4) көркем еңбек;

5) информатика;

6) дене шынықтыру сабақтарын жүргізу кезінде сыныпты екі топқа бөлуге болады.

Негізгі орта білім беру деңгейінде оқу процесін ұйымдастыру оқыту мен тәрбиелеудің біртұтастығы қағидатын іске асыруға, оның ішінде білім алушылардың білім беруге ерекше қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескеруге бағытталған. Оқытуды ұйымдастыру кезінде білім алушылардың жетекші іс-әрекеті ретінде білім алуға басымдық беріледі.

Назар аударыңыз!

- Негізгі орта білім беру білім алушылардың ғылымның базистік негіздерін меңгеруін, олардың бойында жоғары рухани-адамгершілік мәдениет пен тұлғааралық және этносаралық қарым-қатынас мәдениетін дарытуды, жеке тұлғаның өзін-өзі анықтауы мен өзін-өзі тануын, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруды, бейіналды дайындықты іске асыруды қамтамасыз етеді.
- 5-8-сыныптарда «Жол жүру ережелері» оқу курсы сынып сағаттарының есебінен және сыныптан тыс уақытта сынып журналының жеке бетінде сабақ тақырыбы мен күні көрсетіле отырып, әр сыныпта 10 сағаттан жүргізіледі.

«ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ» БІЛІМ САЛАСЫ

«Тіл және әдебиет» білім саласында «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі», «Орыс әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Ана тілі», «Ұйғыр/Өзбек/Тәжік әдебиеті» «Шетел тілі» пәндері оқытылады.

«Қазақ тілі» оқу пәні

«Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы функционалдық-коммуникативтік бағытқа негізделіп құрастырылды. Ол оқушылардың тіл туралы түсініктерін тереңдетіп, ұлттық мәдениет пен әлемдік мәдениеттің маңыздылығы туралы түсініктерін кеңейтеді.

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарларымен (2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) жүзеге асырылады.

«Қазақ тілі» пәнінен 5-9-сыныптардың оқу процесі ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ міндетін атқарушының 2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрығымен (ҚР Әділет министрлігінде 2017 жылы 13 қарашада № 15982 тіркелген) бекітілген «Негізгі орта білім беру деңгейінің «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен және ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР БҒМ 2019 жылғы 7 наурыздағы №105 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 12 наурызда № 18382 болып тіркелді) бекітілген Ұзақ мерзімді жоспар негізінде жүзеге асырылады.

Назар аударыңыз!

Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын (төмендетілген оқу жүктемесімен) таңдаған білім беру ұйымдарындағы оқу процесі «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-сыныбына арналған «Қазақ тілі» пәнінен оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу бағдарламасымен (оқыту қазақ тілінде) жүзеге асырылады.

Назар аударыңыз!

Үлгілік оқу жоспарының түріне байланысты негізгі орта білім беру деңгейінде «Қазақ тілі» пәнін оқытуға бөлінген апталық оқу жүктемесінің көлемі әртүрлі (27-сурет).

27-кесте. Оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Жалпы жүктеме, сағат			
		Үлгілік оқу жоспары (жаңартылған мазмұн)		Үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)	
		Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
5	Қазақ тілі	3	102	3	102
6	Қазақ тілі	3	102	3	102
7	Қазақ тілі	3	102	2	68

8	Қазақ тілі	2	68	2	68
9	Қазақ тілі	2	68	2	68

Қазақ тілі пәнін оқыту мақсаты – ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

«Қазақ тілі» оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

– қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктеріне коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану;

– тіл сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығын, сөз байлығын, басқалармен еркін қарым-қатынасқа түсу;

– аудиовизуалды материалды тыңдау барысында өз көзқарастарын білдіру;

– мәтіндерге қойылған мақсатқа сәйкес қорытынды, синтез, анализ жасау дағдыларын қалыптастыру.

Оқу нормативтері бойынша ұсынымдамалар

Оқу жылдамдығы – оқушы тұлғасының қалыптасуына әсер ететін маңызды факторлардың бірі. Оқытудың екінші негізгі кезеңінде де оқушылардың оқу жылдамдығын қалыптастыру жалғасады, алайда 5-9-сыныптарда түсініп оқуға емес шапшаң оқу мен мәнерлеп оқуға басты назар аударылады.

5-сыныпта бастауыш сыныптардағыдай оқу жылдамдығын тексеруді бақылап отыру қажет. Бақылау мақсаты тез, жылдам оқу емес, түсініп оқу болатынын ескерген жөн.

5-9-сыныптардағы оқу жылдамдығына қойылатын талаптар

Мәнерлеп оқу, логикалық екпінді ең маңызды сөздерге қойып оқу. Оқу барысында сөз бұзылмай, автордың айтатын ойы дұрыс жеткізіледі.

28-кесте. 5-9-сыныптардағы оқу жылдамдығының нормасы

Сыныптар	Міндетті деңгей	Мүмкіндік деңгейі
5-сынып	105 – 115 сөз	110 – 120 сөз
6-сынып	115 – 125 сөз	120 – 130 сөз
7-сынып	125 – 135 сөз	130 – 140 сөз
8-сынып	135 – 145 сөз	150 – 160 сөз
9-сынып	145 – 155 сөз	170 – 180 сөз

Жаңартылған білім мазмұнына орай оқу дағдыларына қойылатын талаптар біршама өзгерді (29-кесте).

29-кесте. Оқу дағдыларына қойылатын талаптар

Сынып тар	**Тыңдалым**		**Оқылым**	**Жазылым**	**Айтылым**	
	тыңдалым ұзақтығы	**мәтіндегі сөз саны**			**диалог**	**монолог**
5	3-5 минут	200-300 сөз	300-400 сөз	150-200 сөз	6-8 сөйлем	8-10 сөйлем
6	3-7 минут	300-500 сөз	300-500 сөз	200-250 сөз	8-10	10-12

					сөйлем	сөйлем
7	5-9 минут	300-700 сөз	500-700 сөз	250-300 сөз	10-12 сөйлем	12-14 сөйлем
8	5-11 минут	500-900 сөз	500-800 сөз	300-350 сөз	12-14 сөйлем	14-16 сөйлем
9	5-13 минут	500-1000 сөз	500-900 сөз	350-400 сөз	12-14 сөйлем	14-16 сөйлем

«Қазақ тілі» пәнінің жаңартылған оқу бағдарламасы оқушысына қазақ тілін ана тілі ретінде тілдік қатынас және таным құралы ретінде оқытуды, сөз, сөз тіркесі, сөйлемнің мәтін түзімдік қызметін танытуды, тілдік бірліктердің табиғатына сай мәтін құратуды, мәтін құратудағы заңдылықтарды үйретуді, тілдік жағдаяттарда ауызша және жазбаша сөйлеудің нормаларын меңгертуді, әсерлі сөйлеудің лексика-грамматикалық тәсілдерін меңгертуді көздейді.

«Қазақ тілі» пәні бойынша бөлім бойынша жиынтық бағалау саны 30-кестеде берілген.

30-кесте. 5-9-сыныптарда «Қазақ тілі» пәнінен өткізілетін БЖБ саны

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Жалпы жүктеме, сағат							
		Үлгілік оқу жоспары (жаңартылған мазмұн)				Үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)			
		1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
5	Қазақ тілі	2	2	2	2	2	2	2	2
6	Қазақ тілі	2	2	2	2	2	2	2	2
7	Қазақ тілі	2	2	2	2	2	2	2	2
8	Қазақ тілі	2	2	2	2	2	2	2	2
9	Қазақ тілі	2	2	2	2	2	2	2	2

Назар аударыңыз!

5-9-сынып білім алушыларына Ы. Алтынсариннің еңбектерін насихаттау мақсатында (Ы.Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойына орай) диктант жұмыстарын жүргізу ұсынылады.

Назар аударыңыз!

2021-2022 оқу жылының ерекшелігі өткен оқу жылдарындағы білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру және жаңа оқу жылындағы оқу бағдарламасының меңгерілуін қамтамасыз ету. Осы міндетті орындау үшін төмендегі жұмыс реті ұсынылады.

2021-2022 оқу жылында білім алушылардың өткен оқу жылдарындағы біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру және жаңа оқу жылына арналған оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарының меңгерілуін қамтамасыз ету бойынша мақсатты жұмыс жоспарын дайындаудың реті

(әрбір пән мұғалімі үшін)

№	**Жұмыс мазмұны**
	Диагностикалық жұмыс *(I тоқсанның I аптасында)*
1	Өткен оқу жылдарындағы пәннің оқу бағдарламасының оқу мақсаттары бойынша *әкімшілік диагностикалық бақылау* жұмысын жүргізу
2	Тақырыптар бойынша олқылығы бар оқушылардың санына байланысты *өткен тақырыптардың ішінен қиындық тудырған тақырыптар мен оқу мақсаттарын анықтау. Мысалы, қандай да бір тақырыпты меңгермеген оқушылардың саны көп болса, сол тақырып күрделі болып есептеледі. Тақырыпты меңгермеген оқушылардың саны аз болса, ол тақырыптың күрделілігі төмен болып есептеледі*
	Жоспарлау жұмысы *(I тоқсанның II аптасында)*
3	Пәннің оқу бағдарламасы бойынша жаңа оқу жылында өтілетін тақырыптар мен оқу мақсаттарына сәйкес келетін өткен оқу жылдарындағы *күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын анықтау*
4	Сәйкес келетін тақырыптар мен оқу мақсаттарын анықтағаннан кейін *қысқа мерзімді сабақ жоспарларын* мақсаттарды үйлестіре, кіріктіре отырып әзірлеу. *Жаңа тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгеру үшін өткен оқу жылдарындағы тақырыптар бойынша білімінде олқылығы бар оқушыларға алдын ала дайындалып келуге берілетін тапсырмалар әзірлеу.*
5	Пәннің оқу бағдарламасы бойынша жаңа оқу жылындағы тақырыптар мен оқу мақсаттарына *сәйкес келмейтін* өткен оқу жылдарының *күрделі тақырыптары мен оқу мақсаттарын анықтау*
6	Жаңа бағдарламаға сәйкес келмейтін өткен оқу жылдарының күрделі тақырыптары мен оқу мақсаттары бойынша *білімінде олқылықтары бар оқушылардың тізімін жасау және топтастыру*
7	Білімінде олқылықтары бар оқушылардың топтарымен өткізілетін *консультациялардың кестесін жасау*
8	Білімінде олқылықтары бар оқушыларға өткізілетін *кеңес беруді* сәйкес келетін *жаңа тақырып пен оқу мақсатына сабақ жоспарлаудан* бұрын өткізу
9	Білімінде олқылықтары бар оқушылардың топтарымен өткізілетін *кеңес беру* кестелерін *жоспарлау принциптері:* - жаңа сабақтан бұрын кеңес беру; - жұмыс күндеріне сыймаған жағдайда сенбілік немесе жексенбілік кеңес беру; - II, III, IV тоқсандық каникул күндеріндегі кеңестер; - жазғы мектеп күндеріндегі кеңестер
10	*Жаңа сабақтан бұрын кеңес* өткізу топтарын анықтау, кестесін жасау
11	*Сенбілік немесе жексенбілік кеңес* өткізу топтарын анықтау, кестесін жасау
12	*Каникул күндеріндегі кеңес* өткізу топтарын анықтау, кестесін жасау
13	*Жазғы мектеп күндеріндегі кеңес* тақырыптарын анықтау, кестесін дайындау
14	Жаңа оқу жылында оқу пәндері бойынша білім алушылардың білім сапасына *жүйелі мониторинг жүргізу* кестесін және талдау жұмысының *жоспарын дайындау (бұл жерде білім алушының өткен оқу жылы бойынша білімінің сапасы да, олқылықтары да көрінеді):*

	қыркүйектің екінші аптасы *(диагностикалық әкімшілік бақылау)*; бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) кестесі; тоқсан бойынша жиынтық бағалау (ТЖБ) кестесі.
Жүзеге асыру және талдау жұмысы *(оқу жылы бойы)*	
15	Пән бағдарламасы бойынша *оқу мақсаттары кіріктірілген қысқа мерзімді сабақ жоспарымен* сабақты ұйымдастыру арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа оқу мақсаттарына қол жеткізу
16	*Жаңа сабақтан бұрын кеңес беру* кестесі бойынша сабақ жүргізу арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып, жаңа мақсаттарға қол жеткізу
17	Жаңа сабақтан бұрын *сенбілік немесе жексенбілік кеңес беру* арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып, жаңа мақсаттарға қол жеткізу
18	*Каникул күндерінде кеңес беру* арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа оқу мақсаттарына қол жеткізу
19	*Жазғы мектеп күндеріндегі кеңес* өткізу *кестесі* бойынша сабақ жүргізу арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыру
20	Білім алушылардың білім сапасына жүргізілген *жүйелі мониторинг жұмысының нәтижелерін:* - диагностикалық бақылау жұмысының талдамалық есебін; тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебін *әдістемелік бірлестікте, әдістемелік кеңесте, педагогикалық кеңесте;* бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебін *әдістемелік бірлестікте;* - оқу жылының қорытындысы бойынша талдамалық есепті *әдістемелік бірлестікте және педагогикалық кеңесте* талдау және талқылау

«Қазақ тілі» пәнінен білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін 5-9-сыныптарға арналған оқу бағдарламасы бойынша өткен оқу жылдарының оқу мақсаттарына сәйкес келетін жаңа оқу жылындағы оқу мақсаттарын анықтау қажет.

«Қазақ тілі» пәні бойынша 5-сынып білім алушылары үшін бастауыш сынып бағдарламасы негізінде білім алушылардың біліміндегі орын алған олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында бастауыш сыныптың «Қазақ тілі» пәнінен күрделі оқу мақсаттарын кіріктіріп, сабақ жоспарлау ұсынылады. Ол үшін мұғалім бастауыш сыныптардағы оқу бағдарламасының оқу мақсаттары бойынша әкімшілік диагностикалық бақылау жұмысын жүргізуі тиіс.

Бастауыш сынып бағдарламасының оқу мақсаттары бойынша білімінде олқылығы бар оқушылардың санына байланысты өткен тақырыптардың күрделілігі анықталады. Мысалы, қандай да бір оқу мақсатын меңгермеген оқушылардың саны көп болса, сол тақырып ең күрделі болып есептеледі. Тақырыпты меңгермеген оқушылардың саны аз болса, ол тақырыптың күрделілігі төмен болып есептеледі.

Кіріктіруге келмейтін күрделі оқу мақсаттары, соның ішінде «тыңдалым/айтылым» бөлімінің оқу мақсаттары бойынша білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін жеке кеңестер беру кестесін жасап, төмендегі жұмыс түрлерін ұйымдастыру ұсынылады.

Алдын ала кеңес топтарын құру	Жексенбілік кеңес топтарын құру	Каникул күндеріндегі кеңес топтарын құру
1) Топта оқушы саны 15-тен артпайды; 2) Күрделі оқу мақсаттары бойынша жеке кеңес беруді жоспарлау; 3) Кеңес беруді КТЖ-ның алдындағы күні өткізу ұсынылады	1) Топта оқушы саны 15-тен артпайды; 2) Күрделі оқу мақсаттары бойынша жеке кеңес беруді жоспарлау; 3) КТЖ бойынша бір апта бұрын өткізу; 4) Алдыңғы аптада өткізілетін оқу мақсаттарына дайындық жүргізіледі	1) Топта оқушы саны 15-тен артпайды 2) Күрделі оқу мақсаттары бойынша жеке кеңес беруді жоспарлау; 3) КТЖ бойынша келесі тоқсанда өтілетін мақсаттарға дайындық жұмыстарын жүргізу ұсынылады

«Қазақ тілі» пәні бойынша 5-6-сынып білім алушыларының біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында төменде күрделі деген оқу мақсаттарының жобасы ұсынылды.

5-сынып	6-сынып
Тыңдалым және айтылым	
әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (ән мәтіні, жарнама) көтерілген мәселені түсіндіру	тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау
Оқылым	
хаттың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату	мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру
Жазылым	
эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу	эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу («келісу, келіспеу» эссесі)

«Қазақ тілі» пәні бойынша 6-7-сынып білім алушыларының біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында төменде күрделі деген оқу мақсаттарының жобасы ұсынылды.

6-сынып	7-сынып
Тыңдалым және айтылым	
тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау	тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу
Оқылым	
ауызекі сөйлеу және көркем сөйлеудің стильдік ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану	публицистикалық және ресми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану
Жазылым	
эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу	эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу

	себептерін айқын көрсетіп жазу («келісу, келіспеу» эссесі)
Әдеби тіл нормалары	
көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизм, неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөз, табу сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу	фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану

«Қазақ тілі» пәні бойынша 7-8-сынып білім алушыларының біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында төменде күрделі деген оқу мақсаттарының жобасы ұсынылды.

7-сынып	**8-сынып**
Тыңдалым және айтылым	
әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырып-тарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас, жаңалық, ән, көркем әдеби шығармалар дан үзінді) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау	әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау
Оқылым	
публицистикалық және ресми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану	публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану
Жазылым	
жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақала, нұсқаулық, әңгіме құрастырып жазу	жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, аннотация, тезис құрастырып жазу

«Қазақ әдебиеті» (оқыту қазақ тілінде)

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарларымен (2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) жүзеге асырылады.

«Қазақ әдебиеті» пәнінен 5-9-сыныптардағы оқу процесі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ м.а. 2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрығымен (ҚР Әділет министрлігінде 2017 жылы 13 қарашада № 15982 тіркелген) бекітілген Негізгі орта білім беру деңгейінің «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады.

Назар аударыңыз!

Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын (төмендетілген оқу жүктемесімен) таңдаған білім беру ұйымдарындағы оқу процесі «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім беру деңгейінің 8-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу бағдарламасымен (оқыту қазақ тілінде) жүзеге асырылады.

«Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың мақсаты – оқушылардың бойында гуманистік, адамгершілік-эстетикалық, ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу; ұлттық әдеби туындылармен қатар әлем әдебиеті туындыларымен таныстыру; көркем шығарманы тануда қажетті біліммен қаруландыра отырып, шығарманы мазмұн мен түр бірлігінде көркемдік тұтастық пен көркемдік бейнені талдау, жинақтай білу, шығарма идеясын, жазушы ұстанымын бағалай білу дағдыларын қалыптастыру.

«Қазақ әдебиеті» пәні әдебиетті өнердің басқа салаларымен (кескін, театр, кино, музыка) салыстыра қарастырып, өз ойын еркін, дәлелді, сараптай, салыстыра отырып жеткізе білетін тұлғаның қалыптасуына үлес қосады. Сонымен қатар әдебиетті «Қазақ тілі», «Тарих», «Орыс әдебиеті», «География» пәндері, мәдени, қоғамдық және тәрбиелік шаралармен байланыстыра отырып, жүзеге асыру көзделеді.

Назар аударыңыз!

Үлгілік оқу жоспарының түріне байланысты негізгі орта білім беру деңгейінде «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытуға бөлінген апталық оқу жүктемесінің көлемі әртүрлі (28-сурет).

31-кесте. Оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Жалпы жүктеме, сағат			
		Үлгілік оқу жоспары (жаңартылған мазмұн)		Үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)	
		Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
5	Қазақ әдебиеті	2	68	2	68
6	Қазақ әдебиеті	2	68	2	68
7	Қазақ әдебиеті	2	68	2	68
8	Қазақ әдебиеті	3	102	2	68
9	Қазақ әдебиеті	3	102	2	68

Назар аударыңыз!

«ҚР Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығымен 9-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасында *К.Гамсунның «Аштық» романының орнына Қажығали Мұхамбетқалиевтің «Тар кезең» романы* енгізілген.

«Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасы үш негізгі дағдыны басшылыққа алады:

1) түсіну және жауап беру;
2) анализ және интерпретация;
3) бағалау және салыстыру.

«Түсіну және жауап беру» бөлімі аясындағы бөлімшелер білім алушылардың төмендегі дағдыларды үйренуіне мүмкіндік береді:

- көркем шығарманың мазмұны мен пішінін анықтау және талдау;
- әдеби шығарманың тұжырымдамасын айқындай білу;
- көркем шығармадағы образды ашу және сипаттау;
- шығарма үзінділерімен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.

«Анализ және интерпретация» бойынша:

- әдеби шығарманың композициясын, композициялық амал-тәсілдерді талдау;
- шығармадағы автор бейнесін анықтау, оның рөлін талдау;
- көркем шығарманың тілін, көркемдегіш құралдардың қолданысын талдау;
- көркемдегіш құралдарды пайдалана отырып, шығармашылық жұмыс жазу.

«Бағалау және салыстыру» бойынша:

- шығарманың тарихи және көркемдік құндылығына баға беру;
- әдеби шығармаларды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру;
- шығарманың құндылығын талдап, әдеби эссе жазу;
- әдеби шығармаларды талдап, салыстыра отырып, сыни шолу және сыни мақала жазу дағдыларын дамыту.

«Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, сыни тұрғыдан ойлау дағдысын дамытуға ықпал етеді. Бұл пән әдеби шығармаларды оқытып қана қоймай, танымдық және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға да негізделген. Оқу бағдарламасында оқушылардың жас ерекшеліктерінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес пәннің мазмұны мен білім, білік, дағдыларының көлемі анықталған. Әр сыныпта оқытылатын шығармаларды таңдау кезінде қазіргі замандағы баланың жас ерекшелігімен қатар танымдық ерекшеліктері де ескерілген.

Көркем шығармаларды толық оқу міндеттеледі. Сол арқылы оқушыға автордың идеясын толық түсінуіне, шығарманы жан-жақты талдай алу

қабілетін дамытуға және оқырмандық қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік беріледі. Көркем шығарманы саналы түрде түсініп, талдап, зерттеп, кейіпкерлерді салыстырып, олардың әрекетіне баға беріп, сол шығармалар арқылы оқырмандық сауаттылығын қалыптастыру көзделеді.

Қазақ әдебиеті туындылары жасөспірімдердің рухани қажеттіліктері мен даму мүмкіндіктеріне сәйкестендіріле, қазақша ойлау және сөйлеу, жазу, тыңдағанын түсіну, монолог, диалог, пікірталас жасау дағдыларын қалыптастырып, талдап, тану негізіне сәйкес құрылған.

Қазақ әдебиетінің әр кезеңінде жазылып, өзінің көркем құндылығын жоғалтпай келе жатқан туындылармен танысу арқылы оқушы әдеби талдау, сыни ойлау қабілеттеріне ие болып, шығармашылдық ізденіске қадам басады. Оқу мақсаттары белгілі бір тарау бойынша ұзақ мерзімді жоспарда көрсетілген тізімге сай жүзеге асады.

Мұғалімнің сабаққа әзірлейтін тапсырмалары келесі критерийлерге сәйкес болуы қажет:

- тапсырманың, оның мақсаты мен орындалуының қолжетімділігі;
- сараланған тапсырмаларды ұсыну;
- сын тұрғысынан ойлауды дамытуға мүмкіндік беру;
- проблемалық оқытуға негізделуі;
- бағалау мүмкіндіктерінің бар болуы.

Эссе, шығарма жазу, презентация жасау және т.б.бойынша тапсырма беру барысында мұғалімге оқушыларды тапсырманың критерийлерімен таныстыру ұсынылады.

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша бір сабақта бір немесе бірнеше оқу мақсатын алуға болады. Мұғалім оқу мақсаттарының комбинациясын шебер пайдалана білуі керек.

Пәнаралық байланыс – оқытудың ерекше категориясы болғандықтан, оқушылардың әдебиеттен жүйелі білім алуын күшейтіп, оқу әдістерін белсендіреді. Әдебиет сабағындағы пәнаралық байланыс оқушылардың эстетикалық талғамын және сурет, музыка, кино өнерлеріне ұмтылысын қалыптастырады. Шығармадағы тарихи шындық пен көркемдік шешім көрінісін, топонимикалық, ономастикалық атаулардың маңыздылығын түсіне отырып, оқылған шығарманы бейнелеу және музыка өнерімен ұштастыра отырып, пәнаралық байланысты кеңінен қолдану оқушының дүниетанымын қалыптастырады.

Қазақ тілі мұғалімдері оқушыларды өздігінен білім алуға, шешім қабылдауға қабілетті ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі жоғары, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне талдау жасай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстанады.

Мұғалімдер оқушылардың бойында бұл қасиеттерді әртүрлі оқыту тәсілдерін қолдану арқылы тәрбиелейді және дамытады:

- сенімді қатынас пен ынтымақтастық ахуалын қалыптастыру үшін жағдай жасау;

- әрбір оқушының жеке пікірін тыңдау және алынған білімдер мен түсініктерді қолдану, оларды дамыту маңыздылығына мән беру;

- іс-әрекеттердің белсенді түрлерін ұйымдастыру және тиянақты сараланған тапсырмалар мен жаттығулар арқылы ынталандыру және дамыта оқыту;

- оқушылардың сабақта зерттеу жұмыстарын жүргізуін қажет ететін проблемалық жағдаяттар туындату және проблемаларды шешу стратегияларын модельдеу және көрсету;

- «оқу үшін бағалауды» қолдану арқылы оқушылардың оқуына қолдау көрсету;

- белсенді оқуға және зерттеу жобаларын орындауға негізделген оқушылардың зерттеу іс-әрекеттерін қолдау;

- оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;

- өз ойын жеткізе білу және дәлелдер келтіре алу, мәселелерді анықтау үшін өз пікірлерін жеткізу, болжам құру және ұсыныс жасау қабілетін дамытуға ынталандыратын жағдайлар жасау;

- оқушылардың жеке мүмкіндіктерін және жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, сараланған тапсырмалар әзірлеу;

- жеке, жұптық, топтық және ұжымдық оқыту әдістері белсенді қолданылатын жалпы сыныптық жұмыс түрлерін ұйымдастыру.

Оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз етуде мұғалімдердің қолданатын оқыту тәсілдері (яғни, педагогикалық әдістемелер) маңызды болып табылады.

Оқытудың барлық аспектілері сындарлы оқыту теориясымен үйлеседі. Сындарлы оқыту тәсілдері білім берудің «дәстүрлі» әдістерімен салыстырғанда, оқыту кезінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сындарлы оқыту тәсілдері оқушылардың алдыңғы білімдерімен ұштастырыла отырып, жаңа білім алуы туралы тұжырымдамаға негізделген. Бұл жерде ең маңыздысы: оқушылардың алдыңғы алған дағдылары жаңа дағдыларды меңгеруге ықпалын тигізеді, ал егер ол ескерілмесе, онда білім тереңге бармай, үстірт меңгерілген таяз білім болады. Мұндай үстірт білім оқушыға қазіргі әлемде жетістікке жету үшін қажетті жоғарыда аталған сын тұрғысынан ойлау, рефлексия және басқа да дағдыларды, алған білімін өмірде қолдануына кері әсерін тигізеді. Оқушылар білімді толықтай меңгеру үшін ақпаратты енжар қабылдамай, сабаққа белсенді қатысуы керек. Оқушылардың алған білімдерімен жұмыс істеуіне, оны әрі қарай өңдеп, өз дағдыларын арттыруға мүмкіндік беретін тапсырмалар орындауға жағдай жасау маңызды.

ҚР БҒМ 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілген *Негізгі орта білім беру деңгейінің 8-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу бағдарламасының ерекшеліктері:*

Негізгі орта білім беру деңгейінің 8-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспарда төмендегі оқу мақсаттары қысқартылды:

8-сыныптың 1-тоқсанында:

8.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтау;

8.2.1.1 композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау;

2-тоқсанда:

8.1.2.1 әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу;

3-тоқсанда:

8.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану;

8.2.4.1 шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазу;

8.3.4.1 шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу;

4-тоқсанда:

8.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу;

8.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтау;

9-сыныптың 1-тоқсанында:

9.1.2.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау;

9.2.1.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау;

2-тоқсанда:

9.2.1.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау;

9.3.4.1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, шағын сыни мақала жазу;

3-тоқсанда:

9.2.4.1 автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу;

9.3.2.1 шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру;

4-тоқсанда:

9.3.4.1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, шағын сыни мақала жазу қысқартылды.

Төменде оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау саны көрсетілген (32-кесте).

32-кесте. Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау рәсімдерінің саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
5-сынып	2	2	2	2
6-сынып	2	2	2	2
7-сынып	2	2	2	2
8-сынып	2	2	2	2
9-сынып	2	2	2	2

Негізгі орта білім беру деңгейінің 6 және 7-сыныптарында «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық мазмұнына **«Өлкетану»** материалдары кіріктірілген.

Өлкетану – бұл туған өлкенің тарихы, табиғаты мен экологиясы, экономикалық, әлеуметтік-құқықтық дамуы, рухани шыққан тегі, әдебиеті және көркемөнері. Өлкетану өзіңнің туған жерінді аялауды, сүюді ғана үйретіп қоймайды, сондай-ақ ол туралы білуіңді, тарихқа, өнерге, әдебиетке қызығушылық танытуға, мәдениет деңгейін көтеруге үйретеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында әзірленген «Өлкетану» материалдарын оқыту:

- білім алушылардың ежелгі дәуірден бастап қазіргі уақытқа дейінгі туған жер аумағында болып жатқан тарихи процестердің негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы білім қалыптастыру;

- туған өлкенің табиғи байлықтары, тарихи ескерткіштері және мәдени нысандары туралы білімдерін кеңейту;

- туған өлкенің дәстүрлі қолөнері, мәдени және әдеби мұралары мен өңір мақтанышына айналған адамдар туралы білімдерін кеңейту;

- туған өлкенің бірегей табиғаты, тарихы мен мәдениетіне деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу; оларды қорғауға жауапкершіліктерін арттыруға бағытталған.

Өлкетану материалдары *6, 7-сыныптарда 2 сағаттан 4 сағат* көлемінде оқытылады. Өлкетану материалдары оқу бағдарламасының базалық білім мазмұны мен ұзақ мерзімді жоспардың 3 және 4-тоқсандарына енгізілді. Оқу бағдарламасы бойынша тоқсандағы бөлімдер мен бөлім ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркінде болғандықтан «Өлкетану» материалдарын кіріктіріп оқыту ұсынылады.

Өлкетану материалдарын оқытудың ерекшеліктері:

Өлкетану мәдени және ұлттық сәйкестікті дамыту мен сақтаудың маңызды міндетін орындайды. Өлкетанулық білім жаңа буынды аймақтың мәдени құндылықтарымен қамтамасыз етіп отыратын әлеуметтік-мәдени ақпарат көзінің бірі.Бұл жеке тұлғаның мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

6-сыныпта «Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада», «Өлкені сипаттау өнері» тақырыптарын оқытуда білім алушыларды туған өлкенің табиғаты және тарихы сипатталатын поэтикалық және прозалық шығармаларды, туған өлкенің ақындары мен жазушыларының шығармашылығын білуге, олардың шығармашылығы туралы деректер жинауға және мәтіннің ақпараттылық, оның көркемдік, тілдік ерекшеліктері негізінен өлкетану сипаттамаларын талдауға үйрету ұсынылады.

7-сыныпта «Туған өлке публицистика беттерінде», «Менің туған өлкем» электрондық энциклопедиясы» тақырыптарын оқытуда өңірде шығатын газет-журналдарды білуге, туған өлке туралы, шындық көзқарас тұрғысынан адамдар туралы мақалалар мен очерктерді ақпараттылығы, мазмұнының тереңдігі, эмоционалдық әсері тұрғысынан талдауға, энциклопедия ұғымын түсінуге, энциклопедияға қажетті материалдарды іріктей білуге, электрондық энциклопедия құрастырудың ұжымдық жұмысына қатысуға баулу ұсынылады.

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру жөнінде ұсынымдар

2021-2022 оқу жылының басында «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша шектеу шаралары кезіндегі оқу жылдарында жіберілген білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру және жаңа оқу жылының оқу бағдарламасын меңгерту бағытында мақсатты шаралар жыл бойы жүргізілуі тиіс. Соған байланысты мектептерге 2021-2022 оқу жылында оқушылардың өткен оқу жылдарындағы біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру және жаңа оқу жылына арналған оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарының меңгерілуін қамтамасыз ету бойынша жұмыс жоспарының реті ұсынылды.

2021-2022 оқу жылында білім алушылардың өткен оқу жылдарындағы біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру және жаңа оқу жылына арналған оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарының меңгерілуін қамтамасыз ету бойынша мақсатты жұмыс жоспарын дайындаудың реті

(әрбір пән мұғалімі үшін)

№	**Жұмыс мазмұны**
Диагностикалық жұмыс *(I тоқсанның I аптасында)*	
1	Өткен оқу жылдарындағы пәннің оқу бағдарламасының оқу мақсаттары бойынша *әкімшілік диагностикалық бақылау* жұмысын жүргізу
2	Оқу мақсаттары бойынша білімінде олқылығы бар оқушылардың санына байланысты *өткен тақырыптардың ішінен қиындық тудырған тақырыптар мен оқу мақсаттарын анықтау. Мысалы, қандай да бір тақырыпты меңгермеген оқушылардың саны көп болса, сол тақырып күрделі болып есептеледі. Тақырыпты меңгермеген оқушылардың саны аз болса, ол тақырыптың күрделілігі төмен болып есептеледі*
Жоспарлау жұмысы *(I тоқсанның II аптасында)*	
3	Пәннің оқу бағдарламасы бойынша жаңа оқу жылында өтілетін тақырыптар мен оқу мақсаттарына сәйкес келетін өткен оқу жылдарындағы *күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын анықтау*
4	Сәйкес келетін тақырыптар мен оқу мақсаттарын анықтағаннан кейін *қысқа мерзімді сабақ жоспарларын* мақсаттарды үйлестіре, кіріктіре отырып әзірлеу. *Жаңа*

	тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгеру үшін өткен оқу жылдарындағы тақырыптар бойынша білімінде олқылығы бар оқушыларға алдын ала дайындалып келуге берілетін тапсырмалар әзірлеу.
5	Пәннің оқу бағдарламасы бойынша жаңа оқу жылындағы тақырыптар мен оқу мақсаттарына *сәйкес келмейтін* өткен оқу жылдарының *күрделі тақырыптары мен оқу мақсаттарын анықтау*
6	Жаңа бағдарламаға сәйкес келмейтін өткен оқу жылдарының күрделі тақырыптары мен оқу мақсаттары бойынша *білімінде олқылықтары бар оқушылардың тізімін жасау және топтастыру*
7	Білімінде олқылықтары бар оқушылардың топтарымен өткізілетін *кеңес беру кестесін жасау*
8	Білімінде олқылықтары бар оқушыларға өткізілетін *кеңес беруді* сәйкес келетін *жаңа тақырып пен оқу мақсатына сабақ жоспарлаудан* бұрын өткізу
9	Білімінде олқылықтары бар оқушылардың топтарымен өткізілетін *кеңес беру* кестелерін *жоспарлау принциптері:* - жаңа сабақтан бұрын кеңес беру; - жұмыс күндеріне сыймаған жағдайда сенбілік немесе жексенбілік кеңес беру; - II, III, IV тоқсандық каникул күндеріндегі кеңестер; - жазғы мектеп күндеріндегі кеңестер
10	*Жаңа сабақтан бұрын кеңес* өткізу топтарын анықтау, кестесін жасау
11	*Сенбілік немесе жексенбілік кеңес* өткізу топтарын анықтау, кестесін жасау
12	*Каникул күндеріндегі кеңес* өткізу топтарын анықтау, кестесін жасау
13	*Жазғы мектеп күндеріндегі кеңес* тақырыптарын анықтау, кестесін дайындау
14	Жаңа оқу жылында оқу пәндері бойынша білім алушылардың білім сапасына *жүйелі мониторинг жүргізу* кестесін және талдау жұмысының *жоспарын дайындау (бұл жерде білім алушының өткен оқу жылы бойынша білімінің сапасы да, олқылықтары да көрінеді):* қыркүйектің екінші аптасы *(диагностикалық әкімшілік бақылау)*; бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) кестесі; тоқсан бойынша жиынтық бағалау (ТЖБ) кестесі.
Жүзеге асыру және талдау жұмысы *(оқу жылы бойы)*	
15	Пән бағдарламасы бойынша *оқу мақсаттары кіріктірілген қысқа мерзімді сабақ жоспарымен* сабақты ұйымдастыру арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа оқу мақсаттарына қол жеткізу
16	*Жаңа сабақтан бұрын кеңес беру* кестесі бойынша сабақ жүргізу арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа мақсаттарға қол жеткізу
17	Жаңа сабақтан бұрын *сенбілік немесе жексенбілік кеңес беру* арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа мақсаттарға қол жеткізу
18	*Каникул күндерінде кеңес беру* арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа оқу мақсаттарына қол жеткізу
19	*Жазғы мектеп күндеріндегі кеңес* өткізу *кестесі* бойынша сабақ жүргізу арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыру
20	Білім алушылардың білім сапасына жүргізілген *жүйелі мониторинг жұмысының нәтижелерін:* - диагностикалық бақылау жұмысының талдамалық есебін; тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебін *әдістемелік бірлестікте, әдістемелік кеңесте, педагогикалық кеңесте;* бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебін *әдістемелік бірлестікте;* - оқу жылының қорытындысы бойынша талдамалақ есепті *әдістемелік бірлестікте және педагогикалық кеңесте* талдау және талқылау

1. **Диагностикалық жұмыс**

1) пән бойынша өткен оқу жылдарының бағдарламасындағы тақырыптар мен оқу мақсаттары бойынша әкімшілік диагностикалық бақылау жұмысын жүргізу;

2) жүргізілген диагностикалық бақылау нәтижесі бойынша өткен оқу жылдарында оқытылған тақырыптар мен оқу мақсаттарынан білімінде олқылықтары бар білім алушылардың саны арқылы күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын анықтау;

2. **Жоспарлау жұмысы**

1) өткен оқу жылдары мен жаңа оқу жылының оқу бағдарламаларындағы сәйкес келетін күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын қысқа мерзімді сабақ жоспарын әзірлеуде кіріктіру;

2) жаңа сабақты жоспарлаудың алдында өткен оқу жылдарындағы тақырыптар мен оқу мақсаттары бойынша білімінде олқылығы бар оқушыларға алдын ала тапсырмалар әзірлеу;

3. **Жеке консультациялар өткізу**

Өткен және жаңа оқу жылдарына арналған оқу бағдарламаларындағы сәйкес келмейтін тақырыптар мен оқу мақсаттары бойынша білім алушы санын 15-тен асырмай, жеке консультациялар, қосымша сабақтар («жексенбілік мектеп», «каникул кезіндегі мектеп») өткізу кестесін әзірлеу;

4. **Жүзеге асыру, талдау жұмыстары**

1) пәнді оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін (*саралап оқыту, кейс-стади, тақырыптық талқылау, іскерлік ойын, жобалық және зерттеу жұмыстары, модульдік оқыту және т.б.)* қолдану;

2) білім алушылардың білім сапасына жүйелі мониторинг жүргізу кестесін әзірлеу және талдау жұмысын жоспарлау;

3) білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында жүзеге асырылған оқу мақсаттарын БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын құрастыруда ескеру;

4) БЖБ, ТЖБ нәтижелері негізінде білім алушылардың білім сапасына жүйелі мониторинг жүргізу және талдау;

5) білім алушылардың білім сапасына жүргізілген мониторинг жұмысының нәтижесін әдістемелік бірлестікте, әдістемелік кеңесте, педагогикалық кеңесте талқылау ұсынылады.

Қысқа мерзімді сабақ жоспарын әзірлеуде кіріктіріп өткізуге ұсынылатын күрделі оқу мақсаттары:

4-сыныптың «Әдебиеттік оқу» пәнінің оқу бағдарламасындағы «4.1.3.1 шығарманың тақырыбы және қорытынды бөлімі негізінде сюжеттің дамуын болжау, оның себебін түсіндіру» деген оқу мақсатын 5-сыныптағы «5.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау» деген оқу мақсатымен кіріктіруге болады.

5-сыныптағы «5.2.3.1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау» деген оқу мақсатына сабақ жоспарлау кезінде 4-сыныптағы «шығармадан әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, кейіптеу, эпитет, аллитерация, әсірелеу) табу және оларды қолдану» оқу мақсатын

кіріктіру арқылы 4-сыныпта жіберген білімдегі олқылықты толықтыруға болады.

5-сыныпта бастауыш сыныптан келген оқушылар эссе жазуды бірден меңгеріп кете алмайды. Сондықтан 4-сыныпта өткен «4.1.5.1 өз ойын, сезімін, көзқарасын өмірде болған, өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып білдіру» деген оқу мақсатын қайталап, сол бойынша жұмыс жүргізу арқылы эссе жазуға үйреткен дұрыс.

5-сыныпта «5.2.3.1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау» деген күрделі оқу мақсатын 6-сыныптағы «6.2.3.1 шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау» оқу мақсатымен біріктіріп, тапсырмалар ұсыну;

«5.3.2.1 кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау» деген оқу мақсатын 6-сыныпта «6.3.1.1 шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру», «6.3.2.1 кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру» деген оқу мақсаттарына жаңа сабақты жоспарлау кезінде кіріктіру;

7-сыныпта «7.2.4.1 шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазу» деген оқу мақсатын 8-сыныптағы «8.2.4.1 шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазу» оқу мақсатымен;
«7.3.1.1 кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру» деген оқу мақсатын «8.3.1.1 шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау» оқу мақсатына кіріктіріп, сабақ жоспарлау ұсынылады.

Жаңа оқу жылының бағдарламасына сәйкес келмейтін күрделі оқу мақсаттары бойынша жеке консультациялар өткізуге ұсынылатын күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттары:

6-сыныпта:

«6.1.3.1 әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау»; «6.3.4.1 шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау»;

7-сыныпта:

«7.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау», «7.3.4.1 әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу»;

8-сыныпта:

«8.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу», «8.3.4.1 шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу;

9-сыныпта:

«9.3.4.1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазу».

5-9-сыныптарда «Қазақ әдебиеті» пәнінен оқытылатын шығармалардың ішінде өткен оқу жылдарында толық оқуға мүмкіндік болмаған немесе оқушыларға қол жетімсіз болған шығармаларды қосымша сыныптан тыс не каникул кездерінде оқуға ұсыну қажет.

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша қайталауға және бекітуге арналған шығармалар тізімі:

- А.Алтай «Прописка» әңгімесі;
- М.Әуезов «Көксерек» әңгімесі;
- М.Шаханов «Нарынқұм зауалы» өлеңі;
- Т.Әбдіков «Қонақтар» әңгімесі;
- Б.Момышұлы «Ұшқан ұя» әңгімесі;
- Т.Ахтанов «Күй аңызы» әңгімесі;
- Р.Мұқанова «Мәңгілік бала бейне» әңгімесі;
- Ғ.Мүсірепов «Ұлпан» романы;
- Қажығали Мұхамбетқалиев «Тар кезең» романы.

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу процесін қашықтан оқыту тәртібінде ұйымдастыру

Оқу процесін қашықтан оқыту тәртібінде ұйымдастыруға арналған ұсынымдар:

- педагогтің ең қолайлы инфрақұрылымы мен білім беру контенті бар интернет-платформаны таңдауы;
- Үлгілік оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарын, материалды мұқият іріктеуі;
- сабақтың оқу мақсатына сәйкес оқу материалын сапалы дайындауы;
- ақпараттың реттілігін, жүйелілігін, сабақтастығын және т.б. сақтауы;
- сабақ мазмұны мен уақытын ұтымды бөлуі;
- өткен материалдың қысқаша мазмұны: жаңа тақырыпты түсіндіру үшін қажетті және логикалық байланысы бар жаңа тақырыптың негізгі ережелерін қажеттілігіне қарай мазмұндауы;
- білім алушылардың назарын жаңа материалды оқып үйренуге қажет болуы мүмкін білімдер мен дағдыларға аударуы;
- сабақ жоспарына сәйкес жаңа материалды мазмұндауы;
- материалды бекітуге арналған ұсынымдар беруі;
- негізгі дидактикалық принциптерді ескеруі: ғылымилығы, көрнекілігі, қолжетімділігі, танымдылығы, теорияның практикамен байланысы, оқу материалының оқылуы/эстетикалығы;
- оқу тапсырмаларын оқу мақсатына және ұсынылған көлемге сәйкес, орындау тәртібі мен уақыт шығындарын, сондай-ақ білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып әзірлеуі;
- теледидар, ақпараттық-коммуникациялық және мультимедиалық технологияларды тиімді қолдануы;
- түрлі ақпараттық оқыту материалдарын қолдануы: мәтіндік, презентациялар, графикалық, медиа, суреттер, кестелер, инфографика және тағы басқалар;

- оқушылардың дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар мен белсенді әдіс-тәсілдерді қолдануы;

- бүкіл сынып қатысатын, топтық немесе жұптық жұмыс түрлерін, оқушылардың жеке жұмыс істеуін ұйымдастыруы;

- оқушыларға өз бетінше жұмыс істегенде жетістікке жетуге мүмкіндік беретін жобаларды ойлап табуы және ұйымдастыруы;

- көркем шығармаларды толық оқуға, қосымша әдебиеттер оқуға кеңес беруі және оны қадағалауы;

- білім алушылармен тікелей байланыс (стриминг) жасап, орындалған жұмыстарды талдап, білім алушыларға кері байланыс (комментарийлер, ұсынымдар) беріп отыруы;

- білім алушыларға, оның ішінде білім алуға ерекше қажеттілігі бар, үлгерімі төмен білім алушыларға қажет болған жағдайда жеке кеңес беруі ұсынылады.

Әдістемелік бірлестік отырыстарында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін жетілдіру (әдістемелік бірлестік, жас мамандар мектебі, педагогикалық шеберлігін жетілдіру мектебі, шығармашылық топ және т.б.) бойынша ұсынылатын тақырыптар*:*

1. Жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде сабақты жоспарлау мен критериалды бағалау;

2. Тиімді сабақ. Жоспарлау. Бақылау.

3. Рефлексия – мұғалімнің кәсіби дамуының негізі;

4. Оқу мақсаттарынан сабақ мақсаттарына шығу жолдары;

5. Қалыптастырушы бағалау – бағалаудың тиімді тәсілі;

6. Тыңдалым дағдысын қалыптастыруда кездесетін қиындықтар және оны шешу жолдары;

7. Тыңдалым дағдысын қалыптастыратын белсенді әдістер;

8. ҚМЖ құрудың тиімділігі мен артықшылығы;

9. Lesson Study жүргізу жолдары және күтілетін нәтижелер;

10. Тыңдалым материалдарын пайдаланудың тиімді жолдары;

11. Грамматикалық тақырыптарды лексикалық тақырыптармен сабақтастырудағы шеберлік;

12. Сабақта саралап оқытуды жүзеге асыру;

13. «Эссе жазу стратегиясы туралы»;

14. Білім беруде қолданылатын сандық технологиялардың тиімділігі.

Негізгі білім беру деңгейіне арналған «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары бойынша құрылған жаңа білім мазмұны мұғалімді де, оқушыны да оқу әрекетіне белсенді қатысуға, өз пікірін айтуға, өзінің сөйлеген сөзіне дәлел келтіруге, кейіпкерлер арқылы өмірлік ситуацияларды шешу жолдарын ізденуге, ең бастысы жаңаша ойлайтын тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Назар аударыңыз!

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2021-2022 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндерге назар аударуды ұсынамыз. Мерейтой тізімі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтына орналастырылады (www.nao.kz).

Мектепте сыныптан тыс жұмыстар төмендегі шаралар арқылы жүзеге асады:

- мекемелерде, табиғат аясында, мәдени мекемелерде, мұражайларда;
- таңдауы бойынша еркін сабақтар, оқу пәндері бойынша сайыстар мен олимпиадалар жүргізу;
- оқу бағдарламаларына сай қосымша арнаулы сабақтар өткізу;
- кіріктірілген және пәнаралық оқу сабақтарын жүргізу;
- мерейтой иелеріне арналған тәрбие сағаттарын, әдеби кештер, мәнерлеп оқу сайыстарын, эссе, мазмұндама, шығарма жазу сайыстарын және т.б. ұйымдастыру.

Сыныптан тыс жұмыстар білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, алған білімдерін тереңдетіп, өздігінен іздене білуге үйретеді. Сонымен қатар теориялық білімін кеңейтіп толықтырады және білім алушылардың жеке қабілетін дамыта түседі.

Назар аударыңыз!

✓ *«Қазақ әдебиеті» пәнінен оқушыларды кітап оқуға баулу, сөйлеу тілін дамыту мақсатында тоқсандық және жазғы демалыс кездерінде оқитын оқу бағдарламасына қосымша көркем шығармалардың тізімі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтына орналастырылады (www.nao.kz).*

Көркем шығармалардың тізімі оқушылардың жас ерекшелігі мен келесі сыныпта оқылатын және оқулықта үзіндісі ғана берілетін шығармалар ескеріліп жасалды. Жаңа оқу жылының басында жазда оқыған шығармалары бойынша «Оқушы күнделігі», «Мен оқыған кітап» және т.б. тақырыптарда көрме өткізуге болады. Көрмеге әр оқушы өзі оқыған туынды бойынша шығармашылық жұмысын ұсынады. Жұмыс фотоколлаж, эссе, жарнама, сурет т.с.с. түрде жасалуы мүмкін. Оқушылардың жұмысын арнайы сарапшылар талдап, қорытындысын шығарады.

«Оқырман күнделігі» тақырыбындағы іс-шарада оқушы оқыған шығарманың мазмұнын:

- сұрақ қою;
- тірек сөздерді жазу;

- оқиғаның түйінін жазу;
- оқиғаны суретке түсіру түрінде дәптерге түсіреді.

Назар аударыңыз!

Оқыту қазақ тіліндегі мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдеріне қосымша материалдар алу үшін ұсынылатын сайттар:

1. http://nao.kz - Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ресми сайты;
2. http://ustazuni.kz - мұғалімдерге арналған сайт;
3. https://infourok.ru/ - ұстаздарға арналған білім көтеру, ашық сабақтар сайты;
4. http://mugalimder.kz - республикалық сайт;
5. http://bilimland.kz – ұстаздар мен білім алушыларға арналған сайт;
6. http://abai.kz- ақпараттық-танымдық сайт;
7. http://bilimger.kz- білім порталы;
8. http://ustaz.kz - ашық сабақтар сайты;
9. http://sabak- шығармашыл мұғалімдер сайты;
10. http://sabaqtar.kz/kazaksh/ - Қазақстан ұстаздарына арналған әдістемелік сайт;
11. http://bilimsite.kz/ustaz - білімділер сайты;
12. http://ped.kz - ұстаздардың әлеуметтік порталы;
13. http://oqu-zaman.kz - ұстаздар мен білім алушыларға арналған қосалқы білімді сайт;
14. http://tarbie.org - ұстаздар сайты;

http://kazbilim-edu.kz- оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қазақ тілі сабақтарында тиімді пайдалану

Абай мектептері желісінде білім беру және оқу процесін ұйымдастыру туралы

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында рухани жаңғырудың басты шарты деп білім беруде тек полиглот, цифрлы қаруланған, бәсекеге қабілетті тұлғаны емес, өз тілі мен әдебиетін сүйетін, туған жерінің тарихын білетін, ұлттық коды сақталған, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеуді атап көрсеткен.

Осыған орай, бүгінгі таңда ұлттық сананы жаңғырту негізінде қазақша ойлай алатын, қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметін түсінетін, тілдік нормасын сақтап жаза алатын, лингвоэтика, сөйлеу мәдениеті заңдылықтарын білетін және қазақ тілін функционалды-коммуникативті аспектіде талдап, ұлттық тіл деңгейінде қолдана алатын тұлғаны қалыптастыру қажеттілігі туындап отыр.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысында Экономика қажеттіліктеріне және өңірлік ерекшеліктерге сәйкес кәсіптік даярлықтың сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз етуде: «Мемлекеттік тілді басым дамыту білім беруді әдіснамалық және ғылыми-

әдістемелік сүйемелдеу, оның ішінде қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқыту есебінен күшейтілетін болады. Ол үшін гуманитарлық пәндерді тереңдетіп оқытатын Абай атындағы мектептер мен мектеп-интернаттарының желісі құрылатын болады», – деп атап көрсетілген.

Абай мектептері желісінде білім беру және оқыту процесі қазақ тілінде жүргізіледі. Қазақ тілі мен әдебиеті ҚР БҒМ 2020 жылғы «27» қарашадағы № 496 бұйрығының 7-қосымшасы негізінде «Негізгі және жалпы орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған Абай мектептері желісінің 5-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Абайтану» пәндерінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары бойынша оқытылады.

«Қазақ тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;

2) 6-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;

3) 7-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;

4) 8-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағат;

5) 9-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағатты құрайды.

«Абай мектептеріне» арналған жаңартылған оқу бағдарламасындағы грамматиканың берілуі: лексика-грамматикалық бөлім, грамматикалық материал, сөйлеу әрекетінің түрлері және оқыту мақсаттарынан тұрады. Мысалы: *лексика-грамматикалық бөлім:* 1. Қазақстан бейнесі. Қазақстанның өткені мен келешегі. Шешендік сөздер.

Грамматикалық материал: Ойталқы (диспут). Ғылыми стильдің тілдік ерекшеліктері.

Сөйлеу әрекетінің түрлері: тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым, әдеби тіл нормаларынан тұрады.

1. «Абай мектептерінде» грамматиканы оқытуда мәтінтануға үйретететін міндеттер:

Мазмұнын тану. ҰМЖ-дағы мәтіндегі негізгі ойды тап, сұрақ құрастыр деген сияқты мазмұнды түсінуге бағытталған жаттығулар құрастырудан тұрады (бағдарламада нақты көрсетілген).

Стилі мен жанрын тануда әр стильге, әр жанрға тән тілдік қолданыстарды ажырату үшін мәтін ішіндегі тіл құралдарын түстеп таныту арқылы орта мектепке сай лингвистикалық білім беру (тілдік талдаулар).

2. Мәтін тудыру дағдысын қалыптастырудағы айтылым бөлімінде: айтылым кезінде ерін үндестігі мен буын үндестігін сақтау, сөйлеу техникасын жетілдіру, сөйлеу мәдениетін сақтау арқылы шешендік өнердің қырларын меңгерту (5-11).

Жазылым бөлімінде: емле мен тыныс белгі нормаларын сақтай отырып, қарапайым диктант, мазмұндама жазудан бастап түрлі стильдегі және жанрдағы мәтіндерді (эссе) жазу дағдыларын жетік меңгеру. Мәтіндерді типтей білу (5-11-сыныптар) берілген.

«Абай мектептері» желісіндегі оқу процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «27» қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете

оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған желілік «Абай мектептері» желісінің 5-9-сыныптарына арналған **«Қазақ әдебиеті»** пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы негізінде (оқыту қазақ тілінде) жүзеге асырылады.

«Абай мектептері» желісінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының мақсаты – сөз өнерін мәдени мұра, ұлттық құндылық ретінде түсініп, бағалай алатын, интелектуалдық эстетикалық деңгейі, адамгершілік ұстанымы жоғары шығармашыл тұлға қалыптастыру.

«Абай мектептері» желісінің «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы шиыршық әдісімен қатар хронологиялық жүйені сақтай отырып, қарапайымнан күрделіге қарай оқыту принципіне негізделген.

Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 5-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат;
2) 6-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат;
3) 7-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат;
4) 8-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат;
5) 9-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағатты құрайды.

«Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасы үш негізгі дағдыны басшылыққа алады:

1) оқу және түсіну;
2) талдау және жинақтау;
3) бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім).

«Оқу және түсіну» бөлімінде: көркем шығарманы пайымдап, мәнерлеп, талдап оқиды, мәтіндегі қолданысын түсінеді; шығарма үзінділерімен жұмыс жасайды; шығармадағы өзекті мәселе мен идеялық мазмұнын ашады және көркем шығармадағы форма мен мазмұн бірлігін ажырата алады; көркем шығарма желісі бойынша ауызша, жазбаша интерпретация жасайды.

«Талдау және жинақтау» бөлімінде: әдеби шығарманың композициялық құрылымын анықтайды; көркем шығарманың образдар жүйесі мен типтік кейіпкерлерді ажыратады; көркем шығарманың тілі мен стилін біледі; көркемдік тәсілдерді талдап, қазақ және әлем әдебиетіндегі құндылықтарды айқындайды.

1) «Бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім)» бөлімінде: көркем шығармадағы тарихи шындық пен көркемдік шешімді ажыратады; рухани және көркемдік құндылығын табады; әдеби шығармашылықпен айналысады; әдеби эссе мен әдеби сын жаза алады.

«Абай мектептері» желісінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында оқытылатын шығармалар тізімінде: ауыз әдебиетінің үлгілері, ертегілер, батырлар жыры, аңыз-әңгімелер, ежелгі дәуір әдебиеті, шешендік сөздер, XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті, соның ішінде халық ақындары, айтыс өнері, би-шешендер, сал-серілер, әнші-ақындар; XX ғасыр әдебиеті, соның ішінде балалар әдібиетінің өкілдері, қазіргі заман әдебиетінің авторлары мен шығармалары және әдеби жанрлар (сатира, фантастика, детектив) қамтылды.

Білім алушылар оқу мақсаттары жүйесі бойынша шығарма мәтініндегі жекелеген ұғымдардың концептілік, символдық қызметін түсініп, образдар мен мотивтердің туынды идеясымен байланысын анықтай алатын болады. Сонымен қатар туынды желісі бойынша көркем шығарманы автор ізімен баяндап жазу, шығармадағы көрініс әңгімелеп жазу, ойтолғау, хат, ертегі, өтірік өлең, әңгіме жазу, кейіпкер монологі мен диалогін жазу, әдеби эссе, блог, миниатюра, ғылыми жоба және рецензия мен әдеби сын жазумен айналыса алады. Көркем шығарманы өзге жанрда ауызша, жазбаша интерпретациялап, киносценарий, инсценировка сияқты шығармашылық жұмыстар жасай алады.

«Абай мектептері» желісіне жаңа оқу пәні – «Абайтану» пәні **енгізілді.**

«Абайтану» пәні бойынша оқу процесі ҚР БҒМ 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған желілік «Абай мектептері» желісінің 5-9-сыныптарына арналған «Абайтану» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы негізінде (оқыту қазақ тілінде) жүзеге асырылады.

«Абайтану» пәні 3 бағытта оқытылады:

1) тілтанымдық: Абай шығармаларын талдау;

2) тұлғатанымдық: Абай Құнанбайұлы туралы естеліктер мен ғылыми еңбектерді оқыту;

3) дүниетанымдық: интеграциялық байланыс.

«Абайтану» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының мақсаты – Абай шығармаларының тілдік ерекшелігі арқылы қазақ әдеби тілінің құнарын, көркем сөздің қуатын, эстетикалық күшін, идеялық мазмұнын меңгертіп, ұлттық мінез-құлық, сапалық ерекшеліктерді, ұлттық кодты таныту, гуманистік-көркемдік, мәдени-тарихи, ұлттық құндылықтарды бағалай алу құзыретін дамыту; Абайдың «Толық адам», ар ілімі, адамгершілік мұрат-мақсаты, пәлсапалық көзқарастары арқылы тұлғалық қасиеттерді танытып, білімгерлердің өзіндік даму бағытын, сыни ой-пайымын қалыптастыру; әдеби тіл және әдеби формалар арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, өзіндік ұстанымы бар, түрлі жағдайда оңтайлы шешім қабылдауға қабілетті тұлға қалыптастыру.

«Абайтану» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

2) 6-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

3) 7-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

4) 8-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;

5) 9-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағатты құрайды.

«Абайтану» пәні білімінің мазмұны келесі бөлімдерге бөлінген:

1) оқу және түсіну;

2) талдау және жинақтау;

3) бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім).

«Оқу және түсіну» бөлімінде: мәтінді түсініп, мәнерлеп негізгі ой түйіндерін пайымдап оқу, мәтіннің тілдік ерекшелігін (лексикалық, образдық мәнін) игеру, шығарма үзінділерімен жұмыс, шығармадағы өзекті мәселе, идеялық мазмұн, (ауызша, жазбаша) интерпретация;

«Талдау және жинақтау» бөлімінде: әдеби шығарманың композициялық құрылымы, көркем шығарманың идеялық мазмұны, образдар жүйесі, типтік характер, көркем шығарманың тілі, стилі, көркемдік тәсілдер;

«Бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім)» бөлімінде: шығармадағы тарихи шындық және көркемдік шешім, рухани және көркем-эстетикалық құндылық; әдеби шығармашылық; әдеби сын бөлімшелері қамтылған.

Оқытылатын көркем шығармалар тізімінде Абайдың өлеңдері, қарасөздері мен поэмалары, сондай-ақ М.Әуезовтің «Абайдың өмірбаяны», «Зерек те талапты жас» мақалаларымен қатар қосымша оқуға да шығармалар тізімі ұсынылған.

«Русский язык и литература» оқу пәні (оқыту орыс тілінде емес)

Важность учебного предмета «Русский язык и литература» для школ с нерусским языком обучения определена приоритетным статусом русского языка как средства межнационального общения в Республике Казахстан и его значимостью в создании полиязычного пространства.

Изучение учебного предмета «Русский язык и литература» способствует развитию коммуникативных навыков в устной и письменной речи.

Учебный предмет «Русский язык и литература» способствует становлению мировоззрения учащегося, дает возможность пользоваться информацией различных сфер: социально-бытовой, социально-культурной, научно-технической, учебно-профессиональной; помогает ориентироваться в общемировом образовательном пространстве.

Целью учебной программы по учебному предмету «Русский язык и литература» является формирование коммуникативных навыков, основанных на владении системой разноуровневых языковых средств, соблюдение правил и норм русского литературного языка, правил речевого этикета, употребление языковых единиц в речевой деятельности, ориентированной на ситуацию общения, что способствует развитию функциональной грамотности учащихся. Учебная программа направлена на развитие всех видов речевой деятельности: слушания, говорения, чтения и письма.

Программа предусматривает планирование такого урока, в котором сочетается материал по чтению и грамматике. Это определяет его структуру: каждое занятие должно содержать работу над текстовым материалом и работу над языковым материалом (орфографические, грамматические правила, определения, упражнения по развитию устной и письменной речи). Реализация основной цели обучения русскому языку как неродному – формирование навыков речевой деятельности – обеспечивается охватом таких сторон в изучении языка, как расширение словарного запаса, приобретение навыков самостоятельной передачи мыслей на русском языке.

При планировании урока учитель руководствуется основным нормативным документом – Учебной программой, а также Долгосрочным планом. В этом документе определены цели обучения, которые должны быть

реализованы в и четверти, и в разделе. Далее учитель может опираться на среднесрочный план, в котором содержатся рекомендуемые действия по организации учебного процесса, составляет краткосрочный план.

Планирование урока зависит от этапа обучения, т. е. от того, формируется речевой навык (умение) впервые или закрепляется и автоматизируется. Для формирования коммуникативных умений обучающихся каждый урок должен быть организован как урок развития речи, на котором учащиеся слушают и читают различные тексты, рассуждают, анализируют, пишут. Обучающиеся участвуют в коллективном обсуждении разных точек зрения, ищут и используют информацию для решения познавательных задач, активно занимаются самостоятельным поиском решения учебной проблемы. При организации урока необходимо руководствоваться целями, указанными в учебной программе и долгосрочном плане. Цель обучения может быть основой для нескольких уроков, каждый из которых будет иметь микроцель. Данная цель в течение изучаемого раздела может повторяться три раза. Например, на первом уроке учитель может дать понятие о синонимах, антонимах, омонимах, организовать работу с текстом, где обучающиеся находят данные лексические единицы и т.д. На втором уроке отрабатываются навыки использования изученных понятий в речи, а на третьем – ученики создают устные высказывания.

Центральное место на уроках отводится развитию самостоятельной деятельности обучающихся. Рекомендуется оптимальное сочетание группового обучения с индивидуальным подходом. Индивидуальный подход особенно нужен обучающимся, у которых плохо развита речь, а также малообщительным, молчаливым или, наоборот, чрезмерно активным, несдержанным.

Успешность изучения русского языка как неродного может быть достигнута за счет использования в обучении современных технологий личностной ориентации, деятельностного подхода, обязательного введения в курс языковых дисциплин технологии активизации деятельности учащихся. Эффективности урока способствует использование современных образовательных технологий:

– развивающее обучение;
– коллективная система обучения (КСО);
– технология решения исследовательских задач (ТРИЗ);
– исследовательские и проектные методы;
– технология модульного и блочно-модульного обучения;
– технология «дебаты»;
– технология развития критического мышления;
– лекционно-семинарская система обучения;
– технология использования в обучении игровых методов: ролевых, деловых и других видов обучающих игр;
– обучение в сотрудничестве;
– информационно-коммуникационные технологии;
– здоровьесберегающие технологии;

– система инновационной оценки «портфолио»;
– технологии интерактивного и дистанционного обучения;
– использование информационных технологий.

В своей работе учителя могут использовать данные сайтов: https://portalobrazovaniya.ru/servisy/publik/publ?id=6939 –русский как неродной;

http://predmet.kz учителя Казахстана

https://uchitelya.kz/russ-yazyk/ образовательный интернет-портал

https://pedforum.kz/tags педфорум Казахстана. Облако тегов. Русский язык

https://kazpryal.kz/ сайт Казахстанской ассоциации преподавателей русского языка и литературы

Обновленное содержание обучения предполагает реализацию комплексного подхода в развитии языковой, речевой (в том числе этнокультурной), коммуникативной компетенции на основе функциональной грамотности и в общем направлении воспитания языковой личности; актуализацию самостоятельной работы учащихся по лингво-коммуникативному развитию и совершенствованию.

Обучение строится на основе учета теории обучения второму языку, при котором соблюдается главное условие – коммуникативная направленность изучения материала.

Объем учебной нагрузки по учебному предмету «Русский язык и литература» составляет:

в 5-м классе – 3 часа в неделю, 102 часа в учебном году;
в 6-м классе – 3 часа в неделю, 102 часа в учебном году;
в 7-м классе – 3 часа в неделю, 102 часа в учебном году;
в 8-м классе – 3 часа в неделю, 102 часа в учебном году;
в 9-м классе – 3 часа в неделю, 102 часа в учебном году.

Требования к уровням языковых компетенций:

5 класс	
Слушание	понимает общее содержание текста продолжительностью не более 2-3 минут, определяет тему текста; понимает значение слов бытовой и духовно-нравственной тематики; понимает основное содержание фольклорных произведений и произведений письменной литературы; определяет основную мысль текста на основе вопросов; составляет вопросы по содержанию текста
Говорение	владеет словарным запасом, включающим синонимы, антонимы, омонимы; пересказывает основное содержание близко к тексту; соблюдает орфоэпические нормы; создает высказывание (описание, повествование) на основе иллюстраций; участвует в диалоге, правильно понимая реплики и предоставляя обратную связь; оценивает высказывание с точки зрения соответствия предложенной теме
Чтение	понимает общее содержание текста, определяет ключевые слова и словосочетания; определяет стилистические особенности текстов разговорного стиля (письма, дневники), художественного стиля (стихотворение, сказка); формулирует вопросы по содержанию текста и отвечает на них; владеет видами чтения (ознакомительное, комментированное), читает по ролям;

	составляет план по опорным словам; анализирует содержание небольших фольклорных произведений и произведений письменной литературы, определяет тему и основную идею; извлекает необходимую информацию из различных источников по предложенной теме; сравнивает содержание и тему текстов
Письмо	умеет создавать тексты (письмо, дневник, стихотворение, сказка), используя элементы разговорного и художественного стилей; излагает основное содержание текста на основе прослушанного, прочитанного и/или аудиовизуального материала; представляет информацию в виде рисунков; пишет творческие работы на литературные темы, выражая свое отношение к героям художественных произведений или их поступкам; пишет эссе по данному началу/концу, учитывая особенности текста повествования или описания; правильно пишет безударные падежные окончания; применяет знаки препинания в простых предложениях с обращениями и однородными членами
6 класс	
Слушание	понимает основную информацию сообщения продолжительностью до 2-4 минут, определяет ключевые слова; понимает значение слов социально-культурной тематики; понимает содержание рассказов, поэтических произведений; определяет тему и основную мысль, характеризует и оценивает поступки персонажей, героев лирического произведения; определяет основную мысль текста на основе ключевых слов и словосочетаний; прогнозирует содержание текста по ключевым словам
Говорение	умеет вести беседу по изучаемой и изученной теме; выявляет информацию в определенной ситуации; владеет словарным запасом, включающим фразеологические единицы, паронимы, заимствованные слова; пересказывает подробно, выборочно содержание текста; соблюдает лексические нормы, связанные с выбором соответствующих слов; создает высказывание (описание, повествование, рассуждение) с опорой на ключевые слова или план; оценивает высказывание, составленное с опорой на ключевые слова
Чтение	понимает основную информацию, определяет тему, цель или назначение прочитанного текста; определяет особенности текстов художественного стиля (рассказ, басня), официально-делового стиля (объяснительная записка, расписка, поздравление, объявление, реклама); определяет принадлежность текста к типу описания на основе характерных признаков; формулирует вопросы и отвечает на вопросы, выражая свое мнение по теме и/или поднимаемой проблеме; использует разные виды чтения, включая выборочное чтение; составляет простой план прочитанного текста; анализирует содержание художественных произведений небольшого объема, определяя особенности изображения главных и второстепенных персонажей-героев; извлекает необходимую информацию по предложенной теме из различных источников; сравнивает содержание текстов
Письмо	умеет создавать тексты (письмо, дневник, стихотворение, сказка), используя элементы разговорного и художественного стилей; излагает подробно содержание текста на основе прослушанного, прочитанного и/или

	аудиовизуального материала; представляет информацию в виде иллюстраций, сюжетных рисунков, в том числе с использованием ИКТ; пишет творческие работы (в том числе на литературные темы) от лица героя с использованием эпитетов, сравнений и фразеологизмов; пишет эссе по картине/теме, учитывая особенности текста повествования, рассуждения, описания; правильно пишет безударные глагольные окончания; применяет знаки препинания в предложениях с прямой и косвенной речью
7 класс	
Слушание	понимает текст продолжительностью 3-5 минут, извлекая необходимую информацию и\или определяя последовательность событий; понимает значение слов учебно-образовательной тематики; понимает содержание небольших прозаических и поэтических произведений; определяет сюжетную линию стихотворения; определяет основную мысль текста, опираясь на содержание текста; прогнозирует содержание по заголовку или началу текста
Говорение	пересказывает содержание, используя различные приемы сжатия текста; соблюдает морфологические нормы использования форм разных частей речи; создает аргументированное высказывание (рассуждение с элементами описания и\или повествования) на основе личных впечатлений и наблюдений; участвует в диалоге, обмениваясь мнениями по предложенной теме; составляет высказывание, основанное на личных впечатлениях/наблюдениях
Чтение	понимает главную и второстепенную информацию сплошных и несплошных текстов, связывая информацию с повседневными знаниями; определяет стилистические особенности текстов публицистического стиля (репортаж о событии, заметка, отзыв), официально-делового стиля (доверенность, заявление, договор, официальное поздравление, деловое письмо); формулирует проблемные вопросы по тексту, связывает информацию текста с другими фактами из реальной жизни; использует разные виды чтения, включая поисковое; составляет сложный план; анализирует содержание художественных произведений (поэтических, прозаических); извлекает необходимую дополнительную информацию из прочитанного материала; сравнивает содержание текстов
Письмо	умеет создавать тексты публицистического стиля (репортаж о событии, заметка, отзыв) и официально-делового стиля (доверенность, заявление, официальное поздравление, деловое письмо); излагает сжато содержание текста на основе прослушанного, прочитанного и/или аудиовизуального материала; представляет информацию в виде таблицы, схемы, диаграммы, графика; пишет творческие работы (в том числе на литературные темы); пишет эссе на основе цитат, пословиц, поговорок, крылатых выражений; правильно пишет гласные и согласные в разных частях слова, слова через дефис; применяет знаки препинания в предложениях с вводными словами и конструкциями
8 класс	
Слушание	понимает основную, второстепенную и детальную информацию сообщения продолжительностью 4-6 минут; понимает значение слов историко-культурной тематики; понимает содержание прозаических, драматических и поэтических произведений; определяет ключевые моменты развития сюжета или конфликта прозаических, драматических и поэтических произведений;

	определяет основную мысль текста, выявляя авторскую позицию; прогнозирует содержание по отрывку прослушанного текста
Говорение	сообщает информацию (сведения) о себе в устной и письменной форме, используя активный и пассивный словарный запас; пересказывает содержание текста с творческими дополнениями; соблюдает синтаксические нормы, включающие правила согласования и управления, употребления причастных и деепричастных оборотов; создает аргументированное высказывание (рассуждение с элементами описания и\или повествования) в виде таблиц, схем, диаграмм, графиков; участвует в диалоге по общественно-значимым проблемам, аргументируя свою точку зрения; оценивает высказывание, составленное на основе таблиц, схем, диаграмм, графиков
Чтение	понимает главную, второстепенную и детальную информацию сплошных и несплошных текстов; определяет особенности текстов публицистического стиля (статья, интервью, очерк, послание), официально-делового стиля (характеристика, автобиография, резюме); формулирует проблемные вопросы по тексту, позволяющие выдвигать идеи, интерпретации, предположения, и отвечает на разные типы вопросов; использует разные виды чтения, включая аналитическое чтение; составляет цитатный план; анализирует содержание художественных произведений (поэтических, прозаических, драматических); извлекает необходимую информацию из различных источников, определяя ее актуальность, достоверность, полезность и ценность; сравнивает содержание, языковые особенности прочитанного текста
Письмо	умеет создавать тексты публицистического стиля (статья, интервью, очерк, послание) и официально-делового стиля (характеристика, автобиография, резюме); излагает выборочно (по заданной проблеме) содержание текста на основе прослушанного, прочитанного и/или аудиовизуального материала; пишет творческие работы (в том числе на литературные темы), эссе; правильно выбирает слитное или раздельное написание НЕ с разными словами; применяет знаки препинания в предложениях с обособленными членами предложения
9 класс	
Слушание	понимает текст продолжительностью до 5-8 минут; определяет подтекст, цель высказывания и отношение говорящего к событиям и героям, делая выводы; понимает значение слов общественно-политической тематики; понимает содержание прозаических, драматических, поэтических произведений, определяет слова, с помощью которых автор выражает эмоционально-оценочное отношение к героям, событиям; определяет основную мысль текста, учитывая структуру текста; прогнозирует содержание текста на основе утверждений
Говорение	владеет объемом словарного запаса, достаточным для эффективного общения по широкому кругу тем; пересказывает содержание текста, демонстрируя собственное понимание проблематики, оценивая позицию автора; соблюдает речевые нормы, включая в высказывания лексические и синтаксические единицы, соответствующие стилю; создает высказывания-рассуждения, высказывания-убеждения; участвует в дискуссии по предложенной проблеме; оценивает высказывания-рассуждения, высказывания-убеждения

Чтение	понимает главную, второстепенную и скрытую (подтекст) информацию сплошных и несплошных текстов; определяет стилистические особенности текстов публицистического стиля (проблемная статья), научного стиля (аннотация, тезисы, статья), официально-делового стиля (инструкция, правило, отчет, закон); определяет принадлежность текста к различным типам на основе характерных признаков; формулирует вопросы, перефразируя информацию текста, и отвечает на них; использует разные виды чтения, владеет техниками критического мышления при чтении; составляет тезисный план; анализирует содержание художественных произведений, выявляя авторскую позицию и оценивая содержание произведения; извлекает и синтезирует информацию, делает выводы на основе полученных сведений, выражая собственное мнение; сравнивает тексты, анализируя содержание и определяя авторскую позицию
Письмо	умеет создавать тексты публицистического стиля (проблемная статья), научного стиля (аннотация, статья, тезисы) и официально-делового стиля (правило, отчет, инструкция); излагает информацию прослушанного, прочитанного и/или аудиовизуального текста; представляет информацию в виде отчета статьи, справки на основе таблиц, схем, диаграмм, графиков и наоборот; пишет творческие работы (в том числе на литературные темы), эссе; правильно пишет союзы, предлоги, частицы; правильно применяет знаки препинания в сложных предложениях

Таблица 33. Лексический уровень владения Русским языком (Я2)

Русский язык как неродной Я 2	Уровни владения русским языком	Объем уч. нагрузки за год	Кол-во слов за один урок	Лексический уровень владения Я2								
				за неделю	за уч. год	Количество активных (новых, ключевых) слов по четвертям				Допустимые нормы		
										Лексика на входе	Лексика на выходе	
						1	2			низкий	средний	высокий
5 класс	А2 - 5	90 ч.	3	9	270	63	63	81	63	444	714	870
6 класс	А2 - 6	90 ч.	3	9	270	63	63	81	63	714	984	1190
7 класс	А2 - 7	90 ч.	3	9	270	63	63	81	63	984	1254	1500
8 класс	А2 - 8	90 ч.	3	9	270	63	63	81	63	1254	1524	1800
9 класс	А2 - 9	90 ч.	3	9	270	63	63	81	63	1524	1794	2110
Примечания:		*+12 ч.(в каждом классе на СОР)				* в учебниках даны как ключевые слова (они включены в каждый урок по теме программы)				* Наращивание создается в виде спирали из общего число активного (не считая пассивного) словарного запаса учащегося, который в норме составляет диапазон от низкого к высокому		

Ниже представлено количество процедур суммативного оценивания за раздел (табл. 34).

Таблица 34. Количество суммативных оцениваний по предмету «Русский язык и литература»

Класс	Количество суммативного оценивания за раздел тему			
	1 четверть	2 четверть	3 четверть	4 четверть
5 класс	2	2	2	2
6 класс	2	2	2	2
7 класс	2	2	2	2
8 класс	2	2	2	2
9 класс	2	2	2	2

Примечание: По языковым предметам в суммативном оценивании за раздел объединяются два вида речевой деятельности (например, аудирование и говорение, чтение и письмо)

Алгоритм действий восполнения материала по предмету «Русский язык и литература» в школе с казахским языком обучения

В 2021-2022 учебном году предмет «Русский язык и литература» в школе с казахским языком обучения будет представлять собой интегрированное содержание сложных тем предыдущего класса (языковой и литературоведческий материал) и последующего класса, так как возникает необходимость организации практической работы по употреблению изученного материала в системе упражнений. При этом речевые умения –аудирование, чтение, говорение, письмо – распределены по классам с учетом преемственности, повторяемость этих формируемых умений обеспечена программой.

Восполнение пробелов знаний должно происходить по усилению практической работы в направлениях: языковой материал; типы текста; стиль текста, литературоведческий материал.

Диагностическая работа:

Необходимо провести контрольные работы в целях проверки умений правильно использовать в речи изученные языковые средства (5-9 классы), применять литературоведческие понятия при анализе художественного произведения (5-9 классы), определять тип текста (описание, повествование и рассуждение) - 5-9 классы и стиль текста (научный, публицистический, официально-деловой) - 7-9 классы.

Проведение систематической работы за счет типовых заданий по формированию речевых умений позволит учащимся восполнить знания и умения на функциональной основе.

Типовые задания для диагностической работы и для последующего восполнения знаний

Фонетико-орфоэпический и орфографический аспект (5-9 классы): определи различия в произношении и написании слов (даются слова), найди проверочные слова, если нет проверочных слов,запомни написание этих слов;

Морфологический аспект (5-9 классы): поставь в текст слова, данные в скобках, в нужных формах (слова частей речи, изученных в предыдущем классе);

Словообразовательный аспект (5-9 классы): найди в тексте однокоренные слова и определи их функцию в тексте;

Синтаксический аспект (5-9 классы): Определи в тексте (объем три-пять предложений в рамках изучаемой речевой темы) главные и второстепенные предложения, задай вопрос от главных к второстепенным и выясни их роль в предложении.

Стилистический аспект (7-9 классы): Определи стиль текста и обоснуй свой ответ (с 7 класса). Даются тексты официально-делового, научного, публицистического стилей. Можно предложить алгоритм рассуждения: 1) утверждение о принадлежности текста к тому или иному стилю; 2) доказательства: сфера применения, наличие стилистических черт текста, языковые средства, композиция текста.

Речевой аспект (7-9 классы): Определи тип текста (описание, повествование, рассуждение). Обоснуй свой ответ: цель автора (доказать, сообщить о событии, описать объект, явление, действие); особенности композиции текста; языковые средства.

Особое место занимает содержание работы по развитию литературоведческой компетенции обучающихся. Ниже приводится возможность восполнения знаний за счет повторения тем, изученных в предыдущем классе, в тесной связи с новыми темами программы текущего класса.

Литературоведческий аспект

1) В *5 классе*: Найди в тексте художественно-изобразительные средства языка (метафора, сравнение, метонимия) и определи, какую роль они выполняют;

2*) В 6 кла*ссе; а) Составь сравнительную таблицу литературных жанров: рассказ, басня, повесть, поэма, миф, фантастика, волшебная сказка; б) Определи композицию и найди в рассказе зачин, сюжет, тему, идею, завязку, кульминацию, развязку, эпизод; в) Определи в стихотворении рифму, строфу; г) Найди в тексте художественно-изобразительные средства языка (метафоры, сравнения, метонимии, эпитеты) - в 6 классе используется задание 5 класса с добавлением эпитета; д) Раскрой понятия: лирика, лирический герой, герой произведения.

3*) В 7 классе:* Найди в тексте и определи функцию … в тексте (примеры - анафора, антитеза, контраст, метафора (из 5-6 кл), олицетворение, символ, сравнение(из 5-6 кл), эпитет(из 5-6 кл)). б) Определи композицию и найди в рассказе зачин, сюжет, тему, идею, завязку, кульминацию, развязку, эпизод (задания 6 класса повторяются в 7 классе) в) Дополни таблицу литературных жанров: рассказ, басня, повесть, поэма, миф, фэнтези, волшебная сказка

(задание 6-го класса) с дополнением таких жанров, как песня, рассказ, легенда (программа 7 класса).

4) В 8 классе: Найди в тексте и определи функцию … в тексте (примеры - аллегория (8 класс), анафора, антитеза, контраст, метафора (из 5-7 кл), олицетворение, символ, сравнение(из 5-7кл), эпитет(из 5-7 кл)). б) Определи композицию и сюжет произведения и найди в басне зачин, тему, идею, завязку, кульминацию, развязку (задания 6 -7 классов повторяются в 8 классе) в) Дополни таблицу литературных жанров: рассказ, басня, повесть, поэма, миф, фэнтези, волшебная сказка (задание 6-го класса) песня, рассказ, легенда (программа 7 класса) с дополнением таких жанров, как стихотворение, пьеса (программа 8 класса); г) Составь сравнительную таблицу следующих понятий: лирика, проза, комедия, драма, трагедия; д) В рамках следующих понятий оформи научную идею: устное народное творчество/фольклор, поговорка, пословица.

5) В 9 классе: а) Найди в тексте и определи функцию … в тексте (примеры – антитеза (9 класс), аллегория (8 класс), анафора, антитеза, контраст, метафора (из 5-7 кл), олицетворение гипербола, символ, сравнение(из 5-7кл), эпитет(из 5-7 кл));) б) В рамках следующих понятий оформи научную идею: авторская речь, афоризм; в) Составь сравнительную таблицу следующих понятий: лирика, проза, комедия, драма, трагедия (8 класс), эпос эпопея, миф, повесть, фантастика; г) Определи, какие произведения относятся к классическим (9 класс).

При выполнении заданий ведется парная, индивидуальная и групповая работа с учетом пробелов знаний конкретных обучающихся.

«Шетел тілі» оқу пәні

Негізгі орта білім беру ұйымдарында жүргізілетін «Шетел тілі» («Ағылшын тілі», «Неміс тілі», «Француз тілі») оқу пәнінің жоспары «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына сәйкес әзірленген.

«Шетел тілі» оқу пәні бойынша оқу процесі ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарымен (төмендетілген оқу жүктемесімен) (2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) жүргізіледі.

«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдары меншік түрі мен нысанына қарамастан, үлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын төмендетілген оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарларын өздері таңдап алады.

Төмендетілген оқу жүктемесі бар Үлгілік оқу жоспарлары бойынша «Шетел тілі» оқу пәнінің Үлгілік оқу бағдарламалары «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілген.

«Ағылшын тілі» оқу пәні

Негізгі орта білім беру деңгейінің «Ағылшын тілі» оқу пәні *(оқыту қазақ тілінде, оқыту қазақ тілінде емес)* бойынша жаңартылған мазмұндағы оқу жүктемесінің көлемі:

5-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;
6-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;
7-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;
8-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;
9-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат.

«Ағылшын тілі» оқу пәндері *(оқыту ұйғыр, өзбек, тәжік тілдерінде)* бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

5-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
6-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
7-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
8-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
9-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат.

Негізгі орта білім беру деңгейінде ағылшын тілін оқытудың мақсаты – талдау, бағалау және шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал ететін түрлі тапсырмалар арқылы білім алушылардың тілдік дағдыларын дамыту.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Ағылшын тілі» оқу пәнінің бағдарламасында көрсетілген тілдік деңгейлер шетел тілін меңгеру құзіреттілігінің жалпыеуропалық жүйесіне (Common European Framework of Reference, CEFR) сәйкес әзірленген.

Негізгі орта білім беру деңгейін аяқтағанда білім алушылар «Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша тілді B1 деңгейінде меңгереді.

Төмендегі кестеде негізгі орта білім беру деңгейінің әрбір оқу жылының аяқталуы бойынша ағылшын тілін меңгеру деңгейі көрсетілген (35-кесте):

35- кесте. Оқу бағдарламасы бойынша ағылшын тілін меңгеру деңгейлері

Grade	Language level
5	low-mid A2
6	mid-high A2
7	low B1
8	mid B1
9	high B1

«Ағылшын тілі» оқу пәнін оқыту үлгілік оқу бағдарламасының қосымшасындағы, оқу жылында меңгерілетін бөлімдер көрсетілген ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады. Педагог тоқсандағы бөлім бойынша өтетін тақырыптардың реті мен сағатын өзі дербес түрде анықтай алады.

5-9-сыныптарға «Ағылшын тілі» оқу пәні жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасы шиыршық әдісімен қатар хронологиялық жүйені сақтай отырып, қарапайымнан күрделіге қарай оқыту принципіне негізделген.

Үлгілік оқу бағдарламалары ҚР БҒМ және Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтында https://nao.kz/ орналастырылған.

Ағылшын тілі бойынша білім беру процесін ұйымдастыру коммуникативтік технологияларды (жобалар, сұхбаттар, рөлдік ойындар, пікірталастар, конференциялар, байқаулар, драматургия және т.б.) жан-жақты пайдалануды көздейді.

«Ағылшын тілі» пәнін оқыту барысында қолданылатын әдебиеттер тізіміне шектеу қойылмайды, керісінше білім алушылардың жас ерекшелігі мен қызығушылығына сәйкес әртүрлі ресурстарды пайдалану ұсынылады.

Формативті бағалау оқу мақсаттарына қол жеткізу барысын анықтау үшін және оқу процесін одан әрі құру үшін жүргізіледі. Бағалау ұсыныс беру арқылы жазбаша (дәптерлерде немесе күнделіктерде) немесе ауызша түрде жүзеге асырылады.

Формативті бағалау кезінде педагог білім алушыларды кері байланыспен қамтамасыз етуі керек. Ағылшын тілі мұғалімі кері байланысты қажет ететін білім алушыларды және кері байланысты беру нысанын өзі анықтайды.

Білім алушылардың оқу жетістіктері балл қою арқылы:

- тиісті мемлекеттік органдардың шектеу шаралары кезінде;
- карантин кезінде;
- әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде *формативті бағаланады*. Аталған жағдайларда оқу жетістіктерін бағалау бір балдан 10 балға дейінгі шекте жүзеге асырылады.

Оқу пәнінен әр тоқсан сайын бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және 1 рет тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) өткізіледі. 5-9 сыныптарда БЖБ үшін максималды балл кемінде 7 және 20 балдан артық болмауы керек.

Төменде бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) нақты саны көрсетілген (36-кесте):

36-кесте. Бөлім бойынша жиынтық бағалау

Сынып	Бөлім бойынша жиынтық бағалау рәсімдерінің саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
5-сынып	2*	2*	2*	2*
6-сынып	2*	2*	2*	2*
7-сынып	2*	2*	2*	2*
8-сынып	2*	2*	2*	2*
9-сынып	2*	2*	2*	2*

** Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауда сөйлеу қызметінің екі түрі біріктіріледі (мысалы, тыңдалым және айтылым; оқылым және жазылым)*

ТЖБ тілдік құзіреттіліктің барлық түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылымды тексеруді қамтиды. «Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша жиынтық бағалау ерекшеліктері https://smk.edu.kz/ сайтында орналастырылған. Аралық бақылау мен тоқсандық қорытынды үшін жиынтық бағалау тапсырмаларын педагогтер өздері әзірлейді.

ТЖБ ұзақтығы - 45 минут. «Айтылым» дағдысы бөлек тексеріледі. ТЖБ үшін балл саны: 5-сыныпта – 20; 6-сыныпта – 22; 7-сыныпта – 24; 8-сыныпта – 24; 9-сыныпта – 24.

«Ағылшын тілі» пәні бойынша оқу процесін ұйымдастыруға арналған ұсынымдар:

1) Білім беру процесін қашықтықтан ұйымдастыру кезінде ағылшын тілінің педагогтеріне білім алушылармен тығыз кері байланыс орнату ұсынылады;

2) Білім алушыларда ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін (аудио - бейнежазбалар, фильмдер, әндер, ғылыми және ойын-сауық журналдарынан мақалалар) қалыптастыру мақсатында оқытудың түпнұсқа материалдарын пайдалану; ағылшын тілінде сипаттау, салыстыру, талдау, диалог, пікірталас жүргізу, қажетті дәлелдер келтіру, қорытынды жасау және қорыту дағдыларын қалыптастыру үшін БАҚ материалдарымен жұмыс істеу; анықтамалық және энциклопедиялық әдебиеттермен, электрондық ресурстармен өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру: білім алушыларда мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру мақсатында жас ерекшеліктеріне сай мәтіндерді пайдалану ұсынылады.

3) Білім алушылардың зерттеу дағдылары мен оқу дағдыларын дамытуға бағытталған «Independent project» және «reading for pleasure» бөлімдеріне назар аудару ұсынылады. Жобалау жұмысының форматы мен мазмұны (тақырыптық мазмұны, қызмет түрлері мен нысандары, күтілетін нәтижелер, бағалау нысандары және т.б.) мектеп әдістемелік бірлестіктері ішінде талқылау;

4) Білім алушыларға шамадан тыс жүктеменің алдын алу мақсатында педагогке үй тапсырмасының көлемін реттеу ұсынылады *(ҚР «Орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау бойынша әдістемелік ұсынымдар», ҚР БҒМ 2017 жылғы «24» сәуірдегі № 182 бұйрығы).*

5) Жазбаша және ауызша сөйлеу дағдыларын дамытатын оқу мақсаттарына ерекше назар аудару керек. Жазбаша тапсырмаларды көбірек орындаған жағдайда сабақтың коммуникативті сипаты өзгереді, оқу сапаасына нұқсан келуі мүмкін. Білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелерін тексеру кезінде педагог ауызша және жазбаша жұмыстарды орындауға арналған тапсырмалардың санының сәйкестігін қарастыру қажет;

6) Ағылшын тілінің мұғалімдеріне түрлі тапсырмаларды кезектестіріп, біріктіру ұсынылады: ауызша, жазбаша, міндетті, таңдау бойынша, жалпы, сараланған, жеке, аралас, шығармашылық. Шығармашылық сипаттағы тапсырмалар алдында сабақта дайындық жұмыстары жүргізіледі.

Назар аударыңыз!

5-9-сынып білім алушылары үшін Ы.Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойына орай оның еңбектерін насихаттау мақсатында шет тілінде (ағылшын, неміс, француз тілдері) диктант жұмыстарын жүргізу ұсынылады).

«Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндері

«2021-2022 оқу жылында оқу процесі 5-9-сыныптар жаңартылған білім беру мазмұнының келесі үлгілік оқу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады:

«Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Неміс тілі» оқу пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасы» (ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығына 7-қосымша);

«Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Француз тілі» оқу пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасы» (ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығына 8-қосымша).

Үлгілік оқу бағдарламалары ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылады. Педагог тоқсан ішіндегі тақырыптарды зерделеу тәртібін және олардың сағаттарын өз қалауы бойынша бөледі.

«Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндері бойынша оқу бағдарламалары білім алушылардың тілдік дағдыларын дамыту бойынша сөйлеу қызметінің төрт түрін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) дамытуға бағытталған. Негізгі орта білімді (5-9-сыныптар) аяқтаған кезде білім алушылар Жалпыеуропалық құзіреттілігіне сәйкес (Common European Framework of Reference/ CEFR) тілдік А2 деңгейін меңгерулері қажет.

«Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндері бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

5-сыныпта-аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;

6-сыныпта-аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;

7-сыныпта-аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;

8-сыныпта-аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;

9-сыныпта-аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

Оқу бағдарламалары ҚР БҒМ бұйрығымен бекітілген және Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының https://nao.kz/. сайтында орналастырылған.

Негізгі орта білім беру деңгейінде шетел тілін оқытудың мақсаты – талдау, бағалау және шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал ететін түрлі тапсырмалар арқылы білім алушылардың тілдік дағдыларын дамыту. Сонымен қатар, оқу бағдарламасы ауызша және жазбаша көптеген дереккөздерімен жұмыс жасауды көздейді.

Негізгі орта білім беру деңгейінің (5-9-сыныптар) білім алушылары «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндері бойынша келесі тақырыптарға байланысты лексиканы меңгереді (37-кесте).

37-кесте. Тақырыптар атауы

5-сынып	
Неміс тілі	**Француз тілі**
1.Мектеп және оқу 1.1 Танысу. Менің мектебім. Сабақта 1.2. Сыныптағы заттар	1. Мектеп өмірі 1.1 Танысу 1.2 Оқу пәндері. Оқу құралдары
2. Жер – біздің үйіміз 2.1 Менің отбасым және достарым 2.2 Менің хоббиім	2. Адам. Отбасы. Үй 2.1 Менің шежірем 2.2 Отбасылық дәстүрлер
3. Қазақстан халықтарының тілі және мәдениеті 3.1 Біздің Отанымыз-Қазақстан. Қазақстан	3. Халықтардың тілі және мәдениеті 3.1 Ұлттар және тілдер

бойынша саяхат. 3.2 Салт-дәстүр және фольклор	3.2 Атаулы күндер және мерекелер
4. Экология және өмір қауіпсіздігі 4.1 Ас және сусындар 4.2 Спорт. Тәні саудың –жаны сау	4. Салауатты өмір салты 4.1 Менің әуес ісім және бос уақытым 4.2 Менің талғамдарым
6 - сынып	
1. Мектеп және оқу 1.1 Уақыт қанша болды? 1.2 Менің күн тәртібім	1. Мектеп өмірі 1.1 Күнделікті істерім 1.2 Жыл мезгілдері
2. Жер - біздің үйіміз 2.1 Менің қалам/менің ауылым 2.2 Менің пәтерім	2. Адам. Отбасы. Үй 2.1 Баспана 2.2 Менің қалам
3. Қазақ және неміс мәдениеті 3.1 Демалу және мәдениет 3.2. Мейрамдар, ұлттық тағамдар	3. Тіл және мәдениет 3.1. Мерекелер. Ұлттық тағамдар 3.2 Тағам
4. Салауатты өмір салты 4.1 Менің сүйікті спорт түрім 4.2 Менің отбасымдағы спорт	4. Салауатты өмір салты 4.1 Дене 4.2 Сыртқы келбет
7 - сынып	
1. Менің Отаным 1.1. Меің өлкемнің көрнекі жерлері 1.2 Менің өлкемнің көрнекті тұлғалары	1. Туған өлкенің тарихы 1.1 Туған өлкенің көрнекі жерлері 1.2 Қала және ауыл
2. Өнер әлемінде 2.1 Кино және театр 2.2 Музыка және әдебиет	2. Мәдени мұра 2.1 Тарихи көрнекі жерлер 2.2 Киноға, театрға, концертке шақыру
3. Мамандықтар әлемі 3.1. Мен армандайтын мамандық 3.2 Болашақтағы мамандықтар	3. Бейбіт өмір және жасампаздық уақыты 3.1 Киім және мода 3.2 Таңдау және сатып алу
4. Адам және оның тілдік мүмкіндіктері 4.1 Германиядағы тілдік каникулдар 4.2. Әлемдегі оқушылардың алмасу бағдарламасы	4. Адам және оның мүмкіндіктері 4.1 Саяхат 4.2 Тілдік каникул
8 - сынып	
1. Әлемдегі инновациялар 1.1 Интернет 1.2. Әлеуметтік желілер	1. Әлемдегі инновациялар 1.1 Масс-медиа. Интернет 1.2 Әлеуметтік желілер
2. Мәдени мұра 2.1 Қазақстан мен Германияның көрнекті тұлғалары 2.2 Әлемді өзгерткен жаңалықтар. Германияның тұлғалары. 2.3. Өткенге саяхат	2. Мәдени мұра 2.1 Әдебиет және кітапты таңдау 2.2 Кітапхана. Медиатека
3. Бейбітшілік пен жасампаздық уақыты 3.1 Мода 3.2 Киім стилі	3. Бейбіт өмір және жасампаздық уақыты 3.1 Қоршаған орта және экология 3.2 Күнделікті өмірдегі жақсы әдеттер
4. Адам және оның мүмкіндііктері 4.1 Ғылым мен мәдениеттегі ұлы жетістіктер 4.2 Спорттағы жетістіктер	4. Адам және оның мүмкіндіктері 4.1 Прогресс және адам өмірі 4.2 Менің жеке жетістіктерім
9 - сынып	
1. Балама энергия көздері 1.2 Күн энергиясы 1.3 Жер энергиясы	1. Әлемдегі инновациялар 1.1 Жаңартылатын энергия көздері 1.2 Жасыл энаргияны дамыту
2. Кәсібилік және уақыт талабы: 2.1 Қазақстандағы және Германиядағы білім беру	2. Кәсіпқойлық - уақыт талабы 2.1 Қазақстандағы және Франциядағы білім беру

2.2 Мамандық таңдау	2.2 Мамандық таңдау
3. Тұлғалық даму 3.1 Мені шабыттандыратын тұлғалар 3.2. Менің жеке даму стратегиям	3. Тұлғалық даму 3.1 Сізді шабыттандыратын тұлғалар 3.2 Менің тұлғалық дамуым
4. Қазіргі замандағы адам 4.1 Адам және қоршаған орта. 4.2. Адами құндылықтар	4. Қазіргі замандағы адам 4.1 Тұлғааралық қатынастар 4.2 Ынтымақтастық. Өзара әрекеттестік

Оқу пәнінен әр тоқсан сайын бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және 1 рет тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) өткізіледі. 5-9 сыныптарда БЖБ үшін максималды балл кемінде 7 және 20 балдан артық болмауы керек. Төменде бөлім бойынша жиынтық бағалаудың (БЖБ) нақты саны көрсетілген (38-кесте):

38-кесте. Жиынтық бағалау

Сынып	Бөлім бойынша жиынтық бағалау рәсімдерінің саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
5-сынып	2*	2*	2*	2*
6-сынып	2*	2*	2*	2*
7-сынып	2*	2*	2*	2*
8-сынып	2*	2*	2*	2*
9-сынып	2*	2*	2*	2*

** Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауда сөйлеу қызметінің екі түрі біріктіріледі (мысалы, тыңдалым және айтылым; оқылым және жазылым).*

Тоқсандық жиынтық бағалауда (ТЖБ) тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым сынды тілдік дағдылардың барлық түрлері тексеріледі. Аралық бақылау мен жиынтық бақылау үшін жиынтық бағалау тапсырмаларын педагогтер өздері әзірлейді.

«Шетел тілі» пәні бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмыстарын ұйымдастыру

«Шетел тілі» пәні бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша жүйелі жұмыс төмендегідей міндеттерді шешуге бағытталған:

- «Шетел тілі» пәні бойынша білім алушылардың үлгерімі мен білім сапасын арттыруға бағытталған кешенді шаралар қабылдау;
- өзін-өзі бақылауға үйрету;
- өзін-өзі бақылау қажеттілігін қалыптастыру;
- орындалған жұмысқа жауапкершілік танытуға тәрбиелеу;
- оқушылардың жеке шығармашылық қабілеттерін дамыту.

«Шетел тілі» пәні бойынша оқушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау және қалпына келтіру бойынша жұмысты ұйымдастыру төмендегідей кезеңдерден тұрады:

І кезең. Жалпы қателіктерді анықтау;

ІІ кезең. Қателерді түзету;

III кезең. Жіберілген қателіктерді талдау;

IV кезең. Олқылықтарды жоюды жоспарлау;

V кезең. Олқылықтарды жою. Сыныпта талдау жұмысын жүргізу;

VI кезең. Алдын алу шаралары.

І кезең. Жалпы қателіктерді анықтау

Жазбаша жұмыстарды тексеру, ауызша жауап беру, өзіндік және өзара бақылау барысында жүзеге асады.

Жазбаша жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу және өзі дербес орындауын қатаң бақылау ұсынылады. Қателерді анықтауға арналған жазбаша жұмыстың тиімді түрлері:

- оқу жылының басында және соңында қателіктерді талдау бойынша жеке өзіндік жұмыс үшін әр кестеге мәліметтер матрицасын және матрицалардың көшірмелерін құрастыра отырып, тестілеу беріледі;

- оқу жылында дәстүрлі бақылау және кесімді бақылау жұмысы, теориялық материалды жазбаша зерттеу.

Белгілі бір тақырыптың типтік қателері мен жалпы білім беру дағды-қабілеттерін анықтауға бағытталған ББҚ (білім, білу, қабілет) ауызша тексеру. Тест тапсырмаларында есте сақтауды (меңгергендерді жаңғырту), ойлауды (салыстыру, дәлелдеу, жалпылау), сөйлеуді дамытатын сұрақтар қамтылуы тиіс. Ауызша емтиханның сапасы сұрақтардың іріктелуіне және олардың қойылу реттілігіне байланысты болуы қажет. Әрбір сұрақ логикалық түрде толық, қысқа және нақты болуы керек.

Білім алушылардың бойында өзін-өзі бақылау дағдылары мен қабілеттерін қалыптастыру олардың қателіктерін өз бетінше табуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ол тәрбиелік, психологиялық, педагогикалық тұрғыдан тиімді. Мысалы, мынадай формаларды пайдалануға болады: «Қатені тауып, түсіндіріңіз» (өзіңіздің сыныптасыңыз жасаған, педагог жоспарлаған), «Жауабын тексеріп, қатесін түсініңіз», «Жауабыңызды бағалаңыз».

Мектеп оқушыларының оқу іс-әрекетінің сапасы мен тиімділігін өзара бақылау педагогке білім алушылардың білімін тексеруге көмектеседі және адалдық пен әділеттілік, ұжымшылдық сияқты жеке қасиеттерінің дамуына ықпал етеді. Білімді өзара тексеру білім алушылардың белсенділігін дамытады, білімге қызығушылығын арттырады. Өзара бақылау барысында білім алушылардың жеке ерекшеліктері ашылады, білімге қызығушылығы артады.

ІІ кезең. Қателерді түзету

Қателерді түзету қателерді анықтаумен қатар жүреді. Әрбір білім алушы өзінің «проблемалық» тақырыптарын бірнеше рет қайталауы арқылы шет тілін меңгеруде оң нәтижеге қол жеткізе алады.

- Деректер матрицасы - бұл тест нәтижелері енгізілетін кесте. Бұл сыныптағы «меңгере алу» картинасын тұтастай және әрбір білім алушыны жеке көруге мүмкіндік береді;

Қателіктерді есепке алу (барлық жазбаша жұмыстарда «меңгере алуын» бақылау). Бұл белгілі бір тақырыпты немесе ережені меңгере алмаған әр білім алушының қандай проблемалары бар екенін анықтауға мүмкіндік береді. Нақты қателіктер туралы ақпарат әрбір білім алушының мәліметтеріне енгізіледі (39 -кесте).

39-кесте. 7-сынып оқушысы Д.Жақановтың жеке жоспары

Қиындық туғызатын дағдылар мен қабілеттер	26.10.	28.10	29.10.	31.10.	01.11	12.11.	23.11.	29.11.
Ойын жазбаша білдіруді ұйымдастыру								
Қарым-қатынас мәселесін шешу								
Лексикалық дағдылары								
Грамматикалық дағдылары								
Орфографиялық дағдылары								
Тыныс белгілерін қою дағдылары								

Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша жұмыс формалары әр түрлі болуы мүмкін. Жеке жоспарда топтық сабақтарды - жасыл түспен, сараланған тәсіл - күлгін, жеке сабақтар - көк түстермен бөліп көрсету ұсынылады.

Жеке жоспар парағы олқылықтарды қалпына келтіруге, нақты бір білім алушының білімін толықтыруға арналған және оның жеке қабілеттерін дамытуға бағытталған.

III кезең. Жіберілген қателіктерді талдау

Қателіктерді талдау жұмыс түріне байланысты. Әр жұмыс түрінен кейін ауызша немесе жазбаша, сапалық және сандық талдау жүргізіледі. Мұқият талдау жеке білім алушылардың кемшіліктері мен жетістіктерін терең зерттеуге, білім алушылардың қателері мен негізгі қиындықтарын бөлуге, олардың пайда болу себептерін зерттеуге және оларды жою жолдарын белгілеуге мүмкіндік береді.

IV кезең. Білімдегі олқылықтарды жоюды жоспарлау

Бұл жұмыс талдауға негізделген және оның нәтижелері білім алушыларға айтылады. Педагог сабақты қашан, кімнен, қандай мақсатпен сұрау керектігін және бұл үшін қандай құрал қолдануды жоспарлайды. Қателер бойынша жұмыс әрбір жазбаша жұмыстан кейін, ал қайта бағалау - «қанағаттанарлықсыз» бағадан кейін жүргізіледі. Қатаң бақылау әр білім алушының барлық тесттер мен сынақтарды орындағанына көз жеткізу үшін жүзеге асырылады.

V кезең. Кемшіліктерді жою. Сыныпта талдау жұмысын жүргізу. Ұсынымдар:

- алынған нәтижелер туралы сынып пікірін сұрау;
- жазбаша тексеру (жақсы баға алынғанға дейін) жеке және фронтальды қателер бойынша жұмыс;
- жеке және фронтальды зерттеу кезінде қайталауға арналған тапсырмалар (жақсы бағаға дейін).

VI кезең. Алдын алу шаралары

Келесі алдын алу шаралары білім алушылардың қателіктерін азайтуға ықпал етеді:

- жазбаша тапсырмалардың мәтіндері оңай оқылуы керек;
- білім, білік, дағдыны арттыруға арналған белсенді ауызша жаттығуларды, типтік қателіктерді жүйелі түрде талдау;
- жаңа материалды түсіндіру кезінде қатені болжап, материалды дұрыс меңгеруге арналған тапсырмалар жүйесін таңдау;
- қызығушылық тудыратын, тұрақты зейінді қалыптастыратын тапсырмаларды таңдау;
- өзін-өзі басқаруға жүйелі түрде дағдыландыру.

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толтыру үшін жеке жұмыс бағытын әзірлеу ұсынылады. Яғни, «жеке жоспар парағында (ЖМП)» даму мен оқудағы өзгерістер процесін көрсету керек. Ол әр білім алушыға жеке тәсілді жүзеге асырып қана қоймай, оның біліміндегі олқылықтарды жою үшін жұмысты есепке алуға, қадағалауға, түзетуге, білім беру мотивациясының деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.

Мысалы, «Шетел тілі» пәні бойынша жұмысты бақылау үшін білім алушының «Жеке жоспар» парағы қолданылады. «Жазылым» дағдысы бойынша білім алушының жазу қабілетінің қалыптасуын тексеру кезінде білім деңгейінің төмендеуі мүмкін топты - сары түспен, ал жоғары ынтасы бар білім алушылар тобын – жасыл түспен белгілейді. Білім деңгейі төмендеп кеткен білім алушылардың білім деңгейін көтеру жұмыстарын жүргізіп, олардың проблемалық тұсы анықталады. Мысалы, тексеру жұмыстардың бірі бейресми хат жазу қабілетін тексеруге бағытталады. Бұл тапсырманы орындау кезінде білім алушының лексикалық, грамматикалық және орфографиялық білімін байқауға болады.

«Қарым-қатынас мәселесін шешу» критерийі бойынша «Жазылым» дағдысы кезінде білім деңгейінің төмендеуі мүмкін топтағы білім алушының қателіктерін анықтау:

- қарым-қатынастағы қателігі (досына);
- жазылым дағдысындағы қойылған сұраққа толық және нақты жауап бере алмауы (негізгі бөлімде тапсырманың барлық аспектілері ашылмаған);
- жазылым дағдысындағы жеткіліксіз көлемі.

«Мәтінмен жұмыс» критерийі бойынша:

- абзацтарға дұрыс мән бермеу;
- лексикалық тұрғыда логикалық байланыстың болмауы.

«Мәтіннің тілдік безендірілуі» критерийі бойынша:

- грамматикалық қателер (мәтіннің болмауы, үш шақтағы етістіктердің дұрыс қолданылмауы, сөйлемдердің дұрыс құрылмауы);
- жеке сөздердің дұрыс жазылмауы;
- тыныс белгілердің дұрыс қолданылмауы;
- лексикалық қателер.

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Жазғы мектеп жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулар әзірледі. Әдістемелік нұсқаулар «Шетел тілі» пәніне арналған күрделі тақырыптарды /оқу

мақсаттарын анықтайды (1-10-сыныптар). Әдістемелік ұсынымдар Академияның http://nao.kz сайтында орналастырылған.

Пандемия мен шектеу шаралары кезінде «Шетел тілі» пәні бойынша барлық тілдік дағдылар қамтылмауы мүмкін. Сондықтан «Шет тілі» пәні мұғалімдеріне білім алушылардың тілдік қажеттіліктерін ескере отырып, лексикалық немесе грамматикалық тақырыпты таңдау құқығы беріледі. Мысалы, 40-кестеде білім алушылардың білімін толықтыру мен олқылықтарды жою үшін сынып бойынша ұсынылатын күрделі тақырыптар берілген.

40-кесте. 5-9-сыныптардағы «Шетел тілі» оқыту пәнінің күрделі тақырыптарының мысалы:

Ағылшын тілі	Неміс тілі	Француз тілі
5 сынып		
Holidays (International holidays should be excluded, as children have no idea what foreign holiday are and how they are celebrated, also discussion of surveys and graphs)	Unsere Heimat - Kasachstan. Reise durch Kasachstan	Les matières scolaires et les objets scolaires
Values Family and friends	Traditionen und Folklore	Arbre généologique
The world of work (too early to discuss graphs)	Ökologie und Lebenssicherheit	La langue et la culture
6 сынып		
Helping and Heroes (the topics are not interconnected) Around the house	Die Erde – unser Haus	La vie scolaire
Our countryside (asking about places in the town) – not all learners have strong orientation skills; not all have good imagination) My neighbourhood	Kasachische und deutsche Kultur	Les passe-temps
Drama and theatre (too early to write a review) My favourite movie	Gesunde Lebensweise	Les fêtes et les repas
7 сынып		
Communication and technology (Writing an E-mail) Electronic devices	Hervorragende Persönlichkeiten meiner Region	L'histoire de mon pays
The lost world – should be removed from learning the topic (the context is not properly given, two extracts are not connected with anything, main text is given in a track) Natural disasters	Musik und Literatur	La ville et le village
Space and Earth (not connected with other subjects, do not know astronomy) Planets in the Universe	Beruf der Zukunft	La mode et le vêtement

8 сынып		
Action and Protest (Writing e-mails, freegans, vocabulary is not applicable to everyday usage and life) Call to Action	Innovationen in der Welt Erfindungen, die die Welt verändert haben	Les masse-média,les réseaux sociaux
Television (too complex terminology, too specific) Internet technologies	Zeit der Friedenstiftung	L'héritage culturel
Future of food (too scientific, impossible to use in everyday life) National Cuisine / Cuisine of different countries	Der Mensch und sein Können	Temps de la paix et de la création
9 сынып		
Traditions and Language (specific vocabulary)	Alternative Energiequellen	Energie du Soleil et de la Terre
Charities and conflict (Topic of conflict is not appropriate to age, little connection with Charity) Charity	Berufsauswahl	Le choix de la profession
Science and Technology (less about space, more about modern technologies, internet providers)	Persönlichkeitsentwicklung	L´homme et la société

Педагог бақылау құралдарын оңтайлы қолдану арқылы білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтырады және әрбір білім алушының белсенді жұмысын қамтамасыз етеді. **Педагогтерге:**

✓ сыни ойлауды дамытуға бағытталған ситуациялық тапсырмаларды қолдану;

✓ функционалдық сауаттылықты қалыптастыру;

✓ оқытудың интерактивті әдістерін қолдану (жоба әдісі, пікірталас, ойын, ізденіс әдістері);

✓ жеке кеңес, қосымша сабақтар ұйымдастыру;

✓ «жексенбілік мектеп», «демалыс мектебі», «жазғы мектепті» саны 15 баладан асырмай ұйымдастыру **ұсынылады.**

Білім алушылардың сенбілік, жексенбілік сабақтарын кестеге сәйкес ұйымдастыру ұсынылады. Мұнда білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жою үшін ғана емес, сонымен қатар олардың қарым-қатынас дағдыларын дамыту үшін де мақсатты жұмыс жүргізіледі. Кеңес беру арқылы білім алушылардың әр түрлі (топтық, жеке) жұмыс түрлерін біріктіреді.

Қосымша сабақтарға дайындықты педагогтер де, білім алушылар да бірлесе жүзеге асырады. Педагог оқылатын материалдың мазмұнын логикалық-дидактикалық талдаумен бірге қиындықтарды, кемшіліктерді, білім алушылардың ауызша жауаптарындағы қателіктерін және оқылатын тілдегі жазбаша жұмыстарды жүйелейді. Осы негізде ол қосымша сабақ кезінде қайта оқытылуы мүмкін тақырыптардың тізімін нақтылайды. Білім алушылар өз кезегінде қосымша сабақтарға дайындалуды үйренеді, оның шарттары алдын-ала өзара келісіледі.

«МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ИНФОРМАТИКА» БІЛІМ САЛАСЫ

«Математика және информатика» білім саласы бойынша келесі пәндер оқытылады: «Математика» – 5, 6-сыныптар; «Алгебра» – 7-9-сыныптар; «Геометрия» – 7-9-сыныптар; «Информатика» – 5-9-сыныптар.

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарларымен (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) жүргізіледі. Атап айтқанда, жаңартылған мазмұнның Үлгілік оқу жоспарлары және төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарлары.

«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдары меншік түрі мен нысанына қарамастан, үлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарларын дербес таңдап алады. Сондықтан, Үлгілік оқу жоспарының түріне байланысты негізгі орта білім беру деңгейінде «Математика және информатика» білім саласы пәндерін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі әртүрлі болуы мүмкін.

Негізгі орта білім беру деңгейінде оқытылатын «Математика», «Алгебра», «Геометрия» пәндері бойынша оқу жүктемесі 41-кестеде көрсетілген.

41-кесте. Оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Жалпы жүктеме, сағат			
		Үлгілік оқу жоспары (жаңартылған мазмұн)		Үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)	
		Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
5	Математика	5	170	-	-
6	Математика	5	170	-	-
7	Алгебра	3	102	2	68
7	Геометрия	2	68	1	34
8	Алгебра	3	102	2	68
8	Геометрия	2	68	1	34
9	Алгебра	3	102	2	68
9	Геометрия	2	68	1	34

Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу бағдарламалары пәннің базалық білім мазмұнынан, оқыту мақсаттары жүйесінен, ұзақ мерзімді жоспардан тұрады. Бұл оқу бағдарламаларында да, ұзақ мерзімді жоспарда да тақырыптар мен бөлімшелерді меңгеруге қажетті сағат сандары көрсетілмеген. Бөлімшелердің арасында сағат сандарын бөлу құқығы практик-мұғалімге берілген, бірақ материал кестеде көрсетілгендей, сол тоқсанда игерілуі тиіс.

Үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес негізгі орта білім беру деңгейінде «Математика», «Алгебра», «Геометрия» пәндерін оқытудың мақсаты – пән

мазмұнын сапалы игеруді қамтамасыз ету, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту, ғылыми-жаратылыстану пәндерін игеруге қажетті математикалық білім мен дағдылардың негіздерін игеру, оқу пәні материалдары негізінде білім алушылардың интеллектуалдық деңгейін дамыту.

«Алгебра», «Геометрия» пәндерін оқыту барысында математикалық сауаттылықты қалыптастыру мақсатында білім алушыларға анықтамалықтарды қолдану, оқу, әдістемелік және анықтамалық әдебиеттерден анықтамаларды, формулалар және басқа да тұжырымдарды іздеу; математикалық формулаларды қолдану, дербес жағдайларды жалпылау негізінде шамалар арасындағы тәуелділіктің формулаларын өздігінен құрастыру; игерілген математикалық білім, білік, есептеу, өлшеу және графиктік дағдыларды пайдаланып практикаға бағытталған тапсырмаларды шешу; дәлелдемелі пайымдау жүргізу, талқылауға қатысу және логикалық негізделген қорытындылар жасау; математикалық мәтінмен жұмыс жасау (талдау, қажетті ақпаратты алу), математикалық терминология мен символдарды қолдана отырып, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық, нақты түсіндіру іскерліктерін үйрету ұсынылады.

Білім алушылардың оқу-ақпараттық құзыреттілігін дамыту мақсатында жобалық жұмыс арқылы ғылыми-зерттеу қызметін жүргізуге ерекше назар аударылуы тиіс. Жобамен жұмыс істейтін оқушылар жеке немесе топта жұмысты жоспарлау, мақсат қою, қажетті ақпаратты іздеу, гипотезаны ұсыну және дәлелдеу, эксперимент жүргізу, атқарылған жұмыс туралы нәтижелерді ұсыну, талдау және бағалау жұмыстарын орындау, сондай-ақ өз жобасын шебер қорғау керек.

Білім алушыларда когнитивті қызығушылықты, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттілікті, бағдарлама компоненттерін өз бетінше қолдану және оқу курсының мазмұны арқылы өз білімдерін толықтыру қабілетін дамытуға, проблемалы-бағытталған оқыту технологиясын пайдалануға, өнертапқыштық, тапқырлық біліктерін дамытуға назар аудару қажет.

Пәнге деген қызығушылықты арттыру мақсаттарының бірі білім алушылардың жобалық іс-әрекеттерін дамыту жұмыстарын жүргізу. Жобалау технологияларын қолдану пән бойынша оқу сапасын көтеріп қана қоймайды, пәнаралық байланысты жүзеге асырады және оқу пәнін игерудің тиімділігін арттырады. Жобамен жұмыс істеу барысында білім алушылар топтасып немесе жеке жұмыстарын жоспарлауды, мақсат қоюды, қажетті ақпаратты іздеуді, гипотезаны ұсынуды және дәлелдеуді, тәжірибелер жүргізуді, орындалған жұмыстың нәтижелерін көрсетуді, талдау мен бағалауды, сонымен қатар өз жобаларын қорғауды үйренеді.

Пәндерді оқыту процесінде білім сапасын жетілдіру мақсатында жеке тұлғаға бағытталған проблемалық оқыту, саралап оқыту тәсілдерін, сонымен қатар іс-әрекет түрлері мен тапсырмаларды ұқыпты іріктеу арқылы дамыта оқыту тәсілдерін қолдану ұсынылады.

Үлгілік оқу бағдарламаларының түрлеріне қарай негізгі орта білім беру деңгейінде «Математика», «Алгебра», «Геометрия» пәндерінің базалық білім мазмұны мен оқыту мақсаттарының жүйелеріне тоқталайық.

1. *5-6-сыныптардың «Математика» оқу пәні.*

5-6-сыныптарда оқытылатын «Математика» пәнінің білім мазмұнында пәнді әрі қарай жалғастыруға қажетті материалдар игерілетін болғандықтан оқыту жүктемесін төмендету бұл сыныптарда қарастырылмаған, яғни Үлгілік оқу жоспарларында аптасына бөлінген 5 сағат оқу жүктемесі сақталған (32-кесте) және осы сыныптарда математика курсы жаңартылған мазмұнның Үлгілік оқу бағдарламаларымен оқытылады.

Оқу бағдарламасы бойынша 5-6-сыныптарда «Математикалық моделдеу және анализ» бөліміне баса назар аударылған. Әр бөлімді игерген кезде мәтінді есептерді шығару ұсынылады. Практикаға бағытталған есептерді қарастыруға байланысты статистикалық мәліметтерді ұсынуға арналған тапсырмаларды орындауға көңіл бөлінген.

5-6-сыныптарда оқытылатын «Математика» оқу пәнінен әр тоқсан сайын өткізілетін бөлім бойынша жиынтық бағалау рәсімінің нақты саны 42-кестеде көрсетілген.

42-кесте. «Математика» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
5-сынып	3	1	3	3
6-сынып	2	2	3	3

2. *7-9-сыныптар, «Алгебра» оқу пәні.*

Үлгілік оқу бағдарламасы (төмендетілген оқу жүктемесімен) бойынша 7-9-сыныптарда «Алгебра» оқу пәнінің әзірленген Үлгілік оқу бағдарламасында (жаңартылған мазмұндағы) қарастырылатын бөлімдер толығымен қалдырылған, айырмашылық бөлімше бойынша оқыту мақсаттарына өзгерістер енгізілген. Мысалы, 8-сыныпта айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген квадрат теңдеулерді шешу; квадраттық функцияны қолданып, қолданбалы есептерді шығару; 9-сыныпта геометриялық ықтималдыққа есептер шығару және т.б.

ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларының» 14-5-тармағына сәйкес бөлім бойынша жиынтық бағалау тоқсанына үш реттен артық өткізілмейді және бөлімді екі кезеңде өткізуге болады.

Сондықтан, 9-сыныпта қарастырылатын «Тізбектер», «Тригонометрия» бөлімдерінің көлемінің үлкендігіне қарай екінші және үшінші тоқсанда бөлім бойынша екі жиынтық бағалау ұсынылған. 7-9-сыныптарда оқытылатын «Алгебра» оқу пәнінен әр тоқсан сайын өткізілетін бөлім бойынша жиынтық бағалау рәсімінің нақты саны 43-кестеде көрсетілген.

43-кесте. «Алгебра» пәні бойынша жиынтық бағалау саны.

Сынып	Жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу жоспары бойынша			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
7-сынып	2	2	2	1
8-сынып	1	2	3	1
9-сынып	2	2	2	2

Сынып	Оқу жүктемесі төмендетілген Үлгілік оқу жоспары бойынша			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
7-сынып	2	2	1	1
8-сынып	1	1	2	1
9-сынып	2	2	2	2

3. *7-9-сыныптардың «Геометрия» оқу пәні.*

Үлгілік оқу бағдарламасы (төмендетілген оқу жүктемесімен) бойынша 7-9-сыныптарда «Геометрия» оқу пәнінен әзірленген Үлгілік оқу бағдарламасында (жаңартылған мазмұндағы) қарастырылатын бөлімдер толық сақталған, айырмашылығы бөлімше бойынша оқыту мақсаттарына өзгерістер енгізілген. Оқыту мақсаттарына қойылатын басты талап сәйкес теореманы, қасиетті білу және қолдану. Апталық оқу жүктемесінің азайтылуына байланысты теоремалар мен формулаларды қорытып шығару мақсаты білім алушылардан талап етілмейді.

Сонымен қатар, кейбір бөлімдер мен бөлімшелердің атаулары нақтыланып, кейбір оқыту мақсаттарының реті өзгертілді.

7-9-сыныптарда «Геометрия» пәнін оқытуда пәннің практикалық бағыттылығы күшейтіледі.

ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларының» 14-5-тармағына сәйкес бөлім бойынша жиынтық бағалау тоқсанына үш реттен артық өткізілмейді. Осыны ескере отырып, бөлім бойынша жиынтық бағалаудың саны ұсынылады (44-кесте).

44-кесте. «Геометрия» пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу жоспары бойынша			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
7-сынып	2	2	2	1
8-сынып	1	2	2	1
9-сынып	2	2	2	2
Сынып	Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспары бойынша			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
7-сынып	1	2	1	1
8-сынып	1	1	1	1
9-сынып	1	1	1	1

Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес 7-9-сыныптарда «Геометрия» пәнінің апталық жүктемесі 1 сағатты құрайды. Сондықтан, осы оқу жоспарымен оқытылатын «Геометрия» пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалау өткізілмейді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады.

5-6-сыныптардағы «Математика», 7-9-сыныптардағы «Алгебра» және «Геометрия» пәндерінен білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша ұсынымдар

2021-2022 оқу жылы бойы 5-6-сыныптардағы «Математика», 7-9-сыныптардағы «Алгебра» және «Геометрия» пәндерінен шектеу шаралары кезеңінде жіберілген білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша жұмыс жүргізу және бұл жұмысты кезең-кезеңмен өткізу ұсынылады.

1-кезең. ***Диагностикалық жұмыс*** **(I тоқсанның бірінші аптасы).**

1) Кешенді диагностикалық жұмысты жүргізу.

Төмендегі кестеде сыныптар бойынша тапсырмалар әзірлеу үшін ұсынылған *оқыту мақсаттары/тақырыптар* берілген.

45-кесте. Тапсырмалар әзірлеу үшін ұсынылған *оқыту мақсаттары/тақырыптар*

Сынып	***Тапсырмалар әзірлеу үшін ұсынылған оқыту мақсаттары/тақырыптар***
5-сынып, Математика Тапсырмалар 4-сыныпқа арналған «Математика» пәнінен оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары бойынша құрастырылады.	*4.1.2.8* көптаңбалы сандарды жазбаша қосу және азайту алгоритмдерін қолдану *4.1.2.3* көптаңбалы сандармен есептеулер жүргізгенде қосу және көбейтудің қасиеттерін қолдану*;* *4.1.2.11* екітаңбалы санға жазбаша көбейту және бөлу алгоритмдерін қолдану*;* *4.1.2.13* бөлінді мәнінде нөлдер болатын жағдайда көптаңбалы санды екітаңбалы/үштаңбалы санға бөлу алгоритмін және кері амал алгоритмін қолдану *4.2.1.7* төрт амалдан артық жақшалы және жақшасыз өрнектерде арифметикалық амалдардың орындалу тәртібін анықтау, олардың мәнін табу *4.2.1.3* айнымалысы бар өрнектерді құру және есептер шығару барысында қолдану*;* *4.5.1.7* үш-төрт амалмен шығарылатын есептерді модельдеу және түрлі әдіспен шығару, ең тиімді әдісті анықтау*;* *4.2.2.2 39+490 : k = 46; 230 · a + 40 = 1000 : 2* түріндегі теңдеулерді шешу
6-сынып, Математика Тапсырмалар 5-сыныпқа арналған «Математика» пәнінен оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары бойынша құрастырылады.	*5.2.1.2 - әріптердің берілген мәндері бойынша әріпті өрнектердің мәндерін табу;* *5.2.2.1 - арифметикалық амалдардың белгісіз компоненттерін табу ережесі негізінде теңдеулерді шешу;* *5.1.2.5 - натурал сандардың 2-ге, 5-ке, 10-ға бөлінгіштік белгілерін қолдану;* *5.1.2.6 - натурал сандардың 3-ке және 9-ға бөлінгіштік белгілерін қолдану;* *5.1.2.12 - екі және одан артық сандардың ЕҮОБ-ін және ЕКОЕ-ін табу;* *5.1.2.14 - жай бөлшектерді қысқартуда бөлшектің негізгі қасиетін қолдану;* *5.1.2.16 - жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіру;* *5.1.2.20 - аралас сандарды қосу және азайтуды орындау;* *5.1.2.21 - жай бөлшектерді, аралас сандарды көбейтуді орындау;* *5.1.2.23 - жай бөлшектерді және аралас сандарды бөлуді орындау;* *5.1.2.24 - санның бөлігін табу және бөлігі бойынша санды табу;* *5.1.2.30 - ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшекке*

	бөлуді орындау; *5.5.1.5 - бөлшектерге арифметикалық амалдар қолданып мәтінді есептер шығару;* *5.1.2.34 - берілген санның пайызын табу;* *5.1.2.35 - бір санның екінші санға пайыздық қатынасын және керісінше табу;* *5.1.2.36 - берілген пайызы бойынша санды табу;* *5.5.1.6 - пайызға байланысты мәтінді есептерді шығару.*
7-сынып, Алгебра Тапсырмалар 6-сыныпқа арналған «Математика» пәнінен оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары бойынша құрастырылады.	*6.1.2.5 - пропорцияның негізгі қасиетін білу және қолдану;* *6.5.1.1 - шамалары тура және кері пропорционалдықпен байланысты есептерді ажырату және шығару;* *6.5.1.2 - пайызға берілген есептерді пропорция арқылы шешу;* *6.1.2.6 - шамаларды берілген қатынаста бөлу;* *6.1.2.7 - шамаларды берілген сандарға кері болатын пропорционал бөліктерге бөлу;* *6.1.1.9 - санның модулі анықтамасын білу және оның мәнін табу;* *6.1.2.12 - рационал сандарды салыстыру;* *6.1.2.13 - таңбалары бірдей, таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосуды орындау;* *6.1.2.14 - рационал сандарды азайтуды орындау;* *6.1.2.15 - рационал сандарды көбейтуді орындау;* *6.1.2.16 - рационал сандарды бөлуді орындау;* *6.1.2.22 - рационал сандармен арифметикалық амалдарды орындау;* *6.2.1.9 - алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендіруді орындау;* *6.2.2.3 - бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді шешу;* *6.2.2.4 - $\|x \pm a\| = b$ түріндегі теңдеулерді шешу, мұндағы a және b – рационал сандар;* *6.5.1.6 - мәтінді есептерді сызықтық теңдеулерді құру арқылы шығару;* *6.2.2.9 - сан аралықтардың бірігуін және қиылысуын табу;* *6.2.2.10 - $kx > b,\ kx \geq b, kx < b,\ kx \leq b$ түріндегі сызықтық теңсіздіктерді шешу;* *6.2.2.14 - бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешу;* *6.2.2.15 - $\|x\|>a$, $\|x\|\geq a$, $\|x\|<a$, $\|x\|\leq a$ теңсіздіктер түрінде берілген нүктелер жиынын координаталық түзуде кескіндеу;* *6.3.1.4 - координаталар жүйесінде нүктені оның координаталары бойынша салу және координаталық жазықтықта берілген нүктенің координаталарын табу;* *6.2.1.12 - тура пропорционалдықтың формуласын білу және графигін салу;* *6.2.2.19 - теңдеулер жүйелерін алмастыру тәсілі және қосу тәсілі арқылы шешу;* *6.5.1.7 - мәтінді есептерді сызықтық теңдеулер жүйелерін құру арқылы шешу.*
8-сынып, Алгебра	*Бүтін көрсеткішті дәреже және оның қасиеттері. Құрамында дәрежесі бар өрнектерді түрлендіру.* *Көпмүшені көбейткіштерге жіктеу. Өрнектерді тепе-тең түрлендіру.* *Сызықтық функция және оның графигі. Сызықтық*

Тапсырмалар 7-сыныпқа арналған «Алгебра» пәнінен оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары бойынша құрастырылады.	*функциялардың графиктерінің өзара орналасуы. Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін графиктік тәсілмен шешу.* *$y=ax^2$, $y=ax^3$ және $y=\frac{k}{x}$ $(k\neq0)$ түріндегі функциялар, олардың графиктері және қасиеттері.* *Абсолютті жиілік және салыстырмалы жиілік. Жиілік кестесі.* *Қысқаша көбейту формулаларының көмегімен өрнектерді тепе-тең түрлендіру.* *Теңдеу және теңсіздік құру арқылы берілген мәтінді есептерді шығару.* *Алгебралық бөлшектерді қосу, азайту, көбейту, бөлу және дәрежеге шығару.* *Алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендіру.*
8-сынып, Геометрия Тапсырмалар 7-сыныпқа арналған «Геометрия» пәнінен оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары бойынша құрастырылады.	*Сыбайлас және вертикаль бұрыштар және олардың қасиеттері.* *Бұрыштың биссектрисасы.* *Екі түзуді қиюшымен қиғанда пайда болған бұрыштар.* *Түзулердің параллельдік белгілері. Параллель түзулердің қасиеттері.* *Үшбұрыштардың бұрыштарының қосындысы.* *Үшбұрыштың сыртқы бұрышы.* *Үшбұрыштардың теңсіздігі.* *Көлбеу және оның проекциясы.* *Центрлік бұрыш.* *Шеңберге жүргізілген жанама.* *Үшбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлер.* *Салу есептері.*
9-сынып, Алгебра Тапсырмалар 8-сыныпқа арналған «Алгебра» пәнінен оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары бойынша құрастырылады.	*Арифметикалық квадрат түбір. Арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттері. Құрамында квадрат түбірлері бар өрнектерді түрлендіру.* *Квадрат теңдеу түбірлерінің формулалары.* *Виет теоремасы.* *Квадрат үшмүшені көбейткіштерге жіктеу.* *Квадрат теңдеуге келтірілетін теңдеулер.* *Рационал теңдеу.* $|ax^2+bx|+c=0$; $ax^2+b|x|+c=0$ *түріндегі теңдеулер.* *Рационал теңдеулердің көмегімен мәтінді есептерді шығару.* *$y=ax^2+bx+c$ $(a\neq0)$ түріндегі квадраттық функция, оның қасиеттері және графигі.* *Квадрат теңсіздік.* *Рационал теңсіздік. Интервалдар әдісі.* *Бір айнымалысы бар сызықтық емес теңсіздіктер жүйесі. Квадрат теңсіздіктер жүйесі.*
9-сынып, Геометрия Тапсырмалар 8-сыныпқа арналған «Геометрия» пәнінен оқу	*Көпбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы.* *Көпбұрыштың сыртқы бұрыштарының қосындысы.* *Параллелограм, тіктөртбұрыш, ромб және шаршы, олардың қасиеттері және белгілері.* *Фалес теоремасы.* *Трапеция. Тікбұрышты және теңбүйірлі трапециялар, олардың қасиеттері.* *Үшбұрыштың орта сызығы. Трапецияның орта сызығы.* *Үшбұрыштың тамаша нүктелері. Үшбұрыштың*

бағдарламасының оқыту мақсаттары бойынша құрастырылады.	*медианаларының қасиеті.* *Пифагор теоремасы.* *Шаршының, тіктөртбұрыштың, параллелограммның, ромбтың, үшбұрыштың және трапецияның аудандары.* *Жазықтықтағы тікбұрышты координаталар жүйесі.*

2) Кешенді диагностикалық жұмыстың қорытындысы бойынша:

- шектеу шаралары кезеңінде білім алушылардың білімінде олқылықтар бар оқыту мақсаттарын (тақырыптарын) анықтау;

- анықталған оқыту мақсаттарынан қайсысы жаңа оқу жылында пән бойынша оқыту мақсаттарына сәйкес келетінін, қайсысы сәйкес келмейтінін анықтау.

2-кезең. Жұмысты жоспарлау (II тоқсанның екінші аптасы).

1) Жаңа оқу жылындағы пән бойынша оқыту мақсаттарына сәйкес келетін оқу мақсаттарын ескере отырып, қысқа мерзімді жоспарлар жасау;

2) білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша жеке жұмыс жоспарларын әзірлеу.

3 кезең. Жұмыс жүргізу (оқу жылы бойы).

1) Оқыту мақсаттары біріктірілген қысқа мерзімді жоспар негізінде сабақты ұйымдастыру (қатарынан алынған екі сыныптың тиісті оқу мақсаттары).

5-9-сыныптардағы оқыту мақсаттарын біріктіру *мысалдары* келесі кестеде келтірілген (46-кесте).

46-кесте. Оқыту мақсаттарын біріктіру *мысалдары*

5-сынып, Математика	
5-сыныптың оқыту мақсаттары	**4-сыныптың оқыту мақсаттары**
5.1.1.1 - натурал сандар жиыны ұғымын меңгеру;	4.1.1.1 көптаңбалы сандардың құрылу жолын түсіну; 4.1.1.2 көптаңбалы сандарды оқу, жазу; 4.1.1.3 көптаңбалы сандардың разрядтық және кластық құрамын және разрядтық бірліктердің жалпы санын анықтау, разрядтық қосылғыштарға жіктеу
5.1.2.3 - санды өрнектердің мәндерін табу үшін көбейту мен қосу амалдарының қасиеттерін қолдану	4.1.2.3 көптаңбалы сандармен есептеулер жүргізгенде қосу және көбейтудің қасиеттерін қолдану
5.1.2.2 - амалдар саны төрттен артық болатын жақшамен және жақшасыз берілген санды өрнектердегі амалдардың орындалу ретін анықтау және мәндерін табу	4.2.1.7 төрт амалдан артық жақшалы және жақшасыз өрнектерде арифметикалық амалдардың орындалу тәртібін анықтау, олардың мәнін табу
6-сынып, Математика	
6-сыныптың оқыту мақсаттары	**5-сыныптың оқыту мақсаттары**
6.1.2.13 - таңбалары бірдей, таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосуды орындау	5.1.2.17 - бөлімдері бірдей бөлшектерді қосу және азайтуды орындау; 5.1.2.18 - бөлімдері әртүрлі бөлшектерді қосу және азайтуды орындау; 5.1.2.27 - ондық бөлшектерді қосу және азайтуды орындау

6.1.2.16 - рационал сандарды бөлуді орындау	5.1.2.23 - жай бөлшектерді және аралас сандарды бөлуді орындау; 5.1.2.30 - ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшекке бөлуді орындау; 5.1.2.31 - ондық бөлшектерді 10, 100, 1000 және 0,1; 0,01; 0,001 – бөлу ережелерін қолдану
7-сынып, Алгебра	
7-сыныптың оқыту мақсаттары	**6-сыныптың оқыту мақсаттары**
7.1.2.4 - бүтін көрсеткішті дәреженің санды мәнін анықтау және берілген сандарды дәреже түрінде көрсету	6.1.2.13 - таңбалары бірдей, таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосуды орындау; 6.1.2.15 - рационал сандарды көбейтуді орындау; 6.1.2.16 - рационал сандарды бөлуді орындау;
7.2.1.1 - санды өрнектердің мәндерін табуда бүтін көрсеткішті дәреже қасиеттерін қолдану	6.1.2.13 - таңбалары бірдей, таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосуды орындау; 6.1.2.15 - рационал сандарды көбейтуді орындау; 6.1.2.16 - рационал сандарды бөлуді орындау
7.2.1.13 - көпмүшелерге амалдар қолдану, көпмүшелерді көбейткіштерге жіктеу арқылы алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендірулерді орындау	6.2.1.6 - коэффициент, ұқсас мүшелер ұғымдарының анықтамаларын білу; 6.2.1.7 - алгебралық өрнектерде ұқсас мүшелерді біріктіруді орындау; 6.2.1.8 - тепе-теңдік және тепе-тең түрлендіру анықтамаларын білу; 6.2.1.9 - алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендіруді орындау
8-сынып, Алгебра	
8-сыныптың оқыту мақсаттары	**7-сыныптың оқыту мақсаттары**
8.1.2.3 - көбейткішті квадрат түбір белгісінің алдына шығару және көбейткішті квадрат түбір белгісінің астына алу;	7.1.2.3 - нөл және бүтін теріс көрсеткішті дәреженің анықтамасын және оның қасиеттерін білу; 7.1.2.4 - бүтін көрсеткішті дәреженің санды мәнін анықтау және берілген сандарды дәреже түрінде көрсету; 7.1.2.5 - алгебралық өрнектерді ықшамдауда дәрежелердің қасиеттерін қолдану;
8.2.1.2 - үшмүшеден екімүшенің толық квадратын бөлу;	7.2.1.10 - $(a \pm b)^2 = a^2 \pm 2ab + b^2$ қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану
8.1.2.5 - құрамында түбір таңбасы бар өрнектерді түрлендіруді орындау;	7.1.2.5 - алгебралық өрнектерді ықшамдауда дәрежелердің қасиеттерін қолдану; 7.1.2.14 - тиімді есептеу үшін қысқаша көбейту формулаларын қолдану;
8-сынып, Геометрия	
8-сыныптың оқыту мақсаттары	**7-сыныптың оқыту мақсаттары**
8.1.1.2 көп бұрыштың ішкі бұрыштарының қосындыларының және сыртқы бұрыштарының қосындыларының формулаларын қорытып шығару	7.1.1.17 - үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы туралы теорема мен оның салдарларын есептер шығаруда қолдану; 7.1.1.18 - үшбұрыштың сыртқы бұрышының анықтамасын білу және үшбұрыштың сыртқы бұрышы туралы теореманы дәлелдеу; 7.1.1.19 - үшбұрыштың сыртқы бұрышы туралы теореманы қолдану;
8.1.1.6 - тіктөртбұрыш, ромб, шаршы анықтамаларын білу және олардың қасиеттері мен белгілерін қорытып шығару;	7.1.1.12 - үшбұрыштың медианасы, биссектрисасы, биіктігі, орта перпендикуляры, орта сызығы анықтамаларын білу және оларды салу; 7.1.1.13 - үшбұрыштардың түрлерін ажырату; 7.1.1.14 - теңқабырғалы, теңбүйірлі, тікбұрышты үшбұрыштардың элементтерін білу

9-сынып, Алгебра	
9-сыныптың оқыту мақсаттары	**8-сыныптың оқыту мақсаттары**
9.2.2.2 - екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесін шешу;	8.2.2.3 - квадрат теңдеулерді шешу; 8.2.2.4 - Виет теоремасын қолдану; 8.2.2.7 - квадрат теңдеулерге келтірілетін теңдеулерді шешу
9.4.2.1 - мәтінді есептерді теңдеулер жүйелері арқылы шығару;	8.4.2.1 - мәтінді есептерді квадрат теңдеулердің көмегімен шешу; 8.4.2.2 - мәтінді есептерді бөлшек-рационал теңдеулердің көмегімен шешу
9.4.2.2 - геометриялық және арифметикалық прогрессияларға байланысты мәтінді есептерді шығару	8.4.2.1 мәтінді есептерді квадрат теңдеулердің көмегімен шешу; 8.4.2.2 - мәтінді есептерді бөлшек-рационал теңдеулердің көмегімен шешу
9-сынып, Геометрия	
9-сыныптың оқыту мақсаттары	**8-сыныптың оқыту мақсаттары**
9.1.3.8 - іштей сызылған үшбұрыштың ауданын ($S = \frac{abc}{4R}$, мұндағы a, b, c – үшбұрыштың қабырғалары, R – сырттай сызылған шеңбер радиусы) және сырттай сызылған көпбұрыштың ауданының ($S = p \cdot r$, мұндағы r – іштей сызылған шеңбер радиусы, p – көпбұрыштың жарты периметрі) формуларын білу және қолдану;	8.1.3.3 - Пифагор теоремасын дәлелдеу және қолдану; 8.1.3.8 берілген екі элементі бойынша тікбұрышты үшбұрыштың бұрыштары мен қабырғаларын табу; 8.1.3.9 көпбұрыш ауданының анықтамасы мен қасиеттерін білу
9.1.3.6 - косинустар теоремасын білу және қолдану	8.1.3.7 - тікбұрышты үшбұрыштың элементтерін табу үшін 30^0, 45^0, 60^0 - қа тең бұрыштардың синус, косинус, тангенс және котангенсінің мәндерін қолдану

2) ата-аналары немесе заңды өкілдерінің келісімімен білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша жаңа сабақтың алдында, сенбі күндері, каникул күндері (күзгі, қысқы, көктемгі), жазғы мектеп кезінде консультациялар/жеке консультациялар, қосымша сабақтар ұйымдастыру.

Шектеу шаралары кезеңінде жіберілген білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша консультациялар/жеке консультациялар, қосымша сабақтар ұйымдастыру кезінде оқу бағдарламасы бойынша алдыңғы сыныпта қарастырылған келесі тақырыптарды қайталауға және бекітуге ерекше назар аудару ұсынылады:

5-сынып, «Математика» пәні: Сандармен амалдар орындау. Шамалар және олардың өлшем бірліктері. Санды және әріпті өрнектер. Есептер және математикалық модель;

6-сынып, «Математика» пәні: Натурал сандарға арифметикалық амалдар қолдану. Теңдеулерді шешу. Натурал сандарды жай көбейткіштерге жіктеу. Ең үлкен ортақ бөлгіш. Өзара жай сандар. Ең кіші ортақ еселік. Аралас сандарды азайту. Жай бөлшектер мен аралас сандарға арифметикалық амалдар колдану. Санның бөлігін және бөлігі бойынша санды табу. Ондық бөлшекті натурал санға бөлу. Ондық бөлшекті ондық бөлшекке бөлу. Ондық бөлшектерге

арифметикалық амалдар қолдану. Жиындардың бірігуі мен қиылысуы. Пайыз. Санның пайызын және пайызы бойынша санды табу. Мәтінді есептерді шығару. Статистикалық деректерді көрсету тәсілдері;

7-сынып, «Алгебра» пәні: Пропорция. Пропорцияның негізгі қасиеті. Мәтінді есептерді пропорция көмегімен шығару. Таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосу. Рационал сандарды азайту. Рационал сандарға арифметикалық амалдар қолдану. Алгебралық өрнектерді түрлендіру. Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді шешу. Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу. Теңдеулердің көмегімен мәтінді есептерді шығару. Сан аралықтарының бірігуі мен қиылысуы. Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесі. Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешу. Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздік. Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешу. Тікбұрышты координаталар жүйесі. Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін қосу тәсілімен және алмастыру тәсілімен шешу. Мәтінді есептерді екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйелері арқылы шығару.

8-сынып, «Алгебра» пәні: Бүтін көрсеткішті дәреже және оның қасиеттері. Құрамында дәрежесі бар өрнектерді түрлендіру. Санның стандарт түрі. Көпмүшелерге амалдар қолдану. Көпмүшені көбейткіштерге жіктеу. Өрнектерді тепе-тең түрлендіру. Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін графиктік тәсілмен шешу. $y=ax^2$, $y=ax^3$ және $y=\frac{к}{x}$ $(k\neq0)$ түріндегі функциялар, олардың графиктері және қасиеттері. Қысқаша көбейту формулаларын қолданып, өрнектерді тепе-тең түрлендіру. Алгебралық бөлшектерді қосу, азайту, көбейту, бөлу және дәрежеге шығару. Алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендіру.

9-сынып, «Алгебра» пәні: Құрамында квадрат түбірлері бар өрнектерді түрлендіру. Квадрат теңдеулерді шешу. Квадрат теңдеуге келтірілетін теңдеулерді шешу. Рационал теңдеулердің көмегімен мәтінді есептерді шығару. Квадрат теңсіздік. Рационал теңсіздік.

7-9-сыныптар, «Геометрия» пәні: тақырыптардың басым көпшілігі күрделі тақырыптарға жатады. Сондықтан барлық күрделі тақырыптарды қайталау ұсынылады.

4-кезең. Жұмысты талдау (әр оқу тоқсанының соңында)

Білім алушылардың білім сапасына жүргізілген жүйелі мониторинг нәтижелерін талдау және оларды әдістемелік бірлестікте, педагогикалық кеңесте талқылау ұсынылады.

«Информатика» оқу пәні

2021-2022 оқу жылында 5-9 сыныптарда «Информатика» пәнін оқыту ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығымен бекітілген «Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-

сыныптарына арналған Информатика пәнінен жаңартылған мазмұн бойынша үлгілік оқу бағдарламасы» (№9 қосымша) бойынша жүзеге асырылады 5-9 сыныптардағы «Информатика» пәнін оқыту білім алушыларды қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды практикада тиімді пайдалану үшін компьютерлік жүйелер, ақпараттық процестер, компьютерлік ойлау саласындағы базалық біліммен және дағдылармен қамтамасыз етуге бағытталаған.

«Информатика» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

5-сыныпта аптасына 1 сағаттан, оқу жылында 34 сағат;

6-сыныпта аптасына 1 сағаттан, оқу жылында 34 сағат.

7-сыныпта аптасына 1 сағаттан, оқу жылында 34 сағат;

8-сыныпта аптасына 1 сағаттан, оқу жылында 34 сағат.

9-сыныпта аптасына 1 сағаттан, оқу жылында 34 сағат.

7-сыныпқа арналған «Информатика» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі бөлімшелер мен тақырыптарды қамтиды:

1) «Компьютердің құрылғылары»: «Компьютердің жады түрлері (жедел есте сақтау құрылғысы, тұрақты есте сақтау құрылғысы, сыртқы жады, кеш-жады)»;

2) «Программалық қамтамасыз ету»: «Бірдей ақпаратты сақтайтын түрлі форматтағы файлдардың өлшемдерін салыстыру». «Ақпаратты қысу, архиватор-бағдарламалар» «Мұрағаттарды құру және ашу»;

3) «Компьютерлік желілер»: «Компьютерлік желінің мақсаты, жіктелуі (ауқымы бойынша, топологиясы бойынша, тиістілігі бойынша)»;

4) «Ақпаратты ұсыну және өлшеу»: «Ақпаратты өлшеу бірліктері, ақпаратты бір өлшем бірлігінен басқаға аудару»;

5) «Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру»: «Мәтіндік процессордағы кестелерді жасау, өңдеу және пішімдеу», «Электрондық кестелер, электрондық кестенің негізгі ұғымдары», «Деректерді енгізу, редакциялау және пішімдеу, маркер толықтыру», «Деректер типтері», «Формулалар енгізу», «Шартты пішімдеу», «Диаграммаларды құру»;

6) «Алгоритмдер»: «Салынған және құрамдас шарттарды, тармақталған алгоритмдерді программалау»;

7) «Программалау»: «Файлдарды оқу және жазу»;

8) «Эргономика»: «Пайдаланушы интерфейстерінің эргономикалығын анықтау»;

9) «Ақпараттық қауіпсіздік»: «Ақпаратты зиянды бағдарламалардан қорғау».

8-сыныпқа арналған «Информатика» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі бөлімшелер мен тақырыптарды қамтиды:

1) «Компьютердің құрылғылары»: «Процессор және оның негізгі сипаттамалары»;

2) «Компьютерлік желілер»: «Компьютерлік желінің өткізу қабілеті»;

3) «Ақпаратты ұсыну және өлшеу»: «Ақпараттың көлемін бағалаудың алфавиттік тәсілі»;

4) «Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру»: «Электрондық кестелердегі деректер пішімдері», «Абсолюттік және салыстырмалы сілтемелер», «Функциялар графиктерін құру», «Кірістірілген функцияларды пайдалану: математикалық (қосындысы, көбейтіндісі, дәрежесі), статистикалық (ең төменгі, ең жоғары, орташа, саны), логикалық (егер)»;

5) «Модельдеу»: «Python (пайтон) программалау ортасында модельдер құру»;

6) «Алгоритмдер»: «Алгоритм трассировкасы»;

7) «Программалау»: «Цикл операторлары (параметрі бар цикл, алғышартты цикл, кейінгі шартты цикл)»;

8) «Эргономика»: «Электрондық құрылғылардың адам ағзасына әсері», «Электрондық құрылғылардың теріс әсерінен қорғау тәсілдері»;

9) «Ақпараттық қауіпсіздік»: «Желідегі пайдаланушының қауіпсіздігі: алаяқтық, интернеттегі агрессия».

«Информатика» пәні бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру жөнінде ұсынымдар:

2021-2022 оқу жылында «Информатика» пәні бойынша шектеу шаралары кезіндегі оқу жылдарында жіберілген білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру және жаңа оқу жылының оқу бағдарламасын меңгерту бағытында мақсатты шараларды жыл бойы келесі кезеңдер бойынша жүргізу ұсынылады:

Диагностикалық жұмыс:

- пәннің оқу бағдарламасының мазмұны бойынша диагностикалық бақылау жұмысын жүргізу (өткен оқу жылындағы күрделі тақырыптар, оқу мақсаттары);
- білім алушыларға қиындықтар тудырған және білімінде олқылықтары бар тақырыптарды және оқу мақсаттарын анықтау; *Жоспарлау жұмысы:*
- бөлімдер/бөлімшелер/тақырыптар бойынша білімдегі олқылықтарды ескере отырып, күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды қайта қарау (оқу тоқсаны ішінде сағаттарды қайта бөлу);
- өткен оқу жылында игерілмеген күрделі тақырыптарды, оқу мақсаттарын анықтау, қайталау, жаңа оқу жылында оқыту;
- меңгерілмеген оқу мақсаттары мен тақырыптарын ескере отырып, қысқа мерзімді жоспарлар құру;
- білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша білім алушының жеке жұмыс жоспарларын әзірлеу.

Жүзеге асыру және талдау:

- өтілген оқу материалдары бойынша оқу мақсаттары кіріктірілген қысқа мерзімді жоспардың негізінде сабақты ұйымдастыру;
- меңгерілмеген және қиындық тудыратын оқу мақсаттары, пән тақырыптары бойынша білім алушылар үшін қосымша оқу материалдарын дайындау;

- меңгерілмеген және қиындық тудыратын оқу мақсаттары мен тақырыптары бойынша білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін жеке кеңестер, қосымша сабақтар өткізу;

- оқушылардың білім сапасына жүйелі мониторинг жүргізу және мектеп әдістемелік бірлестігінде нәтижелерді талқылау;

- мониторинг қорытындысы бойынша ұсыныстар дайындау.

Шектеу шаралары кезінде білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтауды *ауызша сұрақ қою, қарапайым практикалық тапсырмалар, өзара бақылау, жазбаша жұмыстар, тестілеу* арқылы жүргізу ұсынылады.

«Информатика» пәні бойынша анықталған олқылықтарды 4 блокқа топтастырға болады:

- ақпарат, ақпараттық процестер (ақпаратты ұсыну және өлшеу);
- қолданбалы программалар (компьютерлік графика, 3D – баспа, мәтіндік құжатпен жұмыс, электронды кестемен жұмыс, деректер базасы);
- программалау (робототехника, алгоритмдеу, Python тілінде программалау);
- компьютерлік жүйелер, желілер және қауіпсіздік (компьютер мен желінің техникалық сипаттамалары, компьютер таңдау);

Бұл топтастыру білімдегі олқылықтардың орнын толықтырудың нақты жүйесін құруға мүмкіндік береді.

Мысалы, «Информатика» пәні бойынша өткен оқу жылындағы меңгерілмеген оқу мақсаттарын оқу тапсырмаларында біріктіру ұсынылады:

6-сыныпта - 6.1.1.2 компьютердің негізгі құрылғыларының өзара әрекеттесуін түсіндіру оқу мақсаты мен 5.1.1.1 ақпараттың цифрлық тасымалдау құралдарын сипаттау оқу мақсатын;

7-сыныпта - 7.1.1.1 компьютердің жады түрлерінің мақсаттарын сипаттау (жедел есте сақтау құрылғысы, тұрақты есте сақтау құрылғысы, сыртқы жады, кеш-жады) оқу мақсаты мен 6.1.1.2 компьютердің негізгі құрылғыларының өзара әрекеттесуін түсіндіру оқу мақсатын;

8-сыныпта - 8.1.3.1 желінің өткізу қабілетін анықтау оқу мақсаты мен 7.1.3.1 компьютерлік желілерді жіктеу оқу мақсатын;

9-сыныпта - 9.1.1.1 мақсатына байланысты компьютердің конфигурациясын таңдау оқу мақсатын меңгертуде 8.1.1.1 процессордың функцияларын және оның негізгі сипаттамаларын қарапайым деңгейде түсіндіру оқу мақсатын;

9.2.2.1 «дерекқор, жазба, өріс» терминдерін түсіндіру; 9.2.2.2 электрондық кестеде деректер базасын жасау оқу мақсаттарын меңгертуде электрондық кестенің элементтерін пішімдеуді қайталап оқыту ұсынылады.

Информатика сабақтарындағы пәнаралық байланыстар білім алушылардың пәндерге қызығушылығы мен оқу сапасын арттыруға, ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді, оқу пәндеріне кешенді көзқарас қалыптастырады, ой-өрісін кеңейтеді, білім алушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға ықпал етеді, бағдарламалық материалды терең

түсінуге және меңгеруге көмектеседі, білім алушыларды ғылыми-зерттеу әрекеттеріне баулиды. Пәнаралық байланысты жүзеге асыру үшін жоба әдісін қолдану пәнді оқытудың тиімділігін арттырады, пәндер бойынша оқыту сапасын арттырады.

Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасындағы ұзақ мерзімді жоспарда білім алушылардың жобалық жұмыстарының тақырыптары мен мақсаттары жоспарланған. Сондықтан оқу жылы ішінде білім алушылардың көрсетілген тақырыптар бойынша жобалар мен шығармашылық жұмыстардың орындалуы педагогтер назарында болуы керек.

Жобалау әдісін қолданған кезде педагог дайын білім беруден гөрі білім алушылардың зерттеу, іздеу, шығармашылық дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Жобалық жұмысты сабақта немесе сабақтан тыс уақытта орындауға болады. Білім алушылар жаңа білім іздеу арқылы жаңа нәтижелерге қол жеткізеді, талқылайды, жоба бойынша қорытынды шығарады, жобаны жетілдіреді, нәтижені жариялайды.

Ұзақ мерзімді жоспарда бөлімшелер мен тақырыптар тоқсандарға бөлініп көрсетілген**.** Тақырыптар мен бөлімшелерді меңгеруге бөлінетін сағат сандары көрсетілмеген. Бөлімшелер арасында сағат санын бөлу практик-педагогтердің еркінде, бірақ материал көрсетілген тоқсанда толық оқытылуы тиіс.

5-9-сыныптарда «Информатика» пәнін оқыту кезінде үштілділік саясатына ерекше көңіл бөлінуі керек. Пән бойынша білім алушылардың академиялық тілін дамытуға айрықша назар аудару ұсынылады. Бағдарламалау тілі - ағылшын тілі, көптеген компьютерлік интерфейстер ағылшын тілінде ұсынылған. Педагог білім алушылардың назарын информатика бойынша академиялық тілді қолдануға аударуы, сондай-ақ информатиканы оқуға қажетті тілдік дағдыларға көңіл бөлуі қажет. Сонымен қатар педагогтер білім алушының бай академиялық тілін қалыптастыру мақсатында диалог/жазу үшін пайдаланылатын ұғымдарды қамтитын жүйелі тілдік қолдауды жүзеге асыруы керек.

5-9 сыныптардағы Информатика» пәні бойынша жиынтық бағалау саны.

Пәннің оқу бағдарламасы бойынша 6, 7, 8, 9-сыныптарда 3-тоқсанда бір ғана «Phyton программалау тілінде программалау» бөлімі оқытылады. Білім алушылардың бөлім бойынша оқу мақсаттарын игеру деңгейлерін нақты анықтау үшін аталған бөлім бойынша екі жиынтық бағалау өткізу ұсынылады.

Аталған ұсынысты ескере отырып оқу жылының тоқсандары бойынша жиынтық бағалау саны 47-кестеде берілген.

47-кесте. «Информатика» пәні бойынша жиынтық бағалау саны»

Сынып	Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны			
	1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан
5 сынып	1	1	1	1
6 сынып	1	1	2	1
7 сынып	2	1	2	1
8 сынып	1	1	2	1
9 сынып	2	1	2	1

ҚР БҒМ «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына (2019 жылғы 26 қарашада № 509 өзгерістер мен толықтырулар) төмендегі тармақ енгізілген:

14-4. Оқу жүктемесі аптасына 1 сағат болған жағдайда БЖБ бөлімдерді біріктіре отырып, бір тоқсанда екі реттен артық өткізілмейді, қорытынды баға жарты жылда қойылады.

Осы тармаққа сәйкес 5-9 сыныптағы «Информатика» оқу пәнінен тек бөлім бойынша жиынтық бағалау жүргізіледі және олардың қорытындысы бойынша жарты жылдық баға қойылады, ал тоқсан бойынша жиынтық бағалау жүргізілмейді.

«ЖАРАТЫЛЫСТАНУ» БІЛІМ САЛАСЫ

Жаратылыстануды оқыту білім алушылардың бойында табиғат құбылыстары мен заңдылықтары туралы ұғым қалыптастырады, табиғатты танудың ғылыми әдістерін ашады, тәжірибеге бағдарланған дағдыларды дамытып, тұлғалық сапасын және құндылықтар жүйесін қалыптастырады.

7-сыныптан бастап білім саласы құрамына жаратылыстану білім беру бағытының: «География», «Биология» «Физика» және «Химия» пәндері кіреді.

Қазіргі жаратылыстану-ғылыми білім берудің мақсаты – табиғат құбылыстарын зерттеуде жүйелілік, сабақтастық принциптерін түсіну, ғылыми парадигманың өзгеруі жағдайында ғылыми дүниетаным мен әлемнің заманауи көрінісін қалыптастыру.

Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары білім алушыларда міндеттерді анықтау, бақылау, болжау, жіктеу, талдау сияқты табиғатты танып, білу дағдыларын қалыптастырады.

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарларымен (2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) жүзеге асырылады. Атап айтқанда, жаңартылған мазмұнның Үлгілік оқу жоспарлары және төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарлары.

«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдары меншік түрі мен нысанына қарамастан, үлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарларын дербес таңдап алады.

Үлгілік оқу жоспарының түріне байланысты негізгі орта білім беру деңгейінде «Жаратылыстану», «География», «Биология» «Физика» және «Химия» оқу пәндерін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі әртүрлі (48-кесте).

48-кесте. Оқу жүктемесінің көлемі

Пәннің атауы	Сынып	Жалпы жүктеме, сағат			
		Үлгілік оқу жоспары (жаңартылған мазмұн)		Үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)	
		апталық	жылдық	апталық	жылдық
Жаратылыстану	5	2	68	1	34
	6	2	68	1	34
Физика	7	2	68	1	34
	8	2	68	1	34
	9	2	68	1	34
Химия	7	1	34	1	34
	8	2	68	1	34
	9	2	68	1	34
Биология	7	2	68	1	34
	8	2	68	1	34
	9	2	68	1	34
География	7	2	68	1	34
	8	2	68	1	34
	9	2	68	1	34

Назар аударыңыз!

«Физика», «Химия», «Биология» және «География» пәндері бойынша оқу бағдарламаларында қарастырылатын зертханалық, практикалық жұмыстар, модельдеу міндетті түрде жүргізілуі тиіс, себебі бұл әрекет білім алушылардың ізденіс дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Демонстрациялық жұмыстардан басқа барлық жұмыстар бағаланады. Демонстрациялық жұмысты орындау үшін мұғалім кез келген ақпарат көзін пайдалана алады.

«Жаратылыстану» оқу пәні

«Жаратылыстану» оқу пәні бастауыш мектепте оқытылған «Жаратылыстану» пәні бағдарламасының логикалық жалғасы. 5-6-сыныптардың білім алушыларына жаратылыстану бағытында білім беру, олардың жаратылыстану ғылымына деген қызығушылығының артуына, осы жастағылардың мүмкіндігіне қарай зерттеулер жүргізудің қарапайым дағдыларын, әлем туралы ой-өрістерін кеңейтуге, ғылымды ұғыну мен қоршаған әлемді тұтастай қабылдауларының дамуына, қоршаған әлемді бағалай және қорғай білу біліктіліктерінің дамуына көмектеседі.

Оқу пәнінің мазмұны 7 бөлімнен тұрады: «Ғылым әлемі», «Ғалам. Жер. Адам», «Заттар және материалдар», «Тірі және өлі табиғаттағы процестер», «Энергия және қозғалыс»,«Экология және тұрақты даму», «Әлемді өзгерткен жаңалықтар». Бағдарлама білім алушыларға қоршаған әлемнің көптүрлілігін, табиғи құбылыстар мен процестердің өзара байланысын, тірі және өлі табиғатта болатын табиғи құбылыстар мен процестердің себептері мен салдарын, табиғаттағы нысандар мен процестердің көптүрлілігін жүйелеу принциптерін,

адамның көптеген іс-әрекеті үшін ғылыми-жаратылыстану білімінің маңыздылығын түсінуге мүмкіндік беретіндей етіп құрылған.

Сабақ уақытында білім алушылардың байқау, ғылыми зерттеуді жоспарлау, деректерді алу және ұсыну, нәтижелерді түсіндіру тәрізді зерттеушілік, ойлау, сөйлеу және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға ерекше назар аудару қажет. Мысалы, түрлі тақырыптарды зерделеу арқылы білім алушы зерттеу жоспарын құрастыруды, бақылауды, эксперименттер жүргізуді, нәтижелерді ауызша және жазбаша сипаттауды және бағалауды, қорытынды және тұжырымдама жасауды үйренеді. Ол білім алушының үйде, мектепте, табиғатта бақыланған нысандар мен құбылыстарды түсінуі үшін алынған білім мен дағдыларды күнделікті өмірде қолдану біліктерін дамытады.

Оқу пәнінен әр тоқсан сайын бөлім бойынша жиынтық бағалау саны 49-кестеде көрсетілген.

49-кесте. «Жаратылыстану» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
5-сынып	2	1	2	2
6-сынып	2	1	2	2

«Жаратылыстану» және «География» пәндері бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру жөнінде ұсынымдар

Жоспарлау жұмысы. 2021-2022 оқу жылында «Жаратылыстану» және «География» пәндері бойынша онлайн оқу жағдайындағы жіберілген білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру және жаңа оқу жылының оқу бағдарламасын меңгерту бағытында мақсатты шараларды жыл бойы жүргізу жолдары ұсынылады.

2021/2022 оқу жылы басталғанға дейін білім алушылардың қашықтан оқу кезіндегі олқылықтарының орнын толықтыру үшін мұғалім өз пәні бойынша олқылықтарды жою мақсатында арнайы жоспар дайындағаны жөн.

Оқу басталысымен білім алушылардың бағдарламаға сай тақырыптар бойынша түсінбеген тұстарын анықтап, сол тақырыптарды қайталау жолдарын қарастырып, олқылықтарды анықтау ұсынылады.

Білім алушылардың білімі мен дағдыларындағы олқылықтар қай деңгейде және қай бөлімдерде екенін анықтап, оны қалай толықтыруға болатынын алдын ала ойластыру қажет.

Мектептер мұғалімдерге білімдегі олқылықтарды анықтауға және оларды жою стратегиясын енгізуге көмектесетін қолданыстағы бағалау тәсілін жасауға күш салуы керек.

Жүзеге асыру жолдары. Оқушының оқу мақсаттарын қай деңгейде білетінін анықтау үшін тесттер, сауалнамалар немесе қарапайым әңгімелесу әдістерін қолдану ұсынылады.

5-6-сыныптардың білім алушыларына жаратылыстану бағытында білім беру, олардың жаратылыстану ғылымына деген қызығушылығының артуына, осы жастағылардың мүмкіндігіне қарай зерттеулер жүргізудің қарапайым

дағдыларын, әлем туралы ой-өрістерін кеңейтуге, ғылымды ұғыну мен қоршаған әлемді тұтастай қабылдауларының дамуына, қоршаған әлемді бағалай және қорғай білу біліктіліктерінің дамуына көмектеседі.

«Жаратылыстану» пәнінің мақсаты – оқушыларға еліміздің табиғаты, табиғи байлығы, экономикасы, «адам-адам», «адам-қоғам», «адам-табиғат» арасындағы қарым-қатынас туралы ғылыми ұғымдар мен дүниені танып білудің әдіс-тәсілдерін меңгерту болып табылады. Осыған орай «Жаратылыстану» пәніне «География», «Биология», «Химия», «Физика» пәндеріне өтпелі пән ретінде 136 сағат берілуі пән тарапынан олқылықтар жіберу мүмкіндігін азайтады. Бағалау барысы негізінен мұғалімдердің күнделікпен жұмысы нәтижесінде беріліп отыр. «Күнделік» арқылы мониторинг қорытындысы республика бойынша қанағаттанарлық. БЖБ мен ТЖБ көрсеткіштерінің жиынтығы ойландырады. Сонымен қатар «Жаратылыстану» пәнінде тәжірибелік жұмыстардың көбі орындалмады, себебі үй жағдайында орындау қиындықтар тудырды.

Жаратылыстану пәні бойынша 5-6-сыныптардағы тәжірибелік жұмыстарды апта соңында қосымша жүргізу арқылы білімдегі олқылықтың орнын толықтыра аламыз.

Табиғаттағы физикалық, химиялық, географиялық заңдылықтарға байланысты 6-сыныпта қарастырылатын тақырыптардың бастапқы түсініктері беріледі. Жаратылыстану ғылымына тек 6-сынып материалдарын игерген соң нақтылы химия, физика, биология, география бағытындағы мазмұны қарастырылмақ.

Жаратылыстану бағытындағы пәндердің зертханалық және тәжірибелік жұмыстарының өз деңгейінде орындалуына көңіл бөлу ұсынылады.

Жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін оқытуды ұйымдастырудың бірнеше әдістері ұсынылады.

Білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру бағытындағы іс-әрекеттерді ұйымдастыру бойынша ұсыныстар

1-тоқсанда:

5-сынып пен 6-сынып арасындағы сабақтастықты сақтау;

4-сыныптан келген баланың жеке ерекшеліктерін ескеру.

7-сыныпта білім алушының «Биология», «Химия», «Физика», «География» пәндерінде 6-сыныптағы «Жаратылыстану» пәнінің мазмұнымен сабақтастығын және алған білім деңгейін ескеру.

1-ұсыныс:

1) 5-сыныпқа келген білім алушыларға арнайы фокус-жоспар құру;

2) бастауыш сыныпта «Жаратылыстану» пәнінен алған білімдеріне талдау жасау;

3) «Биология», «Химия», «Физика», «География» пәндерінің жоспарына сәйкес 6-сыныптағы мазмұнмен сабақтастықты сақтай отырып, жоспар жасау.

2-ұсыныс:

1) «Биология», «Химия», «Физика», «География» пәндерінің әдістемелік бірлестігі оқушылардың біліктілігін анықтау жұмыстарын жүргізуі тиіс.

Олқылықтардың орнын толықтырудың кезеңдері:

1-қадам. Олқылықтарды анықтау. Диагностика жүргізу. Диагностикадан кейін оқушылардың біліміндегі олқылықтарды деңгейіне қарай күрделіден қарапайымға дейін жіктеп, бөлу. Бірінші орында негізгі базалық білімдегі олқылықтармен жұмыс: мысалы, заттар және олардың қасиеттері, периодтық заң, энергия түрлерін т.б. білулері керек. Мектепте, жалпы өмірде бұл ұғымдар үнемі қолданылады, сондықтан оларды бірінші кезекте меңгерту ұсынылады.

2-қадам. Уақытты белгілеу. Анықталған олқылықтардың деңгейіне қарай оған жұмсалатын уақытты жоспарлау. Бір тақырыпқа бірнеше сағат бөлу не керісінше бір сабақтың ішіндегі белгілі бір уақыт жеткілікті болуы мүмкін. Мысалы, 6-сыныпта алдыңғы тақырыптардың мазмұнына назар аудара отырып, қайталамау жағын қарастыру.

3-қадам. Оқыту әдісін таңдау. Білімдегі олқылықтарды толықтыру бойынша шараларды таңдау үш факторға байланысты:

- өткізілетін материалдың көлемі;
- жоспарланған уақыт мөлшері;
- баланың жас және жеке ерекшеліктері.

Білімдегі олқылықтарды толықтыру жұмыстарының формалары:

1. Өзіндік жұмыстар Тақырыпты және тапсырманы түсіндіре отырып, өз бетінше ізденуге тапсырма беру;

2. Нақты мақсатқа бағытталған әрекеттер жасау.

Егер жекелеген оқушы немесе сыныптағы шағын топ қолдауды қажет етсе, нақты мақсатқа бағытталған қысқа сессиялар ұйымдастыру қажет.

3. Сыныпты толық оқыту

Егер бүкіл сыныптың қажеттіліктері немесе олқылықтары шамалас болса, бұл көп уақытты қажет етеді, бірақ білім алушылардың басым бөлігін қамтиды.

Білімдегі олқылықтарды толықтыруға бағытталған сабақтарды ұйымдастыру формалары

1. Таза ауадағы сабақтар Жаратылыстану, биология, география, физика сабақтарын баланың денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету үшін арасында саябақтарда немесе аулада, таза ауада өткізу ұсынылады. Мысалы тақырыптар мен оқу мақсаттары бойынша:

«Жаратылыстану» пәнінен:

- деректерді жинау және жазу, макро және микроәлем, тірі табиғаттағы үдерістер;
- физикалық және химиялық құбылыстар, ауа және ауаның құрамы;
- жергілікті жердің экожүйелерін зерттеу.

«Физика» пәнінен:

- физикалық құбылыстар, кішкентай денелердің өлшемін қатарлау әдісі арқылы анықтау, механикалық қозғалыс және оның сипаттамасы, горизонталь лақтырылған дененің қозғалысын зерделеу, аспан сферасы, аспан координаталарының жүйесі, дыбыс, дыбыстың сипаттамалары, акустикалық резонанс, жаңғырық;
- ауа райы және метеорологиялық элементтер, атмосфералық қолайсыз құбылыстар, туған өлкенің флорасы мен фаунасы, топырақ, оның құрамы мен

құрылымы, Қазақстанның топырақ түрлері, топырақтың экологиялық проблемалары, табиғи-аумақтық кешендер, табиғи-аумақтық кешендердің қалыптасуы, табиғи-аумақтық кешендердің түрлері; туған өлкемнің визит карточкасы: өлкетанудың деректер базасын әзірлеу сынды тақырыптарды далада өткізсе, әрі қызықты әрі қауіпсіз болады.

Сабақ уақытында білім алушылардың байқау, ғылыми зерттеуді жоспарлау, деректерді алу және ұсыну, нәтижелерді түсіндіру тәрізді зерттеушілік, ойлау, сөйлеу және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға ерекше назар аудару қажет. Мысалы, түрлі тақырыптарды зерделеу арқылы, білім алушы зерттеу жоспарын құрастыруды, бақылауды, эксперименттер жүргізуді, нәтижелерді ауызша және жазбаша сипаттауды және бағалауды, қорытынды және тұжырымдама жасауды үйренеді. Ол білім алушының үйде, мектепте, табиғатта бақыланған нысандар мен құбылыстарды түсінуі үшін, алынған білім мен дағдыларды күнделікті өмірде қолдану біліктерін дамытады.

«Жаратылыстану» оқу пәнінен күрделі тақырыптар бойынша фокус жоспар
5-сынып

№	Тақырыптар	Оқу мақсаттары	Жұмыс формасы	Уақыты	Қорытынды
1-тоқсан					
1	Деректерді жинау және жазу	5.1.4.1 нысандар параметрлерін өлшем бірліктермен анықтау; 5.1.4.2 бақылаулар мен өлшеу деректерін тіркеу	мини-топтармен жұмыс		әңгімелесу арқылы білімдерін байқау
2	Деректерді талдау	5.1.5.1 қайталанған өлшеулер кезіндегі арифметикалық орташа шаманы есептейді және тенденцияларын анықтау			
3	Қорытынды және талқылау	5.1.6.1 зерттеу сұрағы бойынша қорытынды тұжырымдау			
4	Жер бетін бейнелеу тәсілдері	5.2.5.1 «жоспар» және «шартты белгілер» ұғымдарын түсіндіру; 5.2.5.2 шартты белгілерді қолданып, жергілікті жердің планын оқу; 5.2.5.3 бір тәсіл бойынша жергілікті жердің түсірілімін жасау (көз мөлшермен түсіру, полярлық түсіру, бағдарлық түсіру); 5.2.5.4 тіркеу талаптарына сай жергілікті жердің қарапайым пландарын сызу	экскурсия-сабақ		сауалнама жүргізу
2-тоқсан					
1	Заттардың жіктелуі	5.3.2.4 еріген заттың массалық үлесін есептеу; 5.3.2.5 заттарды ерігіштігі бойынша, металдар және бейметалдарға жіктеу	сынып бойынша жұмыс		мини-тесттер

3-тоқсан					
1	Тірі табиғаттағы үдерістер	5.4.2.5 фотосинтез үдерісін түсіндіру; 5.4.2.6 өсімдіктерде пигменттердің болуын зерттеу; 5.4.2.7 фотосинтездің жүруі үшін қажетті жағдайларын зерттеу	таза ауадағы сабақ		әңгімелесу
2	Энергия түрлері мен көздері	5.5.1.1 энергия түрлерін ажырату; 5.5.1.6 энергияның өзара айналымына мысалдар келтіру	чартерлік сабақтар		мини-тест
4-тоқсан					
1	Тірі ағзалардың сан алуандығы	5.6.2.1 ағзаларды тірі табиғат дүниелеріне жіктеу; 5.6.2.2 біржасушалы және көпжасушалы ағзаларды сипаттау	шағын топпен сабақ		сұрақ-жауап

6-сынып

№	Тақырыптар	Оқу мақсаттары	Жұмыс формасы	Уақыты	Қорытынды
1-тоқсан					
1	Деректерді жинау және тіркеу	6.1.4.1 халықаралық бірліктер жүйесінің өлшем бірліктерін пайдалану	PowerPoint форматта слайд арқылы түсіндіру		презентация
2	Мәліметтерді талдау	6.1.5.1 алынған деректерді графикалық түрде көрсету	инфографика түрінді сабақ		рефлексия
3	Жер өрістері және олардың құрамдас бөліктері	6.2.3.1 жер қабықтарының өзара байланыс тәсілдерін түсіндіру	бейнематериалдар		әңгімелесу
2-тоқсан					
1	Заттардың құрылысы мен қасиеттері	6.3.1.1 атом мен молекулаларды, қарапайым және күрделі заттарды айыра білу; 6.3.1.2 атомның негізгі бөлшектерін және олардың орналасуын сипаттау	практикалық жұмыстар		сұрақ-жауап
2	Заттардың жіктелуі	6.3.2.1 заттарды органикалық және бейорганикалық заттар күйінде жіктеу; 6.3.2.2 тірі және өлі табиғатта қышқыл, сілтілі және бейтарап ортаны айыра біледі және әмбебап индикатор көмегімен ортаны анықтау	практикалық жұмыстар		сұрақ-жауап
3-тоқсан					
1	Тірі табиғаттағы үдерістер	6.4.2.1 жасуша компоненттерін анықтау 6.4.2.5 азық-түлік	мектеп асханасындағы практикалық		әңгімелесу

		өнімдеріндегі органикалық заттардың болуын тестілу; 6.4.2.6 ағзалардағы қоректік заттардың тасымалдануын модельдеу; 6.4.2.8 ағзадан бөлініп шығатын өнімдерді атау; 6.4.2.9 тірі ағзалардың тітіркендіргіштерге жауап беру реакциясын зерттеу	жұмыстар		
2	Энергия түрлері мен көздері	6.5.1.2 энергияны шығарумен және оның жұтылуымен байланысты үдерістерді атау және мысалдар келтіру; 6.5.1.3 электр энергиясының бірлігін атау; 6.5.1.4 электр энергиясының құнын есептеу; 6.5.1.5 энергияны алудың баламалы көздерін ұсыну	дәріс		өзіндік жұмыс
4-тоқсан					
3	Экожүйелер	6.6.1.1 экожүйе құрамдас бөліктерінің өзара байланысын график түрінде көрсету және түсіндіру; 6.6.1.2 экожүйе ауысымдарының себептерін түсіндіру; 6.6.1.3 экологиялық пирамидада энергия мен заттардың ауысуын түсіндіру	таза ауадағы сабақ		әңгімелесу

«Биология» оқу пәні

Биологиялық ғылымдар тірі организмдердің құрылымы мен функцияларын, олардың дамуын және тіршілік ортасымен өзара қарым-қатынасын зерттейді. Қазіргі заманғы көзқарастар бойынша өмір – бұл ірі органикалық молекулалардан тұратын және энергиямен, қоршаған ортамен, заттармен алмасу нәтижесінде өз өмірін сақтап қалуға және өзін-өзі қалпына келтіруге қабілетті күрделі биологиялық жүйелердің өмір сүру процесі.

«Биология» оқу пәні жаратылыстану-ғылыми білім берудің құрамдас бөлігі ретінде білім алушыларда қоршаған әлемнің алуан түрлілігі мен эволюциясы, тірі организмдердің даму заңдылықтары туралы білімді қалыптастырады, сондай-ақ табиғат әлемінің таңғажайып құбылыстарын зерттеуге мүмкіндік береді.

2021/2022 оқу жылында «Биология» оқу пәні бойынша оқу процесін ұйымдастыруда келесі оқу бағдарламалары қолданылады:

1. ҚР БҒМ міндетін атқарушының 2017 жылғы «25 » қазандағы № 545 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Биология» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (15-қосымша);

2. ҚР БҒМ 2020 жылғы «27»қарашадағы № 496 бұйрығымен бекілген Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Биология» пәнінен оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу бағдарламасы (23-қосымша).

Назар аударыңыз!

9-сыныпқа ҚР БҒМ «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы «26» шілдедегі № 334 бұйрығымен енгізілген өзгерістер көрсетілген бұйрыққа 15-қосымшада 14-тармақтың 14) тармақшасы мынадай редакцияда жазылған:

«14) «Көбею». Адамның жыныс жүйесінің құрылымы мен қызметі. Екінші реттік жыныстық белгілер. Ұлдар мен қыздардың жыныстық жетілуі. Биологиялық және әлеуметтік жетілу. Менструалдық цикл. Менструалдық циклдағы эстроген мен прогестерон гормондарының маңызы. Контрацепция түрлері, жыныстық жолмен берілетін аурулар: Жүре пайда болған иммундық дефициттің синдромы (ЖИТС), сифилис, гонорея, гепатит В, С. Алдын алу шаралары.»;

9-сыныптың «Көбею» бөліміндегі «Аталық және аналық гаметалардың құрылысын зерттеу» зертханалық жұмысы, (оқу мақсаты: 9.2.1.2 аталық және аналық жыныс жасушаларының құрылысын зерттеу) ҚР БҒМ «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы «26» шілдедегі № 334 бұйрығымен алынып тасталды;

«Биология» пәнінің мақсаты – білім алушылардың бойында органикалық дүниенің көптүрлілігі туралы, ондағы болып жатқан процестер мен заңдылықтар туралы білім жүйелерін қалыптастыру, сонымен қатар адам оның ажырамас бөлігі туралы саналы түсінік қалыптастыру.

Оқу пәнінің міндеттері:

1) жер бетіндегі барлық тірі ағзалардың құндылығын түсіну үшін өмірдің құрылымды-функционалды және генетикалық негіздері туралы, тірі табиғаттың негізгі патшалықтары ағзаларының көбеюі мен дамуы, экожүйе, биоалуантүрлілік, эволюция туралы білім жүйесін қалыптастыру;

2) экологиялық этика нормалары мен ережелерін, табиғатқа жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру;

3) генетикалық сауаттылықты қалыптастыру – салауатты өмір салты негіздері, психикалық, тән және моральдық денсаулық сақтау;

4) оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамыту, биологиялық білімдерін практикада қолдануға ұмтылу, медицина, ауыл шаруашылығы, биотехнология, экологиялық менеджмент және қоршаған ортаны қорғау саласындағы практикалық іс-шараларға қатысу.

7-9-сыныптарға арналған «Биология» оқу пәнінің оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу бағдарламасында жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында қаралатын пән мазмұны, барлық бөлімдер сақталған, тек зертханалық жұмыстар, модельдеу және оқу мақсаттарының санында айырмашылықтар бар.

«Биология» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

7-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

8-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

9-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

Оқу жүктемесі төмендетілген оқу жоспары бойынша:

7-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;

8-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;

9-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Оқу пәнінің мазмұны 4 бөлімді қамтиды:

1) тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері;

2) көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік. Эволюциялық даму;

3) ағза мен қоршаған орта;

4) қолданбалы кіріктірілген ғылымдар.

«Биология» пәнінде негізінен практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған белсенді оқыту әдістерін қолданған дұрыс.

7-сыныпта 14 зертханалық жұмыс, 4 модельдеу қарастырылған (50-кесте).

50-кесте. 7-сыныпта зертханалық жұмыстар саны.

	Зертханалық жұмыстар	Модельдеу	Демонстрация
1-тоқсан	3	1	-
2-тоқсан	4	1	-
3-тоқсан	2	-	-
4-тоқсан	5	2	-
Барлығы	14	4	-

8-сыныпта 14 зертханалық жұмыс, 2 модельдеу, 2 демонстративтік жұмыс қарастырылған, оның ішінде қолданыстағы бағдарламада 8-сыныптан – 3 жұмыс алынған. 11 зертханалық жұмыс жаңадан қосылған. 8-сыныпта өткізілген зертханалық жұмыстар саны төменде 51-кестеде көрсетілген.

51-кесте. 8-сыныпта өткізілген зертханалық жұмыстар саны

	Зертханалық жұмыстар	Модельдеу	Демонстрация
1-тоқсан	5	1	1
2-тоқсан	3	-	-
3-тоқсан	6		1
4-тоқсан	-	1	
Барлығы	14	2	2

9-сыныпта 8 зертханалық жұмыс, 1 модельдеу, 7 демонстративтік жұмыс қарастырылған.

52-кесте. 9-сыныпта өткізілген зертханалық жұмыстар саны

	Зертханалық жұмыстар	Модельдеу	Демонстрация
1-тоқсан	5	1	
2-тоқсан	1	2	
3-тоқсан	2	3	1
4-тоқсан	-	1	
Барлығы	8	7	

«Биология» пәні тірі табиғат туралы ілімді үйрететін болғандықтан, тәжірибелік дағдыны дамытуға көбірек көңіл бөлінгені дұрыс, ұсыну арқылы эксперименттік жобаны нақтылауды білуі керек.

Практикалық дағдылар биологиялық білім беру мазмұнының маңызды бөлігі болып табылады.

Сабақта үлкейткіштерді қолдану, аспаптармен және препараттық инемен жұмыс, уақытша микропрепараттар дайындау, оларды микроскоппен қарап анықтау сияқты іс-әркеттер де тәжірибелік дағдыларға жатады.

Биологиялық білімнің мазмұнында зияткерлік дағдылар қамтылған. Мысалы, таным процесін жетілдіруге бағытталған атау, сипаттау, негіздеу, анықтау, салыстыру, жалпылау және т.б. сипаттамалар бар.

Білім алушылар тәжірибе жұмыстарын орындау кезінде алған деректердің негізінде жаңалықтар ашады, табиғаттағы заңдылықтарды өз бетімен табады, деректерді өңдеу, нәтижелерді талқылау, жоспарлау мен өз зерттеу сұрағына жауап іздеу үшін өзінің зерттеу жұмысын жүргізу жұмыстарын үйренеді.

Тәжірибе жұмыстарын орындау кезінде білім алушылар табиғаттағы заңдылықтарды өз бетімен табады, жоспарлау мен өз зерттеу сұрағына жауап іздеу үшін өзінің зерттеу жұмысын жүргізуді үйренеді.

Алған деректердің негізінде жаңалықтар ашады, табиғаттағы құбылыстардың заңдылықтарын өз бетімен табады.

Келесі қадамдар арқылы білім алушының бойында тәжірибелік және зерттеушілік дағдыларды дамытуға болады:

– ғылыми тәжірибені жоспарлау (зерттеу мақсаттарын анықтау);
– зерттеу сұрағын дайындау;
– зерттеу әдісі мен материалдарды таңдау;
– деректерді жазу және өңдеу (кесте, статистикалық анализ қолдануымен диаграммалар түрінде);
– қорытынды жасау (тәжірибе жүзінде болжамды дәлелдеу, бақылаудың негізгі нәтижелерін тұжырымдау);
– алынған нәтижелерді талқылау (кемшіліктер және зерттеу әдістерін жетілдіру бойынша нұсұаулықтарды іздеу).

Назар аударыңыз!

Оқу бағдарламасы бойынша 7-9-сыныптарда қарастырылатын зертханалық жұмыстар мен модельдеу жұмыстары міндетті түрде жүргізілуі тиіс. Себебі қарастырылатын зертханалық жұмыстар мен модельдеу жұмыстары білім алушының ізденіс қабілеттерін арттыруға мүмкіндік жасайды. Модельдеу жұмыстары білім алушының өзіндік ғылыми ізденіс жұмысына бағытталған болғандықтан тоқсанның басында беріледі, оны орындау үшін нақты уақыты айқындалады.

Қолданбалы курстарға немесе таңдау курстарына ұсынылатын тақырыптар: «Биологиялық модельдер және қолданбалы есептер», «Әлемнің ғылыми-жаратылыстану эволюциялық бейнесі», «Биологиядағы математикалық модельдер және әдістер», «Тамақтану және денсаулық», «Экологиялық этика»,«Биология және денсаулық», «Әлемнің заманауи ғылыми-жаратылыстану бейнесі», «Биологиялық белсенді қоспалар», «Бәрі біздің түп-тұқиямызда (генетика негіздері бойынша)», «Әлемнің інжу маржаны (7–9-сынып қыздарына арналған курс)», «Менің денсаулығым – менің қолымда», «Тірі жасуша жұмбақтары», (Тұқым қуалаушылықтың заңдылықтары», «Биологияның проблемалары», «Жасушалар және тері», «Үй іргесіндегі телім», «Биогеография проблемалары», «Тері – денсаулық айнасы», «Заманауи микробиология», «Нанотехнологияға кіріспе».

Тақырыптар мұғалімдердің мүмкіндіктері және жағдайларына байланысты өзгертілуі мүмкін.

«Биология» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Оқу пәнінен әр тоқсан сайын бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) өткізу қарастырылған. Төменде 53-кестеде оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау рәсімдерінің нақты саны көрсетілген.

53-кесте. «Биология» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
7-сынып	3	3	3	3
8-сынып	3	2	3	3
9-сынып	3	3	3	3

Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес 7-9-сыныптарда «Биология» пәнінің апталық жүктемесі 1 сағатты құрайды. Сондықтан осы оқу жоспарымен оқытылатын «Биология» пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалау өткізілмейді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады.

«Биология» пәні бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру жөнінде ұсынымдар:

2021-2022 оқу жылында «Биология» пәні бойынша шектеу шаралары кезіндегі оқу жылдарында жіберілген білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру және жаңа оқу жылының оқу бағдарламасын меңгерту бағытында мақсатты шараларды жыл бойы жүргізу ұсынылады. Аталған шараларды келесі кезеңдер бойынша жүргізу ұсынылады:

Диагностикалық жұмыс:

- пәннің оқу бағдарламасы мазмұны бойынша диагностикалық бақылау жұмысын жүргізу (өткен оқу жылындағы күрделі тақырыптар, оқу мақсаттары);
- тақырыптар бойынша білімдегі олқылығы бар оқушылардың санына байланысты өткен тақырыптардың және оқу мақсаттарының қиындық ретін анықтау;

Жоспарлау жұмысы:

- пәннің оқу бағдарламасы бойынша өткен оқу жылдарының оқу мақсаттарына жаңа оқу жылындағы сәйкесті оқу мақсаттарын анықтау;
- сәйкесті оқу мақсаттары анықталған сабақтардың қысқа мерзімді жоспарларын мақсаттарды үйлестіре, кіріктіре отырып дайындау;
- пәннің оқу бағдарламасының оқу мақсаттары бойынша олқылықтары анықталған оқушылардың топтарымен өткізілетін кеңестер кестесін жасау.

Жүзеге асыру және талдау жұмысы:

- *пән бағдарламасы бойынша оқу мақсаттары кіріктірілген қысқа мерзімді жоспар негізіндегі сабақты ұйымдастыру* арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа оқу мақсаттарын меңгерту;
- *меңгерілмеген және қиындық тудыратын оқу мақсаттары, пән тақырыптары* бойынша білім алушылар үшін қосымша оқу материалдарын дайындау;
- білім алушылардың қажеттілігіне қарай және ата-аналардың келісімімен білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында, жеке консультациялар, қосымша сабақтар («демалыс мектептері», «каникулдық мектептер», «жазғы мектептер» ұйымдастыру) өткізуде пән бойынша күрделі тақырыптарды меңгерту;
- білім алушылардың білім сапасына жүргізілген жүйелі мониторинг жұмысының нәтижесін талдау және әдістемелік бірлестікте талқылау ұсынылады.

«Биология» пәндері бойынша шектеу шаралары кезіндегі оқу жылдарында жіберілген білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтауды *ауызша сұрақ қою, өзара бақылау, жазбаша жұмыстар, тестілеу* арқылы жүргізу ұсынылады.

Пән бойынша анықталған қателер мен олқылықтарды 4 блокқа топтастыру ұсынылады:

- тірі организмдердің көп түрлілігі, құрылымы мен қызметтері;
- көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму;
- ағза мен қоршаған орта;
- қолданбалы кіріктірілген ғылымдар.

Осылайша пән мазмұнының жүйесіне қарай топтастыру олқылықтың орнын толықтыруда реттілікті қамтамасыз етеді, зерттелетін тақырыптарды анықтау және қосымша білім беруді жоспарлау кезінде оқу мақсаттары арасындағы жүйелілікті сақтаған дұрыс.

Назар аударыңыз!

7-сыныпта оқу жылының алғашқы апталарында 6-сыныптағы «Жаратылыстану» пәнінен алған білімін ескеріп, сабақтастықты сақтау ұсынылады.

7-сыныпта 1-тоқсанда «Экожүйелер» бөлімін бастағанда 6-сыныптың «Жаратылыстану» пәнінен 4-тоқсанда өткен «Экология және тұрақты даму» бөлімін естеріне түсіріп, ондағы олқылықтарды жоюға болады.

Білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін біріктіруге болатын оқу мақсаттары мысал ретінде ұсынылады:

«Экожүйелер» бөлімінде:

7-сыныптағы:

7.3.1.1 жергілікті жер экожүйесі қоршаған орта факторларының тірі ағзалардың тіршілік әрекеті мен таралуына әсерін зерттеу; 7.3.2.1 адам мен экожүйе арасындағы қарым-қатынастарды сипаттау; 7.3.2.2 экожүйеге жағымсыз әсер ететін адам тіршілігінің салаларына мысалдар келтіру оқу мақсаттарын

6-сыныптағы: 6.6.1.1 экожүйе құрамдас бөліктерінің өзара байланысын график түрінде көрсету және түсіндіру; 6.6.1.2 экожүйе ауысымдарының себептерін түсіндіру; 6.6.3.1 өзінің аймағындағы кейбір экологиялық мәселелердің себептерін талдау; 6.6.3.2 экологиялық мәселелерді шешу жолдарын ұсыну оқу мақсаттарымен;

«Тірі ағзалардың көптүрлілігі» бөлімінде:

8-сыныптағы:

8.1.1.4 буынаяқтылар мен хордалы жануарлар кластарын ерекше белгілері бойынша тану оқу мақсатын

7-сыныптағы: 7.1.1.3 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың құрылысының айырмашылық белгілерін сипаттау;

«Тыныс алу» бөлімінде:

8-сыныптағы: 8.1.4.1 өкпе мен ұлпадағы газ алмасу механизмдерін сипаттау; 8.1.4.2 тыныс алу және тыныс шығару механизмін түсіндіру; 8.1.4.3 өкпенің тіршілік сыйымдылығын анықтау және қалыпты жағдайдағы және дененің физикалық жүктемесі кезіндегі тыныс алудың минуттық көлемін анықтау оқу мақсаттарын

7-сыныптағы:

7.1.4.5 адамның тыныс алу мүшелері құрылысының ерекшеліктерін танып білу; 7.1.4.6 тыныс алу мүшелерінің ауыруларының себептері мен олардың алдын алу жолдарын түсіндіру;

«Көбею» бөлімінде:

8.2.1.2 мүктер мен қырықжапырақтардың мысалында жынысты және жыныссыз ұрпақтарының ерекшеліктерін түсіндіру мақсатын:

7.2.1.1 өсімдіктердің жыныссыз және жынысты көбеюін сипаттау оқу мақсатымен;

«Қоректену» бөлімінде:

9-сыныптағы: 9.1.2.1 адамның асқорыту жолдарындағы үдерістерді сипаттау оқу мақсатын

8-сыныптағы: 8.1.2.1 омыртқасыздар, күйіс қайыратын жануарлар мен адамның ас қорыту жүйесінің құрылысын салыстыру;

«Тыныс алу» бөлімінде:

9-сыныптағы 9.1.4.1 тыныс алу реакциясының химиялық теңдеуін пайдалана отырып, анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстыру; 9.1.4.2

бұлшықет қажуы және аэробты, анаэробты тыныс алу үдерістері арасындағы байланысты қарастыру оқу мақсаттарын

8-сыныптағы: 8.1.4.1 өкпе мен ұлпадағы газ алмасу механизмдерін сипаттау; 8.1.4.2 тыныс алу және тыныс шығару механизмін түсіндіру; 8.1.4.3 өкпенің тіршілік сыйымдылығын анықтау және қалыпты жағдайдағы және дененің физикалық жүктемесі кезіндегі тыныс алудың минуттық көлемін анықтау оқу мақсаттарымен;

«Бөліп шығару» бөлімінде:

9-сыныптағы: 9.1.5.1 нефронның құрылысы мен қызметін сипаттау; 9.1.5.2 фильтрация және несептің түзілуі үдерістерін сипаттау; 9.1.5.3 бүйректің жұмысына әсер ететін факторларды сипаттау; 9.1.5.4 зәр шығару жүйесі, бүйрек ауруларының алдын алу шараларын түсіндіру; 9.1.5.5 әртүрлі ағзалардың мекен ету ортасы мен зат алмасуларының соңғы өнімдері арасындағы байланысты орнату оқу мақсаттарын

8-сыныптағы: 8.1.5.1 адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметтерін сипаттау; 8.1.5.2 бүйректің құрылымдық бөліктерін танып білу; 8.1.5.3 терінің құрылысы мен оның бөліп шығарудағы маңызын сипаттау; 8.1.5.4 тері ауруларын және оның алдын алу шараларын түсіндіру оқу мақсаттарымен;

«Қозғалыс» бөлімінде:

9-сыныптағы 9.1.6.1 қол бұлшық еттерінің максимальды жұмыс күшін және күшке төзімділігін зерттеу; 9.1.6.2 бұлшық еттің жиырылужиілігіне бұлшықет жұмысының тәуелділігін зерттеу оқу мақсаттарын

8-сыныптағы: 8.1.6.5 бұлшық ет ұлпасының қызметтері түрлері мен олардың қызметтерін сипаттау 8.1.6.6 адам бұлшық еттерінің құрылысы мен бұлшықет топтарын оқып тану оқу мақсаттарымен;

«Микробиология және биотехнология» бөлімінде:

8-сыныптағы:

8.4.3.1 қарапайымдылар, бактериялар, саңырауқұлақтар, вирустармен туындайтын аурулардың ерекшеліктері мен алдын алу шараларын сипаттау оқу мақсатын

7-сыныптағы:

7.4.3.1 бактериялар формаларының әртүрлілігін сипаттау;

7.4.3.3 антибиотиктер, антисептиктер мен залалсыздандыру өнімдерінің қолданылуын сипаттау; 7.4.3.4 вирустардың тіршіліктің жасушасыз формасы екендігін түсіндіру оқу мақсаттарымен біріктіруге болады.

«Биология» пәні бойынша білімдегі олқылықтарды жою үшін сабақты ұйымдастырудың бірнеше формасын қолдануға болады. Мысалы «Саябақтағы сабақ», «Таза ауадағы сабақ», «Табиғат аясында» деген сияқты формалар негізінде әлеуметтік арақашықтықты да сақтап, денсаулықты да нығайтуға болады.

«Биология» пәні мұғалімдеріне білім алушылардың денсаулығын сақтау мақсатында *таза ауада жүргізуге болатын тақырыптар тізімі* ұсынылады:

«Таза ауадағы сабақтар»

7-сыныпта:

Ортаның экологиялық факторлары: абиотикалық (температура, жарық, pH, ылғалдылық) биотикалық (микроағзалар, жануарлар, өсімдіктер).

Зертханалық жұмыс «Жергілікті жердің экожүйелерін зерттеу (мектеп ауласы мысалында)»;

Өсімдіктерде макроэлементтердің тапшылығы;

Жапырақтың құрылысы мен қызметі;

Өсімдіктердің өсуі мен дамуына жарықтың әсері. Жарықтың түсу деңгейіне қарай өсімдіктердің бейімделуі;

8-сыныпта:

«Дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу»;

Тыныс алудың минуттық көлемі;

Ашықтұқымды және жабықтұқымды өсімдіктердің тіршілік циклі;

Адамның табиғаттағы ролі. Табиғатты тиімді пайдалану. Табиғатты қорғау.

«Медбикемен сабақ» формасын мектептегі медициналық кабинетте шағын топтармен жүргізуге болады.

7-сыныпта:

Адамның тынысалу жолдарының құрылысы мен газалмасу мүшелері;

Тыныс алу мүшелерінің аурулары. Тыныс алу мүшелерінің ауруларының себептері мен алдын алу жолдары (өкпе обыры, астма, бронхит, туберкулез, тұмау;

Зертханалық жұмыс «Тізе рефлексі»;

Зертханалық жұмыс «Антибиотиктер, антисептиктер және залалсыздандыру өнімдерін қолдануды зерттеу»

8-сыныпта:

Тістің құрылысы мен қызметі, сүт тістердің тұрақты тістерге ауысуы. Тіс гигиенасы;

Жұқпалы аурулар және олардың алдын алу: амебалық қантышқақ, фитофтороз, оба, күл, лейшмания, герпес;

Гиподинамия. Сымбаттың бұзылуы және жалпақтабандылықтың пайда болу себептері;

Көру мүшелерінің құрылысы. Көрудің маңызы. Көру қызметінің бұзылуы. Көру гигиенасы.

Зертханалық жұмыс «Көру жітілігі мен көру аймағының шегін зерттеу»;

Есту мүшесінің құрылысы. Естудің маңызы. Естудің бұзылу себептері. Есту мүшесінің гигиенасы.

Зертханалық жұмыс «Дыбысты қабылдау ерекшеліктерін зерттеу». (құлақтың есту қабілетін анықтау);

9-сыныпта медбике кабинетіне қыз балалармен мына сабақтарды жүргізу ұсынылады:

Менструалдық цикл: менструалдық циклындағы эстроген мен прогестерон гормондарының маңызы;

Контрацепция түрлері;

Жыныстық жолмен берілетін аурулар

«Биология» пәнін оқытуда ең басты мақсат білім алушылардың функционалдық білім мен практикалық дағдыларын қалыптастыру болуы керек. Мысалы биологиялық білімнің нәтижесінде денсаулықты сақтау, нығайту, әртүрлі жұқпалы аурулардан қалай қорғану, алғашқы жәрдем көрсете білу, дұрыс тамақтану, тағам құрамындағы дәрумендердің түрлерін біліп, соған қарай тамақтану рационын құру, ауру туғызатын бактериялар мен вирустадан сақтану, үнемі иммунитетті көтеріп жүру сынды өмір бойы өзіне қажетті білімді алуы тиіс. Әрі қарай үлгі ретінде алдын ала болжаммен күрделі деген тақырыптар бойынша қосымша сабақтардың жоспарлары ұсынылады.

7-сыныпқа арналған «Биология» оқу пәнінен күрделі тақырыптар бойынша фокус жоспар үлгісі

№	Тақырыптар	Оқу мақсаттары	Жұмыс формасы	Қорытынды
1-тоқсан				
1	Экологиялық сукцессиялар: Бірінші және екінші реттік сукцессиялар. Экожүйелердің алмасуы	7.3.1.4 экологиялық сукцессия үдерісін сипаттау	кестелермен жұмыс	тест
2	Дихотомиялықәдіс. Дихотомиялық кілттерді қолдану	7.1.1.4 жекелеген ағзаларға қарапайым дихотомиялық кілттерді қолдану	ойын сабақ	сұрақ-жауап
3	Азық-түліктердегі органикалық заттар: нәруыздар, майлар, көмірсулар. Зертханалық жұмыс «Азық-түліктерде көмірсулар, нәруыздар және майлардың бар болуын зерттеу»	7.4.1.3 азық–түліктерде көмірсулар, нәруыздар және майлардың бар екендігін дәлелдеу	мектеп асханасына саяхат	әңгімелесу
2-тоқсан				
1	Ксилема, флоэма және олардың құрылымдық элементтері	7.1.3.5 флоэма мен ксилеманың элементтерін құрылысын салыстыру	бейнематериалдар көрсету	сурет салу
2	Модельдеу «Омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың тынысалу жүйесі мүшелерін салыстыру»	7.1.4.4 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелерін салыстыру	шағын топтарда модельдеу жұмысы	сурет салу

3-тоқсан				
1	Жүйке жүйесінің құрам бөліктері. Жүйке жүйесінің қызметі. Нейронның құрылысы: денесі, дендриттер, аксон. Нейронның қызметтері	7.1.7.2 жүйке жүйесінің қызметін және құрылымдық компоненттерін атау	өзара ынтымақтастық (9-сынып оқушыларын тарту)	тест
2	Жүйке жүйесінің орталық және шеткі бөлімдері. Жұлын. Ми. Ми бөлімдерінің құрылысы мен қызметтері: сопақша ми, артқы (ми көпірі, мишық), орталық және аралық ми. Үлкен ми сыңарлары	7.1.7.4 орталық жүйке жүйесі бөлімдерінің құрылысы мен қызметтерін салыстыру	тренажер-сабақ	шығармашылық есеп
4-тоқсан				
1	Жүре пайда болған және тұқымқуалайтын белгілер. Хромосоманың құрылымы. Генетикалық материалды сақтаушы және тасымалдаушы ДНҚ жайлы түсінік	7.2.4.1 адам ағзасындағы тұқымқуалайтын және тұқым қуаламайтын белгілерді зерттеу	интегралды сабақ-мектеп медбикесін тарту	сұрақ-жауап
2	Жануарлардағы тура және түрленіп даму онтогенез типтері. Бунақденелілердің шала және толық түрленіп дамуына мысалдар.	7.2.3.3 өсімдіктер мен жануарлардағы онтогенез кезеңдерін ажырату	Модельдеу сабағы	тест

8-сыныпқа арналған «Биология» оқу пәнінен күрделі тақырыптар бойынша фокус жоспар үлгісі

№	Тақырыптар	Оқу мақсаттары	Жұмыс формасы	Қорытынды
1-тоқсан				
1	Жасушаның құрамындағы органикалық заттар. Мономерлер мен полимерлер арасындағы айырмашылық	8.4.1.1 биологиялық мысалдарды пайдаланып полимерлер мен мономерлер арасындағы айырмашылықты сипаттау	чартер сабақ	кесте
2	Нәруыздар, қасиеттері мен қызметтері	8.4.1.3 нәруыздардың биологиялық құрылымы мен қызметі	фокус топпен сабақ	әңгімелесу
2-тоқсан				
1	Ағзаның ішкі ортасы және оның маңызы. Лимфа. Лимфа айналымы мен оның маңызы. Гомеостаз. Ағзаның ішкі ортасы: қан, лимфа, ұлпа сұйықтығы	8.1.3.5 лимфа жүйесін және қан, ұлпа сұйықтығы мен лимфа арасындағы өзара байланысты сипаттау	дәріс-сабақ	сұрақтар

2	Қан топтары. Қан құю. Резус-фактор. Агглютинация. Резус-конфликт	8.1.3.7 агглютинация және резус-конфликт механизмдерін түсіндіру	сессия-сабақ	сұрақтар
3-тоқсан				
1	Зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы (бүйрек, несепағар, қуық, несеп жолы) мен қызметі.	8.1.5.1 адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметін сипаттау; 8.1.5.2 бүйректің құрылымдық бөліктерін танып білу	бейнематериалдар	мини-тест
2	Зертханалық жұмыс «Сүйектің макро және микроскопиялық құрылысы». Демонстрация «Сүйектің химиялық құрамы»	8.1.6.2 сүйектің химиялық құрамын, макро және микроскопиялық құрылысын зерттеу	чартер-сабақ	кесте толықтыру
3	«Гормондар», «Гуморальдық реттелу» ұғымдары.	8.1.7.4 эндокринді, экзокринді және аралас бездердің орналасқан жерлерін анықтау; 8.1.7.5 бездердің негізгі қызметтерін түсіндіру	сессия-сабақ	кесте
4-тоқсан				
1	Митоз. Мейоз. Митоз бен мейоздың биологиялық маңызы	8.2.2.1 тірі ағзалардың тіршілік әрекетіндегі митоз бен мейоздың маңызын түсіндіру	чартер сабақ	тест
2	Эмбрионалдық даму кезеңдері: бластула, гаструла, нейрула.	8.2.3.1 эмбрионалдық даму кезеңдерін сипаттау;	лекция	кесте

9-сыныпқа арналған «Биология» оқу пәнінен күрделі тақырыптар бойынша фокус жоспар үлгісі

№	Тақырыптар	Оқу мақсаттары	Жұмыс формасы	Қорытынды
1-тоқсан				
1	Жасушалардың сызықтық ұлғаюын есептеу. Ұлғаю, актуальды өлшемі және суреттің нақты өлшемі. Өлшем бірліктерін СИ жүйесіне аудару (сантиметр-миллиметр-микрометр-нанометр).	9.4.2.2 микрофотографияны қолданып, жасушалардың сызықтық ұлғаюын есептеу	лекция-сабақ	модельдеу
2	Ферменттердің әсер ету механизмі. Ферменттің белсенді орталығы. Зертханалық жұмыс «Ферменттердің белсенділігіне әр түрлі жағдайлардың	9.4.1.1 ферменттер механизмін оқып тану; 9.1.2.3 ферменттердің белсенділігіне әр түрлі жағдайлардың (температура, pH)	Зертханалық жұмыс бойынша чартерлік сабақ	кестені толықтыру

	(температура, pH) әсерін зерттеу»	әсерін зерттеу		
2-тоқсан				
1	Миеленді, миеленсіз аксондарда жүйке импульстарының туындауы және өткізілуі. Өткізу жылдамдығы. Мембраналық потенциал, тыныштық потенциалы және әрекет потенциалы.	9.1.7.3 жүйке импульсінің туындауы мен өтуін сипаттау	Модельдеу сабағы	тест
2	Нейрокомпьютерлік интерфейс. Компьютер мен ми арасындағы ақпарат алмасу жүйесі	9.4.4.2 «компьютер-ми» интерфейс технологиясының ерекшеліктерін оқып білу	инфографикалық сабақ	сызбалар
3-тоқсан				
1	Интерфаза. Интерфаза кезеңдері: Gl, S және G2	9.2.2.1 жасуша айналымының интерфаза кезіндегі жүретін үдерістерді түсіндіру	дәріс-сабақ	интерфаза графигі
2	Моногибридті және дигибридті будандастыру. Басымдылық заңы. Ажырау заңы	9.2.4.2 моногибридті будандастырудың цитологиялық негіздерін дәлелдеу және есептер шығару	фокус-топтармен есеп	тест
3	Жыныс генетикасы. Жынысты анықтаудың генетикалық механизмі.	9.2.4.7 жынысты анықтау кезінде хромосомалардың рөлін түсіндіретін сызба жасау	тренажер-сабақ	тест
4-тоқсан				
1	Құрсақта даму. Ұрықтық дамудың алғашқы кезеңдері. Ұрықтың қалыптасуы мен дамуы	9.2.3.1 ұрықтың дамуындағы плацентаның маңызын түсіндіру; 9.2.3.2 эмбрион мен ұрықтың дамуын салыстыру	дәріс-сабақ	тест

«Химия» оқу пәні

Химия – заттар, олардың қасиеттері, құрылымы және олардың бір-біріне айналуы туралы ғылым.

Химия органикалық және бейорганикалық заттардың құрамын, заттардың құрылымын, заттардың өзара әрекеттесу қабілетін зерттейді және химиялық энергияның жылу, электр, жарық тағы басқа энергияларға өту құбылыстарын зерттейді.

7-9-сыныптарда «Химия» оқу пәнінің төмендетілген оқу жүктемесі бойынша әзірленген Үлгілік оқу бағдарламасында жаңартылған мазмұндағы

Үлгілік оқу бағдарламасында қарастырылатын бөлімдер толығымен сақталған, тек оқу мақсаттарының, зертханалық жұмыстар мен көрсетілімдердің санында айырмашылықтар бар (54-кесте).

54-кесте. Зертханалық жұмыстар мен модельдеу саны

Сынып	Оқу мақсаттарының саны		Зертханалық жұмыстар саны		Практикалық жұмыстар саны	
	Жаңартылған мазмұндағы ҮОЖ	Жүктемесі төмен детілген ҮОЖ	Жаңартылған мазмұндағы ҮОЖ	Жүктемесі төмен детілген ҮОЖ	Жаңартылған мазмұндағы ҮОЖ	Жүктемесі төмен детілген ҮОЖ
7	49		11		4	
8	72	51	10	9	7	4
9	109	79	17	9	6	4

Тәжірибелік дағдыны дамытуға арналған тәсілдердің бірі – демонстрация.

Демонстрацияны жүргізу мыналарды қамтуы мүмкін:

1) қауіпсіздік: кейбір жұмыстарды топпен орындаудың қауіптілігі жоғары болуы мүмкін;

2) уақыт: демонстрациялар әдетте аз уақытты алады;

3) нәтиже: кейбір нәтижелерге қол жеткізу қиын және білім алушылардың білім деңгейінен жоғары болуы мүмкін.

Сәтсіз шыққан тәжірибені уақытты ысырап ету ретінде қарастыруға болады.

Мұғалімнің демонстрация жасауы тиімді, бірақ білім алушылардың көпшілігі практикалық эксперименттерді ұнататынын есте сақтаған жөн.

Білім алушылар:

- нәтижелерді қалай бағалауды және қорытынды жасауды;
- тәжірибелік өлшемдердегі ауытқуларды анықтауды;
- тәжірибелік процедуралардағы шектеулерді;
- өлшеу мен деректердің дәлдігін;
- процедуралар мен аппаратураларды жақсартуды меңгеруі тиіс.

«Химия» пәнін ұйымдастырудағы міндеттердің бірі білім алушылардың оқу пәндері бойынша алған білімдерін күнделікті өмірде қолдану және тәжірибеге бағытталған біліктілігі мен дағдыларын дамыту. Химия сабақтарында жүргізілетін практикалық және зертханалық жұмыстар талдауға, жинақтауға, бағалауға, болжауға, есептеуге, түсіндіруге, құбылыстар мен процестердің сапалық және сандық сипаттарын анықтауға, жобалық тапсырмалар орындауға, тәжірибелер және эксперименттер жасау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Практикалық және зерттеушілік жұмыстар, зертханалық тәжірибелер орындау, эксперименттер және эксперименттік есептер шығару, жобалар орындау, модельдер құрастыру барысында табиғи және әлеуметтік-экономикалық процестердің, құбылыстар мен заңдылықтардың мәнін түсіну тереңдетіледі.

Білім алушылар себеп-салдарлық байланыстарды көре білулері, қоршаған ортадағы өзгерістерді анықтай алулары, нақты жағдаяттардың салдарынан болатын қауіпті өзгерістердің алдын алу тәсілдерін ұсына алулары тиіс.

Оқу бағдарламаларында білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған зертханалық және практикалық жұмыстарды орындау қарастырылған, мысалы «Тағам құрамындағы қоректік заттарды анықтау» практикалық жұмысы, «Тыныс алу процесін зерттеу» зертханалық тәжірибесі т.б.

Қазақстанның байлығы болып табылатын жанар май қоры мен минералдық ресурстар туралы білім алушыларға «Жаратылыстану» және «География» пәндері курсынан өз білімдерін жинақтап қорытуға мүмкіндіктері бар. Жер қыртысының химиялық құрамы, кендерден металл өндіру негіздері мәселелері қарастырылады. Бұл тақырыпты зерделеу жансыз табиғатта өтіп жатқан процестер туралы білімдерін тереңдетуге, сондай-патриоттық сезімдерін оятуға мүмкіндік береді.

Оқу жылы ішінде химия пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестіктеріне төмендегідей тақырыптар ұсыныс ретінде беріледі:

Химияны оқыту практикасында заманауи дидактикалық тәсілдерді жүзеге асыру. Оқытудағы жүйелік әрекет және тұлғаға бағытталған тәсілдер. Білім алушылардың оқу-танымдық және ғылыми-зерттеу құзыреттерін дамыту. Пәнішілік және пәнаралық байланысты жүзеге асыру. Белсенді және интербелсенді оқыту әдістерімен химия сабақтарында білім беру саласындағы ынтымақтастықты ұйымдастыру тәсілдері.

Білім мен дағдыларды түзету бойынша іс-шараларды ұйымдастыру, өзін-өзі бағалау дағдыларын дамыту бойынша іс-шаралар ұйымдастыру. Химия пәні бойынша оқу сабақтарында бақылау-бағалау процесінде білім алушылардың ұйымдастырушылық және білімділік қабілеттерін қалыптастыру. Білім алушылардың бірін-бірі бақылау, бірін-бірі бағалау, өзін-өзі бағалау, кері байланыс тәсілдерін тиімді пайдалану, пәнді оқытуда анықталған кемшіліктерді жою бойынша жүйелі жұмыстарды ұйымдастыру.

Жалпы орта білім беру ұйымдарындағы «Химия» пәнін оқытудағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Білім алушылардың ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін дамыту және білім сапасын арттыру мақсатында химия сабақтарында және сабақтан тыс қызметте заманауи технологиялар мен электронды оқыту құралдарын пайдалану. Медиа білім беру құзыреттілігін қалыптастыру: талдау, бағалау, ақпаратты пайдалану, оны түсіндіру және жаңа мәселелерді шешу үшін қолдану дағдыларын дамыту. Компьютерлік технологияларды пайдалана отырып, химиялық эксперименттерді модельдеу әдістері (виртуалды зертхана).

Академия педагогтерге білім берудің жаңартылған мазмұнына көшу жағдайына әдістемелік ұсынымдамалар дайындады. Ұсынымдамалар Академияның сайтына орналастырылған.

Оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау саны 55-кестеде берілген.

55-кесте. «Химия» пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
7-сынып	1	1	1	1
8-сынып	1	1	1	1
9-сынып	1	1	1	1

2021-2022 оқу жылында білім алушылардың өткен оқу жылдарындағы біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру және жаңа оқу жылына арналған оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарының меңгерілуін қамтамасыз ету бойынша мақсатты жұмыс жоспарын әзірлеу реті

(әрбір пән мұғалімі үшін)

№	**Жұмыс мазмұны**
Диагностикалық жұмыс *(I тоқсанның I аптасында)*	
1	Өткен оқу жылдарындағы химия оқу бағдарламасының оқу мақсаттары бойынша *әкімшілік диагностикалық бақылау* жұмысын жүргізу (әртүрлі тест тапсырмалар, графиктер, диаграммалар, есеп шығару, жазбаша тапсырмалар)
2	Тақырыптар бойынша олқылығы бар оқушылардың санына байланысты *өткен тақырыптардың ішінен қиындық тудырған тақырыптарды анықтау. Мысалы, қандай да бір тақырыпты меңгермеген оқушылардың саны көп болса, сол тақырып күрделі болып есептеледі.* Мысалы, 9-сыныпта оқушы егер «нөлдік қосынды» әдісімен формуланы құрастыра алмаса, салыстырмалы молекулалық/формулалық массаны анықтап алмаса, заттар массасының сақталу заңын қолдана алмаса, қоспамен байланысты есептеуге берілген тапсырманы шығара алмайды.
Жоспарлау жұмысы *(I тоқсанның II аптасында)*	
3	Пәннің оқу бағдарламасы бойынша жаңа оқу жылында өтілетін тақырыптар мен оқу мақсаттарына сәйкес келетін өткен оқу жылдарындағы *күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын анықтау*. Егер бағдарламада оқу мақсаттары, оқу сағаттарының саны бойынша өзгерістер болса, бұл жағдайды оқушылардың біліміндегі олқылықтарды жою үшін жұмысты жоспарлау кезінде ескеру қажет.
4	Сәйкес келетін тақырыптар мен оқу мақсаттарын анықтағаннан кейін *қысқа мерзімді сабақ жоспарларын* мақсаттарды үйлестіре, кіріктіре отырып әзірлеу. *Жаңа тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгеру үшін өткен оқу жылдарындағы тақырыптар бойынша білімінде олқылығы бар оқушыларға алдын ала дайындалып келуге берілетін тапсырмалар әзірлеу.* Шағын жобаларды, презентацияларды, пікірталас түрінде өткізуге, ғылыми эссе жазуға және т. б қосуға болады.
5	Пәннің оқу бағдарламасы бойынша жаңа оқу жылындағы тақырыптар мен оқу мақсаттарына *сәйкес келмейтін* өткен оқу жылдарының *күрделі тақырыптары мен оқу мақсаттарын анықтау*. Мысалы, «метанол мен этанолдың адам ағзасына физиологиялық әсерін түсіндіру», «аммиак өндірісінің үдерісін сипаттау» оқу мақсаттары
6	Жаңа бағдарламаға сәйкес келмейтін өткен оқу жылдарының күрделі тақырыптары мен оқу мақсаттары бойынша *білімінде олқылықтары бар оқушылардың тізімін жасау және топтастыру*
7	Білімінде олқылықтары бар оқушылардың топтарымен өткізілетін *консультациялардың кестесін жасау*
8	Білімінде олқылықтары бар оқушыларға өткізілетін *кеңес беруді* сәйкес келетін *жаңа тақырып пен оқу мақсатына сабақ жоспарлаудан* бұрын өткізу
9	Білімінде олқылықтары бар оқушылардың топтарымен өткізілетін *кеңес беру*

	кестелерін *жоспарлау принциптері:* - жаңа сабақтан бұрын кеңес беру; - жұмыс күндеріне сыймаған жағдайда сенбілік немесе жексенбілік кеңес беру; - II, III, IV тоқсандық каникул күндеріндегі кеңестер; - жазғы мектеп күндеріндегі кеңестер
10	*Жаңа сабақтан бұрын кеңес* өткізу топтарын анықтау, кестесін жасау
11	*Сенбілік немесе жексенбілік кеңес* өткізу топтарын анықтау, кестесін жасау
12	*Каникул күндеріндегі кеңес* өткізу топтарын анықтау, кестесін жасау
13	*Жазғы мектеп күндеріндегі кеңес* тақырыптарын анықтау, кестесін дайындау
14	Жаңа оқу жылында оқу пәндері бойынша білім алушылардың білім сапасына *жүйелі мониторинг жүргізу* кестесін және талдау жұмысының *жоспарын дайындау (бұл жерде білім алушының өткен оқу жылы бойынша білімінің сапасы да, олқылықтары да көрінеді):* - қыркүйектің екінші аптасы *(диагностикалық әкімшілік бақылау)*; - бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) кестесі; - тоқсан бойынша жиынтық бағалау (ТЖБ) кестесі.
Жүзеге асыру және талдау жұмысы *(оқу жылы бойы)*	
15	Химия бағдарламасы бойынша *оқу мақсаттары кіріктірілген қысқа мерзімді сабақ жоспарымен* сабақты ұйымдастыру арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа оқу мақсаттарына қол жеткізу
16	*Жаңа сабақтан бұрын кеңес беру* кестесі бойынша сабақ жүргізу арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа мақсаттарға қол жеткізу
17	Жаңа сабақтан бұрын *сенбілік немесе жексенбілік кеңес беру* арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа мақсаттарға қол жеткізу
18	*Каникул күндерінде кеңес беру* арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа оқу мақсаттарына қол жеткізу
19	*Жазғы мектеп күндеріндегі кеңес* өткізу *кестесі* бойынша сабақ жүргізу арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыру
20	Білім алушылардың білім сапасына жүргізілген *жүйелі мониторинг жұмысының нәтижелерін:* - диагностикалық бақылау жұмысының талдамалық есебін; - тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебін *әдістемелік бірлестікте, әдістемелік кеңесте, педагогикалық кеңесте;* - бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебін *әдістемелік бірлестікте;* - оқу жылының қорытындысы бойынша талдамалақ есепті *әдістемелік бірлестікте және педагогикалық кеңесте* талдау және талқылау.

«Химия» пәнінен 8-9-сыныптарда кіріктіріп оқытуға болатын оқу мақсаттары

7-сынып	8-сынып	9-сынып
7.1.2.2 – әрбір элементтің химиялық таңбамен белгіленетіндігін және белгілі атом түрі екенін білу	8.1.3.4 – алғашқы 20 химиялық элементтің электрондық конфигурациясын және электронды – графикалық формулаларын жаза білу	9.1.4.6 – аммиактың молекулалық, электрондық және құрылымдық формулаларын түсіндіру
7.1.2.4 – заттарды құрамына қарай жай	8.1.4.3 – заттар қасиеттерінің кристалдық	9.1.4.8 – кремний, оның диоксиді мен карбидіндегі

және күрделіге жіктеу	тор типтеріне тәуелділігін түсіндіру	химиялық байланыс түрін және кристалдық тор типін сипаттау
	8.2.1.3 – топтар мен периодтарда элементтер қасиеттерінің өзгеру заңдылығын түсіндіру	9.2.1.8 – топта галогендер қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын болжау

Ұсыныстар:

1. ҚМЖ әзірлеу үшін кестеге сәйкес алдын ала кеңес беру үшін оқушылардың олқылықтары туралы ақпарат болуы керек.

2. Сабақтар барысында оқушылардың білімдеріндегі олқылықтарды толықтыру үшін сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын кіріктіру (ішкі және сыныпаралық интеграция).

3. Оқытудың жеке мақсаттары бойынша сенбі және жексенбі күндері кеңес беру кестесіне сәйкес сабақ-экскурсиялар ұйымдастыру. Мысалы, «кеннен металл алу процесін сипаттау», «синтетикалық жуғыш заттардың қоршаған ортаға әсерін түсіндіру»).

4. Зерттеушілік сипаттағы зертханалық және практикалық жұмыстарды каникул және жазғы мектеп күндерінде консультация кестесіне сәйкес жүргізу.

«Физика» оқу пәні

«*Физика» пәнін оқыту мақсаты* – білім алушылардың ғылыми дүиетанымдық негіздерін, әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын, өмірде маңызды практикалық мәселелерді шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, жазу, талдау қабілеттерін қалыптастыру.

7-9-сыныптарда «Физика» *пәні төмендетілген оқу жүктемесімен үлгілік оқу жоспарының* (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрықпен өзгертулер мен толықтырулар енгізілді) негізінде және *үлгілік оқу бағдарламасымен* оқытылады (2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығы).

«Физика» оқу пәнінен төмендетілген оқу жүктемесімен әзірленген 7-9-сыныптарға арналған Үлгілік оқу бағдарламасында пән бойынша жаңартылған мазмұнның үгілік оқу бағдарламасының бөлімдері толығымен сақталған, оқыту мақсаттары жүйеленді.

Оқу жоспарының көлемін 1 сағатқа дейін төмендету үшін қажет болған жағдайда «*» белгісі қойылған тақырыптарды біріктіру ұсынылады.

Жүктеменің сағатын көбейту үшін 7-9-сыныптарда «Физика» пәні бойынша төмендетілген оқу жүктемесімен үлгілік оқу жоспары (2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрықпен өзгертулер мен толықтырулар енгізілді) негізінде әзірленген ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны сақталады.

Оқу материалының көлемін ұлғайту үшін мұғалім «Қолданбалы физика» тақырыптарын енгізе алады, сандық және сапалық есептерді шығару, практикалық тапсырмаларды орындау үшін сағаттардың санын көбейтуге мүмкіндігі бар.

Физика сабағында аймақтық және жергілікті аспектілерде қолданбалы құндылығы бар оқушылардың жобалық қызметін ұйымдастыру, физика саласындағы Қазақстанның ғылыми жетістіктерін зерттеу ұсынылады.

8-9-сыныптарда «Физика» пәнін оқытуда пәннің практикалық бағыттылығы күшейтіледі.

56-кестеде «Физика» пәнінен (7-9-сыныптар) оқу жүктемесі төмендетілген Үлгілік оқу жоспарына негізделген әр тоқсан сайын өткізілетін бөлім бойынша жиынтық бағалау саны көрсетілген.

56-кесте. «Физика» оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу жоспары бойынша			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
7-сынып	2	2	1	1
8-сынып	1	1	3	1
9-сынып	2	2	2	2

Төмендетілген оқу жүктемесімен үлгілік оқу жоспарына (2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығымен өзгертулер мен толықтырулар енгізілді) сәйкес «Физика» пәнінің апталық жүктемесі 1 сағат болғанда тоқсандық жиынтық бағалау өткізілмейді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады.

«Физика» пәні бойынша білім алушылардың сөздік қорын байыту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізу қарастырылады.

Халықаралық зерттеу шеңберінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру және білім жетістіктерінің деңгейін жоғарылату үшін білім алушыларға келесі тапсырмалар мен жұмыстарды орындау ұсынылады: диаграммалар, сызбалар, физикалық процестердің жиынтық және аналитикалық кестелерді жасай білу.

Сондай-ақ, мұғалім сипаттау, салыстыру, графикті талдау, қорытынды жасау және жалпылама қорыту (жазбаша және ауызша) дағдыларын қалыптастыру; есептердің шешімін сауатты ресімдеуге назар аудару қажет.

Негізгі орта мектепте физика сабақтарында білім алушылардың жасалынған практикалық және зертханалық жұмыстар бойынша кеңейтілген жазбаша есептерді немесе ауызша баяндамаларды дайындауға, ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін, олардың пікірлерінің қисындылығы мен дәлелдермен түйінделу дәрежесін арттыруға үйрету ұсынылады.

Зертханалық және практикалық жұмыстың қажетті көлемін орындау үшін ақпараттық және компьютерлік технологияларды (виртуалды жұмыс) пайдалану, оқушылардың эксперименттік деректер мен қорытындыны жасай алуына басты назар аударылады.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы мұғалімдерге көмек ретінде білім мазмұнын жаңарту аясында «Физика» (7-9-сыныптар) оқу пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдамалар әзірледі. Әдістемелік ұсынымдамаларды Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА сайтынан (*www.nao.kz*) алуға болады.

Педагог осы оқу жылында «Физика» пәні бойынша оқушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмысына ерекше назар аударуы қажет.

Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша ұсынылатын жұмыс алгоритмі:

- өткен оқу жылындағы оқу мақсаттары, оқу бағдарламасының тақырыптары және күрделі тақырыптар бойынша диагностикалық бақылау жұмысын жүргізу;

- өткен оқу жылындағы оқу бағдарламасының мазмұнына сүйене отырып, білім алушы меңгере алмаған оқу мақсаттарын айқындау;

- қысқа мерзімді жоспарды жасау кезінде білім алушылардың игермеген оқу мақсаттарын, өткен оқу жылының тақырыптарын жаңа оқу жылындағы бағдарламалық материалдың мазмұнына біріктіру ұсынылады;

- қосымша сабақтар, зерханалық жұмыстар, «Механика», «Жылу физикасы», «Электр және магнетизм»», «Геометриялық оптика», «Кванттық физика элементтері» бөлімдері бойынша консультациялар өткізу.

8-9-сыныптарда:

оқу бағдарламасының «Механика», «Жылу физикасы», «Электр және магнетизм»», «Геометриялық оптика», «Кванттық физика элементтері» бөлімдері бойынша білім алушылардың меңгермеген оқу міндеттерін орындау.

Қайталауға және бекітуге ұсынылған оқу бағдарламасының тақырыптары:

8-сыныпта 7-сыныптың мына тақырыптары: *Қозғалыстың салыстырмалылығы, әртүрлі механикалық қозғалыстардың графиктері***.**

№ 3 зертханалық жұмыс: сұйықтар мен қатты денелердің тығыздығын анықтау;

Денеге бір түзу бойымен әрекет ететін күштерді қосу.

№ 4 зертханалық жұмыс: серпімді деформацияларды зерделеу;

Паскаль заңы, кері итеруші күш.

№ 6 зертханалық жұмыс: Архимед заңын зерделеу;

№ 7 зертханалық жұмыс: дененің сұйықта жүзу шарттарын анықтау;

Жұмыстың мәнін график бойынша анықтау, ауырлық күші мен үйкеліс күшінің жұмысын салыстыру.

Энергияның сақталуы және басқа түрге айналуы.

№ 8 зертханалық жұмыс: Жазық фигураның массалар центрін анықтау;

№ 9 зертханалық жұмыс: иіндіктің тепе-теңдік шарттарын анықтау;

№ 10 зертханалық жұмыс: көлбеу жазықтықтың пайдалы әрекет коэффициентін анықтау;

9-сыныпта 8-сынып тақырыптарын:

№1 зертханалық жұмыс: әртүрлі температурадағы суларды араластырғандағы жылу мөлшерлерін салыстыру;

практикалық жұмыстар: денені қыздыру үшін қажетті немесе оны суытқанда бөлінетін жылу мөлшерін есептеу, заттың меншікті жылу сыйымдылығын анықтау, заттың агрегаттық күйлері өзгерген кездегі жылу мөлшерін есептеу, жылу мөлшерінің дене массасына тәуелділігін зерттеу, жылу мөлшерінің қыздыру температурасына тәуелділігін зерттеу, әртүрлі отынның жану тиімділігін бағалау;

Қаныққан және қанықпаған булар, температурасының атмосфералық қысымға байланыстылығын анықтау;

№ 2 зертханалық жұмыс: мұздың меншікті балқу жылуын анықтау;

практикалық жұмыстар: заттың фазалық ауысу графигін зерттеу, мұздың балқу температурасын зерттеу, булану жылдамдығының әртүрлі факторларға тәуелділігін зерттеу;

Электр өрісінің кернеулігі, электр өрісінің потенциалы және потенциалдар айырымы.

№ 3 зертханалық жұмыс: электр тізбегін құрастыру және оның әртүрлі бөліктеріндегі ток күшін өлшеу;

№ 4 зертханалық жұмыс: тізбек бөлігі үшін ток күшінің кернеуге тәуелділігін зерттеу;

№ 5 зертханалық жұмыс: өткізгіштерді тізбектей қосуды зерделеу;

№ 6 зертханалық жұмыс: өткізгіштерді параллель қосуды зерделеу;

№ 7 зертханалық жұмыс: электр тогының жұмысы мен қуатын анықтау;

Магнит өрісі, тогы бар түзу өткізгіштің магнит өрісі, тогы бар шарғының магнит өрісі, электромагниттік индукция.

№ 8 зертханалық жұмыс: тұрақты магниттің қасиеттерін оқып-үйрену және магнит өрісінің бейнесін алу;

№ 9 зертханалық жұмыс: электрмагнитті құрастыру және оның әсерін сынау;

Сфералық айна көмегімен кескін алу, линзаның оптикалық күші,

№ 10 зертханалық жұмыс: шынының сыну көрсеткішін анықтау;

№ 11 зертханалық жұмыс: жұқа линзаның фокустық қашықтығын анықтау.

«География» оқу пәні

«География» оқу пәнінің мазмұны мынадай жүйелі-әрекеттік нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз етуі тиіс:

- функционалдық білім мен дағдыларды, жоспарлау, талдау және өңдеу, түсіндіру, жүйелеу, алгоритм бойынша жұмыс дағдыларын қалыптастыру, зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік дағдыларды жетілдіру, қорытындыларды бағалау және тұжырымдау;

- табиғатты, экономика мен қоғамды кешенді зерттеу негізінде әлемнің қазіргі заманғы жаратылыстану-ғылыми бейнесінің негізіндегі іргелі ұғымдарды, заңдылықтарды, теориялар мен қағидаттарды, табиғатты ғылыми танудың әдістерін, адамзаттың жаһандық және жергілікті проблемаларын түсінуді тереңдету;

- экологиялық мәдениетті, ғылыми, жобалық және кеңістіктік ойлауды дамыту;

- патриоттық сезімге, қоршаған ортаға жауапкершілікпен, ұқыппен қарауға тәрбиелеу;

- жаратылыстану-ғылыми бағыттар бойынша білім алушыларды кәсіптік бағдарлауды жүзеге асыру.

Бағдарламаның спиральді құрылымына байланысты 8-сыныптағы пәннің мазмұнына сай білім алушылардың өткен оқу жылында алған білімі мен дағдыларын дамытады.

«Географиялық зерттеулер әдістері» бөлімі бойынша географиялық ақпаратты визуализациялау, далалық, картографиялық, теориялық әдістерді өз зерттеулерінде қолдану, сандық және сапалық деректерді өңдеу, талдау, иммитациялық, графикалық, мәтіндік, математикалық және өзге де үлгілерді жасау, жұмыс нәтижелерін әртүрлі нысанда ұсыну дағдыларын одан әрі дамытуға назар аудару қажет.

«Картография және географиялық мәліметтер базасы» бөлімі бойынша білім алушыларды тақырыптық карталарды қалай жіктеуге болатынын және оқуға, сондай-ақ оларға қосымша сипаттама элементтерін: профильді, диаграммаларды, графиктерді, кестелерді құруға үйрету қажет.

Білім алушылардың географиялық номенклатура объектілерімен жұмыс істеу дағдыларын одан әрі дамыту қажет. Сөйлеу дағдыларын дамытумен бірге оқушылар картаға географиялық нысандарды сенімді түрде көрсетуді, тиісті түсініктемелермен бірге бере білуді үйренуі керек. Егер осы бөлім бойынша 7-сыныпта географиялық деректердің кесте түріндегі қарапайым базасын құру көзделсе, онда 8-сыныпта оқытудың тиісті мақсаттарына қол жеткізу кезінде АКТ-ны кезең-кезеңімен пайдалану көзделеді.

«Литосфера» бөлімі бойынша 7-сыныпта Жер қыртысының құрылымы, ірі геотектуралар қарастырылды. 8-сыныпта Жер бедерінің, тау жыныстары мен минералдардың, пайдалы қазбалардың таралу заңдылықтарын оқып білу жалғасуда. Бұл бөлімді рельефтің халықтың экономикалық және өмірлік белсенділігіне әсерін бағалау арқылы қорытындылау ұсынылады.

«Атмосфера» бөлімі бойынша 7-сыныпта метеорологиялық құбылыстар, ауа райы және оның элементтері оқылды. 8-сыныпта Жер шарының әртүрлі бөліктеріндегі климаттың ерекшеліктері қарастырылады. Климатты, атмосфераның ғаламдық айналымын қайталау жалғастырылады.

«Гидросфера» бөлімі бойынша 7-сыныпта әлемдік мұхит және оның бөліктері оқылады. 8-сыныпта бағдарлама бойынша жер беті суларына назар аударады. Осы тақырыпты оқу барысында қазақстандық және өңірлік компоненттерге ерекше назар аудару ұсынылады.

«Биосфера» бөлімі бойынша 7-сыныпта биосфераның, топырақтың құрамы мен құрылымы оқылады. 8-сыныпта табиғи аймақтар мен жердің биіктік белдеулері қарастырылады. Сондай-ақ, оқушылар өсімдіктер мен жануарлар әлемін қорғау қажеттілігін дәлелдей және фауна мен флораны сақтау жолдарын ұсына алады.

Өткен оқу жылында «Табиғи-аумақтық кешендер» бөлімі бойынша "табиғи-аумақтық кешен" ұғымы, оның қалыптасу шарттары мен мысалдары, кеңістіктік дәрежелері анықталған болатын.

Жаңа оқу жылында оқушылар географиялық қабықпен планетарлық масштабтағы табиғи-аумақтық кешен ретінде және оның жұмыс істеуі мен даму заңдылықтарымен танысады.

«Халық географиясы» бөлімі бойынша 7-сыныпта адамзаттың нәсілдік және діни құрамы оқылады. 8-сыныпта халық саны мен құрылымының негізгі көрсеткіштерін есептеу негізінде әлемдегі, Қазақстандағы және өз өлкесіндегі демографиялық жағдайды анықтау бойынша жүйелі қарастырылады.

«Табиғи ресурстар» бөлімі бойынша 7-сыныпта білім алушылар «Табиғи ресурстар» ұғымын, оларды жіктеудің негізгі тәсілдерін, шоғырлану орындарын оқып үйренеді. 8-сыныпта білім алушылар табиғи ресурстарға экономикалық және экологиялық баға береді, орталықтармен және оларды өңдеу технологиясымен танысады, әлемнің жекелеген аумақтарының табиғи-ресурстық әлеуетін анықтайды.

«Әлеуметтік-экономикалық ресурстар» бөлімі бойынша 7-сыныпта көлік және әлеуметтік инфрақұрылым зерделенді. 8-сыныпта бөлім Сауда және қаржы инфрақұрылымын оқу жалғасады.

«Әлемдік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы» бөлімі бойынша 7-сыныпта білім алушылар әлемдік шаруашылықты (өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы) қарапайым жіктеумен айналысты. 8-сыныпта әлемдік экономиканы өндіруші, өңдеуші секторлар мен қызмет көрсету салаларына неғұрлым егжей-тегжейлі жіктеумен, осы секторлардың қызметін ұйымдастыру нысандарын сипаттаумен, әртүрлі салалардағы кәсіпорындарды орналастыру факторларын талдаумен, жоспар бойынша әлемдік экономиканың негізгі салаларын сипаттаумен айналысу керек.

«Саяси география негіздерімен Елтану» бөлімі бойынша 7-сыныпта білім алушылар әлем елдерінің географиялық және экономикалық-географиялық жағдайын бағалау ерекшеліктерін оқиды. 8-сыныпта әлемнің саяси картасын, оның негізгі объектілері мен олардың ерекшеліктерін, ондағы сандық және сапалық өзгерістерді, әлем елдерінің саяси интеграциясының қажеттілігі мен ерекшеліктерін зерттеуге баса назар аударылады.

Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасында өтпелі тақырыптар, оқыту мақсаттары көзделген. Бағдарламаның бірінші және екінші бөлімдерін оқыту мақсаттары өтпелі болып табылады. Оларды түсініп мен дамыту екі рет жүзеге асырумен қамтамасыз етіледі: бірінші рет – тәуелсіз тақырыптар және бірінші тоқсандағы сабақтар сериясы ретінде, екінші рет-осы тақырыптар контекстінде барлық кейінгі бөлімдерді зерделеу кезінде оларды тікелей мақсаттар ретінде жүзеге асыру.

Оқу тапсырмаларының белгілі бір үлесі оқу бағдарламасы бөлімдерінің өтпелі мақсаттарын іске асыруды көздейді. «Географиялық зерттеу әдістері», «Картография және географиялық мәліметтер базасы» оқу бағдарламасының әр бөлімінің оқу мақсаттарын зерттелетін тақырып аясында толықтырады.

Зерттеу және картографиялық дағдыларды қалыптастыруға, дамытуға, әр сабақтың тәжірибеге бағдарлануына бағытталған осы мақсаттар бойынша тапсырмаларды әзірлеуді қарастырған жөн.

8-сыныпта материктер табиғатының ерекшеліктерін оқыту қарастырылған. Оқытудың стандартты, ақпараттандыратын тәсілінен айырмашылығы, оқытудың белсенді мақсаттары арқылы жаңартылған мазмұнның Типтік оқу бағдарламасы материктерді көбірек қарастыруды талап етеді. Оқушылар әртүрлі дереккөздерді қолдана отырып, салыстыру, талдау, бағалау және синтездеу арқылы әр материктің бірегейлігін анықтайды.

«Туған жер» бағдарламасын іске асыру мақсатында үлгілік оқу бағдарламасында қазақстандық және өлкетану материалдарын міндетті түрде оқыту көзделген.

9-сыныпта «Қазақстанның географиясы» оқытылады, онда географиялық зерттеу әдістері, Картография және географиялық деректер базасы бөлімдері мен кіші бөлімдері енгізілген. Географиялық карталар, физикалық география. Литосфера. Қазақстан аумағының геологиялық тарихы және тектоникалық құрылымы. Қазақстанның басты орографиялық объектілері. Қазақ оронимдері. Әлеуметтік география. Халық географиясы. Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамы, экономикалық географиясы. Табиғи ресурстар. Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуеті қарастырылған.

Педагог білім алушылардың танымдық ерекшеліктеріне сәйкес қызықты пән ретінде шығармашылық тапсырмаларды әзірлеу және таңдау мүмкіндігіне ие.

Оқушылардың географиялық ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру маңызды: қажетті ақпаратты табу, оны талдау және түсіндіру, бағалау және қойылған міндеттерді шешу үшін пайдалану.

Негізгі оқу материалын оқушылар сабақта игеруі керек екеніне назар аударамыз. Қарастырылмаған оқу материалын, оның ішінде географиялық номенклатура объектілерін үйде қарастыруға жол берілмейді. Үй тапсырмасының негізгі функциясы сабақта алынған білім мен дағдыларды бекіту.

«География» оқу пәнінің 7-сыныпқа арналған «Физикалық география» бөліміне өлкетану бойынша екі тақырып енгізілді: «Туған өлкенің флорасы мен фаунасы» және «Менің өлкемнің визит карточкасы: өлкетану деректер базасын әзірлеу». Осы тақырыптарды зерделеу кезінде өсімдіктер мен жануарлардың қай аймаққа тән екенін зерттеу үшін ұжымдық жұмысты ұйымдастыру, оларды қорғау шараларын ұйымдастыру, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, аймақтың мәліметтер базасын құру ұсынылады. Пән бойынша (БЖБ) үшін жиынтық бағалау жүргізуді көздейді. 57-кестеде бөлім үшін жиынтық бағалау саны көрсетілген.

57-кесте. «География» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Жиынтық бағалау саны бөлім/ортақ тақырып үшін			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3 -тоқсан	4 -тоқсан
7-сынып	3	2	3	3
8 -сынып	3	3	3	2
9-сынып	3	2	3	3

«География» оқу пәні бойынша білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша ұсынымдар

Педагог оқу жылының басында білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін өткен жылы оқу материалы қандай деңгейде меңгерілгенін және оқытудың қандай бөлімдерінде, тақырыптарында/мақсаттарында білім

алушылардың біліміндегі олқылықтарға жол берілгенін анықтау, яғни диагностика жүргізу қажет.

Келесі қадамдар – **білімді толықтыру бойынша жұмысты жоспарлау және жоспарды іске асыру.**

Педагог өз бетінше жұмыс жүргізу нысанын таңдау туралы шешім қабылдайды (өткен кезеңдегі білімдерін толықтыру бойынша тақырыптарды жаңа оқу бағдарламасының мазмұнына интеграциялау, өткен жылғы сабақта тақырыптарды/оқу мақсаттарын алғашқы қайталау, содан кейін жаңа оқу материалын түсіндіру, консультациялар өткізу және т.б.).

Өткен оқу жылындағы оқу материалын қоса отырып, оқу тапсырмаларын әзірлеу, қалыптастырушы бағалау жүргізу процесінде оқыту тақырыптарын /мақсаттарын пайдалану, білім алушылардың білімін толықтыру үшін пән бойынша каникулдық сабақтар өткізу ұсынылады. Бұл ретте оқушылардың оқуға қызығушылықтарын арттыру және олардың білімдерін толықтыруға ынталандыру мақсатында тесттерді, тапсырмаларды, сауалнамаларды, әңгімелесулерді, оқытудың тиімді нысандары мен технологияларын пайдалануға болады

«География» оқу пәні бойынша білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша ұсынымдар:

7-11-сынып аралығындағы «География» пәнінің мазмұны жаңа білімді игеруге және ақыл-ой белсенділігінің жоғары деңгейлерін қалыптастыруға бағытталған қайталанатын тақырыптарды немесе оқу мақсаттарын күрделендіріп, кеңейте отырып, спиральдік принцип бойынша құрылған. Спиральдік принцип өткен кезеңге қайталау немесе бекіту үшін бөлімдердің/кіші бөлімдердің тақырыптарын және оқыту мақсаттарын қосуға және ағымдағы жылдың оқу бағдарламасының мазмұнымен біріктіруге мүмкіндік береді.

Мұғалімдерге диагностика нәтижелері мен әр оқушының жеке қажеттіліктері үшін студенттердің білімін толықтыру бойынша жұмыс жүргізу кезінде ескеру ұсынылады. Картамен жұмысты жиі пайдалану, практикалық жұмыстарды, зерттеулер мен жобаларды жүргізу қажет.

10-11-сыныптарға арналған «География» оқу пәні бойынша оқу процесінде және оқу тапсырмаларында өткен оқу жылында игерілмеген немесе қиындық тудырған келесі оқу мақсаттарын біріктіру ұсынылады. Мысалы, өткен оқу жылының бірінші тоқсанында географиялық зерттеу әдістері жеткілікті егжей-тегжейлі зерттелмеген. Сонымен, тақырыпты қайталау немесе бекіту үшін біріктіру қажет**.**

Осылайша, келесі мақсаттарды біріктіруге болады:

11.1.1.1-зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық сараптама элементтерін қолдану;

11.1.1.2-зерттеу тақырыбына сәйкес сараптамалық бағалау әдістерін қолдану;

11.1.1.3-зерттеу тақырыбына сәйкес модельдеу әдістерін қолдану;

11.1.1.4-зерттеу тақырыбына сәйкес аудандастыру әдістерін қолдану.

11-сыныпта салыстырмалы талдау жүргізу дағдысын қалыптастыру бойынша жұмыс істеу ұсынылады.

«Картография және геоинформатика» бөлімін оқу кезінде бөлімдер мен бөлімшелерді оқыту мақсаттарын топтастыруға болады

«2.1 Картография. Қазіргі картографиялық әдістер» және 2.2 Геоинформатика негіздері. Геоақпараттық жүйелер»:

11.2.2.1 - геоақпараттық әдістер мен геоақпараттық жүйелер технологияларының ерекшеліктерін, басқа ғылымдар мен өндіріс салаларымен байланыстарын түсіндіру. Географиялық деректер базасы;

11.2.2.2 - компьютерлік бағдарламаларды қолдана отырып тақырыпқа сәйкес географиялық деректер базасын құрастыру. Географиялық деректерді визуализациялау;

11.2.2.3 - компьютерлік бағдарламаларды қолданып тақырыптық карта-сызбалар жасау.

Картография мен Геоинформатика арасында байланыс орнату кезінде оқу мақсатын біріктіру ұсынылады.

3-бөлімді оқып үйренуге. «Табиғатты пайдалану және геоэкология» көптеген сағаттарға бөлінеді, сондықтан бөлімді оқытудың мақсаттарын топтастыруға болады: 3.1 табиғатты пайдалану. Табиғат пайдалануды реттеу:

11.3.1.1 - шаруашылық және тұтыну салалары бойынша табиғатты пайдалануды реттеу механизмін талдау;

11.3.1.2 - табиғатты пайдалану түрлерінің заңнамалық тәртіппен бекітілген нормаларға сәйкестігін анықтау (жергілікті/аймақтық компоненттің негізінде) Табиғатты қорғау шаралары;

11.3.1.3 - табиғатты қорғау шараларының тиімділігіне баға беру (жергілікті/аймақтық компонентті қосымша қамту негізінде) Табиғатты қорғауда жеке тұлғаның рөлі;

11.3.1.4 - жеке тұлғаның табиғатты пайдаланудағы рөлін анықтап, «экологиялық ізін» есептеу;

Геоэкономика, геосаясат, географиядағы елтану бойынша Оқу материалдары көлемі жағынан ықшам. Бұл бөлімдердің мазмұнын қайталау ретінде оқуға болады.

«География» оқу пәні бойынша білім олқылықтарын толықтыру бойынша жұмысты ұйымдастыру кезінде оқытудың интерактивті әдістерін пайдалану қажет. Географиялық деректер базасын пайдалана отырып, Информатика пәні бойынша алынған білім негізінде картографиялық сауаттылықты арттыру, пікірталастар, сараптамалық жұмыстар жүргізу, қоршаған орта экологиясына назар аудару, қарапайым картографиялық схемаларды жасау кезінде жергілікті жердің компоненттерін кеңінен пайдалану, аймақтарға бөлу, жобалау, нақты жағдайға талдау жүргізу, проблемалық ситуациялық міндеттерді шешу және т.б. маңызды.

«АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ» БІЛІМ САЛАСЫ

«Адам және қоғам» білім беру саласының оқу пәндерінің мазмұны «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» және «Өзін-өзі тану» оқу пәндерінде іске асырылады.

«Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны білім алушыларда «Адам – Қоғам» жүйесі шеңберінде қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар бойынша білім негіздерін қалыптастыруға бағытталады.

«Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндері

Негізгі орта білім беру деңгейінде тарихты оқыту:

– білім алушыларда тарихи сананы, толеранттылық, өз елі және басқа елдердің тарихы мен мәдениетіне құрмет көрсетуді, ғасырлар бойы қалыптасқан жалпыадамзаттық, ұлттық және жалпыадами құндылықтарды қалыптастыруға, ойлау, коммуникативтік және зерттеу дағдыларын дамытуға;

– білім алушыларды ұлттық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне тарту, қазақ халқының мәдени және тарихи мұрасының құндылығы мен ерекшелігін түсіну, мәдени әртүрлілікті бағалау қабілеттілігін қалыптастыруға бағытталған.

2021/2022 оқу жылында «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндері бойынша оқу процесін ұйымдастыруда келесі оқу бағдарламалары қолданылады:

1. ҚР БҒМ 2019 жылғы «26» шілдедегі № 334 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
2. ҚР БҒМ 2019 жылғы «26» шілдедегі № 334 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Дүниежүзі тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
3. ҚР БҒМ 2020 жылғы «27»қарашадағы № 496 бұйрығымен бекілген Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу бағдарламасы «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша оқу бағдарламасының білім мазмұны хронологиялық реттілікпен берілген (көне дәуірден бүгінгі күнге дейін) және *әлеуметтік қатынастардың дамуы, мәдениеттің дамуы, мемлекеттің дамуы, экономикалық даму* бөлімдерін қамтиды.

Білім мазмұнын ұйымдастырудағы ерекшеліктер:

- тарихи пәндер арасындағы пәнаралық байланыс іске асырылған. Бұл оқу материалдарын қайталамауға және Қазақстан тарихын әлемдік тарихи процестер контексінде қарастыруға мүмкіндік береді;
- тарихи ойлау дағдыларын (тарихи процестер мен құбылыстарды зерттеу, талдау, түсіну және түсіндіру) дамытуға бағытталған;
- білім алушыларда тарихи сана, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дамытуға септігін тигізетін материалдарды зерделеуге ерекше көңіл бөлінген.

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша оқу бағдарламасының басты мақсаттарының бірі – оқушылардың бойында тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру мен дамыту болып табылады. Сондықтан сабақта оқушылардың «тарихи ойлау» дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік беретін түрлі әдіс-тәсілдерді (белсенді және проблемалық оқыту әдістері, зерттеу, жоба әдістері т.б.) қолдану ұсынылады. «Тарихи ойлау» өткен заманның кез-келген құбылысын сол заманның контекстінде, бұрын болған және кейінгі тарихи оқиғалармен өзара байланысында көру, анықтау, бағалау, талдау қабілетін білдіреді. Осы қабілетке ие болу арқылы оқушы өткен тарихқа қатысты білім мен түсінікке негізделген өзіндік дәлелді ұстанымды қалыптастыра алады. Тарихи ойлау дағдылары әрбір сабақта олардың біртіндеп кеңеюі мен прогрессиясы негізінде дамытылуы тиіс.

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндерін тарихи түсініктер негізінде оқыту ұсынылады:

Оқыту келесі түсініктердің негізінде құрылуы тиіс:

1) **өзгеріс және сабақтастық** (мысалы, белгілі тарихи кезеңде қоғам қаншалықты өзгеріске ұшырады);

2) **себеп-салдар** (мысалы, белгілі тарихи кезеңде қандай маңызды факторлар саяси үдерістерге әсер етті);

3) **дәйек** (белгілі тарихи кезеңнің өнері бізге құндылықтар, наным-сенімдер мен технологиялар туралы қандай мәлімет бере алады);

4) **ұқсастық пен айырмашылық** (мысалы, XIII-XV ғғ. Қазақстан территориясындағы мемлекеттердің саяси құрылысындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар);

5) **маңыздылық** (мысалы, Қазақ хандығының құрылуының тарихи маңызы неде);

6) **интерпретация** (мысалы, белгілі бір тарихи оқиғаны түрлі зерттеушілер қалай сипаттайды).

Тарихи түсініктер негізінде оқыту тарихи оқиғалардың мағыналары мен маңыздылығын, үдерістер мен оқиғаларды «тез түсінуге» бағытталған, бұл пәннің мағынасын терең түсінуге көмектеседі.

Тарихи түсініктерге сүйене отырып, тарихи материалдарды талдауды жүзеге асыру ұсынылады. Нәтижесінде білім алушылар тек қана пәндік материалды ғана емес, зерттеу процестері, дағдылар және біліктермен байланысты әдістерді игереді (материалдарды жинау мен реттеу әдістері, сұрақтарды құрастыру және дереккөздермен жұмыс жасау процесінде мәселені қоя білу білігі, сәйкестендіру әдістері мен дереккөздерді сыни бағалауы, зерттеу жоспарларын әзірлеу, материалдарды жинақтау және нәтижелерді тексеру).

Белгілі бір тарихи концептілерге негізделген оқыту нақты оқу материалының негізінде оқушылардың бойында тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға мүмкіндік береді. Мұндай әдіс, зерттеуге негізделген оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады.

Сондықтан «Қазақстан тарихы» пәні бойынша әр тақырыптан кейін зерттеу сұрақтары қамтылған. «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша ұзақ мерзімді

жоспардағы тақырыптар проблемалық сұрақтар түрінде құрастырылған. Оның басты себебі – кез келген тақырып оқушыларды бірден ойландырады және оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға, проблемалық сұрақ қоюға, өздігінен талдау жасау дағдыларын дамытуға жәрдемдеседі.

Назар аударыңыз!

2021-2022 оқу жылында 5-9-сыныптар арасында «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні мазмұнының сабақтастығын және хронологиялық кезеңділікті сақтау мақсатында ***9-сыныпта (Қазіргі заман тарихы:* XX ғасырдың екінші жартысы – бүгінгі күнге дейін*) мазмұнын қамтитын жаңартылған мазмұндағы*** **оқу бағдарламасы енгізіледі.**

Назар аударыңыз!

2021-2022 оқу жылында «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндері бойынша келесі оқулықтар қолданылады:

- ✓ 5-сынып – 5-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерінің оқулықтары (*ежелгі заман: шамамен 2 млн жыл бұрын – V ғасыр*);
- ✓ 6-сынып – 6-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерінің оқулықтары немесе 6-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерінің оқулықтары *(ортағасырлар кезеңі: V - XVII ғасырлар);*
- ✓ 7-сынып – 7-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерінің оқулықтары (*жаңа заман кезеңі: XVIII -XIX ғасырлар)*;
- ✓ 8-сынып – 8-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерінің оқулықтары *(қазіргі заман тарихы кезеңі: XX ғасырдың бірінші жартысы);*
- ✓ 9-сынып –9-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерінің оқулықтары *(қазіргі заман тарихы кезеңі: XX ғасырдың екінші жартысынан бүгінгі күнге дейін).*

«Қазақстан тарихы» пәнін оқытудың ерекшеліктері

Қазақстан тарихы бойынша білім мазмұны білім алушылардың бойында тарихи сана, қазақстандық патриотизм, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыру, зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамытуға бағытталған.

Үлгілік оқу жоспарының оқу түріне байланысты негізгі орта білім беру деңгейінде «Қазақстан тарихы» оқу пәндерін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі әртүрлі (58-кесте).

58-кесте. Оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Жалпы жүктеме, сағат			
		Үлгілік оқу жоспары (жаңартылған мазмұн)		Үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)	
		Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
5	Қазақстан тарихы	2	68	2	68
6	Қазақстан тарихы	2	68	2	68

7	Қазақстан тарихы	2	68	1	34
8	Қазақстан тарихы	2	68	1	34
9	Қазақстан тарихы	2	68	1	34

5-9-сыныптарда «Қазақстан тарихы» пәні бойынша Қазақстан қоғамының ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі кезеңдегі әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық салаларының негізгі даму кезеңдері оқытылады.

Білім мазмұнын жаңарту жағдайында тарихты оқыту – оқу мақсаттарын анықтау, оқыту мазмұнына сәйкес материалдарды саралау, оқытудың тиімді әдістерін анықтауды қажет етеді.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5,6,7-сыныптарында «Қазақстан тарихы» пәні мазмұнына «Өлкетану» материалдары кіріктіріліп оқытылады.

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы негізінде әзірленген «Өлкетану» материалдарын оқыту:

- білім алушыларда ежелгі дәуірден бастап, қазіргі уақытқа дейінгі туған жер аумағында болып жатқан тарихи процестердің негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы білім қалыптастыруға;

- туған өлкенің табиғи байлықтары, тарихи ескерткіштері және мәдени нысандары туралы білімдерін кеңейту;

- туған өлкенің дәстүрлі қолөнері, мәдени және әдеби мұралары мен өңір мақтанышына айналған адамдар туралы білімдерін кеңейту;

- туған өлкенің бірегей табиғаты, тарихы мен мәдениетіне деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу; оларды қорғауға жауапкершіліктерін арттыруға бағытталған.

Өлкетану материалдары 5, 6, 7-сыныптарда, яғни әр сыныпта 4 сағаттан 12 сағат көлемінде оқытылады. Өлкетану материалдары оқу бағдарламасының базалық білім мазмұны мен ұзақ мерзімді жоспарға енгізілді. Оқу бағдарламасы бойынша тоқсандағы бөлімдер мен бөлім ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркінде болғандықтан «Өлкетану» материалдарын әр сынып бойынша кіріктіріп оқыту ұсынылады.

Өлкетану материалдарын оқытудың ерекшеліктері:

Өлкетану мәдени және ұлттық сәйкестікті дамыту мен сақтаудың маңызды міндетін орындайды. Өлкетанулық білім жаңа буынды аймақтың мәдени құндылықтарымен қамтамасыз етіп отыратын әлеуметтік-мәдени ақпарат көзінің бірі. Бұл жеке тұлғаның мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

5-сыныпта: «Өлкенің тарихи ескерткіштері», «Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар, ақындар», «Туған өлкенің аңыз-ертегілері» тақырыптарын оқытуда білім алушыларды ата-бабалардың дәстүрін құрметтеуге, келешек ұрпақтардың тәжірибесін жалғастыруға, өнегелі жерлестерінің өмірін замандастарына үлгі етуге бағыттау ұсынылады.

5-сыныпта «Өлкетану мұражайы және тарихи жәдігерлер» тақырыбы бойынша тарихи мұраны жеткізудегі жәдігерлердің рөлін сипаттау үшін мүмкіндігінше мұражай сабақтарын өткізу ұсынылады. Мұражайда өтетін

сабақта білім алушылардың оқу материалдарын мұражайдағы бай қорды пайдалана отырып терең меңгертуге бағыттау ұсынылады.

Мұражай базасында өткізілген сабақтар білім алушылардың азаматтық және патриоттық қасиеттерін қалыптастыруға, олардың танымдық қызығушылықтары мен қабілеттерін, ой-өрісін кеңейтуге, тарихи және мәдени ескерткіштерге ұқыпты қарауға ықпал етеді.

6-сыныпта: «Топонимдер – өткен заманның куәгерлері», Мәдени-тарихи дәстүрді сақтаушылар: өлкенің ұлттық қолөнері», Туған өлке тарихының қазіргі кездегі куәгерлері» тақырыптары берілген. Өлкедегі жер-су атауларының тарихын, ұлттық қолданбалы өнері мен қолөнерді, қазіргі кездегі өлкедегі атақты тұлғалардың ерлік істері мен еңбегі туралы білім беруде білім алушылардың өлкенің негізгі ерекшеліктерін анықтауға және терең түсінуіне ықпал ету ұсынылады.

Осы сыныпта білім алушылар «Бір ел – бір тағдыр» тақырыбы арқылы аймақтағы түрлі ұлттардың тарихымен, салт-дәстүрімен танысады. Бұл білім алушыларды бірыңғай әлеуметтік ортаға біріктіруге ықпал етеді.

7-сыныпта: «Өлкенің туристік маршруттары», «Туған жердің Атымтай жомарттары», «Туған өлкенің шежіресі», «Мектебімнің тарихы» тақырыптарын оқытуда білім алушыларға оқу мазмұнына сәйкес материалдарды анықтау, талдау, бағалау дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар беру ұсынылады.

Оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау саны 59-кестеде берілген.

59-кесте. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
	Жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу жоспары бойынша			
5-сынып	1	2	2	3
6-сынып	1	1	3	2
7-сынып	2	2	3	1
8-сынып	1	1	2	2
9-сынып	2	2	2	2
Сынып	*Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспары бойынша*			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
7-сынып	2	2	2	1
8-сынып	1	1	2	2
9-сынып	2	2	2	2

Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес 7-9-сыныптарда «Қазақстан тарихы» пәнінің апталық жүктемесі 1 сағатты құрайды. Сондықтан, осы оқу жоспарымен оқытылатын «Қазақстан тарихы» пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалау өткізілмейді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады.

«Дүниежүзі тарихы» пәнін оқытудың ерекшеліктері

«Дүниежүзі тарихы» пәні білім алушылардың бойында тарихи сана, толеранттылық, өз елі және басқа елдердің тарихы мен мәдениетіне құрметті

қалыптастыру, ғасырлар бойы қалыптасқан жалпы адамзаттық құндылықтарды меңгерту және зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамытуға бағытталған.

«Дүниежүзі тарихы» пәнінің білім мазмұны: әлеуметтік қатынастардың дамуы, мәдениеттің дамуы мен өзара әрекеттестігі, саяси жүйелердің дамуы мен өзара әрекеттестігі, экономикалық қатынастардың дамуы бөлімдерін қамтиды. Сондықтан 5-9-сыныптарда «Дүниежүзі тарихы» бойынша ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық салалардың негізгі даму кезеңдері оқытылады.

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша оқу жүктемесі:

1) 5-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
2) 6-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
3) 7-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
4) 8-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
5) 9-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Оқу пәнінен әр тоқсан сайын бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) өткізу қарастырылған (60-кесте).

60-кесте. «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
5-сынып	2	2	2	2
6-сынып	2	2	2	2
7-сынып	2	2	2	2
8-сынып	2	2	2	2
9-сынып	2	2	2	2

Сонымен, «Дүниежүзі» оқу пәні бойынша 5-9-сыныптарда бөлім үшін жиынтық бағалау жүргізіледі және олардың қорытындысы бойынша жартыжылдық баға қойылады, ал тоқсан бойынша жиынтық бағалау жүргізілмейді.

«Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндері бойынша оқу процесін ұйымдастырудағы әдістемелік ерекшеліктер

➢ Тарихты оқытуда мыналарға ерекше көңіл бөлу ұсынылады:

- тарихты оқыту процесі білім алушының ақпараттың белгілі бір көлемін (тарихи даталар, ұғымдар, тұлғалар, оқиғалар) механикалық есте сақтауға емес, алған білімі мен білігін оқу мен тәжірибелік міндеттерді өздігінен шешумен сипатталатын тұлғалық құзыреттілігін дамытуға;

- тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметін әлемдік және Отандық тарих контекстінде талдау және баға беру дағдыларын қалыптастыруға;

- тарихи деректердің негізінде тарихи зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға (гипотезаларды ұсыну, зерттеу сұрақтарын құрастыру, деректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, нәтижелер мен қорытындыларды шығару, өзінің ұстанымын анықтау);

- қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдарлану үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

➢ Мұғалімнің сабаққа әзірлейтін тапсырмалары келесі критерийлерге сәйкес болуы қажет:

- тапсырманың, оның мақсаты мен орындалуының қолжетімділігі;
- дифференциацияны көздеу;
- сын тұрғысынан ойлауды дамытуға мүмкіндік беру;
- проблемалық оқытуға негізделуі;
- бағалау мүмкіндіктерінің бар болуы.

Баяндама, эссе жазу, презентация жасау және т.б.бойынша тапсырма беру барысында мұғалімге оқушыларды тапсырманың критерийлерімен таныстыру ұсынылады.

➢ Тарихты оқытуда білім алушының оқыған тарихи фактілер мен оқиғаларды кеңістікте бағдарлау дағдысын қалыптастыру мен тарихи картаны «оқып», оны білім көзі ретінде пайдалануына көңіл бөлу ұсынылады.

Білім алушыларда тарихи картамен жұмыстың негізі 5-сыныптан қаланады, ол картаның шартты белгілерін қолдана білуі, тарихи және географиялық нысандарда дұрыс бағдарлана білуді қажет етеді.

Мысалы 6-сыныпта *«*VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау*»* атты оқу мақсаты бойынша мұғалім білім алушыларға тарихи картаны пайдаланып түсіндіруге тапсырма бере алады, бұл білім алушылардың бойында уақыт пен кеңістікте бағдарлану дағдыларының дамуына септігін тигізеді. Сондықтан білім алушының алған тарихи білімін кеңістікте бағдарлауға мүмкіндік беретін картографиялық дағдысын дамыту ұсынылады. Бұл тарихи оқиғаларды, олардың өзгерісі мен даму жағдайын картада белгілеуге берілетін тапсырмалардан көрінеді. Білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, презентация, интеллект карталар, диаграммалар жасауға тапсырмалар беру ұсынылады.

7-9-сыныптарда тарихи картаның мазмұнын талдауды қажет ететін тапсырмалар жасай отырып, картамен жұмысты күшейту ұсынылады.

9-сыныпта тарихты оқыту білім алушылардың қазіргі заман тарихының маңызды процестеріне, құбылыстарға, оқиғаларға және ұғымдарға баса назар аударуға, тарихи оқиғаларды, талдау, салыстыру, көрнекті тарихи тұлғалар қызметін бағалау, алған білімі негізінде өз ойын дәлелдеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Білім алушыларды оқытылатын кезеңдегі ғылым мен мәдениеттің көрнекті өкілдері мен саяси жетекшілердің қызметіне, тарихи оқиғаларға салыстырмалы талдау жасау, баға беруге дағдыландыру ұсынылады.

Тарихи білім беруде Тәуелсіздіктің 30 жылдығы, Тұңғыш Президент сайлауының 30 жылдығы, Семей полигоны жабылуының 30 жылдығы, қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтың ғарышқа алғашқы ұшуының 30 жылдығы атап өтілетін қосымша материалдар негізінде талдау жасауға бағыттау ұсынылады.

Тарихты оқытуда тарихи концепт бойынша берілетін тапсырмаларды оқушылардың тарапынан тек қана себеп пен салдарларды анықтаумен қатар, бұл себептерді берілген белгілері бойынша жіктеу (мазмұны, уақыты және рөлі бойынша), түрлі себептер арасында өзара байланысты анықтау және оларды маңыздылық деңгейі бойынша орналастыруға бағыттау ұсынылады.

➢ Тарихи деректердің интерпетациясы бойынша тапсырмалар әзірлеуде оқушылардың тарихи дерекпен жұмыс істеуі олардың жас ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін, дайындық деңгейін ескере отырып біртіндеп күрделендіру ұсынылады. Тарихты оқытуда түрлі тарихи деректерді, аудио және бейне материалдарды, иллюстрацияларды қолдану ұсынылады.

Оқу процесінде білім алушыны ынталы, қызығушылығы жоғары, дербес, сенімді, жауапты, талдау жасай алуға бағыттайтын оқытудың түрлі формалары ұсынылады:

- мұқият іріктелген тапсырмалар мен іс-әрекет түрлері арқылы білім алушыларды ынталандыра және дамыта оқыту;
- білім алушыларды зерттеу және зерттеушілік жұмыстарын жүргізуге негізделген белсенді оқытуды ұйымдастыру;
- білім алушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту;
- білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, деңгейлік тапсырмалар құрастыру;
- білім алушылардың жеке, жұптық, топтық және тұтас сыныптық жұмыс түрлерін ұйымдастыруды қолдану;
- оқу процесінде тарихи құжаттардың фрагменттерін талдау, ақпарат жинақтау және қорытынды жасау, себеп-салдарлық байланыстарды орнатуды және т.б. талап ететін тапсырмаларды кеңінен қолдану;
- сабақта білім алушының біліміндегі кемшіліктерді уақытында анықтауға мүмкіндік беретін кері байланысты ұйымдастырудың әр түрлі әдістерін қолдану.

➢ *Тарихи тұлғаға сипаттама бергенде мынадай арнайы жадынаманы қолдану ұсынылады:*

- тарихи қайраткердің сыртқы бейнесін суреттеу;
- тұлғалық белгілерін сипаттау;
- өмірінің ең жарқын маңызды фактілерін атау;
- тұлғаның тарихқа қосқан үлесіне баға беру.

Бұл тарихи тұлғалардың іске асырған ерекше әрекеттерінің білім алушының есінде ұзақ сақталуына мүмкіндік береді.

Тарих пәні ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды, адамдардың құқығы мен бостандығын құрметтейтін және қабылдайтын, Отанының дамуына өз үлесін қосуға ниетті тұлғаны тәрбиелеуден көрінетін «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы бағыттарын іске асыруда маңызды рөл атқарады.

Білім алушылардың тарихи білімін тәжірибеде нақтылау мақсатында мүмкіндігінше мұражайларға, тарихи ескерткіш орнатылған немесе тарихи-археологиялық орындарға экскурсиялар ұйымдастыру ұсынылады.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша ұсынылатын сайттар: http://www.tarih-begalinka.kz; http://www.e-history.kz; http://bilimsite.kz/tarih/; http://testcenter.kz/entrants/for-ent/.

Сондай-ақ «Бабалар ізімен» ғылыми экспедициясының материалдарын қолдануға болады.

«Дүниежүзі тарихы» пәнінен ұсынылатын сайттар:

http://www.world-history.ru; http://historic.ru; http://historyatlas.narod.ru; http://testcenter.kz/entrants/for-ent/.

«Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру жөнінде ұсынымдар

2021-2022 оқу жылында «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша шектеу шаралары кезіндегі оқу жылдарында жіберілген білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру және жаңа оқу жылының оқу бағдарламасын меңгерту бағытында мақсатты шараларды жыл бойы жүргізу ұсынылады.

2021-2022 оқу жылында білім алушылардың өткен оқу жылдарындағы біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру және жаңа оқу жылына арналған оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарының меңгерілуін қамтамасыз ету бойынша мақсатты жұмыс жоспарын дайындаудың реті

(әрбір пән мұғалімі үшін)

№	**Жұмыс мазмұны**
Диагностикалық жұмыс *(I тоқсанның I аптасында)*	
1	Өткен оқу жылдарындағы пәннің оқу бағдарламасының оқу мақсаттары бойынша *әкімшілік диагностикалық бақылау* жұмысын жүргізу
2	Тақырыптар бойынша олқылығы бар оқушылардың санына байланысты *өткен тақырыптардың ішінен қиындық тудырған тақырыптар мен оқу мақсаттарын анықтау. Мысалы, қандай да бір тақырыпты меңгермеген оқушылардың саны көп болса, сол тақырып күрделі болып есептеледі. Тақырыпты меңгермеген оқушылардың саны аз болса, ол тақырыптың күрделілігі төмен болып есептеледі*
Жоспарлау жұмысы *(I тоқсанның II аптасында)*	
3	Пәннің оқу бағдарламасы бойынша жаңа оқу жылында өтілетін тақырыптар мен оқу мақсаттарына сәйкес келетін өткен оқу жылдарындағы *күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын анықтау*
4	Сәйкес келетін тақырыптар мен оқу мақсаттарын анықтағаннан кейін *қысқа мерзімді сабақ жоспарларын* мақсаттарды үйлестіре, кіріктіре отырып әзірлеу. *Жаңа тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгеру үшін өткен оқу жылдарындағы тақырыптар бойынша білімінде олқылығы бар оқушыларға алдын ала дайындалып келуге берілетін тапсырмалар әзірлеу.*
5	Пәннің оқу бағдарламасы бойынша жаңа оқу жылындағы тақырыптар мен оқу мақсаттарына *сәйкес келмейтін* өткен оқу жылдарының *күрделі тақырыптары мен оқу мақсаттарын анықтау*
6	Жаңа бағдарламаға сәйкес келмейтін өткен оқу жылдарының күрделі тақырыптары мен оқу мақсаттары бойынша *білімінде олқылықтары бар оқушылардың тізімін жасау және топтастыру*

7	Білімінде олқылықтары бар оқушылардың топтарымен өткізілетін *консультациялардың кестесін жасау*
8	Білімінде олқылықтары бар оқушыларға өткізілетін *кеңес беруді* сәйкес келетін *жаңа тақырып пен оқу мақсатына сабақ жоспарлаудан* бұрын өткізу
9	Білімінде олқылықтары бар оқушылардың топтарымен өткізілетін *кеңес беру* кестелерін *жоспарлау принциптері:* - жаңа сабақтан бұрын кеңес беру; - жұмыс күндеріне сыймаған жағдайда сенбілік немесе жексенбілік кеңес беру; - II, III, IV тоқсандық каникул күндеріндегі кеңестер; - жазғы мектеп күндеріндегі кеңестер
10	*Жаңа сабақтан бұрын кеңес* өткізу топтарын анықтау, кестесін жасау
11	*Сенбілік немесе жексенбілік кеңес* өткізу топтарын анықтау, кестесін жасау
12	*Каникул күндеріндегі кеңес* өткізу топтарын анықтау, кестесін жасау
13	*Жазғы мектеп күндеріндегі кеңес* тақырыптарын анықтау, кестесін дайындау
14	Жаңа оқу жылында оқу пәндері бойынша білім алушылардың білім сапасына *жүйелі мониторинг жүргізу* кестесін және талдау жұмысының *жоспарын дайындау (бұл жерде білім алушының өткен оқу жылы бойынша білімінің сапасы да, олқылықтары да көрінеді):* қыркүйектің екінші аптасы *(диагностикалық әкімшілік бақылау)*; бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) кестесі; тоқсан бойынша жиынтық бағалау (ТЖБ) кестесі.
Жүзеге асыру және талдау жұмысы *(оқу жылы бойы)*	
15	Пән бағдарламасы бойынша *оқу мақсаттары кіріктірілген қысқа мерзімді сабақ жоспарымен* сабақты ұйымдастыру арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа оқу мақсаттарына қол жеткізу
16	*Жаңа сабақтан бұрын кеңес беру* кестесі бойынша сабақ жүргізу арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа мақсаттарға қол жеткізу
17	Жаңа сабақтан бұрын *сенбілік немесе жексенбілік кеңес беру* арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа мақсаттарға қол жеткізу
18	*Каникул күндерінде кеңес беру* арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа оқу мақсаттарына қол жеткізу
19	*Жазғы мектеп күндеріндегі кеңес* өткізу *кестесі* бойынша сабақ жүргізу арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыру
20	Білім алушылардың білім сапасына жүргізілген *жүйелі мониторинг жұмысының нәтижелерін:* - диагностикалық бақылау жұмысының талдамалық есебін; тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебін *әдістемелік бірлестікте, әдістемелік кеңесте, педагогикалық кеңесте;* бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебін *әдістемелік бірлестікте;* - оқу жылының қорытындысы бойынша талдамалақ есепті *әдістемелік бірлестікте және педагогикалық кеңесте* талдау және талқылау

Аталған шараларды келесі кезеңдер бойынша жүргізу ұсынылады:

Диагностикалық жұмыс:

- пәннің оқу бағдарламасы мазмұны бойынша диагностикалық бақылау жұмысын жүргізу (өткен оқу жылындағы күрделі тақырыптар, оқу мақсаттары);

- тақырыптар бойынша білімдегі олқылығы бар оқушылардың санына байланысты өткен тақырыптардың және оқу мақсаттарының қиындық ретін анықтау;

Жоспарлау жұмысы:

- пәннің оқу бағдарламасы бойынша өткен оқу жылдарының оқу мақсаттарына жаңа оқу жылындағы сәйкес келетін оқу мақсаттарын анықтау;
- сәйкес келетін оқу мақсаттары анықталған сабақтардың қысқа мерзімді жоспарларын мақсаттарды үйлестіре, кіріктіре отырып дайындау;
- пәннің оқу бағдарламасының оқу мақсаттары бойынша олқылықтары анықталған оқушылардың топтарымен өткізілетін кеңестер кестесін жасау.

Жүзеге асыру және талдау жұмысы:

- *пән бағдарламасы бойынша оқу мақсаттары кіріктірілген қысқа мерзімді жоспар негізіндегі сабақты ұйымдастыру* арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып, жаңа оқу мақсаттарын меңгерту;
- *меңгерілмеген және қиындық тудыратын оқу мақсаттары, пән тақырыптары* бойынша білім алушылар үшін қосымша оқу материалдарын дайындау;
- білім алушылардың қажеттілігіне қарай және ата-аналардың келісімімен білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында, жеке консультациялар, қосымша сабақтар («демалыс мектептері», «каникулдық мектептер», «жазғы мектептер» ұйымдастыру) өткізуде пән бойынша күрделі тақырыптарды меңгерту;
- білім алушылардың білім сапасына жүргізілген жүйелі мониторинг жұмысының нәтижесін талдау және әдістемелік бірлестікте талқылау ұсынылады.

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша шектеу шаралары кезіндегі оқу жылдарында жіберілген білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтауды *ауызша сұрақ қою, өзара бақылау, жазбаша жұмыстар, тестілеу* арқылы жүргізу ұсынылады.

«Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша анықталған қателер мен олқылықтарды 4 блокқа топтастыру ұсынылады:

- *қоғамдық қатынастар;*
- *мәдениеттің дамуы;*
- *саяси жүйелер;*
- *экономикалық қатынастар*.

Бұл топтастыру білімдегі олқылықтардың орнын толықтырудың нақты жүйесін құруға мүмкіндік береді, өйткені жоспарлау кезінде мұғалім зерттелетін тақырыптар мен білім алушылардың олқылықтары болған тақырыптар мен оқу мақсаттарын байланыстыра алады.

Мысалы, «Қазақстан тарихы» пәні бойынша өткен оқу жылындағы меңгерілмеген оқу мақсаттарын оқу тапсырмаларында біріктіру ұсынылады:

6-сыныпта:

6.1.2.1 үстемдік етушілер мен бағыныштылардың өзара қатынасын сипаттау оқу мақсаты мен 5.1.2.1. ежелгі қоғамның әлеуметтік ұйымдасуын сипаттау оқу мақсатын;

6.3.2.2 ерте түрік қағанаттарының сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтау оқу мақсатын меңгерту кезінде 5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау оқу мақсатын тапсырмаларда кіріктіру ұсынылады;

7-сыныпта:

7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау оқу мақсатын меңгертуде 6.1.2.1 қазақ хандығындағы әлеуметтік топтардың орнын анықтау оқу мақсатын;

7.2.1.1 салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау оқу мақсатын меңгерту кезінде 6.2.1.1 түркілердің дүниетанымдық ерекшеліктерін түсіндіру оқу мақсатын;

8-сыныпта:

8.2.3.4 Қаныш Сәтбаевтың Қазақстан өнеркәсібі мен ғылымын дамытудағы рөліне баға беру оқу мақсатын меңгертуде 7.2.3.4 Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Қ. Халид еңбектерінің тарихи дерек ретіндегі маңызын айқындау оқу мақсатын;

8.3.1.3 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тарихи маңызын анықтау және тұлғалардың рөліне баға беру оқу мақсатын меңгертуде 7.3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау оқу мақсатын;

9-сыныпта:

9.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау оқу мақсатын меңгертуде 8.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын анықтау оқу мақсатын;

9.2.3.2 білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға беру оқу мақсатын меңгертуде 8.2.3.2 кеңес дәуіріндегі қазақ тілінің ахуалын анықтау оқу мақсатын кіріктіріп тапсырма беру ұсынылады.

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша өткен оқу жылындағы меңгерілмеген келесі оқу мақсаттарын оқу тапсырмаларында біріктіру ұсынылады:

6-сыныпта:

6.2.2.3 антикалық мәдениет пен байланыс орнату арқылы Қайта өрлеу дәуірінің мәдениетін (бейнелеу, мүсін өнері) сипаттау оқу мақсаты мен 5.2.2.3 ежелгі дүние өнеріне сипаттама беру оқу мақсатын;

6.4.2.1 экономикалық қатынастардың формаларын түсіндіру арқылы феодалдық шаруашылықтың ерекшеліктерін сипаттау мен 5.4.2.1 экономикалық ілгерілеуді түсіну үшін шаруашылықтың иемденуші және өндіруші түрлерін салыстыру оқу мақсаты бойынша салыстырмалы талдау тапсырмасын беру ұсынылады;

7-сыныпта:

7.2.4.1 өзгерістер мен сабақтастықты көрсету арқылы, адам мен қоғам өміріндегі ғылыми жаңалықтардың маңызын талдауда 6.2.4.1 адам өміріндегі қоршаған орта туралы білімнің рөлін түсіндіру оқу мақсатын;

7.3.1.4 әртүрлі елдердің бір уақыт кезеңіндегі тарихи оқиғаларын салыстыру арқылы ұлттық мемлекеттердің (Италия, Германия) қалыптасу

маңызын анықтауда 6.3.1.4 феодалдық соғыстар мен орталықтандырылған мемлекеттердің құрылуы арасында байланыс орнату оқу мақсатын тапсырмаларда кіріктіріп беру ұсынылады;

8-сыныпта:

8.4.1.1 XX ғасырдың басындағы техникалық революция жетістіктерінің (конвейер өндірісі, стандарттау) мемлекеттердің шаруашылық жүйесінің дамуына ықпалын бағалауда 7.4.1.1 себеп-салдарды анықтау арқылы Еуропадағы феодалдық құрылыстан капиталистік шаруашылыққа (мануфак тура, фабрика) өту процесін түсіндіру оқу мақсатын;

8.4.2.1 «жоспарлы экономика»,«нарықтық экономика» ұғымдарын қолдана отырып, XX ғасырдың бірінші жартысын дағы капитализм мен социализмнің экономикалық жүйелерін салыстыруда 7.4.2.1 түрлі мемлекеттердің өнеркәсіптік даму сатысына өту процесінің ерекшеліктерін анықтау оқу мақсатын кіріктіру;

9-сыныпта:

9.2.1.1 қоғам өміріндегі дәстүрлі және деструктивті діни ұйымдардың іс-әрекетіне баға беру оқу мақсатын меңгертуде 8.2.1.1 тарихи кезеңдердің ерекшеліктерін салыстыра отырып, мемлекет пен діннің өзара қатынасын сипаттау оқу мақсатын;

9.2.4.3 ғылыми жаңалықтардың (генетика, микробиология, ақпараттық технологиялар, нанотехнологиялар, ядролық физика) қоғам дамуына ықпалын талдауда 8.2.4.3 әскери ғылым мен техниканың және соғыс стратегияларының рөлін бағалау оқу мақсаты;

9.3.2.5 аймақтық шиеленістердің себептері мен салдарын тұжырымдауда 8.3.2.5 XX ғасырдың басына қарай әлемнің аумақтық бөлінуін және мемлекеттердің саяси құрылымын сипаттау оқу мақсаты бойынша тапсырманы кіріктіру ұсынылады.

Сонымен қатар тарихи зерттеулер жүргізу, тарихи оқиғаларды, процестерді, құбылыстарды бағалау дағдыларын қалыптастыру, қазіргі заманғы саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерге бағдарлану үшін білім алушылардың тарихи білім мен дағдыларды пайдалану қабілетіне назар аудару ұсынылады.

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша *қосымша сабақтар, шағын топтармен жұмысты ұйымдастыру кезінде оқу пәндері бойынша күрделі тақырыптарды меңгерту* ұсынылады.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша қайталау және бекітуге арналған тақырыптар:

6-сыныпта 5-сыныптың келесі тақырыптары ұсынылады: «Қазақстан аумағындағы тас дәуірінің тұрақтары»; «Андронов және Беғазы-Дәндібай мәдениеті»; «Сақтар туралы тарихи мәліметтер»; «Үйсіндер туралы жазба деректер»; «Үйсіндер мен қаңлылардың материалдық және рухани мәдениеті»; «Ғұн тайпаларының бірігуі», «Ғұндардың Батысқа қоныс аударуы»;

7-сыныпта 6-сыныптың келесі тақырыптары ұсынылады: «Қазақстан аумағындағы ерте ортағасырлық мемлекеттер»; «Түркі әлемі қалыптасуының басталуы»; «X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы Қазақстан аумағындағы саяси процестер»; «Қыпшақ хандығы»; «Моңғол шапқыншылықтарының салдары»; «Қазақстан аумағында ұлыстардың құрылуы»; «Қазақ хандығының құрылуы», «XVI-XVII ғасырлардағы қазақтардың рухани мәдениеті»;

8-сыныпта 7-сыныптың келесі тақырыптары ұсынылады: «Қазақ хандығының Ресей империясына қосылуының басталауы»; «Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс»; «Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс»; «XIX ғасырдың 40-60 жылдарындағы қазақтардың ортаазиялық хандықтармен қарым-қатынастары»; «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы әкімшілік-аумақтық реформалар»; «Қазақтардың 1860-1870 жылдардағы азаттық күресі»; «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамы»; «XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы Қазақтардың ауызша тарихи дәстүрлерінің дамуы».

9-сыныпта 8-сыныптың келесі тақырыптары ұсынылады: «Қазақстанның XX ғасырдың басындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы»; «Қазақстан азаматтық қарсыластық жылдарында (1917-1920жж.)», «Қазақстандағы ұлттық автономиялар»; «Қазақстандағы 1920-1930 жылдардағы индустрияландыру»; «Қазақстандағы ұжымдастыру», «1920-1930 жылдардағы саяси репрессиялар»; «Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы шайқастарына қатысуы».

Мысалы, «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша:

6-сыныптан 5-сыныптың келесі тақырыптары ұсынылады: «Таяу және Орта Шығыстағы ежелгі империялар неліктен қуатты болды?»; «Ежелгі Орта Азия империялары қаншалықты қуатты болды?»; «Ежелгі дүниенің мәдени мұрасы қандай?».

7-сыныпта 6-сыныптың келесі тақырыптары ұсынылады: «Неліктен VIII-XII ғасырды ислам мәдениетінің «алтын ғасыры» деп атайды?»; «Еуропада орталықтандырылған мемлекеттер қалай құрылды?»; «Шығыстағы Ренессанс әлемдік мәдениетті қалай байытты?».

8-сыныпта 7-сыныптың келесі тақырыптары ұсынылады: «Өнеркәсіп төңкерісі әлемді қалай өзгертті?»; «1848 жылғы революциялар Еуропада қандай саяси идеяларды қалыптастырды?»; «Италия және Германияның бірігу жолдары қаншалықты бір-біріне ұқсас болмады?»; «XIX ғасырдағы өнер мен әдебиет әлеуметтік әділетсіздікті қалай суреттейді?».

9-сыныпта 8-сыныптың келесі тақырыптары ұсынылады: «XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басында өнер қалайша өзгерді?»; «Әлем елдері Ұлы дағдарыстан қалай шықты?»; «XX ғасырдың бірінші жартысындағы мәдениеттің даму ерекшеліктері қандай?».

Білім олқылықтарының орнын толықтыру бойынша жұмысты ұйымдастыру кезінде оқытудың келесі белсенді және интерактивті әдістерін қолдану ұсынылады:

- кластерлер мен графикалық органайзерлер құру:

- пікірталастар жүргізу;

- тарихи оқиғаларды жобалау;

- нақты жағдайды талдау;

- проблемалық оқыту т.б.

Тәрбиелік компонент

Пән мазмұны ата-бабаларымыздың бірегей мәдениетін, Қазақстанның әлемдік тарихтағы орны мен рөлін, оның әлемдік өркениетке қосқан үлесін түсінуге, мүмкіндік береді.

Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар:

- олимпиадалар мен жарыстар, таңдау бойынша бос сабақтар түрінде;

- оқу бағдарламасына сәйкес қосымша арнайы сабақтар түрінде;

- пәнаралық және кіріктірілген сабақтарда және т. б.

Сыныптан тыс жұмыс оқушылардың дербестігін дамытуға ықпал етеді, зерттеу қызметінің дағдыларын қалыптастырады, пәнді оқуға қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар білім алушылардың іздеу қабілеті дамиды, олардың теориялық білімдері толықтырылып, тереңдетіледі.

«Құқық негіздері» оқу пәні

Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасуының басты алғышарттарының бірі – азаматтардың құқықтық білімін жетілдіріп, құқықтық сауаттылық пен мәдениениетін қалыптастыру. Сондықтан жалпы білім беретін мектептерде «Құқық негіздері» пәнін оқыту оқушылардың қоғамда әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті негізгі құқықтық білімдері мен дағдыларын меңгеруді қамтамасыз етуге бағытталған.

«Құқық негіздері» оқу пәнінің мақсаты - құқық жөнінде негізгі білімдерді игеру арқылы құқықтық тұрғыдан сауатты азаматты тәрбиелеу және олардың бойында заңды құрметтеу дәстүрі мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру, өз азаматтық құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға қажетті білім мен дағдыларды қалыптастырып дамыту.

Пәнді оқыту оқушыларда азаматтық құқықтарын жүзеге асыруға, міндеттемелерін орындауға қажетті білім мен дағдыларды, саяси-құқықтық сананы қалыптастырады.

«Құқық негіздері» оқу пәнінің базалық білім мазмұны: Құқық және мемлекет, Конституциялық құқық, Азаматтық құқық, Еңбек құқығы, Отбасы құқығы, Әкімшілік құқық, Қылмыстық құқық бөлімдерін қамтиды.

«Құқық негіздері» оқу пәні бойынша оқу жүктемесі: 9-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Ұзақ мерзімді жоспардағы тақырыптар проблемалық сұрақтар түрінде құрастырылған. Оның басты себебі – кез келген тақырып оқушыларды бірден ойландырады және оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға, проблемалық сұрақ қоюға, өздігінен талдау жасау дағдыларын дамытуға жәрдемдеседі.

«Құқық негіздері» пәнін оқытуда келесі педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдану ұсынылады:

✓ «Кейс стади», оқушылардың проблемаларды анықтауда өз ойларын, пікірлерін айту, дәлелдеу, гипотеза ұсыну, зерттеуді одан әрі жоспарлау

қабілеттерін дамытатын ынталандырушы–проблемалық, ситуациялық жағдай туғызу;

✓ белгілі бір тақырып бойынша «миға шабуыл», «фишбоун», «автор орындығы», т.б. әдістерін ұйымдастыру (проблемаларды табу, әр оқушының идеясын ұсыну, бүкіл сыныппен талқылау, оны талдау және шешімнің дұрыс нұсқасын қабылдау);

✓ сабақта оқушылардың белсенділігін қажет ететін құқықтық проблемаларды талқылау;

✓ оқушылардың пікірталас өткізу және құқықтық мәселелерді талқылауына игі ықпал ету үшін компьютерлік қарым-қатынас құралдарын (мысалы, онлайн-форумдар, конференциялар) пайдалану.

Оқушылардың құқықтық мәселелер мен жағдайаттарға талдау жүргізу үшін сабақта құқықтық-нормативтік актілермен, заң түсіндірмелерімен және т.б. құқықтық деректермен жұмысты көптеп ұйымдастыру ұсынылады.

Оқу пәнінен әр тоқсан сайын бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) өткізу қарастырылған (61-кесте).

61-кесте. «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
9-сынып	1	1	1	1

Сонымен, «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша 9-сыныпта бөлім үшін ғана жиынтық бағалау жүргізіледі және олардың қорытындысы бойынша жарты жылдық баға қойылады, ал тоқсан бойынша жиынтық бағалау жүргізілмейді.

«Өзін-өзі тану» оқу пәні

«Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқу үдерісінің басты міндеті: тұлғаның құндылықтар жүйесін, қоғамға қызмет етуге бағытталған мәселелерді шығармашылықпен шешудің іс жүзіндегі дағдыларын анықтау; оқушылардың әлеуметтік мәнді бағдарларын, яғни адамның өзіне, қоршаған әлемге, жалпы адамзатқа қатысына себепші болатын адамгершілік тәртіп негіздерін қалыптастыру; жас ерекшеліктеріне қарай, жеке тұлға ретінде, іс-әрекет субъектісі ретінде дамыта отырып, әрбір адамның табиғатына салынған жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығару.

5-9-сыныптардағы «Өзін-өзі тану» базалық мазмұны төрт тарауды қамтиды: «Таным қуанышы»; «Адам болам десеңіз ...»; «Адам және әлем»; «Адамзаттың рухани тәжірибесі».

6-сыныпта II «Адам бол» бөлімнің 9-10 тақырыбы «Басқа адамды сезін» деген атаумен берілген.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 5-9-сыныптарда аптасына – 1 сағат, жылына – 34 сағатты құрайды.

Оқушылардың білімін бағалау. Рухани-адамгершілік білім берудің ерекшеліктеріне сәйкес сандық емес, сапалық баға маңызды, сондықтан әрбір жартыжылдықтың қорытындысы бойынша «сынақ» қойылады. Егер оқушы негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Өзін-өзі тану» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында көрсетілген дайындық деңгейіне қойылатын барлық талаптарды орындап, жоба күнделігін әзірлесе, оқушыға «сынақ» қойылады.

«ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕР» БІЛІМ САЛАСЫ

«Технология және өнер» білім саласы бойынша келесі пәндер оқытылады: «Музыка» – 5-6-сыныптар, «Көркем еңбек» – 5-9-сыныптар.

«Музыка» оқу пәні

5-6-сыныптарға арналған «Музыка» пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы оқу мақсаттарының жүйесі арқылы ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

6-сыныпқа арналған «Музыка» пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасына 2021-2022 оқу жылында өзгерістер енгізіледі. Білім алушылардың ұлттық аспапта ойнауды үйренуге деген ынтасын ескере отырып, қазақ тілінде оқытатын мектептерде 6-сыныпта «Музыка» оқу пәнінің шеңберінде «Домбыра» курсы кезең-кезеңімен енгізіледі. Домбыра бүкіл әлемге танылып, қазақ халқының игілігіне айналды. Курста білім алушылар домбырада ойнауды үйреніп қана қоймай, халық композиторларының шығармашылығымен, Қазақ музыкасының тарихымен, Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Дина Нұрпейісованың салған дәстүрлерімен танысады. Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша оқытуды бастау, содан кейін домбырада ойнауды үйретуге көшу (бұйрық шыққаннан кейін) үлгілік оқу жоспарларының вариативтік компонентінің сағаттары есебінен барлық кейінгі сыныптарда «Домбыра» курсын өткізу ұсынылады. Бұл курсты өткізу мүмкіндігі болмаған жағдайда, басқа музыкалық аспапта ойнауды үйретуге болады. 7-сыныптан бастап «Домбыра» таңдау курсын Үлгілі оқу бағдарламасының вариативтік компонентінің сағаттары есебінен өткізу ұсынылады.

Пәнді оқытудың мақсаты – қазақтың дәстүрлі музыкасы, әлем халықтары шығармашылығы, әлемдік классика және заманауи музыканың үздік үлгілері негізінде білім алушылардың музыкалық мәдениеттілігін қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту

Пәнді оқытудың міндеттері: өзге өнер түрлері мен оқу пәніне музыка өнерін кіріктіре отырып әлем тұтастығының бейнесі жөнінде түсінігін қалыптастыру; музыка өнерінің жалпы адамзаттық қажеттілікті құбылыс ретінде, оның адам өміріндегі рөлі мен маңыздылығы туралы түсінігін қалыптастыру; сын тұрғысынан ойлауы мен музыкаға жағымды қарым-қатынасын, музыкалық іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру; музыкалық шығармалар мен тапсырмаларды талдау, зерттеу және орындаушылық пен импровизациялау, презентациялау оқу пәндік-тақырыптық білім, білік, дағды аясында дамыту; музыкалық қабілеттілігін, белсенді шығармашылығын,

орындаушылығы мен зерттеушілік дағдысын дамыту; музыка өнері негізінде коммуникация формалары жөнінде білімін қалыптастыру; музыкалық-шығармашылық жұмыстарға идеялар қосу негізінде өзін-өзі бағалау, өзін-өзі тану және өзін-өзі дамытуын қалыптастыру (шығармалар жазу, импровизация және өңдеу); ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын қолдану барысында музыкалық-орындаушылық және техникалық білімі мен біліктілігін қалыптастыру, дамыту.

«Музыка» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

5-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;

6-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

«Музыка» пәнінің оқу бағдарламасының мазмұны бөлімдер бойынша ұйымдастырылған. Бөлімдер пән бойынша оқыту мақсаттары және оған қол жеткізу реттілігін сыныптар бойынша мазмұндайтын бөлімшелерге бөлінген.

Оқу пәнінің мазмұны 3 бөлімнен тұрады:

1. «Музыка тыңдау, орындау және талдау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды: «Музыка тыңдау және талдау»; «Музыкалық сауаттылық»; «Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет».

2. «Музыкалық-шығармашылық жұмыстар жасау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды: «Идеялар және материалдарды жинақтау»; «Музыка шығару және импровизация».

3. «Музыкалық-шығармашылық жұмысты таныстыру және бағалау» бөлімі келесі бөлімшені қамтиды: «Музыкалық-шығармашылық жұмысты таныстыру және бағалау».

«Музыка» пәнінің 5-сыныпқа арналған базалық мазмұны: «Қазақ халқының музыкалық мұрасы»; «Қазақтың дәстүрлі тұрмыс-салт әндері және заманауи музыка»; «Әлем халықтарының музыкалық дәстүрі»; «Музыка тілі – достық тілі»; «Өлкетану: Туған өлке симфониясы» бөлімдерін қамтиды.

«Музыка» пәнінің 6-сыныпқа арналған базалық мазмұны: «Классикалық музыканың үздік туындылары»; «Заманауи музыка мәдениеті»; «Музыка және өнер түрлері»; «Музыка – өмір тынысы»; «Өлкетану: Туған жердің таланттары» бөлімдерін қамтиды.

Әрбір бөлімшелерде көрсетілген оқу мақсаттары, мұғалімге үш түрлі іс-әрекет арқылы (білім алушылардың музыкалық сауаттылықты зерделеу, музыкалық-орындаушылық және музыкалық-шығармашылық іс-әрекеті) жұмысты жүйелі жоспарлауға, олардың жетістіктерін бағалауға және оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді.

Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелері қалыптастырылған. Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары білім алушыны өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде нақты оқу пәнінің қосатын үлесін айқындайды.

«Музыка» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. «Музыка» пәні бойынша жартыжылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі жазылады.

«Музыка» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау барысында 2021-2022 оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады.

«Көркем еңбек» оқу пәні

«Көркем еңбек» оқу пәнінің 5-9-сыныптарға арналған оқу бағдарламасының мазмұны оқыту мақсаттары жүйесінің шығармашылық әрекет үдерісі барысында тәжірибелік және негізгі білім қалыптастыруға бағытталған үш бөлім бойынша ұйымдастырылған:

1) «Шығармашылық идеяларды дамыту және зерттеу» бөлімі;

2) «Шығармашылық жұмыстарды жасау және дайындау» бөлімі;

3) «Таныстырылым, талдау және шығармашылық жұмыстарды бағалау» бөлімі.

Оқу бағдарламасының мақсаты – өнер және еңбек технологиясы саласында функционалды сауаттылықты қалыптастыру, шындыққа шығармашылықпен қарайтын тұлға дамыту.

5, 6, 7, 8, 9-сыныптарға арналған «Көркем еңбек» пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының оқу мақсаттары жүйесі арқылы ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

«Көркем еңбек» оқу пәнінің бағдарламасы: қоршаған ортада өнер, дизайн мен технология туралы түсінік пен білімді дамытуға; Қазақстан және әлем халықтарының көркем-мәдениет мұрасын оқып үйренуге; өнер мен дизайнның көркем тәсілдері арқылы шығармашылық идеяларды, технологиялық дағдыларды дамытуға; зерттеу, жасау, талдау, нысандарды көркем түрлендіру үдерісінде білім алушылардың шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға; оқу қызметінің барлық түрлерінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану арқылы тәжірибе алуға (зерттеу, идеялардың шығармашылықпен іске асыру, жұмыстардың таныстырылымы); жұмыс нәтижесі үшін түрлі ақпарат көздері мен ресурстарының маңыздылығын түсіне отырып, зерттеу мен пайдалануға; эстетикалық, еңбекке баулу, экономикалық, экологиялық, патриоттық тәрбиелеу мен рухани-өнегелік құндылықтарын қалыптастыруға; уақыт, материалдың қасиеті мен басқа да факторлардың әсерін анықтап және оны ескере отырып қызметін өз бетінше жоспарлай алуға; оқу мақсаттарына жетуде бірігіп жұмыс істеуді ұйымдастыру (жеке, жұптық және топтық жұмыс) бойынша тәжірибе жинауға бағытталған.

Жалпы негізгі білім беру жүйесіндегі «Көркем еңбек» пәнінің ерекшелігі әртүрлі өнер түрлерін зерделеу, идеяларын өнер тәсілдері арқылы көрсету, әмбебап (тұрмыстық) және арнайы (пәндік) білімдер мен икемділікті, материалдар мен нысандарды түрлендіру және көркем өңдеу дағдыларын, үй шаруашылығын жүргізу, технологиялар мен техниканы қолдану машықтарын иелену болып табылады.

«Көркем еңбек» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

5-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағат;

6-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағат;

7-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағат;

8-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағат;

9-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Оқу бағдарламасының мазмұны материалдарды 5 ортақ білім беру бағыттары арқылы оқып-үйренуді қарастырады: «Визуалды өнер»; «Сәндік-қолданбалы шығармашылық»; «Дизайн және технология»; «Үй мәдениеті»; «Тамақтану мәдениеті».

«Визуалды өнер» мен «Сәндік-қолданбалы шығармашылық» бөлімдерінің тақырыптары ер балалар мен қыз балалар үшін бірдей.

«Визуалды өнер» бөлімінің мазмұны төмендегі бөлімшелерді: классикалық және заманауи өнер; қазақстандық суретшілердің шығармашылығы; бейнелеу өнерінің жанрлары мен түрлері; сандық өнер (фотосурет, анимация, медиа құралдар); бейнелеу (визуалды) өнерінің көркем тәсілдері; көркемдік материалдар және техникалармен эксперименттеу бөлімдерін қамтиды.

«Сәндік-қолданбалы шығармашылық» бөлімінің мазмұны төмендегі бөлімшелерді: сәндік-қолданбалы өнер ерекшеліктері мен негізгі пішіндері, Қазақстанның және басқа елдердің сәндік-қолданбалы өнері; сәндік-қолданбалы өнер материалдары, технологиялары мен құралдары; ұлттық ою-өрнек; ішкі көріністі сәнді безендіру қарастырады.

«Дизайн және технология» (ер балалар) бөлімінің мазмұны төмендегі бөлімшелерді: негізгі конструкциялық, табиғи, жасанды және дәстүрлі емес материалдарды; материалдарды өңдеу құралдары мен жабдықтарын; материалдарды әртүрлі тәсілдермен өңдеуді; әртүрлі материалдардан бұйым дизайнын; ұлттық тұрмыстық заттарды дайындау технологиясын; қазақстандық және әлемдік сәулет ескерткіштерін; макеттеуді; ішкі көрініс дизайнын; робототехника, көлік құралдарын модельдеуді қамтиды.

«Дизайн және технология» (қыз балалар) бөлімінің мазмұны төмендегі бөлімшелерді: негізгі тоқыма, табиғи, жасанды және дәстүрлі емес материалдарды; тоқыма материалдарын өңдеу құралдары мен жабдықтарын; тоқыма материалдарын әртүрлі тәсілдермен өңдеуді; тоқыма материалдарынан бұйым дизайнын; сән индустриясын, стиль және образ, ұлттық киім элементтерін дайындау технологиясын қамтиды.

«Үй мәдениеті» бөлімінің мазмұны (ер балалар) төмендегі бөлімшелерді: тұрғын үйдің экологиясын; өсімдік шаруашылығы, сәндік өсімдіктер шаруашылығы, ландшафтты дизайн негіздерін; электр қуатының көздері туралы жалпы мәліметтерді, тұрмыстық техника және электр құралдарын қолдану мен жөндеуді; тұрмыстық жөндеу жұмыстарын, ішкі көініст ұйымдастыру мен жоспарлауды қамтиды.

«Үй мәдениеті» бөлімінің мазмұны (қыз балалар) төмендегі бөлімшелерді: жеке гигиенаны, тұрғын үй экологиясын; өсімдік шаруашылығы, сәндік өсімдіктер шаруашылығы, ландшафтты дизайн негіздерін; киім күтімі мен ұзақ мерзімді сақтауды қамтиды.

«Тамақтану мәдениеті» бөлімінің мазмұны төмендегі бөлімшелерді: дұрыс тамақтану негізін; дастарқан басында өзін-өзі дұрыс ұстау ережелерін, дастарқанды жабдықтауды; тағам әзірлеу технологиясын; әлем халықтарының тағамдарын қамтиды.

Жалпы негізгі білім беру жүйесіндегі «Көркем еңбек» пәнінің ерекшелігі әртүрлі өнер түрлерін зерделеу, идеяларын өнер тәсілдері арқылы көрсету, әмбебап (тұрмыстық), арнайы (пәндік) білімдер мен икемділікті, материалдар мен нысандарды түрлендіру және көркем өңдеу дағдыларын, үй шаруашылығын жүргізу, технологиялар мен техниканы қолдану машықтарын иелену болып табылады.

Ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарларда ұсынылатын әрекет түрлері, «Өнер» білім саласы бойынша тақырыптар бейнелеу өнері мен көркем еңбек компоненттерінің мәнмәтінінде оқылатындай етіп құрылған.

Оқу жоспарының мазмұнына сызу және компьютерлік графика мен АКТ, сызулар құру үшін технологиялық құжаттарды орындау дағдыларын дамытумен байланысты оқу мақсаттарына жетуге бағытталған әрекет түрлері қосылған.

«Көркем еңбек» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді, жартыжылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі жазылады.

«Көркем еңбек» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру мен жоспарлау барысында 2021-2022 оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады.

«Көркем еңбек» пәнінің оқу бағдарламасы 6-сыныптан бастап, негізгі орта мектеп деңгейінде «Сәндік-қолданбалы өнер», «Дизайн және технология» бөлімдерінде бұйымның эскиздерін таныстыру және әзірлеу, материалдар мен құралдарды таңдау, оларды дайындау үшін қол электр құралдарымен және жабдықтарымен қатар компьютерлік модельдеу мүмкіндіктері қолданылады.

Тәжірибелік жұмыстар, құрастырмалы бөлшектерден роботтарды әзірлеу, роботтардың пайда болу тарихы мен түрлері (өз бетінше зерттеу), робот жасау үшін эскизді әзірлеу, робот жасау үшін материалдарды дайындау, робот жасау, роботтың жылжымалы бөліктерін жасау бойынша эксперимент, көлік құралдарының түрлері туралы жалпы мәліметтер (өз бетінше зерттеу), көлік құралының моделін әзірлеу, эскиз, материалдарды іріктеу, көлік құралының моделін жасау, модельдің жекелеген бөліктерін жасау, модельді құрастыру және өңдеу, жұмыстарды таныстыру.

«Көркем еңбек» пәнінің оқу бағдарламасын бейнелеу өнері және технология пәндері бойынша дипломдарына қосымшасы бар *бейнелеу өнері, еңбекке баулу және технология пәндерінің мұғалімі сабақ бере алатындай құрастырылған.* «Көркем еңбек» пәнін оқыту үшін арнайы диплом қажет емес екенін осы оқылатын пәндер тізімі куәландырады.

Бұл пәнді оқытуға аптасына 2 сағат бөлінгенін ескере отырып, осы пәнді жүргізетін педагогтердің сағаттарының жоғалуы туралы алаңдау негізсіз.

«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» БІЛІМ САЛАСЫ

5-9-сыныптарға арналған «Дене шынықтыру» пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының басты мақсаты – ағзаның бүкіл жүйелерін дамыту, оқушылардың дене дамуы қасиеттерін және олармен байланысты қабілеттерін жетілдіру.

Дене шынықтыру пәнінің жеке тұлғаны тәрбиелеуде алатын орны ерекше. Ол оқушының дене дамуына, әлеуметтік, дербес және рухани қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Мектептегі білім беру контексінде дене шынықтыру білім алушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттайды.

Оқу бағдарламасы білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, дене және психикалық денсаулығын нығайтуға уәждемесін (мотивация) арттыруға, білім алушылардың арнайы спорттық (спорттық-спецификалық) қимыл дағдыларын меңгеруіне, дене қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Оқу бағдарламасында дене шынықтыру мен спортты дамыту тарихы бойынша білімді қалыптастыру; негізгі дене дамуы қасиеттерін жетілдіру, арнайы спорттық біліктер мен дағдыларды дамыту; коммуникативтік дағдыларды дамыту, атап айтқанда, әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты пайдалану, оны тиісті нысанда нақты ұсыну қабілеті; ойлау және зерттеу дағдыларын дамыту; адамгершілік-жігер, моральдық-ерік қасиеттерін қалыптастыру қарастырылған.

Оқу бағдарламасы оқу жылы ішінде бағдарлама бөлімдерін оқытудың бірізділігін анықтайтын ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылады. Сағаттарды бөлу, сондай-ақ тақырыптарды оқу реті мұғалімнің қалауы бойынша өзгеруі мүмкін.

«Дене шынықтыру» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 102 сағат;
2) 6-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 102 сағат;
3) 7-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 102 сағат;
4) 8-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 102 сағат;
5) 9-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

Бұл бағдарламада мектепте дененің шынығуы мен адамгершілікке тәрбиелеудің кешенді жүйесін құрайтын дене шынықтырудың барлық негізгі нысандарының мазмұны қамтылған және бұл міндеттерді барлық оқу жылында біртіндеп шешуге мүмкіндік береді. Бағдарламаның үшінші сағаты оқушылардың белсенділігін арттыруға (спорт және қозғалмалы ойындар санын кеңейту арқылы) және сауықтыру процесіне бағытталған.

«Дене шынықтыру» пәнінің оқу бағдарламасының мазмұны оқытудың бөлімдері арқылы ұйымдастырылады. Бөлімдер сыныптар бойынша күтілетін нәтиже түрінде берілген оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

Оқу пәнінің мазмұны 3 бөлімнен тұрады:

1. «Қозғалыс қызметі» бөлімі: әртүрлі спорттық-ерекше қимыл әрекеттерін орындау кезінде дәлдікті, бақылауды және маневрлікті дамыту; дене жаттығуларының әр түрлерінде қозғалыс комбинацияларын, олардың реттілігін жасау және қолдану; спорттық-ерекше техникаларды орындау кезінде қозғалыс дағдылары мен реттілігін біріктіру; қозғалыс іс-әрекеттерін орындауды жақсарту үшін басқалардың өз біліктері мен іскерліктерін бағалау; бірқатар дене жаттығуларында тактиканы, стратегияны, құрылымдық идеяларды қолдану және бағалау; қозғалыс белсенділігімен байланысты қиындықтарды еңсеру және тәуекелдерге ден қою дағдыларын дамыту.

2. «Қозғалыс дағдылары арқылы шығармашылық қабілеттерді дамыту мен сыни ойлау» бөлімі: өзгермелі жағдайларға жауап беру үшін қозғалысқа

байланысты алған білімдерін бейімдеу; көшбасшылық дағдылар мен командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту және қолдану; қолайлы оқу ортасын құру бойынша бірлескен және тиімді жұмыс дағдыларын көрсету; дене жаттығулары шеңберінде қызметті оңтайландыру және баламаларды әзірлеу үшін ережелер мен құрылымдық тәсілдерді бағалау; жеке шығармашылық қабілеттері мен басқалардың қабілеттерін сыни бағалау, балама шешімдер; жарыс қызметі ережелері мен төрешілік ережелерін білу; жарыс кезінде адал ойын, олардың айырмашылықтары.

3. «Денсаулық және салауатты өмір салты» бөлімі: жеке денсаулық және салауатты өмір салты туралы білімді қалыптастыру; қызмет түрлері үшін лайықты жаттығулар мен қалпына келтіру техникаларын әзірлеу, өткізу; әртүрлі дене жүктемесінің жаттығуларын, олардың әсерін және организмнің энергетикалық жүйесімен байланысын зерделеу, практикада сынау; денсаулықты нығайтуға бағытталған бірқатар дене жүктемелерінде тәуекелдерді басқару стратегияларын әзірлеу және қолдану; басқа адамдардың дене жаттығуларының тәжірибесін байыту үшін білім мен дағдыларды қолдану.

Әр бөлімшеде көрсетілген оқу мақсаттары мұғалімге оқушыларды дамыту бойынша жұмысты жүйелі жоспарлауға, сонымен қатар олардың жетістіктерін бағалауға, оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді.

Назар аударыңыз!

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады.

«Дене шынықтыру» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. «Дене шынықтыру» пәні бойынша тоқсан, жартыжылдық және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі жазылады.

«Дене шынықтыру» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау барысында 2021-2022 оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады.

«Дене шынықтыру» пәні сабақтарын ұйымдастыру мен өткізу мәселелері бойынша мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында әзірленген әдістемелік ұсынымдар Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА сайтына орналастырылған (nao.kz).

Жалпы білім беретін мектептердің 5-9-сыныптарында инклюзивті білім беру ортасын құру

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында ерекше білім беруді қажет ететін адамдар үшін білім беруге қолжетімділік қағидаты жарияланған. Ол жалпыадамзаттық құндылық басымдығына негізделген, сондықтан инклюзивті білім беру балаларды кемсітуді болдырмайтын, барлығына бірдей қатынасты қамтамасыз ететін және ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қажетті жағдай жасайтын идеологияны білдіреді.

Білім беру жіктелімінің халықаралық стандартында ЭЫДҰ-ға мүше елдерден алынған анықтама берілген: «Адамдардың ерекше білім берілуіне қажеттіліктері білім алуы үшін қосымша қоғамдық және/немесе жеке ресурстарды беру қажеттілігімен анықталады». Ерекше білім берілуіне қажеттіліктер анықтамасына аталмыш ресурстық көзқарас оқыту кезінде туындайтын қиындықтардың әртүрлі спектрі бар білім алушыларды біріктіреді. ЭЫДҰ ұсынымдарына сәйкес көптеген мемлекеттерде білім берудегі сәтсіздіктің объективті себептеріне сүйене отырып, ерекше қажеттіліктеріне байланысты балалардың үш тобынан құрылған категориялық жүйе пайдаланылады:

1-топ. Психикалық және дене дамуында түрлі бұзушылықтары бар балалар: көру, есту, сөйлеу, зерде, тірек-қозғалыс аппараты бұзушылықтары бар, психикалық дамуы тежелген және эмоционалды-ерік-жігер аясы зақымдалған балалар.

2-топ. Оқытудағы ерекше қиындықтары, мінез-құлық және эмоциялық проблемалары бар балалар. Зердесі қалыпты балалардың ерекше қиындықтары жеке оқу дағдыларын меңгеруде байқалады: оқу, жазу және санау (дисграфия, дислексия, дискалькулия т.б.). Бұл қиындықтар уақытша сипатқа ие және оны балаларға мамандардың көмегі негізінде еңсеруге болады. Мінез-құлық және эмоционалдық проблемалар қолайсыз психологиялық факторлардан (отбасында тәрбиенің дұрыс берілмеуі, ата-ана мен баланың және отбасыішілік қатынастың бұзылуы), сонымен қатар дамуындағы ерекше проблемалардың болуынан (гипербелсенділік және толыққанды көңіл бөлмеуден, аутистикалық бұзылыстар спектрі және т.б., құрдастарымен және мұғалімдерімен қарым-қатынас жасаудағы әртүрлі қиындықтардан (енжарлық, тұйықтық немесе жанжалдық, тіл алмаушылық, агрессивтілік) пайда болуы мүмкін.

3-топ. Әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, тілдік, мәдени себептерге байланысты ерекше білім беруді қажет ететін балалар. Бұл топқа микроәлеуметтік және педагогикалық қараусыз қалған нашар отбасылардан немесе бала тәрибесіне көңіл аудармайтын отбасылардан, әлеуметтік қатерлі топтағы отбасылардан (ішімдікке, нашақорлыққа жақын ата-аналар) шыққан балалар, сонымен бірге жергілікті әлеуметке бейімделуде қиындықтары бар (босқындар, мигранттар, оралмандар) немесе оқу тілін түсінбейтін және бұл тілде сөйлемейтін балалар жатады.

ЕБҚ бар балаларды мұндай топтарға бөлу мектепте білім алуында қиыншылықтары бар кез келген білім алушының назардан тыс қалуына жол бермейді.

ҚР педагогтерінің Заңында ерекше білім беруді қажет ететін білім алушы психикалық және дене дамуында бұзушылықтары бар (мүмкіндігі шектеулі) бала ғана емес, сонымен қатар оқытуда қиыншылықтарға тап болған кез келген бала екенін түсінулері маңызды.

Психикалық және дене даму бұзушылықтары жоқ, екінші және үшінші топтағы білім алушылар көбінесе психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңеске жүгінбейді және ол арқылы анықталмайды.

Сол себепті жалпы білім беретін мектеп білім алушылардың бұл топтарын да өз назарынан қалдырмай, оны уақытында анықтап, оларға көмек көрсетуі тиіс.

Бұл үшін мектепке психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі (бұдан әрі – ППҚҚ) үнемі жұмыс жасауы қажет, оның міндеттеріне мамандардың балалармен дамытушылық жұмысы ғана емес, сонымен қатар білім алушылармен жұмыс істеудің ортақ тәсілдерін, бірыңғай стратегиясын әзірлеу бойынша педагогтер, мамандар және ата-аналардың тұрақты ынтымақтастығы кіреді.

ППҚҚ-ның жұмысын дұрыс ұйымдастыру ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың білім беру процесін ұйымдастыруда ғана емес, сондай-ақ мектептегі білім беру процесінің сапасын арттыруда да маңызды рөл атқарады. Сәйкесінше аталған қызметтің үйлесімді командалық жұмысының негізінде мектеп білім алушылардың барлық үш тобын назарда ұстап, оларды уақытылы анықтап, көмек көрсетуі керек.

Жалпы білім беретін мектептің инклюзивті ортасында ППҚҚ-ны ұйымдастыру, білім алушыларды оқыту және бағалау мәселелері бойынша әдістемелік құралдар әзірленген (www.nao.kz).

Сонымен қатар ерекше білім беруді қажет ететін, оның ішінде зерде бұзушылықтары бар балаларды оқытуды ұйымдастыру мәселелері бойынша әдістемелік ұсынымдарды ҚР БҒМ-нің арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығының сайтынан табуға болады (https://special-edu.kz/).

Инклюзивті саясат пен тәжірибе қағидаттарына жауап беретін білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі білім беру мазмұнының ажырамас бөлігі.

Бағалау оқу процесінің сапасын арттыру мақсатында білім алушылармен оқытудың неғұрлым тиімді әдістерін таңдау үшін қажетті кері байланысты қамтамасыз етеді. Инклюзивті ортада бағалау объективтілік, ақпараттық, кері байланысты қамтамасыз ету секілді өлшемдерге сәйкес келуі керек.

Әрбір білім алушының дайындық деңгейін, білім алудағы жеке прогресін анықтау білім алушының оқуға мотивациясының артуына ғана емес, сонымен қатар мектептегі білім беру процесі сапасының артуына септігін тигізеді.

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес:

- ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды бағалау кезінде мұғалім сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды қолданады, сондай-ақ білім алушының ерекшеліктерін есепке ала отырып, оның ішінде жеке оқу бағдарламаларын іске асыру кезінде бағалау критерийлеріне өзгерістер енгізеді;

- ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға және жеке оқу бағдарламасы бойынша оқитын білім алушыларға қорытынды аттестаттау өткізу қажеттілігі туралы мәселені білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес педагогикалық кеңес шешеді;

- қорытынды аттестаттаудан өтетін ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін мектептің ұсынымдарына сәйкес білім алушыларды қорытынды аттестаттау жөніндегі емтихан комиссиясының шешімімен емтихан тапсыру кезінде қосымша уақыт беріледі;

- ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін үзіліске арналған ұзақтау уақыт ұсынылады;

Бағалау жүйесі ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытудағы жетістіктерді объективті көрсетіп қана қоймай, білім беру процесінде осындай білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың келесі қадамдарын жоспарлау үшін негіз болуы тиіс.

Инклюзивті ортада ерекше білім беруді қажет ететін балалардың оқу жетістіктерін бағалаған кезде білім алушылардың психикасына мұқият болған жөн, олардың көңілдеріне қаяу түсіретін жағдайларды болдырмау керек, психологиялық дамуының ерекшеліктерін ескеру қажет.

Мектепте инклюзивті білім беруді құру оқу процесінде әр баланың жеке ерекшеліктерін анықтау негізінде қамтамасыз етіледі. Мұндай оқытудың мақсаты – бір сынып ұжымында «орташалау» білім алушыға емес, жеке танымдық қабілеттерін, қажеттіліктері мен мүдделерін ескере отырып, әрбір білім алушымен жеке жұмыс істеуге мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық жағдайлар жүйесін құру.

Мұндайда қазіргі мектепте білім алушы тұлғасының ақпаратты жинау, өңдеу, талдау, ұйымдастыруда өзіндік жұмысқа дайындығы, ойлай білуі, дәлелдей білуі, шешім шығарып, оны орындауға жеткізе білуі секілді біліктері бірінші орынға шығады.

Инклюзивті ортада ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар өзін-өзі бағалауды және өз қабілеттеріне деген сенімділікті дамытады, олар саналы түрде дайындық бағытын таңдай алады, бұл болашақта оларды қызықтыратын мамандықтарға жұмысқа орналасуына көмектеседі.

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға кәсіптік бағдар беру олардың денсаулық жағдайларын, психофизиологиялық мүмкіндіктерін, психологиялық ерекшеліктерін, қабілеттерін, қызығушылықтары мен бейімділіктерін ескере отырып, кәсіптік білім беруге қабілеттерін анықтау, кәсіптік бағдар беруде қолғабыс ету мақсаттарында жүргізілуі тиіс. Балалардың бұл тобын табысты кәсібилендіру үшін оларда өздеріне, өз мүмкіндіктеріне оң қатынасын, өздерінің психофизиологиялық ерекшеліктерін максималды түрде адекватты бағалау қажеттілігін түсінуін дамыту маңызды.

Осыған байланысты ерекше білім беруді қажет ететін балаларға кәсіптік бағдар беруді кешенді түрде іске асыру қажет. Бұл жағдайда процеске ата-аналарды, түрлі мамандарды қосу қажет. Мамандықты таңдаушы тұлғаның типологиялық ерекшеліктерін анықтау үшін әдістемелік нұсқаулықты жасөспірімнің мүмкіндіктеріне бейімдеу қажет және кәсіби жоспарды кәсіптік бағдар берудің барлық кезеңінде ерекше білім беруді қажет ететін жасөспірімдердің мүмкіндіктеріне сәйкес түзету керек.

Еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға кәсіптік бағдарлау жұмыстарын ұйымдастыру мәселелері

бойынша Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА әзірлеген «ЕБҚ бар балалардың мамандық таңдауында отбасы, мектеп және жұмыспен қамту мекемелерінің арасындағы өзара іс-әрекеті бойынша әдістемелік ұсынымдар» құралына (www.nao.kz), «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың кәсіптік бағдарлануын анықтау және диагностика жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға» (ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №150 бұйрығына қосымша) https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34241215#pos=4;-116, «Мүгедектігі бар адамдар үшін ұсынылатын кәсіптер атласына» (ҚР ЕХӘҚМ) https://www.enbek.kz/ru/atlases-professions жүгінуіңізді сұраймыз.

Ерекше білім беруді қажет ететін тұлғаларды оқытуды ұйымдастыруда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану қабылдаудың қауіпсіз түрлері негізінде білім алушылардың компенсаторлық механизмдерін белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін компьютерлік оқыту құралдарының мультимедиалық мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге негізделген. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған қашықтан білім беру – өзінің қабілеттерін іске асырудың, басқа құрдастарымен тең дәрежеде табысты болуының мүмкіндігі.

Қашықтан білім берудің басты қағидаты – білім алушының оқу материалымен өз бетінше жұмыс істеуіне бағытталуы. Осы мақсатта ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін осы дағдыны қалыптастырудың дәйектілігі қарастырылуы тиіс. Мұндайда ата-аналарға маңызды міндет жүктеледі. Осы мақсатта ата-аналармен өзара әрекеттесу алгоритмі және олардың нақты функционалдық міндеттері анықталуы керек.

Елде қабылданған карантиндік шаралар жағдайында қашықтан оқыту режимінде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылармен жұмыс істеу бойынша егжей-тегжейлі ұсынымдарды Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА әзірлеген әдістемелік ұсынымдарды академия сайтында «Қашықтан оқыту» айдарынан табуға болады (https://nao.kz/blogs/fromorg/2/94)

3.4 Жалпы орта білім беру деңгейі

Жалпы орта білім берудің мақсаты: кең ауқымды дағдыларды дамыту негізінде білім алушылардың жоғары оқу орындарында білімін жалғастыруы және кәсіби өзін-өзі анықтауы үшін академиялық дайындығын қамтамасыз етуге қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады:

1) білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдану;
2) сын тұрғысынан ойлау;
3) ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;
4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану;
5) коммуникацияның түрлі тәсілдерін қолдану;
6) топта және жеке жұмыс жасау білігі;
7) мәселелерді шешуі және шешім қабылдау.

Жалпы орта білім берудің негізгі міндеттері:

1) міндетті оқу пәндері мен элективті бейіндік оқу пәндерін үйлестіру негізінде жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарда бейінді оқытуды жүзеге асыру;

2) оқу пәндерін оқытудың стандарттық және тереңдетілген деңгейлерін үйлестіру негізінде жоғары оқу орындарына түсуге білім алушылардың академиялық дайындығын қамтамасыз ету;

3) рухани-адамгершілік қасиеттерін, коммуникативтік, әлеуметтік, зерттеушілік дағдыларын және проблемаларды сын тұрғысынан және шығармашылықпен ойлау негізінде шешу біліктілігін мақсатты дамыту;

4) мектеп бітірушілерге олардың мүдделері мен қабілеттеріне сәйкес кәсіби өзін-өзі анықтауына көмектесу;

5) мектеп бітірушілерге өмір бойы білім алуын жалғастыруға оң көзқарасының, өмірде мансаптық өсуі мен танымдық процесін реттеуге даярлығының қалыптасуына көмектесу болып табылады.

Қалалық білім беру ұйымдарында сыныптарда білім алушылар саны 24 және одан артық, ауылдық жерлерде білім алушылар саны 20 және одан артық болғанда:

1) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті;

2) оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті;

3) шетел тілі;

4) информатика;

5) дене шынықтыру сабақтарын жүргізу кезінде с*ыныпты екі топқа бөлуге* болады.

Сыныптарды топтарға бөлу жоғарыда көрсетілген пәндерден басқа инвариантық компонент пәндері бойынша сабақтар өткізу кезінде білім алушылар санына қарамастан, қалалық, ауылдық білім беру ұйымдарында, шағын жинақты мектептерде рұқсат етіледі.

«ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ» БІЛІМ САЛАСЫ

«Тіл және әдебиет» білім беру саласы аясында келесі пәндер оқытылады: «Қазақ тілі», «Орыс тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орыс әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Шетел тілі».

«Қазақ тілі» оқу пәні

10-11-сыныпта оқу процесі «ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасы»_ және «ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР БҒМ 2019 жылғы 7 наурыздағы №105 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 12 наурызда № 18382 болып тіркелді) бекітілген Ұзақ мерзімді жоспар негізінде жүзеге асырылады:

- жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы;

- жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.

«Қазақ тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

- *жаратылыстану-математикалық бағытта:*

1) 10-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;

2) 11-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

- *қоғамдық-гуманитарлық бағытта:*

1) 10-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

2) 11-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

Жалпы орта білім беретін мектептерде «Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, сондай-ақ қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

«Қазақ тілі» оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

1) қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым/айтылым, оқылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану дағдыларын қалыптастырады;

2) білім алушылардың қазақ тілін күнделікті өмірде өзі еркімен қолданып жүрген қарым-қатынас құралынан енді оны тілдік заңдылықтар негізінде танып-білу дағдыларын қалыптастырады;

3) қазақ тілі жүйесін құраушы кіші жүйелерді, тіл бірліктерін және олардың табиғатын танып біледі;

4) тіл бірліктерінің қарым-қатынас құралы болу, ойды білдіру, таным құралы болу, ақпаратты сақтау құралы болу қасиеттерін функционалдық-коммуникативтік бағдарда танып біледі, соған лайықты машықтар мен дағдыларды қалыптастырады;

5) «Қазақ тілі» пәнінің бағдарламасы білім алушының тіл сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығын, сөз байлығын, басқалармен еркін қарым-қатынасқа түсу қабілетін дамытуды және ойлау қабілеті мен танымдық дағдыларын жетілдіруді көздейді.

«Қазақ тілі» пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы бағдарламаның ерекшелігі қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан оқытуға назар аударылып, төрт дағдыға негізделген:

1) тыңдалым және айтылым;

2) оқылым;

3) жазылым;

4) әдеби тіл нормаларын сақтау.

«Тыңдалым және айтылым» бөлімі оқушылардың төмендегі дағдыларды үйренуіне мүмкіндік береді: мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру, мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау, тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстыра білу, мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау, мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау, коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу тілінің

лексикалық, фонетикалық-морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктерін ажыратып, орынды қолдану;

«Оқылым» бойынша: әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау, ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері), әртүрлі стильдегі мәтіндердің жанрлық ерекшеліктерін таба білу, ауызекі сөйлеудің стильдік бедерін дұрыс қолдану, публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедерін дұрыс қолдана білу, ресми іскағаздары тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу, көркем әдебиет тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу, әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау (фонетикалық деңгей, лексикалық деңгей, морфологиялық деңгей, синтаксистік деңгей негізінде), мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу, белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу, БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу;

«Жазылым» бойынша: жоспар түрлерін құру (қарапайым, күрделі, тезистік), ауызекі сөйлеу стилінде әлеуметтік жағдайларға сай мәтін құрастыру, ресми қарым-қатынас аясында ресми құжат түрлерін жазу: сенімхат, кепілхат, өтінім, тапсырыс, келісімшарт, еңбек шарты, шарт, еңбек келісімі және т.б. мәтіндер құрастыру, ғылыми стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, баяндама, мақала, лекция, баяндама тезистері, аннотация, түйіндеме, рецензия және мәтіндер құрастыру, публицистикалық стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, мақала, репортаж, сұхбат, ақпарат, информациялық хабар, очерк, памфлет жазу, көркем әдебиет стилінің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып мәтіндер құрастыру (таңдау бойынша), мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, эссе түрлерінің құрылымын сақтай отырып, көтерілген мәселе бойынша өзіндік пікір жаза білу, оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу), әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу, жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау;

«Әдеби тіл нормалары» бойынша: орфографиялық нормаға сай жазу, сөздерді фонетикалық принцип негізінде жазу, сөздерді морфологиялық-фонематикалық принцип негізінде жазу, сөздерді тарихи-дәстүрлік принцип негізінде жазу, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді дұрыс қою (нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүкте), сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді дұрыс қою (үтір, нүктелі үтір, жақша, қос нүкте, тырнақша, сызықша).

Ақпаратты талдау, жалпылау, жіктеу, сондай-ақ әртүрлі жанрда және стильдерде мәтіндер жазу, жеке, іскерлік хат жазысу, түйіндеме, мақала, аннотация, тезис құрастыру, берілген тақырып бойынша эссе жазу дағдылары мен қабілеттерін жетілдіру тілді оқуды ынталандыруға септігін тигізеді.

Сабақ жоспарын құрастыру барысында оқушылардың деңгейі мен қажеттілігіне сай әдеби тіл нормаларын қалыптастыруға назар аударған дұрыс. Тілдік бірліктер мен құрылымдарды, яғни грамматиканы оқыту коммуникативтік контекст негізінде жүзеге асырылуы керек. Яғни мұғалім тіл туралы білім қалыптастырудан гөрі тілдік қолданыс, грамматиканың функционалдығына назар аударуы тиіс.

«Қазақ тілі» пәні (жаратылыстану-математикалық бағыт) бойынша жиынтық бағалау саны

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының (ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 қарашадағы №509 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) 14-4-тармағына сәйкес ***«Қазақ тілі» пәні (жаратылыстану-математикалық бағыт)*** аптасына 1 сағат болғандықтан БЖБ қажет болған жағдайда бөлімдерді біріктіре отырып, тоқсанына екі реттен артық жүргізілмейді, тоқсандық жиынтық бағалау өткізілмейді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады.

«Қазақ тілі» пәні (қоғамдық-гуманитарлық бағыт) бойынша жиынтық бағалау саны

Төменде оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімдерінің нақты саны көрсетілген (63-кесте).

63-кесте. Қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттардағы «Қазақ тілі» пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау саны

	Пәні	**Сыныбы**	**БЖБ саны**			
			1-тоқсан	**2-тоқсан**	**3-тоқсан**	**4-тоқсан**
1	Қазақ тілі	10	2	2	2	2
2	Қазақ тілі	11	2	2	2	2

Ескертпе: Тілдік пәндерде бөлім бойынша жиынтық бағалауда сөйлеу қызметінің екі түрі біріктіріледі (мысалы, тыңдалым және айтылым; оқылым және жазылым).

Назар аударыңыз!

2021-2022 оқу жылының ерекшелігі өткен оқу жылдарындағы білім алушылардың біліміндегі олқылықтарының орнын толықтыру және жаңа оқу жылындағы оқу бағдарламасының меңгерілуін қамтамасыз ету. Осы міндетті орындау үшін төмендегі жұмыс реті ұсынылады.

2021-2022 оқу жылында оқушылардың өткен оқу жылдарындағы біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру және жаңа оқу жылындағы бағдарламалық мақсаттардың меңгерілуін қамтамасыз ету бойынша мақсатты жұмыс жоспарын дайындаудың реті

(әрбір пән мұғалімі үшін)

№	**Жұмыс мазмұны**
	Диагностикалық жұмыс *(I тоқсанның I аптасында)*
1	Өткен оқу жылдарындағы пәннің оқу бағдарламасының оқу мақсаттары бойынша *әкімшілік диагностикалық бақылау* жұмысын жүргізу
2	Оқу мақсаттары бойынша білімінде олқылығы бар оқушылардың санына байланысты *өткен тақырыптардың ішінен қиындық тудырған тақырыптар мен оқу мақсаттарын анықтау. Мысалы, қандай да бір тақырыпты меңгермеген оқушылардың саны көп болса, сол тақырып күрделі болып есептеледі. Тақырыпты меңгермеген оқушылардың саны аз болса, ол тақырыптың күрделілігі төмен болып есептеледі*
	Жоспарлау жұмысы *(I тоқсанның II аптасында)*
3	Пәннің оқу бағдарламасы бойынша жаңа оқу жылында өтілетін тақырыптар мен оқу мақсаттарына сәйкес келетін өткен оқу жылдарындағы *күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын анықтау*
4	Сәйкес келетін тақырыптар мен оқу мақсаттарын анықтағаннан кейін *қысқа мерзімді сабақ жоспарларын* мақсаттарды үйлестіре, кіріктіре отырып әзірлеу. *Жаңа тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгеру үшін өткен оқу жылдарындағы тақырыптар бойынша білімінде олқылығы бар оқушыларға алдын ала дайындалып келуге берілетін тапсырмалар әзірлеу.*
5	Пәннің оқу бағдарламасы бойынша жаңа оқу жылындағы тақырыптар мен оқу мақсаттарына *сәйкес келмейтін* өткен оқу жылдарының *күрделі тақырыптары мен оқу мақсаттарын анықтау*
6	Жаңа бағдарламаға сәйкес келмейтін өткен оқу жылдарының күрделі тақырыптары мен оқу мақсаттары бойынша *білімінде олқылықтары бар оқушылардың тізімін жасау және топтастыру*
7	Білімінде олқылықтары бар оқушылардың топтарымен өткізілетін *кеңес беру кестесін жасау*
8	Білімінде олқылықтары бар оқушыларға өткізілетін *кеңес беруді* сәйкес келетін *жаңа тақырып пен оқу мақсатына сабақ жоспарлаудан* бұрын өткізу
9	Білімінде олқылықтары бар оқушылардың топтарымен өткізілетін *кеңес беру* кестелерін *жоспарлау принциптері:* - жаңа сабақтан бұрын кеңес беру; - жұмыс күндеріне сыймаған жағдайда сенбілік немесе жексенбілік кеңес беру; - II, III, IV тоқсандық каникул күндеріндегі кеңестер; - жазғы мектеп күндеріндегі кеңестер
10	*Жаңа сабақтан бұрын кеңес* өткізу топтарын анықтау, кестесін жасау
11	*Сенбілік немесе жексенбілік кеңес* өткізу топтарын анықтау, кестесін жасау
12	*Каникул күндеріндегі кеңес* өткізу топтарын анықтау, кестесін жасау
13	*Жазғы мектеп күндеріндегі кеңес* тақырыптарын анықтау, кестесін дайындау
14	Жаңа оқу жылында оқу пәндері бойынша білім алушылардың білім сапасына *жүйелі мониторинг жүргізу* кестесін және талдау жұмысының *жоспарын дайындау (бұл жерде білім алушының өткен оқу жылы бойынша білімінің сапасы да, олқылықтары да көрінеді):* қыркүйектің екінші аптасы *(диагностикалық әкімшілік бақылау)*; бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) кестесі; тоқсан бойынша жиынтық бағалау (ТЖБ) кестесі.

Жүзеге асыру және талдау жұмысы *(оқу жылы бойы)*	
15	Пән бағдарламасы бойынша *оқу мақсаттары кіріктірілген қысқа мерзімді сабақ жоспарымен* сабақты ұйымдастыру арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа оқу мақсаттарына қол жеткізу
16	*Жаңа сабақтан бұрын кеңес беру* кестесі бойынша сабақ жүргізу арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа мақсаттарға қол жеткізу
17	Жаңа сабақтан бұрын *сенбілік немесе жексенбілік кеңес беру* арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа мақсаттарға қол жеткізу
18	*Каникул күндерінде кеңес беру* арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа оқу мақсаттарына қол жеткізу
19	*Жазғы мектеп күндеріндегі кеңес* өткізу *кестесі* бойынша сабақ жүргізу арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыру
20	Білім алушылардың білім сапасына жүргізілген *жүйелі мониторинг жұмысының нәтижелерін:* - диагностикалық бақылау жұмысының талдамалық есебін; тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебін *әдістемелік бірлестікте, әдістемелік кеңесте, педагогикалық кеңесте;* бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебін *әдістемелік бірлестікте;* - оқу жылының қорытындысы бойынша талдамалақ есепті *әдістемелік бірлестікте және педагогикалық кеңесте* талдау және талқылау

Осы реттілікпен 10-11-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» пәннің оқу бағдарламасы бойынша өткен оқу жылдарының оқу мақсаттарына жаңа оқу жылындағы сәйкес келетін оқу мақсаттарын анықтау қажет.

«Қазақ тілі» пәні бойынша 10-сынып білім алушыларының 9-сыныптағы біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында сол сыныптағы күрделі оқу мақсаттарын кіріктіре отырып меңгерту ұсынылады. Ол үшін мұғалім 9-сыныптағы оқу бағдарламасының оқу мақсаттары бойынша әкімшілік диагностикалық бақылау жұмысын жүргізуі тиіс.

9-сыныптың оқу бағдарламасының оқу мақсаттары бойынша білімінде олқылығы бар оқушылардың санына байланысты өткен тақырыптардың күрделілік реті анықталады. Мысалы, қандай да бір оқу мақсатын меңгермеген оқушылардың саны көп болса, сол тақырып ең күрделі болып есептеледі. Тақырыпты меңгермеген оқушылардың саны аз болса, ол тақырыптың күрделілігі төмен болып есептеледі.

Осы олқылықтардың орнын толықтыру үшін төмендегі жұмыс түрлерін ұйымдастыру ұсынылады.

Алдын ала кеңес топтарын құру	**Жексенбілік кеңес топтарын құру**	**Каникул күндеріндегі кеңес топтарын құру**
1) Топта оқушы саны 15-тен артпайды 2) Олқылықты толықтыру мақсаттарын кіріктіру 3) Кеңес беруді КТЖ-ның алдындағы күні өткізу ұсынылады	1) Топта оқушы саны 15-тен артпайды 2) Олқылықты толықтыру мақсаттарын кіріктіру 3) КТЖ бойынша бір апта бұрын өткізу ұсынылады 4) Алдыңғы аптада өткізілетін оқу мақсаттарына дайындық жүргізіледі	1) Топта оқушы саны 15-тен артпайды 2) Олқылықты толықтыру мақсаттарын кіріктіру 3) КТЖ бойынша келесі тоқсанда өтілетін мақсаттарға дайындық жұмыстарын жүргізу ұсынылады.

«Қазақ тілі» пәні бойынша 10-сынып білім алушыларының біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында төменде берілген оқу мақсаттарын қайта меңгерту ұсынылады.

«Қазақ тілі» пәні бойынша 10-сынып білім алушыларының білімінде орын алған олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында 9-сыныпта өткен оқу мақсаттарын 10-сыныптағы оқу мақсаттарымен кіріктіріп меңгерту ұсынылады.

Тыңдалым және айтылым	
9-сынып	**10-сынып**
әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала, Жолдау) мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін талдау	көпшілікке арналған дәріс, интервью, мақала, очерктің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау
Оқылым	
әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау	әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іскағаздар, публицистикалық, көркем әдебиет, ауызекі сөйлеу стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау
Жазылым	
эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе)	1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе)

11-сынып білім алушыларының білімінде орын алған олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында 10-сыныпта өткен оқу мақсаттарын 10-сыныптағы оқу мақсаттарымен кіріктіріп меңгерту ұсынылады.

Тыңдалым және айтылым	
10-сынып	**11-сынып**
мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен байланыстыру	мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен салыстыру
Оқылым	
көпшілікке арналған дәріс, интервью, мақала, очерктің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау	таза ғылыми стильдегі дәріс, интервью, мақала, баяндама, тезис, аннотация, рецензияның құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау
Жазылым	
әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу	әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу

Әдеби тіл нормалары	
белгілі бір тақырып аясында сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолдана білу	белгілі бір тақырып аясында тілдегі көркемдік құралдарды орынды пайдалану: көркемдеу, айшықтау, дәлелдеу, сөздерді сұрыптай білу (образды-эстетикалық)

«Қазақ әдебиеті» оқу пәні

Үлгілік оқу жоспарының түріне байланысты негізгі орта білім беру деңгейінде «Қазақ әдебиеті» оқу пәндерін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі әртүрлі (64-кесте).

64-кесте. Оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Жалпы жүктеме, сағат			
		Үлгілік оқу жоспары (жаңартылған мазмұн)		Үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)	
		Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
жаратылыстану-математика бағыты					
10	Қазақ әдебиеті	2	68	2	68
11	Қазақ әдебиеті	2	68	2	68
қоғамдық-гуманитарлық бағыт					
10	Қазақ әдебиеті	3	102	2	68
11	Қазақ әдебиеті	3	102	2	68

10-11-сыныптарда оқу процесі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламаларымен жүзеге асырылады:

- жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы;
- жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.

Назар аударыңыз!

ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР БҒМ 2019 жылғы 7 наурыздағы №105 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 12 наурызда № 18382 болып тіркелді) 1-тармағында Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспарда:

«Зобалаң заман шындығы» бөлімінің атауы «Заман шындығы» және сол бөлімде оқытылатын Лира Қоныстың «Тиын» әңгімесі Ерболат Әбікеннің «Пәтер ізден жүр едік» әңгімесімен ауыстырылды.

Аталған бұйрықтың 1-тармағында Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспарда:

«Аңызбен өрілген көркем сөз» бөліміндегі Ш.Айтматовтың «Боранды бекет» романының орнына Ш.Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесі;

М.Райымбекұлының «Көшбасшы» поэмасының орнына Т. Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» әңгімесі енгізілді.

Қазақ әдебиеті бағдарламасының мақсаты – білім алушыларды креативті ойлауға бағыттау. Олардың ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Білім алушылар әдеби жанрларға эксперимент жасау арқылы драмалық шығарманы проза тілімен, прозаны поэзия тілімен жазу тәсілдерін меңгере алады.

«Қазақ әдебиеті» оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

1) «Қазақ әдебиеті» бағдарламасы білім алушылардың сауаттылығын, олардың әдеби және эстетикалық талғамдары мен сезімдерін дамыту, ойлау қабілеттері мен танымдық және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру бағытында құрастырылған;

2) қазақ әдебиетінің құндылық ретіндегі болмысын, ұлттық мәдениеттегі маңызды орнын құрметтейді және бағалайды;

3) қазақ әдебиетінің мәдениетаралық қарым-қатынастағы рөлін, қазақ халқының қалыптасқан тарихын, алға қойған міндеттерін, мәселелерін, қарама-қайшылық пен қиындықтарын анықтайды және түсінеді;

4) түрлі жағдайларға бейімделе білу және өздігінен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады;

5) заманауи, ғылыми және қоғамдық дамуға сәйкес дүниетанымын дамытады.

«Қазақ әдебиеті» пәндік білімнің мазмұны бөлімдерге бөлінген: түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстыру. Сонымен қатар, дағдыларды қалыптастыратын бөлімшелерден тұрады. Бағдарламаның бұл бөлімшелері пән бойынша оқу мақсаттарынан тұрады.

1) түсіну және жауап беру: әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы идеялық мазмұнын терең түсіну, әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ашу, көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау, көркем шығармалардан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы мәселелермен байланыстыру, шығармадағы ұлттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу;

2) анализ және интерпретация: әдеби шығарманың композициясын уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау, шығармадағы авторлық идеяның өмір

шындығымен байланысы, шығармадағы автор стилі мен көркемдегіш құралдардың қызметін ашу, көркем шығармадағы көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы өзіндік пікірін қосып, шығармашылық жұмыс жазу, әлем және қазақ әдебиетіндегі құндылықтардың үндесуін талдап, өзіндік ой қорыту;

3) бағалау және салыстыру: шығарманы мазмұндас туындылардың үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау, көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына сыни тұрғыдан баға беру, шығарманың идеясын жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу, шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу.

«Қазақ әдебиеті» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасында Блум таксономиясының толық меңгерту теориясы басшылыққа алынып, көркем шығарманы толық оқыту қағидаты сақталғандықтан көркем шығарма аз берілген. XXI ғасырдың жаңа адамының талғамын қанағаттандырып, толғандырар сұрақтарына жауап бере алатын толыққанды әдеби шығармалар енгізілген. Бұл ерекшеліктер оқушылардың шығармадағы автордың идеясын толық түсінуге, оны жан-жақты талдай алу қабілетін дамытуға және оқырмандық қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Тоқсан ішінде көркем шығармаларды оқытуға бөлінетін сағат сандарын шығарманың көлеміне, оқу мақсаттарының жеңіл, күрделілігіне қарай мұғалім өзі анықтайды.

Назар аударыңыз!

Жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын (төмендетілген оқу жүктемесімен) таңдаған білім беру ұйымдарындағы оқу процесі ҚР БҒМ 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу бағдарламасымен (оқыту қазақ тілінде) жүзеге асырылады.

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспарда төмендегі оқу мақсаттары қысқартылды:

10-сыныпта:

10.1.5.1 шығармадағы ұлттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу;

10.2.1.1 әдеби шығарманың композициясын уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау;

10.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы өзекті мәселелермен байланыстыру» деген оқу мақсаты «10.1.2.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ашу» деген оқу мақсатымен алмастырылды;

10.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы өзекті мәселелермен байланыстыру;

10.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдау;

10.3.1.1 шығарманы мазмұндас туындылардың үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау;

10.1.5.1 шығармадағы ұлттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу;

10.2.2.1 шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын айқындау;

11-сыныпта:

11.2.4.1 көркем шығармадағы ғаламдық тақырыптарға креативті ой қосып, шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу;

11.3.4.1 шығарманы идеялық жағынан мазмұндас әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, әдеби сын жазу;

11.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы өзекті мәселелермен байланыстырып, шығармашылық жұмыстарда қолдану;

11.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы өзекті мәселелермен байланыстырып, шығармашылық жұмыстарда қолдану;

11.3.2.1 көркем шығарманың жаңашылдығын ғаламдық тақырыптармен байланыстыра отырып, сыни тұрғыдан баға беру;

11.2.1.1 әдеби шығарманың композициясын жанрлық ерекшеліктерін айқындап, уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау.

Оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау саны 65-кестеде берілген.

65-кесте. Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім бойынша жиынтық бағалау рәсімдерінің саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10	2	2	2	2
11	2	2	2	2

Қазақ әдебиеті пәнін оқу арқылы оқушылар:

1) қазақ әдебиетінің құндылық ретіндегі болмысын, ұлттық мәдениеттегі маңызды орнын құрметтейді және бағалайды;

2) қазақ әдебиетінің мәдениетаралық қарым-қатынастағы рөлін, қазақ халқының қалыптасқан тарихын, алға қойған міндеттерін, жеңістерін, мәселелерін, қарама-қайшылық пен қиындықтарын анықтайды және түсінеді;

3) түрлі жағдайларға бейімделе білу және өздігінен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады;

4) заманауи, ғылыми және қоғамдық дамуға сәйкес дүниетанымын дамытады.

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру жөнінде ұсынымдар:

2021-2022 оқу жылының басында «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша шектеу шаралары кезіндегі оқу жылдарында жіберілген білім алушылардың біліміндегі

олқылықтардың орнын толықтыру және жаңа оқу жылының оқу бағдарламасын меңгерту бағытында мақсатты шаралар жыл бойы жүргізілуі тиіс. Соған байланысты мектептерге 2021-2022 оқу жылында оқушылардың өткен оқу жылдарындағы біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру және жаңа оқу жылына арналған оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарының меңгерілуін қамтамасыз ету бойынша жұмыс жоспарының реті ұсынылды.

2021-2022 оқу жылында білім алушылардың өткен оқу жылдарындағы біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру және жаңа оқу жылына арналған оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарының меңгерілуін қамтамасыз ету бойынша мақсатты жұмыс жоспарын дайындаудың реті

(әрбір пән мұғалімі үшін)

№	**Жұмыс мазмұны**
	Диагностикалық жұмыс *(I тоқсанның I аптасында)*
1	Өткен оқу жылдарындағы пәннің оқу бағдарламасының оқу мақсаттары бойынша *әкімшілік диагностикалық бақылау* жұмысын жүргізу
2	Тақырыптар бойынша олқылығы бар оқушылардың санына байланысты *өткен тақырыптардың ішінен қиындық тудырған тақырыптар мен оқу мақсаттарын анықтау. Мысалы, қандай да бір тақырыпты меңгермеген оқушылардың саны көп болса, сол тақырып күрделі болып есептеледі. Тақырыпты меңгермеген оқушылардың саны аз болса, ол тақырыптың күрделілігі төмен болып есептеледі*
	Жоспарлау жұмысы *(I тоқсанның II аптасында)*
3	Пәннің оқу бағдарламасы бойынша жаңа оқу жылында өтілетін тақырыптар мен оқу мақсаттарына сәйкес келетін өткен оқу жылдарындағы *күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын анықтау*
4	Сәйкес келетін тақырыптар мен оқу мақсаттарын анықтағаннан кейін *қысқа мерзімді сабақ жоспарларын* мақсаттарды үйлестіре, кіріктіре отырып әзірлеу. *Жаңа тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгеру үшін өткен оқу жылдарындағы тақырыптар бойынша білімінде олқылығы бар оқушыларға алдын ала дайындалып келуге берілетін тапсырмалар әзірлеу.*
5	Пәннің оқу бағдарламасы бойынша жаңа оқу жылындағы тақырыптар мен оқу мақсаттарына *сәйкес келмейтін* өткен оқу жылдарының *күрделі тақырыптары мен оқу мақсаттарын анықтау*
6	Жаңа бағдарламаға сәйкес келмейтін өткен оқу жылдарының күрделі тақырыптары мен оқу мақсаттары бойынша *білімінде олқылықтары бар оқушылардың тізімін жасау және топтастыру*
7	Білімінде олқылықтары бар оқушылардың топтарымен өткізілетін *консультациялардың кестесін жасау*
8	Білімінде олқылықтары бар оқушыларға өткізілетін *кеңес беруді* сәйкес келетін *жаңа тақырып пен оқу мақсатына сабақ жоспарлаудан* бұрын өткізу
9	Білімінде олқылықтары бар оқушылардың топтарымен өткізілетін *кеңес беру* кестелерін *жоспарлау принциптері:* - жаңа сабақтан бұрын кеңес беру; - жұмыс күндеріне сыймаған жағдайда сенбілік немесе жексенбілік кеңес беру; - II, III, IV тоқсандық каникул күндеріндегі кеңестер; - жазғы мектеп күндеріндегі кеңестер
10	*Жаңа сабақтан бұрын кеңес* өткізу топтарын анықтау, кестесін жасау
11	*Сенбілік немесе жексенбілік кеңес* өткізу топтарын анықтау, кестесін жасау
12	*Каникул күндеріндегі кеңес* өткізу топтарын анықтау, кестесін жасау

13	*Жазғы мектеп күндеріндегі кеңес* тақырыптарын анықтау, кестесін дайындау
14	Жаңа оқу жылында оқу пәндері бойынша білім алушылардың білім сапасына *жүйелі мониторинг жүргізу* кестесін және талдау жұмысының *жоспарын дайындау (бұл жерде білім алушының өткен оқу жылы бойынша білімінің сапасы да, олқылықтары да көрінеді):* қыркүйектің екінші аптасы *(диагностикалық әкімшілік бақылау)*; бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) кестесі; тоқсан бойынша жиынтық бағалау (ТЖБ) кестесі.
Жүзеге асыру және талдау жұмысы *(оқу жылы бойы)*	
15	Пән бағдарламасы бойынша *оқу мақсаттары кіріктірілген қысқа мерзімді сабақ жоспарымен* сабақты ұйымдастыру арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа оқу мақсаттарына қол жеткізу
16	*Жаңа сабақтан бұрын кеңес беру* кестесі бойынша сабақ жүргізу арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа мақсаттарға қол жеткізу
17	Жаңа сабақтан бұрын *сенбілік немесе жексенбілік кеңес беру* арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа мақсаттарға қол жеткізу
18	*Каникул күндерінде кеңес беру* арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа оқу мақсаттарына қол жеткізу
19	*Жазғы мектеп күндеріндегі кеңес* өткізу *кестесі* бойынша сабақ жүргізу арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыру
20	Білім алушылардың білім сапасына жүргізілген *жүйелі мониторинг жұмысының нәтижелерін:* - диагностикалық бақылау жұмысының талдамалық есебін; - - тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебін *әдістемелік бірлестікте, әдістемелік кеңесте, педагогикалық кеңесте;* - - бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебін *әдістемелік бірлестікте;* - оқу жылының қорытындысы бойынша талдамалақ есепті *әдістемелік бірлестікте және педагогикалық кеңесте* талдау және талқылау.

1. **Диагностикалық жұмыс**

1) пән бойынша өткен оқу жылдарының бағдарламасындағы тақырыптар мен оқу мақсаттары бойынша әкімшілік диагностикалық бақылау жұмысын жүргізу;

2) жүргізілген диагностикалық бақылау нәтижесі бойынша өткен оқу жылдарында оқытылған тақырыптар мен оқу мақсаттарынан білімінде олқылықтары бар білім алушылардың санын анықтау арқылы күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын айқындау;

2. **Жоспарлау жұмысы**

1) өткен оқу жылдары мен жаңа оқу жылының оқу бағдарламаларындағы сәйкес келетін күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын қысқа мерзімді сабақ жоспарын әзірлеуде кіріктіру;

2) жаңа сабақты жоспарлаудың алдында өткен оқу жылдарындағы тақырыптар мен оқу мақсаттары бойынша білімінде олқылығы бар оқушыларға алдын ала тапсырмалар әзірлеу;

3. **Жеке консультациялар өткізу**

1) өткен және жаңа оқу жылдарына арналған оқу бағдарламаларындағы сәйкес келмейтін тақырыптар мен оқу мақсаттары бойынша білім алушы санын

15-тен асырмай, жеке консультациялар, қосымша сабақтар («жексенбілік мектеп», «каникул кезіндегі мектеп») өткізу кестесін әзірлеу;

4. **Жүзеге асыру, талдау жұмыстары**

1) пәнді оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін (*саралап оқыту, кейс-стади, тақырыптық талқылау, іскерлік ойын, жобалық және зерттеу жұмыстары, модульдік оқыту және т.б.)* қолдану;

2) білім алушылардың білім сапасына жүйелі мониторинг жүргізу кестесін және талдау жұмысының жоспарын дайындау;

3) білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында жүзеге асырылған оқу мақсаттарын БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын құрастыру барысында ескеру;

4) БЖБ, ТЖБ нәтижелері негізінде білім алушылардың білім сапасына жүйелі мониторинг жүргізу және талдау;

5) білім алушылардың білім сапасына жүргізілген мониторинг жұмысының нәтижесін әдістемелік бірлестікте, әдістемелік кеңесте, педагогикалық кеңесте талқылау ұсынылады.

Қысқа мерзімді сабақ жоспарын әзірлеуде кіріктіріп өткізуге ұсынылатын күрделі оқу мақсаттары:

10-сыныптың оқу бағдарламасындағы «10.1.2.1 әдеби шығарманың жанрлық табиғатын тану» деген оқу мақсатын 11-сыныптағы «11.1.2.1 әдеби шығарманың жанрлық ерекшелігін өзге жанрлармен салыстыра отырып талдау» деген оқу мақсатымен кіріктіруге болады.

11-сыныптағы «11.1.5.1 ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстыру» деген оқу мақсатына сабақ жоспарлау кезінде 10-сыныптағы «10.1.5.1 ұлттық құндылықтардың маңыздылығын контекстермен үндестіру» оқу мақсатын кіріктіру;

«10.2.5.1 қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтау» және «11.2.5.1 әлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігін талдау»;

«10.3.1.1 шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау» және «11.3.1.1 шығарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау» деген оқу мақсаттарын кіріктіріп, сабақ жоспарлау ұсынылады.

Жаңа оқу жылының бағдарламасына сәйкес келмейтін күрделі оқу мақсаттары бойынша жеке консультациялар өткізуге ұсынылатын оқу мақсаттары:

10-сыныпта:

«10.2.2.1 автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғадағы көрінісін анықтау»;

«10.2.4.1 көркем шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу»;

«10.3.3.1 шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу»;

«10.3.4.1 ғылыми еңбектерге сүйене отырып әдеби сын жазу»;

«Қазақ әдебиеті» пәнінен 10-11-сыныптарда оқытылатын шығармалардың ішінде өткен оқу жылдарында толық оқуға мүмкіндік болмаған немесе оқуға қол жетімсіз болған шығармаларды қосымша сыныптан тыс не каникул кездерінде оқуға ұсыну қажет.

Күрделі шығармалар:

10-сыныпқа 9-сыныпта оқытылған Қажығали Мұхамбетқалиевтің «Тар кезең» романы;

М. Мағауиннің «Шақан - шері» романы;

Қ. Жұмаділовтің «Тағдыр» романы;

11-сыныпқа 10-сыныпта оқытылған Б. Мұқайдың «Өмірзая» романы, М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының 1, 2-томы;

І. Есенберлиннің «Қаһар» романы;

С. Елубайдың «Жалған дүние» романы.

Назар аударыңыз!

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2021-2022 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбе күндерге назар аудару ұсынылады. Мерейтойлық күнтізбе тізімі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының nao.kz сайтына орналастырылады.

Мектепте сыныптан тыс жұмыстар төмендегі шаралар арқылы жүзеге асады:

- мекемелерде, табиғат аясында, мәдени мекемелерде, мұражайларда;
- таңдауы бойынша еркін сабақтар, оқу пәндері бойынша сайыстар мен олимпиадалар жүргізу;
- оқу бағдарламаларына сай қосымша арнаулы сабақтар өткізу;
- кіріктірілген және пәнаралық оқу сабақтарын жүргізу;
- мерейтой иелеріне арналған тәрбие сағаттарын, әдеби кештер, мәнерлеп оқу сайыстарын, эссе, мазмұндама, шығарма жазу сайыстарын және т.б. ұйымдастыру.

Сыныптан тыс жұмыстар білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, алған білімдерін тереңдетіп, өздігінен іздене білуге үйретеді. Сонымен қатар теориялық білімін кеңейтіп толықтырады және білім алушылардың жеке қабілетін дамыта түседі.

Назар аударыңыз!

«Қазақ әдебиеті» пәнінен оқушылардың оқырмандық қабілетін, сөйлеу тілін дамыту мақсатында оқу бағдарламасына қосымша жазғы демалыс кезінде оқитын көркем шығармалардың тізімі әзірленіп, Академия сайтына орналастырылды.

Көркем шығармалардың тізімі оқушылардың жас ерекшелігі мен келесі сыныпта оқылатын және оқулықта үзіндісі ғана берілетін шығармалар ескеріліп жасалды. Көрмеге әр оқушы өзі оқыған туынды бойынша шығармашылық жұмысын ұсынады. Жұмыс фотоколлаж, эссе, жарнама, сурет т.с.с. түрде жасалуы мүмкін. Оқушылардың жұмысын арнайы сарапшылар талдап, қорытындысын шығарады.

«Оқырман күнделігі» тақырыбындағы іс-шарада оқушы оқыған шығарманың мазмұнын:

• сұрақ қою;
• тірек сөздерді жазу;
• оқиғаның түйінін жазу;
• оқиғаны суретке түсіру түрінде дәптерге түсіреді.

«Абай мектептері» желісі

«Абай мектептері» желісіндегі оқу процесі ҚР БҒМ 2020 жылғы «27» қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған желілік «Абай мектептерінің» 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен (оқыту қазақ тілінде) жүзеге асырылады.

«Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – мемлекеттік тілді қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, шығармашылыққа үйретуге, ең бастысы, орта мектепке сай лингвистикалық білім беру.

«Қазақ тілі» оқу пәнін тереңдетіп оқытудың негізгі міндеттері:

1) қазақ тілін Қазақстан Республикасының аумағында қоғамның барлық салаларында еркін қолдана білуі үшін білім алушының коммуникативтік дағдыларын жетілдіру, еркін сөйлеуге және сауатты жазуға үйрету;

2) мәтіннің типтерін, стилін, жанрын тану үшін мәтінді құрайтын барлық тілдік құралдарды: синтаксистік құрылымдарды, лексикалық бірліктерді, сөздің дыбыстық және морфемдік құрамын тануға үйрету;

3) ауызша және жазбаша мәтінтудыру дағдыларын жетілдіру үшін орфоэпия және орфография нормаларын білу, сөйлеу мәдениетін және шешендік өнерді меңгеру, түрлі стильдер мен жанрларда мәтінтудыру тәсілдерін жетілдіру.

«Қазақ тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 10-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағат;

2) 11-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағат.

Оқу мақсаттары қазақ тілін ғылыми пән ретінде оқитын білім алушыларға мәтінтану мен мәтінтудыру дағдыларын жетілдіру арқылы өмірге қажет функционалды білім беруді көздейді. Мұның өзі орта мектеп деңгейіне сай лингвистикалық білім алуға негізделеді. Оқу мазмұны 3 бөлімнен тұрады:

1) мәтінтану тыңдау және оқу арқылы мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ойды таба білу, мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу, әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпаратты алумен қатар мәтіннің стилі мен

жанрын, мәтіннің типтерін және әр типке тиісті қолданылатын тілдік құралдарын ажырата білуден тұрады;

2) мәтінтудыру мәтіннің мазмұнын айту кезінде орфоэпиялық нормаларды сақтаудан бастап, тіл мәдениетінің талаптарын орындай отырып, шешен сөйлеу деңгейіне жетуді көздейді. Орфография және пунктуация талаптарын сақтай отырып, барлық стильдер мен жанрларда мәтін жаза алу арқылы мәтінтудыру дағдысын жетілдіруді көздейді;

3) әдеби тіл нормалары айту және жазу әрекеті кезінде лексика-грамматикалық нормаларды, оның ережелерін және ерекшеліктерін қатаң сақтауды үйретуді көздейді.

«Мәтінтану» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) мәтіннің мазмұнын тану;

2) мәтіннің стилі мен жанрын тану.

«Мәтінтудыру» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) ауызекі сөйлеу және көркем әдебиет стильдерінде айтылым, жазылым дағдыларын жетілдіру;

2) ресми іс-қағаздары стилінде айтылым, жазылым дағдыларын жетілдіру;

3) публицистикалық стильде айтылым, жазылым дағдыларын жетілдіру;

4) ғылыми стильде айтылым, жазылым дағдыларын жетілдіру.

«Әдеби тіл нормаларын сақтау» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) лексика-грамматикалық норма;

2) айтылым-жазылым нормалары (орфография, орфоэпия, пунтуация).

«Абай мектептері» желісіндегі оқу процесі ҚР БҒМ 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған желілік «Абай мектептерінің» 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен (оқыту қазақ тілінде) жүзеге асырылады.

«Қазақ тілі» пәнін оқыту мақсаты – мемлекеттік тілді қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, шығармашылыққа үйретуге, ең бастысы, орта мектепке сай лингвистикалық білім беру.

«Қазақ тілі» оқу пәнін тереңдетіп оқытудың негізгі міндеттері:

1) қазақ тілін Қазақстан Республикасының аумағында қоғамның барлық салаларында еркін қолдана білуі үшін білім алушының коммуникативтік дағдыларын жетілдіру, еркін сөйлеуге және сауатты жазуға үйрету;

2) мәтіннің типтерін, стилін, жанрын тану үшін мәтінді құрайтын барлық тілдік құралдарды: синтаксистік құрылымдарды, лексикалық бірліктерді, сөздің дыбыстық және морфемдік құрамын тануға үйрету;

3) ауызша және жазбаша мәтінтудыру дағдыларын жетілдіру үшін орфоэпия және орфография нормаларын білу, сөйлеу мәдениетін және шешендік өнерді меңгеру, түрлі стильдер мен жанрларда мәтінтудыру тәсілдерін жетілдіру.

«Қазақ тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 10-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағат;

2) 11-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағат.

Оқу мақсаттары қазақ тілін ғылыми пән ретінде оқитын білім алушыларға мәтінтану мен мәтінтудыру дағдыларын жетілдіру арқылы өмірге қажет функционалды білім беруді көздейді. Мұның өзі орта мектеп деңгейіне сай лингвистикалық білім алуға негізделеді. Оқу мазмұны 3 бөлімнен тұрады:

1) мәтінтану тыңдау және оқу арқылы мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ойды таба білу, мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу, әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпаратты алумен қатар мәтіннің стилі мен жанрын, мәтіннің типтерін және әр типке тиісті қолданылатын тілдік құралдарын ажырата білуден тұрады;

2) мәтінтудыру мәтіннің мазмұнын айту кезінде орфоэпиялық нормаларды сақтаудан бастап, тіл мәдениетінің талаптарын орындай отырып, шешен сөйлеу деңгейіне жетуді көздейді. Орфография және пунктуация талаптарын сақтай отырып, барлық стильдер мен жанрларда мәтін жаза алу арқылы мәтінтудыру дағдысын жетілдіруді көздейді;

3) әдеби тіл нормалары айту және жазу әрекеті кезінде лексика-грамматикалық нормаларды, оның ережелерін және ерекшеліктерін қатаң сақтауды үйретуді көздейді.

«Мәтінтану» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) мәтіннің мазмұнын тану;

2) мәтіннің стилі мен жанрын тану.

«Мәтінтудыру» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) ауызекі сөйлеу және көркем әдебиет стильдерінде айтылым, жазылым дағдыларын жетілдіру;

2) ресми іс-қағаздары стилінде айтылым, жазылым дағдыларын жетілдіру;

3) публицистикалық стильде айтылым, жазылым дағдыларын жетілдіру;

4) ғылыми стильде айтылым, жазылым дағдыларын жетілдіру.

«Әдеби тіл нормаларын сақтау» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) лексика-грамматикалық норма;

2) айтылым-жазылым нормалары (орфография, орфоэпия, пунтуация).

10-11-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық білім мазмұны: мәтінтану, мәтінтудыру, әдеби тіл нормаларын сақтау, орфографиялық норма, орфоэпиялық норма, пунктуациялық нормаға негізделіп құрылған.

«Абай мектептеріне» арналған жаңартылған оқу бағдарламасының ерекшелігі бағдарлама лексикалық тақырыптарға негізделіп жасалған.

Оқу бағдарламасына қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы лексикалық тақырыптар енгізілген:

1. Қазақстанның бейнесі. Қазақстанның өткені мен келешегі

2. Жастар мәдениеті және мәселесі

3. Қазіргі қоғам. Миграция. Зияткерлік миграция

4. Әлемді өзгерткен өнертабыстар

5. Бейбітшілік, қауіпсіздік және жаһандық экономика

6. Ұлттың тарихи жәдігерлерін сақтау

7. Табиғат және экология

8. Жаңа әлемдегі театр мен киноматография

9. Еңбек нарығы және сұраныс

«Абай мектептеріне» арналған жаңартылған оқу бағдарламасындағы грамматиканың берілуі: лексика-грамматикалық бөлім, грамматикалық материал, сөйлеу әрекетінің түрлері және оқыту мақсаттарынан тұрады.

Мысалы, *Лексика-грамматикалық бөлім:* 1. Қазақстан бейнесі. Қазақстанның өткені мен келешегі. Шешендік сөздер.

Грамматикалық материал: Ойталқы (диспут). Ғылыми стильдің тілдік ерекшеліктері.

Сөйлеу әрекетінің түрлері: тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым, әдеби тіл нормаларынан тұрады.

1. «Абай мектептерінде» грамматиканы оқытуда мәтінтануға үйретететін міндеттер:

Мазмұнын тану. ҰМЖ-дағы мәтіндегі негізгі ойды тап, сұрақ құрастыр деген сияқты мазмұнды түсінуге бағытталған жаттығулар құрастырудан тұрады (бағдарламада нақты көрсетілген).

Стилі мен жанрын тануда әр стильге, әр жанрға тән тілдік қолданыстарды ажырату үшін мәтін ішіндегі тіл құралдарын түстеп таныту арқылы орта мектепке сай лингвистикалық білім беру (тілдік талдаулар).

2. Мәтін тудыру дағдысын қалыптастырудағы айтылым бөлімінде: айтылым кезінде ерін үндестігі мен буын үндестігін сақтау, сөйлеу техникасын жетілдіру, сөйлеу мәдениетін сақтау арқылы шешендік өнердің қырларын меңгерту (5-11).

Жазылым бөлімінде: емле мен тыныс белгі нормаларын сақтай отырып, қарапайым диктант, мазмұндама жазудан бастап түрлі стильдегі және жанрдағы мәтіндерді (эссе) жазу дағдыларын жетік меңгеру. Мәтіндерді типтей білу (5-11-сыныптар) берілген.

Осы оқу бағдарламасы жалпы орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған желілік «Абай мектептерінің» 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр тарауда қамтылуы тиіс оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

Тоқсандағы бөлімдер және бөлімшелер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

«Абай мектептері» желісіне арналған **«Қазақ әдебиеті» пәні** бойынша оқу процесі ҚР БҒМ 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған желілік «Абай мектептерінің» 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен (оқыту қазақ тілінде) жүзеге асырылады.

«Қазақ әдебиеті» оқу бағдарламасының мақсаты – сөз өнерін мәдени мұра, ұлттық құндылық ретінде түсініп, бағалай алатын, интеллектуалды эстетикалық деңгейі, адамгершілік ұстанымы жоғары шығармашыл тұлға қалыптастыру.

«Қазақ әдебиеті» оқу пәнінің 10-11-сыныптардағы білім мазмұнына әдебиеттің тарихи кезеңдері, әдеби тектер мен жанрлардың даму сипаты, әдеби ағымдар мен бағыттар, әдебиеттің теориялық мәселелері, әдеби көркем шығармаларды тұтас талдау жүйесі, әдеби шығарма және болмыс, ұлттық мәдениет, әдебиеттегі ұлттық рух мәселесі, әдебиет және ғаламның шындық бейнесі, әдебиеттің өзге ғылымдармен байланысы, қазіргі әдебиеттегі заманауи мәселелер, әдеби оқырмандық мәдениет, сөз өнері және шығармашылық даму, көркем шығарманың стильдік ерекшеліктері, авторлық ұстаным және оқырман танымы қарастырылып,сөз өнерінен біртұтас ұғым қалыптастыру көзделді.

Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 10-сыныпта – аптасына 6 сағат, оқу жылында 204 сағатты;

2) 11-сыныпта – аптасына 6 сағат, оқу жылында 204 сағатты құрайды.

10-11-сыныптарда «Қазақ әдебиетінің» тарихи курсы оқытылады.

10-сыныптың 1-тоқсанында «XIX ғасыр әдебиеті», 2-тоқсанында «XX ғасыр басындағы әдебиет», 3-тоқсанында «1920-1940 жылдардағы әдебиет», 4-тоқсанында «1950-1960 жылдар әдебиеті»;

11-сыныптың 1-тоқсанында «1960-1980 жылдар әдебиеті», 2-тоқсанында «1990 жылдар әдебиеті», 3-тоқсанында «Тәуелсіздік жылдар әдебиеті», 4-тоқсанында «XXI ғасыр әдебиеті» оқытылады.

«Абай мектептері» желісінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында оқытылатын шығармалар тізімінде: XIX ғасыр әдебиеті, соның ішінде сал-серілер поэзиясы, әнші ақындар шығармашылығы; XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің, тәуелсіздік жылдардағы әдебиеттің өкілдері мен олардың туындылары және XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті және әдеби жанрлар (сатира, фантастика, детектив) қамтылды.

«***Оқу және түсіну***» бөлімінде: көркем шығармадағы поэтикалық қолданыстардың мәнін ашады, мәтіндегі қолданысын түсінеді; шығарма үзінділерімен жұмыс жасайды; шығармадағы өзекті мәселе мен идеялық мазмұнын ашады және көркем шығармадағы форма мен мазмұн бірлігін ажыратады; көркем шығарма желісі бойынша ауызша, жазбаша интерпретациялайды.

«***Талдау және жинақтау***» бөлімінде: көркем шығарманың образдар жүйесі мен типтік кейіпкерлерді ажыратады; көркем шығарманың тілі мен стилін талдайды; көркемдік тәсілдерді талдап, қазақ және әлем әдебиетіндегі құндылықтарды айқындайды.

«***Бағалау (салыстыру) және шығармашылық өнім***» бөлімінде: көркем шығармадағы тарихи шындық пен көркемдік шешімді ажыратады; рухани және көркемдік құндылығын табады; әдеби шығармашылықпен айналысады; әдеби эссе мен әдеби сын жазады.

Әдістемелік бірлестік отырыстарында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін жетілдіру үшін *(әдістемелік бірлестік, жас мамандар мектебі, педагогикалық шеберлігін жетілдіру мектебі, шығармашылық топ және т.б.)* пәнді оқыту әдістемесі мен теориясының келесі мәселелерін қарау ұсынылады:

1. Қашықтан оқытудың артықшылықтары мен кемшіліктері;
2. Онлайн сабақтарды жоспарлау және бақылау.
3. Оқушылардың тілдік құзіреттілігін қалыптастыру жолдары;
4. Оқу мақсаттарымен жұмыс жасау тәсілдері;
5. Формативті бағалау – бағалаудың тиімді тәсілі;
6. Тыңдалым дағдысын қалыптастыруда кездесетін қиындықтар және оны шешу жолдары;
7. Білім беру мен білім алуда белсенді әдістерді қолданудың тиімділігі;
8. Мектеп оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты топтардағы оқытудың психо-педагогикалық ерекшеліктері;
9. Қазақ әдебиеті сабағы арқылы ұлттық құндылықтарды насихаттау;
10. Тыңдалым материалдарын пайдаланудың тиімді жолдары;
11. Грамматикалық тақырыптарды лексикалық тақырыптармен сабақтастырудағы шеберлік;
12. Сабақта саралап оқытуды жүзеге асыру;
13. Эссе жазу дағдысын жетілдіру;
14. Білім беруде қолданылатын сандық технологиялардың тиімділігі.

Негізі және жалпы орта білім беру деңгейлеріне арналған «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары бойынша құрылған жаңа білім мазмұны мұғалімді де, оқушыны да оқу әрекетіне белсенді қатысуға, өз пікірін айтуға, өзінің сөйлеген сөзіне дәлел келтіруге, кейіпкерлер арқылы өмірлік ситуацияларды шешу жолдарын ізденуге, ең бастысы жаңаша ойлайтын тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Назар аударыңыз!

«Абай мектептері» желісіне жаңа оқу пәні – **«Абайтану» пәні** енгізілді.

«Абайтану» пәні бойынша оқу процесі ҚР БҒМ 2020 жылғы «27» қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған желілік «Абай мектептері» желісінің 10-11-сыныптарына арналған «Абайтану» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы негізінде (оқыту қазақ тілінде) жүзеге асырылады.

«Абайтану» пәні 3 бағытта оқытылады:

1) тілтанымдық: Абай шығармаларын талдау;

2) тұлғатанымдық: Абай Құнанбайұлы туралы естеліктер мен ғылыми еңбектерді оқыту;

3) дүниетанымдық: интеграциялық байланыс.

«Абайтану» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының мақсаты – Абай шығармаларының тілдік ерекшелігі арқылы қазақ әдеби тілінің құнарын, көркем сөздің қуатын, эстетикалық күшін, идеялық мазмұнын меңгертіп, ұлттық мінез-құлық, сапалық ерекшеліктерді, ұлттық кодты таныту, гуманистік-көркемдік, мәдени-тарихи, ұлттық құндылықтарды бағалай алу құзыретін дамыту; Абайдың «Толық адам», ар ілімі, адамшылық мұрат-мақсаты, пәлсапалық көзқарастары арқылы тұлғалық қасиеттерді танытып, білімгерлердің өзіндік даму бағытын, сыни ой-пайымын қалыптастыру; әдеби тіл және әдеби формалар арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, өзіндік ұстанымы бар, түрлі жағдайда оңтайлы шешім қабылдауға қабілетті тұлға қалыптастыру.

«Абайтану» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 10-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;

2) 11-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағатты құрайды.

«Абайтану» пәні білімінің мазмұны келесі бөлімдерге бөлінген:

1) оқу және түсіну;

2) талдау және жинақтау;

3) бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім).

«Оқу және түсіну» бөлімі: көркем шығармадағы поэтикалық қолданыстардың мәнін ашу, мәтіндегі қызметін түсіну; шығарма үзінділерімен жұмыс; шығармадағы өзекті мәселе, идеялық мазмұн; көркем шығармадағы форма мен мазмұн бірлігі; интерпретация (ауызша және жазбаша);

«Талдау және жинақтау» бөлімі: әдеби шығарманың композициялық құрылымы мен идеялық мазмұнын талдау, образдар жүйесі мен типтік характер, көркем шығарманың тілі, стилі, көркемдік тәсілдер;

«Бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім)» бөлімі: шығармадағы тарихи шындық және көркемдік шешім, рухани және көркем-эстетикалық құндылық; әдеби шығармашылық; әдеби сын бөлімшелерінен тұрады.

Оқытылатын көркем шығармалар тізімінде Абайдың өлеңдері мен қарасөздері, ұлы ақын туралы зерттеу еңбектерімен қатар Қ.Жұмалиев, Қ.Мұхамедханов, Р.Сыздықова және т.б. ғалымдардың еңбектері қосымша оқуға ұсынылған.

Учебный предмет «Русский язык и литература»

(с нерусским языком обучения)

В Госстандарте среднего образования Республики Казахстан отмечается: «Целями обучения русскому языку являются:

- формирование у учащихся лингвистической компетенции;
- формирование у учащихся коммуникативной компетенции;
- формирование у учащихся этнокультуроведческой компетенции;
- формирование у учащихся общенаучных умений и навыков в процессе изучения предмета (работа с книгой, конспектирование, использование справочной литературы и др.).

Целью обучения учебному предмету «Русский язык и литература» является совершенствование навыков речевой деятельности, основанных на

владении системой разноуровневых языковых средств, соблюдении правил и норм русского литературного языка, правил речевого этикета, что способствует развитию функциональной грамотности обучающихся.

Программа по предмету «Русский язык и литература» способствует становлению мировоззрения обучающегося, дает возможность пользоваться информацией различных сфер: социально-культурной, социально-экономической, социально-юридической, научно-технической, учебно-профессиональной; помогает ориентироваться в общемировом образовательном пространстве.

Учебная программа направлена на развитие всех видов речевой деятельности. Задачами учебного предмета «Русский язык и литература» являются:

1) развитие навыков слушания, говорения, чтения, письма, необходимых для общения в социально-культурной, социально-экономической, научно-технической, учебно-профессиональной сферах жизни;

2) совершенствование знаний о единицах языковой системы, правилах их сочетания, функционирования, навыках и умениях конструирования синтаксических структур в соответствии с нормами и правилами русского языка, а также знание теоретико-литературных понятий;

3) развитие умения анализировать художественный текст, определять род и жанр литературного произведения, характеризовать роль изобразительно-выразительных средств, формулировать идею и проблематику произведения;

4) развитие умения выражать собственное отношение к прочитанному, выявлять авторскую позицию;

5) совершенствование навыков создания связного текста (устного и письменного) на соответствующую тему с учетом норм русского литературного языка;

6) совершенствование умений и навыков, связанных с поиском, переработкой и фиксацией информации;

7) совершенствование навыков критического мышления, направленных на формирование у обучающихся навыков на основе чтения и письма, исследовательских умений, навыков анализа, синтеза, оценки, интерпретации информации, полученной на других предметах;

8) использование различных видов чтения в соответствии с коммуникативными задачами;

9) обогащение словарного запаса обучающихся узкоспециальной лексикой и фразеологией русского языка;

10) совершенствование навыков использования информационно-коммуникационных и компьютерных технологий;

11) формирование толерантного отношения к языкам и культурам различных этносов, проживающих в Казахстане и за рубежом.

Грамматический материал изучается в контексте лексических тем на основе текстов художественных произведений.

Содержание учебной программы организовано по разделам обучения, включающим виды речевой деятельности и использование языковых единиц.

Разделы разбиты на подразделы, которые содержат в себе цели обучения по классам в виде ожидаемых результатов по классам.

Цели обучения, организованные последовательно внутри каждого подраздела, позволяют планировать работу и оценивать достижения обучающихся, а также информировать их о следующих этапах обучения.

Краткосрочный план – это предложенные действия на основе целей обучения. При составлении краткосрочного плана учитель может руководствоваться следующими рекомендациями:

- при организации урока необходимо руководствоваться целями, указанными в учебной программе и в учебном плане;
- следует детализировать формулирование целей урока, то есть ставить конкретные, измеримые, достижимые цели;
- на уроке должны быть организованы все виды деятельности;
- при необходимости следует дополнить виды деятельности по усмотрению самого учителя.

План урока должен отвечать следующим требованиям:

- пишите четко сформулированные и подходящие цели урока;
- включите детали различных компонентов плана урока;
- предоставьте подробную информацию о стадиях учебной деятельности и достижения задач обучения, которые логически упорядочены и алгоритмированы для выполнения обучающимися;
- определите соответствующие стратегии для разработки целевых знаний и навыков, предусмотрите проблемы и предложите решения, касающиеся необходимых навыков;
- спланируйте использование соответствующих материалов и ресурсов.

Наиболее эффективными в повышении успешности обучающихся являются следующие стратегии:

- активное обучение (когда обучающиеся выполняют задания и реализуют практические навыки);
- обратная связь (дискуссия об обучении, включающая в себя предоставление личного мнения, которая может происходить либо между сверстниками, либо между учителем и обучающимся);
- формирование у обучающихся уверенности (использование похвалы для мотивации);
- качество обучения (планирование дифференцированных заданий).
- особенно важно учитывать особенности родного языка при обучении русскому, что позволяет не только предупреждать и преодолевать интерференцию, но и решать проблему взаимосвязанного, заранее скоординированного обучения родному и русскому языкам.

Итак, в формировании моноязычия важная роль принадлежит межпредметным связям как эффективному средству обучения и воспитания школьников. Взаимосвязь предметов «русский язык» и «родной язык» на практике проявляется в согласовании программ и учебников по этим учебным дисциплинам с точки зрения учета сходств и различий в их содержании, в

согласовании и координации педагогических приемов и методов учебно-воспитательной работы, которую учителя должны вести во взаимодействии.

Для осуществления межпредметных связей используются специальные приемы. Это открытое и скрытое сопоставление универсальных и специфических явлений русского и родного языков; применение сопоставительных грамматических таблиц, языкового и речевого дидактического материала, дающего наглядное представление о сходстве и различии изучаемых явлений в двух языках.

Необходимость во взаимосвязанном обучении русскому и родному языкам в нерусской школе продиктована жизненными условиями. Опыт передовых учителей русского языка и литературы убеждает нас в том, что знания учащихся нерусских школ и степень владения русской речью выше там, где используются межпредметные связи в преподавании русского и родного языков.

Из сказанного выше следует, что в процессе обучения внимание учителя русского языка должно быть нацелено на использование положительного, стимулирующего влияния родного языка, и только потом на использование специфических особенностей изучаемого языка. Межпредметные связи в процессе обучения неродному языку должны осуществляться в следующей последовательности:

1) Установление сходств между родным и русским языком, что облегчает процесс овладения последним.

2) Установление различий между родным и русским языками, что определит те особенности изучаемого языка, на которые следует обратить большее внимание.

При изучении учебного предмета «Русский язык и литература» рекомендуется:

- создавать позитивную атмосферу обучения, вовлекать всех обучающихся;
- воспитывать у обучающихся уверенность, ответственность, активность и направлять на самоанализ, рефлексию и инновационную деятельность;
- использовать эффективные методы преподавания, направленные на развитие навыков обучающихся;
- организовывать, управлять и планировать групповую (фронтальную или работу в малых группах), индивидуальную, парную или коллективную формы работы, эффективно использовать материалы, ресурсы и дополнительные материалы для проведения запланированных уроков, согласно установленным целям;
- использовать простой, понятный язык для объяснения обучающимся идей, для инструктирования, в разъяснении значений слов;
- наблюдать за обучающимися и предоставлять обратную связь.

В обучении русскому языку как второму рекомендуется исследовать методы активного чтения и письма, что в дальнейшем сформирует эффективные навыки говорения и аудирования.

Некоторые моменты, которые следует учитывать при использовании различных заданий:

- рекомендуется планировать множество различных заданий в рамках одного урока. На одном уроке необходимо включить четыре, пять или более различных заданий. Предусмотреть работу в коротких промежутках времени, например, 10 минут. Время, за которое обучающиеся могут сосредоточить свое внимание, часто довольно короткое;

- обращать внимание, что каждое задание следует за предыдущим, и постоянно напоминать обучающимся о главных учебных целях. Повторяйте задание по-разному. Например, сделать задание в устной форме, а затем попросить класс сделать ту же самую задачу в письменной форме. Это помогает обучающимся понять задачу, приводит к плавному переходу, укрепляет предыдущее обучение и позволяет обучающимся практиковать более одного навыка;

- включать индивидуальные, парные, групповые задания в деятельность всего класса.

Объем учебной нагрузки по учебному предмету «Русский язык и литература» составляет:

1) в 10 классе – 2 часа в неделю, 68 часов в учебном году;

2) в 11 классе – 2 часа в неделю, 68 часов в учебном году.

При оценке языковых компетенций необходимо учитывать следующее:

1. Языковые ошибки обучающихся следует отмечать и обращать их внимание на совершенные ошибки доступным для них способом, однако ошибки не могут повлиять на оценку, если ученик может доступно продемонстрировать свои знания. Главная задача ученика передать свое сообщение, грамматика при этом может страдать. Постепенно самовыражение становится более точным и корректным.

2. Ученики, отвечая на вопросы, могут использовать и первый язык. Поскольку вначале ограниченный словарный запас и знание целевого языка могут стать препятствием при высказываниях и ответах, то на первой стадии обучения это (по крайней мере, частично) разрешается. При этом следует договориться, в какой момент все ученики перейдут на ответы на неродном (целевом) языке и, начиная с того момента, применение первого языка становится скорее исключением. Как правило, в устной речи учитель исправляет возникшую ошибку с помощью перефразирования, повторения правильной формы от ученика не требуется, потому что это может прервать выражаемую мысль, а также ученик может потерять уверенность в выражении мыслей на неродном языке.

3. Если одна и та же ошибка повторяется вновь, в конце объяснения соответствующей темы учитель приводит примеры правильных форм и при необходимости делает ударение на грамматике. Помимо этого, либо педагог, либо класс в целом, в виде совместной деятельности, могут привести некоторые соответствующие теме примеры выражений, имеющие то же самое лингвистическое содержание.

4. При проверке письменных работ языковые ошибки также не учитываются (если выраженная мысль или текст понятны), но педагог указывает это в своих комментариях.

5. На встрече учителя-предметника с учителем языка передается проблемный языковой материал, чтобы учитель языка мог повторить тему на следующем уроке.

Ниже в таблице 66 дано количество суммативного оценивания за раздел.

Таблица 66. Количество суммативных оцениваний по учебному предмету «Русский язык и литература»

класс	Направл.	Всего СОР				Баллы СОЧ			
		1	2	3	4	1	2	3	4
10	ОГН	2	2	2	2	30	30	30	30
11	ОГН	2	2	2	2	30	30	30	30
10	ЕМН	2	2	2	2	30	30	30	30
11	ЕМН	2	2	2	2	30	30	30	30

В таблице 67 приведен уровень владения русским языком и требования к уровням языковых компетенций.

Таблица 67. Лексический уровень

Русский язык как неродной Я 2	Уровни владения русским языком	Объем уч. нагрузки за год	Кол-во слов за один урок	Лексический уровень владения Я2								
				за неделю	за уч. год	Количество активных (новых, ключевых) слов				Допустимые нормы		
						по четвертям				Лексика на входе	Лексика на выходе	
						1	2	3	4	низкий	средний	высокий
10 класс	B1	56 ч.	3	6	168	39	39	51	39	1794	1962	2320
11 класс	B2 (на С 1)	56 ч.	3	6	168	39	39	51	39	1962	2130	2550
Примечания:		*+12 ч.(в каждом классе на СОР)				* в учебниках даны как ключевые слова (они включены в каждый урок по теме программы)				* Наращивание создается в виде спирали из общего число активного (не считая пассивного) словарного запаса учащегося, который в норме составляет диапазон от низкого к высокому		

Требования к уровням языковых компетенций:

10 класс	
Слушание	понимает текст продолжительностью до 8-9 минут; понимает значение слов и терминов по различным темам; прогнозирует вероятное завершение текста; выявляет логические связи в сообщении, выделяет наиболее значимую информацию; понимает содержание предложенного текста, находит в нем грамматические ошибки (видо-временная связь, согласование и др., нарушения в употреблении паронимов и др.); отвечает на проблемные вопросы; понимает тексты различных стилей и типов с изложением

Говорение	владеет объемом словарного запаса, достаточным для эффективного общения по широкому кругу тем; пересказывает текст, выражая собственное понимание проблематики и позиции автора; создает высказывание на основе личных впечатлений и наблюдений; участвует в диалоге по различным темам; самостоятельно рассуждает на заданную тему, с использованием веб-сайтов и сообществ; определяет основную идею текста, выражая собственное мнение; оценивает высказывание на основе личных впечатлений, наблюдений и диалог по актуальной теме
Чтение	понимает сложные тексты разных жанров на абстрактные и конкретные темы; определяет принадлежность текста к различным стилям в соответствии с темой, целью, коммуникативной ситуацией; формулирует проблемные вопросы по тексту; формирует независимое мнение, используя различает факты и мнения; умеет пользоваться типом ознакомительного чтения (сканирование текста), создавая план с цитатами из текста; извлекает необходимую дополнительную информацию; владеет основными приемами переработки печатного текста, используя разные источники информации; создает библиографию; выявляет проблематику текстов/произведений; сравнивает тексты/ произведения по проблематике
Письмо	умеет создавать тексты в соответствии с темой, целью и ситуацией общения; использует метафоры в письме; анализирует и оценивает тексты разных типов и композиций; составляет отзывы на основе проведенного; правильно применяет средства связи (предлоги, частицы в синонимичных и омонимичных конструкциях, союзы для создания сложных предложений); правильно применяет знаки препинания в сложных предложениях; пишет творческие работы; улучшает и редактирует собственный текст
11 класс	
Слушание	понимает текст продолжительностью 15-20 минут; понимает значение слов и терминов по широкому кругу тем и проблемных вопросов; прогнозирует самый вероятный конец различных текстов; понимает содержание различных тестов, определяя грамматические ошибки (видо-временная связь, согласование и др.) в использовании паронимов и др.; отвечает на проблемные вопросы и обоснованно аргументирует свои ответы; понимает тексты разных стилей и типов речи в соответствии с темой, целями, ситуацией общения
Говорение	владеет объемом словарного запаса, приближенным к речи носителя языка; пересказывает текст, выражая и развивая собственное понимание проблематики и позиции автора;

	анализирует проблематику текста и обоснованно аргументирует свое мнение с использованием идей, интерпретаций и предположений, основанных на логике, доказательстве и рассуждении; создает различные высказывания, свободно аргументирует собственную точку зрения; участвует в диалоге по широкому кругу тем; самостоятельно рассуждает на заданную тему, включающую различные подтемы, с широким использованием аудиовизуальных материалов; оценивает различные высказывания и диалоги по широкому кругу тем
Чтение	понимает тексты разных жанров на абстрактные и конкретные темы любой сложности, в том числе и узкоспециальные тексты; читает и анализирует композиционные особенности текстов различных стилей, типов и жанров; формулирует проблемные вопросы на основе прочитанного текста; знает различные виды чтения в зависимости от коммуникативных целей; составляет развернутый план прочитанного текста; извлекает дополнительную информацию из разных источников; анализирует и сравнивает тексты/художественные произведения с произведениями других видов искусств (живопись, музыка, театр, кино), характеризуя их общие и отличительные признаки
Письмо	создает тексты разных типов и стилей в соответствии с темой, целями, проблематикой конкретной ситуации; использует выразительные средства для более точной передачи мыслей, чувств и эмоций; создает рукописные тексты, соблюдая правила оформления письменных работ и печатных текстов; составляет информацию в различных формах (аудио, видео и др.), используя материалы СМИ и электронные средства для составления собственного высказывания; правильно использует в письме самостоятельные и служебные части речи; правильно использует пунктуацию в простых и сложных предложениях, в предложениях с прямой речью, с диалогами и цитатами; пишет развернутые эссе и другие творческие работы на заданную тему; соблюдает смысловую цельность, связность и последовательность изложения; аргументирует точку зрения с использованием литературного и другого материала; использует художественные средства в соответствии с нормами литературного языка.

Алгоритм действий восполнения пробелов знаний по предмету «Русский язык и литература» в школе с казахским языком обучения

В 2021-2022 учебном году предмет «Русский язык и литература» в школе с казахским языком обучения будет представлять собой интегрированное содержание сложных тем предыдущего класса (языковой и литературоведческий материал) и последующего класса, так как возникает

необходимость организации практической работы по употреблению изученного материала в системе упражнений. При этом речевые умения –аудирование, чтение, говорение, письмо – распределены по классам с учетом преемственности, повторяемость этих формируемых умений обеспечена по программе.

Восполнение пробелов знаний как негативных результатов дистанционного обучения в период пандемии должно происходить по усилению практической работы в направлениях: языковой материал; типы текста; стиль текста, литературоведческий материал.

Диагностическая работа:

В 10-11 классах следует сделать акцент на ***комплексный анализ текста***, в рамках которого можно охватить все уровневые средства языковой системы, и на ***комплексный анализ художественного произведения***. Такой комплексный анализ текста рекомендуется выполнять индивидуально по подгруппам из 3-5 учащихся в зависимости от количества учеников в классе (1 раз в месяц языковой анализ текста, 1 раз в месяц анализ художественного произведения). Рекомендуется сдавать во внеурочное время, а подготовка к сдаче осуществляется в ходе обучения на уроках (учащиеся в ходе выполнения выясняют способы решения задач в своих заданиях по комплексному анализу текста).

Схема языкового анализа текста, позволяющая восполнить знания, умения и навыки учащихся за предыдущие 9 и 10 классы, такова:

1. Определите основную идею текста и озаглавьте текст.
2. Определите количество микротем в тексте.
3. В каждой микротеме выделите ключевые слова.
4. Выделите глаголы и зависимые от них слова, определите функцию существительных (дополнение, определение, обстоятельства) и функцию наречий (если есть).
5. Обоснуйте окончания прилагательных в тексте, для этого определите, к каким существительным они относятся.
6. Встречаются ли имена числительные: выпишите, если есть, и определите их разряд (количественные, собирательные, дробные, порядковые) и функцию в предложении.
7. Какие местоимения есть в тексте и какую роль в предложении они выполняют?
8. Выделите все простые предложения в тексте.
9. Найдите в тексте простые предложения, в которых имеются однородные члены, причастные или деепричастные обороты, сравнительные обороты. Запомните, они называются осложненными предложениями.
10. Выделите сложные предложения в тексте (на основе данной вам классификации в таблице определите тип сложного предложения)
11. Объясните все знаки препинания в тексте.
12. Определите стиль текста и обоснуйте свой ответ .

13. Определите основную задачу автора текста, композицию текста, тип текста (описание, повествование, рассуждение).

Схема анализа художественного произведения

1. Жанр произведения. Краткая характеристика жанра. Основная идея произведения.

2. Композиция произведения. Определите признаки художественного стиля

3. Приведите примеры художественно-изобразительных средств в тексте.

4. Раскройте любимый образ героя.

5. Ваше мнение по поводу прочитанного произведения. Какие идеи произведения можно применить к типовым ситуациям нашей современной жизни?

Комплексный подход к анализу текста в старших классах позволяет усилить работу по формированию функциональной грамотности учащихся, которые должны грамотно читать, писать, логически правильно выражать мысли, развивать критическое мышление. Тексты подбираются учителем в рамках изучаемых произведений (литературоведческого направления) и рамках научного, официально-делового и публицистического стилей (языкового направления).

«Шетел тілі» оқу пәні

Жалпы білім беру ұйымдарында жүргізілетін «Шетел тілі» («Ағылшын тілі», «Неміс тілі», «Француз тілі») оқу пәнінің жоспары «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына сәйкес әзірленген.

«Шетел тілі» оқу пәні бойынша оқу процесі ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарымен (төмендетілген оқу жүктемесімен) (2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) жүргізіледі.

«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдары меншік түрі мен нысанына қарамастан, үлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын төмендетілген оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарларын өздері таңдап алады.

Төмендетілген оқу жүктемесі бар Үлгілік оқу жоспарлары бойынша «Шетел тілі» оқу пәнінің Үлгілік оқу бағдарламалары «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілген.

«Ағылшын тілі» оқу пәні

Жалпы орта білім беру деңгейінде «Ағылшын тілі» оқу пәні *(оқыту қазақ тілінде, оқыту қазақ тілінде емес)* бойынша жаңартылған мазмұндағы оқу жүктемесінің көлемі:

10 - сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;

11 - сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат.

«Ағылшын тілі» оқу пәндері (***оқыту ұйғыр, өзбек, тәжік тілдерінде)*** бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

10 - сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;

11 - сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат.

Үлгілік оқу жоспарының түріне байланысты жалпы орта білім беру деңгейінде «Ағылшын тілі» оқу пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі 68-кестеде берілген.

68-кесте. Оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Жалпы жүктеме, сағат			
		Үлгілік оқу жоспары (жаңартылған мазмұн)		Үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)	
		Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
жаратылыстану-математика бағыты					
10	Ағылшын тілі	3	102	2	68
11	Ағылшын тілі	3	102	2	68
қоғамдық-гуманитарлық бағыт					
10	Ағылшын тілі	3	102	3	102
11	Ағылшын тілі	3	102	3	102

Үлгілік оқу бағдарламасы түріне байланысты жалпы орта білім беру деңгейінде «Ағылшын тілі» оқу пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі әртүрлі. Жалпы орта білім беру деңгейінде «Ағылшын тілі» пәнін оқытудың мақсаты – білім алушыларға ағылшын тілін В2 тілдік деңгейінде меңгерту арқылы оларда мәдениетаралық қарым-қатынасқа түсу барысында қажетті дағдылар мен қабілеттерді дамыту.

10-11-сыныпта білім беру процесі келесі үлгілік оқу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады:

- Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған жаратылыстану-математикалық бағыттағы «Ағылшын тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы;
- Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «Ағылшын тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
- Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған жаратылыстану-математикалық бағыттағы «Ағылшын тілі» пәнінен (оқу жүктемесі төмендетілген) үлгілік оқу бағдарламасы.

Оқу бағдарламалары ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылады, онда бөлімдер оқу жылы бойы оқытылады. Педагог тоқсан ішіндегі тақырыптарды зерделеу тәртібі мен олардың сағаттарын өз қалауы бойынша бөледі.

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған жаратылыстану-математикалық бағыттағы «Ағылшын тілі» пәнінен (оқу жүктемесі төмендетілген) үлгілік оқу бағдарламасының ерекшеліктері:

- үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес (оқу жүктемесі төмендетілген) жалпы орта білім беру деңгейінің 11-сыныбын бітірген білім алушылар ағылшын тілін В2 тілдік деңгейінде меңгеріп шығады;

- оқу жүктемесінің төмендетілуі бағдарламаның әрбір бөлімі (Strand) бойынша оқу мақсаттары санының қысқартылуы есебінен жүзеге асырылады.

Үлгілік оқу бағдарламалары ҚР БҒМ бұйрығымен бекітілген және Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының https://nao.kz/ сайтында орналастырылған.

Формативті бағалау кезінде педагог білім алушыларға кері байланыс ұсынуы тиіс. Білім алушылардың формативті бағалау нәтижелерін басып шығару және сақтау талап етілмейді.

Білім алушылардың оқу жетістіктері балл қою арқылы формативті бағаланады:

- тиісті мемлекеттік органдардың шектеу шаралары кезінде;
- әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау бір баллдан 10 баллға дейін жүзеге асырылады.

Оқу пәнінен әр тоқсан сайын бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және 1 рет тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) өткізіледі. 10-11-сыныптарда БЖБ үшін максималды балл кемінде 7 және 20 балдан артық болмауы керек (69-кесте).

69- кесте. Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім бойынша жиынтық бағалау рәсімдерінің саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10-сынып	2*	2*	2*	2*
11-сынып	2*	2*	2*	2*

** Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауда сөйлеу қызметінің екі түрі біріктіріледі (мысалы, тыңдалым және айтылым; оқылым және жазылым).*

«Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша жиынтық бағалау ерекшеліктері https://smk.edu.kz/ сайтында орналастырылған.

Назар аударыңыз!

10-11-сынып білім алушылары үшін Ы.Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойына орай еңбектерін насихаттау мақсатында шет тілінде (ағылшын, неміс, француз тілдері) эссе жұмыстарын жүргізу ұсынылады.

«Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндері

2021-2022 оқу жылында 10-11-сыныпта «Неміс тілі» пәнінен оқу процесі келесі үлгілік оқу бағдарламаларымен жүзеге асырылады:

1) ҚР БҒМ 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Неміс тілі» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (10-11-сыныптар);

2) ҚР БҒМ 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілген «Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Неміс тілі» пәнінен оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу бағдарламасы.

2021-2022 оқу жылында 10-11-сыныпта « Француз тілі» пәнінен оқу процесі келесі үлгілік оқу бағдарламаларымен жүзеге асырылады:

1) ҚР БҒМ 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Француз тілі» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (10-11-сыныптар);

2) ҚР БҒМ 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілген. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Француз тілі» пәнінен оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу бағдарламасы.

«Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндері бойынша оқу бағдарламалары білім алушылардың тілдік дағдыларын дамыту мақсатында сөйлеу қызметінің төрт түрін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) дамытуға бағытталған.

«Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндерінің маңыздылығы: оның коммуникация, ғылым, бизнес, туризм, спорт және т.б. салаларында қолданылуымен ерекшеленеді. Неміс, француз тілдерін білу:

1)білім алушылардың түрлі жағдайдағы қарым-қатынаста сенімділіктерін арттырады;

2) Қазақстанда ғана емес, шетелде де жоғары білім алуға мүмкіндік береді;

3) білім алушылардың неміс тілінде таратылатын жаңалықтар мен ақпараттар алу мүмкіндігін кеңейтеді;

4) білім алушылардың неміс, француз тілдерінде әдеби туындылардың тұпнұсқалық мәтіндерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етеді;

5) Қазақстанды өз елінде және шетелдерде таныту мүмкіндігін кеңейтеді;

6) мектепте қалыптасқан дағдыға, оқыту және білім стратегиясына сүйеніп, өмір бойы оқуға мүмкіндік беріледі.

Жалпы орта білім беру деңгейін (10-11-сыныптар) аяқтаған кезде білім алушылар Жалпыеуропалық шет тілін меңгеру біліктілігіне сәйкес (Common European Framework of Reference, CEFR/Комон Еуроен Фрамуорк оф Реферанс, СИЕФАР) тілдік В1 (орташа – В1.2) деңгейін меңгерулері қажет.

Үлгілік оқу жоспарының түріне байланысты жалпы орта білім беру деңгейінде «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндерін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі әртүрлі (70-кесте).

70-кесте. Оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Жалпы жүктеме, сағат			
		Үлгілік оқу жоспары (жаңартылған мазмұн)		Үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)	
		Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
жаратылыстану-математика бағыты					
10	Неміс тілі	3	102	2	68
10	Француз тілі	3	102	2	68

11	Неміс тілі	3	102	2	68
11	Француз тілі	3	102	2	68
қоғамдық-гуманитарлық бағыт					
10	Неміс тілі	3	102	3	102
10	Француз тілі	3	102	3	102
11	Неміс тілі	3	102	3	102
11	Француз тілі	3	102	3	102

Үлгілік оқу бағдарламалары оқыған деңгейлеріне, сөйлеу қызметінің (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) төрт түрі бойынша тілдік дағдысын бағалау өлшеміне сәйкес неміс тіліне оқыту кезеңін, жалпы оқыту кезеңінің (10-11-сынып) ұзақ мерзімді жоспарын қамтиды.

Үлгілік оқу бағдарламалары ҚР БҒМ бұйрығымен бекітілген және Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтында https://nao.kz/ орналастырылған.

Үлгілік оқу бағдарламалары ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылады. Педагог тоқсан ішіндегі тақырыптарды зерделеу тәртібін және олардың сағаттарын өз қалауы бойынша бөледі.

Оқу пәнінен әр тоқсан сайын бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және 1 рет тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) өткізіледі. 10-11-сыныптарда БЖБ үшін максималды балл кемінде 7 және 20 балдан артық болмауы керек.

Оқу пәндерінен жүргізілетін бөлім бойынша жиынтық бағалау саны 71-кестеде берілген.

71-кесте. «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндері бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім бойынша жиынтық бағалау рәсімдерінің саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10-сынып	2*	2*	2*	2*
11-сынып	2*	2*	2*	2*

* Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауда сөйлеу қызметінің екі түрі біріктіріледі (мысалы, тыңдалым және айтылым; оқылым және жазылым).

«Шетел тілі» пәні бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмыстарын ұйымдастыру

«Шетел тілі» пәні бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша жүйелі жұмыс төмендегідей міндеттерді шешуге бағытталған:

• «Шетел тілі» пәні бойынша білім алушылардың үлгерімі мен білім сапасын арттыруға бағытталған кешенді шаралар қабылдау;

• өзін-өзі бақылауға үйрету;

• өзін-өзі бақылау қажеттілігін қалыптастыру;

• орындалған жұмысқа жауапкершілік танытуға тәрбиелеу;

• оқушылардың жеке шығармашылық қабілеттерін дамыту.

«Шетел тілі» пәні бойынша оқушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау және қалпына келтіру бойынша жұмысты ұйымдастыру төмендегідей кезеңдерден тұрады:

I кезең. Жалпы қателіктерді анықтау;

II кезең. Қателерді түзету;

III кезең. Жіберілген қателіктерді талдау;

IV кезең. Олқылықтарды жоюды жоспарлау;

V кезең. Олқылықтарды жою. Сыныпта талдау жұмысын жүргізу;

VI кезең. Алдын алу шаралары.

I кезең. Жалпы қателіктерді анықтау

Жазбаша жұмыстарды тексеру, ауызша жауап беру, өзіндік және өзара бақылау барысында жүзеге асады.

Жазбаша жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу және өзі дербес орындауын қатаң бақылау ұсынылады. Қателерді анықтауға арналған жазбаша жұмыстың тиімді түрлері:

- оқу жылының басында және соңында қателіктерді талдау бойынша жеке өзіндік жұмыс үшін әр кестеге мәліметтер матрицасын және матрицалардың көшірмелерін құрастыра отырып, тестілеу беріледі;
- оқу жылында дәстүрлі бақылау және кесімді бақылау жұмысы, теориялық материалды жазбаша зерттеу.

Белгілі бір тақырыптың типтік қателері мен жалпы білім беру дағды-қабілеттерін анықтауға бағытталған ББҚ (білім, білу, қабілет) ауызша тексеру. Тест тапсырмаларында есте сақтауды (меңгергендерді жаңғырту), ойлауды (салыстыру, дәлелдеу, жалпылау), сөйлеуді дамытатын сұрақтар қамтылуы тиіс. Ауызша емтиханның сапасы сұрақтардың іріктелуіне және олардың қойылу реттілігіне байланысты болуы қажет. Әрбір сұрақ логикалық түрде толық, қысқа және нақты болуы керек.

Білім алушылардың бойында өзін-өзі бақылау дағдылары мен қабілеттерін қалыптастыру олардың қателіктерін өз бетінше табуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ол тәрбиелік, психологиялық, педагогикалық тұрғыдан тиімді. Мысалы, мынадай формаларды пайдалануға болады: «Қатені тауып, түсіндіріңіз» (өзіңіздің сыныптасыңыз жасаған, педагог жоспарлаған), «Жауабын тексеріп, қатесін түсініңіз», «Жауабыңызды бағалаңыз».

Мектеп оқушыларының оқу іс-әрекетінің сапасы мен тиімділігін өзара бақылау педагогке білім алушылардың білімін тексеруге көмектеседі және адалдық пен әділеттілік, ұжымшылдық сияқты жеке қасиеттерінің дамуына ықпал етеді. Білімді өзара тексеру білім алушылардың белсенділігін дамытады, білімге қызығушылығын арттырады. Өзара бақылау барысында білім алушылардың жеке ерекшеліктері ашылады, білімге қызығушылығы артады.

II кезең. Қателерді түзету

Қателерді түзету қателерді анықтаумен қатар жүреді. Әрбір білім алушы өзінің «проблемалық» тақырыптарын бірнеше рет қайталауы арқылы шет тілін меңгеруде оң нәтижеге қол жеткізе алады.

- Деректер матрицасы - бұл тест нәтижелері енгізілетін кесте. Бұл сыныптағы «меңгере алу» картинасын тұтастай және әрбір білім алушыны жеке көруге мүмкіндік береді;

- Қателіктерді есепке алу (барлық жазбаша жұмыстарда «меңгере алуын» бақылау). Бұл белгілі бір тақырыпты немесе ережені меңгере алмаған әр білім алушының қандай проблемалары бар екенін анықтауға мүмкіндік береді. Нақты қателіктер туралы ақпарат әрбір білім алушының мәліметтеріне енгізіледі (72-кесте).

72-кесте. 10-сынып оқушысы Д.Жақановтың жеке жоспары

Қиындық туғызатын дағдылар мен қабілеттер	26.10	28.10	29.10	31.10	01.11	12.11.	23.11	29.11
Ойын жазбаша білдіруді ұйымдастыру								
Қарым-қатынас мәселесін шешу								
Лексикалық дағдылары								
Грамматикалық дағдылары								
Орфографиялық дағдылары								
Тыныс белгілерін қою дағдылары								

Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша жұмыс формалары әр түрлі болуы мүмкін. Жеке жоспарда топтық сабақтарды - жасыл түспен, сараланған тәсіл - күлгін, жеке сабақтар - көк түстермен бөліп көрсету ұсынылады.

Жеке жоспар парағы олқылықтарды қалпына келтіруге, нақты бір білім алушының білімін толықтыруға арналған және оның жеке қабілеттерін дамытуға бағытталған.

III кезең. Жіберілген қателіктерді талдау

Қателіктерді талдау жұмыс түріне байланысты. Әр жұмыс түрінен кейін ауызша немесе жазбаша, сапалық және сандық талдау жүргізіледі. Мұқият талдау жеке білім алушылардың кемшіліктері мен жетістіктерін терең зерттеуге, білім алушылардың қателері мен негізгі қиындықтарын бөлуге, олардың пайда болу себептерін зерттеуге және оларды жою жолдарын белгілеуге мүмкіндік береді.

IV кезең. Білімдегі олқылықтарды жоюды жоспарлау

Бұл жұмыс талдауға негізделген және оның нәтижелері білім алушыларға айтылады. Педагог сабақты қашан, кімнен, қандай мақсатпен сұрау керектігін және бұл үшін қандай құрал қолдануды жоспарлайды. Қателер бойынша жұмыс әрбір жазбаша жұмыстан кейін, ал қайта бағалау - «қанағаттанарлықсыз» бағадан кейін жүргізіледі. Қатаң бақылау әр білім алушының барлық тесттер мен сынақтарды орындағанына көз жеткізу үшін жүзеге асырылады.

V кезең. Кемшіліктерді жою. Сыныпта талдау жұмысын жүргізу. Ұсынымдар:

- алынған нәтижелер туралы сынып пікірін сұрау;

- жазбаша тексеру (жақсы баға алынғанға дейін) жеке және фронтальды қателер бойынша жұмыс;

- жеке және фронтальды зерттеу кезінде қайталауға арналған тапсырмалар (жақсы бағаға дейін).

VI кезең. Алдын алу шаралары

Келесі алдын алу шаралары білім алушылардың қателіктерін азайтуға ықпал етеді:

- жазбаша тапсырмалардың мәтіндері оңай оқылуы керек;
- білім, білік, дағдыны арттыруға арналған белсенді ауызша жаттығуларды, типтік қателіктерді жүйелі түрде талдау;
- жаңа материалды түсіндіру кезінде қатені болжап, материалды дұрыс меңгеруге арналған тапсырмалар жүйесін таңдау;
- қызығушылық тудыратын, тұрақты зейінді қалыптастыратын тапсырмаларды таңдау;
- өзін-өзі басқаруға жүйелі түрде дағдыландыру.

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толтыру үшін жеке жұмыс бағытын әзірлеу ұсынылады. Яғни, «жеке жоспар парағында (ЖМП)» даму мен оқудағы өзгерістер процесін көрсету керек. Ол әр білім алушыға жеке тәсілді жүзеге асырып қана қоймай, оның біліміндегі олқылықтарды жою үшін жұмысты есепке алуға, қадағалауға, түзетуге, білім беру мотивациясының деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.

Мысалы, «Шетел тілі» пәні бойынша жұмысты бақылау үшін білім алушының «Жеке жоспар» парағы қолданылады. «Жазылым» дағдысы бойынша білім алушының жазу қабілетінің қалыптасуын тексеру кезінде білім деңгейінің төмендеуі мүмкін топты - сары түспен, ал жоғары ынтасы бар білім алушылар тобын – жасыл түспен белгілейді. Білім деңгейі төмендеп кеткен білім алушылардың білім деңгейін көтеру жұмыстарын жүргізіп, олардың проблемалық тұсы анықталады. Мысалы, тексеру жұмыстардың бірі бейресми хат жазу қабілетін тексеруге бағытталады. Бұл тапсырманы орындау кезінде білім алушының лексикалық, грамматикалық және орфографиялық білімін байқауға болады.

«Қарым-қатынас мәселесін шешу» критерийі бойынша «Жазылым» дағдысы кезінде білім деңгейінің төмендеуі мүмкін топтағы білім алушының қателіктерін анықтау:

- қарым-қатынастағы қателігі (досына);
- жазылым дағдысындағы қойылған сұраққа толық және нақты жауап бере алмауы (негізгі бөлімде тапсырманың барлық аспектілері ашылмаған);
- жазылым дағдысындағы жеткіліксіз көлемі.

«Мәтінмен жұмыс» критерийі бойынша:

- абзацтарға дұрыс мән бермеу;
- лексикалық тұрғыда логикалық байланыстың болмауы.

«Мәтіннің тілдік безендірілуі» критерийі бойынша:

- грамматикалық қателер (мәтіннің болмауы, үш шақтағы етістіктердің дұрыс қолданылмауы, сөйлемдердің дұрыс құрылмауы);

- жеке сөздердің дұрыс жазылмауы;
- тыныс белгілердің дұрыс қолданылмауы;
- лексикалық қателер.

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Жазғы мектеп жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулар әзірледі. Әдістемелік нұсқаулар «Шетел тілі» пәніне арналған күрделі тақырыптарды /оқу мақсаттарын анықтайды (1-10-сыныптар). Әдістемелік ұсынымдар Академияның http://nao.kz сайтында орналастырылған.

Пандемия мен шектеу шаралары кезінде «Шетел тілі» пәні бойынша барлық тілдік дағдылар қамтылмауы мүмкін. Сондықтан «Шет тілі» пәні мұғалімдеріне білім алушылардың тілдік қажеттіліктерін ескере отырып, лексикалық немесе грамматикалық тақырыпты таңдау құқығы беріледі. Мысалы, 73-кестеде білім алушылардың білімін толықтыру мен олқылықтарды жою үшін сынып бойынша ұсынылатын күрделі тақырыптар берілген.

73-кесте. 10 сыныптардағы «Шетел тілі» оқу пәнінің күрделі тақырыптарының мысалы:

Ағылшын тілі	Неміс тілі	Француз тілі
10 класс		
Stress and fear	Soziale Sicherheit – Staatsfort-schritt	Kazakhstan est mon pays natal
Independent project	IT-Technoligien	La France.La politique et l’économie
The material world	Wissenschaft und Technik	La santé
11 класс		
Blood types	Soziale Sicherheit – Staatsfort-schritt	La cuisine française
Brain Technology	Wie sind Führereigenschaften zu entfalten	Les belles lettres
Neurones	Wirtschaft und Konkurrenzfähig-keit des Landes	La France dans l’Union européenne

Педагог бақылау құралдарын оңтайлы қолдану арқылы білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтырады және әрбір білім алушының белсенді жұмысын қамтамасыз етеді. **Педагогтерге:**

✓ сыни ойлауды дамытуға бағытталған жағдаяттық тапсырмаларды қолдану;

✓ функционалдық сауаттылықты қалыптастыру;

✓ оқытудың интерактивті әдістерін қолдану (жоба әдісі, пікірталас, ойын, ізденіс әдістері);

✓ жеке кеңес, қосымша сабақтар ұйымдастыру;

✓ «жексенбілік мектеп», «демалыс мектебі», «жазғы мектепті» саны 15 баладан асырмай ұйымдастыру **ұсынылады.**

Білім алушылардың сенбілік, жексенбілік сабақтарын кестеге сәйкес ұйымдастыру ұсынылады. Мұнда білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жою үшін ғана емес, сонымен қатар олардың қарым-қатынас дағдыларын дамыту үшін де мақсатты жұмыс жүргізіледі. Кеңес беру арқылы білім алушылардың әр түрлі (топтық, жеке) жұмыс түрлерін біріктіреді.

Қосымша сабақтарға дайындықты педагогтер де, білім алушылар да бірлесе жүзеге асырады. Педагог оқылатын материалдың мазмұнын логикалық-дидактикалық талдаумен бірге қиындықтарды, кемшіліктерді, білім алушылардың ауызша жауаптарындағы қателіктерін және оқылатын тілдегі жазбаша жұмыстарды жүйелейді. Осы негізде ол қосымша сабақ кезінде қайта оқытылуы мүмкін тақырыптардың тізімін нақтылайды. Білім алушылар өз кезегінде қосымша сабақтарға дайындалуды үйренеді, оның шарттары алдын-ала өзара келісіледі.

МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ИНФОРМАТИКА» БІЛІМ САЛАСЫ

«Математика және информатика» білім саласы бойынша жаратылыстану-математика бағыты және қоғамдық-гуманитарлық бағытта келесі пәндер оқытылады: «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия», «Информатика».

«Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия» (ЖМБ, ҚГБ) оқу пәндері

Үлгілік оқу жоспарларының түріне байланысты білім беру ұйымдарында жалпы орта білім беру деңгейіндегі «Математика және информатика» білім саласы пәндерін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі әртүрлі болуы мүмкін.

Жалпы орта білім беру деңгейінде жаратылыстану-математика бағыты және қоғамдық-гуманитарлық бағытта оқытылатын «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия» пәндері бойынша оқу жүктемесі 74-кестеде көрсетілген.

74-кесте. Оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Жалпы жүктеме, сағат			
		Үлгілік оқу жоспары (жаңартылған мазмұн)		Үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)	
		Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
10-сынып (ҚГБ)	Алгебра және анализ бастамалары	3	102	2	68
10-сынып (ЖМБ)	Алгебра және анализ бастамалары	4	136	3	102
10-сынып (ҚГБ)	Геометрия	1	34	1	34
10-сынып (ЖМБ)	Геометрия	2	68	2	68
11-сынып (ҚГБ)	Алгебра және анализ бастамалары	3	102	2	68
11-сынып (ЖМБ)	Алгебра және анализ бастамалары	4	136	3	102
11-сынып (ҚГБ)	Геометрия	1	34	1	34
11-сынып (ЖМБ)	Геометрия	2	68	2	68

74-кестеден көріп отырғандай, апталық оқу жүктемесі жаратылыстану-математика бағытында және қоғамдық-гуманитарлық бағытта оқытылатын

«Алгебра және анализ бастамалары» пәндерінен ғана төмендетілген.

Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарлары бойынша Үлгілік оқу бағдарламалары әзірленіп, ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «27» қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілді. Аталған оқу бағдарламаларын академия www.nao.kz сайтынан жүктеп алуға болады.

Жалпы орта білім беру деңгейінде «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия» оқу пәндерін оқыту маңызды болып табылады, себебі оны оқып-үйрену барысында математиканың практикалық маңыздылығы, тұлғаның логикалық және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін қалыптастыру мен дамыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік жасайды. Сондай-ақ, ғылыми-жаратылыстану пәндерін оқып-білуге қажетті математикалық білім мен білік негіздерін игеру қоршаған ортаның біртұтастығы туралы түсінікті қалыптастыруға ықпал етеді.

«Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия» оқу пәндерін оқыту мақсаты: қазіргі замандағы қоғамда өзін еркін сезінуге адамға қажетті ойлау қасиеттерін қалыптастыру арқылы оқушылардың зияткерлік деңгейін дамыту; практикалық іс-әрекеттерде қолдануда, басқа пәндерді үйренуде, білім алуды жалғастыруда қажетті математикалық білімді меңгеру.

Үлгілік оқу бағдарламаларының түрлеріне қарай жалпы орта білім беру деңгейінде «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия» пәндерінің базалық білім мазмұны мен оқыту мақсаттарының жүйелеріне тоқталайық.

1. Үлгілік оқу бағдарламаларына (төмендетілген оқу жүктемесімен) сәйкес жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша 10-11-сыныптарда «Алгебра және анализ бастамалары» пәнін оқытуға аптасына 3 сағат бөлінген.

Осыған байланысты жаңартылған мазмұнның үлгілік оқу бағдарламаларында берілген келесі бөлімдер мен бөлімшелер қысқартылды:

– «Функция, оның қасиеттері және графигі» бөлімінен «Бөлшек-сызықты функция»;

– «Кері тригонометриялық функциялар» бөлімінен «Кері тригонометриялық функциялары бар қарапайым теңдеулер»;

– «Туынды» бөлімінен «Кері тригонометриялық функциялардың туындылары»;

– «Туындының қолданылуы» бөлімінен «Функция графигінің иілу нүктелері, функция графигінің дөңестігі»;

– «Кездейсоқ шамалар және олардың сандық сипаттамалары» бөлімінен «Үлкен сандар заңы»;

– «Ықтималдық» бөлімінен «Жуықтап есептеулер үшін Ньютон биномы (натурал көрсеткішті)», «Толық ықтималдық формуласы және Байес формуласы», «Бернулли формуласы және оның салдарлары», «Нақты құбылыстар мен процестердің ықтималдық модельдері»;

– «Алғашқы функция және интеграл» бөлімінен «Интегралдау әдістері» тақырыбы;

– «Көпмүшелер» бөлімі;

– «Комплекс сандар» бөлімі;

– «Дифференциалдық теңдеулер» бөлімі.

2. Қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша 10-11-сыныптарда «Алгебра және анализ бастамалары» пәнін оқытуға аптасына 2 сағат бөлінген. Осыған байланысты жаңартылған мазмұнның үлгілік оқу бағдарламаларында берілген «Математикалық статистика элементтері» бөлімі (Басты жиын және таңдама. Дискретті және интервалды вариациялық қатарлар. Кездейсоқ шаманың сандық сипаттамаларын таңдамалар бойынша бағалау) қысқартылды.

ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларының» 14-5-тармағына сәйкес бөлім бойынша жиынтық бағалау тоқсанына үш реттен артық өткізілмейді және бөлімді екі кезеңде өткізуге болады.

Үлгілік оқу бағдарламаларына (жаңартылған мазмұнның) сәйкес жаратылыстану-математика бағыты және қоғамдық-гуманитарлық бағытта оқытылатын «Алгебра және анализ бастамалары» оқу пәнінен өткізілетін бөлім бойынша жиынтық бағалау саны 75-кестеде көрсетілген.

75-кесте. «Алгебра және анализ бастамалары» оқу пәні бойынша жиынтық бағалау саны (жаңартылған мазмұн)

Сынып	Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10-сынып ЖМБ	3	3	3	2
10-сынып ҚГБ	2	3	3	1
11-сынып ЖМБ	2	2	3	1
11-сынып ҚГБ	2	2	2	1

Үлгілік оқу бағдарламаларына (төмендетілген оқу жүктемесімен) сәйкес жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарда оқытылатын «Алгебра және анализ бастамалары» оқу пәнінен әр тоқсан сайын өткізілетін бөлім бойынша жиынтық бағалау рәсімінің нақты саны 76-кестеде көрсетілген.

76-кесте. «Алгебра және анализ бастамалары» оқу пәні бойынша жиынтық бағалау саны (төмендетілген оқу жүктемесі)

Сынып	Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10-сынып ЖМБ	3	3	2	1
10-сынып ҚГБ	2	2	2	1
11-сынып ЖМБ	2	1	3	1
11-сынып ҚГБ	2	2	2	1

3. Жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша 10-11-сыныптарда «Геометрия» пәнін оқытуға аптасына 2 сағат бөлінген. Оқыту бағытына сәйкес пәннің базалық мазмұны кеңейтілген.

Назар аударыңыз!

Жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша 11-сыныптағы «Геометрия» оқу пәніне арналған оқу бағдарламасындағы ұзақ мерзімді жоспарға өзгеріс енгізілген («Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі №352 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР БҒМ 2019 жылғы 7 наурыздағы №105 бұйрығы).

Сондықтан 11-сыныптағы жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша «Геометрия» оқу пәнінен күнтізбелік жоспар жасау кезінде ұзақ мерзімді жоспарды негізге алу керек (77-кесте).

77-кесте. Өзгерістер енгізілген Ұзақ мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
10-сыныптағы геометрия курсын қайталау		
Көпжақтар	Көпжақты бұрыш, геометриялық дене туралы түсінік	11.1.1-көпжақты бұрыш пен геометриялық дене ұғымдарын білу, оларды жазықтықта кескіндей алу;
	Көпжақ ұғымы	11.1.2- көп жақтың анықтамасын және оның элементтерін білу; 11.3.3-көпжақтардың элементтерін табуға есептер шығару;
	Призма және оныңэ лементтері, призма түрлері	11.1.3-призманың анықтамасын, оның элементтерін, призма түрлерін білу; оларды жазықтықта кескіндей алу; 11.3.3-көпжақтардыңэлементтерінтабуғаесептер шығару;
	Призманың жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары	11.3.1-призманың бүйір және толық бетінің аудандары формулаларын қорытып шығару және оларды есептер шығаруда қолдану; 11.1.11-көпжақтар мен айналу денелерінің жазбаларын жасай алу;
	Пирамида және оның элементтері. Дұрыс пирамида	11.1.4-пирамиданың анықтамасын, оның элементтерін, пирамида түрлерін білу; оларды жазықтықта кескіндей алу; 11.2.4-пирамида төбесінің табан жазықтығына проекциясының орналасуын анықтау; 11.3.3-көпжақтардың элементтерін табуға есептер шығару;
	Қиықпирамида	11.1.5-қиық пирамида анықтамасын білу, оны жазықтықта кескіндей алу; 11.3.3-көпжақтардың элементтерін табуға есептер шығару;

2-тоқсан		
Көпжақтар	Пирамиданың, қиық пирамиданың жазбасы, бүйір беті және толық бетінің аудандары	11.3.2 - пирамиданың (қиық пирамиданың) бүйір және толық бетінің аудандары формулаларын қорытып шығару және оларды есептер шығаруда қолдану; 11.1.11 - көпжақтар мен айналу денелерінің жазбаларын жасай алу;
	Көпжақтардың жазықтық пен қималары	11.2.1 - көпжақтың жазықтық пен қималарын сала білу;
	Дұрыскөпжақтар	11.1.6 - дұрыс көпжақтың анықтамасын білу, дұрыс көпжақтардың түрлерін ажырата білу;
Кеңістіктегі түзу мен жазықтық теңдеулерінің қолданылуы	Кеңістіктегі түзу мен жазықтықтың өзара орналасуы	11.2.6 – кеңістіктегі түзу мен жазықтықтың өзара орналасуын білу;
	Кеңістіктегі нүктеден жазықтыққа дейінгі арақашықтық	11.4.1 – нүктеден жазықтыққа дейінгі арақашықтықты табу формуласын білу және оны есептер шығаруда қолдану;
	Кеңістіктегі түзулер арасындағы бұрышты, түзу мен жазықтық арасындағы бұрышты табу	11.4.2 – түзулер арасындағы бұрышты (түзулердің теңдеулері бойынша) табу; 11.4.3 – координаталардағы түзулердің параллельдігі мен перпендикулярлығы шартын есептер шығаруда қолдану; 11.4.5 – түзу мен жазықтық арасындағы бұрышты табу;
3-тоқсан		
Айналу денелері және олардың элементтері	Цилиндр және оның элементтері. Цилиндрдің жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары	11.1.7 – цилиндрдің анықтамасын, оның элементтерін білу; цилиндрді жазықтықта кескіндей алу; 11.3.4 – цилиндрдің бүйір беті және толық беті аудандары формулаларын қорытып шығару және оларды есептер шығаруда қолдану; 11.3.5 – айналу денелерінің (цилиндр, конус, қиық конус, шар) элементтерін табуға есептер шығару; 11.1.11 – көпжақтар мен айналу денелерінің жазбаларын жасай алу;
	Конус және оның элементтері. Конустың жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары	11.1.8 - конустың анықтамасын, оның элементтерін білу; конусты жазықтықта кескіндей алу; 11.3.5 – айналу денелерінің (цилиндр, конус, қиық конус, шар) элементтерін табуға есептер шығару; 11.3.6 - конустың бүйір және толық беті аудандары формулаларын қорытып шығару және оларды есептер шығаруда қолдану; 11.1.11 – көпжақтар мен айналу денелерінің жазбаларын жасай алу;

	Қиық конус және оның элементтері. Қиық конустың жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары	11.1.9-қиықконустыңанықтамасын,оныңэлементтерінбілу,қиықконустыжазықтықтакескіндейалу; 11.3.5 – айналу денелерінің (цилиндр, конус, қиық конус, шар) элементтерін табуға есептер шығару; 11.3.7 – қиық конустың бүйір беті және толық беті аудандары формуларын қорытып шығару және оларды есептер шығаруда қолдану; 11.1.11 – көпжақтар мен айналу денелерінің жазбаларын жасай алу;
	Сфера, шар және олардың элементтері. Сфера бетінің ауданы	11.1.10 - сфера, шардың анықтамаларын білу; жазықтықта кескіндей алу; 11.3.8 – сфера бетінің ауданын табуға есептер шығару;
	Сфераға жүргізілген жанама жазықтық	11.2.3 – сфера мен жазықтықтың өзара орналасуын білу; 11.4.4 – координаталардағы сфера мен жазықтықтың өзара орналасуына есептер шығару; 11.3.9 – сфераға жанама жазықтықтың анықтамасын және қасиетін білу; 11.3.10 – шар мен сфераның жазықтық пен қималарына байланысты есептер шығару;
	Цилиндр, конус және шардың жазықтық пен қималары	11.2.2 - цилиндрдің, конустың және шардың жазықтық пен қималарын кескіндеу;
4-тоқсан		
Денелердің көлемдері	Денелер көлемдерінің жалпы қасиеттері	11.3.11 – кеңістік денелерінің көлемдерінің қасиеттерін білу және қолдану;
	Призма көлемі	11.3.12 – призма көлемін табу формуласын білу және оны есептер шығаруда қолдану;
	Пирамида және қиық пирамида көлемдері	11.3.13 – пирамида және қиық пирамида көлемдерін табу формулаларын білу және оларды есептер шығаруда қолдану;
	Цилиндр көлемі	11.3.14 – цилиндр көлемін табу формуласын білу және оны есептер шығаруда қолдану;
	Конус және қиық конус көлемдері	11.3.15 – конус және қиық конус көлемдерін табу формулаларын білу және оларды есептер шығаруда қолдану;
	Кеңістік фигураларының ұқсастығы	11.3.17 – кеңістіктегі ұқсас фигуралар көлемдерінің қасиетін білу және оны есептер шығаруда қолдану;
	Шар және оның бөліктерінің көлемдері	11.3.16 – шар және оның бөліктері көлемдерін табу формулаларын білу және оларды есеп шығаруда қолдану;

	Геометриялық денелердің комбинациялары	11.2.5 - көпжақтар мен айналу денелерінің комбинацияларын жазықтықта кескіндеу; 11.3.18 – геометриялық денелерінің комбинациясына берілген практикалық мазмұнды есептер шығару;
	10-11-сыныптардағы геометрия курсын қайталау	

4. Қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша 10-11-сыныптарда «Геометрия» оқу пәнін оқытуға аптасына 1 сағат бөлінген. «Геометрия» оқу пәнінің базалық білім мазмұнында қолданыстағы оқу бағдарламасымен салыстырғанда өзгерістер жоқ.

10-11-сыныптарда «Геометрия» оқу пәнін оқытуда пәннің практикалық бағыттылығы күшейтіледі.

Үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жаратылыстану-математика бағыты және қоғамдық-гуманитарлық бағытта оқытылатын «Геометрия» оқу пәнінен әр тоқсан сайын өткізілетін бөлім бойынша жиынтық бағалау рәсімінің нақтысаны 78-кестеде көрсетілген.

78-кесте. «Геометрия» оқу пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10-сынып (ЖМБ)	1	1	2	1
10-сынып (ҚГБ)	1	1	2	1
11-сынып (ЖМБ)	1	2	2	1
11-сынып (ҚГБ)	1	1	1	1

ҚР Білім және ғылым министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының 14-4-тармағына сәйкес оқу жүктемесі аптасына 1 сағат болған жағдайда қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады.

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11- сыныптарда «Геометрия» пәнінің апталық жүктемесі 1 сағатты құрайды. Сондықтан «Геометрия» пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалау өткізілмейді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады.

10-11-сыныптардағы «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия» пәндерінен білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша ұсынымдар

2021-2022 оқу жылы бойы 5-6-сыныптардағы 10-11-сыныптардағы «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия» пәндерінен шектеу шаралары кезеңінде жіберілген білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың

орнын толықтыру бойынша жұмыс жүргізу және бұл жұмысты кезең-кезеңмен өткізу ұсынылады.

1-кезең. ***Диагностикалық жұмыс*** **(I тоқсанның бірінші аптасы).**

1) Кешенді диагностикалық жұмысты жүргізу.

Төмендегі кестеде сыныптар бойынша тапсырмалар әзірлеу үшін ұсынылған *тақырыптар* берілген.

Сынып	***Тапсырмалар әзірлеу үшін ұсынылған тақырыптар***
10-сынып, Алгебра және анализ бастамалары (ҚГБ, ЖМБ) Тапсырмалар 9-сыныпқа арналған «Алгебра» пәнінен оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары бойынша құрастырылады.	*Екі айнымалысы бар сызықты емес теңдеулер. Екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесі. Екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесін шешу. Екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесі көмегімен мәтінді есептер шығару. Екі айнымалысы бар теңсіздіктер. Екі айнымалысы бар теңсіздіктер жүйесі.* *Арифметикалық прогрессия. Геометриялық прогрессия. Шексіз кемімелі геометриялық прогрессия.* *Кез келген бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсі. Бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсінің мәндері. Тригонометриялық функциялар және олардың қасиеттері. Негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктер. Тригонометрия формулалары. Тригонометриялық өрнектерді тепе-тең түрлендіру.*
10-сынып, Геометрия (ҚГБ, ЖМБ) Тапсырмалар 9-сыныпқа арналған «Геометрия» пәнінен оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары бойынша құрастырылады.	*Векторлардың теңдігі. Векторларды қосу және оның қасиеттері, векторларды азайту, векторды санға көбейту. Жазықтықтағы векторды екі коллинеар емес векторлар бойынша жіктеу. Вектордың координаталары. Координаталық түрде берілген векторларға амалдар қолдану. Векторлардың арасындағы бұрыш. Векторлардың скалярлық көбейтіндісі.* *Жазықтықта түрлендіру. Үшбұрыштар ұқсастығының белгілері.* *Синустар және косинустар теоремалары.* *Шеңберге іштей немесе сырттай сызылған үшбұрыштың ауданын пайдаланып шеңбердің радиусын табу формулалары.* *Іштей сызылған бұрыш және оның қасиеттері.* *Шеңбердің хордалары мен қиюшы кесінділерінің пропорционалдығы туралы теорема.* *Дұрыс көпбұрыштар және олардың қасиеттері.* *Шеңбер доғасының ұзындығы. Сектор мен сегмент ауданы.* *Іштей және сырттай сызылған шеңберлердің радиустарын көпбұрыштың қабырғаларымен, периметрімен және ауданымен байланыстыратын формулалар.*
11-сынып, Алгебра және анализ бастамалары Тапсырмалар 10-сыныпқа арналған	*Функция және оның берілу тәсілдері. Функциялардың графиктерін түрлендіру. Функцияның қасиеттері.* *Қарапайым тригонометриялық теңдеулер.* *Тригонометриялық теңдеулер және олардың жүйелерін шешу әдістері.* *Тригонометриялық теңсіздіктерді шешу.* *Функцияның нүктедегі және шексіздіктегі шегі. Туынды табу*

«Алгебра және анализ бастамалары» пәнінен оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары бойынша құрастырылады.	*ережелері.* *Туындының физикалық және геометриялық мағынасы. Функция графигіне жүргізілген жанаманың теңдеуі.* *Функцияның өсу және кему белгілері. Функцияның кризистік нүктелері мен экстремум нүктелері.* *Туындының көмегімен функцияны зерттеу және графигін салу.* *Функцияның кесіндідегі ең үлкен және ең кіші мәндері.*
11-сынып, Геометрия (ҚГБ, ЖМБ) Тапсырмалар 10-сыныпқа арналған «Геометрия» пәнінен оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары бойынша құрастырылады.	*Стереометрия аксиомалары және олардың салдарлары. Кеңістіктегі түзулердің өзара орналасуы. Түзу мен жазықтықтың өзара орналасуы. Жазықтықтардың өзара орналасуы.* *Кеңістіктегі бұрыштар.* *Перпендикуляр және көлбеу.* *Үш перпендикуляр туралы теорема.* *Кеңістіктегі арақашықтық.* *Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар.*

2) Кешенді диагностикалық жұмыстың қорытындысы бойынша:

- шектеу шаралары кезеңінде білім алушылардың білімінде олқылықтар бар оқыту мақсаттарын (тақырыптарын) анықтау;

- анықталған оқыту мақсаттарынан қайсысы жаңа оқу жылында пән бойынша оқыту мақсаттарына сәйкес келетінін, қайсысы сәйкес келмейтінін анықтау.

2-кезең. Жұмысты жоспарлау (II тоқсанның екінші аптасы).

1) Жаңа оқу жылындағы пән бойынша оқыту мақсаттарына сәйкес келетін оқу мақсаттарын ескере отырып, қысқа мерзімді жоспарлар жасау;

2) білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша жеке жұмыс жоспарларын әзірлеу.

3 кезең. Жұмыс жүргізу (оқу жылы бойы).

1) Оқыту мақсаттары біріктірілген қысқа мерзімді жоспар негізінде сабақты ұйымдастыру (қатарынан алынған екі сыныптың тиісті оқу мақсаттары).

10-11-сыныптардағы оқыту мақсаттарын біріктіру *мысалдары* келесі кестеде келтірілген.

10-сынып, Алгебра және анализ бастамалары	
10-сыныптың оқыту мақсаттары	**9-сыныптың оқыту мақсаттары**
10.1.3.1 - тригонометриялық функциялар анықтамаларын, қасиеттерін білу және олардың графиктерін сала білу; 10.1.3.2 - тригонометриялық функциялардың графиктерін түрлендірулер көмегімен сала білу;	9.1.1.1 - бұрыштың радиандық өлшемі ұғымын меңгеру; 9.1.2.1 - градусты радианға және радианды градусқа айналдыру; 9.1.1.2 - бірлік шеңбердің бойында

	$0; \frac{\pi}{2}; \pi; \frac{3\pi}{2}; 2\pi$ сандарын белгілеу; 9.2.4.1 - тригонометриялық функциялардың анықтамаларын білу;
10.3.1.3 - функция қасиеттерін анықтай алу; 10.3.1.4 - функцияның берілген графигі бойынша оның қасиеттерін: 1) функцияның анықталу облысы; 2) функцияның мәндер жиыны; 3) функцияның нөлдері; 4) функцияның периодтылығы; 5) функцияның бірсарындылық аралықтары; 6) функцияның таңбатұрақтылық аралықтары; 7) функцияның ең үлкен және ең кіші мәндері; 8) функцияның жұптылығы, тақтылығы; 9) функцияның шектелгендігі; 10) функция үзіліссіздігі; 11) функцияның экстремумдары сипаттай алу;	9.2.4.6 - бірлік шеңбердің көмегімен тригонометриялық функциялардың жұптылығын (тақтылығын), периодтылығын , бірсарындылығын және таңбатұрақтылық аралықтарын түсіндіру;
10.1.3.6 - тригонометриялық теңдеулерді көбейткіштерге жіктеу арқылы шеше алу; 10.1.3.7 - квадрат теңдеуге келтірілетін тригонометриялық теңдеулерді шеше алу; 10.1.3.8 - біртекті тригонометриялық теңдеулерді шеше алу;	9.2.4.3 - бұрыштардың қосындысы мен айырымының, жарты және қос бұрыштың тригонометриялық формулаларын қорытып шығару және қолдану; 9.2.4.4 - келтіру формулаларын қорытып шығару және қолдану; 9.2.4.7 - тригонометриялық функциялардың қосындысы мен айырымын көбейтіндіге және көбейтіндісін қосындыға немесе айырымға түрлендіру формулаларын қорытып шығару және қолдану; 9.2.4.8 - тригонометриялық өрнектерді тепе-тең түрлендіруді орындау;
10-сынып, Геометрия	
10-сыныптың оқыту мақсаттары	**9-сыныптың оқыту мақсаттары**
10.3.2 - түзу мен жазықтық арасындағы бұрыштың анықтамасын білу, кескіндей алу және оның шамасын табу;	9.1.3.4 - векторлардың скаляр көбейтіндісін және оның қасиеттерін білу және қолдану; 9.1.3.5 - векторлар арасындағы бұрышты есептеу;
10.3.3 - жазықтықтар арасындағы бұрыштың (екіжақты бұрыш) анықтамасын білу, кескіндей алу және оның шамасын табу;	9.1.3.4 - векторлардың скаляр көбейтіндісін және оның қасиеттерін білу және қолдану; 9.1.3.5 - векторлар арасындағы бұрышты есептеу;
11-сынып, Алгебра және анализ бастамалары	
11-сыныптың оқыту мақсаттары	**10-сыныптың оқыту мақсаттары**
11.3.1.1 алғашқы функция және анықталмаған интеграл анықтамаларын білу; 11.3.1.2 - анықталмаған интеграл қасиеттерін білу және қолдану;	10.3.1.9 - функция туындысының анықтамасын білу және анықтама бойынша функцияның туындысын табу; 10.3.1.10 - тұрақты функцияның және дәрежелік функцияның туындыларын табу; 10.3.1.13 - тригонометриялық функциялардың туындыларын табу;

	10.3.1.14 - күрделі функцияның анықтамасын білу және оның туындысын табу;
11.3.1.5 - анықталған интеграл ұғымын білу және оны есептеу;	10.3.1.9 - функция туындысының анықтамасын білу және анықтама бойынша функцияның туындысын табу; 10.3.1.10 - тұрақты функцияның және дәрежелік функцияның туындыларын табу; 10.3.1.13 - тригонометриялық функциялардың туындыларын табу; 10.3.1.14 - күрделі функцияның анықтамасын білу және оның туындысын табу;
11.1.2.3 - айнымалыны алмастыру әдісі арқылы иррационал теңдеулерді шеше алу;	10.1.3.6 - тригонометриялық теңдеулерді көбейткіштерге жіктеу арқылы шеше алу; 10.1.3.7 - квадрат теңдеуге келтірілетін тригонометриялық теңдеулерді шеше алу;
11-сынып, Геометрия	
11-сыныптың оқыту мақсаттары	**10-сыныптың оқыту мақсаттары**
11.3.1 - призманың бүйір және толық бетінің аудандары формулаларын қорытып шығару және оларды есептер шығаруда қолдану;	10.3.1 - үш перпендикуляр туралы теореманы білу және оны есептер шығаруда қолдану; 10.3.2 - түзу мен жазықтық арасындағы бұрыштың анықтамасын білу, кескіндей алу және оның шамасын табу; 10.3.5 - кеңістіктегі перпендикуляр, көлбеу және көлбеудің проекциясы анықтамаларын білу.
11.3.2 - пирамиданың (қиық пирамиданың) бүйір және толық бетінің аудандары формулаларын қорытып шығару және оларды есептер шығаруда қолдану;	10.3.1 - үш перпендикуляр туралы теореманы білу және оны есептер шығаруда қолдану; 10.3.2 - түзу мен жазықтық арасындағы бұрыштың анықтамасын білу, кескіндей алу және оның шамасын табу;
11.3.13 - пирамида және қиық пирамида көлемдерін табу формулаларын білу және оларды есептер шығаруда қолдану;	10.3.4 - нүктеден жазықтыққа дейінгі және айқас түзулер арасындағы арақашықтықтарды таба білу; 10.3.5 – кеңістіктегі перпендикуляр, көлбеу және көлбеудің проекциясы анықтамаларын білу.

2) ата-аналары немесе заңды өкілдерінің келісімімен білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша жаңа сабақтың алдында, сенбі күндері, каникул күндері (күзгі, қысқы, көктемгі), жазғы мектеп кезінде консультациялар/жеке консультациялар, қосымша сабақтар ұйымдастыру.

Шектеу шаралары кезеңінде жіберілген білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша консультациялар/жеке консультациялар, қосымша сабақтар ұйымдастыру кезінде оқу бағдарламасы бойынша алдыңғы сыныпта қарастырылған келесі оқыту мақсаттарын қайталауға және бекітуге ерекше назар аудару ұсынылады:

10-сынып, «Алгебра және анализ бастамалары пәні»:

9.2.2.1 - екі айнымалысы бар сызықтық және сызықтық емес теңдеулерді ажырату;

9.2.2.2 - екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесін шешу;

9.2.2.3 - екі айнымалысы бар теңсіздіктерді шешу;

9.2.2.4 - екі айнымалысы бар сызықтық емес теңсіздіктер жүйесін шешу;

9.2.3.5 - арифметикалық прогрессиялардың n-ші мүшесін, алғашқы n мүшелерінің қосындысын есептеу формулаларын, сипаттамалық қасиетін білу және қолдану;

9.2.3.6 - геометриялық прогрессиялардың n-ші мүшесін, алғашқы n мүшелерінің қосындысын есептеу формулаларын, сипаттамалық қасиетін білу және қолдану;

9.2.3.7 - арифметикалық немесе/және геометриялық прогрессияларға байланысты есептер шығару;

9.2.4.3 - бұрыштардың қосындысы мен айырымының, жарты және қос бұрыштың тригонометриялық формулаларын қорытып шығару және қолдану;

9.2.4.4 - келтіру формулаларын қорытып шығару және қолдану;

9.2.4.5 - бірлік шеңбердің көмегімен тригонометриялық функциялардың анықталу облысы мен мәндер жиынын табу;

9.2.4.7 - тригонометриялық функциялардың қосындысы мен айырымын көбейтіндіге және көбейтіндісін қосындыға немесе айырымға түрлендіру формулаларын қорытып шығару және қолдану;

9.2.4.8 - тригонометриялық өрнектерді тепе-тең түрлендіруді орындау;

10-сынып «Геометрия» пәні:

9.1.1.1 - доға ұзындығының формуласын қорытып шығару және қолдану;

9.1.1.2 - сектор мен сегмент ауданының формулаларын қорытып шығару және қолдану;

9.1.1.3 - іштей сызылған бұрыш анықтамасын және оның қасиеттерін білу;

9.1.1.4 - дөңгелектегі кесінділердің пропорционалдылығы туралы теоремаларды білу және қолдану;

9.1.3.6 - косинустар теоремасын білу және қолдану;

9.1.3.7 - синустар теоремасын білу және қолдану;

9.1.3.8 - іштей сызылған үшбұрыштың ауданын ($S = \frac{abc}{4R}$, мұндағы a, b, c – үшбұрыштың қабырғалары, R – сырттай сызылған шеңбер радиусы) және сырттай сызылған көпбұрыштың ауданының ($S = p \cdot r$, мұндағы r – іштей сызылған шеңбер радиусы, $p -$ көпбұрыштың жарты периметрі) формуларын білу және қолдану;

9.1.3.9 - шеңберге іштей немесе сырттай сызылған үшбұрыштардың аудандарын пайдаланып шеңбердің радиусын табу формулаларын білу және қолдану;

10-сынып, «Алгебра және анализ бастамалары пәні»:

10.3.1.2 - функция графигіне түрлендірулер орындай алу (параллель көшіру, сығу және созу);

10.1.3.5 - қарапайым тригонометриялық теңдеулерді шеше алу;

10.1.3.6 - тригонометриялық теңдеулерді көбейткіштерге жіктеу арқылы шеше алу;

10.1.3.7 - квадрат теңдеуге келтірілетін тригонометриялық теңдеулерді шеше алу;

10.1.3.8 - біртекті тригонометриялық теңдеулерді шеше алу;

10.1.3.9 - қарапайым тригонометриялық теңсіздіктерді шеше алу;

10.3.1.11 - дифференциалдаудың ережелерін білу және қолдану;

10.3.1.12 - функция графигіне жүргізілген жанаманың теңдеуін құрастыру;

10.3.1.16 - функцияның кризистік нүктелері мен экстремум нүктелерінің анықтамаларын және экстремумының бар болу шартын білу;

10.3.1.17 - функцияның кризистік нүктелері мен экстремум нүктелерін табу;

10.3.1.18 - туындының көмегімен функция қасиеттерін зерттеу және оның графигін салу;

10.3.1.19 - функцияның кесіндідегі ең үлкен және ең кіші мәндерін табу.

11-сынып, «Геометрия» пәні:

10.3.1 - үш перпендикуляр туралы теореманы білу және оны есептер шығаруда қолдану;

10.3.2 - түзу мен жазықтық арасындағы бұрыштың анықтамасын білу, кескіндей алу және оның шамасын табу;

10.3.4 - нүктеден жазықтыққа дейінгі және айқас түзулер арасындағы арақашықтықтарды таба білу;

10.3.5 - кеңістіктегі перпендикуляр, көлбеу және көлбеудің проекциясы анықтамаларын білу.

10.4.5 - кеңістіктегі вектордың координаталарын және ұзындығын таба білу;

10.4.6 - кеңістіктегі коллинеар және компланар векторлардың анықтамаларын, векторлардың коллинеарлық шартын білу;

10.4.7 - векторларды қосу және азайтуды, векторды санға көбейтуді орындау;

10.4.8 - координаталық түрдегі векторлардың скаляр көбейтіндісі формуласын білу және оны есептер шығаруда қолдану.

4-кезең. Жұмысты талдау (әр оқу тоқсанының соңында).

Білім алушылардың білім сапасына жүргізілген жүйелі мониторинг нәтижелерін талдау және оларды әдістемелік бірлестікте, педагогикалық кеңесте талқылау ұсынылады.

«Информатика» оқу пәні

2021-2022 оқу жылында 10-11 сыныптарда «Информатика» оқу пәні ҚР БҒМ 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығымен бекітілген жаңартылған мазмұн бойынша үлгілік оқу бағдарламасымен қоғамдық-гуманитарлық бағытта 15-қосымшаға және жаратылыстану-математикалық бағытта 14-қосымшаға сәйкес оқытылады.

10-11-сыныптарда «Информатика» оқу пәнін оқытуға бөлінген апталық жүктеме:

- қоғамдық-гуманитарлық бағытта 1 сағаттан;
- жаратылыстану-математикалық бағытта 2 сағаттан.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарда «Информатика» пәнін оқытудың мақсаты білім алушыларды компьютерлік жүйелерді, ақпараттық объектілерді, ақпараттық процестер мен жүйелерді құру және өңдеу, қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды практикада тиімді пайдалану, жаңа қосымшалар әзірлеу үшін қажет базалық біліммен, дағдылармен қамтамасыз ету болып табылады.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пән мазмұны веб-жобалау, сайт құру, мобильді қосымшалар әзірлеуге қажет білім мен дағдыларды меңгеруге бағытталған. Қосымшалар дайындауда конструкторлық программалық жабдықтар қолданылады..

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарда «Информатика» оқу пәнін оқытудың мақсаты білім алушыларды аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету саласында терең біліммен, іскерлікпен және дағдылармен қамтамасыз ету, қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды практикада тиімді пайдалану үшін деректерді, ақпараттық процестер мен жүйелерді ұсыну, ақпараттық объектілерді, компьютерлік желілер мен ақпараттық қауіпсіздікті құру және өңдеу болып табылады.

Жаратылыстану-математикалық бағыт мазмұны компьютерлік техника мен ақпараттық технологияларды программалар дайындау үшін қолдануға қажет білім мен дағдыларды меңгеруге арналған. Веб-жобалау, сайт құру, мобильді қосымшалар әзірлеу программалау ортасында жүргізіледі.

10-11-сынып білім алушыларының оқу-ақпараттық құзыреттілігін дамытуда жеке немесе топтық зерттеу-жобалық жұмыстар жүргізіледі. Жобамен жұмыс істейтін білім алушылар жұмысты жоспарлау, мақсат қою, қажетті ақпаратты іздеу, гипотезаны ұсыну, дәлелдеу, эксперимент жүргізу, атқарылған жұмыс бойынша нәтижелерді ұсыну, талдау және бағалау жұмыстарын орындайды, сондай-ақ өз жобасын қорғайды.

«Информатика» пәні бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру жөнінде ұсынымдар:

2021-2022 оқу жылында «Информатика» пәні бойынша шектеу шаралары кезіндегі оқу жылдарында жіберілген білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру және жаңа оқу жылының оқу бағдарламасын меңгерту бағытында мақсатты шараларды жыл бойы келесі кезеңдер бойынша жүргізу ұсынылады:

Диагностикалық жұмыс:

- пәннің оқу бағдарламасының мазмұны бойынша диагностикалық бақылау жұмысын жүргізу (өткен оқу жылындағы күрделі тақырыптар, оқу мақсаттары);
- білім алушыларға қиындықтар тудырған, білімінде олқылықтары бар тақырыптарды және оқу мақсаттарын анықтау;

Жоспарлау жұмысы:

- бөлімдер/бөлімшелер/тақырыптар бойынша білімдегі олқылықтарды ескере отырып, күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды қайта қарау (оқу тоқсаны ішінде сағаттарды қайта бөлу);
- өткен оқу жылында игерілмеген күрделі тақырыптарды, оқу мақсаттарын анықтау, қайталау, жаңа оқу жылында оқыту;
- меңгерілмеген оқу мақсаттары мен тақырыптарын ескере отырып, қысқа мерзімді жоспарлар құру;
- білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша білім алушының жеке жұмыс жоспарларын әзірлеу.

Жүзеге асыру және талдау:

- өтілген оқу материалдары бойынша оқу мақсаттары кіріктірілген қысқа мерзімді жоспардың негізінде сабақты ұйымдастыру;
- меңгерілмеген және қиындық тудыратын оқу мақсаттары, пән тақырыптары бойынша білім алушылар үшін қосымша оқу материалдарын дайындау;
- меңгерілмеген және қиындық тудыратын оқу мақсаттары мен тақырыптары бойынша білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін жеке кеңестер, қосымша сабақтар өткізу;
- оқушылардың білім сапасына жүйелі мониторинг жүргізу және мектеп әдістемелік бірлестігінде нәтижелерді талқылау;
- мониторинг қорытындысы бойынша ұсыныстар дайындау.

Шектеу шаралары кезінде білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтауды *ауызша сұрақ қою, қарапайым практикалық тапсырмалар, өзара бақылау, жазбаша жұмыстар, тестілеу* арқылы жүргізу ұсынылады.

Мысалы, «Информатика» пәні бойынша өткен оқу жылындағы меңгерілмеген оқу мақсаттарын оқу тапсырмаларында біріктіру ұсынылады:

10-сыныпта:

10.3.1.1 "реляциондық деректер қоры" ұғымын түсіндіру; 10.3.1.2 жол, жазба, индекс терминдерінің анықтамасын құрастыру оқу мақсаттары мен *9.2.2.1 "дерекқор, жазба, өріс" терминдерін түсіндіру; 9.2.2.2 электрондық кестеде деректер базасын жасау* оқу мақсаттарын;

11-сыныпта:

11.3.4.3 дайын алгоритмдермен математикалық модельдеудің электрондық кестелеріндегі/ бағдарламаларындағы нейрондық желілерді жобалау оқу мақсатын жүзеге асыруда *электрондық кестелерді қолдану арқылы есептерді шешу үшін кірістірілген функцияларды пайдалануды* қайталау.

Сонымен бірге, 10-сыныптағы алгоритмдер мен программалар тақырыптарында негізгі алгоритмдік құрылымдардың орындалу реті мен программалау тілінде жазылу ережелерін үнемі қайталап еске түсіріп отыру керек.

Интернет – қолжетімді ақпарат көздерінің бірі болғандықтан 10-11-сынып білім алушыларының интернет-кеңістікте жұмыс істеу ережелерін, киберқауіпсіздік ережелерін, этикалық нормаларын сақтауы талап етіледі. Білім алушылардың болашақ мамандықтарын дұрыс таңдауы, оған қажет білім базаларын (оның ішінде

«Информатика» пәні бойынша) анықтауы, мамандықтың қолдану салалары мен болашағымен танысуы үшін әр түрлі дерек көздерін тиімді пайдалануға бағыттау қажет. Сонымен бірге танымдық қызығушылықты, шығармашылық қабілеттілікті, бағдарлама компоненттерін өз бетінше үйрену, қолдану қабілеттерін дамыту мақсатында қашықтан оқу курстарын пайдалануға назар аудару ұсынылады.

«Информатика» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

«Информатика» пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау саны 79-кестеде көрсетілген.

79-кесте. Бөлімдер бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Тоқсандар бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10 сынып ҚГБ	2	1	1	1
11 сынып ҚГБ	1	1	2	1
10 сынып ЖМБ	2	1	1	1
11 сынып ЖМБ	1	2	2	1

ҚР БҒМ «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына (2019 жылғы 26 қарашада № 509 өзгерістер мен толықтырулар) төмендегі тармақ енгізілген:

14-4. Оқу жүктемесі аптасына 1 сағат болған жағдайда БЖБ бөлімдерді біріктіре отырып, бір тоқсанда екі реттен артық өткізілмейді, қорытынды баға жарты жылда қойылады.

Осы тармаққа сәйкес 10-11 сыныптағы қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «Информатика» оқу пәнінен тек бөлім бойынша жиынтық бағалау жүргізіледі және олардың қорытындысы бойынша жарты жылдық баға қойылады, ал тоқсан бойынша жиынтық бағалау жүргізілмейді.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы «Информатика» пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау және тоқсан бойынша жиынтық бағалау жүргізіледі.

«ЖАРАТЫЛЫСТАНУ» БІЛІМ САЛАСЫ

«Жаратылыстану» білім саласы бойынша жаңартылған оқу бағдарламаларымен келесі пәндер оқытылады: «Физика», «География», «Биология», «Химия».

Жалпы орта білім беру деңгейінде оқытылатын «Физика», «Химия», «Биология», «География» пәндері бойынша оқу жүктемесі 80-кестеде көрсетілген.

Биылғы оқу жылында 10-11-сыныптың оқу жоспарында айтарлықтай ерекшелік бар. Жалпы білім беретін ұйымдардың 10-11-сыныптарында жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер таңдау бойынша емес, міндетті пән ретінде инварианттық бөлімге енгізілді.

10-11-сыныптарында жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша сағат сандары 80-кестеде берілген.

80-кесте. Оқу жүктемесінің көлемі

Пәннің атауы	Сынып	Жалпы жүктеме, сағат			
		Үлгілік оқу жоспары (жаңартылған мазмұн)		Үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)	
		апталық	жылдық	апталық	жылдық
Физика	10-сынып (ЖМБ)	2	68	3	102
	10-сынып (ҚГБ)	1	34	2	68
	11-сынып (ЖМБ)	2	68	3	102
	11-сынып (ҚГБ)	1	34	2	68
Химия	10-сынып (ЖМБ)	2	68	3	102
	10-сынып (ҚГБ)	1	34	2	68
	11-сынып (ЖМБ)	2	68	3	102
	11-сынып (ҚГБ)	1	34	2	68
Биология	10-сынып (ЖМБ)	2	68	3	102
	10-сынып (ҚГБ)	1	34	2	68
	11-сынып (ЖМБ)	2	68	3	102
	11-сынып (ҚГБ)	1	34	2	68
География	10-сынып (ЖМБ)	2	68	3	102
	10-сынып (ҚГБ)	1	34	3	102
	11-сынып (ЖМБ)	2	68	3	102
	11-сынып (ҚГБ)	1	34	3	102

Жалпы орта білім беру деңгейінде оқытылатын «Физика», «Химия», «Биология» және «География» пәндері бойынша төмендетілген оқу жүктемесімен берілген Үлгілік оқу бағдарламасы ҚР БҒМ 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 30 қарашада № 21688 болып тіркелді.

Пандемиядан кейінгі дәстүрлі оқытуға көшудегі адаптация кезеңдері

Пандемия кейін білім алушылардың қашықтан оқу кезіндегі олқылықтарының орнын толықтыру үшін арнайы жоспар дайындау қажет.

Мұғалімдерге осы білім алушылардың білімі мен дағдыларындағы олқылықтар қай деңгейде және қай бөлімдерде екенін анықтап, оны қалай толықтыруға, қандай тұжырымдар мен процестерді қосуға болатынын алдын ала ойластыру қажет.

Оқушының нені және қай деңгейде білетінін тесттер, сауалнамалар немесе қарапайым әңгімелесу арқылы анықтау ұсынылады. Егер оқушы сабақта таныс жағдайларды қайталаса немесе сұрақтарға бірнеше рет жауап берсе, бұл сізге кәсіби маман ретінде, қандай дағдыларды игергенін көрсетеді және сіз оқытуды қандай бағытта ұйымдастыруды болжайсыз.

Қашықтан оқыту кезінде жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша зертханалық және тәжірибелік жұмыстардың өз деңгейінде орындалмауына әсер етті. Сондықтан білімдегі олқылықтарды толықтыру барысында зертханалық және тәжірибелік жұмыстарға көбірек көңіл бөлу ұсынылады.

Жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін оқытуды ұйымдастырудың келесі тәртібі ұсынылады.

Білімдегі олқылықтардың орнын толықтырудың кезеңдері

1-қадам. Олқылықтарды анықтау.

Диагностика жүргізу керек. Диагностикадан кейін білім алушылардың біліміндегі олқылықтар орын алған бөлімдер немесе тақырыптарды деңгейіне қарай күрделіден қарапайымға дейін жіктеп, бөлу қажет. Бірінші орында негізгі базалық білімдегі олқылықтарды ескеру керек: мысалы, жасушаның құрылысы мен химиялық құрамы, зат алмасу, бөліп шығару, тыныс алу сияқты тірі ағзаларда жүретін процестер туралы білуі керек. Мектепте ғана емес, жалпы өмірде бұл ұғымдар үнемі қажет, сондықтан оларды бірінші кезекте меңгеру қажет.

2-қадам. Уақытты белгілеңіз.

Анықталған олқылықтардың деңгейі мен оқу мазмұнының көлеміне қарай оған жұмсайтын уақытты жоспарлау қажет. Бір тақырыпқа бірнеше сағат керек немесе керісінше бір сабақтың ішіндегі белгілі бір уақыт жеткілікті болуы мүмкін.

Мысалы химиялық байланыс түрлеріне бір сағат жетсе, химиялық реакциялардың жіктелуі өзара байланысты бірнеше кезеңдерден тұруы мүмкін т.с.с.

3-қадам. Оқыту әдісін таңдау.

Білімдегі олқылықтарды толықтыру бойынша шараларды таңдау үш факторға байланысты:

- өткізілетін материалдың көлемі;
- жоспарланған уақыт мөлшері;
- баланың жас және жеке ерекшеліктері.

Білімдегі олқылықтарды толықтыру жұмыстарының формалары

1. Өзіндік жұмыстар

Тақырыпты және тапсырманы түсіндіре отырып, өз бетінше ізденуге тапсырма беру.

2. Нақты мақсатқа бағытталған әрекет.

Егер жекелеген оқушы немесе сыныптағы шағын топ қолдауды қажет етсе нақты мақсатқа бағытталған қысқа сессиялар ұйымдастыру қажет.

3. Сыныпты толық оқыту

Егер бүкіл сыныптың қажеттіліктері немесе олқылықтары шамалас болса бүкіл сыныпты қамтитындай жоспар жасау ұсынылады. Ол үшін тақырыпты немесе бөлімді жоспарлағанда білім алушылардың жеке қасиеттері мен қабілеттерін ескеру қажет.

Білімдегі олқылықтарды толықтыруға бағытталған сабақтарды ұйымдастыру формалары

1.Таза ауадағы сабақтар

Жаратылыстану, биология, география, физика сабақтарын баланың денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету үшін арасында саябақтарда немесе аулада, таза ауада өткізу ұсынылады.

2.Чартерлік сабақтар

Жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтарды толықтыру үшін чартерлік сабақтар ұйымдастыруға болады. Чартерлік сабақтарды «Биология», «Химия», «Физика» пәндерінен зертханалық, практикалық жұмыстар бойынша жүргізуге болады.

3. Оқу мақсаттарының үйлесімділігі

Олқылықтардың орнын толықтыру әрекетінің сабақтың жеке кезеңі ретінде жүргізілмей, жаңа білімді игерудегі дәстүрлі канваға қосылуы.

Мысалы, «Биология» пәнінде 10-сыныпта «Жасушалық биология» бөліміндегі Жасуша органоидтерінің құрылысы мен қызметтерінің ерекшеліктері. Жасушаның негізгі компоненттері тақырыптарын қарастырғанда, 9-сыныптағы «Жасушалық биология» бөліміндегі жасушаның негізгі компоненттерінің қызметтерін қайталап өтуге болады.

Бөлімде жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша болжалды қиын тақырыптар тізімдері берілді.

«Физика» оқу пәні

10-11-сыныптарда «Физика» оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

1) білім алушылардың әлемнің заманауи физикалық бейнесінің негізінде жатқан заңдылықтар мен принциптер туралы іргелі білімді, табиғатты танудың ғылыми әдістерді меңгеруіне ықпал ету;

2) білім алушылардың интеллектуалдық, ақпараттық, коммуникативтік және рефлективтік мәдениетін дамыту, физикалық экспериментті және зерттеу жұмыстарын орындау дағдыларын қалыптастыру;

3) оқу және зерттеу қызметіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;

4) меңгерген дағдыларды табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауда, қоғам мен адам өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде қолдану.

Жаңа оқу жылында 10-11-сыныптар үшін төмендегі Үлгілік оқу жоспарларын таңдау мүмкіндігі бар: Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарлары (соңғы өзгерістер мен толықтырулар 2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығымен енгізілген) немесе жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу жоспарлары.

2021 жылғы Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жалпы орта білім беру деңгейінде жаратылыстану-математика бағыты және қоғамдық-гуманитарлық бағытта оқытылатын «Физика» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі 81-кестеде көрсетілген.

81-кесте. «Физика» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Жалпы оқу жүктемесінің көлемі, сағат			
	Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспары		Жаңартылған мазмұнындағы үлгілік оқу жоспары	
	Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
10 (ҚГБ)	2	68	1	34
10 (ЖМБ)	3	102	2	68
11 (ҚГБ)	2	68	1	34
11(ЖМБ)	3	102	2	68

Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарлары (соңғы өзгерістер мен толықтырулар 2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығымен енгізілген) негізінде Үлгілік оқу бағдарламаларында жаңартылған мазмұнның Үлгілік оқу бағдарламаларымен салыстырғанда келесі оқу мақсаттары қысқартылған (82-кесте).

82-кесте. Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарлары (соңғы өзгерістер мен толықтырулар 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығымен енгізілген) негізінде қысқарған оқыту мақсаттары.

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Тақырыптар/ Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқу мақсаттары
10-сынып		
Кинематика	Көкжиекке бұрыш жасай лақтырылған дененің қозғалысы. № 2 Зертханалық жұмыс «Ұшу қашықтығының лақтыру бұрышына тәуелділігін зерттеу»	10.1.1.11 - көкжиекке бұрыш жасай лақтырылған дененің қозғалыс траекториясын зерттеу
Динамика	№ 3 Зертханалық жұмыс «Көлбеу науамен сырғанайтын дененің қозғалысын оқып үйрену»	10.1.2.8 - дененің инерция моментін тәжірибелік әдіспен анықтау
Әртүрлі ортадағы электр тогы	Электронды-сәулелік түтікше	10.3.3.8 - электронды-сәулелік түтікшенің жұмыс істеу принципін және қолданылуын түсіндіру
11-сынып		
Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Тақырыптар/ Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқу мақсаттары
Айнымалы ток	№ 1 Зертханалық жұмыс. «Трансформатор орамасындағы орам санын анықтау»	11.4.3.13 - трансформатор орамасындағы орам санын эксперимент арқылы анықтау
	Қазақстандағы және дүние жүзіндегі электр энергиясын өндіру және қолдану	11.4.3.14 - Қазақстандағы электр энергиясы көздерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалау
Толқындық қозғалыс Гюйгенс принципі.	Механикалық толқындардың дифракциясы	11.5.1.4 - Гюйгенс принципін және механикалық толқындарда дифракциялық көріністі бақылаудың шарттарын түсіндіру
Толқындық оптика	№ 3 Зертханалық жұмыс «Дифракциялық тордың көмегімен жарықтың толқын ұзындығын анықтау»	11.6.1.6 - жарықтың толқын ұзындығын дифракциялық тордың көмегімен эксперимент арқылы анықтау
Геометриялық оптика	Оптикалық құралдар	11.6.2.8 - телескоп, микроскоп және лупадағы сәуленің жолын салу және түсіндіру
Атомдық және кванттық физика	Спектрлер. Спектрлік құралдар. Спектрлік анализ	11.8.1.2 - спектрлік құралдардың жұмыс істеу принципін және олардың қолданылуын сиппаттау
	де Бройль толқындары	11.8.1.19 - де Бройль болжамын түсіндіру
Космология	Күн-Жер байланыстары	11.10.1.4 - Күннің сәулеленуін сипаттау үшін Стефан-Больцман және Винн заңдарын қолдану
	Әлемнің кеңейуі	11.10.1.9 - берілген астрономиялық бақылауларға сүйене отырып, Әлемнің жеделдеуі туралы болжамды талқылау

Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарлары бойынша Үлгілік оқу бағдарламалары әзірленіп, ҚР БҒМ 2020 жылғы «27» қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілді. Аталған оқу бағдарламаларын академияның www.nao.kz сайтынан жүктеп алуға болады.

Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жаратылыстану-математика бағыты және қоғамдық-гуманитарлық бағытта оқытылатын «Физика» оқу пәнінен әр тоқсан сайын өткізілетін бөлім бойынша жиынтық бағалау рәсімінің нақты саны 83-кестеде көрсетілген.

83-кесте. Үлгілік оқу жоспарлары негізінде «Физика» оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау саны

Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны				
Сынып	Жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу жоспары бойынша			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10 (ЖМБ)	2	2	2	2
10 (ҚГБ)	1	1	1	1
11 (ЖМБ)	2	2	2	2
11 (ҚГБ)	1	1	2	1
Сынып	Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспары бойынша			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10 (ЖМБ)	3	3	3	3
10 (ҚГБ)	2	2	2	2
11 (ЖМБ)	3	3	3	3
11 (ҚГБ)	2	2	2	2

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы мұғалімдерге көмек ретінде білім мазмұнын жаңарту аясында «Физика» (10-11-сыныптар) оқу пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдамалар әзірледі. Әдістемелік ұсынымдамаларды академияның www.nao.kz сайтынан алуға болады.

«Физика» пәні бойынша б***ілім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін*** педагогтерден күрделі оқыту мақсаттары мен бөлімдердің/бөлімшелердің тақырыптарын қайталауға және бекітуге назар аудару ұсынылады.

Қайталауға және бекітуге арналған оқу бағдарламасының тақырыптары:

10-сыныпта 9-сынып тақырыптары:

Вектордың координаталар осьтеріне түсірілген проекциялары, материялық нүктенің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысы, сызықтық және бұрыштық жылдамдықтар, центрге тартқыш үдеу;

№ 1-зертханалық жұмыс: теңүдемелі қозғалыс кезіндегі дененің үдеуін анықтау;

№ 2-зертханалық жұмыс: горизонталь лақтырылған дененің қозғалысын зерделеу;

Инерциялық санақ жүйелері, денелердің ауырлық күшінің әрекетінен қозғалуы.

Импульстің сақталу заңы, энергияның сақталу және айналу заңы.

Практикалық жұмыстар: дененің кинетикалық энергиясының өзгеруіне қатысты күштің жұмысын салыстыру, денелердің соқтығысуы кезіндегі импульстің сақталу заңын зерттеу;

Тербелмелі қозғалыстың теңдеуі, еркін электромагнитік тербелістер, электромагниттік толқындар.

№ 3-зертханалық жұмыс: математикалық маятниктің көмегімен еркін түсу үдеуін анықтау;

№ 4-зертханалық жұмыс: беттік толқындардың таралу жылдамдығын анықтау.

Жарық кванттары туралы Планк гипотезасы, Резерфорд тәжірибесі, атомның құрамы;

Радиоактивті ыдырау заңы, ауыр ядролардың бөлінуі, тізбекті ядролық реакция, термоядролық реакциялар.

10-сыныпта 9-сынып тақырыптары:

Галилейдің салыстырмалылық принципі; қисық сызықты қозғалыс кинематикасы; көкжиекке бұрыш жасай лақтырылған дененің қозғалысы; импульс моментінің сақталу заңы және оның кеңістік қасиеттерімен байланысы; айналмалы қозғалыс динамикасының негізгі теңдеуі;

№1 Зертханалық жұмыс: көлбеу жазықтық бойымен қозғалатын дененің үдеуін анықтау;

№ 2 Зертханалық жұмыс: ұшу қашықтығының лақтыру бұрышына тәуелділігін зерттеу;

№ 3 Зертханалық жұмыс: көлбеу науамен сырғанайтын дененің қозғалысын оқып үйрену;

№ 4 Зертханалық жұмыс: бір-біріне бұрыш жасай бағытталған күштерді қосу;

Механикадағы импульс пен энергияның сақталу заңдары және олардың кеңістік пен уақыттың қасиеттерімен байланысы;

Үзіліссіздік теңдеуі. Бернулли теңдеуі. Көтергіш күш; Тұтқыр сұйықтың қозғалысы. Стокс формуласы.

№5 Зертханалық жұмыс: тұтқыр сұйықта қозғалатын кішкентай шардың жылдамдығының оның радиусынан тәуелділігін зерттеу;

Газдардың молекулалық кинетикалық теориясының негізгі қағидалары және оның тәжірибелік дәлелдемелері; газдардың молекулалық-кинетикалық теориясының негізгі теңдеуі;

Идеал газ күйінің теңдеуі.

«Термодинамика негіздері» бөлімі. Пуассон теңдеуі; қайтымды және қайтымсыз процестер; энтропия; Карно циклі;

Фазалық диаграммалар; үштік нүкте.

Электр өрісінің суперпозиция принципі; Гаусс теоремасы; біртекті электр өрісі үшін кернеулік пен потенциалдар айырымы арасындағы байланыс.

Өткізгіштерді аралас жалғау; ток көзінің пайдалы әсер коэффициенті;

№6 Зертханалық жұмыс: өткізгіштерді аралас жалғауды оқып үйрену;

№7 Зертханалық жұмыс: ток көзінің элерктр қозғаушы күші мен ішкі кедергісін анықтау;

Жартылай өткізгіштердегі электр тогы; электролит ерітінділеріндегі және балқыламалардағы электр тогы; электролиз заңы;

№ 8 Зертханалық жұмыс: шамның қыл сымының, резистордың және жартылай өткізгішті диодтың вольт-амперлік сипаттамасы;

№ 9 Зертханалық жұмыс: Бір валентті ионның электр зарядын өлшеу;

Дөңгелек және шексіз түзу тогы бар өткізгіштердің индукциясы; Кюри температуры;

Магнит өрісінің энергиясы; электр қозғалтқыш және тұрақты токтың электр генераторы.

«География» оқу пәні

«География» интеграциялық ғылым ретінде жаңа салаларды қамтиды. «География» пәні мұғалімінің жұмысы ақпараттық технологиялар және геоақпараттық жүйелермен тығыз байланысты.

«География» пәнінің мақсаты – оқушылардың қоғам мен географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындаған геоэкологиялық, геоэкономикалық, әлеуметтік, геосаяси және ғаламдық проблемаларды шешуге бағытталған географиялық білімдерін, біліктері мен дағдыларын қолдану үшін жағдай жасау.

Пәннің міндеттері:

- оқушылардың бойында географиялық кеңістіктік ойлауды, географиялық мәдениет пен тілді дамыту;
- геоэкологиялық, геосаяси, геоэкономикалық, әлеуметтік үдерістер мен құбылыстарды зерттеу үшін ғаламдық, аймақтық және жергілікті ұстанымдардың түсінуін дамыту;
- оқушыларға картографияны, геоэкологияны, геоэкономиканы, геосаясатты, елтану мен адамзаттың ғаламдық проблемаларын зерттеу барысында геокеңістіктік деректерді өңдеудің заманауи әдістерін қолдану үшін жағдай жасау;
- оқушының бойында қазіргі дүниенің географиялық көрінісін іс-әрекеттер арқылы зерттеп-тану барысында құндылықтар жүйесін қалыптастыру;
- геокеңістіктік әдістер және деректермен жұмыс істейтін мамандық пен кәсіп иелері атқаратын әрекеттерді орындату арқылы оқушыларға кәсіби бағдар беру.

«География» оқу пәнінің мазмұны 7 бөлімді қамтиды:

1) географиялық зерттеу әдістері;
2) картография және геоинформатика;
3) табиғатты пайдалану және геоэкология;
4) геоэкономика;
5) геосаясат;
6) елтану;
7) адамзаттың ғаламдық проблемалары.

Оқу пәнінің 10-11-сыныптарға арналған базалық білім мазмұны: «Географиялық зерттеу әдістері», «Картография және геоинформатика», «Табиғатты пайдалану және геоэкология», «Геоэкономика», «Геосаясат», «Елтану», «Адамзаттың ғаламдық проблемалары» тақырыптарын қамтиды. Оқыту «шиыршықты» принциптің негізінде оқыту мақсаттарын кеңейту, күрделендіру арқылы жүзеге асырылады.

Жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттардағы «География» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 10-сыныпта - ЖМБ - аптасына 4 сағат, ҚГБ- аптасына 3 сағат;

2) 11-сыныпта - ЖМБ-да - аптасына 4 сағат, ҚГБ- аптасына 3 сағат.

Оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау саны 84-кестеде көрсетілген.

84-кесте. 10-11-сыныптардағы «География» пәні бойынша жиынтық бағалаулар саны

Сынып	Жиынтық бағалау саны бөлім/ортақ тақырып үшін			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3 -тоқсан	4 -тоқсан
10-сынып ЖМБ	3	1	2	2
10 -сынып ҚГБ	3	1	2	2
11-сынып ЖМБ	3	1	2	2
11-сынып ҚГБ	3	1	2	2

«География» пәні бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру жөнінде ұсынымдар

Жоспарлау жұмысы. 2021-2022 оқу жылында ***«География»*** пәні бойынша онлайн оқу жағдайындағы жіберілген білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру және жаңа оқу жылының оқу бағдарламасын меңгерту бағытында мақсатты шараларды жыл бойы жүргізу жолдары ұсынылады.

2021-2022 оқу жылында білім алушылардың қашықтан оқу кезіндегі олқылықтарының орнын толықтыру үшін мұғалім өз пәні бойынша кемшіліктерді жою мақсатында арнайы жоспар дайындауы қажет.

Оқу жылының басында білім алушылардың бағдарламаға сай тақырыптар бойынша түсінбеген тұстарын анықтап, сол тақырыптарды қайталау жолдарын қарастырады.

Білім алушылардың білімі мен дағдыларындағы олқылықтар қай деңгейде және қай бөлімдерде екенін анықтап, оны қалай толықтыруға, іске асыруға болатын тұстарын жоспарлау ұсынылады.

Жүзеге асыру жолдары. Оқушының нені және қай деңгейде білетінін тесттер, сауалнамалар немесе қарапайым әңгімелесу арқылы анықтау ұсынылады. Егер оқушы сабақта таныс жағдайларды қайталаса немесе сұрақтарға бірнеше рет жауап берсе, бұл сізге кәсіби маман ретінде, қандай дағдыларды игергенін көрсетеді және сіз оқытуды қандай бағытта ұйымдастыруды болжауға мүмкіндік береді.

Білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру бағытындағы іс-әрекеттерді ұйымдастыру бойынша ұсыныстар:

1-бөлім. Тақырып бойынша географиялық зерттеу әдістері:

11.1.1.1-зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық сараптама элементтерін қолдану;

11.1.1.2-зерттеу тақырыбына сәйкес сараптамалық бағалау әдістерін қолдану;

11.1.1.3-зерттеу тақырыбына сәйкес модельдеу әдістерін қолдану;

11.1.1.4-зерттеу тақырыбына сәйкес аудандастыру әдістерін қолдану.

Онлайн жағдайында күрделі тақырыптарды қарастыруда кеткен кемшіліктерді 1-тоқсан барысында анықтап қайталау ұсынылады. Шиыршық әдісі кеңінен қолданыста болуы оқушылардың онлайн жағдайда түсінбеген материалдарды қайталауға мүмкіндік береді.

Қазақстанның географиясы туралы оқу материалы 7-11-сыныптар аралығында беріледі. Сондықтанда қайталау қажет емес, тек қорытындылау жолдарын қарастыру ұсынылады. Картамен жұмыстар жүргізуді, саламандық жұмыстарды қайта қарау қажет. Геоэкономика және елтану бойынша географияның қаралмаған өзекті мәселелері бар. Оларды қосымша беру ұсынылады.

10-11-сыныптарға арналған ***«География» пәні бойынша*** *өткен оқу жылындағы меңгерілмеген келесі оқу мақсаттарын оқу тапсырмаларында біріктіру ұсынылады:*

1-тоқсан 1. Географиялық зерттеулер әдістері

1.1 Жалпыгеографиялық әдістер. Өзекті географиялық зерттеулер әдістері:

11.1.1.1 - зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық сараптама әдістерін қолдану;

11.1.1.2 - зерттеу тақырыбына сәйкес эксперттік бағалау әдістерін қолдану;

11.1.1.3 - зерттеу тақырыбына сәйкес модельдеу әдістерін қолдану;

11.1.1.4 - зерттеу тақырыбына сәйкес аудандастыру әдістерін қолдану

Географиялық зерттеу әдістері 7-сыныптан келе жатуына байланысты қолдану орнына салыстырмалы талдау тапсырмасын беру ұсынылады;

2. Картография және геоинформатика

2.1 Картография. Заманауи картографиялық әдістер:

11.2.1.1 - тақырыпқа сәйкес электронды картографиялық ресурстардың мүмкіндіктерін пайдалану (сандық карталарды оқу, олардың қолданысымен географиялық объектілер мен аумақтардың орналасуын, сандық және сапалық көрсеткіштерін анықтау, сипаттау және талдау);

2.2 Геоинформатика негіздері. Геоақпараттық жүйелер:

11.2.2.1 - геоақпараттық әдістер мен геоақпараттық жүйелер технологияларының ерекшеліктерін, басқа ғылымдар мен өндіріс салаларымен байланыстарын түсіндіру. Географиялық деректер базасы;

11.2.2.2 - компьютерлік бағдарламаларды қолдана отырып тақырыпқа сәйкес географиялық деректер базасын құрастыру. Географиялық деректерді визуализациялау;

11.2.2.3 - компьютерлік бағдарламаларды қолданып тақырыптық карта-сызбалар жасау.

Картография мен геоинформатика арасында байланыс орнату оқу мақсатын тапсырмаларда кіріктіріп беру ұсынылады;

3. Табиғатты пайдалану және геоэкология. 3.1 Табиғатты пайдалану. Табиғатты пайдалануды реттеу:

11.3.1.1 - шаруашылық және тұтыну салалары бойынша табиғатты пайдалануды реттеу механизмін талдау;

11.3.1.2 - табиғатты пайдалану түрлерінің заңнамалық тәртіппен бекітілген нормаларға сәйкестігін анықтау (жергілікті/аймақтық компоненттің негізінде) Табиғатты қорғау шаралары;

11.3.1.3 - табиғатты қорғау шараларының тиімділігіне баға беру (жергілікті/аймақтық компонентті қосымша қамту негізінде) Табиғатты қорғауда жеке тұлғаның рөлі;

11.3.1.4 - жеке тұлғаның табиғатты пайдаланудағы рөлін анықтап, «экологиялық ізін» есептеу;

1.1Жалпыгеография:

11.1.1.1 - зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық сараптама әдістерін қолдану әдістері;

11.1.1.2 - зерттеу тақырыбына сәйкес эксперттік бағалау әдістерін қолдану;

Табиғатты пайдалану және геоэкология бөліміне бағдарлама бойынша қайталанулары өте көп сағат саны артығымен берілгендіктен, шолу арқылы қайталау ұсынылады.

Географиядағы геоэкономика, геосаясат, елтану материалдары көлемі жағынан ықшамдалған. Қосымша сабақтарда, қайталау ретінде ірі мемлекеттер, көрші жатқан елдер мысалында түсіндірген орынды. Оқушыларға физикалық, экономикалық географиялық, геосаяси түрғыда түсініктер қалыптастыру ұсынылады.

«География» пәнінен білім олқылықтарының орнын толықтыру бойынша жұмысты ұйымдастыру кезінде оқытудың келесі белсенді және интерактивті әдістерін қолдану қажет:

- географиялық деректер базасын пайдалана отырып информатикадан алған білім негізінде картографиялық сауаттылықты арттыру;
- пікірталастар, сараптамалық жұмыстар жүргізіп қоршаған орта экологиясына назар аудару;
- экологиялық сауаттылықты жолға қою, жүргізу;
- қарапайым карта схемалар, аудандастырулар жасауда жергілікті жер компонентерін кеңінен пайдалану, жобалау;
- нақты жағдайды талдау нәтижесінде оқыту т.б.

«Биология» оқу пәні

«Биология» оқу пәнінің мақсаты – білім алушылардың заман талаптарына сай білімдері мен біліктерін дамыту; өмірдің мәнін, дамуын, оның түрлі

ұйымдасу деңгейлерінде көрініс табуын түсіну; өмірдің ең басты құндылық ретіндегі маңызын түсінетін жан-жақты дамыған тұлғаны дайындау.

Оқу пәнінің міндеттері:

1) табиғаттың даму заңдарын түсінуге негізделе отырып, адамның табиғаттағы рөлін анықтайтын маңызды биологиялық білімдер мен біліктер ауқымын кеңейту;

2) табиғаттың даму және тіршілігін жалғастыру заңдарын жаңа білімдерді алу, оларды ары қарай дамыту және тереңдету негізі және құралы ретінде пайдалану;

3) жүйені меңгеру барысында ғылым білім мен дүниетаным негіздерін; шығармашылық дербестік пен сын тұрғысынан ойлау қабілетін; зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру;

4) әдеп мәселелерімен және қоғамның әлеуметтік өмірі мен еңбек әрекетіне тікелей қатысумен байланысты қоршаған шынайылықта еркін бағдарлануға мүмкіндік беретін, бастамашыл тұлғаның қасиеттерін дамыту;

5) білім алушылардың білім алуды және өздігінен білім алуды жалғастыруы үшін қажетті зияткерлік біліктерді дамыту.

Биологиялық ғылымдар тірі организмдердің құрылымы мен функцияларын, олардың дамуымен, тіршілік ортасымен өзара қарым-қатынасын зерттейді. Қазіргі заманғы көзқарастар бойынша өмір – бұл ірі органикалық молекулалардан тұратын және энергия мен қоршаған ортамен заттармен алмасу нәтижесінде өз өмірін сақтап қалуға және өзін-өзі қалпына келтіруге қабілетті күрделі биологиялық жүйелердің өмір сүру процесі.

Оқу пәнінің мазмұны мынадай төрт бөлімнен тұрады:

- тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері;
- көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік. Эволюциялық даму;
- ағза мен қоршаған орта;
- қолданбалы кіріктірілген ғылымдар.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарда «Биология» оқу пәнінің төмендетілген оқу жүктемесіне арналған Үлгілік оқу бағдарламасында жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасында қарастырылатын бөлімдер толығымен қалдырылған, тек қана оқу мақсаттарының, зертханалық жұмыстар мен көрсетілімдердің санында айырмашылықтар бар (85-кесте).

85-кесте. Зертханалық жұмыстар мен модельдеу жұмыстарының саны

Сынып	**Зертханалық жұмыстар саны**		**Модельдеу жұмыстарының саны**	
	Жаңартылған мазмұндағы ҮОЖ	Төмендетілген ҮОЖ	Жаңартылған мазмұндағы ҮОЖ	Төмендетілген оқу жүктемесіне ҮОЖ
10 ЖМБ	6	4	2	2
10 ҚГБ	6	4	2	2
11 ЖМБ	7	7	2	1
11ҚГБ	7	4	2	2

Бағдарламаның ерекшеліктерінің бірі теориядан гөрі тәжірибеге қарай бағытталуы болып табылады. Білім алушыға биологиялық білім беріп қана қоймай, алған білімдерін болашақ өмірінде қолдана алатындай жағдай жасау. Оны жүзеге асыру үшін жаттанды білім бермей, өз қолдарымен тәжірибе жасауға баулу.

Нәтижесінде білім алушылар биология сабақтарында практикалық тапсырмаларды шешу үшін білім мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған қоршаған ортаны дербес зерттейді.

Оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау саны 86-кестеде көрсетілген.

86-кесте. 10-11-сыныптардағы «Биология» пәні бойынша жиынтық бағалаулар саны

Сыныптар	**Бөлімдер бойынша жиынтық бағалау саны**			
ЖМБ 10 сынып	2	3	3	3
ҚГБ 10 сынып	1	1	1	1
ЖМБ 11 сынып	2	3	3	3
ҚГБ 11 сынып	1	1	1	1

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Биология» пәнінен оқу жүктемесі 1 сағат. Сондықтан тоқсандық жиынтық бағалау жүргізілмейді, қорытындылау бағасы жартыжылдыққа қойылады.

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жою үшін қосымша сабақ ретінде өтуге арналған алдын ала болжам бойынша күрделі деген тақырыптардың тізімі:

11-сыныпта қарастыратын 10-сынып тақырыптары:

- Нәруыздарды құрамы (жай, күрделі) және қызметі бойынша жіктеу;
- Репликация механизмі. ДНҚ. Мезелсон мен Сталь тәжірибесі. Чаргафф ережесі;
- Беттік аудан мөлшерінің көлемге қатынасының диффузия жылдамдығына әсері. Эритроцит жасушасы беттік аудан мөлшерінің, көлемге қатынасының маңызы. Зертханалық жұмыс «Жасушаның беттік аудан мөлшерінің көлемге қатынасын анықтау»;
- Митохондрияның құрылымы мен қызметтері;
- Механорецепторлардың түрлері. Пачини денешігі мысалында рецепторлардың тітіркендіргіштің өзгерісіне жауап беру реакциясы;
- Полимеразды тізбекті реакцияны қолдану. Медициналық диагностикалауда, әкелікті негіздеуде, тұлғаларды дербестендіру медицинасында, гендерді клондауда, Дезоксирибонуклеин қышқылын секвенирлеуде мутагенезде полимеразды тізбекті реакцияның маңызы.

«Химия» оқу пәні

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Химия» пәнінен жаңартылған

мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығымен бекітілген.

Ал қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарға арналған «Химия» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы «27» шілдедегі № 352 бұйрығымен бекітілген.

«Химия» пәнін оқытудың мақсаты - білім алушыларға зат және олардың айналымы, заттар қасиеттерінің олардың құрамы мен құрылысына тәуелділігін түсіндіретін заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін ұсыну, білім алушыларға химиялық үдерістердің мағынасын, негізгі заңдар мен заңдылықтарды түсініп, оларды шынайы өмірде қауіпсіз қолдана алуға, ақпаратты сыни бағалауға және шешім қабылдауға мүмкіндік беру.

Негізгі міндеттері:

1) заттар және олардың бір-бірімен әрекеттесу заңдылығы туралы білім жүйесін қалыптастыру (фактілер, түсініктер, заңдар және теориялар);

2) зияткерлік және эксперименталдық және зерттеушілік біліктер мен дағдылар түрінде іс-әрекеттердің танымал әдістерін жүзеге асыру тәжірибелерін қалыптастыру;

3) жаңа проблемаларды шешуде жаңа бір жағдайда бұрын меңгерілген білім және білікті өз бетімен жаңғыртуды талап ететін шығармашылық, ізденіс іс-әрекеттер тәжірибесін қалыптастыру, танымал іс-әрекеттер негізінде жаңа әдісін қалыптастыру;

4) қоғамның әрбір мүшесінің өмірлік проблемасын шешуге әсер ететін, «Химия» пәнінің жиынтық үлесі болып табылатын өзекті және пәндік құзыреттіліктің қалыптасуында көрінетін, қоршаған ортаға қарым-қатынасын көрсететін адам әрекетінің объектіге немесе қаражатқа құнды және сындарлы қарым-қатынас тәжірибесін қалыптастыру.

Оқу пәнінің мазмұны 5 бөлімнен тұрады:

- *заттардың бөлшектері;*
- *химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары;*
- *химиялық реакциялардың энергетикасы;*
- *химия және қоршаған орта;*
- *химия және өмір.*

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарда «Химия» оқу пәнінің төмендетілген оқу жүктемесіне арналған Үлгілік оқу бағдарламасында жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасында қарастырылатын бөлімдер толығымен қалдырылған, тек қана оқу мақсаттарының, зертханалық жұмыстар мен көрсетілімдердің санында айырмашылықтар бар (87-кесте).

87-кесте. Оқу мақсаттары, зертханалық жұмыстар мен практикалық жұмыстар саны

Сынып	Оқу мақсаттарының саны		Зертханалық жұмыстар саны		Практикалық жұмыстар саны	
	Жаңартылған мазмұндағы ҮОЖ	Төмендетілген ҮОЖ	Жаңартылған мазмұндағы ҮОЖ	Төмендетілген ҮОЖ	Жаңартылған мазмұндағы ҮОЖ	Төмендетілген оқу жүктемесіне ҮОЖ
10	122	90	9	6	4	3
11	135	113	13	8	4	2

«Химия» пәні бойынша оқу бағдарламасы білім алушыларға химиялық үдерістердің өту жағдайларын түсінуге және алған білімдері мен дағдыларын шынайы өмірде қолдануға үйретуді көздейді. Бағдарлама химиялық процестердің, заңдардың, заңдылықтардың мәні мен рөлін және оларды күнделікті өмірде қауіпсіз қолдану ережелерін білуге бағытталған.

Химияны оқыту білім алушыларды олардың айналасында болып жатқан химиялық құбылыстардың мәнін түсінуге ынталандырады.

Пәнді оқытудағы оқу-танымдық қызметтерге талдау және жинақтау, тәжірибе, сызбалармен жұмыс істеу, мәселерлерді шешу сияқты әрекеттер кіреді.

Жаңартылған мазмұндағы бағдарлама ерекшеліктерінің бірі – теориядан гөрі тәжірибеге қарай бағытталуы болып табылады. Білім алушыға химиялық білім беріп қана қоймай, алған білімдерін болашақта өмірінде қолдана алатындай жағдай жасау. Оны жүзеге асыру үшін жаттанды білім бермей, өз қолдарымен тәжірибе жасауға баулу. Жаңартылған бағдарламада қауіпсіз зертханалық сынақтар, тәжірибелік жұмыстар, көрсетілімдер, үйдегі химиялық ғылыми тәжірибелерді ұйымдастыру және жүргізу арқылы зерттеу дағдыларын және функционалдық сауаттылықты қалыптастыру қарастырылған.

Кестеде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарға арналған зертханалық және практикалық жұмыстардың саны берілген (88-кесте).

88-кесте. Зертханалық жұмыстар мен практикалық жұмыстар және көрсетілімдер саны

Сынып	**Зертханалық жұмыстар**	**Практикалық жұмыс**	**Көрсетілім**
10 класс (ҚГБ)	10	3	8
11 класс (ҚГБ)	8	2	7

Оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау саны 89-кестеде көрсетілген.

89-кесте. «Химия» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сыныптар	Бөлімдер бойынша жиынтық бағалау саны			
10-сынып, ЖМБ	3	3	3	3
10-сынып, ҚГБ	2	3	3	2
11-сынып, ЖМБ	3	3	3	3
11-сынып, ҚГБ	3	3	3	2

2021-2022 оқу жылында білім алушылардың өткен оқу жылдарындағы біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру және жаңа оқу жылына арналған оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарының меңгерілуін қамтамасыз ету бойынша мақсатты жұмыс жоспарын әзірлеу реті

(әрбір пән мұғалімі үшін)

№	**Жұмыс мазмұны**
	Диагностикалық жұмыс *(I тоқсанның I аптасында)*
11	Өткен оқу жылдарындағы химия оқу бағдарламасының оқу мақсаттары бойынша *әкімшілік диагностикалық бақылау* жұмысын жүргізу (әр түрлі тест тапсырмалар, графиктер, диаграммалар, есеп шығару бар жазбаша тапсырмалар)
12	Тақырыптар бойынша олқылығы бар оқушылардың санына байланысты *өткен тақырыптардың ішінен қиындық тудырған тақырыптарын анықтау. Мысалы, қандай да бір тақырыпты меңгермеген оқушылардың саны көп болса, сол тақырып күрделі болып есептеледі.* Мысалы, 9 сыныптың оқушы қоспамен байланысты есептеуге берілген тапсырманы шығара алмайды, егер «нольдік қосынды» әдісімен формуланы құрастыра алмаса, салыстырмалы молекулалық/формулалық массаны анықтап алмаса, заттар массасының сақталу заңын қолдана алмаса.
	Жоспарлау жұмысы *(I тоқсанның II аптасында)*
13	Пәннің оқу бағдарламасы бойынша жаңа оқу жылында өтілетін тақырыптар мен оқу мақсаттарына сәйкес келетін өткен оқу жылдарындағы *күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын анықтау* Егер бағдарламада оқу мақсаттары, оқу сағаттарының саны бойынша өзгерістер болса, бұл жағдайды оқушылардың біліміндегі олқылықтарды жою үшін жұмысты жоспарлау кезінде ескеру қажет.
14	Сәйкес келетін тақырыптар мен оқу мақсаттарын анықтағаннан кейін *қысқа мерзімді сабақ жоспарларын* мақсаттарды үйлестіре, кіріктіре отырып әзірлеу. *Жаңа тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгеру үшін өткен оқу жылдарындағы тақырыптар бойынша білімінде олқылығы бар оқушыларға алдын ала дайындалып келуге берілетін тапсырмалар әзірлеу.* Шағын жобаларды, презентацияларды, пікірталас түрінде өткізуге, ғылыми эссе жазуға және т. б қосуға болады.
15	Пәннің оқу бағдарламасы бойынша жаңа оқу жылындағы тақырыптар мен оқу мақсаттарына *сәйкес келмейтін* өткен оқу жылдарының *күрделі тақырыптары мен оқу мақсаттарын анықтау.* Мысалы, оқу мақсаттар «метанол мен этанолдың адам ағзасына физиологиялық әсерін түсіндіру», «аммиак өндірісінің үдерісін сипаттау».
16	Жаңа бағдарламаға сәйкес келмейтін өткен оқу жылдарының күрделі тақырыптары мен оқу мақсаттары бойынша *білімінде олқылықтары бар оқушылардың тізімін жасау және топтастыру*
17	Білімінде олқылықтары бар оқушылардың топтарымен өткізілетін *консультациялардың кестесін жасау*
41	Білімінде олқылықтары бар оқушыларға өткізілетін *кеңес беруді* сәйкес келетін *жаңа тақырып пен оқу мақсатына сабақ жоспарлаудан* бұрын өткізу
19	Білімінде олқылықтары бар оқушылардың топтарымен өткізілетін *кеңес беру* кестелерін *жоспарлау принциптері:* - жаңа сабақтан бұрын кеңес беру; - жұмыс күндеріне сыймаған жағдайда сенбілік немесе жексенбілік кеңес беру; - II, III, IV тоқсандық каникул күндеріндегі кеңестер;

	- жазғы мектеп күндеріндегі кеңестер
20	*Жаңа сабақтан бұрын кеңес* өткізу топтарын анықтау, кестесін жасау
21	*Сенбілік немесе жексенбілік кеңес* өткізу топтарын анықтау, кестесін жасау
22	*Каникул күндеріндегі кеңес* өткізу топтарын анықтау, кестесін жасау
23	*Жазғы мектеп күндеріндегі кеңес* тақырыптарын анықтау, кестесін дайындау
24	Жаңа оқу жылында оқу пәндері бойынша білім алушылардың білім сапасына *жүйелі мониторинг жүргізу* кестесін және талдау жұмысының *жоспарын дайындау (бұл жерде білім алушының өткен оқу жылы бойынша білімінің сапасы да, олқылықтары да көрінеді):* - қыркүйектің екінші аптасы *(диагностикалық әкімшілік бақылау)*; - бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) кестесі; - тоқсан бойынша жиынтық бағалау (ТЖБ) кестесі.
Жүзеге асыру және талдау жұмысы *(оқу жылы бойы)*	
25	Химия бағдарламасы бойынша *оқу мақсаттары кіріктірілген қысқа мерзімді сабақ жоспарымен* сабақты ұйымдастыру арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа оқу мақсаттарына қол жеткізу
26	*Жаңа сабақтан бұрын кеңес беру* кестесі бойынша сабақ жүргізу арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа мақсаттарға қол жеткізу
27	Жаңа сабақтан бұрын *сенбілік немесе жексенбілік кеңес беру* арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа мақсаттарға қол жеткізу
28	*Каникул күндерінде кеңес беру* арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа оқу мақсаттарына қол жеткізу
29	*Жазғы мектеп күндеріндегі кеңес* өткізу *кестесі* бойынша сабақ жүргізу арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыру
30	Білім алушылардың білім сапасына жүргізілген *жүйелі мониторинг жұмысының нәтижелерін:* - диагностикалық бақылау жұмысының талдамалық есебін; - тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебін *әдістемелік бірлестікте, әдістемелік кеңесте, педагогикалық кеңесте;* - бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебін *әдістемелік бірлестікте;* - оқу жылының қорытындысы бойынша талдамалақ есепті *әдістемелік бірлестікте және педагогикалық кеңесте* талдау және талқылау.

«Химия» пәні бойынша *өткен оқу жылындағы меңгерілмеген келесі оқу мақсаттарын оқу тапсырмаларында біріктіру ұсынылады:*

	9-сынып	10-сынып	11-сынып
	9.1.4.6 – аммиактың молекулалық, электрондық және құрылымдық формулаларын түсіндіру	10.1.4.1 донор-акцепторлы және алмасу механизмі бойынша ковалентті байланыстың түзілуін түсіндіру	
	9.1.4.8 – кремний, оның диоксиді мен карбидіндегі химиялық байланыс түрін және кристалдық тор типін сипаттау	10.1.4.3 ковалентті байланыстың қасиеттерін сипаттау	
	9.2.1.8 – топта галогендер қасиеттерінің өзгеру	10.2.1.2 период және топ бойынша химиялық	11.2.2.2 тізбектеле жүретін реакция

	заңдылықтарын болжау	элементтердің оксидтерінің, гидроксидтерінің және сутекті қосылыстарының қышқылдық-негіздік қасиеттерінің өзгеру заңдылығын түсіндіру	теңдеулері бойынша есептер шығару

«АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ» БІЛІМ САЛАСЫ

«Адам және қоғам» білім саласы «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері», «Өзін-өзі тану» пәндерін қамтиды.

Жалпы орта білім беру деңгейіндегі тарих пәні өткен тарихты ұғыну және қазіргі әлемде өз орнын, азаматтық ұстанымы және оқиғалар мен құбылыстарға деген қарым-қатынасын анықтап, олардың мәні мен бағытын түсіну арқылы тұлғаның тарихи санасын қалыптастыруға бағытталған.

Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасуының басты алғышарттарының бірі – азаматтардың құқықтық білімін жетілдіріп, құқықтық сана, құқықтық сауаттылық пен мәдениениетінің қалыптасуы. Азаматтардың құқықтық санасы қалыптасу үшін құқықтық білімді игеру қажет. Сондықтан жалпы білім беретін мектептерде «*Құқық негіздері*» пәнін оқыту оқушылардың, қазіргі қоғамдағы құқықтық және саяси қатынастардың субъектісі ретінде, өз құқықтары мен міндеттемелерін жүзеге асыру үшін қажетті білім мен дағдыларды игеруге бағытталған.

«Қазақстан тарихы» оқу пәні

Жалпы орта білім беру деңгейінде «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің мазмұны Қазақстан тарихының этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени негізгі мәселелері бойынша тереңдетілген білімді қалыптастыруға бағытталған.

10-11-сыныпта «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту түрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның мәдени-тарихи дамуының ерекшеліктері мен мәнін білім алушыларға түсіндіруді кеңейтеді және тереңдетеді.

«Қазақстан тарихы» пәні Қазақстан тарихындағы оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді талдау, жіктеу, жүйелеу, қорытындылау және бағалау үшін қажетті тарихи ойлау дағдыларын дамытуды қарастырады.

Осы оқу пәнінің аксиологиялық мақсаты патриотизмді қалыптастыру, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға құрмет көрсетуге дағдыландыру болып табылады.

Жалпы орта білім беру деңгейінде жаратылыстану-математика бағыты және қоғамдық-гуманитарлық бағытта оқытылатын «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу жүктемесі 90-кестеде көрсетілген.

90-кесте. Оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Жалпы жүктеме, сағат			
		Үлгілік оқу жоспары (жаңартылған мазмұн)		Үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)	
		Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
10-сынып (ҚГБ)	Қазақстан тарихы	2	68	2	68
11-сынып (ҚГБ)	Қазақстан тарихы	2	68	2	68
10-сынып (ЖМБ)	Қазақстан тарихы	2	68	1	34
11-сынып (ЖМБ)	Қазақстан тарихы	2	68	1	34

90-кестеден көріп отырғандай, апталық оқу жүктемесі жаратылыстану-математика бағытында оқытылатын «Қазақстан тарихы» пәнінен төмендетілген.

2021/2022 оқу жылында 10-11-сыныпта «Қазақстан тарихы*» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу жоспары бойынша* оқу процесі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» ***ҚР БҒМ 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығымен*** бекітілген оқу бағдарламаларымен жүзеге асырылады.

Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарлары бойынша келесі оқу бағдарламасы қолданылады:

ҚР БҒМ 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу бағдарламасы

«Қазақстан тарихы» пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

– білім алушылардың тарихи оқиғалар, құбылыстарды тарихи заңдылықтарды ескере отырып зерттеу, оқиғалар мен тұлғаларға қатысты пікірлер мен берілген бағаларды салыстыру және сыни тұрғыдан талдау дағдыларын дамыту, өткен кезеңмен қазіргі уақытқа қатысты пікірталастық мәселелерге өзіндік көзқарасты қалыптастыру;

– өлке тарихын зерделеу, өлкетанулық жұмыстарды жүргізу дағдыларын дамыту;

– әртүрлі тарихи деректермен жұмыс істеу, тарихи ақпаратты іздеу және жүйелеу дағдыларын дамыту;

– әртүрлі деректерді қолдана отырып, жобалық, зерттеу әрекетін және тарихи реконструкция дағдыларын дамыту;

– қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерді түсіну үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;

– коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру, оның ішінде, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қолдануға бағыттау болып табылады.

Тұлғаның танымдық белсенділігін, шығармашылық, жобалық-зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін әр тақырыптық бөлімнен кейін келесі зерттеу жұмысы берілген. Сондықтан осы тақырыптар көлемінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру ұсынылады. Зерттеу тақырыптары жалпылама берілген. Білім алушылар осы белгіленген тақырып шеңберінде түрлі мәселелерді қарастыра алады.

Оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау саны 91-кестеде берілген.

91-кесте. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10-сынып	1	1	1	1
11-сынып	1	1	1	1

Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес 10-11-сыныптарда жаратылыстану-математика бағытында оқытылатын «Қазақстан тарихы» пәнінің апталық жүктемесі 1 сағатты құрайды. Сондықтан, осы оқу жоспарымен оқытылатын «Қазақстан тарихы» пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалау өткізілмейді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша әр тоқсанның соңында оқушылардың зерттеу жұмысын жүргізу қарастырылған. Сыныптар бойынша зерттеу тақырыптары төменде берілген.

10-сынып бойынша зерттеу тақырыптары:

1. Әлемдік өркениет тарихындағы Ұлы Дала.
2. Дәстүрлі қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдасуы.
3. Қазақ мемлекеттілігінің эволюциясы.
4. Мәдениет және дәстүр – ұлттың генетикалық коды.

11-сынып бойынша зерттеу тақырыптары:

1. Әртүрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктері.
2. Қазақстан этностары: тарихы мен тағдыры.
3. Қоғамдық-саяси ойдың біріктіруші рөлі.
4. Білім мен ғылымға үлес қосқан менің өлкемнің тұлғалары.

«Дүниежүзі тарихы» оқу пәні

«Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің мазмұны адамзаттық өркениеттің этногенез, политогенез, культурогенез негізгі мәселелері бойынша тереңдетілген білімді қалыптастыруға бағытталған.

10-11-сыныпта «Дүниежүзі тарихы» пәнін оқыту білім алушылардың әлемдік мәдени-тарихи процестің мәнін оның бірлігі мен әртүрлілігін терең түсінуге бағдарланған.

«Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің тереңдетілген курсы әлемдік тарихтағы оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді бағалау және жіктеу, жүйелеу, қорытындылау, талдау үшін қажетті тарихи ойлау дағдысын дамытуды

қарастырады. Осы оқу пәнінің аксиологиялық мақсаты білім алушыларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға құрмет көрсетуге тәрбиелеу болып табылады.

«Дүниежүзі тарихы» пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

– әлемдік-тарихи процесс туралы толық біртұтас білім қалыптастыру;

– оқиғалар мен құбылыстарды тарихи себептілігі, салыстырмалылығы мен әртүрлі көзқарастар, тарихи оқиғалар және тұлғаларға баға беруде сыни тұрғыдан зерттеу барысында, өткен және қазіргі таңдағы пікірталастық мәселелерге білім алушы тарапынан өзіндік көзқарас білдіруді дамыту;

– тарихи деректердің әртүрлі типтерімен жұмыс жасау, іздеу және тарихи материалды жіктеу дағдыларын дамыту;

– әртүрлі деректерді қолдана отырып жобалық, зерттеу әрекетін және тарихи реконструкция дағдыларын дамыту;

– қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени мәселелерді ұғыну үшін тарихи білімдері мен дағдыларынқолдана білу қабілетін дамыту;

коммукативтік дағдыларды дамыту: өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық жеткізе білу, топта жұмыс жасау, әртүрлі деректерден алынған ақпараттарды пайдалану.

«Дүниежүзі тарихы» пәнінен ***жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу жоспары*** *бойынша оқу жүктемесі:*

қоғамдық-гуманитарлық бағытта:

10-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;

11-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;

жаратылыстану -математикалық бағытта:

10-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;

11-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

«Дүниежүзі тарихы» пәнінен Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспары бойынша оқу жүктемесі:

қоғамдық-гуманитарлық бағытта:

10-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;

11-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;

жаратылыстану -математикалық бағытта:

10-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;

11-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

2021/2022 оқу жылында 10-11-сыныпта «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінен *Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарлары бойынша* оқу процесі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым*

министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламаларымен жүзеге асырылады.

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау рәсімдерінің нақты саны көрсетілген.

92- кесте. «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10-сынып	1	1	1	1
11-сынып	1	1	1	1

Жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу жоспарына сәйкес 10-11-сыныптарда жаратылыстану-математика бағытында оқытылатын «Дүниежүзі тарихы» пәнінің апталық жүктемесі 1 сағатты құрайды. Сондықтан, осы оқу жоспарымен оқытылатын «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалау өткізілмейді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады.

10-11-сыныптарда (ҚГБ) «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша оқу тоқсанының соңында білім алушылардың зерттеу жұмысы ұйымдастырылатын сабақтар өткізу көзделген.

Зерттеу жұмысын өткізу мақсаты: оқытылатын бөлім тақырыптарының жекелеген аспектілері бойынша теориялық материалды жинақтау, терең талдау және жүйелеу.

10-сыныптағы зерттеу жұмысының тақырыптары:

1. Әлемдік тарих контексіндегі өркениеттердің өзара әрекеттестік пен өзара ықпал ету тәсілдері.
2. Әлемдік тарихтағы этникалық және әлеуметтік үдерістер.
3. Әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелерді шешу жолдары
4. Мәдениет адамзаттың рухани-адамгершілік құндылықтарының көрінісі ретінде

11-сыныптағы зерттеу жұмысының тақырыптары:

1. Әлемдік тәжірибені талдау негізінде Қазақстанның шектеулі табиғи-географиялық факторларын еңсеру перспективалары.
2. XXI ғасырдағы әлем: халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жолдары мен тәсілдері
3. Тұлғаның тарихтағы рөлі
4. Жаһандану жағдайындағы ғылым мен техниканың перспективалы салалары.

«Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндері бойынша оқу процесін ұйымдастырудағы әдістемелік ерекшеліктер

10-сыныпта «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны: «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Этникалық және

әлеуметтік процестер», «Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан», «Мәдениеттің дамуы» бөлімдерін қамтиды.

11-сыныпта: «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Саяси-құқықтық процестер», «Қоғамдық-саяси ойдың дамуы», «Білім мен ғылымның дамуы» бөлімдерін қамтиды.

Бөлімдер сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.Оқу мақсаттары әр бөлімше ішінде мұғалім мен білім алушыға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсетеді.

Білім мазмұнын жаңарту жағдайында тарихты оқытуда – оқу мақсаттарын анықтау, оқыту мазмұнына сәйкес материалдарды саралау, оқытудың тиімді әдістерін дұрыс анықтау ұсынылады.

Оқу процесінде білім алушыны ынталы, қызығушылығы жоғары, дербес, сенімді, жауапты, талдау жасай алуға бағыттайтын оқытудың түрлі формалары ұсынылады:

- мұқият іріктелген тапсырмалар мен іс-әрекет түрлері арқылы білім алушыларды ынталандыра және дамыта оқыту;
- білім алушыларды зерттеу және зерттеушілік жұмыстарын жүргізуге негізделген белсенді оқытуды ұйымдастыру;
- білім алушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту;
- білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, деңгейлік тапсырмалар құрастыру;
- білім алушылардың жеке, жұптық, топтық және тұтас сыныптық жұмыс түрлерін ұйымдастыруды қолдану;
- оқу процесінде тарихи құжаттардың фрагменттерін талдау, ақпарат жинақтау және қорытынды жасау, себеп-салдарлық байланыстарды орнатуды және т.б. талап ететін тапсырмаларды кеңінен қолдану;
- сабақта білім алушының біліміндегі кемшіліктерді уақытында анықтауға мүмкіндік беретін кері байланысты ұйымдастырудың әр түрлі әдістерін қолдану.

Жалпы орта білім беру деңгейінде білім алушылардың жас және танымдық ерекшеліктеріне сәйкес талдау, бағалау, зерттеу және жоспарлау дағдыларын қалыптастыратын әдіс-тәсілдер мен тапсырмаларды қолдану ұсынылады. Мысалы, эссе және есеп жазу, салыстырмалы талдау жасау (SWOT, PEST, GAP талдаулары) және т.б.

Оқу бағдарламасының оқу мақсаттары мен тәсілдерін тиімді түрде жүзеге асыру үшін «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша оқыту процесін төмендегідей тарихи концептілер (түсініктер) негізінде ұйымдастыру ұсынылады:

- өзгеріс пен сабақтастық;
- себеп пен салдар;
- дәлел;
- ұқсастық пен айырмашылық;
- маңыздылық;
- интерпретация.

Тарихи түсініктер негізінде оқыту тарихи оқиғалардың мағыналары мен маңыздылығын, үдерістер мен оқиғаларды «тез түсінуге» бағытталған, бұл пәннің мағынасын терең түсінуге көмектеседі.

Тарихи түсініктерге сүйене отырып, тарихи материалдарды талдауды жүзеге асыру ұсынылады. Нәтижесінде, білімалушылар тек қана пәндік материалды ғана емес, зерттеу процестері, дағдылар және біліктермен байланысты әдістерді игереді (материалдарды жинау мен реттеу әдістері, сұрақтарды құрастыру және дереккөздермен жұмыс жасау процесінде мәселені қоя білу білігі, сәйкестендіру әдістері мен дереккөздерді сыни бағалауы, зерттеу жоспарларын әзірлеу, материалдарды жинақтау және нәтижелерді тексеру).

Белгілі бір тарихи концептілерге негізделген оқыту нақты оқу материалының негізінде оқушылардың бойында тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға мүмкіндік береді. Мұндай әдіс, зерттеуге негізделген оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады.

Мұғалімнің сабаққа арнайы әзірлейтін тапсырмалары келесі өлшемшарттарға сәйкес болуы қажет:

- түсінікті болуы;
- саралаудың ескерілуі;
- сын тұрғысынан ойлауды дамытуға мүмкіндік беруі;
- проблемалық оқытуға негізделуі;
- бағалау мүмкіндіктерінің бар болуы тиіс.

Картамен жұмысты тиімді деңгейде күшейту қажет. Ол үшін тарихи карталар мазмұнын талдау бойынша тапсырмаларды пайдалану ұсынылады.

Білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, презентация, интеллект карталар, диаграммалар жасауға тапсырмалар берген дұрыс.

Пәнді оқыту кезінде барлық сынып білім алушыларының жұмыс жасауы және үздік нәтижелерге қол жеткізуі үшін жеке, жұптық, топтық жұмыстарды ұйымдастыру ұсынылады. Оқыту процесін оңтайландыру мақсатында топтық жұмысты ұйымдастыру өте тиімді болып табылады. Топтық жұмысты ұйымдастыру кезінде әрбір білім алушының қабілеттері мен психологиялық ерекшеліктерін ескеру, олардың топтағы атқаратын негізгі міндеттерін анық түсіндіру қажет.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша ұсынылатын сайттар: http://www.tarih-begalinka.kz; http://www.e-history.kz; http://bilimsite.kz/tarih/; http://testcenter.kz/entrants/for-ent/.

«Дүниежүзі тарихы» пәнінен ұсынылатын сайттар:

http://www.world-history.ru; http://historic.ru; http://historyatlas.narod.ru; http://testcenter.kz/entrants/for-ent/.

«Құқық негіздері» оқу пәні

«Құқық негіздері» оқу пәнінің мазмұны құқықтық сауаттылықты қалыптастыруға, демократиялық құқықтық қоғам идеалдары мен құндылықтарын түсінуге бағытталған.

10-11-сыныпта «Құқық негіздері» пәнінің мазмұны білім алушыларға түрлі құқық салаларының ерекшеліктері мен мәнін түсіндіруді тереңдетеді.

«Құқық негіздері» оқу пәні құқық нормалары, заңдар мен нормативтік құқықтық актілер арқылы қамтамасыз етілетін процестерді бағалау, жіктеу, жүйелеу, қорытындылау, талдау үшін білім алушылардың қажетті құқықтық ойлау дағдысын дамытуды қарастырады. Аталған оқу пәнінің аксиологиялық қызметі құқықтық сауаттылықты, құқықтық сана-сезім құндылықтарын қалыптастыруға негізделген.

«Құқық негіздері» пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

– әлеуметтік және құқықтық нормалар жүйесі: адам құқығы, құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам, заңдылық және құқықтық тәртіп туралы білімдерін тереңдету және кеңейту;

– қазақстандық құқық пен халықаралық құқықтың базалық салаларының негізгі түсініктері мен мазмұны туралы білімдерін дамыту;

– құқыққа деген оң көзқарасты қалыптастыру және заңдарды білу мен орындаудың әлеуметтік пайдалылығын түсіну;

– қазақстандық патриотизм, жалпыадамзаттық құндылықтар, гуманизм мен әділеттілік негізінде тұлғаның құқықтық санасын қалыптастыру;

– оқу және тәжірибелік іс-әрекетте құқықтық ақпаратты табу, талдау және қолдану дағдыларын қалыптастыру;

– әртүрлі өмірлік жағдайларда құқықтық нормаларға сәйкес іс-әрекеттерді таңдау кезінде құқықтық білім мен дағдыларды қолдана алу біліктерін дамыту;

– қоғамдағы құқықтық қатынастармен байланысты практикалық жағдаяттарды сын тұрғысынан талдау және бағалау дағдыларын дамыту;

– қазіргі уақыттағы өзекті қоғамдық және құқықтық мәселелерге қатысты пікірталасқа қатысу дағдыларын дамыту.

«Құқық негіздері» пәнінен ***жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу жоспары*** *бойынша оқу жүктемесі қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану -математикалық бағытта:*

10-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;

11-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

«Құқық негіздері» пәнінен ***Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарлары*** *бойынша оқу жүктемесі:*

қоғамдық-гуманитарлық бағытта:

10-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;

11-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;

жаратылыстану -математикалық бағытта

10-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;

11-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68сағатты құрайды

2021/2022 оқу жылында 10-11-сыныпта «Құқық негіздері» пәнінен оқу процесі Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарлары бойынша «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің,

таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламаларымен жүзеге асырылады.

Тұлғаның танымдық белсенділігін, шығармашылық, жобалық-зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін *қоғамдық-гуманитарлық бағытта* әр тақырыптық бөлімнен кейін келесі зерттеу жұмысы тақырыптары берілген.

10-сынып бойынша зерттеу тақырыптары:

1. Мемлекет және құқық формаларының эволюциясы
2. Жария құқық салалары ерекшеліктерінің сипаттамасы.
3. Жеке құқық – адамның табиғи құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асуының кепілдігі
4. Құқыққа қатысты процестер қадамдарының сипаттамасы.
5. Адам құқықтарын қорғау жөніндегі қазіргі заманғы халықаралық ұйымдар.

11-сынып бойынша зерттеу тақырыптары:

1. Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының құқық жүйесі және мемлекеттік органдар жүйесі.
2. Мемлекеттік билік пен басқару органдарының қызметін реттеудегі жария құқықтың рөлі
3. Жеке меншік құқықты қорғауды қамтамасыз етудегі жеке құқықтың рөлі.
4. Қазақстан Республикасында азаматтық құқықтарды қорғау әдістері
5. Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінде халықаралық құқық нормаларын іске асыру.

Сондықтан *қоғамдық-гуманитарлық бағытта* осы тақырыптар көлемінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру ұсынылады. Зерттеу тақырыптары жалпылама берілген. Білім алушылар осы белгіленген тақырып шеңберінде түрлі мәселелерді қарастыра алады.

«Құқық негіздері» оқу пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) өткізу қарастырылған. Төменде 93-кестеде оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімдерінің нақты саны көрсетілген.

93- кесте. «Құқық негіздері» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10-сынып	1	1	1	2
11-сынып	1	1	1	2

Жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу жоспарына сәйкес 10-11-сыныптарда қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математика бағыттарында оқытылатын «Құқық негіздері» пәнінің апталық жүктемесі 1 сағатты құрайды. Сондықтан, осы оқу жоспарымен оқытылатын «Құқық

негіздері» пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалау өткізілмейді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады.

«Құқық негіздері» пәні бойынша оқу процесін ұйымдастырудағы әдістемелік ерекшеліктер

Оқу пәнінің білім мазмұны бес бөлімді қамтиды: «Мемлекет және құқық», «Жария құқық», «Жеке құқық», «Іс жүргізу құқығының негіздері», «Халықаралық құқық».

Бұл бөлімдер өз ішінде білім, түсінік және дағдыларды қалыптастыруды көздейтін бөлімшелерден тұрады. Оқу мақсаттары әр бөлімше ішінде мұғалім мен оқушыға келесі қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсетеді.

«Құқық негіздері» пәнін оқытуда келесі педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдану ұсынылады:

- оқу тапсырмаларын шешу барысында нормативтік құқықтық актілердің ақпараттық-құқықтық жүйесін қолдану (http://adilet.zan.kz/; http://online.zakon.kz/);
- құқықтық нормалардың мазмұны мен мәнін түсіндіру және анықтау арқылы нормативтік құқықтық актілерді талдау;
- оқушылар проблемаларды анықтауда өз ойларын, пікірлерін айту, дәлелдеу, болжамды ұсыну, зерттеуді жоспарлау қабілеттерін дамытатын ынталандырушы-проблемалық құқықтық ситуациялық жағдаяттарды (кейс-стади) зерттеу.

«Құқық негіздері» пәнін оқыту процесінде оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдысын дамыту үшін жағдайлар жасалуы қажет, соның ішінде ақпаратты табу, құрастыру және басқару, мәліметтер және идеялармен бөлісу, бірлесіп әрекет ету, түрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру.

Құқық негіздері» пәнін оқыту барысында АКТ-ны қолдану мүмкіндіктері:

- құқықтық деректермен жұмыс жасау: оларды іздеу, сұрыптау және интерпретациялауға байланысты өзіндік жұмыс жасау дағдыларын дамыту;
- оқушылардың білімдерін кеңейту үшін мультимедиялық ресурстарды пайдалану;
- белсенді оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдау үшін интерактивті тақталарды пайдалану;
- оқушылардың электронды оқулықтарды пайдалануы;
- компьютерлік презентациялардың түрлерін пайдалана отырып, таңдалған тақырыптар бойынша шығармашылық жобаларды жасау;
- оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытуы үшін (пікір-талас өткізу және құқықтық мәселелерді талқылау) компьютерлік коммуникация құралдарын пайдалану (мысалы, онлайн-форумдар, конференциялар).

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарда әр оқу тоқсанының соңында «Зерттеу жұмысы» сабағын өткізу қарастырылған. Зерттеу жұмысын жүргізудің мақсаты: теориялық материалды зерттеу тақырыптарының жеке аспектілері бойынша жүйелеу, терең талдау жасау және жалпылау.

Осы сабақтар барысында оқушылар жеке, жұпта немесе топтарда тақырыптық бөлімнің тоқсанда зерттелген аспектілердің бірі бойынша кіші-зерттеу жүргізеді. Зерттеу тақырыбын оқушылар тоқсан бойы таңдай алады. Әр тоқсан соңында оқушылар өз зерттеулерін аяқтап, әр түрлі формада сынып алдында таныстырады. Бұл баяндамалар, презентациялар, рефераттар, шағын жобалар, мақалалар, эссе және т.б. болуы мүмкін. *Зерттеу жұмысы бойынша формативті бағалау қарастырылған*. Сонымен, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сыныптарында оқитын оқушылар өздерінің зерттеу, креативті және сыни ойлау дағдыларын, қарым-қатынас, ынтымақтастық және азаматтық жауапкершілік дағдыларын жетілдіру үшін көп мүмкіндіктерге ие. Осы материалдарды әзірлеу кезінде әрбір тоқсанның соңында берілетін зерттеу жұмысы бұл жобалық жұмыс емес. Ол теориялық-практикалық зерттеу, онда оқушылар келесі зерттеу іскерліктері мен дағдыларын көрсетуі тиіс:

- зерттеу мәселесін (тақырыбын) анықтау және тұжырымдау;
- зерттеу жүргізу жоспарын (оның кезеңдері)құру;
- зерттеудің мақсаты мен міндеттерін, болжам жасау,
- зерттеу әдістерін таңдау және пайдалану;
- алынған ақпарат көздерін көрсете отырып, зерттеу тақырыбы бойынша теориялық (сандық және сапалық) материалды (әдебиетке сілтеме, электрондық дерек көздері)таңдау және жүйелеу;

– ақпаратты бір түрден екінші түрге түрлендіру: сөздік – кестелік, кестелік-сызбалық немесе графикалық және т. б.;

- зерттеудің басында ұсынылған болжамды растайтын немесе жоққа шығаратын қорытынды жасау.
- жүргізілген зерттеу жұмыстарын жетілдіру жолдарын немесе алынған теориялық қорытындыларды практикалық қолдану мүмкіндігін анықтау.

Тарих сабақтарын жоспарлау және ұйымдастыру барысында оқытудың тәрбиелік компонентіне ерекше назар аудару қажет. Материал мазмұны «Рухани жаңғыру» идеясына және «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» бағдарламасына сай болуы қажет. Тарих және құқық негіздері пәндері бойынша рухани жаңғыру идеясы негіздерінің құндылықтарын оқыту мен тәрбиелеуде жүзеге асыру ұсынылады.

Рухани жаңғыру бағдарламасы материалдарын оқу тәрбие процесіне қолдануға арналған әдістемелік ұсынымдар академия сайтында орналастырылған: *(https://www.nao.kz /Білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету/ ҚР Тұңғыш Президентінің Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласына арналған интерактивті сабақты өткізу бойынша әдістемелік ұсыным.*

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру жөнінде ұсынымдар

2021-2022 оқу жылында «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша шектеу шаралары кезіндегі оқу жылдарында жіберілген білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру және жаңа оқу

жылының оқу бағдарламасын меңгерту бағытында мақсатты шараларды жыл бойы жүргізу ұсынылады.

2021-2022 оқу жылында білім алушылардың өткен оқу жылдарындағы біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру және жаңа оқу жылына арналған оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарының меңгерілуін қамтамасыз ету бойынша мақсатты жұмыс жоспарын дайындаудың реті

(әрбір пән мұғалімі үшін)

№	**Жұмыс мазмұны**
	Диагностикалық жұмыс *(I тоқсанның I аптасында)*
1	Өткен оқу жылдарындағы пәннің оқу бағдарламасының оқу мақсаттары бойынша *әкімшілік диагностикалық бақылау* жұмысын жүргізу
2	Тақырыптар бойынша олқылығы бар оқушылардың санына байланысты *өткен тақырыптардың ішінен қиындық тудырған тақырыптар мен оқу мақсаттарын анықтау. Мысалы, қандай да бір тақырыпты меңгермеген оқушылардың саны көп болса, сол тақырып күрделі болып есептеледі. Тақырыпты меңгермеген оқушылардың саны аз болса, ол тақырыптың күрделілігі төмен болып есептеледі*
	Жоспарлау жұмысы *(I тоқсанның II аптасында)*
3	Пәннің оқу бағдарламасы бойынша жаңа оқу жылында өтілетін тақырыптар мен оқу мақсаттарына сәйкес келетін өткен оқу жылдарындағы *күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын анықтау*
4	Сәйкес келетін тақырыптар мен оқу мақсаттарын анықтағаннан кейін *қысқа мерзімді сабақ жоспарларын* мақсаттарды үйлестіре, кіріктіре отырып әзірлеу. *Жаңа тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгеру үшін өткен оқу жылдарындағы тақырыптар бойынша білімінде олқылығы бар оқушыларға алдын ала дайындалып келуге берілетін тапсырмалар әзірлеу.*
5	Пәннің оқу бағдарламасы бойынша жаңа оқу жылындағы тақырыптар мен оқу мақсаттарына *сәйкес келмейтін* өткен оқу жылдарының *күрделі тақырыптары мен оқу мақсаттарын анықтау*
6	Жаңа бағдарламаға сәйкес келмейтін өткен оқу жылдарының күрделі тақырыптары мен оқу мақсаттары бойынша *білімінде олқылықтары бар оқушылардың тізімін жасау және топтастыру*
7	Білімінде олқылықтары бар оқушылардың топтарымен өткізілетін *консультациялардың кестесін жасау*
8	Білімінде олқылықтары бар оқушыларға өткізілетін *кеңес беруді* сәйкес келетін *жаңа тақырып пен оқу мақсатына сабақ жоспарлаудан* бұрын өткізу
9	Білімінде олқылықтары бар оқушылардың топтарымен өткізілетін *кеңес беру* кестелерін *жоспарлау принциптері:* - жаңа сабақтан бұрын кеңес беру; - жұмыс күндеріне сыймаған жағдайда сенбілік немесе жексенбілік кеңес беру; - II, III, IV тоқсандық каникул күндеріндегі кеңестер; - жазғы мектеп күндеріндегі кеңестер
10	*Жаңа сабақтан бұрын кеңес* өткізу топтарын анықтау, кестесін жасау
11	*Сенбілік немесе жексенбілік кеңес* өткізу топтарын анықтау, кестесін жасау
12	*Каникул күндеріндегі кеңес* өткізу топтарын анықтау, кестесін жасау
13	*Жазғы мектеп күндеріндегі кеңес* тақырыптарын анықтау, кестесін дайындау
14	Жаңа оқу жылында оқу пәндері бойынша білім алушылардың білім сапасына *жүйелі мониторинг жүргізу* кестесін және талдау жұмысының *жоспарын дайындау (бұл*

	жерде білім алушының өткен оқу жылы бойынша білімінің сапасы да, олқылықтары да көрінеді): қырқүйектің екінші аптасы *(диагностикалық әкімшілік бақылау)*; бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) кестесі; тоқсан бойынша жиынтық бағалау (ТЖБ) кестесі.
Жүзеге асыру және талдау жұмысы *(оқу жылы бойы)*	
15	Пән бағдарламасы бойынша *оқу мақсаттары кіріктірілген қысқа мерзімді сабақ жоспарымен* сабақты ұйымдастыру арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа оқу мақсаттарына қол жеткізу
16	*Жаңа сабақтан бұрын кеңес беру* кестесі бойынша сабақ жүргізу арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа мақсаттарға қол жеткізу
17	Жаңа сабақтан бұрын *сенбілік немесе жексенбілік кеңес беру* арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа мақсаттарға қол жеткізу
18	*Каникул күндерінде кеңес беру* арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа оқу мақсаттарына қол жеткізу
19	*Жазғы мектеп күндеріндегі кеңес* өткізу *кестесі* бойынша сабақ жүргізу арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыру
20	Білім алушылардың білім сапасына жүргізілген *жүйелі мониторинг жұмысының нәтижелерін:* - диагностикалық бақылау жұмысының талдамалық есебін; тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебін *әдістемелік бірлестікте, әдістемелік кеңесте, педагогикалық кеңесте;* бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебін *әдістемелік бірлестікте;* - оқу жылының қорытындысы бойынша талдамалақ есепті *әдістемелік бірлестікте және педагогикалық кеңесте* талдау және талқылау

Аталған шараларды келесі кезеңдер бойынша жүргізу ұсынылады:

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» пәні бойынша шектеу шаралары кезіндегі оқу жылдарында жіберілген білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтап, күрделі тақырыптар бойынша консультациялар, қосымша сабақтар беру ұсынылады.

Мысалы, пән бойынша шектеу шаралары кезіндегі оқу жылдарында жіберілген білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін 11-сыныпта 10-сыныптың келесі тақырыптары ұсынылады:

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша:

- *«Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтары»;*
- *«Қазақстан аумағындағы этногенез және этникалық процестер»;*
- *«Қазақстан аумағындағы ертедегі мемлекеттердің саяси ұйымы»;*
- *«Түркі империясы-көшпенділер мемлекеттігінің классикалық үлгісі. Түркі империясының мұрагерлері»;*
- *«Қазақ халқының мемлекеттік егемендігін қалпына келтіру үшін күресі»;*

Дүниежүзі тарихы бойынша:

- «*Ежелгі әлем өркениеті»;*
- *«Әлемдік діндер және өркениеттердің дамуы»;*
- *«Заманауи өнердің даму тенденциялары».*

«Құқық негіздері» пәні бойынша білім алушылардың білімдегі олқылықтарын толықтыру бойынша жұмысты ұйымдастыру кезінде, құқық жүйелі ғылым болғандықтан алдымен негізгі тақырыптар бойынша олқылықтарды анықтау үшін оқу материалының негізгі бөлімдерінен 11-сынып білім алушыларының біліміне мониторинг жүргізу ұсынылады.

10-сынып бойынша мониторинг жүргізуге ұсынылатын оқу мақсаттары:

10.1.1.3 құқық жүйесі және оның негізгі элементтерін түсіндіру (құқық нормалары, сала, ішкі сала, құқықтық институт);

10.1.3.2 адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жіктеу (саяси, азаматтық, әлеуметтік, экономикалық және мәдени);

10.2.1.1 Конституциялық құқық институт тарын құқықтық норма жүйесі ретінде түсіндіру;

10.2.1.2 Конституциялық құқықтың қайнар көздерін анықтау және олардың міндеттерін түсіндіру (Конституция, Конституциялық заңдар, Конституциялық Кеңестің актілері және тағы басқалар);

10.2.4.1 қылмыстық кодекстің мазмұны мен құрылымын анықтау, 10.2.4.3 нақты мысалдар арқылы қылмыстық теріс қылық пен қылмысты қоғамдық қауіптілік дәрежесіне сәйкес сипаттау;

10.3.1.1 Қазақстан Республикасы азаматтық құқығының қайнар көздерін түсіндіру (Азаматтық кодексі, заңдар, заңға тәуелді актілер, Азаматтық кодексін толықтыратын және нақтылайтын ережелер);

10.3.1.3 азаматтық құқық субъектілерін анықтау;

10.3.1.4 азаматтық құқық объектілерін олардың елеулі белгілері бойынша ажырата білу;

10.3.3.2 Қазақстан Республикасының отбасылық қарым-қатынастарының құқықтық реттелуінің негізгі ұғымдары мен принциптерін түсіндіру;

10.3.4.1 Қазақстан Республикасының еңбек қатынастарын құқықтық реттеудің негізгі ұғымдары мен принциптерін түсіндіру;

10.4.1.1 қылмыстық процестің негізгі міндеттері мен принциптерін түсіндіру;

10.4.1.2 қылмыстық процесс субъектілерін ажырату;

10.4.2.1 азаматтық процестің негізгі міндеттері мен принциптерін талдау;

10.4.2.2 азаматтық процестің субъектілерін ажырату.

Сонымен қатар білім алушылардың талдау дағдыларын қалыптастыру, заңдармен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен жұмыс істеуге және оларды практикалық жағдаяттарды шешу кезінде тәжірибеде қолдануына көңіл бөлу ұсынылады. Білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға, нақты құқық нормасына сілтеме жасай отырып, өз көзқарасын дәлелдей білуге ерекше назар аудару қажет.

«Құқық негіздері» пәні бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру құралы ретінде жаңа тақырыпты зерделеуде өткен тақырыптарды салалық белгі бойынша біріктіру ұсынылады.

Мысалы, 10-сыныпта 10.1.1.1 құқық белгілерін қорытындылай отырып, ұғымын түсіндіру оқу мақсатын 9.1.1.1 әлеуметтік нормалар жүйесіндегі құқық

ұғымы мен рөлін түсіндіру оқу мақсатын тапсырмаларда кіріктіріп беру ұсынылады; 11-сыныпта 11.3.1.1 келісімшарттың ерекше белгілерін айқындай отырып мазмұнын түсіндіруде 10.3.1.3 азаматтық құқық субъектілерін анықтау және 10.3.1.4 азаматтық құқық объектілерін олардың елеулі белгілері бойынша ажырата білу оқу мақсаттарымен кіріктіру ұсынылады.

Сонымен қатар «*Құқық негіздері» пәні бойынша* білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша *қосымша сабақтар, шағын топтармен жұмысты ұйымдастыру кезінде оқу пәндері бойынша келесі тақырыптарды меңгерту ұсынылады:*

- «Құқықтық мемлекет ұғымы және принциптері»;
- «Адам құқықтары ұғымы және оның негізгі түрлері»;
- «Қылмыстық құқық бұзушылықтар және қылмыстық жауапкершілікке тартылатын адамдар».

Білім олқылықтарының орнын толықтыру бойынша жұмысты ұйымдастыру кезінде белсенді оқыту әдістерін (кейс-технологиялар, графикалық органайзерлер, имитациялық ойындар) және интерактивті (кластерлер, пікірталастар, дебаттар) қолдану ұсынылады.

Сыныптан тыс оқу-тәрбие жұмыстары білім алушыларды қоғамдық өмірге бейімдейтін, жұмыс тәжірибесін жинақтайтын, жаңа жағдайдағы қарым-қатынасқа үйретететін, қызығушылықтар мен талаптарды іске асыратын әлеуметтік ортаның бір бөлігі болып табылады.

«Өзін-өзі тану» оқу пәні

Біртұтас үдеріс ретіндегі өзін-өзі танудың нысаны болмыстың физикалық, психикалық және рухани аспектісі тұрғысынан қарастырылатын адам болып табылады. Адамның осы қырларының біртұтас болуы оның өзін-өзі анықтау, өз маңыздылығын арттыру, өзін іс жүзінде көрсете білу және өзін-өзі жетілдіру аспектілерінен тұратын үйлесімді дамуды қамтамасыз етеді. Бұл өзін-өзі танудың пәндік саласын анықтайды, сол сияқты оқу пәнінің танымдық, дамытушылық және тәрбиелік қызметтерін нақтылайды.

«Өзін-өзі тану» оқу пәнінің мақсаты – білім алушылардың рухани-адамгершілік дамуы; олардың жалпыадамзаттық құндылықтар туралы білімді игеруі; оқушылардың сенімдерін, әлеуметтік маңызды тұлғалық қасиеттерін және өмірлік дағдыларын қалыптастыру.

Пәннің логикалық құрылымының мазмұны:

1) сүйіспеншілік, денсаулық, еркіндік, бақыт, ар-ұждан, еңбек, тән мен рух үйлесімі, өмірдің мақсаты, адамның тағдыры, ой мен сөз және істің бірлігі тәрізді ұғымдарды ұғыну арқылы өзін-өзі тануға;

2) отбасы, достық, қарым-қатынас, сенім, сыйластық, теңдік, сұхбат, өзара түсіністік, ынтымақтастық тәрізді ұғымдарды ұғыну арқылы өзге адамдарды тануға;

3) табиғат, Отан, өмір, қоршаған әлеммен үйлесімдік; сенім, үміт тәрізді ұғымдарды ұғыну арқылы әлемді тануға;

4) ақиқат, шығармашылық, мәдениет, адамзаттың ортақ үйі ретіндегі жер, адамзаттың бірлігі тәрізді ұғымдарды ұғыну арқылы адамзаттың рухани

тәжірибесін тануға мүмкіндік беретін жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесі арқылы анықталады.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 10-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
2) 11-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

«Өзін-өзі тану» пәнінің 10-11-сыныптардағы базалық мазмұны төрт негізгі тарауды қамтиды: «Таным жолында», «Тұлғаның қалыптасуы», «Қоғамдағы өмір», «Адамзат әлемі».

«Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың маңызды шарты сабақта оқушының көңіл күйіне, өзін жақсы сезінуіне әсер ететін релаксация жасауға мүмкіндік беретін, денеге түсетін күшті азайтатын, шаршағанды сейілтетін, өз сезіміне, эмоциясына, рефлексиясына дем беретін әдістемелік тәсілдердің көмегімен дамытушы салауатты орта құру болып табылады.

«Таным жолында» атты бірінші тараудың тақырыптары оқушылардың жалпыадамзаттық құндылықтардың ерекшелігін саналы сезіну арқылы өзіндік бірегейлігін ұғыну мақсатын көздейді. Адамның өзімен-өзі және қоршаған ортамен үйлесімді қарым-қатынас орнату қабілетін дамытуға, өзінің эмоциялық күйін басқара алу білігін дамытуға, тұлғаны жетілдіру жолдарына, идеалды іздеу, мінез-құлықты тәрбиелеу, жауапкершілік, намыс пен абырой тәрізді қасиеттерін дамыту қажеттілігі туралы сөз қозғалады. Бағдарламада оқушылардың адамның ішкі әлемі, тұлғалық қасиеттерінің жан-жақтылығы, өмірлік ұстанымы, өзіне сенімі, сезімі сияқты ұғымдардың мәнін түсінуіне мүмкіндік беріледі. Адамның шыдамдылығы, көңіл-күйін басқара білуі тәрізді жағымды жағынан көрінуі қарастырылады. Бағдарламада сонымен қатар адамның діни наным-сенімінің бостандығы және басқа адамдардың діни сезімдерін құрметтеп, төзімділік таныту мәселелеріне де назар аударылған.

«Тұлғаның қалыптасуы» тарауының тақырыптарында оқушылардың дүниетанымын олардың әлемге ашық бола білу, әлемді тану мен түсіну және әлемде жоғары адамгершілік ұстаныммен қатынас жасай алу қабілеттерін дамыту арқылы кеңейту көзделген. Бағдарламада адамның ішкі әлемі, оның шынайы бейнесі, тұлғаның рухани кемелденуі тәрізді мәселелердің тереңдігін ашу мүмкіндігі берілген.

«Қоғамдағы өмір» атты үшінші тараудың тақырыптық жоспары оқушылардың жағымды ойлау дағдылары мен адамдар арасындағы қарым-қатынас барысында туындайтын этикалық өмірлік қайшылықтарға саналы түрде, байыппен қарау дағдыларын дамытуға бағытталған. Жоғары сынып оқушыларына есею кезеңіне қадам басқан және өз жақындары, сыныптастарының ғана емес, сонымен бірге болашақ курстастары мен жұмыстағы әріптестерінің ортасында да ғибратты жағдай қалыптастыруда жауапкершілік шегін сезінетін адам тұрғысынан отбасындағы, ұжымдағы және қоғамдағы рөлі туралы өз көзқарасын реттеуіне тура келеді. Тарауда бағдарлама бойынша оқушылардың қоғамға қызмет етуі, тең дәрежелілік пен әділдік туралы, ер адам мен әйел адамның әлеуметтік рөлі туралы түсініктерін дамыту және тұлғаның өзіндік қалыптасуы, дүниетаным тәрізді ұғымдармен танысуы көзделген.

«Адамзат әлемі» атты төртінші тарауда оқушылардың адамзаттың мәдени мұраларына ізгілікті қатынасын дамытуға, өздерінің адамдық болмысы мен ақиқатқа жетудің өзіндік жолын ұғынуына алғышарттар жасалған. Аталған тараудың мазмұны мен оқыту әдістері маңызды адамдық ақиқатты оқушылардың жалпыадамзаттық құндылықтар туралы мәліметтерді, адамзаттың тарихи, мәдени және рухани жолын түсінуін, адамның бүгінгі және болашақтағы мұраттарын тереңірек түсініп қорытындылап, жүйелеу арқылы тұжырымдауын көздейді. Бұл тараудың бағдарламасын зерделеу жоғарғы сынып оқушыларының басты адами құндылықтарды адамзаттың тарихи, мәдени және рухани жолы туралы мәліметтерді жинақтау және жүйелеу жолымен, оның қазірі мен болашағы, адамның жоғары басымдықтарға ие екендігін терең ұғынуы арқылы жүзеге асырылатындығы пайымдалады. Бейбітшілікке және адамдар арасындағы келісімге қол жеткізудің қажетті шарты ретіндегі адамдарды біріктіретін ауызбіршілік туралы оқушылардың түсініктерін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Аталған тарау орта мектептегі өзін-өзі тану курсының қорытынды бөлімі болып табылады және әр оқушының ұлан-байтақ өмірлік кеңістіктегі өз рөлін, адамзаттың тұрмыстық міндеттерін атқарудағы алатын өзіндік орнын және әркімнің еңбегіне, дарынына және шығармашылығына сұраныс болатындай болашақты құруды ұғына алуларына бағытталған. Осының барлығы жоғары сынып оқушыларына адам үшін маңызды «бақыт» деген түсініктің мәнін ұғынуына көмегін тигізеді.

10-11-сыныптардың игеруіне ұсынылып отырған бағдарламаның өзгешелігі бұрын оқығандарын жинақтауға бағытталған, үлкен өмірге аяқ басқан орта мектеп түлегіне қажетті жиынтық болып табылатын құзыреттілігін одан әрі дамыту мен орнықтыруды мақсат ете отырып, оқушылардың басты жалпыадамзаттық құндылықтар туралы білімдерін тереңдету болып табылады.

Мұғалім сабақ барысында, оқытудың әртүрлі стратегияларын қолдану арқылы мұғалім мен оқушының арасында сенімділік атмосферасын құрады.

10-сыныпты бітірген соң білім алушы адам өміріндегі жалпыадамзаттық, этномәдени және ұлттық құндылықтардың өзара байланысын және арақатынасын түсінеді; жағымды қарым-қатынас мәдениетін біледі және күнделікті өмірде іс жүзінде көрсете алады; өзінің және басқа адамдардың көзқарас, пікірлері мен қылықтарын талдап, сыни тұрғыдан бағалай алады; отбасындағы жағымды қарым-қатынас құндылығын, отбасын құру жауапкершілігін сезінеді; өмірдің мәнін түсінуге ұмтылады; өзінің жеке уақытын өзі және қоғам үшін тиімді ұйымдастыра алады; әртүрлі дереккөздерінен алынған ақпараттарды салыстырып, талдап, сыни тұрғыдан бағалай алады; өз пікірі мен көзқарастарын еркін, дәйекті түрде жеткізіп, негіздей алады, өзінің пікірінен алшақ пікірлерге төзімділік таныта алады; қоғамға қызмет етудің практикалық дағдыларына ие болады; өзінің азаматтық ұстанымын қорғайды; басқа ұлттар мен конфессия өкілдеріне, адамның қоғамдағы орны мен оның жеке қасиеттеріне қатыссыз құрмет пен төзімділік танытады.

11-сыныпты бітірген соң білім алушы адам үшін жалпыадамзаттық, рухани-адамгершіліктік құндылықтардың маңызын түсінеді; өзара адами

қарым-қатынастарды тани алады және оны бағалай біледі; командада еңбектене біледі, топ пен ұжымда өз мәртебесін анықтай алады; адам өміріндегі отбасын құрудың маңызын саналы түсініп, есею өміріндегі болашағын сезіне алады; өзінің мінез-құлқын, эмоцияларын басқара алады; эстетикалық талғамға, жақсы әдеттерге ие,жақсы әдеттерін көрсете алады, күнделікті өмірде сұлулық заңдылықтарын пайдаланады; өз ойы мен сезімдерін еркін жеткізеді; қоршаған әлеммен үйлесімді қатынас құруға ұмтылады; өзінің ұстанымдары мен нанымдарын қорғай алады; қиянат жасау мен қатыгездікке қарсы тұрады; отбасында, ұжымда денсаулық сақтау ортасы жағдайларын жасау және қолдау үшін білімдері мен іскерліктерін қолданады; өзін-өзі жетілдіру үшін өмірлік жағдаяттарды шығармашылықпен және тиімді пайдалана алады; өзін-өзі қалыптастыруға ұмтылады; жалпыадамзаттық құндылықтарды басшылыққа ала отырып, өмірлік әртүрлі жағдаяттарда жауапты шешімдер қабылдай алады.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәні

Оқу пәні жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттардағы инварианттық компоненттің стандартты деңгейіндегі таңдау пәні болып табылады. «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнін жалпы білім беретін мектептердің 10-11-сыныптарында оқыту Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүзеге асыралады.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні кәсіпкерлік саласының негізгі ұғымдары мен заңдарын зерделеуге, білім алушылардың іскерлік ойлауын қалыптастыруға, белсенді өмірлік ұстанымды таңдауға, қазіргі жағдайда болашақта өз бетінше өмір сүруге арналған дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Оқу материалының мазмұны оқу процесінің геймификациясы (ойын техникасы) принциптеріне және кейстік жұмысқа негізделген.

Геймификацияны (ойын техникасын) кеңінен қолдану материалды түсінуді жеңілдетіп қана қоймай, сондай-ақ келешекте шынайы жағдайларға лайықтауға болатын алғашқы пайдалы дағдыларды қалыптастыруға бейімделген.

Кейстік (ситуациялық) оқыту әдісі бір жағдайға стандартты емес тәсілдемелерді қолданып, креативтілік танытуға шынайы мүмкіндік береді.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқулығы бойынша оқыту PBL (Project Based Learning) әдістемесі негізінде де құрылған. Сөзбе сөз бұл термин «жобалық оқыту» деп аударылады. PBL әдістемесі әр оқушының оқу үдерісіне белсенді қатысуын білдіреді. Бұл ретте мұғалім барлық үдерісті үйлестіреді, бірақ сонымен қатар оқушыларға шығармашылық пен дербес шешімдер қабылдау үшін еркіндік береді, оқушылар әртүрлі мәселелер бойынша сарапшылардың рөлін өз мойнына алып, өздерін сынап көреді.

Әдістеменің негізгі ұғымы – «жоба». Оқушылар пәнді оқытудың 11-сыныбының бірінші және екінші тоқсанында осындай «жобаны» дамытуы тиіс. Алдымен олар өз командасына мамандарды тартуға тырысатын стартаптың негізін қалаушысы рөлінде өзін елестету керек. Содан кейін олар

басшылар, маркетологтар, зерттеушілер сияқты өз стартаптарымен жұмыс істейтін болады. Оларға өз клиентін зерттеуге, өз өнімінің прототипін жасауға, серіктестерді табуға және т.б. көптеген әрекеттер жасауына тура келеді.

Оқушылар тапсырмаларды алып, оны орындау уақытын білетін болады. Басқа ешқандай шектеулер жоқ. Қандай өніммен айналысу керек, оны жылжыту үшін қандай әлеуметтік желіні таңдаса жақсы болады, олардың бизнесі үшін кім үздік серіктес болып табылады және т.б. осы секілді сұрақтарға алдын ала қайсысы «дұрыс» екеніне нақты жауап берілмейтіндіктен, мұндай тәсілде «дұрыс» - «дұрыс емес» позициясынан соңғы нәтиже емес, командалық жұмыс, команда мүшелерінің жобаға тартылу дәрежесі, олардың көрсеткен күш-жігері мен ынтасы, олардың іс-әрекеттерінің жалпы бағыты мен қисындылығы бағаланады.

Нақты мәселеге шоғырлану оқушыларға қысқа уақыт ішінде зерттелетін мәселенің көптеген қыр-сырын білуге мүмкіндік береді, осылайша, осы әдістеме бойынша егер нақты нұсқаулықтар, жұмысты бағалау критерийлері, шектеулі уақытты беріп, бірақ оны жұмыс стилінде және тәсілде шектемесе кез келген адамды белгілі бір жұмысқа дайындауға болады.

Жобалық жұмыс оқушыларға материалдың едәуір бөлігін қамтуға, өз жобасын жасау арқылы жаңа білім алуға мүмкіндік береді. Әдістің артықшылықтарына мыналарды жатқызуға болады:

Командалық жұмыс. Оқушылар болашақта университет пен жұмыста қажет болатын командада жұмыс істеуді үйренеді.

Коммуникативтік дағдылар. Оқушылар бірге жұмыс істейді, сондықтан оларға командада тиімді қарым-қатынас жасау өте маңызды.

Сөздік қоры. Жобамен жұмыс істеу барысында оқушылар өз тілдік қорын айтарлықтай толықтырып үлгереді, сонымен қатар жобамен тығыз жұмыс істеу кезінде зерделенген сөздер қарапайым оқып жаттағанға қарағанда жақсы меңгеріледі.

Нәтижеге бағдарлану. Көптеген түлектерге жұмыс процесіне бейімделу қиын, өйткені онда жұмыстарды орындау мерзімі қатаң есепке алынады. Оқушылар күйзеліске, толқуға ұшырап, асыққаннан жұмыс сапасы зардап шегеді, ал жұмыс мерзімінде орындалмай қалуы мүмкін. PBL әдісі бойынша жұмыс уақытпен қатаң шектеледі, ал жұмысты бағалау кезінде командалық орындау есепке алынады. Сондықтан жобамен жұмыс кезінде оқушылар қатаң дедлайндарға үйреніп, жұмыс сәттерін еңсеріп, орындалатын жұмыстың сапасына нұқсан келтірмей, нәтижеге шоғырлануға үйренеді.

Міндеттерді бөле білу, тапсырмаларды беру (делегирлеу) және сенім білдіру, көшбасшылық қасиеттер. Жобаны орындау кезінде оқушыларға команда мүшелері арасында міндеттерді дұрыс бөлу қажет, өйткені олардың әрқайсысында әр түрлі күшті және әлсіз жақтары, түрлі интеллект, мотивация және темпераменттері бар. Біреулерге сандарға немесе ұсақ-түйек бөлшектерге мән берілетін жұмысты сеніп тапсырған жақсы болады, біреулері монотонды жұмыспен айналыса алмайтын шығармашылық тұлға, кейбіреулері бір мезгілде бірнеше міндеттерді орындай алады, бірақ бір мәселеге шоғырлану кезінде қиындықтарға тап болады. Команда мүшелері рөлдерді өзара бөлуге, бір-біріне

сенім білдіруге үйренеді. Сондай-ақ олар кімнің көшбасшы рөлін атқара алатынын түсінеді және көшбасшылық қасиеттерге ие болуды үйренеді.

• Жауапкершілік. Әр команда мүшесінің өз жауапкершілік аймағы болғандықтан, өз міндеттерін орындамау команданың барлық жұмысына теріс әсер етуі мүмкін. Жұмыстың бағасы командалық болғандықтан, жұмыстың өз бөлігін жақсы жасау әр адамның мүддесі.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, PBL әдістемесін енгізгеннен кейін оқушылардың оқу процесіне қатысуы ұлғайып, сабаққа қатысуы артады. Мұғалім оқушыларға тек қана көмектеседі, тәлім мен кері байланыс береді, бұл ретте оқушылардың шешім қабылдау процесіне араласпау, олардың өздері қандай шешім дұрыс болатынын анықтауға ынталандырады, яғни білім беру процесіне жауапкершілік оқушылардың өзіне жүктеледі.

PBL әдісі қандай да бір қосымша құралдарды немесе техникалық жабдықтарды талап етпейді. Бірақ мұғалімнен ынта-ықыласты, шығармашылық көзқарасты, стандартты емес ойлауды және оқушыларға қатысты кеңесші-тәлімгер позициясын алуды талап етеді.

Нәтижесінде оқушылар нақты міндеттерді, өмір мен бизнестен алынған кейстерді шешуді үйренеді. PBL оқушыларға олардың әлеуетін ашуға мүмкіндік береді және оқушыларға өзінің шынайы жобаларымен командада нақты жұмыс жасау туралы түсінік береді.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәнінің ерекшеліктері:

- пәнді Қазақстанның кәсіпкерлігі тәжірибесі мен ерекшеліктерінің, даму тарихы мен қалыптасуының негіздеріне сүйене отырып, оқу пәнін құру;

- өмірлік саналы ұстанымдарды және өз әрекеті бойынша жасаған таңдауына жауапкершілікпен қарау ұстанымын қалыптастыру үшін коучингтік тәсілдемелерді қолдану;

- Қазақстандық және әлемдік нарық жағдайларындағы кадрлық үрдістер тұрғысынан талап етілетін XXI ғасыр дағдыларын қалыптастыру.

Оқыту *міндеттері*:

• оқушылардың кәсіпкерлік пен бизнестің теориялық негіздерін қалыптастыру;

• оқушылардың жеке қаржылық сауаттылықтың тәжірибелік дағдыларын меңгеруі;

• оқушыларда өз жетістіктері мен өмірлік ұстанымдарына қатысты жауапкершілік сезімін қалыптастыру;

• оқушыларда кәсіпкерлік ойлауды және өз әлеуетін жүзеге асыру мүмкіндіктерін көре білу біліктілігін қалыптастыру;

• бизнес-идеяларды ойлап табу дағдыларын қалыптастыру және оларды кәсіпкерлік әрекет деңгейіне дейін дамыту;

• бизнес-модельдеу дағдыларын дамыту және бизнестің өміршеңдігін арттыру мақсатында бәсекелестіктің құбылмалы жағдайларына бейімделе білу;

• зерттеу дағдыларын қалыптастыру және заманауи ақпараттық технологияларды қолдану.

Оқу пәнінің мазмұнындағы 10-сыныптың 4 бөлімі тоқсанға сәйкес бөлінген.

«Экономикалық құбылыс ретіндегі кәсіпкерлік» атты 1-бөлім білім алушыларды «Кәсіпкерлік және бизнес» пәнімен, қажетті терминологиямен таныстырады, экономика және тұлға құзыреттілігі призмасы арқылы кәсіпкерлік мәнін қарастырады, кәсіпкерлікті бизнес терминінен ажыратуды үйретеді.

«Замануи жағдайлардағы кәсіпкерлік» атты 2-бөлім білім алушыларды кәсіпкерліктің әр түрлі формаларымен таныстырып, заманауи кәсіпкерлікте қандай инновациялар мен трендтер бар екенін және өз ісін ашу үшін қандай қадамдар жасау керектігін біледі, стартап ұғымдарымен, бизнес-модельдерімен және стартап идеологиясымен танысады. Бұл бөлімде білім алушылар бәсекелестіктің не екенін және бәсекелестік стратегияларының түрлерін, баға қалыптастыру құрылымын сипаттауды, баға саясатының мәнін түсінуді және баға стратегияларын ажыратуды үйренеді.

«Әрекеттегі маркетинг» атты 3-бөлім FMCG секторының нақты жұмыс істеп тұрған отандық тауар өндірушілері негізінде тауарларды жылжыту маркетингін зерделеуді қарастырады. Оқушылардың біріккен топтары нақты өндірушіні және оның ұсынатын өнімдері ішінен біреуін таңдайды. Алынған білім мен дағдыларды қолдана отырып, оқушылар жаңа тауарларды игеру немесе көлемін арттыру мақсатында өнімді баламалы жылжыту бойынша креативті идеяларды қалыптастырады.

«Ойлау дизайны» атты 4-бөлім бизнес-шешімдерді іздеуге клиентке бағытталған дизайн-ойлау сияқты тәсілдің ерекшеліктерін қарастырады. Тоқсанның басында мұғалім ұсынған тізімнен бизнес-мәселені таңдап, оқушы дизайн-ойлау әдіснамасын: эмпатияны, талдау мен синтезді, идеяларды ойлап табуды, прототип жасау мен тестілеуді қолдана отырып бүкіл тоқсан бойы жұмыс жасайды. Оқушылар өндірушілермен өзара іс-әрекет жасауда және жобалау жұмыстарын орындауда нақты тәжірибе алады. Өндіруші үшін бұл тиімді, себебі көктемнің үш айында компаниясы туралы ақпараттың жариялануы және өнімдерінің бүкіл Қазақстан бойынша тегін жарнамалануына мүмкіндік алады. Ал мемлекет экономикасы үшін – бұл отандық өндірушіні қолдау.

Жалпы білім беретін мектептердің 11-сыныбына арналған «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәні басқа бағыттарға басымдықтар бере отырып, оқыту процесіне арналған әдіс-тәсілдерімен ерекшеленеді. Академиялық білімнің орнына практикалық дағдыларды алуға үлкен назар аударылады, бұл оқушылармен өзара іс-әрекеттің белсенді түрлерінің басым екенін көрсетеді. Оқыту процесінің өзі Life-long learning (өмір бойы үздіксіз оқыту) тұжырымдамасына жауап беретін тұрақты және тиімді мінез-құлық үлгісін қалыптастыра алатын табиғи және үздіксіз құбылыс болып табылады.

Оқу пәнінің 11-сыныптағы білім мазмұны 4 бөлімді құрайды:

«Стартап акселератор-1» және «Стартап акселератор-2» атты алғашқы екі бөлімі бизнес-моделдеумен таныстырады, сондай-ақ стартап жобаның құрылуы кезінде қажетті болатын әлеуметтік дағдыларды қалыптастырады. Білім алушы белгілі бір білімдерге ие бола отырып, өз бизнес-идеясын қалыптастырады

және оны бизнес-акселератор принципі бойынша нақты бизнеске айналдыру үшін қажетті құралдарды меңгереді.

«Кәсіпкердің өзін-өзі жетілдіруі» атты 3-бөлімі оқушыларда қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыратын әлеуметтік дағдыларды дамытуды жалғастырып, отбасының жеке қаржылық жоспарын тиімді үйлестіре білу жолдарын үйретеді, банк жүйесімен және халықаралық нарықпен таныстырады. Бөлімнің негізгі ерекшелігі — оқушылар демо-шотты пайдалана отырып, Қазақстанның қор биржасының (KASE) нақты мәліметтері негізінде ойын платформасы арқылы инвестициялау дағдыларын меңгереді. Сол арқылы талдай білу қабілеті артып, оқиғалардың мәнін, олардың экономикалық көрсеткіштерге ықпалын түсінеді.

«Даму стратегиясы» атты 4-бөлімі білім алушылардың назарын нарықтың даму болжамдарына аударады. Мақсат қою дағдыларын, бизнестің ауқымымен, халықаралық бизнеспен, жеке стратегиямен танысуды үйретеді. Қазақстан өнімінің халықаралық нарықтарға шығу стратегиясының жеке пайымын қалыптастырады. Бұл бөлім тұтынушылар мен кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға бағытталған мемлекет және қоғамдық ұйымдар жүзеге асыратын шаралар кешенімен таныстырады.

10-11-сыныпта «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі әр бағыт бойынша аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

Тоқсандағы бөлімдер бойынша және бөлімдер ішінде сағаттарды бөлуді мұғалімнің қалауына қарай өзгертуге болады.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша жиынтық бағалау жүргізілмейді. Формативті бағалау пәнді оқу барысында білім алушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу және оқу үдерісінде оларға қолдау көрсету мақсатында жүргізіледі. Тоқсан мен оқу жылының соңында «есептелді» («есептелген жоқ») қойылады.

10-11-сыныптарда «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәні бойынша сынақ қою талаптары «Дене шынықтыру», «Музыка», «Көркем еңбек», «Өзін-өзі тану», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау» оқу пәндері бойынша сынақ қою талаптары әдістемелік ұсынымдарында келтірілген. Әдістемелік ұсыныстар www.nao.kz сайтта қолжетімді.

Назар аударыңыз!

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәні әртүрлі мамандық дипломы бар мұғалімдер бере алатындай жасалған, бірақ берілген пәнді оқыту үшін «Атамекен» ҚР ҰКП-ның ұйымдастырған арнайы біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, қатысты сертификаты бар болуы тиіс.

«Графика және жобалау» оқу пәні

«Графика және жобалау» пәні үлгілік оқу жоспары бойынша жаратылыстану-математикалық бағыттағы стандартты деңгейдің таңдау пәні болып табылады.

«Графика және жобалау» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 10-11-сыныпта – аптасына 2 сағаттан, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

«Графика және жобалау» оқу пәнін оқытудың мақсаты – білім алушылардың бейнелеу теориясының негіздерін, проекциялау және графикалық үлгілеу әдістерінің заңдылықтарын білу, жобалау, шығармашылық қызметтің дамуына, графикалық мәдениет пен дәстүрлі және қазіргі заманғы графика құралдарымен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету.

Жаңартылған білім мазмұнын енгізу аясында мектептегі оқу процесін жүргізу жоспарлардың келесі түрлері арқылы жүзеге асырылады:

– ұзақ мерзімді жоспар;
– орта мерзімді жоспар;
– қысқа мерзімді жоспар.

Ұзақ мерзімді жоспар Үлгілік оқу бағдарламасына қосымша ретінде беріліп, оқу бағдарламасымен бірге бекітілген құжат. Ұзақ мерзімді жоспарда әр сынып бойынша анықталған оқыту мақсаттарының жүйесін тоқсандарға бөлінген.

Әр тоқсанда көрсетілген оқыту мақсаты сол тоқсанда өтіледі және ол келесі тоқсанға көшірілмейді. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 (өзгерістер мен толықтырулар 2020 жылдың 28 тамызында №373 бұйрықпен енгізілген) бұйрығына сәйкес «Графика және жобалау» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді.

Осыған орай, Ұзақ мерзімді жоспар өзгеріссіз алынады.

Орта мерзімді жоспарларда мұғалімдер үшін тақырыптар мен бөлімдер бойынша сабақтар өткізу, сабақтарда оқушыларды ұйымдастыру ұсыныстары берілген, сондай-ақ оқыту ресурстары қосылған (интернет, мәтіндер, жаттығулар, бейне мен аудиоматериалдары және т.б.). Оқытудың мақсаттары мен тәсілдеріне негізделген жоспарларда мұғалімдер үшін әрбір бөлім мен тақырыптарды өткізу, оқушылардың сабақта білім алуын ұйымдастыру бойынша ұсынымдары, сонымен бірге оқу ресурстары енгізілген (интернет, мәтіндер, жаттығулар, бейне және аудиоматериалдары т.б.).

Орта мерзімді жоспарлардың оқу бағдарламасын сабақтардың жүйелі сериясына құрылымдайтын мұғалімдер тобы немесе жеке мұғалім жүзеге асырады. Орта мерзімді жоспар ұзақ мерзімді жоспармен анықталған бағдарларды нақтылайды және ең қысқа мерзім аралығында жүзеге асырылады. Орта мерзімді жоспарларда белгіленген кезеңге арналған негізгі міндеттер тұжырымдалады. Онда әрбір тоқсанға немесе бөлімге арналған оқыту тақырыптары көрсетіледі. Бөлімдер ішінде сағаттарды бөлуді, сондай-ақ мұғалімнің қалауына қарай өзгертуге болады.

Қысқа мерзімді сабақ жоспарын әзірлеу үшін «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығының 7-қосымшасында берілген орта білім беру ұйымдарының педагогіне арналған сабақ жоспарының немесе қысқа мерзімді жоспарының нысаны алынады.

Сабақты әзірлегенде оқушылар мақсаттарға бір сабақта емес, сабақтар циклі арқылы қол жеткізетінін есте сақтау керек. Сонымен бірге жұмыстың тізбектік кезеңдерін ұйымдастыру, әр сабақты өту мен оқытудың мақсаттарын айқындау, сабақ беру мен оқытудың нәтижелерін өлшеу әдістемесін бекіту, күтілетін нәтижелерге қол жеткізу мақсатында оқыту мен сабақ берудің міндеттерін айқындау, оқытудың барлық кезеңінде мақсатқа бағытталған оң динамиканы қамтамасыз ету, барлық білім алушыларды оқыту процесіне тарту мақсатында стратегиялық жоспарлау міндетті.

Тізбекті сабақтарды жоспарлауға байланысты сабақтың өту және оқыту мақсаттарын реттеуді айқындайтын келесі сұрақтар туындауы тиіс:

- Сіздің ойыңызша білім алушылар қандай білімді меңгеруі тиіс?
- Білім алушылар қандай негізгі идеяларды ұғынуы тиіс?
- Білім алушылар қандай мәселелерді зерттеуі және талдауы тиіс?
- Мәселен, оқыту мақсаттары (Блум бойынша).

Білім алушылар: ... *біледі. ... түсінеді. ... ойланады.* Бұл бағдарламаның идеясын, аталған тәжірибенің ықпалын, өзгерістерін есепке ала отырып өзінің сабақ өту тәжірибесіне енгізуіне мүмкіндік береді.

Тізбекті сабақтарды жоспарлау мұғалімнің мыналарды түсінуіне ықпал етеді: тізбекті сабақтар *кім үшін* жоспарлануда, ең алдымен *нені* үйрету қажет және бағалаудың *қандай тәсілін* пайдалану қажет?

Пәнді меңгеру барысында білім алушылардың оқу жетістіктері сынақ түрінде бағаланады.

Назар аударыңыз!

✓ «Графика және жобалау» пәнін «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша дипломы бар мұғалімдер жүргізе алады. Мамандық алғандағы оқыған пәндер тізімі «Графика және жобалау» оқу пәнін оқыту үшін арнайы диплом талап етілмейтіндігін куәландырады.

✓ Осы оқу пәнін оқыту үшін тиісті сертификатты ала отырып, біліктілікті арттыру курстарынан өту ұсынылады.

«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» БІЛІМ САЛАСЫ

«Дене шынықтыру» оқу пәні

«Дене шынықтыру» пән ретінде жалпы білім беретін мектепте маңызды рөл атқарып, оқушының жалпыадамзаттық мәдениет саласында өзін-өзі белсенді шығармашылық көрсетуге дайын тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Оқу пәнінің *мақсаты*: оқушылардың бойында өз денсаулығына қамқорлықпен қарауға қажеттілікті қалыптастыру, дене физикалық және психикалық қасиеттерді жүйелі дамыту, салауатты өмір салтын ұйымдастыруда дене шынықтыру құралдарын шығармашылық тұрғыдан қолдану.

Оқу пәнінің *міндеттері*:

1) денсаулықты нығайту, негізгі дененің физикалық сапаларын дамыту және ағзаның қызмет ету мүмкіндіктерін арттыру; базалық спорт түрлерінің техникалық-тактикалық әрекеттерін жетілдіру;

2) өз денсаулығына қамқорлықпен қарау, оны нығайту және сақтау қажеттіліктерін тәрбиелеу;

3) дене шынықтыру және спорттың пайда болу тарихы мен даму ерекшеліктері, салауатты өмір салтын дамытудағы рөлі туралы білім деңгейлерін игеру;

4) оқу және жарыс кезіндегі ұжымдық қарым-қатынас пен ынтымақтастықты орындау және жеке тұлғаның оң қасиеттерін тәрбиелеу.

«Дене шынықтыру» пәнін оқыту процесінде білім алушыларға:

1) жеке тазалық ережелерін сақтау қажеттілігін түсінуге; пәндік білімдерін, шеберліктері мен дағдыларын күнделікті өмірлерінде қолдануға;

2) дене жаттығуларының адамның физикалық және энергетикалық жүйелеріне әсерін білуге;

3) жеке бас пен моральдық-өнегелілік қасиеттерін дамытудың маңыздылығын және әділ бәсекелестік пен өздерін үздіксіз дамытудың қажеттілігін түсінуге;

4) өзінің дене дамуын жетілдіруде қимыл-қозғалыс құзыреттіліктерін жақсарту қажеттіліктерін бағалауға; жалпы, кәсіптік-қолданбалы және сауықтыру-түзету бағытындағы дене жаттығуларымен шұғылданудың маңыздылығын бағалауға мүмкіндік береді.

Дене шынықтыру пәнінің оқу жүктемесі:

1) 10-сынып – апасына 3 сағат, барлығы 102 сағатты;

2) 11-сынып – аптасына 3 сағат, барлығы 102 сағатты құрайды.

Оқу бағдарламасының құрылымы мен мазмұны екі бөлімнен тұрады:

1) «Дене шынықтыру туралы білім» (ақпараттық компонент);

2) «Денені жетілдіру және шеберлік» (әрекеттік компонент).

«Дене шынықтыру туралы білім» бөлімінің мазмұны адамның таным белсенділігінің дамуы туралы негізгі түсініктеріне сәйкес:

1) «Қазақстандағы спорт пен дене шынықтырудың даму тарихы»;

2) «Қазіргі қоғамдағы спорт және дене шынықтыру»;

3) «Адамның дене мәдениеті» тақырыптарын қамтиды.

«Дене шынықтыру туралы білім» бөлімінде Қазақстандағы спорт пен дене шынықтыруды дамытудың, республикадағы ұлттық спорт түрлерінің қалыптасуы, қазіргі қоғамдағы дене шынықтыруды дамытудың негізгі бағыттары, белсенді демалысты ұйымдастыру жолдары және дене шынықтыру құралдарының көмегімен адам денсаулығын нығайту тәсілдері туралы мәліметтер енгізілген. Бұл бөлімде дене және спорттық дайындықтардың негізгі түсініктері, өз бетімен дене шынықтыру жаттығуларымен айналысуды

ұйымдастыру мен өткізу ерекшеліктері жан-жақты ашылып көрсетілген және қауіпсіздік техникасын қадағалау мен талап етудің ережелері берілген.

«Денені жетілдіру және шеберлік» бөлімі білім алушылардың дене шынықтыру және тактикалық даярлықтарын шыңдауға бағытталған және аталған бөлімде арнайы дене дайындығы құралдары туралы ақпараттар берілген. Бағдарламада арнайы құралдар ретінде қолданбалы маңызға ие болатын базалық спорт түрлерінің (гимнастика негіздері, жеңіл атлетика, спорт ойындары, шаңғы және жүзу) дене жаттығулары мен қимыл-қозғалыс әрекеттері ұсынылады.

Вариативтік компонент дене шынықтыру мұғалімі спорттық ойындарды тереңдетіп оқыту мақсатында оқытудың заманауи әдістері мен педагогикалық технологияларын қолдануға және енгізуге бағдарлайды. Вариативтік компонентті нақты білім беру ұйымы, материалдық базасы мен өңірдің орналасу ерекшеліктерін, білім алушының қызығушылықтарын және оқытушылар ұжымының мүмкіндіктерін ескере отырып дене шынықтыру мұғалімі әзірлейді.

Бағдарлама талаптарына және әрбір білім алушының жеке мүмкіндіктері мен жыныстық даму ерекшеліктерін бағамдай отырып, мұғалім өздігінен жеке талаптар қойып (қорытынды тапсырмалар), талаптардың өзіндік шкаласын құруына және сол бойынша білім алушылардың жылдық үлгерімдерін бағалауына болады. Бұл тәсілді қолдану дене шынықтыру мұғаліміне оқыту-үйретудің барлық кезеңдерінде оқушылардың даму деңгейлерінің жеке жас ерекшеліктерін ескере отырып, сабақ үлгерімдерін шынайы бағалауға мүмкіндік береді. «Дене шынықтыру» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. «Дене шынықтыру» пәні бойынша тоқсан, жарты жылының және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі жазылады.

Орта мектептегі дене шынықтырудың педагогикалық жүйесін ұйымдастырудың негізгі түрлері:

1) дене шынықтыру сабақтары;

2) оқу күндерінде ұйымдастырылатын дене тәрбиесі және сауықтыру іс-шаралары;

3) спорттық жарыстар мен мерекелік шаралар;

4) спорттық үйірмелер;

5) дене жаттығуларымен өздігінен шұғылдану (үй тапсырмалары).

Дене шынықтыру сабақтары білім алушылардың дене шынықтыру пәнінің мазмұнын игеру процесіндегі іс-әрекеттерін ұйымдастырудың негізгі түрі болып табылады.

Бұл бағдарлама мектепте дененің шынығуы мен адамгершілікке тәрбиелеудің кешенді жүйесін құрайтын дене шынықтырудың барлық негізгі нысандарының мазмұнын қамтиды және бұл міндеттерді барлық оқу жылында рет-ретімен шешуге мүмкіндік береді. Бағдарламаның әрбір үшінші сағаты білім алушылардың белсенділігін арттыруға (спорт және қозғалмалы ойындар санын кеңейту арқылы) және сауықтыру процесіне бағытталған.

Орта білім (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім) берудің Мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес бағдарламада білім алушыларды гендерлік қағидат бойынша дене шынықтыру сабағын (қалалық жерде – әрбір топта 8-ден кем емес ұлдар (немесе қыздар), ал ауылдық жерде – 5-тен кем емес ұлдар (немесе қыздар) болғанда) жеке оқыту қарастырылған

Оны оқу процесін ұйымдастырған кезде ескеру қажет.

«Дене шынықтыру» оқу пәнінің мазмұны. 10-сынып.

1) Тақырыптық жоспар «Бағдарламаның бөлімдерінің жылдық сағаттар санын тоқсандарға бөлу» (94-кесте).

94-кесте. Тақырыптық жоспар

Бағдарлама бөлімдері	Бағдарлама бөлімдері	Оқу тоқсандары. Сағаттар саны				
		1	**2**	**3**	**4**	**Σ**
Базалық	1. Жеңіл атлетика	7	-	-	7	14
	2. Спорт ойындары	15	8	15	7	45
	Футбол	*8*	-	-	*7*	*15*
	Баскетбол	-	*8*	*7*	-	*15*
	Волейбол	*7*	-	*8*	-	*15*
	3. Гимнастика	-	9	-	-	9
	4. Шаңғы дайындығы*	-	-	10	-	10
	5. Жүзу**	-	-	-	6	6
	Базалық компонент бойынша сағаттар саны:	22	17	25	20	84
Вариативтік	Вариативтік бөлім нақты спорттық ойындарды тереңдетіп оқытуда білім беру ұйымдары футболды, волейболды, немесе баскетболды таңдауы арқылы жүзеге асырылады	4	5	5	4	18
Оқу жылы бойынша сағаттар саны:		**26**	**22**	**30**	**24**	**102**

Ескерту:

**– Қарсыз аудандарда шаңғы дайындығы сабақтарының орнына жалпы төзімділікті дамытуға сауықтыру жүгіру сабақтары мен басқа да аэробты жүктеме жаттығуларын қолдану ұсынылады.*

***– Жүзу сабағын өткізу мүмкін болмаған жағдайда, бағдарламаның жүзу бөлімін іске асыруға арналған уақытты спорттық дағдыларын жетілдіру үшін, мектептің педагогикалық кеңесінің шешімімен оның орнына дене шынықтырудың спорттық ойын түрлерін қолдану ұсынылады.*

95-кесте. 10-сынып білім алушылардың дене дайындықтарын бағалау кестесі (ер балалар).

Сынақ түрлері	**Дене дайындығының деңгейі**					
	X (орташаланған дырылған)	**төмен**	**орташадан төмен**	**орташа**	**орташадан жоғары**	**жоғары**
30 м жүгіру	4,9	5,6	5,5 – 5,3	5,2 – 4,6	4,5 -4,3	4,2
Бір орыннан ұзындыққа секіру	213	190	191 - 201	202-224	225 - 235	236

Нығыздалған допты екі қолмен бастан асыра лақтыру	611,0	434,0	435-522	523-699	700-785	786,0
3×10 м қайталап жүгіру	8,3	9,1	9,0 – 8,7	8,6 –7,8	7,7 -7,4	7,3
Қолдың білезік буынының динамометриясы (оң қолмен)	42,0	33,0	34,0 –37,0	38,0-46,0	47,0-50,0	51,0

96-кесте. 10-сынып білім алушылардың дене дайындықтарын бағалау кестесі (қыз балалар).

Сынақ түрлері	Дене дайындығының деңгейі					
	Х (орташаланған дырылған)	төмен	орташадан төмен	орташа	орташадан жоғары	жоғары
30 м жүгіру	5,4	6,3	6,2 – 5,9	5,8 – 5,0	4,9 -4,6	4,5
Бір орыннан ұзындыққа секіру	170,0	146	147 -160	161 – 181	182 – 194	195
Нығыздалған допты екі қолмен бастан асыра лақтыру	497,0	372	373-434	435-559	560-621	622,0
3×10 м қайталап жүгіру	9,1	10,0	9,9 – 9,6	9,5 –8,6	8,5 –8,1	8,0
Қолдың білезік буынының динамометриясы (оң қолмен)	26,0	19,5	20,0 –22,5	23,0 -29,0	29,5-32,0	32,5

«Дене шынықтыру» оқу пәнінің мазмұны. 11-сынып.

1) Тақырыптық жоспар «Бағдарламаның бөлімдерінің жылдық сағаттар санын тоқсандарға бөлу».

97-кесте. Тақырыптық жоспар

Бағдарлама бөлімдері	**Бағдарлама бөлімдері**	**Оқу тоқсандары. Сағаттар саны**				
		1	**2**	**3**	**4**	**Σ**
Базалық	1. Жеңіл атлетика	7	-	-	7	14
	2. Спорт ойындары	15	8	15	7	45
	Футбол	*8*	-	-	*7*	*15*
	Баскетбол	-	*8*	*7*	-	*15*
	Волейбол	*7*	-	*8*	-	*15*
	3. Гимнастика	-	9	-	-	9
	4. Шаңғы дайындығы*	-	-	10	-	10
	5. Жүзу**	-	-	-	6	6
	Базалық компонент бойынша сағаттар саны:	22	17	25	20	84

Вариативтік	Вариативтік бөлім нақты спорттық ойындарды тереңдетіп оқытуда білім беру ұйымдары футболды, волейболды немесе баскетболды таңдауы арқылы жүзеге асырылады	4	5	5	4	18
Оқу жылы бойынша сағаттар саны:		**26**	**22**	**30**	**24**	**102**

Ескерту:

** – Қарсыз аудандарда шаңғы дайындығы сабақтарының орнына жалпы төзімділікті дамытуға сауықтыру жүгіру сабақтары мен басқа да аэробты жүктеме жаттығуларын қолдану ұсынылады.*

***– Жүзу сабағын өткізу мүмкін болмаған жағдайда, бағдарламаның жүзу бөлімін іске асыруға арналған уақытты спорттық дағдыларын жетілдіру үшін, мектептің педагогикалық кеңесінің шешімімен оның орнына дене шынықтырудың спорттық ойын түрлерін қолдану ұсынылады.*

98-кесте. 11-сынып білім алушылардың дене дайындықтарын бағалау кестесі (ер балалар).

Сынақ түрлері	**Дене дайындығының деңгейі**					
	Х (орташаланды рылған)	**төмен**	**Орташа-дан төмен**	**орташа**	**орташа-дан жоғары**	**жоғары**
30 м жүгіру	4,7	5,2	5,1 – 5,0	4,9 – 4,5	4,4 -4,3	4,2
Бір орыннан ұзындыққа секіру	220	197	198- 208	209 – 231	232 - 244	245
Нығыздалған допты екі қолмен бастан асыра лақтыру	713	540	541- 626	627-799	800– 885	886
3х10 м қайталап жүгіру	8,0	8,7	8,6 – 8,4	8,3 –7,7	7,6 -7,3	7,2
Қолдың білезік буынының динамометриясы (оң қолмен)	43,5	35	36-39	40 -48	49 – 52	53

99-кесте. 11-сынып білім алушылардың дене дайындықтарын бағалау кестесі (қыз балалар).

Сынақ түрлері	**Дене дайындығының деңгейі**					
	Х (орташаландырылған)	**төмен**	**орташа-дан төмен**	**орташа**	**орташа-дан жоғары**	**жоғары**
30 м жүгіру	5,4	6,3	6,2 – 5,9	5,8 – 5,0	4,9 -4,6	4,5
Бір орыннан ұзындыққа секіру	172	143	144 -157	158 – 182	183 – 197	198

Нығыздалған допты екі қолмен бастан асыра лақтыру	514	373	374– 443	444– 584	585 – 654	655
3х10 м қайталап жүгіру	9,0	9,9	9,8 – 9,5	9,4 –8,6	8,5 –8,1	8,0
Қолдың білезік буынының динамометриясы (оң қолмен)	28	20,5	21 –24,5	25-31	31,5–34	34,5

«Дене шынықтыру» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. «Дене шынықтыру» пәні бойынша тоқсан, жартыжылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі жазылады.

Сабақтың, сабақтан тыс және сыныптан тыс іс-шаралардың тәрбиелік мақсатын «Мәңгілік Ел» идеясымен ұштастырып жүзеге асыру ұсынылады.

«Дене шынықтыру» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау барысында 2021-2022 оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады.

«Дене шынықтыру» пәні сабақтарын ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы әзірлеген әдістемелік ұсынымдар академия сайтына орналастырылған (nao.kz).

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәні

Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген).

ҚР білім беру ұйымдарында алғашқы әскери және технологиялық дайындықты жастарға ұйымдастыру және өткізу үшін төменде көрсетілген құжаттар негіз болып табылады:

1) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» ҚР 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңы;

2) «Бастапқы әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 347 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15725 болып тіркелген);

3) «Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау, Емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10056 болып тіркелген).

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық меншік түрі мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, барлық типтегі жалпы білім беретін

мектептерде әскерге шақырылуға дейінгі және әскерге шақырылу жасындағы білім алушы жастардың міндетті оқытылатын пәні болып табылады.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәні – білім алушыларды отаншылдық рухқа және Отанды қорғауға дайын болуға тәрбиелеуге бағытталған пән. Ол білім алушылардың төтенше жағдайларда әскери іс негіздері мен адамның өмір қауіпсіздігі әрекеті бойынша білім алуына және әскери қызметтің дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді.

ҚР жалпы білім беретін мектебінің 10-11-сыныптарына арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін оқыту ҚР БҒМ 2020 жылғы «21» сәуірдегі № 154 бұйрығына қосымша, ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 425-қосымшамен бекітілген жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыттағы, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы) арқылы жүзеге асырылады.

Пәннің мақсаты – білім алушыға мемлекетті қорғау негіздері туралы ойының қалыптасуын, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің арналуын және түрлері мен ерекшеліктерін түсіндіру, әскери қызметтің маңызын, Қазақстан Республикасының әр азаматының қасиетті парызы және міндетін оқыту.

Пәннің міндеттері:

1) әскери анттың, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері жарғыларының негізгі талаптары туралы білімін қалыптастыру;

2) әскери бөлімдердің қару-жарағы мен әскери техникасы, жеке құрамның өмірімен және орналасуымен таныстыру;

3) қажетті әскери білім мен практикалық дағдыларды ақпараттық технологияны пайдалана отырып робототехникада, дөңгелекті машиналарды жүргізудің негіздері және төтенше жағдайда адам өмірі қауіпсіздігі негіздерінде қалыптастыру;

4) жастарға қазақстандық патриотизм мен Отанына деген адалдық сезімін дарытуға тәрбиелеу;

5) әскери істерге байланысты мамандық кәсібіне оң көзқараста тәрбиелеу;

6) жеке қауіпсіздік және қоршаған ортаның қауіпсіздігі мәселелеріне саналы және жауапты қарым-қатынасты қалыптастыру.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық теориялық және практикалық сабақтарда іске асырылады: теориялық сабақтарды оқытудың дидактикалық материалдарын, техникалық құралдар мен инновациялық әдістерін қолдана отырып, әңгімелесу және сұхбаттасу түрінде өткізіледі; практикалық сабақтар оқулықты, қару және әскери-техникалық мүлікті, құралдарды және өзге де жабдықтарды қолдана отырып, оқу материалын игеруге бағытталады.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін білім алушылар оқығанда:

1) әр азамат өз Отанының қауіпсіздігін және оны қорғаудың қажеттілігі мен маңызын түсінуге;

2) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскери құрылымдарында қызмет атқару үшін қажетті білім, білік және дағды алуға;

3) алынған пәндік білім, білік және дағдыларды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарда қызмет еткенде қолдануға;

4) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет ету туралы толық логикалық бір-бірімен байланысты ұғымдар туралы үйлесімді жүйені қалыптастыруға;

5) өзінің дене бітімінің физикалық дамуының іс-әрекет құзыретін жақсарту қажеттілігін бағалауға;

6) жеке адамгершілік қасиеттерін дамытуға және үздіксіз өзін-өзі дамыту қажеттілігін түсінуге;

7) сын тұрғысынан және шығармашылық ойлау, мәселелерді шешу және коммуникативтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқытушы-ұйымдастырушы әскери істі оқыту процесінде жастардың бойында азаматтық таным, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін қорғау, әскери қызметке деген саналы жауапкершілікті қалыптастыруға тәрбиелеу мен оқытудың басты міндеттерін шешеді.

Әрбір оқыту ұйымдарында алғашқы әскери және технологиялық дайындықты оқытудың оқу жылына есептелген күнтізбелік-тақырыптық жоспары құрылады.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің базалық мазмұны. 10-сынып.

«Кіріспе сабағы» бөлімі:

1) білім алушыларға «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәніне оқыту мақсат-міндеттері мен мазмұнын;

2) «Қазақстан Республикасының қорғаныс және Қарулы Күштер туралы», «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы», «Ұлттық қауіпсіздік туралы», «Азаматтық қорғану», «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, «Бастапқы әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 347 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15725 болып тіркелген),«Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау, Емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10056 болып тіркелген). Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағында білім алушылардың құқықтары мен міндеттерін қамтиды.

Кіріспе сабақты өткізу кезінде білім алушыны әскери қызметке даярлау және Қазақстан Республикасын қорғауға, алғашқы әскери және технологиялық дайындықтың оқу бағдарламасының талаптарын орындау үшін адамгершілік-жігер, психологиялық және физикалық күшін жұмылдыра білу қажеттілігіне баса назар аударылады.

Бөлімдер:

1. «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері – мемлекеттің әскери қауіпсіздігінің кепілі».

2. «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құрылымдардың жалпыәскери жарғылары».

3. «Тактикалық дайындық».

4. «Атыс дайындығы».

5. «Саптық дайындық».

6. «Әскери топография».

7. «Әскери роботты техникалардың негіздері».

8. «Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері».

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқытушы-ұйымдастырушы әскери істі оқыту процесінде жастардың бойында азаматтық таным, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін қорғау, әскери қызметке деген саналы жауапкершілікті қалыптастыруға тәрбиелеу мен оқытудың басты міндеттерін шешеді.

Әр сабақ сайын білім алушылар әскери анттың рөлі мен маңызын түсінулеріне, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне, оның дәстүрлері мен әскер түрлерінде қызмет ету ерекшеліктеріне, әскери мамандыққа деген қызығушылықтарын дамытып, білім алушылардың әскери білім алуларына деген ұмтылыстарын ынталандыру керек. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғылары – бұл Қарулы Күштердің тұрмыс-тіршіліктерін реттестіретін заңдар жиынтығы, ал жарғы талаптарын орындау – әрбір әскери қызметкердің міндеті екендігін түсіндіру қажет.

Тактикалық дайындық алғашқы әскери және технологиялық дайындық бойынша оқу материалын кешенді оқытуды қамтамасыз етеді.

Атыс дайындығы бойынша сабақ өткізу кезінде қару және оқ-дәрілерді қолданудың қауіпсіздік ережелеріне баса назар аударған дұрыс.

Саптық дайындық бойынша сабақтар саптық алаңда өткізіледі.

10-сыныпта *әскери топография* сабақтарын білім алушыларға оқытқанда таныс емес аймақтарда картасыз және картамен бағдарлау, сол ауданда өзінің орналасқан орнын анықтау және азимут бойынша жүру бағытын компастың көмегімен және компассыз табуды, сонымен қатар ұшқышсыз қашықтықта ұшатын аспаптардан алынған ақпараттарды қолдануын үйретуді қарастырады.

«*Әскери роботты техникалардың негіздері*» бөлімі: Әскери роботты техникалардың негіздері – Роботтар туралы жалпы мәліметтер. Роботтарды әскери істе пайдалануды. Роботтарды басқару алгоритмі – Роботтың қозғалу траекториясын жоспарлау. Роботтар тобын ұжымдық басқару үлгісі және алгоритмдері. Роботтарға арналған тапсырмалар – Роботтардың атқара алатын қызметтері. Жекелеген тактикалық міндеттерді шешу: жергілікті жерлерде бағдарлау, роботтардың қиын жағдайларда қызмет ету тәртібін қамтиды.

«*Өмір қауіпсіздігінің және ақпараттық технологиялар негіздері*» оқу курсының мазмұны 10-сыныпта «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

10-сыныпта *өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технология негіздері* бөлімінде – азаматтық қорғау және медициналық білім негіздері сабағында білім алушылар Қазақстан Республикасының халқын бейбіт және соғыс кезіндегі табиғи апаттарда, ірі апаттарда, қасірет пен террористік актіде атқарылатын іс-шаралармен таныстырады.

Білім алушылардың практикалық дағдылары мен біліктіліктерін шыңдау және жетілдіру, сонымен қатар әскери істі оқып-үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында оқу жылының соңында спорттық-қорғаныс сауықтыру лагерлерінде, әскери бөлім базаларында (әскери бөлім басшылығымен келісе отырып) 10-сынып ұлдарымен 30 сағат көлеміндегі *бес күндік оқу-далалық (лагерьлік) жиыны* өткізіледі.

Далалық-оқу жиынындағы (лагерьлік) оқу материалдарын тақырыптар бойынша жоспарлау үлгісі (ұлдарға арналған). 10-сынып.

Бөлімдер:

1. «Тактикалық дайындық».
2. «Атыс дайындығы».
3. «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары».
4. «Саптық дайындық».
5. «Әскери топография».

Оқу-дала жиыны курсы алғашқы әскери және технологиялық дайындық бағдарламасының міндетті кезеңі болып табылады. Ол жергілікті атқару органдарымен бірлесіп ұйымдастырылады және білім беру ұйымдарының оқу сағаттарымен қамтамасыз етіледі.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу нәтижелерін бағалау үшін ауызша сұрақ қою, жазбажұмыстыңжәне практикалық жаттығулар бақылауын қолдану арқылы жүзеге асырады.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнінің мазмұны. 11-сынып.

Бөлімдер:

1. «Әскери қызметтің құқықтық негіздері».
2. «Атыс дайындығы».
3. «Саптық дайындық».
4. «Технологиялық дайындық».
5. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері».

11-сыныпта технологиялық дайындыққа арналған бөлім жол қозғалысы ережесін және автокөлік құралдарын қауіпсіз жүргізуді зерделеу қарастырылады.

«*Технологиялық дайындық*» бөлімі: Дөңгелекті машиналарды жүргізу негіздері мен ережелері – Қазақстан Республикасының жол жүру саласындағы заңдары мен өзге де құқықтық актілері. Көлік құралдарының санаттары. Жүргізушінің жұмыс орны; Жол қозғалысына қатысушылардың міндеттері – Қазақстан Республикасы Жол қозғалысы ережелерінде қамтылған негізгі ұғымдар мен терминдер. Жүргізушілердің, жаяу жүргіншілер мен жолаушылардың міндеттері. Жүргізушінің өзімен бірге болуы тиіс құжаттары; Бағдаршамдар мен реттеушінің сигналдары – Бағдаршам мен реттеушінің сигналдары. Арнайы сигналдарды қолдану. Авариялық сигнал беру және авариялық тоқтату белгісін

қолдану. Маневрлеу. Көлік құралдарын жолдың жүру бөлігіне қою; Жол белгілері – Ескерту белгілері. Басымдық белгілері. Тыйым салу белгілері. Алдын ала жазылатын белгілер. Ақпараттық-көрсеткіш белгілері. Сервис белгілері. Қосымша ақпарат белгілері (тақтайшалар); Жол таңбалары және олардың сипаттамалары – Таңбалардың жіктелуі. Көлденең және тік таңбалардың талаптарына сәйкес жүргізушілердің іс-әрекеті. Көлік құралдарын пайдалануға жіберу жөніндегі негізгі ережелері; Қозғалыс жылдамдығы – Қозғалыс жылдамдығы. Басып озу, алда кездескен жол айрығы. Аялдама және тұрақ. Қиылыстардан өту. Жаяу жүргіншілер өтпелері және маршруттық көлік құралдарының аялдамалары; Әртүрлі жағдайдағы қозғалыстар – Теміржол жолдары арқылы қозғалыс. Автомагистральдар бойынша қозғалыс. Тұрғын аймақтардағы қозғалыс. Маршруттық көлік құралдарының басымдығы. Сыртқы жарық құралдарын және дыбыс сигналдарын пайдалану; Жолаушылар мен жүктерді тасымалдау – Механикалық көлік құралдарын тіркеп сүйреу. Оқу жүргізулері. Жолаушыларды тасымалдау. Жүктерді тасымалдау. Велосипедтер, мопедтер, көлік-арбалардың (шаналардың) қозғалысына, сондай-ақ жануарларды жолдан айдап өтуге қойылатын қосымша талаптар. Тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдардың қозғалысын қамтамасыз етуді қамтиды.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» бөлімі: Қауіпсіздік негіздері және қауіптерді жіктеу – Қауіптердің негізгі ұғымдары мен жіктелуі. Техника қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау қауіпсіздігі; Қоршаған орта мен адамның қауіпсіздігі – Физикалық, химиялық және биологиялық факторлар арқылы адам денсаулығына әсер ету; Әртүрлі тұрмыстық жағдайларда жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету – Электрлік және тұрмыстық газбен қауіпсіз жұмыс жүргізу. Тұрмыстық химия құралдарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары. Компьютерді пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары; Техногендік сипаттағы қауіптілік – Өнеркәсіптік апаттар (авариялар), олардың қысқаша сипаттамасы және ықтимал салдары. Жарылыстық-өрт қаупі бар нысандардағы апаттар (авариялар). Гидродинамикалық апаттар; Экологиялық қауіпсіздік – Ауа және су құрамының ластануы. Минералды тыңайтқыштар мен пестицидтерді пайдалану. Топырақтың ластануы; Табиғи жағдайда автономды өмір сүру-ерікті және мәжбүрлі автономия. Өмір сүру тәсілдері. Қажетті авариялық қор; Криминогендік жағдайларда өзін-өзі қауіпсіз ұстау негіздері – Көшедегі қауіпсіздік. Қоғамдық орындардағы қауіпсіздік. Адамдар көп жиналатын жерлердегі қауіпсіздік; Террористік акт қаупі кезінде жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету – Жарылыс қаупі пайда болған жағдайдағы тәртіп ережелері. Кепілдікке алынған жағдайда; Ақпараттық кеңістіктегі киберқауіпсіздік негіздері – Киберқауіпсіздіктің негізгі ұғымдары. Әлеуметтік желілерде қауіпсіз қарым-қатынас жасау ережелері. Ашық қол жетімді Wi-fi желілерін қауіпсіз пайдалану ережелері; Жаппай зақымдану кезіндегі алғашқы көмек көрсету – Алғашқы көмек көрсету ерекшеліктері. Көмектің түрлері. Зардап шеккендерді зақымдану ошақтарынан эвакуациялау тәртібі; Негізгі жұқпалы аурулар. Уланулар, интоксикация және олардың алдын алу – Жұқпалы аурулардың жіктелуі және оның алдын алу. Уланудың негізгі түрлері. Уланудың жалпы алгоритмі. Уланудың негізгі түрлері. Интоксикация кезіндегі көмек; Жол-көлік оқиғасы кезінде зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету – Автомобильдегі дәрі қобдишасында болатын дәрілік препараттардың

тізбесі мен мақсаты. Әртүрлі жарақаттар кезінде алғашқы көмек көрсету ережелері. Жүрек қызметі мен тыныс алудың кенеттен тоқтаған кездегі алғашқы көмек көрсету. Оқытудың негізгі нысандары теориялық, зертханалық-практикалық, практикалық және бақылау сабақтары болып табылады.

«*Өмір қауіпсіздігінің негіздері*» оқу курсының мазмұны 11-сыныпта «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

Сабақтың, сабақтан тыс және сыныптан тыс іс-шаралардың тәрбиелік мақсатын «Мәңгілік Ел» идеясымен ұштастырып жүзеге асыру ұсынылады.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау барысында 2021-2022оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады.

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық»оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 10-сыныпта – аптасына 1 сағат, жылына – 34 сағат, сондай-ақ далалық оқу жиынына (лагерьлік) вариативтік бөлімнен 30 сағат қарастырылған;

2) 11-сыныпта – аптасына 1 сағат, жылына – 34 сағат.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәні бойынша сынақ қоюға қойылатын талаптар

Қазақстан Республикасының білім және ғылым минстрінің 26.11.2019 № 509 бұйрығының 15-тармағына сәйкес «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша жиынтық бағалау жүргізілмейді.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша жартыжылдықта және оқу жылының соңында білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылады.

Жалпы білім беретін мектептердің 10-11-сыныптарында инклюзивті білім беру ортасын құру

Қазіргі заманның жаһандық мәселелері қазақстандық қоғамның дамуына да әсерін тигізуде, мұндайда аталған мәселелер ықпал ететін маңызды спецификалық объект жас ұрпақ болып табылуда.

2015 жылы ЮНЕСКО шешімімен қабылданған «Білім беру 2030 немесе Тұрақты дамудың мақсаттары 4» жаңа жаһандық білім беру бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде Қазақстан басқа да қатысушы мемлекеттер секілді «барлық адам үшін өмір бойы білім алу мүмкіндігін ілгерілетуді және толық әрі әділ сапалы білім беруді қамтамасыз етуге міндетті».

Кәсіби жолдың табыстылығы, сайып келгенде, адамның өз өміріне қанағаттануы сапалы білім деңгейіне, еңбек нарығындағы конструктивті мінез-құлыққа және, ең алдымен, мамандықты дұрыс таңдауға байланысты болады.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасындағы білім беру ұйымдарында ерекше білім беруді қажет ететін түлектерге кәсіптік бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру мен әлеуметтендіру мәселелерін қарастыру қажеттілігі туындап отыр. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды табысты кәсібилендіру үшін оларда өздеріне, өз мүмкіндіктеріне оң қатынасын, өздерінің психофизиологиялық

ерекшеліктерін максималды түрде адекватты бағалау қажеттілігін түсінуін дамыту маңызды.

Қазақстандағы нормативтік құқықтық құжаттар бүгінгі күні әрбір баланың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оның білім алу құқығын қамтамасыз етеді. Сол себепті ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды кәсіптік бағдарлау үздіксіз процесс болып табылады және барлық жас кезеңдерінде мақсатты түрде жүзеге асырылады. Олардың кәсіби өзін-өзі анықтау процесі жеке дамуы үшін өте маңызды. Қазіргі динамикалық әлеуметтік-экономикалық жағдайларда жалпы білім беру ұйымдарының адаптивті, әлеуметтік-еңбек, зияткерлік, психологиялық-педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық құзыреттіліктерінің жоғары деңгейіне ие кәсіптік бағдарланған түлектеріне сұраныс өсуде.

Осылайша, кәсіптік бағдар және кәсіптік өзін-өзі анықтау «өмір бойы білім беру» парадигмасын іске асыру үшін қажетті құзыреттілікке ие болудың маңызды шарты болуы тиіс. Осыған байланысты жалпы педагогикалық принциптерге сүйене отырып, ғылыми-әдіснамалық тәсілдерді, психологиялық әзірлемелерді ескере отырып, кәсіптік бағдар беру бойынша жүйелі педагогикалық қызметті ұйымдастыру қажет.

Еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға кәсіптік бағдарлау жұмыстарын ұйымдастыру мәселелері бойынша Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА әзірлеген «ЕБҚ бар балалардың мамандық таңдауында отбасы, мектеп және жұмыспен қамту мекемелерінің арасындағы өзара іс-әрекеті бойынша әдістемелік ұсынымдар» құралына (Академия сайты: www.nao.kz), «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың кәсіптік бағдарлануын анықтау және диагностика жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №150 бұйрығына қосымша) https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34241215#pos=4;-116, «Мүгедектігі бар адамдар үшін ұсынылатын кәсіптер атласына» (ҚР ЕХӘҚМ) https://www.enbek.kz/ru/atlases-professions жүгінуге кеңес береміз.

Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыны психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі мақсаты оның оңтайлы дамуын, қоғамға сәтті кірігуін қамтамасыз ету болып табылады. Осыған байланысты психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі әрдайым дербестендірілген және мұғалім топпен жұмыс істесе де, белгілі бір білім алушыға бағытталған болуы тиіс.

Критериалды бағалау жүйесінің көмегімен әрбір білім алушының дайындық деңгейін, оқудағы жеке прогресін анықтау білім алушылардың оқуға деген ынтасын ғана емес, мектептегі білім беру процесінің сапасын да арттыруға ықпал етеді.

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға және жеке оқу бағдарламасы бойынша оқитын білім алушыларға қорытынды аттесттау өткізу

қажеттілігі туралы мәселені білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес педагогикалық кеңес шешеді.

Бұл ретте мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі ерекше білім беруді қажет ететін әрбір білім алушының жеке психофизикалық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, аталған балалар үшін қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру процесінде арнайы жағдайлар жасау жөнінде ұсынымдар әзірлейді. Осы ұсынымдардың негізінде педагогикалық кеңесте ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін, оның ішінде жеке оқу бағдарламалары бойынша оқитын білім алушылар үшін қорытынды аттестаттау рәсімінің тәртібі мен арнайы шарттары бекітіледі.

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың білім беру процесін психологиялық-педагогикалық қолдау білім алушылардың денсаулығы мен физикалық жағдайын қолдауға: балалардың денсаулығын сақтау режимін ұйымдастыруға, физикалық белсенділіктің жеке таңдалған формаларына тартуға; білім алушылардың зияткерлік дамуын қолдауға бағытталғанын есте сақтаған жөн. Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА әзірлеген «ЕБҚ бар балалардың қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарда» педагогтерге ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін арнайы жағдайлардың сипаттамасы ұсынылады.

Қазіргі уақытта білім алушылардың тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына және өмір сүру жағдайларына қарамастан сапалы білім алу үшін тең жағдай жасау білім беру жүйесін дамытудың келешекті бағыты болып табылады. Мұндай жағдайларды жасауда қашықтан оқытуды көздейтін және көп жоспарлы білім беру міндеттерін табысты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қазіргі заманғы ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалануға негізделген қашықтан білім беруді дамыту шешуші рөл атқарады.

Педагог пен ерекше білім беруді қажет ететін білім алушының отбасы мүшелерінің күш-жігерін біріктіру олардың бір-бірінің позициялық теңдігін өзара және тең құрметпен тануымен ғана мүмкін болады. Бұл бағыттағы алғашқы қадамды педагог жасауы тиіс, себебі бұл оның құзыреті шегінде әрі оның кәсібилігін көрсетеді.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің барлық қатысушыларының бірлескен жұмысының негізінде білім алушыларға қиындықтарды жеңуге, бағдарламалық материалды игеруге, оқу іс-әрекетіне оң мотивация қалыптастыруға және әлеуметтік өзара әрекеттесудің негізгі әдістерін игеруге уақытылы және сапалы көмектесуге болады. Оқу процесіне қатысушылар мен ата-аналар арасындағы серіктестік жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін әр бала үшін дұрыс білім беру бағытын анықтауға болады.

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылармен қашықтан режимде жұмыс істеу бойынша ұсынымдарды толығырақ Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА әзірлеген әдістемелік ұсынымдардан, Академия сайтында «Қашықтан оқыту» айдарынан https://nao.kz/blogs/fromorg/2/94 табуға болады.

3.5 Қашықтан оқыту туралы

Қашықтан оқыту форматы қазіргі уақытта оқытудың балама түрі ретінде қазіргі шындыққа берік енеді. Қашықтан оқыту форматы оқытудың балама түрі ретінде тәжірибеге мықтап енген.

Қашықтықтан оқыту тәртібінің нормативтік құқықтық негізі

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңымен «қашықтан оқыту» ұғымы «қашықтан, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып, педагог пен білім алушылардың өзара іс-қимылы кезінде жүзеге асырылатын оқыту» ретінде нақтыланды (1-бап, 38-тармақ). Қашықтықтан оқыту нысаны тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде (жекелеген объектілерде) төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген, төтенше жағдайлар жарияланған жағдайларда жүзеге асырылады, жергілікті атқарушы органдар мен білім беру ұйымдары білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен барлық білім алушылар үшін қашықтықтан оқытуды енгізеді (37-2-бап). https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319_

Қашықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып оқыту келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

✓ «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы. Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" бұйрықтың 14-тармағына сәйкес, "онлайн режиміндегі оқу сабақтары цифрлық технологияларды (вебинарлар, бейнеконференциялар, интернет желісі бойынша хабарламалар алмасу арқылы) қолдана отырып, нақты уақыт режимінде оқытудың өзара іс-қимыл процесін көздейді (https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500010768);

✓«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 28 тамыздағы №373 бұйрығы. Бұйрық қашықтан оқыту жағдайында білім алушылардың жетістіктерін бағалау процесін регламенттейтін тармақтармен толықтырылды https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021148

✓ «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығы;

✓ Ұсыныстар онлайн-платформаларға, сабақ құрылымына, тапсырмалар көлеміне, бағалау талаптарына, бейнесабақтарды әзірлеуге қойылатын минимум талаптарды қамтиды;

https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/article/details/20964?lang=kk

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 өзгерістер мен толықтырулармен енгізілген).

Стандартта тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды ескеріп, барлық оқу пәндері бойынша 15 білім алушыға дейін топқа бөле отырып, карантин енгізілетіні көрсетілген.
(https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017669#z199).

Қашықтан оқыту форматында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері

Материалды игеру сапасы платформадағы білім мазмұнына байланысты болғандықтан білім платформасын таңдап алу өте маңызды.

Қашықтан оқытуды жүзеге асыру үшін әлемде ұлттық білім беру платформалары (Франция, Ирландия, Сингапур, Жаңа Зеландия) және жаһандық LMS платформалары мен WebEx, Office 365 (Microsoft), G Suite for Education (Google), FUSE, ClickView (Ұлыбритания, Австралия) сандық ресурстары пайдаланылды. Бразилия, Қытай, Үндістан, Мексикада білім беру мақсатында теледидар кеңінен қолданылды.

Қазақстанда қашықтан оқыту «Күнделік», «BilimLand», «Daryn» платформаларын, Zoom, Google Meet, Microsoft Teams, сонымен бірге телесабақтарды пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Бұл тәсіл халықаралық ұйымдардың ұсынымдарына сай, мұны ЮНИСЕФ пен Дүниежүзілік банк оң бағалады, себебі қалыпты емес жағдайларда білім алушылардың барлығының білім алуға қол жеткізуін қамтамасыз етеді.[1]

Сіз білім алушылармен байланысқа шығатын платформаны таңдай отырып, оқу материалдары мен орындайтын тапсырмаларды орналастырасыз. Берілген материалды сапасы игеру платформадағы білім мазмұнына байланысты болғандықтан оны (платформаны) дұрыс таңдау өте маңызды.

Мысалы, kundelik.kz білім беру платформасында бейнесабақтар, электронды күнделік пен журнал, педагогтарға арналған әдістемелік материалдар (оқу жоспарлары, критериалды бағалау бойынша ақпарат) бар.

Ұлттық білім беру платформаларының толықтырылуы туралы ақпарат келесі кестеде берілген.

100-кесте. Ұлттық білім беру платформаларының толықтырылуы туралы ақпарат

«Күнделік» бірыңғай білім беру Интернет-порталы	
Орналасуы	https://portal.kundelik.kz/
Мүмкіндіктері	*Педагогтар үшін:* электронды күнделік, электронды журнал, мектеп есептері, білім беру ресурстары. *Білім алушылар мен ата-аналар үшін:* бейнесабақтар, сабақ кестесі

[1] Білімді ел (2020), Использование теле- и радиоуроков соответствуют нашим рекомендациям – Всемирный банк и ЮНИСЕФ

	мен сабақтар, білім беру ресурстары, білім алушының портфолиосы, чат. *Мемлекеттік органдар үшін:* статистикалық есептер
Пайдаланылуы	Жүйеге кіруге арналған белсендіру деректері мектеп әкімшілігіне бекітілген
«Білімал» білімді басқару жүйесі	
Орналасуы	https://bilimal.kz/
Мүмкіндіктері	*Педагогтарға:* электрондық күнделік, электрондық журнал, блог алаңы, есептер, педагогикалық білім базасы, кәсіби қоғамдастық *Мұғалімдер мен ата-аналар үшін:* сабақ кестесі және сабақтар, білім беру ресурстары.
Пайдаланылуы	Жүйеге кіруге арналған белсендіру деректері мектеп әкімшілігіне бекітілген
EDUS мектептеріне арналған білім беру платформасы	
Орналасуы	https://mektep.edu.kz/
Мүмкіндіктері	*Мұғалімдер үшін:* оқу және күнтізбелік жоспарлар, электрондық журнал, оқу материалдары, емтихан рәсімдерін өткізу, басқа мұғалімдермен тәжірибе алмасу *Білім алушылар мен ата-аналар үшін*: электрондық күнделік, чат.
Пайдаланылуы	Педагогтар мен білім алушыларға қолжетімділік деректерін мектептер береді, ата-аналар онлайн тіркеуден өте алады
iMektep мектептеріне арналған білім беру платформасы	
Орналасуы	https://imektep.kz/
Мүмкіндіктері	Қазақ тілі, оқу, математика, дүниетану, бейнелеу өнері, музыка, өзін-өзі тану пәндері бойынша жазылған бейнесабақтар
Пайдаланылуы	Порталға кіру үшін авторизация талап етіледі. Сонымен бірге, бірнеше бейнесабақ ақысыз қолжетімді.
TopIQ электронды оқулықтар платформасы	
Орналасуы	https://topiq.kz/
Мүмкіндіктері	*Педагогтар үшін*: 1-11-сыныптарға арналған электронды оқулықтар кітапханасы, мультимедиалық және интерактивті компоненттер оқулыққа енгізілген, тапсырмалардың мақсаты, электронды журналдар, үлгерім статистикасы. *Білім алушылар үшін*: электронды оқулықтар кітапханасы, мұғалімге тапсырмалар алу және жіберу, нәтижелерді есепке алу, жеке шотқа оқу материалдарын алу мүмкіндігі бар.
Пайдаланылуы	Жүйеге кіруге арналған активтендіру деректері мектеп әкімшілігіне бекітілген. Кез келген пайдаланушыға онлайн тіркеуден өту мүмкіндігі бар

Қашықтан оқыту нысанын анықтау қажет

Онлайн режимінде сабақ өткізу үшін тегін вебинар жүйелерін (мысалы, Zoom, Microsoft Teams, Skype, Google Meet) пайдалануға болады.

Асинхронды оқыту режимін таңдау кезінде педагогтар мен білім алушылар бір-бірінен еркін түрде жұмыс істейтін ресурстары мен онлайн-сабақтары бар сәйкес білім беру онлайн-платформасын таңдау қажет.

Өз материалдарын қолдана отырып сабақ өткізу үшін білім алушыларға берілген контексте тапсырмаларды орналастырудың ең ыңғайлы құралы - үй тапсырмасы модулі бар электронды күнделік. Дискіге материалдарды (немесе оларға сілтемелерді) сала отырып (Google Диск, Облако Mail.ru және т.б.), оларға сілтемені электрондық журналға орналастыру керек.

Қашықтан оқыту процесін *тиімді ұйымдастыру үшін* білім алушылардың ата-аналарымен тығыз байланыс орнату қажет. Ата-аналарға қашықтан оқытудың ерекшеліктерін түсіндіріп, нұсқаулық/жоспар әзірлеу ұсынылады, онда мұғалім, ата-ана, сабақ барысында оқушы орындайтын іс-әрекеттер нақты жазылуы керек. Нұсқаулықты әзірлеу кезінде білім алушылардың және білім алушылар отбасының мүмкіндіктерін ескеру қажет. Қабылданған карантиндік шаралар жағдайында қашықтан оқыту бойынша егжей-тегжейлі ұсыныстарды ҰБА әзірлеген әдістемелік ұсынымдардан табуға болады. Оны Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Қашықтан оқыту» айдарымен https://nao.kz/blogs/fromorg/2/94 сайтында орналастырылған.

Назар аударыңыз!

Қашықтан өткізілетін сабақ – бұл дәстүрлі емес сабақ!

Қашықтан оқыту дәстүрлі оқытуға қарағанда жаңа дағдылар мен педагогикалық тәжірибені қажет етеді (Fetherston, 2001).[2]

Қашықтан жұмыс істеудің тиімді шарттарының бірі – тапсырмаларды жиі өзгерту және көптеген тәжірибелерді пайдалану. Себебі балаларға үлкен көлемдегі ақпаратты қабылдау мен игеру немесе ұзақ уақыт бойы бір тапсырманы орындау қиын. Сондықтан, бірнеше жұмыс түрлерімен сабақ жүргізіңіз, мысалы, бейнені көруге 5-10 минут, тапсырмаларды орындауға 10 минут және қолмен жазуға 10 минут және т.б.

Оқыту аудиториялық, қашықтан оқытуды және білім алушылардың өзіндік жұмысын дәстүрлі оқу-әдістемелік материалдармен үйлестіруі керек. Әрбір білім алушының жеке ерекшеліктерін ескеру қажет.

Оқу процесі әртүрлі режимдерде өтуі керек: онлайн режимінде оқу іс-шаралары мен мұғаліммен қарым-қатынас АКТ-ны қолдана отырып, белгілі бір уақытта жүзеге асырылады; асинхронды форматта:бұл балаға өзіне ыңғайлы кез келген уақытта оқу материалын игеруге мүмкіндік береді.

Оқу материалдарының сапасына сыни тұрғыдан қарау ұсынылады:

✓ Көлемді мәтіндерден аулақ болыңыз. Егер тақырып білім алушыны қызықтырса, қосымша материал берілетінін ескерте отырып, мәтіндегі ең маңыздысын қалдырыңыз.

✓ Мәтін бөлімдерге бөліну керек.

✓ Инфографикасы бар мәтіндерді қолданыңыз, себебі визуализация материалды жақсы түсінуге, оны есте сақтауға мүмкіндік береді.

[2] Fetherston, T. “Pedagogical Challenges for the World Wide Web.” Educational Technology Review, 2001, 9(1). http://dl.aace.org/11556. Accessed Aug. 12, 2004

✓ Тапсырмалар мен оқу блоктары көлемі мен күрделілігі бойынша теңдестірілуі тиіс.

Қашықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып, оқу процесін жоғары білікті педагогикалық ұжым қамтамасыз етуі тиіс, оның әрбір мүшесі өзінің кәсібилігін үнемі арттыруға мүдделі. Бұл жағдайлар қашықтан оқытуды сәтті жүзеге асыру үшін негізгі және қажеттісі болып табылады. Олардың әрқайсысын жеке-жеке орындау жақсы нәтижеге кепілдік бермейді, дегенмен кешенді түрде олар мектепте өнімді оқу процесін жүргізу үшін берік негіз болады.

3.6 Жазғы мектеп

Пандемияның салдары және шұғыл шаралар қабылдау неліктен маңызды

ЭЫДҰ срапшыларының пікірінше, мәжбүрлі әлеуметтік қашықтық кезеңіндегі елдердің білім беру стратегиясы білімді жоғалтудың алдын алуы тиіс, ол академиялық оқудың кем дегенде үш айына не одан да көп айға барабар болуы ықтимал.[3]

Дүниежүзілік банктің бағалауы бойынша мектептер қысқа мерзімге жабылғаннан кейін ғана табысы неғұрлым жоғары отбасылардан шыққан балалар мен кедей отбасылардан шыққан балалар арасындағы оқу үлгерімінің алшақтығы 18%-ға, PISA-ның 45-тен 53 балына дейін артады.

«Балаларды сақтау» қорының мәліметі бойынша әр төртінші оқушыға депрессия немесе әлеуметтік оқшауланауға байланысты күйзеліс әсер етті.[4] Мектептерде маңызды іс-шаралар, соның ішінде бітіру рәсімдері, спорттық және басқа да сыныптан тыс жұмыстар тоқтатылды. Мұның бәрі академиялық уәждемеге және үлгерімге, сондай-ақ балалардың оқу процесіне қызығушылығының жалпы деңгейіне әсер етеді.

Әлемдік тәжірибе Ұлттық білім беру жүйесін қалпына келтіру үшін жауапты шаралар қабылдаудың маңыздылығын көрсетті. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан балалар ерекше назар аударуды талап етеді. Мектептегі білім беру жүйесіндегі білім олқылықтарын қалпына келтіру бойынша уақытылы шаралардың болмауы басқа деңгейлерде үлгерімі төмен білім алушылар үлесінің өсуіне немесе NEET жастары санының өсуіне әкеледі.

ЮНЕСКО-ның деректері бойынша білім алушыларды академиялық және оқу талаптарына жұмылдыруға және олардың жүктемесін шамадан тыс арттырмауға қажетті базалық дағдылар мен білімді анықтау білім алушылардың, оның ішінде үлгерімі төмен білім алушылардың оқудағы олқылықтарын қалпына келтіруге кепілдік береді.[5]

Білім беру ұйымдары білім алушыларға келесі сыныпқа көшер алдында олардың жазғы мектептерге қатысуын ұйымдастырады. Нью-Йорк қаласында қашықтағы жазғы мектептер тәжірибесі пандемияға дейін болған.

2020 жылы 177,7 мың білім алушы үшін қашықтағы жазғы мектеп ұйымдастырылды, бұл – 2019 жылмен салыстырғанда 4 есеге жоғары көрсеткіш.[6]

Педагогикалық жоғары оқу орындары мен колледждердің студенттері шағын топтарда білім алушылардың білімін толықтыру үшін мектептерге үлкен қолдау көрсете алады. Мысалы, АҚШ-тағы Теннесси Штаты COVID-19[6] кезінде білімі жағынан артта қалған балаларды оқыту үшін 1000 студент жинаған.

---

[3] European data portal (2020, june 22). Education during covid-19; moving towards e -learning. https://www.europeandataportal.eu/en/impact-studies/covid-19/education-during-covid-19-moving-towards-e-learning

[4] Euronews (2020). Білім пандемияның жаңа құрбаны болды

[5] UNESCO et al. (2020) Framework for Reopening Schools

Жазғы мектептің Қазақстанда ұйымдастырылуы

2021 жылғы 26 мамыр мен 19 маусым аралығында орта білім беру ұйымдарында ата-аналарының/заңды өкілдерінің өтініштері негізінде білім алушылар үшін шектеу шаралары кезінде жіберілген біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында Жазғы мектеп жұмыс жасады. Мұндай жұмыс жыл сайын өткізілетін болады.

Жазғы мектепті ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар, сондай-ақ сыныптар бойынша оқу пәндерінен күрделі деген тақырыптардың үлгі ретіндегі тізбесі Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА сайтында орналастырылған (www.nao.kz).

Жазғы мектептің ұйымдастырылу тәртібі

Ең алдымен облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармалары барлық орта білім беру ұйымдарында жазғы мектеп ұйымдастыру туралы бұйрық шығарады. Білім беру ұйымдарының басшылары өз кезегінде Жазғы мектептің сабақ кестесі мен жұмыс жоспарын бекітеді және жалпы жауапкершілікте болады.

Сабақтардың кестесі педагогтердің оқу жылы ішінде анықтаған оқу жетістіктерін талдау және білім алушылардың пәндік білім деңгейлерін диагностикалау нәтижелері негізінде құрылған топтарды/сыныптарды ескере отырып жасалады.

Педагогтер диагностика нәтижелері негізінде меңгеруге күрделі деген тақырыптарды, бөлімдерді, бөлімшелерді, оқыту мақсаттарын зерделеп, тақырыптық жоспарлар әзірлейді.

Жұмыстың тәсілдері мен әдістерін, оқыту технологияларын педагогтер білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес дербес айқындайды.

Жазғы мектепте оқушылардың оқу жетістіктеріне бағалау жүргізілмейді. Жазғы мектеп жағдайында үй тапсырмасы берілмейді. Білім алушылардың мектеп кітапханасына, қолда бар цифрлық білім беру ресурстарына қолжетімділігі қамтамасыз етіледі.

Сабаққа дайындық кезінде мұғалімге жазғы сабақты ұйымдастыру жоспарын жасау, білім алушылардың оқу пәндері бойынша біліміндегі олқылықтарын толықтыру қажеттіліктерін ескере отырып, оқу материалдарын мұқият таңдау ұсынылады. Үлгерімі төмен білім алушыларға ерекше назар аудару керек. Қажет болған жағдайда жеке, сараланған тапсырмаларды әзірлеу, жеке консультациялар жүргізу қажет.

Жазғы мектепте білім алушыларға еркін киім киюге рұқсат етіледі. Топтардағы толымдылығы 25 адамнан артық болмауы керек. Сабақтың ұзақтығы – 40 минут, бір күнде 3-4 сабақ өткізіледі.

Назар аударыңыз!

- ✓ Жазғы мектепте оқушылардың оқу жетістіктеріне бағалау жүргізілмейді.
- ✓ Жазғы мектеп жағдайында үй тапсырмасы берілмейді.
- ✓ Жазғы мектепте білім алушылар үшін еркін киім киюге рұқсат етіледі.

Әр күннің жұмыс жоспарын құру кезінде жазғы сабақтардың кестесін жазғы лагерьдің сауықтыру іс-шараларымен біріктіре отырып құрастыру ұсынылады.

Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларды қамтамасыз ету

Жазғы мектепте сабақтарды ұйымдастыру кезінде барлық қажетті санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларды қамтамасыз ету қажет (медицина қызметкерлерінің сабақ алдында білім беру процесіне қатысушылардың температурасын күн сайын өлшеуі; дәліздерде, рекреацияларда, холлдарда және басқа да үй-жайларда ауысымдар арасында ылғалды жинау жүргізу; бетперде кию және басқалар).

Жазғы мектепте тамақтану қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты ұйымдастырылады. Асханалардың жұмысы санитарлық ережелер мен нормалардың талаптарын сақтай отырып, кесте бойынша ұйымдастырылады.

Білім беру процесіне қатысушылардың функциялары

Жазғы мектептің қызметін тиімді ұйымдастыру үшін білім беру процесінің барлық қатысушыларының (басшы, басшының орынбасары, педагогтер, психологтар, медицина қызметкерлері және т.б.) жауапты жұмыстарын нақты бөлу қажет.

Білім беру ұйымының басшысы жазғы мектептің қызметін үйлестіруге, бақылауға, әкімшілік және педагогикалық құраммен және басқа да қызметкерлермен оқыту процесін ұйымдастыру және санитарлық қағидалар мен нормаларды сақтау бойынша нұсқама беруге жауапты болады.

Білім беру ұйымы басшысының орынбасары білім алушылардың ата-аналарынан/заңды өкілдерінен өтініштер қабылдайды; оқу жетістіктерін бағалауды талдау және білім алушылардың пәндік білім деңгейін диагностикалау қорытындылары бойынша білім алушылардың сараланған топтарын құрады; педагогтердің әдістемелік бірлестіктерінде пәндер бойынша неғұрлым күрделі тақырыптарды таңдау және олардың санын талқылауды және т.б. ұйымдастырады.

Мектеп психологтары білім алушыларға психологиялық қолдауды қамтамасыз етеді; білім алушылар мен олардың ата-аналары/заңды өкілдері үшін консультациялар өткізеді.

Жазғы мектепті тиімді ұйымдастыру пандемия салдарынан білім сапасының төмендеуін қалпына келтірудің бірі жолы болуы тиіс.

4 ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шағын жинақты мектептер мен тірек мектептердің (ресурс орталықтарының) қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығымен (3-қосымша) бекітілген жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметтің үлгілік қағидаларына, осы әдістемелік нұсқау хатқа, ҚР БҒМ бекіткен тірек мектептердің (ресурс орталығының) қызметі туралы ережеге және білім беру ұйымының Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Шағын жинақты мектептерде оқу-тәрбие процесі біріктірілген сыныптарда білім алушылардың әртүрлі жастағы оқуын ескере отырып жүргізіледі.

Шағын жинақты мектепте әртүрлі жастағы оқыту әдістемелерін қолдану кезінде 1, 2 жас айырмашылығын ескере отырып, екі сыныпты біріктіруге жол беріледі. Сыныптарды біріктіру кезінде оқу сабақтарын ұйымдастырудың жылжымалы кестесі қолданылады.

Облыстық және аудандық/қалалық білім басқармасы әдістемелік кабинет/орталықтары шағын жинақты мектеп мұғалімдеріне *біріктірілген сыныптарда* оқушылармен жұмыс жүргізу бойынша әдістемелік қолдауды күшейту қажет.

Тірек мектеп (ресурстық орталық) білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және ҚР БҒМ 05.06.2020 жылғы № 231 бұйрығымен бекітілген оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне сәйкес жалпы білім беретін мектеп базасында облыстық білім басқармасының қаулысымен құрылады.

Магниттік мектептер қатары тірек мектепке (ресурстық орталыққа) аудандық/қалалық білім бөлімінің бұйрығымен бекітіледі.

Тірек мектеп пен магниттік шағын жинақты мектептің оқу қызметін ресурстық орталық пен магниттік мектептердің бірлескен педагогикалық кеңесінде бекітілген бірыңғай оқу жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырады.

Магниттік мектептердің оқушылары үшін тірек мектептер базасында инварианттық компонент пәндерін оқытуға байланысты:

- бағыттау сессиясы – қазанның бастапқы онкүндігі (10 күн);
- аралық сессия – ақпанның бірінші онкүндігі (10 күн);
- қорытынды сессия – сәуірдің үшінші онкүндігінде (10 күн) оқу сессиялары өткізіледі.

8-11-сыныптардың білім алушылары үшін оқу сессияларын тірек мектептер базасында өткізу міндетті болса, 5-7-сыныптар үшін оқу сессияларын білім беру ұйымының шешімі бойынша өткізеді.

Сессия кезеңінде тірек мектеп (ресурстық орталық) қосымша білім беру орталығы ретінде толық күндік мектеп есебінде жұмыс жүргізеді.

Магниттік мектептердің оқушылары үшін тірек мектепте оқу сессияларын өткізу кезінде аудандардың/қалалардың білім беру бөлімі ШЖМ білім алушыларын тасымалдауға, тамақтандыруға, тұруға, қосымша білім беруге қарастырылған қаражат білім басқармасының тиісті бұйрығымен ресімделеді.

Сессияаралық кезеңде білім алушылардың оқу-танымдық қызметі ШЖМ-да педагогтердің магниттік мектептерге шығуымен қашықтан және штаттық режимде тірек мектептің (ресурстық орталықтың) пән мұғалімдерінің қолдауымен өтеді.

ШЖМ білім алушыларының оқу сессиялары шектеу шаралары кезінде әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлармен байланысты, оның ішінде халықтың ауруларының алдын алу мен емдеу, санитарлық-эпидемияға қарсы және санитарлық-профилактикалық іс-шаралар кезеңінде, қолайсыз ауа райы метеожағдайлары кезеңінде қашықтан оқытуға ауыстырылады.

Аудандық/қалалық білім бөлімдері оқу жұмыс жоспарларын әзірлеу бойынша жұмысты үйлестіреді.

Аудандық/ қалалық әдістемелік кабинеттер тірек мектептердің бейіндік бағытын ескере отырып, күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды әзірлеуге, оқытудың жеке бағдарламаларын жасауға, қашықтан оқыту нысандарының мазмұнына, оқыту әдістеріне және арнайы курстарға көмектеседі.

Шағын жинақталған мектептерде оқыту сапасын қолдау және арттыру үшін «Мобильді мұғалім» мен «Уақытша отбасы» жобалары маңызды іс-шара болады.

1. «Мобильді мұғалім» пилоттық жобасын енгізу

«Мобильді мұғалім» – бірнеше елдімекендердің шағын жинақты мектептерінде бірнеше мектеппен қатар жұмыс жасау сипатындағы педагогикалық қызметті жүзеге асыратын педагог.

«Мобильді мұғалім» жобасына қатысушы педагогтің мақсаты – ШЖМ білім алушыларының сапалы білім беру қызметтеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету.

«Мобильді мұғалім» жобасына қатысушы педагогтің негізгі міндеттері:

1) шағын жинақты мектеп білім алушыларының сапалы білім алуына қолжетімділік;

2) ауылдық мектептерде білім беру сапасын арттыру;

3) ауыл мектептерін білікті педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету.

«Мобильді мұғалім» пилоттық жобасын іске асыру облыстық білім басқармаларының бұйрығы және Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы әзірлеген әдістемелік ұсынымдар негізінде инварианттық компоненттің қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша сұранысқа ие оқу пәндері бойынша шағын жинақталған мектептер базасында жүзеге асырылады.

«*Мобильді мұғалім» пилоттық жобасын жүзеге асыру талаптары:*

1) ауданның ауыл мектептерін білікті кадрлармен қамтамасыз ету қажеттілігі;

2) білім беру ұйымы басшыларының жобаға қатысуға келісімі;

3) жобаға қатысуға кемінде үш пән мұғалімінің келісімі;

4) бірнеше елдімекендердің шағын жинақты мектептері мен жол жүру сипатындағы педагогикалық қызметті жүзеге асыруға ниет білдірген педагог арасында бір оқу жылына арналған келісімшарттың болуы;

5) мұғалімнің денсаулығы туралы анықтамасы.

«*Мобильді мұғалім» жобасына қатысушы педагогке қойылатын талаптар:*

- ✓ жоғары педагогикалық білімінің болуы;
- ✓ педагогикалық еңбек өтілінің он бес жылдан кем болмауы;
- ✓ біліктілік санатының «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» болуы;
- ✓ білім алушылардың оқу пәні және сабақтан тыс жұмыстар бойынша оқу жетістіктерінің жоғары нәтижелері.

Жобаға қатысушылардың функциялары:

1) «Мобильді мұғалім» жобасына қатысушы педагогтің негізгі қызмет мектебі педагогтің жұмыс кестесін ескере отырып, ыңғайлы кесте жасайды және оның қызметін бақылауды жүзеге асырады;

2) «Мобильді мұғалім» жобасына қатысатын педагог жүріп-тұру маршрутын жасайды және мектеп әкімшілігімен келіседі;

3) «Мобильді мұғалімді» келісімшарты бойынша қабылдайтын ауыл мектептері сабақ кестесін құрады, сабақтарды кедергісіз өткізуге жағдай жасайды;

4) ауыл мектептері қашықтан оқыту қажет болған жағдайда білім алушылар мен мобильді мұғалімді компьютерлермен және әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуге ықпал етеді;

5) ауылдық мектептер «Мобильді мұғалім» жобасына қатысатын педагогтің қызметін бақылауды жүзеге асырады.

Мобильді мұғалімнің жол жүруіне, тұруына және жалақысына ақшалай қаражат төлеуді ауданның/қаланың жергілікті атқарушы органдары жүргізеді.

2. «Уақытша отбасы» жобасын масштабтау (2018-2021 жылдардағы 102 уақытша отбасында шалғайдағы елдімекендерден 106 бала тұратын Солтүстік Қазақстан облысының тәжірибесінен).

«Уақытша отбасы» – шағын елдімекендерден білім беру процесі кезеңіне (бір оқу жылына) мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеуге уақытша қабылдайтын отбасы.

«Уақытша отбасы» – баланың (балалардың) ата-анасы болып табылмайтын, бірақ ол үшін ата-ана жауапкершілігін мойнына алатын, отбасына орналастырылған балаға (балаларға) олардың жазбаша келісімімен қамқорлық жасайтын және тәрбиелейтін заңды тұлға (тұлғалар).

«Уақытша отбасы» жобасына қатысатын отбасының қызметі облыстардың білім басқармасының бұйрығы және «Уақытша отбасы» жобасын енгізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар негізінде жүзеге асырылады (ақпарат nao.kz сайтында қол жетімді).

Балаларды уақытша отбасына беру үшін ата-аналар тиісті құжаттарды:

1) үміткердің ғана емес, оның ата-анасының да денсаулық жағдайы туралы анықтаманы;

2) наркологиялық, психиатриялық, туберкулез, тері-венерологиялық диспансерлерден анықтаманы;

3) соттылығының жоқтығы туралы анықтама және т.б. ұсынуы керек.

Барлық талаптар сақталған жағдайда шешім қабылданады және баланы (балаларды) «Уақытша отбасына» беру туралы үшжақты келісімшарт жасалады.

Келісімшарт «Уақытша отбасының» тұрғылықты жері бойынша баланы (балаларды) өз отбасына қабылдауға тілек білдірген адамдар, баланың (балалардың) ата-аналары немесе заңды өкілдері және білім беру ұйымы арасында жасалады.

Баланы күтіп-бағуға және жалақыға ақшалай қаражат төлеуді «Уақытша отбасының» тұрғылықты жері бойынша жергілікті атқарушы органдар жүргізеді.

3. Үлгерімі төмен мектептерге «Мықты мектептердің» қамқорлығын ұйымдастыру.

2021-2022 оқу жылында менеджмент, білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау, оқу-әдістемелік сүйемелдеу мәселелерінде нәтижелілігі төмен ауыл мектептеріне «мықты мектептердің» қамқорлығын ұйымдастыру қажет.

Үлгерімі төмен мектептерге «мықты мектептердің» қамқорлығының негізгі міндеттері: 1) нәтижелілігі төмен ауыл мектептерінің жұмысын жетілдіру және оларды сүйемелдеу; 2) ауыл мектептері педагогтерінің білім алушылардың оқу уәждемесін және кәсіби құзыреттілігін арттыру; 3) қала және ауыл педагогтері мен білім алушылар арасындағы ынтымақтастықты дамыту; 4) қала және ауыл мектептерінің тиімді өзара іс-қимыл жүйесін құру болып табылады.

5. КЕШКІ МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кешкі мектептердегі білім беру процесі, ең алдымен, барлық азаматтар үшін сапалы білім алуға тең мүмкіндіктер беруге және қоғамда табысты әлеуметтену қабілетін қалыптастыруға бағытталған. Кешкі мектептердің негізгі контингенті қиын жағдайға тап болған және күндізгі жалпы білім беретін мектептерде білім алуға мүмкіндігі болмаған ересектер мен жасөспірімдер болып табылады.

Кешкі мектепте және күндізгі жалпы білім беретін мектептер жанындағы кешкі бөлімшелерде оқыту:

- күндізгі;
- сырттай;
- күндізгі-сырттай;
- сырттай жеке түрде оқыту (ҚР «Білім туралы» Заңының 27-бабына сәйкес);
- қашықтан оқыту (игеру мерзімі – 2 жыл: 10-11 сыныптар) *(ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығымен бекітілген қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары)* бойынша жүзеге асырылады.

- білім беру мазмұнын жаңартуға сәйкес кешкі мектептерге арналған үлгілік оқу жоспарлары әзірленді және бекітілді (2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрыққа 51-56-қосымша).

Кешкі мектептердегі білім беру процесі білім беру деңгейіне қарай:

1) негізгі орта білім (меңгеру мерзімі – 3 жыл: 7, 8, 9- сыныптар);

2) жалпы орта білім беру (меңгеру мерзімі – 2 жыл: 10, 11 (12) сыныптар);

3) жеке оқу түрі (меңгеру мерзімі – жеделдетілген, оқу жылында 2-сыныптан);

4) қашықтықтан оқыту нысаны (меңгеру мерзімі – 2 жыл: 10-11-сыныптар) бойынша жүзеге асырылады.

Жаңартылған білім беру мазмұнының үлгілік оқу жоспары бойынша білім алушыларды сыныптан-сыныпқа ауыстыру БЖБ және ТЖБ нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

9 және 11-сыныптарда Үлгілік қағидаларға сәйкес қорытынды аттестаттау жүргізіледі.

Жеке оқыту түріндегі сыныптардағы (топтардағы) оқу процесінің ерекшеліктері

Жеке оқыту нысаны ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2013 жылы 18 қазанда № 8827, 45, 50 б. тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады; жеке күндізгі және сырттай оқу нысандары бар топтарда бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (жаңартылған мазмұны) бойынша жүзеге асырылады.

Сабақтар кестеге сәйкес аптасына 4 күн өткізіледі. Сырттай оқытудың жеке топтары (ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2013 жылғы 18 қазанда № 8827 болып тіркелген) сәйкес 1-ден 8 адамға дейін толықтырылып ашылады.

Жеке оқыту түріндегі топтарға өмірлік қиын жағдайға тап болған

14 жастан бастап білім алушылар (375 бұйрықпен сәйкес келмеуі) қабылданады. Білім беру процесіне оқытудың жеке нысанын енгізу және пайдалану «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 08.11.2012 жылғы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ 04.09.2018ж. №441 бұйрығының 55-56-баптарына сәйкес жүзеге асырылады; ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығымен бекітілген оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына және жергілікті нормативтік актілер шеңберінде – білім беру ұйымының ішінде, сондай-ақ *өңірлік нормативтік актілерге* сәйкес жүзеге асырылады.

Жеке оқу нысанындағы 7 және 8-сынып топтарын оқыту күндізгі оқу нысанындағы 7 және 8-сыныптар үшін ҮОЖ бойынша жүзеге асырылады (*ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 51-52-қосымша).*

Жеке оқыту нысанындағы 9, 10, 11-сынып топтарын оқыту сырттай оқу нысанындағы 9,10,11-сыныптар үшін ҮОЖ бойынша жүзеге асырылады *(ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 53-54-қосымша).*

Білім беру процесіне қашықтықтан оқытуды енгізу және пайдалану ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығымен бекітілген қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес және жергілікті нормативтік актілер шеңберінде – білім беру ұйымының ішінде, сондай-ақ өңірлік нормативтік актілерде жүзеге асырылады.

Кешкі мектепте қашықтан оқытуды ұйымдастыру қажетті ресурстармен қамтамасыз етуді және нақты уақыт режимінде және бос уақыт кеңістігінде сабақ өткізу үшін жағдай жасауды талап етеді. Білім беру ортасын ұйымдастырудағы басты шарттардың бірі әрбір білім алушы үшін оның қол жетімділігінің өлшемі болып табылады. Барлық қажетті материалдар білім беру ұйымының сайтында орналастырылады.

Күндізгі оқу түріндегі сыныптардағы оқу процесінің ерекшеліктері

Кешкі мектеп оқушылардың күрделі контингентімен ерекшеленеді: ол жасы, оқыту және оқыту деңгейі, әлеуметтік және отбасылық жағдайы, мектептен тыс жұмыспен қамту дәрежесі мен сипаты, қабылдау, есте сақтау, назар аудару, мотивация сипаттамасы және басқа да белгілері бойынша бірдей емес.

Күндізгі оқу түрі бойынша да, күндізгі жалпы білім беретін орта мектепте де сынып-оқу жүйесі болады.

Күндізгі оқу нысаны бар кешкі мектепте сынып сабақтары жүйесінде барлық оқушылар құрамымен алдыңғы жұмыс ретінде, сондай-ақ топтық және жеке жұмыс түрінде қолданылады. Негізгі білім көзі мұғалім, интернет, оқулықтар мен оқу құралдары болып табылады.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі «Қазақ тілі мен әдебиеті», орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі «Орыс тілі мен әдебиеті», «Шетел тілі /ағылшын тілі», «Информатика» сияқты пәндерді оқу кезінде *кіші топтарға* бөлу күндізгі оқу нысанындағы сыныптарда ғана, яғни сынып 20 адамға толғанда жүзеге асырылуы мүмкін (ҚР БҒМ 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 «Жалпы білім беру ұйымдарының *(бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің түрлері бойынша қызметтің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы).*

Сырттай оқу түріндегі сыныптардағы оқу процесінің ерекшеліктері

Кешкі мектептегі сырттай оқу формасы күндізгі оқудан оқушылардың өздігінен білім алу жұмысына негізделуі бойынша ерекшеленеді. Сырттай оқитындардың үйдегі өзіндік жұмысының топтық және жеке консультацияларға жүйелі қатысуымен үйлесуі кешкі мектепте сырттай оқуды ұйымдастырудың маңызды қағидаларының бірі болып табылады. Сырттай оқитындардың өзіндік үй жұмысы – бұл оқу сабақтарының негізгі нысаны; ол топтық және жеке консультациялармен, сондай-ақ сынақтармен тығыз байланысты.

Сырттай оқу процесі мұғалімнің белсенді педагогикалық басшылығын қамтиды, ол сырттай оқушылардың өзіндік оқу жұмысының топтық және жеке консультациялар жүйесімен, сондай-ақ сынақтар жүйесімен тығыз байланысын қамтамасыз етуі керек.

Топтық консультацияларда мұғалім түйінді, ең күрделі тақырыптарды, себеп-салдарлық байланыстар мен заңдылықтарды ашады, теориялық материалды зерттеу және танымдық мәселелерді шешу тәсілдеріне түсініктеме береді, теориялық материалды түсіндіру мен практикалық сипаттағы ұсыныстар арасындағы ұтымды қатынасты анықтайды және жүзеге асырады, оқытудың әр кезеңінде бағдарламалық материалдың сипатына, оқу-тәрбие міндеттеріне және оқушылардың білім, білік және дағды деңгейіне байланысты үй тапсырмаларының көлемі мен күрделілігін белгілейді.

Сынақтар дәлелді себептермен сабақтарды өткізіп жіберетін сырттай оқу нысаны бойынша білім алушылар үшін, сондай-ақ қосымша сабақтарға мұқтаж оқушылар үшін өте маңызды. Тест тапсыру ағымдағы есепке алудан гөрі оқушылардың білімі мен дағдыларын объективті және жан-жақты тексеруге және бағалауға мүмкіндік береді, бұл тек зерттелетін тақырыптың жеке мәселелері бойынша білімді анықтайды. Сынақтар ауызша нысанда, тестілеу нысанында, жобалау, зерттеу, бақылау, зертханалық, практикалық жұмыстар нысанында тапсырылуы мүмкін.

Сырттай оқыту нысаны бар сыныптарда сынақтар өткен материал бойынша мынадай пәндер бойынша тапсырылады: «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарда), «Орыс тілі», «Орыс әдебиеті» (оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарда), «Қазақ тілі мен әдебиеті» (оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарда), «Орыс тілі мен әдебиеті» (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарда), «Шет тілі», «Алгебра», «Алгебра және талдау бастаулары», «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері», «География», «Биология», «Физика», «Химия» *(ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 54-қосымша)*.

Кешкі мектепте «Көркем еңбек», «Дене шынықтыру», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәндерін оқу қарастырылмаған.

Кешкі (ауысымды) мектептің ерекшелігі мектептің белгілі бір жұмыс режимін қажет етеді. Кешкі мектепте сабақтар үш күн бойы өткізіледі, консультациялар, сынақтар, вариативтік бөлім пәндері жеке кестеге және осы мақсат үшін қатаң бөлінген жеке күндерге шығарылады.

Кешкі мектепте жеке тақырыптар мен бөлімдердің соңында жүзеге асырылатын қорытынды бақылау жұмыстарның түрлі формалары ерекше рөл атқарады. Бұл – бақылау жұмыстары, тестілеу, сынақ, емтихан.

Жаңартылған мазмұн бағдарламалары бойынша білім алуға көшкен сыныптардағы білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критериалды бағалау жүйесі бойынша жүзеге асырылады.

Күндізгі оқу нысанындағы сыныптың толықтырылуы 20 адамды құрайды, сырттай оқу нысанындағы сыныптың толықтырылуы кемінде 10 адамды құрайды, жеке оқыту нысанындағы сырттай оқу топтарында сыныптың толықтырылуы 1-ден 8 адамды құрайды *(ҚР БҒМ 2013 жылғы 17 қыркүйектегі «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметтің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 375 бұйрығы,*
4-тарау, 49, 55-б.)

Ерекше жағдайлар туындаған жағдайда (ауру, мүгедектік, декреттік демалыс, 3 жасқа дейінгі баланы күту, отбасындағы жалғыз бала емізу) және қойылатын талаптарға сәйкес келетін жағдайлар болған жағдайда кешкі мектепте қашықтан оқыту технологиясын жүзеге асыруға болады.

Негізгі орта және жалпы орта білім беру курсы үшін бағдарламаны игеру бітірушілерді міндетті қорытынды аттестаттаумен аяқталады. Кешкі мектеп түлектеріне олар қорытынды аттестаттаудан өткеннен кейін тиісті білімі туралы мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

Кешкі мектептегі оқу жылының ұзақтығы күндізгі оқу нысаны бойынша 34 аптаны, сырттай оқу нысаны бойынша да 34 аптаны құрайды *(ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 53-54-қосымшаларына сәйкес).*

Күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын оқушыларды аттестаттау – тоқсан бойынша, сырттай оқу нысаны бойынша білім алушыларды аттестаттау жартыжылдық бойынша жүргізіледі.

Кешкі мектеп жылдық күнтізбелік оқу кестесін айқындауда, аттестаттау тәртібі мен мерзімділігін таңдауда дербес болады *(ҚР БҒМ 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығы, 4- б., 65-тармақ)*.

ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 61 бұйрығымен бекітілген «Экстернат нысанында оқыту ережесіне» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы №225 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.

Экстернат нысанында оқыту қағидалары негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқыту тәртібін айқындайды:

1. Экстернат нысанында оқытуды әрбір жалпы білім беретін мектепте бөлек ұйымдастыру ұсынылады.

2. Ережелерде көрсетілген санаттарға сәйкес мектепке экстерн қабылдау ұсынылады. Қандай да бір шектеулердің жоқтығына қарамастан, барлық білім алушылар экстернат арқылы білім ала алмайды (Ережені қараңыз). Бірінші кезекте бұл оқытудың осы түрінің ерекшелігіне байланысты.

Кешкі мектеп 18 жасқа толған, ҚР аумағында тұратын, жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін, бірақ қандай да бір себептермен орта білім алмаған және күндізгі, сырттай, жеке, қашықтықтан оқыту нысандары бойынша оқуға мүмкіндігі жоқ адамдарды экстернат нысанында оқыту үшін шешімді дербес қабылдайды.

Кешкі мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктері

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жүргізілуі тиіс. Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы мынадай құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;

2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;

3) «Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 2011 жылғы 26 желтоқсан;

4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;

5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;

6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы;

7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;

8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.

10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

2021-2022 оқу жылында кешкі мектепте тәрбие жұмысы келесі негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.

2) рухани-танымдық тәрбие.

3) ұлттық тәрбие.

4) отбасылық тәрбие.

5) еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

6) көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.

7) зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

8) дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар *(сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т.б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр)* құрайды.

Кешкі мектептің тәрбие жұмысының маңызды ерекшеліктерінің бірі құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу болып табылады. Ол негізінен білім беру, насихаттау қызметі арқылы жүзеге асырылады, өйткені кешкі мектеп жағдайында тәрбие процесінің өзіндік ерекшелігі бар. Бұл ерекшелік, ең алдымен, оқушылар контингентінің ерекшеліктерімен байланысты: мектепте 15 жасқа толған оқушылар оқиды (*375 бұйрыққа сәйкес, 15 жастан бастап, кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі 14 жастан басталса да, мысалы, арнайы түзету мекемелерінен 14 жаста келгенде, жүкті жасөспірім қыздар, ерте аналар және жасөспірімдердің басқа да санаттары 15 жасқа толғанға дейін кешкі мектепте оқуға мүмкіндігі жоқ*), бірақ бір партада бір уақытта өмірлік ұстанымы әлі қалыптаспаған жасөспірімдер мен дүниетанымы, өзіндік мінезі қалыптасқан, қандай да бір материалдық игіліктерге қол жеткізген және өмірлік құндылықтарына өз көзқарасы бар ересек адамдар отыра алады. Тарихи тұрғыдан алғанда, кешкі мектеп үздіксіз білім беру жүйесінде, ең алдымен, компенсаторлық және бейімделу функциясын орындайды.

Құқықтық тәрбие мектептің, отбасының, қоғамның, құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылын ұйымдастыру арқылы тиімді бола алады, ол төрт бағыт бойынша, атап айтқанда, тұтас педагогикалық процесті ұйымдастыру саласында; қоғамның күшін тарта отырып, оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру саласында; оқушылардың отбасымен өзара іс-қимыл жасау саласында жұмыс жүргізуді көздейді; құқық оқытушыларының кәсіби дайындығын арттыру саласында жүзеге асырылады.

11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.

6 МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мамандандырылған білім беру ұйымдарында оқыту мен оқытудың ерекшеліктері

1. Нормативті-құқықтық қамтамасыз ету

Зиялы тұлғаны дамыту, ғылым негіздерін, мәдениет, өнер және тілдерді тереңдетіп оқыту мен білім беруге бағытталған элитарлы білім беретін мамандандырылған білім беру ұйымдары келесі нормативтік-құқықтық құжаттарды басшылыққа алады: ҚР «Білім туралы» Заңы, ҚР МЖМБС-2018, «Типтік үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы.

Мамандандырылған білім беру ұйымдары оқу жұмыс жоспарын мамандандырылған білім беру ұйымдарына арналған типтік оқу жоспарлары негізінде «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік типтік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығына сәйкес өздігінен әзірлейді.

Мамандандырылған мектептердің оқу жұмыс жоспарлары білім беру ұйымының басшылығымен бекітіліп, ҚР БҒМ «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығымен және білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдармен келісіледі.

«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 24 маусымдағы № 264 бұйрығына сәйкес мамандандырылған білім беру ұйымдарына оқуға қабылдауды «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – Орталық) конкурстық негізде (бұдан әрі – конкурс) ұйымдастырып, қабылдайды.

Мамандандырылған білім беру ұйымына түсу үшін конкурсқа қатысу құжаттарын қабылдау ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 наурызынан 25 сәуіріне дейін жүргізіледі.

Мамандандырылған білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен құжаттарды қабылдау үшін жауапты тұлға тағайындалады. Жауапты тұлға конкурсқа қатысуға үміткерлердің электрондық базасын құруға (мамандандырылған білім беру ұйымының атауы, аты-жөні, ЖСН, сыныбы, оқыту тілі, электрондық мекенжайы, дипломдарының көшірмелері (бар болса) жауапты болады.

Конкурсқа қатысу үшін үміткердің ата-анасы/заңды өкілі белгіленген мерзімде мамандандырылған білім беру ұйымының интернет-ресурсында тіркеуден өтеді немесе мамандандырылған білім беру ұйымына жауапты тұлғаға келесі құжаттарды ұсынады:

1) баланың ата-анасынан немесе өзге де заңды өкілдерінен өтініш;

2) ЖСН (қосымшада) көрсетілген үміткердің туу туралы куәлігінің көшірмесі;

3) үміткердің электрондық мекенжайын көрсете отырып, үміткердің оқу орнынан ұйымның мөрімен расталған фотосуреті бар анықтамасы;

4) үміткердің 3х4 мөлшеріндегі 2 дана фотосуреті.

«Дарын» орталығы оқуға қабылдау үшін конкурсты ұйымдастыру және өткізуді қамтамасыз ететін конкурстық комиссия құрады.

Конкурстық комиссияның құрамына комиссияның төрағасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің өңірлік органдарының, «Дарын» орталығының оқу-әдістемелік кеңесінің, арнайы мониторингтік топтар қызметкерлері, білім беру саласындағы қоғамдық ұйымдар өкілдері кіреді.

Мамандандырылған білім беру ұйымдарына іріктеу жүргізу үшін конкурстық материалдарды «Дарын» орталығының оқу-әдістемелік кеңесі әзірлейді және бекітеді.

Конкурс Орталық белгілеген мерзімде бекітілген кестеге сәйкес 1-20 маусым аралығында өтеді.

Конкурс офлайн (тестілеу) режимінде өтеді.

Конкурс әрбір өңірде жергілікті атқарушы органдармен келісім бойынша Орталық алдын ала айқындайтын мамандандырылған білім беру ұйымының

базасында өтеді. Үміткерлер арасында конкурс және қорытынды шығару әрбір мамандандырылған білім беру ұйымы бөлінісінде өткізіледі.

Конкурсты өткізу үшін тест материалдарын Орталық қызметкерлері конкурс басталғанға дейін бір күн бұрын мамандандырылған білім беру ұйымдарына қағаз түрінде (пломбаланған) жеткізеді.

Білім алушыларды мамандандырылған білім беру ұйымдарына қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету үшін ғимаратқа, аудиторияға және конкурстық іріктеу алаңына енгізу үшін қолданылатын бейнебақылау және дыбыс жазу жүйесі орнатылады. Мамандандырылған білім беру ұйымы конкурсты өткізу үшін техникалық жабдықтармен жарақтандырылады.

7-сыныпқа түсушілерге арналған тестілеу келесі пәндер бойынша 75 сұрақтан тұрады:

- математика және логика – 55 сұрақ;
- оқу сауаттылығы – 10 сұрақ;
- Қазақстан тарихы – 10 сұрақ.

6-сыныпқа түсушілерге арналған тестілеу келесі пәндер бойынша 60 сұрақтан тұрады:

- математика және логика – 35 сұрақ;
- оқу сауаттылығы – 15 сұрақ;
- Қазақстан тарихы – 10 сұрақ.

5-сыныпқа түсушілерге арналған тестілеу келесі пәндер бойынша 40 сұрақтан тұрады:

- математика және логика – 30 сұрақ;
- оқу сауаттылығы – 10 сұрақ.

Тапсырмаларды шешуге бөлінген уақыт 7 сыныпта – 120 минут, 6 сыныпта – 90 минут, 5 сыныпта – 60 минут, (тест материалдарын тарату, жауап парағының бөлімдерін толықтыру, сондай-ақ көрсетілген уақытқа түсіндіру жұмыстары кірмейді).

Тестілеудің қорытынды нәтижелерін есептеу кезінде дұрыс жауаптар саны «4» (төрт) коэффициентіне көбейтіледі, ал бір дұрыс емес жауап «-1» коэффициентіне көбейтіледі. Осылайша, жалпы қорытынды есептеледі (4* дұрыс жауап + (-) * дұрыс емес жауап = жалпы қорытынды балл).

Нәтижелерді өңдеуді конкурстық комиссия жауап парақтарын сканерлеу арқылы жүргізеді, нәтижелерді алу «Дарын» орталығының бірыңғай тексеру жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі. Сұрақ-кітапшасы қарастырылмайды.

Конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша апелляция жүргізілмейді.

2. Жаһандану жағдайында білім алушылардың зияткерлік, патриоттық, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету

Білім алушыларды әлеуметтік бейімдеу, өздігінен өмірлік таңдау жасауға дайындауды негізге ала отырып, жеке тұлғаның рухани-адамгершілік дамуын, жалпы орта білім берудің тәрбиелік әлеуетін күшейту басымдығы ретінде білім беру мазмұнын жаңарту қажеттілігі туындады.

Мамандандырылған білім беру ұйымдарының басты педагогикалық мақсаты – Қазақстанның адамгершілігі жоғары, жауапты, бастамашыл және құзыретті азаматын тәрбиелеу.

Мамандандырылған мектептің оқушыларын тәрбиелеу мен

әлеуметтендіруді ұйымдастыру келесі бағыттарда жүзеге асырылады:

1. Азаматтыққа, патриотизмге, адам құқықтары, бостандықтары мен міндеттерін құрметтеуге тәрбиелеу.

Құндылықтар:

- Отанға, өз халқына, туған жеріне деген махаббат;
- Отанға қызмет ету; құқықтық мемлекет; азаматтық қоғам;
- Отан, аға ұрпақ пен отбасы алдындағы парызы;
- заң және құқықтық тәртіп; этносаралық әлем;
- еркіндік пен жауапкершілік; адамдарға сенім.

2. Адамгершілік сезімдер мен этикалық сананы тәрбиелеу.

Құндылықтар:

- адамгершілік таңдау;
- өмірдің мәні; әділдік;
- қайырымдылық; ар-намыс; абырой; махаббат;
- ата-ананы құрметтеу;
- үлкен мен кішіге қамқорлық жасау; ар-ождан бостандығы.

3. Денсаулық пен салауатты өмір салтына қарым-қатынас құндылықтарын қалыптастыру.

Құндылықтар:

- дене саулығы, әлеуметтік денсаулық (отбасы мүшелерінің және мектеп ұжымының денсаулығы), белсенді, салауатты өмір салты.

4. Табиғатқа, қоршаған ортаға қарым-қатынас құндылықтарына тәрбиелеу (экологиялық тәрбие).

Құндылықтар:

- өмір; туған жер;
- тұмса табиғат;
- Жер шары.

5. Әсемдік құндылығына қарым-қатынасты тәрбиелеу, эстетикалық мінсіздіктер мен құндылықтар туралы түсініктерді қалыптастыру (эстетикалық тәрбие).

Құндылықтар:

- сұлулық пен үйлесімділік;
- адамның рухани әлемі;
- эстетикалық даму;
- көркем шығармашылық.

Көрсетілген негізгі бағыттар мен олардың міндеттерінің құндылық негіздеріне сай мамандандырылған білім беру ұйымдарының жұмысы үшін іс-әрекет түрлері мен формасы нақтыланады, ол өз кезегінде тәрбие мен әлеуметтендірудің қандай да бір бағытына басымдық бере алады. Бұл ретте, «Білім туралы» Заңға сәйкес 2020-2025 жылдарға арналған ҚР Білім және ғылымын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы мен Тәрбие тұжырымдамасы **білім берудің ең маңызды мақсаты ретінде тұлғаның азаматтық қалыптасуы контексінде рухани-адамгершілік дамуын** белгілейтінін естен шығармаған жөн. Сондықтан тәрбие мен әлеуметтендірудің барлық бағыттары маңызды, олар бір-бірін толықтыра отырып, отандық рухани, адамгершілік және мәдени дәстүрлер негізінде жеке тұлғаның дамуын қамтамасыз етеді.

Оқушыларды тәрбиелеу және әлеуметтендіру мақсатындағы кез келген

іс-әрекетті ұйымдастыруда тәрбие нәтижелері туралы естен шығармау қажет.

Тәрбие нәтижесі – бұл қандай да бір іс-әрекетке қатысу нәтижесінде алған рухани-адамгершілік құндылықтар.

Оқушылардың кез келген іс-әрекетінің тәрбие нәтижесі үш деңгейге бөлінеді.

Бірінші деңгей – оқушының әлеуметтік білімді игеруі (қоғамдық нормалар, қоғамның құрылымы, қоғамдағы мінез-құлықтың әлеуметтік ұнамды-ұнамсыз түрлері туралы және т.б.), әлеуметтік ақиқат пен күнделікті өмір туралы бастапқы түсінік. Аталған деңгейдегі нәтижеге жетуде маңызды орын алатыны – тәрбиеленушінің күнделікті тәжірибесі мен оң әлеуметтік білімді тұлға ретіндегі өз педагогімен қарым-қатынас орнатуы.

Екінші деңгей – қоғамның басты құндылықтарына (адам, отбасы, Отан, табиғат, әлем, білім, еңбек, мәдениет) оң қарым-қатынасы мен оларға деген жанашырлық тәжірибесінің, жалпы алғандағы әлеуметтік ақиқатқа деген қарым-қатынас құндылықтарының қалыптасуы. Аталған межеге жету үшін сынып, мектеп деңгейінде, яғни жолдастық, қауіпсіз әлеуметтенген ортада өзара қарым-қатынас ерекше орын алады. Осындай таныс әлеуметтік ортада бала ең алғашқы әлеуметтік білімдерді тәжірибеде қолданудың қадамдарын жасайды, оларды бағалай бастайды не теріс деп таниды.

Үшінші деңгей – оқушының дербес қоғамдық іс-әрекет тәжірибесіне ие болуы. Аталған деңгейге жетуде оқушылардың мектептен тыс немесе ашық қоғамдық ортада әлеуметтік маңызды субъектілермен қарым-қатынас жасауы маңызды болып табылады.

3. Білім беру жүйесіндегі педагог

Күн сайын білім беру үдерісіндегі заманауи педагог рөлі сан қырлы және түрлі образға ие болуда әртүрлі жағдайға сай ол – білім беруші, психолог, тәлімгер, қорғаушы және ұйымдастырушы бола білуі қажет.

Осылайша, оқушыларымыздың дербес өмірге қалай енетіндігі мұғалімге тікелей байланысты. Заманауи педагог бала бойында жан-жақты жүйелі білім, білік пен дағды ғана емес, қазіргі заманға сай білім берудің сапасын анықтайтын басты құзыреттіліктерді – оқушылардың дербес іс-әрекеті мен жеке жауапкершілігін де қалыптастыруы қажет.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі тұлғалық жеке қабілеттерінің үйлесімділігінен, түрлі нысандар мен құралдарға, педагогикалық еңбекке лайық сезімталдық және оқушы тұлғасындағы сапалы бастауларды дамытатын өнімді модельдерді құрастырудан тұрады.

Сыни ойлай алатын мұғалім ғана бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеп шығарады.

Білім беру бағдарламаларын құрастыруда және бейімдеуде, сабақтарды өткізу, білімді бағалау мен оқыту үдерісінің басқа да кезеңдерінде және оқушылармен сабақтан тыс қарым-қатынас жасауда әр оқушының денсаулығы, мінез-құлқы мен жас ерекшелігі есепке алынуы тиіс. Сонымен қатар, қазіргі заман оқушыларының барлығына тән ерекшеліктерін де жадыда ұстаған жөн. Ақпараттандыру заманы бала бойында «клиптік ойлау» - заттар мен құбылыстардың мағынасын үстіртін тануды қалыптастырды. Жақсы педагог тәлім

алушыларына оқу материалын терең меңгертумен бірге қоршаған орта шындығын танытып, олардың дүниетанымын кеңейтуді де жүзеге асырады.

Білім беру процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, қашықтан білім беру формалары да үлкен рөл атқаруда. Педагогтер компьютерлік технологияларды жақсы меңгеріп, бала ықыласын қашықтан, тікелей қарым-қатынассыз өзіне аударта алуы тиіс.

4. 2021-2022 оқу жылында мамандандырылған білім беру ұйымдарында білім беру үдерісін ұйымдастыру

Мамандандырылған білім беру ұйымының бүгінгі маңызды функциясы – шығармашылық, жобалық, зерттеушілікке бейім, талпынысы мен уәжі өте жоғары балаларды анықтау және қолдау. Жетекші ретінде көпаспектілі білім беру қызметін төмендегідей санаттар айқындайды:

- қосымша білім беру пәндері бойынша берілетін білім;
- кәсіптік білім берудің пропедевтикасы;
- кәсіби өзін-өзі анықтау;
- баланың танымдық қызығушылығын қанағаттандыратын оқыту;
- әлеуметтену.

Мамандандырылған ұйым бірқатар жүйелі міндеттерді шешуді көздейді. Олардың ең бастапқысы – білім алушыға заманауи сапалы білім алуға мүмкіндік жасау. Бұл оның ел дамуының заманауи өмірлік қажеттіліктеріне лайықтылығын білдіреді. Педагогикалық тұрғыда – білімнің межелі қорын ғана меңгеріп қоймай, оның тұлғалық өсуі, танымдық және жасампаздық қабілеттерінің дамуына да бағытталуы.

Білім беру мазмұнын жаңарту мәдениет саласында, шығармашылықта, инновациялық әрекетте мемлекеттің, қоғамның, тұлғаның қажеттіліктерін өтеуге бағытталған. Бірақ барлық педагогикалық талпыныстардың негізінде білім алушы тұруы қажет, ол білім алу процесінде бейім, сыни көзқарасы қалыптасқан, кеңінен ойлайтын; өзіндік дұрыс шешім қабылдай алатын; өзгермелі өмір жағдайларына бейім; ұжымда жұмыс істей алатын; қиын жағдайлардың алдын алу және туындаған жағдайда шешу қабілеттерін меңгеруі қажет.

Дарынды балаларға арналған оқу бағдарламалары мыналарды қамтиды:

- дарынды оқушылардың жалпы және тұлғалық қызығушылықтарын есепке ала отырып, жалпылама тұжырым жасауға, болашаққа талпынысын арттыруға және теориялық бағдарын айқындауға бағытталған ауқымды тақырыптар мен мәселелерді оқып-зерттеу;
- білімнің түрлі салаларына тиесілі тақырыптар мен мәселелерді интеграциялау негізінде пәнаралық оқытуды пайдалану арқылы дарынды оқушылардың өз білімдерін кеңейте және тереңдете түсуге талпыныстарын арттыру;
- зерттеушілік жұмыстың әдіс-тәсілдері мен дағдыларын қалыптастыру мақсатында зерттеушілік әрекетке жақын, оқуда проблема туындауы мүмкін оқушылардың қажеттілігін қанағаттандыратын, «ашық типтегі» мәселелерді оқып-зерттеу;
- мүмкіндігінше дарынды баланың қажеттіліктерін есепке алу, бала таңдау жасаған тақырыптарды тереңінен оқып-зерттеу;

- оқуда өзіндік әрекетін дамыту және қолдау көрсету;

- білім берудің әдіс-тәсілдері мен формалары, мазмұны тұрғысынан оқыту үдерісінің вариативтілігі мен икемділігін қамтамасыз ету, балалардың өзіндік іс-әрекетіндегі өзгермелі сұраныстарына және ерекшеліктеріне қарай түзету енгізулеріне мүмкіндік беру;

- ақпарат алу жолдары мен түрлі ақпарат көздерін еркін пайдалану және олардың қолжетімділігін қарастыру;

- мазмұнды критерийлерге сүйене отырып оқушыларды өз жұмысын бағалауға үйрету, көпшілік алдында шығармашылық нәтижелері мен идеяларын талқылау дағдыларын қалыптастыру.

Әртүрлі дарындылық санатындағы балаларды тиімді оқытудың маңызды шарты ретінде дарындылықтың нақты бір типіне сай сапалы спецификаға мейлінше сәйкес келетін және оның қалыптасуының ішкі психологиялық заңдылықтарын есепке алатын оқу бағдарламаларын құрастыру қажет.

Мамандандырылған білім беру ұйымдарының Типтік оқу жоспарының вариативтік бөлімінде «Таңдау пәндері» және «Элективті курстар» қарастырылған.

Вариативтік бөлім мамандандандырылған білім беру ұйымдарына оқушылардың қабілеттері мен қызығушылықтарын қанағаттандыру бағытына сай білім беру мазмұнының көлемін анықтауға мүмкіндік береді.

Оқу жоспарының «Таңдау пәндері» сағаттары жоспардың инварианттық бөліміндегі (оның ішінде тереңдетіп оқытуға арналған) білім беретін пәндерді оқытуға, сонымен бірге жаңа оқу курстары мен модульдерді (таңдау пәндері, бейіндік пәндер, факультативтер, қолданбалы курстар) енгізуге пайдаланылады. «Элективті курстар» сағаттарын білім беруде жеке тұлғаға бағытталған оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың түрлері мен тәсілдерін жүзеге асыруға қолдануға болады.

Білім беру ұйымы элективті курстардың мазмұны мен өткізілуіне жауапты болады және шешім қабылдайды.

Типтік оқу бағдарламаларын негізге ала отырып, элективті курстардың авторлық және модификацияланған бағдарламаларын өз бетінше жасауға болады.

Модификацияланған бағдарламалар қолданыстағы үлгілік оқу бағдарламалары негізінде әзірленген, бірақ пәннің мазмұнына өзгерістер мен толықтырулар енгізетін, тақырыптарды зерттеу дәйектілігі, сағат саны, оқытудың ұйымдық нысандарын пайдалану және т.б. бағдарламалар жатады.

Авторлық бағдарламалар – аналогтары жоқ оқыту бағдарламалары. Олар осы пән бойынша оқу курсының мазмұнын құрастырудың авторлық тұжырымдамасына негізделген.

Мақсаты бойынша элективті курстардың бірнеше түрін бөліп көрсетуге болады:

1. Олардың бірі бейінді курстардың «үстеме» ретінде неғұрлым қабілетті оқушылар үшін қандай да бір оқу пәнін меңгерудің жоғары деңгейін қамтамасыз етуі мүмкін. Бұл жағдайда мұндай қосымша бейіндік курс толық көлемде тереңдетілген болып, ал курс оқытылатын мектеп (сынып) жекелеген оқу пәндерін *(пәндік)* тереңдетіп оқытатын дәстүрлі арнайы мектепке айналады. Мысалы, «Объектілі-бағытталған бағдарламалау жүйесін және электрондық кестелерді

пайдалана отырып ақпараттық модельдерді зерттеу».

2. Басқа элективтер пәнаралық байланысты қамтамасыз етуге және бейінді деңгейде аралас оқу пәндерін бейіндік деңгейде оқуға мүмкіндік береді, мектепте (сыныпта) ең төменгі жалпы білім беру деңгейінде (пәнаралық) жүзеге асырылатын базистік курстардың бірінің мазмұнын дамытуы тиіс. Бұл қызығушылық танытқан оқушыларға өздерінің танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға және бейіндік деңгейде осы пән бойынша қосымша дайындық алуға мүмкіндік береді. Мұндай элективті курстар қатарына мысал ретінде төмендегі курстар ұсынылады:

- экономикалық бейінді таңдаған оқушылар үшін «Математикалық статистика»;
- индустрия-технологиялық бейін үшін «Компьютерлік графика»;
- гуманитарлық бейіндегі «Өнер тарихы»;
- «Сайт құру технологиясы» - әмбебап.

3. *(Бағдарлы*) курстар жеке оқушылардың адам іс-әрекеті саласындағы танымдық қызығушылықтарын олардың таңдаған бейінінің шеңберінен шығатындай қанағаттандыруға бағытталған. Мысалы, технологиялық бейін – «XX ғасырдағы шетел әдебиеті». Элективті курстардың тағы бір түрі еңбек нарығында табысты алға жылжу үшін оқушылардың білім беру нәтижелеріне қол жеткізуіне бағдарлануы мүмкін. Осындай курстарға «Компьютерлік графика», «Іс қағаздарын жүргізу» немесе «Іскерлік ағылшын тілі» курстары, «Рационалды тамақтану негіздері» немесе «Автоәуесқойларды дайындау» және т.б. қызмет көрсету саласындағы жұмысқа дайындау курстары мысал бола алады.

7. АРНАЙЫ МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды арнайы мектептерде оқыту

Білім берудің бастапқы деңгейі

Арнайы мектептерде / сыныптарда оқушыларды оқыту дамудың бұзылу түрлері бойынша ұйымдастырылады: есту қабілеті бұзылған балалар; көру қабілеті бұзылған балалар үшін; сөйлеу қабілеті бұзылған балалар үшін; тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар; психикалық дамуы тежелген балалар үшін (бұдан әрі – ПДТ); ақыл-ой кемістігі бар балалар үшін (жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі).

Арнайы мектептер жалпы білім беретін мектептермен білім алушыларды оқытудың, тәрбиелеудің, дамытудың жалпы міндеттерін, сондай-ақ оқытудың арнайы жағдайларын жасай отырып, бұзылған функциялардың орнын толықтыру міндеттерін шешеді, оларға мыналар жатады:

1) оқудың ұзартылған мерзімдері;
2) оқытудың арнайы әдістері, тәсілдері және құралдары;
3) техникалық және компенсаторлық құралдар;
4) тіршілік ету ортасы;

5) арнайы дайындалған педагогтер;

6) психологиялық-педагогикалық көмек (логопедтер, арнайы педагогтер: сурдопедагогтер, тифлопедагогтер, олигофренопедагогтер, психологтер, әлеуметтік педагогтер, ЕДШ нұсқаушылары);

7) дамудың кемшіліктерін өтеуді, әлеуметтік, коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруды қамтамасыз ететін оқу жоспарының арнайы пәндері;

8) медициналық, әлеуметтік және өзге де қызметтер.

Арнайы жағдай жасау үшін мектеп педагогтері мен мамандары оқушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалауды жүзеге асырады.

Арнайы мектептердегі/ сыныптардағы бастауыш білім беру деңгейіндегі оқу-тәрбие процесі мынадай нормативтік-құқықтық құжаттармен реттеледі:

- «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы»;

- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы»;

- Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларға арналған үлгілік оқу бағдарламаларымен (ҚР БҒМ 05.02.2020 ж. № 51 бұйрығы, ҚР БҒМ 27.07.2017 ж. № 352 бұйрығы.).

Оқу жылының ұзақтығы 0-сыныпта – 32 оқу аптасы, 1-сыныпта – 33 оқу аптасы, 2-4-сыныптарда – 34 оқу аптасы. Нөлдік сыныптағы білім беру процесі бұзушылықтардың түрлері бойынша арнайы мектептердің білім алушыларына арналған үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Есту, көру, тірек-қимыл аппараты бұзылған, сөйлеу қабілеті бұзылған, психикалық дамуы тежелген оқушыларға арналған үлгілік оқу жоспарларының инварианттық бөлігінің жалпы білім беретін пәндер тізбесі және олардың негізгі мазмұны мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (бұдан әрі – МЖМБС) талаптарына сәйкес келеді (ҚР БҒМ 31.10.2018 ж. № 604 бұйрығы). Арнайы оқытудың оқу бағдарламалары (www.nao.kz) білім алушылардың психофизикалық ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін, сондай-ақ жалпы білім беретін оқу бағдарламалары ескеріле отырып, бастауыш орта білім берудің оқу бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады. Оқу процесінде арнайы ОӘК, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептерге арналған ОӘК пайдаланылады.

Көзі көрмейтін балаларды оқыту жалпы білім беретін мектептерге арналған Брайль қарпімен басылған, ал нашар көретіндер үшін – ірілендірілген қаріппен жүзеге асырылады.

Ақыл-ойы бұзылған білім алушыларға арналған үлгілік оқу жоспарының бөлімдері мен оқу пәндерінің тізбесі, сондай-ақ оқу бағдарламалары мен оқулықтардың мазмұны МЖМБС талаптарына бағдарланбаған. Оқу процесі арнайы оқулықтар мен оқыту әдістемелерін пайдалана отырып, арнайы оқу бағдарламалары бойынша жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылар үшін Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады. Орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды оқыту жекелеген сыныптарда немесе педагогикалық кеңестің шешімі бойынша жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім

алушылармен бірлесіп ұйымдастырылады.

Орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды оқыту орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған Үлгілік оқу бағдарламалары негізінде және сынып педагогі мен психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандарының оқушыны кешенді психологиялық-педагогикалық зерделеуі негізінде жасалған үлгілік оқу жоспарына және жеке оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Жеке оқу бағдарламасы жартыжылдыққа жасалады, жеке оқу бағдарламасын іске асыру уақыты аяқталғаннан кейін әр оқушының жетістіктеріне талдау жасалады және келесі жартыжылдыққа жеке оқу бағдарламасы жасалады. Мұғалім әр оқушының жеке мүмкіндіктерін, білім беру және жеке жетістіктерін бақылау нәтижелерін ескере отырып, оқытудың мазмұнын, әдістерін, формаларын, дидактикалық құралдарын өз бетінше таңдайды.

Сыныптардағы оқыту мазмұны: өзі туралы түсініктерді; өзіне-өзі қызмет көрсету және тіршілікті қамтамасыз ету дағдыларын; қоршаған орта туралы қолжетімді түсініктерді және ортада бағдарлауды; коммуникативтік біліктерді; пәндік-практикалық және қолжетімді еңбек қызметін; практикалық бағыты бар және тәрбиеленушілердің психофизикалық мүмкіндіктеріне сәйкес келетін жалпы білім беретін пәндер бойынша қолжетімді білімді қалыптастыруға бағытталған. Білім берудің бастауыш деңгейінде ақыл-ой кемістігі бар білім алушылар үшін сыныптардағы оқу процесі пәнсіз оқыту негізінде ұйымдастырылады: барлық сабақтар оқушылардың жалпы дамуына (коммуникативтік, қимыл-қозғалыс, сөйлеу, сенсорлық) бағытталған біріктірілген сипатқа ие. Оқушылар жеке дамуда ілгерілеген сайын пәндік оқытуға көшу жүзеге асырылады. Арнайы мектептердің/сыныптардың мұғалімдері сынып құрамын және білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, дидактикалық, компенсаторлық-дамыту материалдарын таңдауға құқылы.

Білім беру ұйымы Үлгілік оқу жоспарының негізінде білім алушылар құрамының ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, әрбір сынып үшін оқу жұмыс жоспарын жасайды. Педагогикалық кеңестің шешімі бойынша білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктеріне сәйкес Үлгілік оқу жоспарының оқу пәндері арасында сағаттарды қайта бөлуге жол беріледі (Үлгілік оқу жоспарының жалпы сағат саны аясында).

Арнайы мектепте/сыныпта оқу-тәрбие процесі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандары (психолог, логопед, арнайы педагогтер: тифлопедагог, сурдопедагог, олигофренопедагог, сондай-ақ ЕДШ нұсқаушысы, әлеуметтік педагог) жүргізетін әрбір білім алушының қажеттіліктерін психологиялық-педагогикалық бағалау деректеріне негізделген сараланған және жеке тәсілдерді пайдалана отырып жүзеге асырылады. Психологиялық-педагогикалық қолдау мұғалімдері мен мамандарының жұмысы командалық тәсілді қолдана отырып жүзеге асырылады, мектеп директоры бекіткен жергілікті нормативтік актілермен реттеледі.

Арнайы мектептің/сыныптың білім алушылары Үлгілік оқу жоспарының тиісті бөлімінде (түзету компоненті) бөлінген сағат шеңберінде психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарының арнайы психологиялық-педагогикалық көмегін алады. Түзету компонентінің үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жеке/кіші топтық/топтық түзету сабақтарының бағдарламалары жасалады.

Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарымен сабақтар арнайы мектептер мен арнайы сыныптардың барлық түрлерінде міндетті болып табылады.

Типтік оқу жоспарларының түзету компоненті сабақтарының негізгі міндеттері:

1) есту қабілеті бұзылған (естімейтін, нашар еститін) білім алушылар үшін):

- жоғары психикалық функцияларды қалыптастыру, жалпы білім беретін пәндер бойынша білім мен дағдыларды меңгерудің негізі ретінде күнделікті ұғымдарды игеру үшін тілді меңгеру;

- есту қабілетінің қарқынды дамуы жағдайында қозғалыс пен сөйлеудің дамуын электроакустикалық аппаратураны пайдалана отырып қабылдау;

- білім алушының коммуникативтік қызметін қамтамасыз ету, ауызекі тіл сөздігін дамыту;

- ауызша сөйлеуді қалыптастыру және қалдық сөйлеу есту қабілетін дамыту;

- оқушылардың ауызша сөйлеуін қалыптастыру мен жетілдірудің есту-көру негізі ретінде есту қабілетін, айтылымды, еріннен оқуды дамыту. Республика мектептерінде естімейтіндерді оқыту процесі есту-көру негізінде жүзеге асырылады, оқу процесінде ымдау тілі бағдарламалық материалды неғұрлым терең түсінуді қамтамасыз ету үшін көмекші құрал ретінде пайдаланылады;

2) көру қабілеті бұзылған (көзі көрмейтін, нашар көретін) білім алушылар үшін):

- қалдық көру және көру қабілетін дамыту;

- әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлауды қалыптастыру (ӘТБ),

- кеңістіктік бағдарлауды дамыту;

- мимика мен пантомимиканың дамуы;

- сөйлеу және қимыл-қозғалыс дамуының кемшіліктерін еңсеру;

3) тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушылар үшін:

- қозғалыс саласын қалыптастыру және жетілдіру;

- танымдық іс-әрекетті дамыту;

- сөйлеу және қимыл-қозғалыс дамуының кемшіліктерін еңсеру;

4) сөйлеу қабілеті бұзылған балалар үшін;

- сөйлеу дамуындағы ауытқуларды жеңу;

- моторлық, сөйлеу-моторлық, сөйлеу-ойлау қызметін дамыту;

5) психикалық дамуы тежелген білім алушылар үшін:

- қоршаған болмыс туралы білім мен түсініктерді байыту;

- дамудың алдыңғы кезеңіндегі олқылықтардың орнын толықтыру;

- жалпы мотериканы дамытуда және қозғалыстарды үйлестіруде ауытқуларды жеңу;

- сөйлеу және қимыл-қозғалыс дамуының кемшіліктерін еңсеру;

-танымдық іс-әрекетті және эмоционалды-тұлғалық саланы дамыту; - оқу іс-әрекетін қалыптастыру;

- оқу бағдарламаларын меңгерудегі олқылықтардың орнын толықтыру;

6) ақыл-ой кемістігі бар (жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар) білім алушылар үшін):

- қоршаған әлем туралы түсініктерді қалыптастыру және сөйлеуді дамыту;

- қозғалыс саласын жетілдіру (жалпы және ұсақ моторика);

- эмоционалдық саланы, қарым-қатынас дағдыларын, әлеуметтік қолайлы мінез-құлық нормаларын дамыту;

- танымдық іс-әрекетті дамыту;

- оқу қызметін дамыту.

Үлгілік оқу жоспарларының түзету компонентінің сабақтарын «Дефектология» («Арнайы педагогика») мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білімі және арнайы мектеп түріне сәйкес білім беру бағдарламасы бар педагогтер, қажет болған жағдайда психологтер өткізеді. Түзету компонентінің пәндері бойынша оқушылардың жетістіктерін бағалау кезінде балдық бағалау пайдаланылмайды. Сабақтар мектеп кеңесі талқылайтын және білім беру ұйымының басшысы бекітетін кестеге сәйкес күннің бірінші және екінші жартысында да топтарда, кіші топтарда және жеке өткізіледі. Түзету компоненті пәндерін оқу жоспарының инварианттық компонентінің пәндерімен ауыстыруға, сондай-ақ осы сағаттардың санын азайтуға жол берілмейді.

Арнайы мектептердің/ сыныптардың бастауыш білім беру деңгейіндегі жұмысы ұзартылған күн режимінде ұйымдастырылады, бұл бұзылған функцияларды еңсеру және өтеу, қажетті денсаулық сақтау педагогикалық режимін қамтамасыз ету, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру үшін қажетті. Оқу күнінің тәртібі білім алушылардың қатты шаршауын ескере отырып белгіленеді: бірінші ауысымда оқу және үзілістерде демалу үшін уақыт жеткілікті болу керек.

Екінші (қазақ немесе орыс) және үшінші (ағылшын) тілдерін оқыту білім алушылардың тілдік даму деңгейі ескеріле отырып жүзеге асырылады, оқыту мазмұнын, әдістерін бейімдеу және жетістіктерін бағалау көзделеді. Оқытудың компенсаторлық-дамытушылық бағыты жалпы білім беру циклінің пәндері, түзету пәндері, сондай-ақ қосымша білім беру жүйесінде жүзеге асырылады.

Білім беру ұйымы білім алушылардың ата-аналарымен немесе оларды алмастыратын адамдармен бірлесіп оқытылатын пәндердің тізбесін айқындайды, білім алушыларды сыныптар, пәндер бойынша жеке мүмкіндіктеріне сәйкес үйде жеке оқытуға Үлгілік оқу жоспарында бөлінген сағаттар шегінде бөледі.

Негізгі орта білім беру деңгейі

Арнайы мектептерде / сыныптарда оқыту білім алушылардың дамуындағы бұзылулардың түрлері бойынша ұйымдастырылады: есту қабілеті бұзылған балалар үшін; көру қабілеті бұзылған балалар үшін; сөйлеу қабілеті бұзылған балалар үшін; тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар үшін; психикалық дамуы тежелген балалар үшін (бұдан әрі – ПДТ); ақыл-ой кемістігі бар балалар үшін (жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі).

Негізгі орта білім беру деңгейінде арнайы мектептер жалпы білім беретін мектептермен оқыту, тәрбиелеу, білім алушыларды дамыту міндеттерін, сондай-ақ бұзылған функциялардың орнын толықтыру, өмірлік дағдыларын қалыптастыру, кәсіптік бағдарлау міндеттерін шешеді, оларға мыналар жатады:

1) оқудың ұзартылған мерзімдері;

2) оқытудың арнайы әдістері, тәсілдері және құралдары;

3) техникалық және компенсаторлық құралдар;

4) тіршілік ету ортасы;

5) арнайы дайындалған педагогтер;

6) психологиялық-педагогикалық көмек (логопедтер, арнайы педагогтер: сурдопедагогтер, тифлопедагогтер, олигофренопедагогтер, психологтер, әлеуметтік педагогтер, ЕДШ нұсқаушылары);

7) дамудың кемшіліктерін өтеуді, әлеуметтік, коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруды қамтамасыз ететін оқу жоспарының арнайы пәндері;

8) медициналық, әлеуметтік және өзге де қызметтер.

Арнайы жағдай жасау үшін мектеп педагогтері мен мамандары оқушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалауды жүзеге асырады.

Арнайы мектептерде/ сыныптарда білім берудің негізгі деңгейіндегі оқу-тәрбие процесі келесі нормативтік-құқықтық құжаттармен реттеледі:

- «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы»;

- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы»;

- Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларға арналған үлгілік оқу бағдарламалары (ҚР БҒМ 20.09.2018 ж. № 469 бұйрығы).

Арнайы мектептерде /сыныптарда негізгі орта деңгейде оқыту ұзақтығы білім алушылардың танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктерін, оқытудың баяу қарқынын, оқу бағдарламаларының мазмұнын толық меңгеруге ықпал ететін пропедевтикалық және компенсаторлық-дамытушы бөлімдерді жалпы білім беретін пәндерге енгізу қажеттілігін ескере отырып, 10-сынып есебінен 1 жылға ұлғайтылды.

5-10-сыныптардағы оқу жылының ұзақтығы – 34 оқу аптасы. Оқу күнінің тәртібі білім алушылардың қатты шаршауын ескере отырып белгіленеді: бірінші ауысымда оқу және үзілістерде демалу үшін жеткілікті уақыт бөлінуі керек. Есту, көру, тірек-қимыл аппараты бұзылған, сөйлеу қабілеті бұзылған, психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған Үлгілік оқу жоспарларының инварианттық бөлімінің жалпы білім беретін пәндер тізбесі және олардың негізгі мазмұны мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (бұдан әрі – МЖМБС) талаптарына сәйкес келеді (ҚР БҒМ 31.10.2018 ж. № 604 бұйрығы). Оқыту арнайы оқу бағдарламалары ретінде жүзеге асырылады (бағдарламалар Академияның сайтында орналастырылған – www.nao.kz) білім алушылардың психофизикалық ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктері ескеріле отырып, Негізгі орта білім берудің оқу бағдарламалары, сондай-ақ Жалпы білім берудің оқу бағдарламалары негізінде әзірленген білім беру бағдарламалары болып табылады. Екінші (қазақ немесе орыс) және үшінші (ағылшын) тілдерін оқыту білім алушылардың тілдік даму деңгейі ескеріле отырып жүзеге асырылады, оқыту мазмұнын, әдістерін бейімдеу және жетістіктерін бағалау көзделеді. Оқу процесінде арнайы ОӘК, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептерге арналған ОӘК пайдаланылады. Көзі көрмейтін балаларды оқыту жалпы білім беретін мектептерге арналған Брайль қарпімен, ал нашар көретіндер үшін – ірі баспа қарпімен басылған оқулықтар бойынша жүзеге асырылады. Ақыл-ойы бұзылған білім алушыларға арналған Үлгілік оқу жоспарының бөлімдері мен оқу пәндерінің тізбесі, сондай-ақ оқу бағдарламалары мен оқулықтардың мазмұны МЖМБС талаптарына бағдарланбаған. Оқу процесі арнайы оқулықтар мен оқыту

әдістемелерін пайдалана отырып, арнайы оқу бағдарламалары бойынша жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

Орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды оқыту жекелеген сыныптарда немесе педагогикалық кеңестің шешімі бойынша жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылармен бірлесіп ұйымдастырылады.

Орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды оқыту орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жасалған Үлгілік оқу жоспарына және жеке оқу бағдарламаларына сәйкес және сынып педагогі мен психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандарының оқушының мүмкіндіктерін кешенді психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде жүзеге асырылады. Жеке оқу бағдарламасы жартыжылдыққа жасалады. Жеке оқу бағдарламасын іске асыру уақыты аяқталғаннан кейін әр оқушының жетістіктеріне талдау жасалады және келесі жартыжылдыққа жеке оқу бағдарламасы жасалады.

Мұғалім әр оқушының жеке мүмкіндіктерін, білім беру және жеке жетістіктерін бақылау нәтижелерін ескере отырып, оқытудың мазмұнын, әдістерін, формаларын, дидактикалық құралдарын өз бетінше таңдайды. Оқытудың мазмұны: өзі туралы түсініктерді; шаруашылық еңбек және тіршілікті қамтамасыз ету дағдыларын; қоршаған орта туралы қолжетімді түсініктерді және әлеуметтік және табиғи ортадағы бағдарлауды; коммуникативтік біліктерді; қолжетімді еңбек қызметін; практикалық бағыты бар және тәрбиеленушілердің психофизикалық мүмкіндіктеріне сәйкес келетін жалпы білім беретін пәндер бойынша қолжетімді білімді қалыптастыруға бағытталған.

Білім беру ұйымы үлгілік оқу жоспарының негізінде білім алушылардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, әрбір сынып үшін жұмыс оқу жоспарын жасайды. Педагогикалық кеңестің шешімі бойынша білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктеріне сәйкес үлгілік оқу жоспарының оқу пәндері арасында (үлгілік оқу жоспарының жалпы сағат саны аясында) сағаттарды қайта бөлуге жол беріледі. Арнайы мектептердің/сыныптардың педагогтері сынып құрамын, білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, дидактикалық, компенсаторлық-дамыту материалдарын таңдауға құқылы.

Арнайы мектепте/сыныпта оқу-тәрбие процесі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандары (психолог, логопед, арнайы педагогтер: тифлопедагог, сурдопедагог, олигофренопедагог, сондай-ақ ЕДШ нұсқаушысы, әлеуметтік педагог) жүргізетін әрбір білім алушының қажеттіліктерін психологиялық-педагогикалық бағалау деректеріне негізделген сараланған және жеке тәсілдерді пайдалана отырып жүзеге асырылады. Психологиялық-педагогикалық қолдау мұғалімдері мен мамандарының жұмысы командалық тәсілді қолдана отырып жүзеге асырылады, мектеп директоры бекіткен жергілікті нормативтік актілермен реттеледі.

Арнайы мектептің/сыныптың білім алушылары Үлгілік оқу жоспарының тиісті бөлімінде (түзету компоненті) бөлінген сағат шеңберінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандары өткізетін фронтальды, кіші топтық және жеке сабақтарда арнайы психологиялық-педагогикалық көмек алады. Түзету компонентінің Үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жеке/ кіші топтық/ топтық түзету сабақтарының бағдарламалары жасалады.

Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарымен сабақтар арнайы мектептер мен арнайы сыныптардың барлық түрлерінде міндетті болып табылады.

Сабақтың негізгі міндеттері:

1) есту қабілеті бұзылған (естімейтін, нашар еститін) білім алушылар үшін):

- жоғары психикалық функцияларды қалыптастыру, жалпы білім беретін пәндер бойынша білімді меңгерудің негізі ретінде күнделікті ұғымдарды меңгеру үшін тілді меңгеру;

- электроакустикалық аппаратураны пайдалана отырып, есту қабілетін қарқынды дамыту жағдайында қозғалыс пен сөйлеуді дамыту;

- білім алушының коммуникативтік қызметін қамтамасыз ету, ауызекі және күнделікті сөздік қорын дамыту;

- ауызша сөйлеуді қалыптастыру және қалдық тілдік есту қабілетін дамыту;

- оқушылардың ауызша сөйлеуін қалыптастыру мен жетілдірудің есту-көру негізі ретінде есту қабілетін, айтылымды, еріннен оқуды дамыту. Республика мектептерінде естімейтіндерді оқыту процесі есту-көру негізінде жүзеге асырылады, оқу процесінде ымдау тілі бағдарламалық материалды неғұрлым терең түсіну үшін көмекші құрал ретінде пайдаланылады;

2) көру қабілеті бұзылған (көзі көрмейтін, нашар көретін) білім алушылар үшін):

- қалдық көру және көру қабілетін дамыту;

- әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлауды қалыптастыру (ӘТБ),

- кеңістіктік бағдарлауды дамыту;

- мимика мен пантомимиканың дамуы;

- сөйлеу және қимыл-қозғалыс дамуының кемшіліктерін еңсеру;

3) тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушылар үшін:

- қозғалыс саласын қалыптастыру және жетілдіру;

- танымдық іс-әрекетті дамыту;

- сөйлеу және қимыл-қозғалыс дамуының кемшіліктерін еңсеру;

4) сөйлеу қабілеті бұзылған балалар үшін;

- сөйлеу дамуындағы ауытқуларды жеңу;

- моторика, сөйлеу-моторикасы, сөйлеу-ойлау қызметін дамыту;

5) психикалық дамуы тежелген білім алушылар үшін:

- қоршаған шындық туралы білім мен идеяларды байыту, дамудың алдыңғы кезеңіндегі олқылықтардың орнын толықтыру;

- жалпы мотористаны дамытуда және қозғалыстарды үйлестіруде ауытқуларды жеңу;

- сөйлеу және қимыл-қозғалыс дамуының кемшіліктерін еңсеру;

-танымдық іс-әрекетті және эмоционалды-тұлғалық саланы дамыту;

- оқу қызметін қалыптастыру;

- оқу бағдарламаларын меңгерудегі олқылықтардың орнын толықтыру;

6) ақыл-ой кемістігі бар (жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар) білім алушылар үшін:

- қозғалыс саласын жетілдіру (жалпы және ұсақ моторика);

- эмоционалдық саланы, қарым-қатынас дағдыларын, әлеуметтік қолайлы мінез-құлық нормаларын, еңбексүйгіштікті дамыту;

- танымдық іс-әрекетті дамыту;

- білім алу, алғашқы кәсіби қызметті дамыту.

Үлгілік оқу жоспарларының түзету компонентінің сабақтарын «Дефектология» («Арнайы педагогика») мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білімі және арнайы мектеп түріне сәйкес білім беру бағдарламасы бар педагогтер, қажет болған жағдайда психологтер өткізеді. Түзету компонентінің пәндері бойынша оқушылардың жетістіктерін бағалау кезінде балдық бағалау пайдаланылмайды. Сабақтар мектеп кеңесі талқылайтын және білім беру ұйымының басшысы бекітетін кестеге сәйкес күннің бірінші және екінші жартысында топтарда, кіші топтарда және жеке өткізіледі. Түзету компоненті пәндерін оқу жоспарының инварианттық компонентінің пәндерімен ауыстыруға, сондай-ақ осы сағаттардың санын азайтуға жол берілмейді.

Оқытудың компенсаторлық-дамытушылық бағыты жалпы білім беру циклінің пәндері, түзету пәндері, сондай-ақ қосымша білім беру жүйесінде жүзеге асырылады. Еңбекке баулу жұмысшы кадрларға қажеттілікке бағдарланған өңірлік, жергілікті жағдайларға сүйене отырып және психофизикалық дамудың жеке ерекшеліктерін, денсаулығын, мүмкіндіктерін, сондай-ақ еңбек бейінін таңдау негізінде тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің мүдделерін ескере отырып ұйымдастырылады. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін еңбекке оқыту бейіндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары не білім алушылардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып мектеп педагогтері жасаған және мектептің педагогикалық кеңесі бекіткен бағдарламалар пайдаланылады. Кәсіптік – еңбекке оқыту (жалпы еңбек дайындығы), әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау сабақтары үшін сыныптар екі топқа бөлінеді. Топтарды еңбек түрлері бойынша жинақтау оқушылардың психофизикалық жағдайы мен мүмкіндіктерін ескере отырып, дәрігердің ұсынымдары негізінде жүзеге асырылады. Оқушыларды параллель және аралас сыныптардан кіші топтарға біріктіруге болады. Ақыл-ойы бұзылған балаларды мектепте оқыту еңбекке баулу емтиханымен аяқталады.

Білім алушылар белгіленген тәртіппен бітіру емтихандарынан босатылуы мүмкін. Орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушылар еңбек дайындығы пәндері бойынша бітіру емтиханын тапсыра алмайды. Факультативтік сабақтар мен элективті курстардың сағаттары еңбекке оқыту бейіні бойынша сабақтарға, жалпы білім беру циклінің пәндерін зерделеуге, жаңа пәндерді, қосымша білім беру модульдерін, арнайы курстар мен практикумдарды енгізуге, оқушыларды әлеуметтендіруге, даму кемшіліктерін жеңуге, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге ықпал ететін сабақтарға пайдаланылуы мүмкін.

Негізгі мектеп курсында жалпы білім беру бағдарламаларын сәтті меңгерген білім алушылар жалпы орта білім мен мамандық алу мақсатында кәсіптік колледждерде, кешкі мектепте оқуын жалғастырады. Есту, көру, тірек-қимыл аппараты бұзылған, сөйлеу қабілеті бұзылған, психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы мектептердің түлектері алған білім деңгейін растайтын мемлекеттік үлгідегі аттестат алады. Жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар түлектер білім алушылардың осы санаты үшін белгіленген үлгідегі аттестат алады («Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығы). Зерде бұзылыстары бар білім алушылар екінші жылға (қайта оқуға) жіберілмейді.

Білім беру ұйымы білім алушылардың ата-аналарымен немесе оларды алмастыратын адамдармен бірлесіп оқытылатын пәндердің тізбесін айқындайды, білім алушыларды сыныптар, пәндер бойынша жеке мүмкіндіктеріне сәйкес үйде жеке оқытуға Үлгілік оқу жоспарында бөлінген сағаттар шегінде бөледі.

Жалпы орта білім деңгейі

Арнайы мектептер жағдайында 11-12-сыныптарда көру, есту, тірек-қимыл аппараты бұзылған оқушылар жалпы орта білім алады. Екі бағыт бойынша бейіндік оқыту жүзеге асырылуда: қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық. Бір немесе екі бағытты таңдауды мектеп оқушылардың қажеттіліктері мен ата-аналардың қажеттіліктерін ескере отырып жүзеге асырады. Оқу процесінің компенсаторлық-дамытушылық бағыты жалпы білім беретін пәндер бойынша сабақтарда, психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарымен арнайы сабақтарда қамтамасыз етіледі. Сабақтар топтық және жеке нысандарда өткізіледі:

1) көру қабілеті бұзылған:
- әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлауды қалыптастыру (ӘТБ),
- кеңістікте бағдарлауға;
- мимика мен пантомимиканың дамуы;

2) тірек-қимыл аппараты бұзылған:
- емдік дене шынықтыру;
- әлеуметтік-тұрмыстық бағдар;

3) есту қабілеті бұзылған білім алушылармен:
- айтылымды қалыптастыру және есту қабілетін дамыту;
- ауызекі тілді дамыту;
- ымдау тілін үйрену.

Арнайы мектеп оқушыларын бағалау жүйесі

Арнайы мектептер білім беру мазмұнының ерекшеліктері мен оқушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау нысандарын, тәртібі мен кезеңділігін дербес айқындайды. Оқушылардың оқу нәтижелерін бағалау кезінде оқу жетістіктерін бағалаудың критериалды жүйесі қолданылады. Формативті бағалау процесінде мұғалім оқушылардың оқу материалын меңгерудегі қиындықтарын анықтайды және оларды жеңудің жолдарын анықтайды. Оқу пәндері бойынша оқу жетістіктерін бағалау кезінде арнайы оқу бағдарламаларында немесе әр оқушының жеке оқу бағдарламаларында ұсынылған оқу мақсаттарына назар аудару қажет. Мұғалім сараланған және/немесе жеке бақылау тапсырмаларын қолданады, сондай-ақ білім алушының ерекшеліктерін ескере отырып, бағалау критерийлеріне өзгерістер енгізеді. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды және жеке оқу бағдарламалары бойынша білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу қажеттілігі туралы мәселені білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес педагогикалық кеңес шешеді. Арнайы мектептерде және жалпы білім беретін мектептердегі арнайы сыныптарда ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды қорытынды аттестаттаудың емтихан материалдарын аудандық, қалалық білім бөлімдері немесе білім басқармасы әзірлейді. Түзету компонентінің пәндері бойынша балдық бағалар қойылмайды. Жартыжылдық және оқу жылының

соңында «Музыка», «Музыка және ән айту», «Көркем еңбек», «Бейнелеу өнері», «Дене шынықтыру», «Бейімделген дене шынықтыру», «Өзін-өзі тану», «Жүріс-тұрыс мәдениеті», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау» пәндері бойынша «есептелінді» («есептелінген жоқ») қойылады. Жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау оқушыларға сараланған және жеке тәсілді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Сараланған тәсіл психикалық дамуы тежелген білім алушылардың педагогикалық (В.В. Воронкова бойынша) классификациясына негізделген. Жетістіктерді бағалау кезінде әртүрлі типологиялық топтағы оқушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, деңгейлік мақсат қою негізінде критериалды бағалау жүйесі қолданылады. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктері бес балдық шкала бойынша бағаланады. Нөлдік және 1-сыныптарда балдық бағалар қойылмайды. Оқытудағы ілгерілеу нәтижесі оқушылардың өнімді іс-әрекетін, сөйлеу, жазбаша жұмыстар, суреттер, қолөнер және сабақтардағы іс-әрекеттерді бақылау деңгейін талдау негізінде анықталады және сипаттамалық сипатта болады. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау кезінде жеке оқу бағдарламаларында ұсынылған оқыту мақсаттары негізінде жүзеге асырылатын критериалды сипаттамалық бағалау пайдаланылады. (Ақыл-есі кем адамдар диагнозымен білім алушыларды критериалды бағалау бойынша әдістемелік ұсыныстарды Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА www.nao.kz сайтынан табуға болады.).

Білім беру ұйымынан тыс оқытудың ерекшеліктері

1. Оқыту және түзету сабақтары денсаулық сақтау мекемелерінде ем алып/оңалтылып жатқан және білім беру мекемелерінен тыс жерде оқып жатқан балалар мен жасөспірімдерге, қазақ және орыс тілдерінде, мектепке дейінгі мекемелер және мектептерге арналған жалпы білім беру және арнайы білім беру бағдарламалары көлемінде қамтамасыз етіледі.

2. Сабақтар емдеуші дәрігердің қорытындысына сәйкес осы медициналық ұйымда 15 күннен артық емделуден немесе оңалтудан өтуі тиіс 1-11(12) сынып оқушыларымен өткізіледі.

3. Білім алушыларды тиісті сыныпқа оқуға қабылдау олар оқитын мектептен анықтама негізінде жүзеге асырылады.

4. Оқу сабақтары балалар стационарға түскен сәттен басталады және баланың денсаулық жағдайына байланысты өткізіледі.

5. Сабақтың басталуын және науқас балаларды оқытуды ұйымдастыру түрін баланың денсаулық жағдайына байланысты емдеуші дәрігермен бірлесіп, стационарлық науқастың медициналық картасына тиісті жазбамен медициналық ұйым бөлімшесінің меңгерушісі айқындайды.

6. Сабақтың ұзақтығы 35 минутты құрайды, сонымен қатар 1-сынып оқушылары үшін бірінші жартыжылдықтағы сабақ ұзақтығы – 25 минут. Аурудың ауырлығына байланысты науқас балалар орналасқан медициналық режимдердің әрқайсысы балалармен жұмысты жоспарлау кезінде белгілі бір педагогикалық бағытқа сәйкес келеді.

7. Оқушыларды оқыту жалпы білім беретін мектептің және арнайы түзету ұйымының бағдарламалары бойынша жүргізіледі. Мүмкіндігі шектеулі балаларға

педагог-логопед, педагог-дефектолог, педагог-психолог көрсететін арнайы түзету көмегі көрсетіледі.

8. Сабақтар оқушылармен топтық немесе жеке оқыту нысанында өткізіледі.

9. Топтық сабақтар бір сыныптың 3-тен 15-ке дейінгі оқушылары болған кезде ұйымдастырылады. Сыныптардың жинақталуы бір сыныптағы 3 және одан да көп баланың санынан басталады. Бір сыныпта балалардың саны 3-тен аз болса, сыныптар біріктірілуі мүмкін: 1-2-сыныптар, 3-4-сыныптар, 5-6-7- сыныптар, 8-9-сыныптар және 10-11 (12) сыныптар.

10. Педагогикалық ұжым балалардың денсаулық жағдайы туралы деректерді ескере отырып және медициналық ұйым басшысының келісімімен кесте бойынша оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырады. Бір оқушыға күнделікті оқу жүктемесі 3-4, 5 оқу сағатынан аспауы тиіс.

11. Оқу жоспарларында бастауыш, негізгі және орта мектептердің жалпы білім берудің базалық компонентінің 80%-ын сақтау, сондай-ақ медициналық ұйымның ерекшелігін ескере отырып, оқу жоспарының сағаттарын 20%-ға дейін қайта бөлу көзделеді.

12. Медициналық ұйымдарда емделіп жатқан оқушылардың оқу сабақтарына осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес аптасына оқу сағаттарының саны бөлінеді. Бұл ретте, сағат саны сараланған тәсілді ескере отырып айқындалады және инклюзивті білім беру талаптарына сәйкес келеді. Сағаттарды пәндер арасында қайта бөлуге және мектептегі жеке сабақтарға қатысуға жол беріледі.

13. Медициналық ұйымның бөлімшелерінде емдік дене шынықтыру (ЕДШ) және музыкалық терапия сабақтары жүргізілген жағдайларда мектепте музыка және дене шынықтыру сабақтары жүргізілмеуі мүмкін.

14. Еңбек және кәсіптік оқыту білім алушылардың денсаулық жағдайына қарай айқындалады және мынадай бейіндер: ағаш ұстасы, тігін бағыты, шаштараз өнері, сәндік-қолданбалы өнер негізінде жүзеге асырылады.

15. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған оңалту стационарларында (бөлімшелерінде) «Информатика», «Бейнелеу өнері» және «Технология» бойынша сағаттар саны артып келеді. Бұл пәндерді қосымша зерделеу қажеттілігі болашақта кәсіптік бағдар беру мақсатында ақпараттық технологиялар мен еңбек дағдыларын игеру қажеттілігіне байланысты. Бұл пәндер пластикалық массалармен, қолдың ұсақ моторикасын дамыта отырып, көркемдік жұмыстардың басқа түрлерімен кеңейтілген түрде жүргізіледі.

16. Қажет болған жағдайда түзету көмегі медициналық ұйымның психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінде белгіленген тәртіппен көрсетіледі.

17. Сөйлеу тілінің дамуы мен түзетілуін логопедия сабағының орнын толтыратын медициналық ұйымдардың бөлімшелерінде қазақ және орыс тілдері мен әдебиеті үшін бөлінген сағаттар 1 сағатқа қысқартылып, басқа пәннің сағаттарын жүргізу үшін қайта бөлінуі мүмкін.

18. Туберкулезге қарсы диспансерлік мектептерде балалар оқу жылының басынан бастап және диспансерге түсуіне қарай қабылданады. Бұл мектептерде ауысу емтихандары өткізілмейді. Сынып пен топтағы оқушылар саны 20 баладан аспайды, оқыту толық сауыққанға дейін (туберкулезге қарсы диспансерді есептен шығарғанға дейін) оқу жартыжылдығынан кем емес мерзімде жүргізіледі.

Балалардың болу мерзімі медициналық көрсеткіштер бойынша 5-10 айға ұзартылуы мүмкін және оны Комиссия қарайды. Сабақтың ұзақтығы 1-5-сыныптарда – 35 минут, 6-11- сыныптарда – 40 минут.

19. Медициналық ұйымның психо-неврологиялық бөлімшелерінде бастапқы және қайталама бұзылуларды жеңуге, психикалық функцияларды дамытуға, балалар мен жасөспірімдердің оңалтуына, әлеуметтік-еңбекке бейімделуіне және қоғамға интеграциялануына ықпал ететін компенсаторлық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған түзету-дамытушылық оқыту жүзеге асырылады. Әлеуметтік-психологиялық бейімделу мақсатында жеке түзету-дамыту сабақтары өткізілген жағдайда кейбір пәндер қысқартылуы мүмкін.

20. Мұғалімдер мен басқа да педагогтердің штат бірліктерімен мектеп құру мүмкін болмайтын медициналық ұйымдарда білім беруді басқарудың жергілікті органдары пациенттермен сабақ өткізу үшін жақын жердегі мектептердің пән мұғалімдерінің келуін ұйымдастырады.

21. Медициналық ұйымдардағы мектептер құрамы бойынша оқушылар контингентінің әркелкілігіне байланысты жиынтық жұмыстар жүргізілмейді.

22. Сабақтарды есепке алу үшін оқушылармен сынып журналы жүргізіледі, онда оқытуды жүзеге асыратын мұғалімдер түскен оқушылар туралы мәліметтерді: тегі, аты және әкесінің аты, туған жылы, мектеп және сынып нөмірі, медициналық ұйымға түскен күні, сабақтың басталуы мен аяқталуы, өткізілген сағат санын жазады. Оқу материалын өту жазбасын және оқушылардың білімін есепке алуды мұғалім сынып журналын жүргізуге қойылатын талаптарға сәйкес ресімдейді.

23. Медициналық ұйымдарда оқитын оқушылар контингенті олар тұрақты оқитын мектептердің статистикалық есептерінде ескеріледі.

24. Медициналық ұйымнан шығару кезінде оқушыларға әрбір оқу пәні бойынша ағымдағы немесе тоқсандық бағалары бар, оқу ісінің меңгерушісі/бөлім меңгерушісі қол қойған, осы ұйымда оқытуды ұйымдастыру жүктелген жалпы білім беретін мектептің мөрімен расталған оқу туралы анықтама беріледі.

101-кесте. Медициналық ұйымдарда емделіп жатқан оқушылардың апталық оқу сағаттарының саны

Сыныптар	**Жеке сабақ сағаттарының саны**	**Топтық сабақтар сағаттарының саны**
1-3	4	12
4	6	18
5	6	20
6-7	7	20
8	7	21
9	8	22
10-11	8	22

8. ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қосымша білім беру балалардың қоғамдағы өмірге бейімделуі, олардың кәсіби бағдарлануы, сондай-ақ, ерекше қабілеттерін көрсеткен балаларды анықтау және қолдау үшін жағдай жасайды.

Балалардың жан-жақты қажеттіліктері әлеуметтік-педагогикалық, ғылыми-техникалық, туристік-өлкетану, экологиялық-биологиялық, көркем-эстетикалық, музыкалық, әскери-патриоттық, спорттық-сауықтыру және балаларға қосымша білім берудің басқа да бағыттары бойынша қамтамасыз етіледі.

Балаларға қосымша білім беруді жергілікті атқарушы органдар қамтамасыз етеді және республикалық, облыстық, қалалық (республикалық және облыстық маңызы бар қалалар) және аудандық деңгейлерде жүзеге асырылады.

Балаларға қосымша білім беру мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында, мектепте, мектепке дейінгі ұйымдарда, колледждер мен жоғары оқу орындарында, мәдениет, спорт ұйымдарында, жеке ұйымдарда бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ ақылы қызметтер есебінен іске асырылады.

Мектептен тыс ұйымдардың ресурстары – сарайлар мен оқушылар үйлері, орталықтар, кешендер, балалар шығармашылығы студиялары, жас техниктер станциялары, туристер, натуралистер, балалар музыка, көркемөнер мектептері, өнер мектептері, қызығушылық клубтары, спорт, сауықтыру, туристік базалар, лагерлер – мектепте қолданылады – олардың филиалдары ашылады.

Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің Үлгілік қағидаларында (өзгерістер енгізілуде), Қазақстан РеспубликасыБілім және ғылым министрінің 2013 жылғы 14 маусымдағы № 228 бұйрығымен бекітілген балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің Үлгілік қағидаларында айқындалған.

Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы балалардың, отбасының сұраныстарын білім беру ұйымдарының, қоғамдық ұйымдардың (оның ішінде балалар мен жасөспірімдер) қажеттіліктерін, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін, ұлттық-мәдени дәстүрлерді ескере отырып, білім беру бағдарламаларын дербес әзірлейді.

Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 9-2) тармағына сәйкес білім беру бағдарламасы оқытудың мақсаттарын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені ретінде әзірленеді.

Балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы №543 бұйрығымен бекітілген (ҚР БҒМ 2019 жылғы 04 желтоқсандағы №56 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді).

Қазақстан Республикасында Балаларға қосымша білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері әзірленді және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 19 ақпандағы №81 бұйрығымен бекітілді.

«Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 219 бұйрығымен бекітілген.

Балаларға заманауи қосымша білім беру мектеп білімімен бірге біртұтас білім беру кеңістігін құрайды, ол бастауыш, негізгі, жалпы орта білім берудің МЖМБС шеңберінен тыс баланың өз еркімен таңдаған іс-әрекетін дамыту үдерісі ретінде сипатталады. Балаларға қосымша білім берудің 2020-2021 оқу жылындағы ерекшеліктері жалпы орта және қосымша білім беруді неғұрлым тығыз интеграциялау қажеттілігімен байланысты.

Білім берудің әрбір деңгейі үшін қосымша білім беру белгілі бір жас кезеңі жағдайында тұлғаның ерекшеліктеріне сүйене отырып, МЖМББС-дан тыс өзінің мазмұндық модулін ұсынуға құқылы:

– мектепке дейінгі білім беру деңгейінде – мектепке дейінгі білім беру ұйымына бармайтын балалар үшін мектепалды даярлық;

– бастауыш білім беру деңгейінде – оқушылардың позициясын игеруге көмектесу: әртүрлі оқу қоғамдастықтарына қосу;

– негізгі білім беру деңгейінде – жеке тұлғаның өзін-өзі анықтау үдерісін қолдау: әртүрлі қызмет салаларында маңызды мәселелер спектрін кеңейту және оларды шешу тәжірибесін алу;

– жалпы орта білім беру деңгейінде – білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау үдерісін сүйемелдеу, кәсіби бағдарлауды қамтамасыз ету.

Балаларға қосымша білім берудегі білім беру процесі келесі ерекшеліктерді ескере отырып ұйымдастырылады:

✓ балаға білім беру саласын (қызметтің бағыты мен түрін). бағдарламаның бейіні және оны игеру уақытын, педагогті еркін таңдауы үшін жағдай жасау;

✓ баланың мүддесін, бейімділігі мен қажеттіліктерін қанағаттандыратын әртүрлі қызмет түрлері;

✓ тұлғаның таным мен шығармашылыққа, өзін-өзі тануға және өзін-өзі анықтауға деген ынтасын дамытуға ықпал ететін білім беру процесінің тұлғалық-әрекеттік сипаты;

✓ балаға жеке тұлғаға бағытталған көзқарас, әркім үшін «сәттілік жағдайын» құру;

✓ жеке тұлғаның өзінің қабілетін іске асыруы, өзін-өзі тануы, өзін-өзі анықтауы үшін жағдай жасау;

✓ баланың сынама алу құқығын және таңдаудағы қателіктерді, өзін-өзі анықтау мүмкіндіктерін қайта қарау құқығын тану;

✓ баланың жеке басының қадір-қасиетіне нұқсан келтірместен өзінің даму сатыларын көруге және осы дамуды ынталандыруға көмектесетін өзі таңдаған білім беру бағдарламасының (қызмет түрі, білім саласы маңайында) шегінде баланың алға жылжуының нәтижелілігін анықтаудың осындай құралдарын қолдану.

Осыған байланысты сауалнама жүргізу, балалар мен ата-аналарға ауызша сауалнама жүргізу арқылы балалардың қажеттіліктері мен ынтасын зерделеу бойынша жұмыс ұйымдастырылады. Содан кейін бір жастағы және әртүрлі жастағы балалар, оның ішінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар қызығушылықтары бойынша үйірме, секция, клуб, студия, ансамбль, топ, театр және өзге де бірлестіктерге біріктіріледі. Топтардың қалыптасуы балалардың ерікті таңдауына негізделген.

Балаларға қосымша білім беруде балалардың **ғылыми-техникалық шығармашылығы** маңызды орын алады. Жас техниктер мектептері мен станцияларында бастапқы техникалық модельдеу, авиамодельдеу, кеме модельдеу, автомодельдеу, ракетамодельдеу, радиотехника және робототехника сияқты техникалық шығармашылық түрлері іске асырылады. Техникалық шығармашылықтың дәстүрлі түрлерін дамытумен қатар бағдарламалау, информатика және ақпараттық технологиялар, компьютерлік дизайн, компьютерлік графика, медиадизайн, жобалау-зерттеу қызметі және т.б. белсенді дамуда.

Балаларға экологиялық-биологиялық қосымша білім берудің негізін табиғатты қорғау бойынша оқу-зерттеу жұмыстарын жүргізуге, оқу-тәрбие, әдістемелік, ғылыми-зерттеу, экологиялық-насихаттау, мәдени-ағарту қызметін қамтамасыз етуге бағытталған жас натуралистер станциялары мен экологиялық-биологиялық орталықтар, мектеп үйірмелері құрайды.

Балалар туризмі мен өлкетану балалар үшін тартымды бағыт болып табылады. Республикада туристік-өлкетану білім беру қызметін жас туристер-өлкетанушылардың станциялары мен орталықтары, мектептердің, сарайлардың, балалар шығармашылығы орталықтарының туристік-өлкетану үйірмелері жүзеге асырады, онда білім алушылардың туристік-өлкетану қозғалысының әртүрлі бағдарламалары іске асырылады. Оқушылардың «Менің Отаным – Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициясы аясында жас туристер қатысатын түрлі бағыттар бойынша жаяу, шаңғы, су, велосипед және басқа да жорықтар, экспедициялар мен экскурсиялар өткізіледі.

Көркем-эстетикалық қосымша білім беру - балалар өнер мектептері мен балалар көркемөнер мектептерінде жүзеге асырылатын балалар арасындағы ең

бұқаралық және танымал бағыт. Республикада балалардың қатысуымен көркем шеберлік байқаулар, көрмелер, пленэрлер өткізу жалғасуда.

Балалар музыка мектептері балалардың бойында көркемдік-эстетикалық құндылықтарды тұтынушылардың қасиеттерін тәрбиелейтін музыкалық-эстетикалық даму, мәдени-ағартушылық және мәдени-тынығу функциясының білім беру бағдарламаларын іске асыруды жалғастырады.

Әлеуметтік-педагогикалық бағыт жеке тұлғаны әлеуметтендіруге, оның ішінде баланың бос уақытын ұйымдастыруға байланысты бірқатар міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Мектеп мұражайлары, әскери-патриоттық клубтар, аула клубтары, демалыс орталықтары, балалар лагерьлерінің әртүрлі түрлері, балалар қоғамдық ұйымдары, педагогикалық отрядтар педагогтерге патриоттық тәрбиені қамтамасыз етуге, балалардың ой-өрісін кеңейтуге, салауатты өмір салты дағдыларын дарытуға, бос уақыты мен белсенді демалысын ұйымдастыруға көмектеседі.

Балаларды қосымша білім беруге жаппай тарту, дарынды балаларды анықтау, оқушыларды кәсіби бағдарлау, әртүрлі деңгейдегі байқауларда, жарыстарда және басқа да іс-шараларда көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын дарыту мақсатында 2021-2022 оқу жылында *мектепішілік, аудандық (қалалық) және облыстық деңгейлерде балалар арасында республикалық іс-шаралардың өңірлік кезеңдерін ұйымдастыру және өткізу ұсынылады:*

1) «Театрдың ғажайып әлемі» театр өнерінің фестиваль-байқауы «Драмалық спектакль»; «Музыкалық спектакль» (опера, оперетта, мюзкл, балет, данс-спектакль және т.б.); «Әдеби-музыкалық композиция»; «Қуыршақ спектаклі» номинациялары бойынша өткізіледі. Сонымен қатар, балаларды театр өнері әлеміне тартуға, тұлғаның мәдени және рухани әлеуетін дамытуға бағытталған *«Балалар және театр» ағартушылық жобасы* іске асырылуда. Жоба аясында оқушылар жас ұрпақтың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың ресурсы, жеке тұлғаны әлеуметтендірудің, көркемдік талғамды қалыптастырудың қуатты құралы, эстетикалық дамыған, шығармашылық тұлғаны тәрбиелеу механизмі болып табылатын театрларға барады;

2) «Ризашылық – мейірімділік бұлағы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасы шеңберіндегі республикалық іс-шаралар:

- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың тәрбиеленушілері арасында «Қазақстан – менің алтын бесігім» балалар фестивалі, номинациялары: «Татулықтың тұтқасы – бірліктің бесігі» халық билері байқауы; «Жүрек жылуы» вокалистер байқауы; «Ризамын халқыма!» театр байқауы;

- жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында «Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың республикалық дебаттық турнирі;

- ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар арасында «Шексіз шығармашылық» байқауы;

3) «*Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар және табиғат зерттеушілерінің форумы мына* номинациялар бойынша өткізіледі: «Туған өлкенің

тарихы» зерттеу жобаларының байқауы, «Жасыл экономика», «Денсаулық және қоршаған орта»; «Экоболашақ» экологиялық жұмыс туралы бейнероликтер; «Жасыл оазис» экодизайнерлер байқауы; «Жеңіс мамыры» панно немесе коллаждар байқауы;

4) «Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы балалар шығармашылығының көрме-байқауының номинациялары: тоқыма бұйымдарын дайындау: гобелен, кесте, батик, киіз басу, құрақ құрау; ағашты, сүйекті, теріні көркемдеп өңдеу: көлемді және жалпақ ою, ағашқа сурет салу, қайың қабығынан жасалған бұйымдар; бедерлеу (сүйектен, металдан, ағаштан); әйнекті көркемдеп өңдеу: витраж; металды көркем өңдеу: зергерлік бұйымдар, шағын пішінді мүсін, нақыштау, соғу; ағаштан, тастан, саздан (қыш балшық), сабаннан, ағаштан, тоқымадан шағын формадағы мүсіндер жасау; ұлттық ою-өрнек элементтерімен халық киімінің үлгісін жасау; қағаздан бұйымдар жасау: оригами, аппликация, квиллинг, папье-маше;

5) «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» техникалық құрастыру саласы бойынша инновациялық идеялар байқауы:

- қолданыстағы автокөлік модельдері (автобустар, жеңіл көлік, жүк көлігі, арнайы техника, жол талғамайтын көліктер және эксперименттік модельдер);

- өнеркәсіп (техникалық ойыншықтарды, оның ішінде дәстүрлі емес материалдардан жасалған станок жабдықтары, әртүрлі техникалық объектілердің модельдері және эксперименттік модельдерді қоса алғанда);

- ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары (тракторлар, комбайндар, сепкіштер, тиегіштер, іріктегіштер, шөмелегіштер, ауыл шаруашылығы кешендерінің модельдері, эксперименттік модельдер және т.б.);

- әскери техника (танктер, зеңбіректер, бронетранспортерлер, әуе шабуылына қарсы қорғаныс құралдарының модельдері, тапаншалар, автоматтар, мылтықтардан басқа және т.б. эксперименттік модельдер);

- су көлігі (әуе кемелерінің модельдері, кемелер, яхталар, гидропландар, катерлер, қайықтар, эксперименттік модельдер және т.б.);

- құрылыс (тұрғын үйлердің, әкімшілік ғимараттар, коттедждер, кешендер, спорт ғимараттары, вокзалдар, порттар, әуеайлақтары, сауда орталықтары және т.б. макеттері);

- жылу энергетикасы, электр энергетикасы, баламалы энергетика (ядролық энергетика және жылу физикасы; баламалы және көміртекті емес энергетика; энергия үнемдейтін технологиялар; отынды өндіру және қайта өңдеу; радиоактивті қалдықтарды жою және көму технологиясы және т.б.);

- авиация: авиация техникасын әзірлеу саласындағы жобалар мен модельдер (ұшақтар, тікұшақтар, ұшқышсыз ұшу аппараттары, экраноплан, гидроұшақ, амфибиялар және т.б.);

- космонавтика және аэроғарыш техникасы: ғарыш техникасын әзірлеу саласындағы жобалар мен модельдер (зымыран жүйелері, ғарыш станциялары, спутниктер, аппараттар және т.б.), ракета құрылысы (ғарыш кемелері, зымырандар

және ілеспелі техника);

6) «Ақ шағала» хореографиялық фестиваль-байқауының номинациялары: халық биі және халықтық-стильденген би (әлем халықтарының биі; қазақ биі); заманауи би (эстрадалық би, аралас би);

7) «Қазақстан балалары шексіз әлемде!» балалар киносының фестивалі: деректі (ойын емес) кино; ойын киносы; stop-motion-видео; әлеуметтік тақырыптық бағыттағы бейнеролик; анимациялық кино; музыкалық бейнебаян; телевизиялық сюжет; киножурнал; операторлық жұмыс;

8) «Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтардың слеті: «Жас өлкетанушы» іздеу-зерттеу жобалары, «Туған өлке соқпақтары»; тарих, география зерттеулерінің тұсаукесері, «Ең керемет туристік өлке» туған өлкенің объектілері; экологиялық экспедиция есебі; экологиялық соқпақ - экологиялық карта; «Аралас туризм» туристік техника мен тактика, бағдарлау, топография, алғашқы медициналық көмек көрсету, құзға шығу және құтқару жұмыстары элементтерімен кросс-жорық;

9) техникалық шығармашылық және өнертапқыштардың (әуе, зымыран, көлік және кеме құрастыру) жарысы модельдер сыныптары бойынша: радиомен басқарылатын автомодельдер, автотрассалық моделизм, әуе модельдері, кеме модельдері, зымыран модельдері;

10) балалар музыка мектептерінің және өнер мектептерінің білім алушылары – жас музыканттардың фестиваль-байқауы қазақ және орыс халық аспаптары (домбыра, қобыз, қыл қобыз, шертер, баян, аккордеон, домра, балалайка, гитара) бөлімдері солистері мен ансамбльдері арасында өткізіледі;

11) «Мамандықтар әлемін ашамыз» форумының номинациялары: «Осындай мамандық бар» Қазақстан экономикасы мен еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша презентациялар байқауы; «Мамандықты таңдау уақыты келді» бейнеблогтар сайысы (бейне ертегілер); «Мен – мамандықтар әлеміндемін» әдеби байқау (эссе); «Мамандық: кеше, бүгін, ертең» вайнерлер байқауы – белгілі бір мамандық бойынша әлеуметтік желілерге арналған ойын-сауық бейне мазмұны;

12) «Менің Отаныма – менің бастамам» шығармашылық жобалар байқауы номинациялары:

- «Жылулығыңмен бөліс» қарт адамдарға көмек көрсету, халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды бейімдеу, табиғи апаттардың салдарын еңсеру және жазатайым оқиғалардың алдын алу туралы;

- «Туған қалаңа – игі іс» – волонтерлік жасақтар құру және дамыту, салауатты өмір салты идеяларын насихаттау, бұқаралық спортты дамыту;

- «Мен – Қазақстан азаматымын» – балаларды қазақстандық қоғамның жалпыұлттық рухани-мәдени құндылықтары мен дәстүрлеріне баулу, қазақ тілін дамыту, отбасының адамгершілік негіздерін, оның тәрбиелік рөлін нығайту;

- «Медиажоба» – балалардың ақпараттық кеңістігін дамыту, әлеуметтік

бағдарланған сайттарды, интернет-ресурстарды құру, білім беру, кәсіби бағдарды жобалау және т.б.;

- «Менің кіші Отаным» – руханилықтың жандануы, адамгершілікті тұлғаны және өз елінің патриотын қалыптастыру, «кіші Отанның» өткені мен бүгінін зерттеу;

- «Қазақстанның жеті кереметі» – туған жердің табиғи, тарихи және мәдени игілігі – сәулет құрылыстары мен тарихи ескерткіштері;

- «Қазақстанның 100 жаңа есімі» – Қазақстанның дамуына елеулі үлес қосқан, өмір жолы мен табысы үлгі болатын нақты адамдардың мысалдарында қоғамда табыстылық идеяларын, бәсекеге қабілеттілік қағидаттарын, прагматизм мен білімге табынуды танымал ету және ақпараттық ілгерілету;

- «Жаңару полюсі» – мәдени мұраны сақтау және жаңғырту, әртүрлі өнер түрлері арқылы шығармашылық әлеуетті дамыту;

- «Киіз үй – әлемнің үлгісі» – балаларды қазақстандық қоғамның жалпыұлттық рухани-мәдени құндылықтары мен дәстүрлеріне баулу;

13) «Жас Ұлан» әскери-спорттық ойын финалының номинациялары:

- «Соғыс жаңғырығы!» қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысуы, олардың ерліктері туралы; «Тарихи мұра» заттай және құжаттық ескерткіштер бойынша қолжетімді туған өлке тарихы туралы тарихи-іздестіру зерттеу жобаларын қорғау;

- еліміздің және кіші Отанымыздың қалыптасу тарихына өз үлесін қосқан адамдар мен оқиғалар туралы «Жауынгерлік парақ» қабырға газеттерінің байқауы;

- «Соғыс жылдарындағы әндер!» патриоттық әндер байқауы;

- «Алғашқы медициналық көмек көрсету» квиз-викторина;

- белтемірге тартылу;

- арқада жатып денені көтеру;

- «әскери техника өз қолдарымен» сәндік-қолданбалы өнер байқауы.

14) «Бояулар құпиясы» жас суретшілер байқауы жас суретшілердің көрмесін өткізуді қарастырады, номинациялары: классикалық кескіндеме, авангардтық және эксперименттік кескіндеме, «Менің Отаным – Қазақстан» (еркін тақырып), сондай-ақ, жас суретшілер байқауының номинациялары: «Коллаж», «Бояулар құпиясы», «Сүйікті кітаптың иллюстрациясы».

Республикалық іс-шаралар қосымша білім берудің түрлері мен бағыттарын танымал етуге, қосымша білім беруге балаларды жаппай тартуға ықпал етеді.

Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарды оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының www.ziyatker.org сайты жұмыс істейді. Сайтта «Электронды кітапхана», педагогтерге арналған «Қосымша білім және тәрбие» республикалық оқу-әдістемелік журналы», «Әдістемелік вернисаж», «Экоәлем» и «Темірқазық» балалар танымдық журналдары», «Республикалық курстар», «Республикалық іс-шаралар» бөлімдері жұмыс істейді. «Электронды кітапхана» бөлімінде білім беру

бағдарламалары, әдістемелік ұсынымдар, бейнесабақтар, «Әдістемелік вернисаж» – қосымша білім беру педагогтерінің тәжірибесі жинақталып орналастырылған.

Қосымша білім беруде балалардың қызметін бағалаудың классикалық жүйесі қарастырылмаған.

Балалардың шығармашылық бастамасының болуы және даму дәрежесі, түрлі байқауларға, фестивальдерге, көрмелер мен жарыстарға қатысуы және жетістіктері, балалардың ерте кәсіби бағдарлануы, танымдық белсенділік деңгейі, басталған істі соңына дейін жеткізе білуі білім алушы нәтижелілігінің көрсеткіштері болып табылады.

Тең түпнұсқалы бағалау нысаны ретінде жинақтаушы бағалау әдістемесі немесе білім алушылардың жеке білім жетістіктерін тиімді мониторингілеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін портфолио технологиясы ұсынылады.

Сабақтан тыс жұмыстарды пән педагогтері, сынып жетекшілері, тәрбиешілер, ұйымдастырушы-педагогтер, қосымша білім беру педагогтері бейіні (инженер, эколог, музыкант, хореограф және т.б.) бойынша мамандар жүзеге асырады.

9. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІГІН БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

2021-2022 оқу жылында критериалды бағалау жүйесі 2-11-сыныптарда жүзеге асырылады. 1-сыныпта бағалау жүргізілмейді.

2016 жылдан бастап енгізілген критериалды бағалау нақты өлшенетін критерийлер негізінде бағалауды жүргізуге, білім алушылардың өз оқу іс-әрекетін бақылауға және бағалауға, оқу процесін түзетуге, оқу процесінде туындайтын қиындықтардың себептерін анықтау мен жою қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әрбір сабақта білім алушыларды уақытылы қолдау, оқуда ілгерілеу, балаларды оқуға ынталандыру, білімдегі олқылықтарды анықтау және олардың оқу жетістіктерін көрсету мақсатында формативті бағалауды пайдалану ұсынылады.

Критериалды бағалау білім алушылардың дағдысының даму деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Әрбір сабақ оқу мақсатын және оларға қол жеткізу критерийлерін айтып, көрсетуден басталуы тиіс. Білім алушы қойылған оқу мақсатын ұғынуы керек және оған қалай жетуге болатынын түсінуі керек.

Критериалды бағалау технологиясы білім алушылардың жетістіктері нақты анықталғанын, алдын ала белгілі өлшемдермен салыстыруға негізделгенін, оқу материалының қаншалықты табысты игерілгендігін, практикалық дағды қалыптасқанын анықтауға мүмкіндік береді.

Педагог, ата-аналар және білім алушыларға көмек ретінде әзірленген нормативтік құқықтық актілер мен әдістемелік материалдарға сәйкес бағалауды жүргізуі тиіс:

- «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды

мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» ҚР БҒМ -нің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы (2020 жылғы 28 тамыздағы өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес);

- Білім беру мазмұнын жаңарту аясында орта мектеп үшін критериалды бағалау мен құжаттарды рәсімдеу бойынша нұсқаулық;

- Бастауыш мектеп мұғалімдері үшін критериалды бағалау бойынша нұсқаулық;

- Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: оқу-әдістемелік құрал;

- сыныптар, пәндер және тілдер бөлінісінде формативті бағалау бойынша тапсырмалар жинағы;

- сыныптар, пәндер және тілдер бөлінісінде жиынтық бағалау бойынша тапсырмалар жинағы;

- сыныптар, пәндер және тілдер бөлінісінде жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар;

Әдістемелік әзірлемелерді **nao.kz, smk.edu.kz** сайттарынан табуға болады.

Формативті бағалау, БЖБ және ТЖБ қорытындысы бойынша (білім алушылардың оқу жетістігі) баллдар электрондық журналға, электрондық журнал болмаған жағдайда қағаз журналға қойылады.

Педагог 2-11-сыныптарда пән бойынша ФБ, БЖБ және ТЖБ-ды «Білім алушылардың үлгерімін, аралық және қорытынды аттестаттаудың үлгілік ережелерін бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына (өзгерістермен және толықтырулармен....) сәйкес өткізеді

Табиғи және техногендік, әлеуметтік, карантиндік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде білім алушылардың оқу жетістіктері балл қою арқылы формативті бағаланады. 2-11-сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін формативті бағалау бір балдан 10 балға дейінгі шекте жүзеге асырылады. Кері байланыс беру үшін электронды журналдың рубрикаторларын пайдаланады.

Әрбір оқушының оқу жетістіктерін балл қою арқылы әр сабақта формативті бағалау міндетті емес.

Педагог орындалған жұмыс көлемін, оқу тапсырмаларын ескере отырып, оқу жетістіктері үшін балл қою кезеңдерін және сабақ үшін балл қойылатын білім алушылардың санын дербес айқындайды.

Қорытынды бағаны электрондық журнал форматында шығару кезінде баллдар саны мынадай арақатынаста есептеледі: 1 БЖБ – 25%, ФБ - 25%, ТЖБ – 50 %.

Педагог:

1) «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес жиынтық бағалауды өткізу кезінде қойылатын талаптарды басшылыққа алады: 13, 14, 14.1-14.3, 14.5, 14.7, 14.8, 14-9, 15-18, 21-26, 29-тармақтар мен тармақшалар;

2) «Өзін-өзі тану», «Көркем еңбек», «Музыка», «Дене шынықтыру», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау» оқу пәндері бойынша жиынтық бағалауды өткізбейді;

3) жиынтық жұмыстың нақты берілген күнін көрсетеді.

Мұғалім оқу бағдарламасына сәйкес, бөлім, тоқсан, жартыжылда өткен оқу материалының мазмұны бойынша жиынтық жұмыстардың (бұдан әрі – БЖБ, ТЖБ) тапсырмаларын әзірлейді.

Мұғалім БЖБ және ТЖБ тапсырмаларының техникалық спецификациясы негізінде 2-11-сынып білім алушыларына арналған жиынтық жұмыс тапсырмаларын құрастырады. БЖБ және ТЖБ жауаптарын көшіріп алудың алдын алу мақсатында мүмкіндігінше шығармашылық сипаттағы тапсырмалар, практикалық тапсырмалар, жобалар, эссе және т.б. беру ұсынылады.

Үйде оқитын, ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін мұғалім оқу жүктемесін және олар оқыған оқу материалдарын ескере отырып, жеке тапсырмалар әзірлейді.

Жиынтық жұмыс тапсырмаларының құрылымы

Қысқа және толық жауаптарды талап ететін көптеген жауаптарды таңдау сұрақтары бар тапсырмалар:

1) көп жауапты таңдау сұрақтарында білім алушы ұсынылған жауап нұсқаларынан дұрыс жауапты таңдайды;

2) қысқаша жауапты талап ететін сұрақтарда білім алушы жауапты сөз немесе қысқа сөйлем түрінде жазады;

3) толық жауапты талап ететін сұрақтарда білім алушы жауапты ұсыныс түрінде жазады.

Жауап нұсқалары бар тест тапсырмалары.

Шығармашылық тапсырмалар, практикалық жұмыстар, бағалаудың нақты критерийлері бар зерттеу тапсырмалары.

Бөлім үшін жиынтық бағалаудың оқу тапсырмаларының саны:

– 2-4-сынып оқушылары үшін – 3-4 оқу тапсырмасы;

– 5-11-сынып оқушылары үшін – 5-6 оқу тапсырмадан артық болмауы қажет.

БЖБ өткізу кезіндегі мұғалімнің қадамдық әрекеті

БЖБ өткізу кезінде мұғалім:

1) БЖБ өткізілетін бөлімдерді/өтпелі тақырыптарды анықтайды.

2) таңдалған оқу материалын бөлімнің өткен тақырыптарына/оқу бағдарламасы бойынша өтетін тақырыптарға сәйкестігін тексереді.

3) Педагог білім алушылардың белгілі бір уақыт ішінде орындауына есептелген БЖБ тапсырмаларын құрастырады.

4) Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлерін әзірлейді.

5) Білім алушылардың оқу жетістіктерін объективті бағалау мақсатында тапсырмалардың мазмұнын тексереді.

6) Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмаларды қамтиды.

7) Қашықтан оқыту жағдайында БЖБ тапсырмаларын қол жетімді байланыс құралдары арқылы жібереді (электронды журналда, интернет платформасында, электрондық пошта, чат және т.б. орналастыру)

8) Академиялық адалдықты сақтауды, жауаптарды көшіріп алу жағдайларының алдын алу мүмкіндігін қарастырады.

9) ҚР БҒМ №125 бұйрығына сәйкес өлшенетін критерийлерді баллмен есептеуді сақтайды (БЖБ үшін max балл 1-4-сыныптарда 7-ден кем емес және 15-тен артық емес, 5-11(12) сыныптарда 7-ден кем емес және 20-дан артық емес).

10) Білім алушылар орындаған жиынтық жұмыстарды тексереді.

11)Электронды журналға/ қағаз түріндегі журналға балл қояды.

12) Білім алушыларға, ата-аналарға немесе баланың заңды өкілдеріне кез келген қолжетімді байланыс құралдары арқылы қағаз немесе электронды форматта коментарий ұсынады.

ТЖБ өткізу кезіндегі мұғалімнің қадамдық әрекеті

ТЖБ өткізу кезіндегі мұғалім:

1) ТЖБ тапсырмаларының техникалық спецификациясы негізінде тоқсан үшін жиынтық жұмыстың тапсырмаларын құрастырады. Орындауға 40 минуттан артық емес уақыт бөлінеді;

2) ТЖБ тапсырмалардың техникалық спецификациясы негізінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийін құрастырады;

3) ТЖБ тапсырмаларын қол жетімді байланыс құралдары арқылы жібереді (электронды журналда, интернет платформасы мен т.б. байланыс құралдарында орналастыру);

4) академиялық адалдықты сақтауды, жауаптарды көшіріп алу жағдайларының алдын алу мүмкіндігін қарастырады;

5) техникалық ерекшелікке сәйкес балл қою схемасын қолданады;

6) тоқсан бойынша білімалушылар орындаған жиынтық жұмыстарды тексереді;

7) электрондық журналға/ қағаз журналына балл қояды;

8) білім алушыларға, ата-аналарға немесе баланың заңды өкілдеріне кез келген қолжетімді байланыс құралдары арқылы қағаз немесе электронды форматта көментарий ұсынады.

Білім алушылардың жиынтық жұмыстарын орындауға қойылатын талаптар

Білім алушы БЖБ және ТЖБ орындау кезінде академиялық адалдық қағидаларын және өзін-өзі бақылау принциптерін сақтайды:

1) білім алушы өз бетінше жұмыс істеуі, бөгде адамның көмегінсіз тапсырмаларды орындауы тиіс;

2) жиынтық жұмысты орындау кезінде білім алушы қосымша оқу ресурстарын пайдаланбауы тиіс (ерекшелік бойынша бұл ресурсқа рұқсат етілген жағдайлардан басқа);

3) жиынтық жұмысты орындауға жауапты болады;

4) қашықтан оқыту жағдайында жиынтық жұмысты орындауға бөлінген уақыт аяқталғаннан кейін білім алушы өз жұмысын қолжетімді байланыс құралдары арқылы мұғалімге жібереді.

Қашықтан оқыту форматында білім алушыларға жиынтық бағалау тапсырмаларын ұсыну тәсілдері:

1) Мұғалім жауап берудің нақты күнін көрсетеді және білім алушыларға жиынтық жұмыс үшін тапсырмаларды электрондық журнал жүйесі, интернет-платформа, электрондық пошта, чат, теллеграммалар және басқа байланыс құралдары арқылы жібереді.

2) Интернет болмаған жағдайда балалардың оқу тапсырмалары мен өзіндік жұмыстары санитарлық қауіпсіздік шараларын пайдалана отырып, үйге жеткізіледі.

3) Қажет болған жағдайда мұғалім білім алушыларға қолжетімді байланыс құралдары арқылы кеңес береді.

ҚР БҒМ-нің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес (ҚР БҒМ 25.09.2018 жылғы № 494 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып) жартыжылдық және оқу жылының соңында «Музыка», «Көркем еңбек», «Дене шынықтыру», «Өзін-өзі тану», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздер», «Графика және жобалау» пәндері бойынша «есептелінді» («есептелінген жоқ») қойылады.

ҚР БҒМ-нің 2018 жылғы 09 ақпандағы № 47 бұйрығының 15-тармағына сәйкес «Музыка», «Көркем еңбек», «Дене шынықтыру», «Өзін-өзі тану», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздер», «Графика және жобалау» пәндері бойынша жиынтық бағалау жүргізілмейді.

Назар аударыңыз!

Шектеу іс-шаралары кезінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізіледі (www.nao.kz сайтында қол жетімді).

Білім берудің барлық деңгейлерінде жұмыс дәптерлерін пайдалану міндетті емес.

Оқу жылының қорытындысы бойынша аралық аттестаттау өткізілмейді.

Бағалау кезінде бірқатар талаптарды ұстану ескертіледі:

1. Білім алушылар бағалау үдерісіне белсенді кіреді, соның ішінде сабақта үнемі өзін-өзі бағалау жүргізіледі.

2. Білім алушының жеке басы емес, оның жұмысы ғана бағаланады.

3. Білім алушының жұмысы басқа оқушылардың жұмыстарымен емес, үздік орындалған жұмыс үлгісімен салыстырылады.

4. Әртүрлі формалар мен тапсырмалар түрлері пайдаланылады, тамаша орындалған тапсырмалардың нақты және айқын сипаттамалары әзірленеді.

5.Білім алушыларға бағалау критерийлері алдын ала белгілі.

6. Өзін-өзі бағалау білім алушылардың рефлексиясында жеке тұлғаның дамуының міндетті шартын білдіреді.

7. Білім алушылардың жетістіктерін бағалау үшін формативтік бағалау, БЖБ мен ТЖБ оқу тапсырмалары өткен (оқыған) тақырыптар, оқу мақсаттарын қамтуы тиіс. Бағалау критерийлері оқу мақсаттарына сәйкес болуы тиіс.

Оқыту мақсатының тұжырымдамасында білім алушылардың іс-әрекеттері көрсетілген: бақылау, талдау, салыстыру, елеулі белгілерін бөлу, тану, анықтау, моделдеу, түсіндіру және т.б.

Оқу жетістіктерін бағалау критерийлері білім алушыға өзінің дайындық деңгейін педагог қоятын талаптармен байланыстыруға, педагогке оқу процесін түзетуге және жұмыстың қиындық деңгейін дұрыс таңдауға мүмкіндік береді.

8. Білім алушылармен бірге оқу жетістіктерін бағалау және өзін-өзі бағалау үшін критерийлерді әзірлеуі мүмкін.

9. Оқу тапсырмаларын таңдау және оқушылардың сабақ барысында өз оқу жетістіктерін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруды ойластыру маңызды.

10. Сабақта білім алушыларға өзін-өзі бағалау және өзара бағалау үшін мүмкіндік беру, өз қателіктерін табу үшін рефлексия ұйымдастыру ұсынылады.

Мұғалім білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлерін таңдауда және әзірлеуде еркін.

1. Диагностикалық инструментарий тек қана бақылаушы, диагностикалаушы емес, сонымен қатар оқыту және тәрбиелеу функцияларын орындайтын тапсырмаларды қамтуы тиіс:

- тапсырмалар білім алушыға жаңа ақпараттың белгілі бір көлемін бере алады. Мысалы: «*мәтінді пайдалана отырып, неге Арал теңізінің түбі тұзды шөлге айналатынын түсіндір. (4 ұсыныстан артық емес)»;*

- тапсырмалар оқушының іс-әрекеттің жаңа сұлбасын құруын болжайды, мысалы: «*тапсырманы шамалардың еселік қатынасына келтіріңдер («көп» «немесе» аз «қарым-қатынасын пайдалана отырып) және оны шешіңдер»).*

2021-2022 оқу жылында білім алушылардың білімін толықтыру, өткен оқу материалын қайталау және бекіту үшін тақырыптар, оқу мақсаттары бойынша оқу тапсырмаларын ФБ, БЖБ және ТЖБ-ға қосуға ерекше назар аудару қажет.

2. Білім алушылардың дайындық деңгейіне байланысты мұғалім формативті бағалау шеңберінде белгілі бір уақыт аралығында аралық нәтижелерге қол жеткізуді жобалай алады.

Критериалды бағалау құралдары

Педагогтің ауызша (ауызша) бағасы белгілі бір оқу нәтижелеріне қол жеткізуді көтермелеумен байланысты болуы тиіс. Білім алушының нақты жетістіктерін кеше болған жетістіктермен салыстыру қажет.

Педагог келесі ережелерді басшылыққа алады:

- білім алушыларды елеусіз нәтижеге жеткеннен кейін мақтаңыз;

– білім алушының жеке қасиеттері емес, оның оқу жетістіктерін мақтаңыз;

– сіз қол жеткізген нәтижеге риза болғаныңызды айтыңыз;

Баланы шын мәнінде мақтауға, содан кейін жаңа міндет қоюға болатынын айту маңызды.

Педагог білім алушыларға өзара іс-қимыл, сындарлы қарым-қатынас, оң бағалау үлгісін көрсетуі тиіс.

Жазбаша кері байланыс, рубрика белгілі бір кезеңдегі білім алушылардың жетістіктері нәтижелерінің сипаттамасын білдіреді. Онда педагог білім алушының жетістіктерін сипаттайды, қажетті ұсыныстар береді.

Білім алушылар мен ата-аналарды оқытудың барлық кезеңі ішінде білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейі туралы түсінуін қамтамасыз ету маңызды, бұл толықтыру үшін қосымша уақытты қажет етпейтін электрондық нұсқада дайындалған айдарларды ұсыну арқылы мүмкін болады, ол білім алушының оқу материалын меңгерудегі бағалау сипаттамаларының, жетістіктері мен проблемаларының барлық спектрін қамтиды.

Формативті бағалау білім алушылардың оқыту мақсаттарының жетістіктеріне мониторинг жүргізу және сабақта оқу тапсырмасын әрі қарай саралап беру үшін жүргізіледі.

Мұғалім кері байланыс түрлерін, формаларын өз қалауы бойынша таңдайды. Бұл ретте кері байланысты ұсынудың дұрыс сипатына назар аудару керек.

Кестеде формативті және жиынтық бағалау кезінде даму немесе қалыптасу деңгейін бағалауға қажетті ойлау дағдыларының деңгейі берілген (102-кесте).

102-кесте. Блум таксономиясы бойынша ойлау қызметінің деңгейлері

Дағдылар	Сипаттамасы
Білу	Нақты фактілерді, ақпараттарды білу мен жаңғырту, олардың сипаттамасы.
Түсіну	Ақпаратты дұрыс ұсыну, болжау немесе түсіндіру арқылы түсінуді көрсету.
Қолдану	Жаңа немесе таныс емес контексте немесе жағдайларда ақпаратты және бұрын алған білімді пайдалану және қолдану.
Талдау	Жалпы ережелерді негіздеу үшін дәлелдерді немесе себептерді анықтау, ақыл-ой және/немесе дәлелдерді табу арқылы әр түрлі тұжырымдар алу үшін ақпаратты зерттеу үшін ақпараттық материалдарды құрамдас бөліктерге бөлу қабілетін көрсету.
Синтез	Жаңа контекстте бұрын алған білімнің әртүрлі бөліктерін қайта құру қабілетін көрсету.
Бағалау	Белгілі бір критерийлер бойынша идеялардың немесе фактілердің маңыздылығы туралы пікір қалыптастыру.

Білім алушылардың дайындық деңгейі әрбір білім беру саласының ерекшелігін ескере отырып, жобаланған оқытудың күтілетін нәтижелері арқылы анықталады.

Төменде берілген ойлау дағдыларының барлық деңгейлерін дамыту бойынша күтілетін нәтижелерді анықтау үшін қолданылатын етістіктердің кестесі мұғалімге бағалау критерийлерін құрастыруда көмектеседі (103-кесте).

103-кесте. Блум бойынша ойлау дағдылары деңгейінің таксономиясы

№ р/п	Ойлау дағдысының деңгейі	Ойлау дағдыларының деңгейіне сәйкес етістіктердің тізімі
1	Білу	Аудару, есте сақтау, айту, көрсету, аяқтау, қайталау, ойнату, әңгімелеу, еске түсіру және т. б.
2	Түсіну	Талқылау, анықтау, айту, сұрау, түсіндіру, тұжырымдау, түрлендіру, көрсету және т. б.
3	Қолдану	Қолдану, есептеу, өзгерту, таңдау, жіктеу, аяқтау, көрсету, анықтау, сахналау, іске қосу, зерттеу, эксперимент жүргізу, кескіндеу, түсіндіру, сүйену, салыстыру, жоспарлау, көрсету, жобасын жасау, шешу, пайдалану және т. б.
4	Талдау	Талдау, топтастыру, есептеу, жіктеу, салыстыру, байланыстыру, қарсы қою, талқылау, ажырату, зерттеу, тәжірибе, түсіндіру, шығару, реттеу, күмәндану, анықтау, таңдау, бөлу, тексеру және т.б.
5	Синтез	Топтастыру, жинау, қосу, құру, жасау, әзірлеу, тұжырымдау, қорыту, біріктіру, ойлап табу, өзгерту, ұйымдастыру, жоспарлау, дайындау, ұсыну, топтастыру, жазу, орнату, ауыстыру және т. б.
6	Бағалау	Дәлелдеу, таңдау, салыстыру, қорытынды жасау, сендіру, шешу, негіздеу, түсіндіру, өлшеу, алдын ала саралау, ұсыну, бөлу, жинақтау, қолдау, тексеру, бағалау, кеңес беру, сараптау, пікір білдіру, зерттеу, шығару.

Педагог білім алушылармен бірге бағалау өлшемдерін талқылап, қажет болған жағдайда оларды толықтыра алады.

Егер педагог кейбір білім алушыларға қандай да бір дағдыларды дамыту үшін көп уақыт қажет екенін байқаса, оқытудың осы мақсатын басқаша бағалауға шешім қабылдау және білім алушылардың жетістіктерін бағалау критерийлерін әзірлеу кезінде түзетулер енгізу қажет.

Формативті және жиынтық бағалау тапсырмаларын педагогтер өз бетінше құрастырады.

Формативті бағалау кезінде педагог бағаланатын білім алушылардың санын және кері байланысты ұсыну жиілігін дербес анықтайды.

Назар аударыңыз!

КАРАНТИНДІК ЖӘНЕ ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫ КЕЗІНДЕГІ ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ

1. Формативті бағалау нәтижелері күн сайын электрондық/қағаз журналға балл түрінде қойылады. Бағаланатын бала санын педагог өзі анықтайды.

2. Формативті бағалау үшін ең жоғары балл 2-11 сыныптарда 10 балдан аспайды, бұл ретте 1-3 балл төменгі деңгей критерийлеріне сәйкес келеді, 4-7 балл – орта деңгей, 8-10 балл – жоғары деңгей.

3. Мұғалім күн сайын журналда білім алушылардың оқу жетістіктерінің ілгерілеуін келесі саралауға сәйкес балл түрінде белгілейді:

1 балл - 10%-ға дейін оқу тапсырмаларын орындады, қателіктер жіберілді, сабақта пассивті, мұғаліммен кері байланыс нәтижелері бойынша қорытынды жасамайды, тапсырмаларды орындау кезінде дербестік танытпайды, өткен материалды білмейді;

2 балл – 20% - ға дейін оқу тапсырмаларын орындады, қателіктер жіберілді, сабақта пассивті, мұғаліммен кері байланыс нәтижелері бойынша әрдайым тиісті қорытынды жасай бермейді,тапсырмаларды орындау кезінде дербестік танытпайды;

3 балл – 30% - ға дейін оқу тапсырмаларын орындады, қателіктер жіберілді, қателіктерін түзетуге тырысады, сабақта кейде белсенділік танытады, оқу тапсырмаларын орындау кезінде мұғалімнің/ата-ананың/құрдастарының қолдауын қажет етеді;

4 балл - оқу тапсырмаларының 40% - на дейін орындады, қателіктер жіберді, қателерді түзету кезінде көмек қажет, әрдайым белсенді бола бермейді, кейде тапсырмаларды орындау кезінде дербестік танытады;

5 балл - 50% - ға дейін оқу тапсырмаларын орындады, бес қате жіберді, мұғалімнің көмегі қажет, сабақта әрдайым белсенді бола бермейді, кейде мүмкін болатын тапсырмаларды орындау кезінде дербестік танытады;

6 балл - оқу тапсырмаларының 60% - на дейін орындады, 4 қате жіберді, мұғалімнің көмегі қажет, сабақта ынталы, орташа күрделі тапсырмаларды өз бетінше орындай алады;

7 балл - 70% - ға дейін оқу тапсырмаларын орындады, 3 қате жіберді, қателіктерді уақтылы жойды, сабақта белсенді, тапсырмаларды орындау кезінде дербестік танытады;

8 балл - оқу тапсырмаларының 80%-на дейін орындады, 1-2 елеусіз қателіктер жіберді, мұғалімнің түсініктемелері негізінде өз қателіктерін түзетеді, белсенді, өз бетінше жұмыс жасайды;

9 балл - оқу тапсырмаларының 90% - на дейін орындады, тапсырмаларды орындау кезінде шамалы дәлсіздіктерге жол берді, қателермен жұмыс істейді, белсенді, өз бетінше жұмыс жасайды;

10 балл-оқу тапсырмаларының 100% орындады, қателіктер жібермеді, белсенді, дербес жұмыс жасай алады, өз жауаптарын түсіндіре алады, негіздей алады.

4. Кеңейтілген кері байланыс үшін мұғалім оқушының электронды күнделігі арқылы түсініктемелер түрінде ұсынылатын айдарларды қолданады.

5. 1-сыныпта бағалау жүргізілмейді.

6. Қашықтан оқу режимінің енгізілуіне байланысты енгізілген электронды журнал форматындағы өзгерістерді түсіндіру үшін оқу жылының басында ата-аналар мен мұғалімдерге электронды журналды пайдалану туралы жадынама беріледі.

7. Электронды журнал формативті бағалау үшін орташа балды автоматты түрде шығарады және ТЖБ бағанына орналастырылған жеке бағанға қояды (бұл формативті бағалау үшін орташа балды шығаруды жеңілдетеді).

8. БЖБ мен ТЖБ есептеу қолданыстағы формула бойынша есептеледі.

9. Қорытынды баға формативті бағалау үшін орташа баллды ескере отырып шығарылады.

Критериалды бағалау сұрақтары бойынша келесі дереккөздерді пайдалануға болады:

1. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы (9 ақпан 2018ж №47 бұйрығы өзгерістермен);

2. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР БҒМ 2018 жылғы 14 маусымдағы № 272 бұйрығы;

3. Негізгі және жалпы орта мектеп педагогтеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдістемелік құрал. «НЗМ» ДББҰ,2016;

4. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ жүйелік-әдістемелік кешені http://smk.edu.kz;

5. Критериалды бағалау бойынша әдістемелік әзірлемелерді Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы сайтынан «Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету. Әдістемелік құралдар» бөлімінен табуға болады https://www.nao.kz ;

6. «Білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі» онлайн курсы https://academia.kz/ru/course/1.

Арнайы мектеп оқушыларын бағалау жүйесі

Оқушыларды оқыту нәтижелерін бағалауда оқу жетістіктерін бағалаудың критериалды жүйесі қолданылады. Формативті бағалау барысында мұғалім білім алушылардың оқу материалын меңгерудегі қиындықтарын анықтайды және оларды жеңу жолдарын белгілейді. Оқу пәндері бойынша оқу жетістіктерін бағалау кезінде арнайы оқу бағдарламаларында немесе оқушының жеке оқу бағдарламаларында ұсынылған оқу мақсаттарына бағдарлануы қажет. Мұғалім дифференциалды және / немесе жеке бақылау тапсырмаларын қолдана алады, сондай-ақ білім алушының ерекшеліктерін ескере отырып, бағалау критерийлеріне өзгерістер енгізе алады. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар мен жеке оқу бағдарламалары бойынша білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу қажеттілігі туралы мәселені білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес педагогикалық кеңес шешеді. Арнайы білім беру ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептердегі арнайы сыныптарда білім алушылардың ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қорытынды аттестаттаудың емтихан материалдарын аудандық, қалалық білім бөлімдері немесе білім басқармасы әзірлейді. Түзету компонентінің пәндері бойынша балдық бағалар қойылмайды.

Жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін оқушыларға сараланған және жеке бақылау тәсілі қолданылады. Сараланған тәсіл негізінде ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың педагогикалық жіктелуі жатыр (В.В.Воронкова бойынша).

Жетістіктерді бағалау кезінде түрлі типологиялық топтарда оқушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, деңгейлік мақсат қою негізінде критериалды бағалау жүйесі қолданылады.

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктері бес балдық шкала бойынша бағаланады.

Дайындық топтары мен 1-сыныптарда баллдық бағалар қойылмайды.

Оқытудағы алға жылжу нәтижесі оқушылардың өнімді қызметін талдау, сөйлеу, жазу жұмыстары, суреттер, қолөнер және сабақтардағы қызметті бақылау негізінде анықталады және сипаттама түрінде болады. Ақыл-ой кемістігі орташа білім алушылардың жетістіктерін бағалау кезінде жеке оқу бағдарламасының мазмұны негізінде сипаттамалық критериалды бағалау қолданылады. (Ақыл-есі кеміс диагнозымен білім алушыларды критериалды бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдарды білім беру ұйымдарының сайтында табуға болады. Ы.Алтынсарин (www.nao.kz). Ақыл-ойы бұзылған балаларға арналған арнайы мектеп/сынып оқушылары екінші жылға қалдырылмайды.

9 (10) және 11 (12) сыныптарды аяқтау бойынша қорытынды аттестаттау *ҚР БҒМ 2018 жылғы 18 наурыздағы № 125* «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары» бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

9 (10) сынып білім алушылары үшін қорытынды аттестаттау мынадай нысандарда өткізіледі:

1) қазақ/орыс тілі және өзбек,ұйғыр,тәжік тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан;

гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп оқушылары үшін жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе);

2) математикадан (алгебрадан) жазбаша емтихан;

3) орыс, өзбек, ұйғыр, тәжік тілдерінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан;

4) таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын, француз, неміс), информатика бойынша жазбаша емтихан.

9 (10)-сыныптың білім алушылары үшін емтихан жұмыстарының материалдарын (тапсырмалар мен балл қою схемалары) облыстардың, Нұр-сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, Түркістан облысының адам әлеуетін дамыту басқармасы (бұдан әрі – білім басқармасы), республикалық мектептердің

9 (10) - сыныбының білім алушылары үшін және мектептердің 11 (12) - сыныбының білім алушылары үшін – ҚР БҒМ дайындайды.

Қорытынды аттестаттаудың мазмұнын анықтайтын талаптар мен күтілетін нәтижелер әрбір пән мен оқыту тілі бөлінісіндегі ерекшелікпен реттеледі.

Қайта қорытынды аттестаттаудың емтихан материалдарын мектептер дербес әзірлейді.

Қорытынды аттестаттауды қайта тапсырған 9 (10) сыныптың білім алушыларына № 125 бұйрықпен бекітілген негізгі орта білім туралы аттестат беріледі.

№125 бұйрықтың 39 тармағына сәйкес 11 (12) сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттау мынадай нысандарда өткізіледі:

1) қазақ/орыс тілі және өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан:

2) алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан;

3) Қазақстан тарихынан тестілеу;

4) орыс, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде қазақ тілінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілінен тестілеу;

5) таңдау бойынша пәннен (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, әдебиет, шетел тілі (ағылшын, француз, неміс), информатика) тестілеу.

Қайта қорытынды аттестаттау кезінде «қанағаттанарлықсыз» баға алған 9 (10) сыныптың білім алушылары келесі оқу жылына қалдырылады.

Қайта қорытынды аттестаттау кезінде «қанағаттанарлықсыз» баға алған 11 (12) сынып оқушылары № 289 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес білім алуды аяқтамаған тұлғаларға берілетін анықтама алады.

Халықаралық алмасу желісі бойынша шетелге оқуға шыққан және ол жақта білім беру мекемелерін аяқтаған 11 (12) сыныпты бітірушілер шетелдегі оқуды аяқтаған соң 11 (12) сынып үшін Қазақстан Республикасының мектептерінде қорытынды аттестаттаудан өтеді.

Қорытынды аттестаттау басталғанға дейін мектеп комиссиясының шешімімен аталған мектеп бітірушілер «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР

БҒМ-нің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) үлгілік оқу жоспарының инварианттық компонентінің пәндері бойынша аттестаттаудан өтеді.

Қорытынды аттестаттауды өткізу мерзімі педкеңестің шешімімен белгіленеді.

Қорытынды аттестаттаудан өткен соң шетелде оқыған пәндер бойынша бағаларын, Қазақстан Республикасының мектептерінде алдыңғы сыныптарда алынған жылдық және қорытынды бағаларын ескере отырып, оларға № 39 бұйрықпен бекітілген жалпы орта білім туралы аттестат беріледі.

Халықаралық алмасу желісі бойынша шетелге оқуға шыққан және онда білім беру мекемелерін бітірген, сондай-ақ Қазақстан Республикасында немесе шетелде оқу кезеңінде 5 сыныптан 11 (12) сыныпты қоса алғандағы оқу кезеңінде барлық пәндер бойынша жылдық, қорытынды бағалары «5» болған және қорытынды аттестаттау бағалары «5» болған бітірушілерге № 39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес жалпы орта білімі туралы «Алтын белгі» аттестаты және «Алтын белгі» белгісі беріледі.

Білім беру ұйымдарында қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар www.nao.kz сайтында қолжетімді.

10. БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ

Цифрлық білім беру ресурстары – бұл цифрлық формада ұсынылған фотосуреттер, бейнефрагменттер, статикалық және динамикалық үлгілер, виртуалды шынайы және интерактивті үлгілеу объектілері, картографиялық материалдар, дыбыс жазбалары, символдық объектілер және іскерлік графика, мәтіндік құжаттар және оқу процесіндегі ресурстар болып табылатын өзге де оқу материалдары.

Цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР) – цифрлық технологиялар базасында құрылған және жұмыс істейтін білім беру ресурстары.

Оқыту процесінде пайдалану үшін цифрлық ресурстардың келесі тізімі ұсынылады:

«Duolingo». Duolingo-да оқыту ойын түрінде өтеді: сөздерді дұрыс табу, сөйлем құрастыру және тапсырмаларды таймермен орындау қажет. Сервис ақпаратты қалай игергеніңізді қадағалайды және осы деректердің көмегімен жеке бағдарламаңызды құрайды. Сайт тегін, бірақ ақылы жағдайда жарнаманы алып тастауға болады.

«Memrise». Ондаған тілді үйренуге мүмкіндік беретін, интерактивті тапсырмалар мен әртүрлі тақырыптарға (өнер, ғылым, мансап, ойын-сауық және т.б.) арналған жүздеген курстарды қамтитын портал. Сонымен қатар, Memrise дұрыс жауап нұсқаларын таңдау қажет бейнедиалогтарды пайдаланады. Қаласаңыз, басқалар пайдалану үшін оқыту курсын өзіңіз де жасай аласыз.

«Udemy». Пайдаланушылар ұсынған он мыңдаған курс бар сайт. Курстардың басым көпшілігі ағылшын тілінде берілген. Музыка мен дизайннан бастап робототехника мен бухгалтерлік есепке дейінгі салалар қамтылған. Курстардың ұзақтығы екіден сегіз сағатқа дейін.

«edX». Сайтта әлемнің барлық университеттерінен мыңдаған онлайн-курстар табуға болады. Гарвард немесе Массачусетс технологиялық институтының оқушысы ретінде сезінудің тамаша тәсілі. Философия, логистика, программалау, саясаттану, өнертану және т.б. ғылым саласы бойынша мәліметтер табуға болады.

«Coursera». Әртүрлі тақырыпқа арналған курстар бар ірі порталдардың бірі. Мұнда кез келген тақырып бойынша зерттеу жүргізе аласыз. Қаласаңыз, үйден шықпай-ақ, қандай да бір шетелдік университеттің сертификатын алуға болады.

«Skillshare». Әр түрлі тақырыптар бойынша ондаған мың бейнесабақтар (фотосурет, SEO-оңтайландыру, маркетинг, идеялар генерациясы және т.б.) берілген. Бұл сайт контент құрушылар үшін өте пайдалы.

«FutureLearn». Тегін онлайн курстар ұсынатын 40-тан астам университетті біріктіретін Британдық ресурс.

«Лекториум». Оқушылар, студенттер және мамандар үшін көптеген курстар жүктелген.

«Универсариум». Еркін қол жетімді жалпы білім беретін дәрістер мен курстар.

Электрондық оқулықтар (ЭО). Білім беруді ақпараттандырудың педагогикалық технологиялар орталығы модульдік оқыту технологиясы бойынша жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес әзірленген компьютерлік оқыту бағдарламалары болып табылатын электрондық оқулықтарды әзірледі. Қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық оқулықтар мектеп кітапханаларында қолжетімді.

1-сыныпқа арналған -14 ЭО;
2-сыныпқа арналған – 7 ЭО;
3- сыныпқа арналған – 7 ЭО;
4- сыныпқа арналған – 6 ЭО;
5- сыныпқа арналған –8 ЭО;
6- сыныпқа арналған – 8 ЭО;
7- сыныпқа арналған – 13 ЭО;
8- сыныпқа арналған –12 ЭО;
9- сыныпқа арналған – 15 ЭО;
10- сыныпқа арналған – 11 ЭО;
11- сыныпқа арналған – 16 ЭО;

www.BilimLand.kz - электрондық оқулықтар мен қосымша цифрлық білім беру ресурстары орналасқан білім беру порталы.

www.imektep.kz - қазақ тілінде оқытатын мектептерге арналған электрондық оқулықтары бар бастауыш мектептің мультимедиалық курсы (қазақ тілі, әдебиеттік оқу, дүниетану, математика, өзін-өзі тану, еңбекке баулу, музыка, бейнелеу өнері).

Бастауыш сыныптар үшін әлеуметтік ортада баланың жеке басының қалыптасуына және ақыл-ойының дамуына ықпал ететін ***«Интеллектум-бастауыш мектеп»*** интеллектуалды-дамытушылық ойындар кешенін пайдалану ұсынылады. *Сілтеме: https://youtu.be/DA6xyYRnZO0*

«Домбыра» курсын жүргізетін педагогке этнограф, өнертанушы, әдебиетші, журналист, қоғам қайраткері, профессор Ақселеу Сейдімбектің «Қазақтың күй өнері» кітабы мен Ы. Алтынсарина атындағы ҰБА-ның ***www.nao.kz***. сайтында орналастырылған басқа да ресурстар ұсынылады.

www.twig-bilim.kz - BBC Motion Gallery студиясының бейнесабақтары негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған электронды оқыту кешені. Баланы дамыту мен PISA тестілеріне дайындауға арналған ресурс.

«МЕКТЕП OnLine» - орта мектептің оқу пәндері бойынша бейне-сабақтар.

IoT BOARD **-** заттар интернетін зерттеуге арналған модульдері мен датчиктері бар бір тақталы жиынтық.

Жаратылыстану-математика бағыты бойынша 11-сыныптағы заттар интернетін үйрену үшін IoT Board жиынтығын пайдалану ұсынылады. Жиынтық өлшеуге қажет барлық датчиктерден, Bluetooth және Wi-Fi желісіне қосылуға арналған кіріктірілген модульдерден тұрады. IoT Board -заттар интернетін тиімді әрі ыңғайлы оқытуға арналған аппараттық-бағдарламалық құрал.

Ерекшеліктері:

- барлық датчиктер мен компоненттер жиынтықтың ажырамас бөлігі, бір тақтада дәнекерленген;
- заттар интернеті модулі кіріктірілген;
- панельдегі дайын электр сызбасы бөлшектерді байланыстыруға ыңғайлы;
- электр желісімен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік;
- тақта электр және перифериялық қосылымдарға арналған қорғаныс элементтерімен жабдықталған;
- қуат блогынан электр қуатын тұтынатын негізгі нүктелерге мыс өзектер жүргізілген;
- модульдерді компьютердегі USB кабелі арқылы программалауға болады;
- тақтадағы әр компонент үшін шелкографияда дайындалған пиктограммалар түрінде нұсқаулар көрсетілген.

МАЗМҰНЫ

1. ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ НЕГІЗГІ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРІ 5

2 ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 24

3. ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 38

3.1 Мектепалды даярлық сыныптары 38
3.2 Бастауыш білім беру деңгейі 43
3.3 Негізгі орта білім беру деңгейі 85
3.4 Жалпы орта білім беру деңгейі 206
3.5 Қашықтан оқыту 316
3.6 Жазғы мектеп 320

4 ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 322

5. КЕШКІ МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 326

7 АРНАЙЫ МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 338

8 ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 351

9. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІГІН БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ 358

10. БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ 370

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

ҚР БҒМ	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
ӘНХ	Әдістемелік-нұсқау-хат
МЖМББС	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ҮОЖ	Үлгілік оқу жоспары
ЖМБ	Жаратылыстану-математика бағыты
ҚГБ	Қоғамдық-гуманитарлық бағыт
БЖБ	Бөлім бойынша жиынтық бағалау
ТЖБ	Тоқсан бойынша жиынтық бағалау
ФБ	Формативті бағалау
ЦББР	Цифрлық білім беру ресурстары
ББЖМ	Білім алушылардың білім жетістіктерін мониторингілеу
ҰБТ	Ұлттық біліктілік тест
TIMSS	Математикалық және жаратылыстану-ғылыми білім беру сапасын халықаралық зерттеу
АКТ	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
ЕБҚБ	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар
ШЖМ	Шағын жинақты мектеп
«НЗМ ДББҰ» АҚ	«Назарбаев Зияткерлік мектептері дербес білім беру ұйымы» акционерлік қоғамы
РМҚК	Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын
ҰБА	Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
«Дарын» орталығы	«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы» РМҚК
ҰТО	«Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК
ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы

Жоба жетекшісі – Бейсембаев Ғани Бектайұлы,
Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының президенті ҚР БҒМ

Әдістемелік-нұсқау хатты әзірлеу бойынша жұмыс тобының құрамы

№	Бөлімдер	Жауаптылар
1	Топ жетекшілері	**Мұхамедханова Алмагүл Кенесханқызы**, Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА вице-президенті, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор **Пұсырманов Нұрбек Серікұлы** Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА вице-президенті, философия докторы (PhD)
2	Жауапты редактор	**Сайлыбаев Әкімжан Әбдіхалықұлы**, Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА Дидактика зертханасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
3	Үйлестіруші	**Жұмағұлова Зәуре Әбдікенқызы**, Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА жаратылыстану-математикалық бағыт және STEAM білім беру зертханасының жетекші ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының кандидаты
4	Қазақ тіліндегі мәтін редакторлары	**Дүйсебек Әділхан Төлегенұлы**, Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА Орта білім мазмұны институты директорының орынбасары, химия ғылымдарының кандидаты **Аккешетегі Арай Канапияқызы**, Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан тарихы» пәндері зертханасының меңгерушісі, философия докторы (PhD)., қауымд.профессор **Есепбай Жанбота**, Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан тарихы» пәндері зертханасының ғылыми қызметкері **Қайыпбаева Айгүл Тоқтарбайқызы,** Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер зертханасының ғылыми қызметкері
5	Орыс тіліндегі мәтін редакторлары	**Ноғайбаева Гүлбаршын Әскенқызы**, Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА Дидактика зертханасының ғылыми қызметкері **Балкунова Нина Петровна,** Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер зертханасының жетекші ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

6	Қосымша білім беру ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері	**Шер Раиса Петровна**, «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚКК директоры
7	Мектепалды даярлық топтары мен сыныптарында тәрбие мен оқытуды ұйымдастыру ерекшеліктері	**Адамова Манара Елекенқызы** «Мектепке дейінгі балалық шақ Республикалық орталығы» РМҚКК директоры
8	Арнайы мектептерде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері	**Күдеринова Әйгерім Мерекеқызы,** «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» РМҚКК директоры **Бөлекбаева Шолпан Әділжанқызы** «Балаларды оңалту ұлттық орталығы корпоративтік қор» «UMC» РМҚКК директоры
9	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастыру	**Боранбай Ақжол Аманжолұлы** «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталық» РМҚКК директоры
10	Кешкі мектептерде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері	**Рымбаева Разия Бәриқызы** Нұр-Сұлтан қаласы «№39 кешкі (ауысымдық) мектеп» директоры
11	Орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктері	**Мамырханова Аймен Молдагалиевна** Тәрбие, психология және тұлғаның дамуы орталығының директоры, педагогика ғылымдарының кандидаты
12	Дене тәрбиесі	**Есентаев Тастанбек Құтжанұлы** «Дене тәрбиесі ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» РМҚКК директоры
13	Өзін-өзі тану	**Сакенова Елена Николаевна** «Бөбек» ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы» бас директоры
14	Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау	**Ілиясов Мұхтар Мақсұтұлы** «Күнделік (Kundelik)» ЖШС бас директоры
15	Бастауыш білім беру деңгейі	**Игенбаева Бижан Құрманғалиқызы** Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА Мектепалды даярлық және бастауыш білім беру зертханасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент **Сагалиева Жанар Каукербековна** Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА Мектепалды даярлық және бастауыш білім беру зертханасының жетекші ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының кандидаты
16	Қазақ тілі (5-9; 10-11-сыныптар)	**Мукушева Алмагүл Наурызбайқызы** Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан тарихы» пәндері зертханасының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты
17	Қазақ әдебиеті (5-9; 10-11-сыныптар)	**Есепбай Жанбота** Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан тарихы» пәндері зертханасының ғылыми қызметкері

18	Қазақ тілі мен әдебиеті (оқыту қазақ тілінде емес мектептер үшін)	**Аубакирова Алтынгүл Кенжекарақызы** Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА Тілдік пәндер зертханасының ғылыми қызметкері
19	Орыс тілі (барлық білім беру деңгейлері) Орыс әдебиеті (барлық білім беру деңгейлері)	**Балкунова Нина Петровна** Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА қоғамдық-гуманитарлық бағыт пәндері зертханасының жетекші ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
20	Орыс тілі мен әдебиеті	**Булатбаева Гүлжанат Нұрымжанқызы** Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА қоғамдық-гуманитарлық бағыт пәндері зертханасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор
21	Математика», Алгебра, Алгебра анализ бастамалары, Геометрия (білім берудің барлық деңгейлері)	**Жұмагұлова Зауре Әбдікенқызы** Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА жаратылыстану-математикалық бағыт және STEAM білім беру зертханасының жетекші ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының кандидаты
22	Физика	**Шүйіншина Шолпан Мырзақасымқызы** Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА жаратылыстану-математикалық бағыт және STEAM білім беру зертханасының жетекші ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының кандидаты
23	Биология, Химия	**Тортаева Балжан Қалжанқызы** Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА жаратылыстану-математикалық бағыт және STEAM білім беру зертханасының ғылыми қызметкері
24	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	**Баяхметов Серік Үмітбайұлы** Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА қоғамдық-гуманитарлық бағыт пәндері зертханасының жетекші ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
25	География, жаратылыстану	**Мазбаев Орденбек Блісбекұлы** Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА жаратылыстану-математикалық бағыт және STEAM білім беру зертханасының меңгерушісі, география ғылымдарының докторы
26	«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері»	**Әдиет Қаиыркен** Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан тарихы» пәндері зетртханасының аға ғылыми қызметкері, магистр **Қайыпбаева Айгүл Тоқтарбайқызы** Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер зертханасының ғылыми қызметкері
27	Музыка	**Махамбетова Алтын Шахзадақызы** Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер зертханасының аға ғылыми қызметкері, магистр
28	«Кәсіпкерлік негіздері және бизнес», «Графика және жобалау»	**Досмұхамбет Анар** Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер және STEAM білім беру зертханасының аға ғылыми қызметкері

29	Шетел тілі	**Мұқашева Ғайша Әбдіғаниқызы** Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА Тілдік пәндер зертханасының меңгерушісі, магистр
30	Неміс тілі	**Рақыжанова Айгүл Жақанқызы** Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА Тілдік пәндер зертханасының аға ғылыми қызметкері, магистр
31	Информатика	**Нургазина Балкаш Кадылбековна** Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер және STEAM білім беру зертханасының ғылыми қызметкері
32	Қашықтан оқыту. Жазғы мектеп	**Ноғайбаева Гүлбаршын Әскенқызы** Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА Дидактика зертханасының ғылыми қызметкері, магистр
33	Шағын жинақты мектептерде білім беру процесін ұйымдастыру	**Құдайберген Гүлнұр Серікқызы** Шағын жинақты мектептерде білім беру орталығының директоры **Мукушева Алмагуль Наурызбаевна** Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА «Ауыл мектебі» және шағын жинақты мектептерді дамыту зертханасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты

«Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат

Дизайн: Б.Полатов
Беттеу: О. Кусаинов

Шығаруға қол қойылды ---------2021 ж. Формат 60×84 1/16.
Офистік қағаз. Офсеттік басып шығару
Шрифт Times New Roman. Шартты б.т. ___

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
010000, Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік Ел, 8, «Алтын Орда» БО